Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ӘОЖ: 37.013:94(574)»19» Қолжазба құқығында

ТҰРЛЫБАЙ БАҚЫТ СЕРІККЫЗЫ

XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗ БЕТТЕРІНДЕГІ БІЛІМ БЕРУ МЕН АҒАРТУ МӘСЕЛЕСІ МАТЕРИАЛДАРЫН ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ПӘНІНДЕ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

«8D01605 – Қазақстанның жаңа әлеуметтік тарихы» білім беру бағдарламасы бойынша

Философия докторы (PhD)
Дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшісі:
тарих ғылымдарының докторы,
профессор, ҚР ҰҒА-ның академигі
Кенжебаев Ғ.Қ.

Шетелдік ғылыми кеңесшісі:
т.ғ.д. профессор
Seyfi Yildirim
(Түркия, Хаджетеппе университеті)

Қазақстан Республикасы

Алматы, 2026 жыл

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ..... 4

1 XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗ БЕТТЕРІНДЕГІ БІЛІМ БЕРУ МЕН АҒАРТУ ІСІ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ..... 23
1.1 Мектеп ісі мен балаларды оқуға тарту мәселелері..... 23
1.2 Мектептерді мұғаліммен және оқулықтармен қамтамасыз ету..... 62
1.3 «Қазақ» және «Айқап» беттеріндегі жәдидшіліктің ағартушылық идеясы тақырыбы..... 91

2 АТАЛМЫШ КЕЗЕҢДЕГІ МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗ БЕТТЕРІНДЕГІ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ АҒАРТУ ІСІ ТАРИХИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕ РЕТІНДЕ..... 104
2.1 Ұлттық мерзімді баспасөз беттеріндегі оқу-ағарту мәселесінің тарихи-педагогикалық аспектілері..... 104
2.2 Мерзімді баспасөз материалдарындағы білім беру мен ағарту мәселелерінің тәлім-тәрбиелік мазмұны мен мәні..... 115
2.3 Ұлттық баспасөз беттеріндегі білім беру мен ағарту мәселесінің әдістемелік қырлары..... 132

3 XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗ МАТЕРИАЛДАРДАРЫН ОҚЫТЫЛУ ЖАЙЫ, ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ МЕН ОҚУЛЫҚТАРДАҒЫ КӨРІНІСІ..... 145
3.1 «Қазақстан тарихы» пәнін мектепте оқытуда ұлттық мерзімді басылымдарды пайдаланудың теориялық-әдіснамалық негіздері..... 145
3.2 «XX ғасыр басындағы ұлттық мерзімді баспасөз беттеріндегі білім беру және ағарту мәселелері» атты таңдау курсының бағдарламасы..... 172
3.3 Эксперименттік зерттеудің нәтижелері және оларды оқу үдерісіне ендіру жолдары..... 179

ҚОРЫТЫНДЫ..... 206
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ..... 210
ҚОСЫМШАЛАР..... 224

Бұл диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылған:

1. Қазақстан Республикасында гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы // Егемен Қазақстан. – 26 тамыз 1994. - Б. 2-4.
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы. - Астана. 15 наурыз, 2026.
3. Қазақстан Республикасында 1995 ж. тарихи сана қалыптастыру тұжырымдамасы. - Алматы, 1995.
4. Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәдени білім тұжырымдамасы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімі. 1996 жылғы 15 шілде №3058 жарлығы.
5. «Білім» беру бағдарламасы. - Алматы, 2005.
6. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. - Астана. 2025.
7. Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңы. - Астана. 18 ақпан, 2011.
8. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 Қаулысы Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988
9. «Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыруды ережесін бекіту туралы» ҚР-сы Білім және ғылым министрі: ҚР-ның Білім және ғылым министрі, 2010 жылғы 30 шілде, №404 бұйрығы // Егемен Қазақстан. - 2011. - №36-37. - 4 ақпан. - 10 б.
10. Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысы.
11. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген ҚР МЖМБС 1.4.002-2012. Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.
12. Қазақстан Республикасының «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартты бекіту туралы» №1080 бұйрығы. 23 тамыз, 2012.
13. Қазақстан Республикасы Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. - Астана, 2018.
14. Қазақстан тарихын Жоғары және оқу орындарында оқыту тұжырымдамасы. – Астана, 2020.
15. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы: «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» (16 Наурыз 2022 ж.) Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» 1 қыркүйек 2022 ж.
16. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына арналған «Қазақстан тарихы» жалпы білім беретін пәнінің типтік оқу бағдарламалары. - Астана, 2021. ГОСТ 7.0.5. – 2008. - Библиографическая ссылка.
17. ГОСТ 7.0.11. – 2011. Диссертация и автореферат диссертации. Структура и оформления.

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертацияда XX ғасыр басындағы ұлттық мерзімді баспасөз материалдары тарихи дерек көзі ретінде талданып, олардың Қазақстандағы білім беру жүйесінің қалыптасуы мен ағартушылық идеялардың дамуын айқындаудағы маңызы анықталды. Сонымен қатар, ұлттық баспасөзде («Айқап», «Қазақ», «Сарыарқа», «Бірлік», «Қазақстан», «Садақ» және т.б.) жарияланған білім беру мен ағарту мәселелерін Қазақстан тарихы пәнінде оқытудың әдістемелік негіздері қарастырылып, оларды оқу үдерісінде тиімді қолдану жолдары ұсынылды. Зерттеу нәтижесінде мерзімді баспасөз материалдарын пайдалану оқушылардың тарихи танымын кеңейтіп, дерекпен жұмыс істеу дағдыларын және ұлттық құндылықтарға қызығушылығын дамытуға мүмкіндік беретіні негізделді.

Диссертациялық зерттеудің өзектілігі. XX ғасырдың басында Қазақстандағы қоғамдық-саяси өзгерістер білім беру мен ағарту ісінің дамуына жаңа серпін берді. Бұл кезеңде ұлттық мерзімді баспасөз қазақ қоғамындағы әлеуметтік, мәдени және ағартушылық үдерістерді бейнелейтін маңызды тарихи дереккөзіне айналды. «Айқап», «Қазақ», «Қазақстан», «Сарыарқа», «Бірлік туы» және т.б. сияқты басылымдарда ұлттық мектеп, оқу тілі, мұғалім даярлау, оқулықтар, қыз балаларға білім беру және халықты ағарту мәселелері кеңінен көтерілді.

Ұлттық баспасөз тек ақпарат таратушы ғана емес, қазақ қоғамында ұлттық сананы қалыптастырудың, ағартушылық идеяларды насихаттаудың және білім беру жүйесін жаңғыртудың маңызды құралы болды. Алаш зиялылары білім беру арқылы халықтың қоғамдық санасын жаңғыртып, ұлттық мектеп қалыптастыру, қазақ тілін білім тіліне айналдыру, оқулықтар әзірлеу және ағартушылық қызметті дамыту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізді.

Осыған байланысты XX ғасыр басындағы ұлттық мерзімді баспасөз беттеріндегі білім беру мен ағарту мәселелеріне қатысты материалдарды Қазақстан тарихы пәнінде тарихи дерек ретінде пайдалану оқушылардың тарихи ойлауын, дерекпен жұмыс істеу дағдыларын және ұлттық құндылықтарды тануын дамытуға мүмкіндік береді.Сондықтан аталған материалдарды оқыту үдерісіне енгізудің ғылыми-әдістемелік негіздерін айқындау қазіргі тарихи білім беру жүйесінің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Тарихшы М.Қозыбаев «Алаш қозғалысы XIX ғасырдағы ағартушылар қозғалысының жалғасы, оның жоғары сатысы. Абай заманында ағартушылық ұлтымызды өркениетке таныстыру кезеңі болды. Ыбырай Алтынсарин бұлағынан бастау алған Ахмет заманасы – ағартушылықты ұлтымыздың болмысын сақтап, оны өркениетті халықтармен жарыстыруға қажет алғышарттар үшін жүргізілген күрес заманасы еді» – деп [1], XIX ғасыр мен XX ғасырдағы ағартушылық қозғалыстың бір-бірімен тығыз байланысты екенін негіздейді. Ал ҚР ҰҒА академигі М.Қойгелдиев: «Алаштық қазақ ағартушылары, әрине халықты білім алуға үндегені рас, дегенмен олар осы міндетті ғана атқарумен шектелген жоқ» [2] деп көрсетеді. Олардың түсінігінде қазақ жастары алған жаңа сападағы білім қазақ халқының өмірін заман

сұранысына лайық мазмұнды бағытта өзгертуге тиіс еді. «Бүгінгі адамзат қоғамында – А.Байтұрсынұлы, өміршең мәдениет салтанат құрмақ, ал мәдениеттер теңдігін қуатты мәдениет арқылы ғана орнатуға болады, олай болмаған күнде жоғары сатыдағы мәдениеттер төменгі деңгейдегі мәдениеттерді сынамақ» [3], - деп тұжырым жасады. Басқаша айтқанда, жаңа сападағы білім қазақ қоғамын феодалдық мешеуліктен және отарлық тәуелдіктен құтқара алатын бірден-бір құралға айналуға тиіс еді. Қазақ қоғамының өзекті мәселелерін анықтау ісінде қазақ баспасөзі шешуші рөл атқарады [4].

XX ғасырдың басындағы ұлттық мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған білім беру мен ағартушылық мәселелері Қазақстан тарихын оқытуда маңызды тарихи-деректік материал болып табылады. Басылымдарда жаңа үлгідегі мектептер ашу, оқу бағдарламаларын жетілдіру, ана тіліндегі оқулықтар шығару, мұғалімдер даярлау сауатсыздықты жою сияқты өзекті меселелер көтерілді. Бұл материалдар ұлттық ағартушылық идеялардың қалыптасуын, қоғамдық-педагогикалық ойдың дамуын және білім беру жүйесінің эволюциясын айқындайды. Оларды тарих сабақтарында пайдалану оқушылардың тарихи санасы мен ұлттық құндылықтарға құрметін қалыптастыруға ықпал етеді.

Қазақ баспасөзінің тарихын зерттеуші, библиограф-ғалым Ү.Субханбердина «Қазақ халқының атамұралары» еңбегінде қазақ тіліндегі мерзімді басылымдарды тарихи қалыптасу кезеңіне қарай бірнеше топқа жіктейді. Ғалымның пікірінше, алғашқы топқа 1905-1907 жылдардағы Ресейдегі революциялық оқиғалардың ықпалымен жарық көрген «Серке», «Қазақ газеті», «Дала», «Қазақстан», «Ешім» сияқты басылымдар жатса, екінші топты қоғамдық-саяси қозғалыстардың өрлеуі кезеңінде шыққан «Айқап», «Қазақ», «Алаш», «Бірлік туы», «Сарыарқа», «Ұран», «Үш жүз», «Тіршілік» гезеттері мен журналдары құрайды [5].

Аталған басылымдар XX ғасыр басындағы қазақ қоғамының қоғамдық-саяси, мәдени және ағартушылық өмірінде маңызды орын алды. Олар ұлттық сананы қалыптастырумен қатар, білім беру жүйесін дамыту, мектеп ашу, мұғалімдер даярлау, ана тілінде оқыту, оқулықтар мен оқу бағдарламаларын жетілдіру сияқты өзекті мәселелерді тұрақты түрде көтерді. Осыған байланысты ұлттық мерзімді баспасөз материалдары Қазақстан тарихын оқытуда тарихи дереккөзі ғана емес, оқушылардың тарихи танымын, дерекпен жұмыс істеу дағдыларын және ұлттық құндылықтарға негізделген дүниетанымын қалыптастыруға мүмкіндік беретін маңызды әдістемелік ресурс болып табылады.

XX ғасырдың басындағы ұлттық мерзімді баспасөзде көтерілген білім беру мен ағартушылық мәселелері қазіргі Қазақстанның білім беру саласындағы мемлекеттік басымдықтарымен мазмұндық тұрғыдан сабақтастырып жатыр. Сол кезеңдегі басылымдарда ана тілінде білім беру, ұлттық мектеп қалыптастыру, сапалы оқулықтар әзірлеу, мұғалімдердің кәсіби даярлығын жетілдіру, халықтың сауаттылығын арттыру және ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие мәселелері кеңінен көтерілді. Бұл идеялар бүгінгі күні де Қазақстан Республиканың білім беру саясатының негізгі бағыттарының бірі болып

табылады. Аталған мәселелер Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында («Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (2007 ж., өзгерістер мен толықтырулармен), «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңында, 2023-2029 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың тұжырымдамасында (ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 қаулысы), сондай-ақ «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасында өз жалғасын тапқан (2024). Бұл құжаттарда ұлттық құндылықтарға негізделген білім беру, функционалдық сауаттылықты дамыту, тарихи сананы қалыптастыру, зерттеушілік және сыни ойлау дағдыларын жетілдіру басым бағыт ретінде айқындалған. Осы тұрғыдан алғанда, XX ғасыр басындағы ұлттық мерзімді баспасөзде жарияланған білім беру мен ағартушылық мәселелерін Қазақстан тарихы пәнінің мазмұнына енгізу тарихи сабақтастық қағидатын жүзеге асыруға, білім алушылардың тарихи танымын кеңейтуге, ұлттық құндылықтарды меңгертуге және дерекөздермен жұмыс істеу құзыреттерін дамытуға мүмкіндік береді. Сондықтан ұлттық баспасөз материалдарын қазіргі білім беру мазмұнымен ұштастастыру мемлекеттік білім беру саясатының басым бағыттарын іске асыруға ықпал етеді.

Бүгінгі таңда Қазақстанда білім беру жүйесін жаңғырту, тарихи сананы қалыптастыру және ұлттық құндылықтарға негізделген оқыту міселелері мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, XX ғасыр басындағы ұлттық мерзімді баспасөзде көтерілген білім беру мен ағарту мәселелерін қазіргі білім беру мазмұнымен сабақтастыра зерттеу ерекше өзектілікке ие. Дегенмен, бұл материалдар көбіне тарихи дерек ретінде ғана қарастырылып, олардың Қазақстан тарихы пәнін оқытудағы әдістемелік мүмкіндіктері жеткілікті деңгейде зерттелмеген.

Зерттеудің өзектілігі қазіргі гуманитарлық ғылымдардағы медиа тарихы, цифрлық гуманитаристика және құзыреттілікке негізделген оқыту бағыттарымен де сабақтас. Ұлттық баспасөз материалдарын контент-талдау, дискурс-талдау және цифрлық өңдеу әдістері арқылы жүйелеу оларды оқу үдерісінде тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл оқушылардың тарихи дерекпен жұмыс істеу, сыни ойлау және тарихи санасын қалыптастыруға ықпал етеді.

Білім беру жүйесінің тарихи дамуын зерделеу қазіргі білім беру үдерісін жетілдіру үшін маңызды ғылыми негіз болып табылады. Осы тұрғыдан XX ғасырдың басы қазақ қоғамындағы ағартушылық қозғалыстың күшеюімен, ұлттық зиялылардың қалыптасуымен және білім беру мәселелерінің қоғамдық дамудың басты бағытына айналуымен ерекшеленеді. Бұл үдерістер ұлттық мерзімді баспасөзде кеңінен көрініс тауып, қазақ қоғамындағы білім беру реформалары мен ағартушылық идеялардың мазмұнын айқындайды.

Осыған байланысты, XX ғасыр басындағы ұлттық мерзімді баспасөздегі білім беру мен ағарту мәселелерін ғылыми-әдістемелік тұрғыдан зерттеу тарихи тәжірибені қазіргі білім беру үдерісінде тиімді пайдалануға, Қазақстан тарихы пәнін оқытудың әдістемелік негіздерін жетілдіруге және оқушылардың тарихи танымы мен ұлттық құндылықтарға деген көзқарасын дамытуға мүмкіндік

береді. Бұл зерттеу тақырыбының ғылыми және практикалық маңызын айқындайды.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. XX ғасырдың басындағы ұлттық мерзімді баспасөздің ағартушылық және педагогикалық бағыттағы мазмұны отандық және шетелдік тарихнамада бірқатар зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылған. Бұл еңбектер ұлттық баспасөздің қоғамындағы мәдени, саяси және білім беру үрдістеріне ықпалын ашуға бағытталғанымен, арнайы XX ғасыр басындағы қазақ баспасөзіндегі оқу-ағарту ісі және олардың тарих пәнінде қолдану әдістемесі арнайы зерттеу нысаны ретінде әлі де толық жүйелене баспасөздің қалыптасуы мен оның тарихи рөлі туралы алғашқы ғылыми тұжырымдар М.Қойгелдиевтің, Қ.Алдажұмановтың, К.Нұрпейісовтің еңбектерінде көрініс тапқан. М.Қойгелдиев өз еңбектерінде «Қазақ», «Айқап», сияқты басылымдардың ұлттық ой-сана мен ағартушылық қозғалысты қалыптастырудағы тарихи қызметін ашып көрсетеді [6]. К.Нұрпейісов «Алаш һәм Алашорда» еңбегінде ұлттық баспасөздің саяси және ағартушылық платформасын, ұлт зиялыларының қоғамдық қызметімен байланысын айқындайды [7]. Ағартушылық идеялар мен педагогикалық ой эволюциясын зерттеген еңбектер қатарына, қазақ ағартушылығының тарихи-педагогикалық негіздері Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, Ш.Уәлиханов еңбектерінен бастау алып, XX ғасырдың басындағы зиялылар шығармашылығында жаңа мазмұнмен толықты. Бұл бағытта С.Қалиев, Қ.Бержанов, А.Құдайбергенова сияқты педагог-зерттеушілер еңбектері маңызды орын алады. Мысалы, С.Қалиев ұлттық педагогикалық ойдың даму тарихында мерзімді баспасөздің ерекше орнын атап өтіп, оны халықтың рухани жаңғыруының көрсеткіші ретінде бағалайды [8].

Мерзімді баспасөздегі білім беру мәселелерін арнайы талданған еңбектерге келсек, бұл салада Қ.Атабаевтың, А.Қараның, З.Қабылдинованың, Г.Әбілқасымованың зерттеулері айрықша. Қ.Атабаев өзінің «Қазақ баспасөзі – Қазақстан тарихының дерек көзі (1870-1918жж.)» атты еңбегінде ұлттық басылымдардың ағартушылық, педагогикалық және мәдени бағыттағы материалдарын деректанулық тұрғыдан талдай отырып, олардың тарихи құндылығын жоғары бағалайды [9]. З.Қабульдинов болса, XX ғасыр басындағы газет-журналдарда жарық көрген ағартушылық мазмұндағы мақалалардың мазмұнын, бағыттарын және авторлық ұстанымдарын педагогикалық тұрғыда жүйелеп, оларды қазақ қоғамындағы жаңашыл ойдың көрінісі ретінде талдайды [10]. Қазақстан тарихнамасында А.Васильевтің 1896 жылы жарық көрген «Политика царизма в области школьного образования на примере Оренбургского учебного округа (60-90 гг. XIX века) » атты кандидаттық диссертациясында бұл мәселеге қатысты деректер талданған.

Ол былай деп бағалаған: «А.В. Васильев в своем труде излагает систематизированные сведения о русско-казахских школах Тургайской области в XIX веке» - деп А.Васильев еңбегін жоғары бағалаған [11].

Арнайы тарихи-зерттеу еңбектер болмағанымен, көрсетілген кезеңдегі оқу-ағарту ісінің жағдайы әртүрлі дәрежеде айтылған қазақ ғалымдары мен ағартушылары: Ш.Уәлиханов [12], Ы.Алтынсарин [13], А.Құнанбаев [14] және XX ғасырдың басындағы алаш қозғалысының көсемдері Ә.Бөкейхан [15],

А.Байтұрсынұлы [16], М.Дулатов [17] және т.б. еңбектерін жатқызуға болады.Аталған авторлардың және басқа да қазақ зиялыларының еңбектері жұмыста негізгі бағыт - бағдар ретінде кеңінен пайдаланылды.

Зерттеу тақырыбына қатысты тарихи еңбектерінде үлкен бір тобы кеңестік кезеңде жарық көрді. Бұл жерде біз ең алдымен, соңғы уақытқа дейін белгісіз болып келген, сондықтан ғылыми айналымға әлі тартылып үлгермеген М.Әуезовтың 1923 жылы «Шолпан» журналының 6, 7, 8 нөмірлерінде жарияланған 26 беттен тұратын «Ы.Алтынсарин» атты еңбегін ерекше атауымыз керек. Қазан төңкерісіне дейінгі Қазақстандағы оқу-ағрту және білім беру тарихын зерттеген отандық ғалымдардың еңбектері негізінен XX ғасырдың 50-80-жылдары жарық көрген. Осы бағыттағы алғашқы іргелі зерттеулердің бірі Н.Сәбитовтің еңбегі болып табылады, онда XX ғасырдың басында қазақ даласында кең тараған жаңа тәсілдік мектептер иен медреселердің тарихы жан-жақты қарастырылған [18]. Революцияға дейінгі кезеңде қазақтар арасындағы бастауыш білім беру жүйесінің қалыптасуы мен дамуын И.А. Гармс орыс-қазақ мектептерінің қызметін зерттей отырып, диссертациялық жұмысында талдаған [19]. XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы оқу-ағарту ісі, мектептердің дамуы және педагогикалық ой эволюциясы Т.Т. Тәжібаевтың монографиялық еңбектерінде кеңінен қарастырылған. Ол шекаралық комиссия жанындағы қазақ мектептерінің жұмысын, ағартушылықтың әлеуметтік-экономикалық алғышарттарын және ұлт зиялыларының педагогикалық көзқарастарын жан-жақты талданған [20]. Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі мектептер жүйесінің 1864-1917 жылдар аралығындағы дамуы Б.Нұрлыбековтің еңбегінде талданған [21]. Сонымен қатар, А.И. Сембаев пен Г.М. Храпченконың зерттеулерінде XX ғасырдың басындағы Қазақстан мектептері арқылы жүргізілген орыстандыру саясатының жүзеге асу жолдары мен ерекшеліктері қарастырылған [21]. XIX ғасырдың соңғы жылдары мен XX ғасыр басындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының маңызды мәселелері Д.И. Дулатованың тарихнамалық зерттеуінде кешенді түрде қарастырылған [23].

Кеңестік дәуір зерттеушілері оқу-ағарту тарихын зерделеуде маңызды үлес қосқан. Олар халық ағарту ісінің қалыптасуының негізгі заңдылықтары мен ерекшеліктерін, қоғамдық-саяси қозғалыстардың ықпалын көрсетті. Дегенмен, коммунистік партияның үстемдігі кезінде оқу-ағартудың ұлттық маңызы бар мәселелерін жан-жақты және объективті зерттеу мүмкін болмаған. Негізгі шектеулердің бірі – қазақ баспасөзін, әсіресе демократиялық бағыттағы ұлттық басылымдарды оқу-ағарту тарихының дерек көзі ретінде қолдануға мүмкіндік болмауы еді. Сол кезеңдегі зерттеушілердің еңбектері XIX ғасыр соңы мен XX ғасыр басындағы еліміздегі оқу-ағарту және білім беру жағдайын шектеулі түрде ғана ашып көрсетті. Мысалы, Т.Амандосов [24], Б.Кенжебаев пен Т.Қожакеев [25], С.Имашев [26], Х.Бекхожин [27] өз еңбектерінде қазақ баспасөзі көтерген тақырыптарды талдай отырып, оқу-ағарту мәселесіне де тоқталған. Ү.Субханбердина қазақ баспасөзінің мазмұндалған библиографиялық көрсеткішін жасаған алғашқы зерттеулерін 1960-63 жылдары жариялады [28].

Дегенмен, аталған авторлар қазақ баспасөзін тарихи дерек ретінде қарастыруды мақсат етпеген.

1966 жылы Г.К. Сәтбекова «Айқап журналы Қазақстан тарихының дерегі ретінде» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады [29]. Диссертация тақырыбы деректанулық сипатта болса да, мазмұны тек журналдағы мәселелерді жалпы шолу және олардың маңызын баяндаумен шектеліп, оқу-ағарту мәселесіне толық талдау жасалмаған.

Қазақстанның оқу-ағарту және білім беру тарихын ұлттық мүдде тұрғысынан жан-жақты зерттеу тек «қайта құру» және тәуелсіздік жылдары мүмкін болды. Соңғы 13-14 жылда осы тақырыпқа арналған бірнеше еңбектер мен диссертациялық зертеулер жарық көрді.

Баспасөз тарихын зерттеген Атабаев Қамбарбек Махамбетұлы: «Мерзімді басылымының тарих дерегі ретінде бейнелеу объекті мен ауқымдылығы тап күресінен әлдеқайда кең және жан-жақты. Газет пен журнал материалдары қоғамдық-саяси өмірдің кең суреттемесін қалпына келтіріп, зерттеудегі кезеңнің басты актуалды проблемаларын анықтауға мүмкіндік береді», - деді [30]. Осы тұрғыда тарих ғылымдарының докторы Смағұлова Светлана Әдепқызы: «Мерзімді басылымдардағы материалдар қоғамдағы өмірдің өткені жайында құнды мағлұматтар бере алатын дерек көзі бола алады» - деп жазады [31]. Зерттеушілер үшін мерзімді баспасөз материалдарының аса маңыздылығын көрсетіп берген еді. Алаш қайраткерлерінің бірі М.Дулатов баспасөзге байланысты: «... Әр жұрттың, әр мемлекеттің мәдениет майданында ілгері-кейінгінің қатесіз бір өлшеушісі баспасөз болады. Қай жұрттың баспасөзі күшті болса, оның шексіз баспасөзі мықты болғандығы айдай анық, бұған ешнәрсе білмейтін надандар, соқырлар болмаса, көзі ашық, көңілі тетіктер көп иман келтірген. Сондықтан Еуропа жұрты баспасөзге «алтыншы мемлекет» деп ат қойған», - деп жазуы ақпарат құралдарының құндылығын айқындай түседі [32].

Баспасөз - адамдарды тәрбиелейтін құрал емес, онда жарық көріп жататын әдебиет, тарихи материалдар дүниені өзінше пайымдауға үйретететін, ұлттық болмысты қалыптастыратын киелі құдірет. Міне, осыған орай өз ұлттық болмысымызды жан-жақты танып, үйренуде алдыңғы кезекте төл тарихымызға, ана тіліне, діл мен дінімізге құрметпен қарап, халқымыздың бүкіл адамзаттық өркениетке қосқан үлесін әлемге таныту отандық тарих ғылымын кезекті міндеті болып табылады [33].

Диссертациялық жұмыстың тарихнамалық базасында қайнар көздер, тарихи ғылыми-методологиялық материалдар қолданылды. «Қазақ» газеті туралы аталып өтетін біраз жарияланған материалдарды атап айтқанда, Т.Кәкішевтің [34], Ү.Субханбердинаның [35], Р.Нұрғалиевтің [36], Б.Момынованың [37], Ө.Әбдімановтың [38], Ж.Нұсқабайұлы мен Қ.Аллабергеннің [39], Қ.Сақтың [40], Ғ.Ахмедовтың [41] оқырман көзқуанышына айналған кітаптары «Қазақ» туралы алғашқы пікір білдірген тұлғалар. Зерттеуші Үшкөлтай Субханбердинаның «Қазақ» газетінің халқымен қайта қауышуына қосқан үлесі қомақты екенін бөле айтқанымыз жөн. Зерттеуші осы іспен 1956 жылдан бері айналыса бастаған болатын [42]. Біздің тақырыбымызға байланысты XX ғасырдың 60-жылдары жазылған тағы да бір

құнды еңбек К. Кереева-Канафиеваның «Дореволюционная русская печать о Казахстане» (1963) және «Русско-Казахские литературные отношения (второе половина XIX-первое десятилетие XX в.). 2-е изд.дораб. (1980)», - деп аталатын екі кітаптан тұратын шығармасы [43]. Бұл зерттеу жалпы XVIII ғасырдың 30-шы жылдарымен XX ғасырдың алғашқы онжылдығын қамтитын қомақты монография. Сол, кеңестік кезеңнің көзқарасымен қарағанда қазақтар үшін өте пайдалы зерттеу болды. Себебі, қалай болған күнде де бұл еңбекте қазақ халқының екі ғасырлық тарихы, яғни, патшалық Ресейге бодан ел болып тұрған кезіндегі өмір-тұрмысы, мәдениеті мен әдебиеті көрсетіледі.

XX ғасыр басындағы қазақ баспасөздері «Қазақ», «Сарыарқа», «Алаш» және т.б. қазақ қоғамындағы ағартушылық қозғалысты зерттеген отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері құрады. Газет материалдары ҚР Ұлттық кітапханасының қорлары мен цифрлық дерек платформалары арқылы қарастырылды. «Бірлік туы» газетінің қазіргі таңда бар-жоғы төрт данасы ғана белгілі деп есептеледі. Ал төртінші данасы Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұражайында сақталғаны анық. Мұражайдағы толыққанды жинақ алтыншы нөмірден басталады, сондықтан алғашқы сандардағы мақалалар, авторлық құрам, көтерілген тақырыптар жөніндегі тек жанама мәліметтерге ғана сүйенуге тура келеді. «Бірлік туы» газетінде жарық көрген оқу-ағарту мәселелеріне арналған мақалалар XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамының білім беру саласындағы нақты жағдайын жан-жақты сипаттайды. Басылым беттерінде халыққа білім беру ісін жолға қою, жаңа мектептер ашу, мұғалім кадрларын даярлау, оқулықтар мен оқу құралдарын шығару, қазақ балаларының білімге қолжетімділігін арттыру, ауылдық мектептердің материалдық-техникалық ахуалын жақсарту сияқты өзекті мәселелер тұрақты түрде көтеріліп отырды. Газет авторлары оқу-ағарту ісін ұлттың дамуындағы шешуші фактор деп бағалап, білім беру жүйесіндегі кемшіліктерді ашық көрсетіп қана қоймай, оларды шешудің жолдарын да ұсынды. Осы тұрғыдан алғанда «Бірлік туы» қазақ қоғамында ағартушылық идеялардың қалыптасуы мен таралу ықпал еткен маңызды басылымдардың бірі болды.

Зерттеуде жоғарыды аталған еңбектердің құнды тұстарын бағалай отырып, шама-шарқымызға «Қазақ» газетіндегі оқу білімге қатысты материалдарды түгелдей қамти қарастырып, оның XX ғасыр басындағы қазақ тарихындағы білім саласын дамытудағы міні мен маңызын ашуға ден қойдық.

Сонымен қатар 1998 жылы ұлттық басылымдарды зерттеу ісінде біршама жұмыстар жасалды. Мысалы, ең бастысы Ү.Субханбердина, С.Дәуітов, Қ.Сақовтардың құрастыруымен «Қазақ: 1913-1918 жылдардағы ұлттық қоғамдық-саяси газет: 7 томдық» [44] басылымы XX ғасыр басындағы ұлттық мерзімді баспасөзді кешенді түрде ғылыми айналымға енгізген маңызды академиялық еңбек болып табылады. Бұл көп томдық газет материалдарының толық мәтіндері жүйеленіп, зерттеушілерге түпнұсқа деректермен жұмыс істеуге мүмкіндік берілді. Әсіресе басылымда жарияланған оқу-ағарту, мектеп ісі, мұғалім даярлау, ана тілінде білім беру, оқулық шығару, әйелдерге білім беру және ұлттық мектеп қалыптастыру мәселелерін кешенді қарастыруға кең жол

ашылды. Нәтижесінде бұрын әртүрлі архивтер мен сирек қорларда шашыраңқы сақталған материалдар бір жинаққа топтастырылып, ұлттық ағартушылық идеялардың мазмұнын, қазақ зиялыларының білім беру саласындағы көзқарастары мен қызметін жан-жақты зерттеуге мүмкіндік туды. Бұл еңбек XX ғасыр басындағы оқу-ағарту тарихын зерттеудің деректік базасын едәуір кеңейтіп, аталған материалдарды Қазақстан тарихы пәнін оқыту үдерісінде тиімді пайдалануға ғылыми негізін қалады. XX ғасыр басындағы қазақ және орыс тіліндегі мерзімді басылымдарда оқу-ағарту мәселелері кеңінен көрініс тапқанымен, олардың мазмұны, мақсаты мен идеологиялық бағыты жағынан елеулі айырмашылықтар байқалады. Ұлттық басылымдар («Айқап», «Қазақ», «Сарыарқа», «Қазақстан», «Бірлік туы», «Садақ») білім беру мәселелерін қазақ қоғамының ұлттық қажеттіліктерімен байланысты қарастырды. Бұл басылымдарда ана тілінде білім беру, ұлттық мектеп жүйесін қалыптастыру, қазақ тіліндегі оқулықтар мен оқу құралдарын шығару, мұғалімдер даярлау, қыз балаларға білім беру, жәдидтік оқыту әдістерін енгізу, халықтың сауаттылығын арттыру және ұлттық мәдени құндылықтарды сақтау мәселелері басты орын алды. Алаш зиялылары білімді ұлттың дамуы мен тәуелсіздігінің негізгі кепілі ретінде бағалап, оқу-ағарту ісін қоғамдық жаңғыртудың маңызды құралы деп таныды. Ал қазақ өлкесіне қатысты орыс тіліндегі басымдар – «Туркестанкие ведомости», «Киргизская степная газета», «Степной край», «Оренбургский листок», «Семипалатинские областные ведомости», «Тургайская газета», – оқу-ағарту мәселелерін негізінен Ресей империясының әкімшілік және ағарту саясаты тұрғысынан жариялады. Бұл басылымдарда орыс-түзем мектептерінің ашылуы, халық училищелерінің қызметі, оқу орындарының статистикалық көрсеткіштері, оқу инспекторларының есептері, мұғалімдерді тағайындау және халық ағарту министрлігінің ресми құжаттары басым болды. Қазақ мектептері мен медреселері туралы материалдар көбіне әкімшілік бақылау, оқу үдерісін реттеу немесе реформалау мәселелері аясында қарастырылды.

Сонымен қатар ұлттық баспасөзде оқу-ағарту мәселелері қоғамдық пікірталас деңгейіне көтеріліп, қазақ зиялыларының көзқарастары мен ұсыныстары жарияланды. Ал орыс тіліндегі мерзімді басылымдарда мұндай пікірталастар сирек кездесіп, ресми ақпарат пен статистикалық мәліметтер басымдыққа ие болады.

Осылайша, ұлттық және орыс тіліндегі мерзімді баспасөз материалдарын салыстырмалы талдау олардың бір-бірін толықтыратын тарихи дерекөздер екенін көрсетеді. Егер орыс тіліндегі басылымдар Қазақстандағы білім беру жүйесінің әкімшілік-құқықтық және статистикалық көрінісін сипаттаса, ұлттық баспасөз оқу-ағарту саласының қоғамдық сұранысын, қазақ зиялыларының ағартушылық көзқарастарын және ұлттық білім беру моделінің қалыптасу үдерісін ашып көрсетеді. Сондықтан екі бағыттағы мерзімді басылымдарды кешенді пайдалану XX ғасыр басындағы Қазақстандағы оқу-ағарту жүйесінің даму ерекшеліктерін объективті бағалауға мүмкіндік береді.

С.Сарқұлованың «XX ғ. басындағы қазақ кітаптары: идеялар тарихы мен тағдыры» атты монографиялық еңбегі ұлттық кітап басу ісінің тарихын зерттеуге арналса, осы диссертацияда мерзімді баспасөзде жарияланған білім беру мен

ағарту мәселелері тарихи-педагогикалық және әдістемелік тұрғыдан қарастырылады. Сондықтан аталған монография ұлттық кітаптар мен мерзімді баспасөздің ағартушылық қызметін өзара сабасқтастықта зерделеуге және зерттеудің тарихнамалық негізін толықтыруға мүмкіндік берді [45].

Қазан төңкерісіне дейінгі оқу-ағарту және білім беру тарихына арналған Қазақстан ғалымдарының зерттеу еңбектері негізінен өткен ғасырдың 50-80-ші жылдары жарық көрді. Олар: Н.Сәбитовтың XX ғасырдың басында елімізде кеңінен тарала бастаған жаңа тәсілдік мектептер мен медреселер тарихын зерттеуге арналған еңбегі [46], И.А. Гармстың орыс-қазақ мектептері туралы диссертациялық жұмысы [19], Т.Т. Тәжібаевтың XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы оқу-ағарту ісінің, мектептердің және педагогикалық ойдың даму тарихына арналған монографиялық еңбектері [20], Б.Нұрлыбековтың Оңтүстік Қазақстандағы мектептердің даму тарихына арналған еңбегі [47], А.И. Сембаев пен Т.М. Храпченконың қазақ балалары арасында мектеп жүйесі арқылы орыстандыру саясатының іске асу тарихы туралы еңбектері [22], Д.И. Дулатованың XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономиялық және мәдени өмірі тарихының маңызды мәселеріне талдау жасаған тарихнамалық еңбегі [23], және т.б.

Кеңестік кезеңде еңбек еткен зерттеушілердің оқу-ағарту ісінің қалыптасуының негізгі заңдылықтары мен ерекшеліктерін, қоғамдық-саяси қозғалыстарының бұл іске тигізген әсерін көрсетті. Десекте, коммунистік партияның шексіз билік құрған жылдары, оқу-ағарту сияқты ұлт үшін маңызы үлкен болған мәселені жан-жақты зерттеп, оның тарихын объективті жазу мүмкін болмағандығы түсінікті. Бұл жолдағы басты кедергілердің бірі – қазақ баспасөзін, оның ішінде демократиялық бағыттағы ұлттық басылымдарды оқу-ағарту тарихының дерек көзі ретінде пайдалану мүмкіндігінің болмауы еді. Ал, онсыз мәселенің тарихын толық ашып көрсету мүмкін емес.

Патша өкіметінің Қазақстандағы оқу-ағарту арқылы орыстандыру саясатының тарихына қатысты зерттеулерде бірнеше маңызды еңбектер бар. Мысалы, С.Қ. Жақыпбек пен З.Т. Садуақасова мұрағат құжаттарына сүйене отырып, патша өкіметінің халық ағарту саласындағы реакциялық саясатын зерттеген [48]. Сол сияқты, Ә.Омаровтың 1997 жылы жарық көрген «Қазақстандағы ағарту ісі және патша өкіметінің отарлық саясаты» атты еңбегі де осы тақырыпты жан-жақты қарастырады [49].

Қазақстанның әртүрлі аймақтарындағы оқу ісінің тарихын зерттеген диссертациялық жұмыстар мен оқу құралдары да маңызды дерек көзі болып табылады. Мысалы, И.Р. Халитова Солтүстік-шығыс Қазақстандағы оқу-ағарту тарихвн талдаса [50], М.А. Жолсейтова Жетісу өлкесіндегі білім беру жүйесінің қалыптасуы мен дамуына арналған [51]. С.А. Урашев 2002 жылы жарық көрген оқу құралында XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басындағы Верный қаласындағы халық ағарту тәжірибелерін баяндаған [52]. Сонымен қатар, Қ.Адамбосыновтың мақалалардың XX ғасыр басындағы Орталық Азия елдеріндегі мектеп-медреселерде тарих пәнін оқыту мәселесі қарастырылған [53].

Осы зерттеулердің барлығы XX ғасыр басындағы ұлттық мерзімді баспасөз беттеріндегі білім беру мен ағарту мәселесі материалдарын Қазақстан тарихы пәнінде оқытуға арналған әдістемелік зерттеулер ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Олар мектеп пен медреселердегі оқу процесін, ағартушылық идеялардың таралуын және ұлттық сана қалыптасуына әсерін түсіндіруде маңызды деректер мен ғылыми негіз береді.

Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ баспасөзіндегі оқу-ағарту және білім беру мәселелерін зерттеу соңғы жылдары кеңейіп, негізінен тәуелсіздік жылдары пайда болған еңбектерде көрініс тапты. Мысалы, жалпы қазақ баспасөзіне арналған зерттеулерде Ө.Әбдіманапов [54], Қ.Аллаберген (басқа авторлармен бірге) [55], Қ.Сақ [56] сияқты авторлардың еңбектерінде қазақ тілінде шыққан ресми және бейресми мерзімді басылымдардағы оқу-ағарту материалдары ұлттық мүдде тұрғысынан қарастырылған.

Сонымен қатар, қазақ баспасөзін тарихымыздың дерек көзі ретінде қарастырған зерттеулер де пайда болды. Мысалы, М.Сәулембекова қазақ мерзімді басылымдарындағы тарихи ой мен мақалаларға талдау жасады [57], ал С.Рамазанова «Қазақ» газеті және білім беру ісін зерттеді [58]. Деректанушы Қ.Атабаевтың монографиялық еңбектерінде мерзімді басылымдардың қазақ тарихының дерек көзі ретіндегі рөлі, соның ішінде оқу-ағарту тарихы да қарастырылған [59]. Дегенмен, бұл авторлардың ешқайсысы да ұлттық мерзімді баспасөз беттеріндегі білім беру мен ағарту мәселесін ерекше пәндік-әдістемелік тұрғыдан қарастыруды мақсат етпегенін атап өту маңызды.

«Айқап» журналының шығарушысы және редакторы М.Сералин болған. Ол журналды өз тәуекелімен шығара бастағанын атап көрсеткен: «Өзім жалғыз, көмек беретін кісі жоқ, «жалғыз кісі жау алмас» деген мысалға қарамастан, журналды шығара бастадым» [60]. Журналдың бір адамның күш-жігерімен ғана шыққаны туралы басқа да деректер бар. «Қазақстан» газетінің редакторы, Ішкі орданың халық мұғалімі Елеусін Бюрин болған. Орал облыстық әскери губернаторы Дубасов берген куәлікте оның газетті халықтан жиналған қаражатқа өз баспаханасында шығарғаны нақты айтылған [61]. «Айқап» журналы Ресей патшасы билік еткен кезеңде ұлтына қызмет етсе, «Сарыарқа» газеті ақпан төңкерісінен кейін демократиялық кезеңде, большевизмге қарсы күрес жағдайында шығып, Алаш партиясының органы ретінде бағытталған. Сол себепті оның бағыт-бағдары «Айқапқа» қарағанда «Қазақ» газетіне жақын болғанын куәгер С.Сейфулин атап көрсеткен: «1917-18 жылғы ұлы дүбірде Семейден шыққан «Сарыарқа» газеті Алаштың тілі болды...» [62].

«Ақмолада» шыққан «Тіршілік» газетінің позициясын газеттің авторлары мен С.Сейфулин өз заманауи естеліктерінде атап көрсеткен. Ол 1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейін шыққан газеттердің көбінің «Қазақ» газетінің ықпалына бағынып, ұлтшыл бағытта болғанын, ал «Тіршіліктің» ұлттық емес, таптық позицияда әркет еткенін атап көрсетеді: «Ақмоладан шыққан «Тіршілік» газеті «Алашты» мінеп, «Алашқа» қарсы жазып жатты» [62].

Сонымен, тақырыптың зерттелу деңгейі бір жағынан Қазақстандағы оқу-ағарту және қазақ баспасөзінің тарихының кеңінен зерттелуімен ерекшеленсе, екінші жағынан, XX ғасыр басындағы ұлттық басылымдарды оқу-ағарту

тарихының оқу процесінде қолдануға арналған арнайы зерттеулердің болмауымен де шектелген. Бұл фактор біздің зерттеу тақырыбымызды анықтауда шешуші рөл атқарады.Зерттеу жұмысы барысында XX ғасырдың басындағы мерзімді баспасөздегі оқыту әдістемесіне қатысты материалдарды Ұран газетінде 1917 жылдың 26 қыркүйегінде жарық көрген Зиялылар съезі атты №8 мақаласында [63] «Оқу, оқыту» мәселелері қарастырылған. Сонымен қатар, оқытылатын курстарды семинарияға айналдыру керектігі аталған. Ұран газетіндегі «Жаңа қалада білім бірлігі» атты 1917 жылдың 28 шілдесінің №28 мақаласында халықты ағарту, білім, өнер таратуға қарай баулу [64]. Халықтың көзін ашу негізгі мақсаты болған. Ұран газетінде 1918 жылдың 16 мамырында «Білім бірлігі» қауымының жұмысы ары қарай жүргізіліп, халықтың көзі ашылып, күн шығып, бұрынғыдай қара бұлттың сейіліп, жарық күннің келгенін атап өткен болатын [65].

Қазақ халқының XX ғасырдың басындағы мерзімді баспасөзінде жарияланған, қарастырылған мәселелер бойынша С.О. Смагулова «XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ тіліндегі мерзімді баспасөзі: шығу тарихы мен деректік маңызы» атты докторлық диссертациясында [66], З.Ш.Бимақановаңың «Қазақ жастары мерзімді баспасөзінің тарихы (XX ғасырдың басы – 1940 жж.)» атты кандидаттық диссертацияларында қарастырылып, жан-жақты сараланған [67].

Зерттеу жұмысы барысында талдаулардың келесі бөлігіне өтетін болсақ, ол тақырыбымыз аясында жазылған Scopus базасындағы мақалаларға тоқталсақ, С.Жанжигитов «Pedagogical Research in Kazakhstan: Analysis of Scientific Publication in Scopus» атты тақырыпта мақалада 2000-2023 жылдар аралығындағы Scopus базасындағы Қазақстандағы қатысты педагогикалық зерттеулер талданған. Авторлар «education» және «Kazakhstan» кілт сөздері бойынша деректерді жинап, SPSS арқылы статистикалық талдау жүргізген. Негізгі бағыттар – білім беру сапасын арттыру, әдістемелік жаңашылдықтар, ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып педагогикалық ғылымның даму үрдістері туралы қарастырылған [68].

Kewalramani.S. and Havu-nuutinen, S. 2019 жылы шыққан “Preschool teachers’ beliefs and pedagogical practices in the integration og technology: A case for engaging young children in scientific inquiry” атты мақаласында мектепке дейінгі тәрбиешілердің технологияны интеграциялаудағы сенімдері мен педагогикалық тәжірибелерін, жас балаларды ғылыми зерттеулерге тартудың мысалын көрсетіп, талдау жасаған [69].

2021 жылы Hanley, N. “The contribution of empathy-based pedagogy in global citizenship education: kazakhstani context” атты мақаласында эмпатияға негізделген педагогиканың жаһандық азаматтық білім беруге қосқан үлесін Қазақстандық контекстте қарастырып, талданған [70].

Сонымен қатар, соңғы жылдары аударылып шығарылған «Қазақ» [71] газеті, «Айқап» [72] журналдарында жарияланған қазақ зиялыларының оқу-әдістемелік жұмысқа қатысты материалдары да көп. Д.Қамзабекұлының «Алаш және руханият» оқыту әдістемесінде маңызды саналатын құндылықтар жүйесін талдайтын еңбектердің бірі болып табылады [73]. Қ.Сақтың «Алаш мұрасы» [74]

атты еңбегінде Алаш баспасөзінің ұлттық идеяны қалыптастырудағы рөлін жан-жақты талдайды.

Бұл зерттеу XX ғасыр басындағы мерзімді баспасөздегі оқу-әдістемелік материалдардың қазіргі ғылыми-әдістемелік маңызын дәлелдеуге қосымша дерек көзі бола алады. Себебі тарихи тәжірибені қазіргі педагогикалық зерттеулермен салыстыруға мүмкіндік береді. Ұлттық ерекшеліктер мен мәдени сабақтастықтың білім беру ғылымындағы рөлін көрсетеді. Әдістемелік материалдардың эволюциясын – баспасөзден бастап қазіргі ғылыми журналдарға дейінгі дамуын айқындайды.

Зерттеудің деректік негізі. Зерттеу жұмысының деректік негізін XX ғасырдың басындағы ұлттық мерзімді баспасөз материалдары, сондай-ақ сол кезеңдегі білім беру және ағарту мәселелерін бейнелейтін мұрағаттық құжаттар мен ресми деректер құрайды. Бұл деректер ұлттық сананың оянуы, ағартушылық қозғалыстың дамуы және қазақ қоғамындағы оқу-ағарту ісінің бағыттарын айқындауда маңызды рөл атқарады. Негізгі дерек көздері ретінде төмендегі архив материалдары пайдаланылды: Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві (ҚЗОМА). Қор 81 – «Қазақ өлкесін басқару жөніндегі генерал-губернатор кеңсесінің істері» – мұнда оқу-ағарту ісіне қатысты бұйрықтар, есептер мен хаттамалар сақталған. Жұмыста оқу-ағарту және білім беру мәселелерін зерттеу үшін қазақ баспасөзі материалдарының толықтығы мен сенімділігін бағалау мақсатында ҚР Орталық мемлекеттік мұрағатының бірнеше қорлары кеңінен қолданылды: 44-қор (Жетісу облысы басқармасы), 64-қор (Дала генерал-губернаторлығы кеңсесі), 92 және 93-қорлар (Верныйдағы қыз және ер балалар гимназиялары), және т.б. Бұл қорларда XIX ғасырдың соңынан XX ғасыр басына дейінгі қазақ және мұсылмандық оқу орындарының жағдайына қатысты құнды деректер сақталған. Қазақстан Республикасы Президентінің архиві (ҚРПА). Қор 141 – «Қазақ АКСР Халық ағарту комиссариатының бұйрықтары мен хаттамалары» – мұнда мұғалімдер даярлау, жаңа оқулықтар шығару, білім беру жүйесін реформалау мәселелері қамтылған. Қор 708, іс 12 – «Қазақ тілінде білім беру жүйесін жетілдіру туралы баяндама» (1920 ж.).

Зерттеу барысында Ресей империясының оқу-ағарту заңдары, заманхаттар, естеліктер және ғылыми еңбектердің деректері қосымша ақпарат көзі ретінде қолданылды. Сонымен қатар, шынайылығы жоғары деректер ретінде ұлт зиялыларының жинақтары пайдаланылды, бұл қазақ баспасөзі мен ұлттық оқу-ағарту тарихын жан-жақты талдауға мүмкіндік берді.

Зерттеу жұмысының деректік негізінің келесі түріне XX ғасырдың басындағы ұлттық мерзімді баспасөз материалдары мен аймақтық архив қорларында сақталған ресми құжаттар құрайды. Бұл деректер қазақ халқының ағартушылық ой-пікірлерін, ұлттық мектеп жүйесінің қалыптасу үрдісін және білім беру саясатының тарихи мазмұнын айқындауға мүмкіндік береді. Зерттеу барысында XX ғасыр басындағы ұлттық баспасөз беттеріндегі білім беру және ағарту мәселелері қамтылған мақалалар басты дереккөз ретінде пайдаланылды. «Қазақ» газеті (1913-1918 жж.) – ұлт зиялыларының ағартушылық идеялары мен мектеп реформасы туралы мақалалар жарияланған. Басылым беттерінде

А.Байтұрсынұлы [75], М.Досмұхамедұлы [76] сияқты тұлғалардың еңбектері білім беру ісінің ұлттық сипатын қалыптастыруға бағытталды.

«Айқап» журналы (1911-1915 жж.) – қазақ қоғамындағы мәдениет, әйел теңдігі, оқу-ағарту мәселелерін кеңінен қамтыған. Онда жаңа мектеп жүйесін енгізу, мұғалім даярлау және оқу үрдісін жетілдіру мәселелері жөнінде маңызды пікірлер жарияланған (Айқап. – Троицк, 1911-1915 жж.).

«Шолпан» (1922-1923 жж.), «Сана» (Сана. – Ташкент, 1923ж.), «Бірлік туы» (Бірлік туы. – Омбы, 1917-1918 жж.), «Алаш» (Алаш. – Семей, 1917 ж.) газеттері мен журналдары – ұлттық сана мен ағартушылық қозғалыстың өрісін айқындап, қоғамның мәдени жаңғыру идеяларын паш етті (Шолпан. – Ташкент, 1922-1923 жж.). Аталған мерзімді баспасөз материалдары қазақ қоғамындағы ағартушылық қозғалыстың бағыттарын, білім беру саясатының мазмұнын және педагогикалық ойдың эволюциясын анықтауда маңызды дереккөз болып табылады. Газет материалдары мектеп ашу, мұғалім даярлау, ұлттық оқулықтарды шығару, әйелдер білімін көтеру сияқты мәселелерді қамти отырып, Алаш қайраткерлерінің білім беру саласындағы көзқарасын айқын көрсетті. Жарияланымдардың мазмұны ресми құжаттарға, мұғалімдер съездерінің материалдарына және жергілікті оқу бөлімдерінің мәліметтеріне негізделгендіктен, деректік сенімділігі жоғары авторлық мақалаларда М.Дулатов, Х.Досмұхамедов және Ж.Досмұхамедовтер сияқты қайраткерлердің ұстанымдары айқын аңғарылады. Газет деректері сол кезеңдегі қоғамдық пікірді, қазақ қоғамының оқу-ағарту қажеттілігін және ұлттық жаңғыру идеясының қалыптасуының көрсетуімен ерекшеленеді. Сондықтан «Бірлік туы» ағартушылық қозғалысты зерттеуде маңызды әрі мазмұнды дереккөз болып табылады. Сонымен қатар, сол кезеңдегі қазақ баспасөзінің басқа да маңызды басылымдарының бірі «Қазақ» газеті материалдары кеңінен пайдаланылды.

Зерттеу мақсаты: XX ғасыр басындағы ұлттық мерзімді баспасөз беттеріндегі білім беру мен ағарту мәселелеріне қатысты материалдардың тарихи-педагогикалық мазмұнын ғылыми тұрғыдан талдап, оларды Қазақстан тарихы пәнінде оқытудың әдістемелік негіздерін айқындау.

Зерттеу міндеттері:

– XX ғасыр басындағы ұлттық мерзімді баспасөздің білім беру мен ағарту ісіндегі рөлін анықтау және осы мазмұндағы материалдарды тақырыптық-идеялық тұрғыда жүйелеу, ой эволюциясын айқындау, оның тарихи-педагогикалық мәнін ашу;

– зиялылардың білім беру және ұлттық мектеп, мұғалімдер даярлау, оқулық шығару туралы көзқарастарын тарихи-педагогикалық тұрғыдан зерттеу, саралау;

– Ұлттық мерзімді баспасөз материалдарын Қазақстан тарихы пәнінде оқытудың әдістемелік мүмкіндіктерін көрсету, тиімді оқыту тәсілдерін негіздеу және оқу-әдістемелік материалдар әзірлеу;

– ұсынылған әдістеменің тиімділігін педагогикалық эксперимент арқылы дәлелдеу, білім алушылардың тарихи ойлау, дерекпен жұмыс істеу және сыни талдау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған заманауи оқыту тәсілдерін ұсыну.

Зерттеу нысаны. XX ғасырдың басындағы ұлттық мерзімді баспасөз және ондағы білім беру мен ағартушылық мәселесіне арналған материалдар, сондай-ақ осы материалдарды Қазақстан тарихы пәнінде оқытудың әдістемелік ерекшеліктері.

Зерттеу пәні. Ұлттық мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған білім беру және ағартушылық туралы идеялардың мазмұндық желісі, сондай-ақ сол материалдарды сабақта қолдану кезінде қалыптастырушы оқыту әдістерінің оқушы белсенділігіне ықпалы.

Зерттеу әдістері. XX ғасыр басындағы ұлттық мерзімді баспасөз – қазақ халқының рухани жаңғыруының, ағартушылық ой-пікірдің және ұлттық сана-сезімнің оянуының маңызды дереккөзі болып табылады. Бұл материалдарды Қазақстан тарихы сабағында пайдалану тарихи деректермен жұмыс істеудің жаңа әдіснамалық бағыттарын анықтайды.

Жұмысты жазу барысында жинақтау, сараптау, талдау, синтез сияқты жалпы ғылыми әдістер қолданылады. Сонымен қатар, арнайы зерттеу әдісін, салыстырмалы талдау, проблемалық тәсілдер пайдалынылады.

Тақырыпты жаңа көзқарас тұрғысынан саралауда қазіргі кезеңде қалыптасқан обьективтілік және сыни талдау мен сыни зерделеу принциптері басты ұстанымда болды. Диссертацияның негізі – тарихи және жүйелік болып табылады. Жалпы тарихи әдіс ғылымда кең тараған әдіс түрі. Қазақ газетінің қызмет еткен кезеңін, онда орын алған оқиғалардың саяси тарихын зерттеуде, сол заманда кеңістігін зерделеуге үлкен септігін тигізді.

Тарихи-салыстырмалы әдіс. Бұл әдіс зерттеу нысанын әртүрлі кезеңдер мен контекстер тұрғысынан салыстыра талдауға мүкіндік береді. Ұлттық мерзімді баспасөздегі білім беру мен ағарту мәселелерін әр басылымда (Қазақ, Айқап, Шолпан, Сана) жарияланған материалдар негізінде салыстырып зерттеу арқылы педагогикалық идеяларыдың даму эволюциясы анықталады. Мысалы, «Айқап» журанил халық мектебін ашу қажеттілігін насихаттаса, «Қазақ» газеті ұлттық тіл мен жаңа оқулықтар мәселесін көбірек көтерді [77].

Тарихи генетикалық әдіс. Бұл әдіс зерттеліп отырған құбылыстардың пайда болуы, қалыптасуы мен дамуы заңдылықтарын ашуға бағытталған. Ұлттық баспасөздегі ағартушылық ойдың тарихи бастауларын – Ыбырай Атынсарин, Ш.Уалиханов, Абай еңбектерінен бастап XX ғасыр басындағы зиялылардың мақалалары мен сабақтастыра талдау арқылы педагогикалық эволюцияның логикасы айқындалады [78]. Жүйелі талдау әдісі. Жүйелі тәсіл (Л. фон Берталанфи теориясы негізінде) тарихи құбылысты бір тұтасы жүйе ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Мерзімді баспасөз материалдары – қоғамның мәдени, әлеуметтік және саяси жүйесінің құрамдас бөлігі болғандықтан, оларды кешенді түрде зерттеу арқылы ағарту ісінің құрылымдық байланыстары (мектеп, мұғалім, оқулық, саясат, қоғам) ашылады [79].

Деректанулық талдау. Бұл әдіс деректердің түпнұсқалығын, шынайылығын және мазмұндық ерекшелігін анықтауға бағытталған. Баспасөз материалдарын дерек ретінде талдау кезінде автордың көзқарасы мақаланың идеологиялық бағыты жазылу уақыты мен контексті ескеріледі [80].

Контент талдау баспасөз материалдарының тақырыптық құрылымы мен мазмұнын сандық және сапалық тұрғыдан сараптау тәсілі. Бұл әдіс арқылы білім беру және ағартушылық тақырыбының жиілігі, негізгі терминдер мен идеялардың жиілігі анықталады [81].

Педагогикалық-әдістемелік талдау. Бұл әдіс мерзімді баспасөз материалдарын білім беру процесінде пайдаланудың тиімді жолдарын айқындайды. Әдістемелік талдау арқылы тарихи мазмұн мен оқу үдерісін ұштастыру, тарихи деректі оқушының танымдық әрекетінің объектісіне айналдыру жолдары анықталады. [82] Теориялық бөлімде тарихи мәтіндік талдау, дереккөзді саралау, салыстыру, мазмұндық топтастыру және жинақтау әдістері қолданылды [83].

Тарихи реконструкция әдісі [84]. Газет-журнал материалдары негізінде XX ғасыр басындағы мектеп пен ағарту ісінің ағарту бейнесін қайта құру – оқушылардың елестету қабілетін, тарихи сезімін арттырады [85].

Жобалық әдіс. Оқушылар топтық немесе жеке жобалар жасап, тарихи деректерді шығармашылықпен ұсынады (постер, перезентация, инфографика) [86].

Рөлдік ойын әдісі. Публицистикалық рөлдік модельдерді (редактор, автор, мұғалім) пайдалану арқылы оқушылар тарихи тұлғалар мен оқиғаларды терең түсінеді [87].

Дискуссия және пікірталас әдісі. Мысалы, «Жаңа әліпбиге көшу – ұлттық жаңғыру ма?» деген сұрақ төңірегінде пікірталас өткізу оқушылардың дәлелді ойлау, пікірқорғау мәдениетін дамытады [88].

Мультимедиалық әдіс. e-history.kz, NDLK сияқты цифрлық дерекқорларды пайдалану оқушылардың заманауи зерттеу дағдыларын дамытады [81]. Сонымен зерттеу барысында төмендегідей әдістер қолданылды: тарихи танымдық және тарихи салыстырмалы талдау; деректанулық және мәтіндік талдау; контент анализ және дискурс анализ; жүйелеу және жүктеу; педагогикалық талдау; заманауи цифрлық мәтіндік мәтіндік талдау элементтері. Жоғарыда қарастырылған зерттеу және оқыту әдістері XX ғасыр басындағы ұлттық мерзімді баспасөз материалдарын тарих сабағында оқыту процесінде тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл әдістердің үйлесімді қолданылуы оқушылардың тарихи дерекпен жұмыс істеу мәдениетін, ұлттық сана мен азаматтық көзқарасын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Сондай-ақ методологиялық негізіне ғылыми таным, ағартушылықтың тарихтағы рөлі, жаңашылдық пен дәстүрдің сабақтастығы жайлы пайым-тұжырымдар алынды.

Тәжірибелік бөлім Action Research логикасына құрылды: алдымен сыныптағы бастапқы жағдай байқалды, кейін сабаққа қалыптастырушы бағалау тәсілдері енгізілді, соңында оқушы жауаптары, жұмыс парақтары, ауызша пікірлер, қысқа рефлексиялар мен мұғалім бақылауы салыстырылды. Сабақ барысында ББББ кестесі, дескриптор арқылы бағалау, «екі жұлдыз, бір тілек», дереккөз паспорты, жұптық талқылау және қысқа жазбаша кері байланыс пайдаланылды.

Диссертацияның ғылыми жаңалығы. XX ғасырдың басындағы ұлттық мерзімді баспасөз материалдары алғашқы рет білім беру және ағарту мәселелерін тарих сабағында оқытуға арналған дереккөз ретінде қарастырылды;

– Ұлттық басылымдардағы педагогикалық ойдың мазмұны мен бағыттары кешенді түрде талданып, олардың тарихи-педагогикалық және әдістемелік маңызы айқындалды;

– Мерзімді баспасөз беттеріндегі білім беру саясатына қатысты жарияланымдар жүйеленіп, тақырыптық идеялық жіктелуі ұсынылды (сауатсыздықты жою, мұғалім даярлау, оқулықпен қамтамасыз ету, жаңа әліпбиге көшу және т.б.);

– Ұлттық баспасөздің ағартушылық қызметі мен оның Қазақстандағы жаңа үлгідегі мектеп жүйесінің қалыптасуына ықпалы тарихи сабақтастық тұрғысынан дәлелденді;

– XX ғасыр басындағы мерзімді басылым материалдарын Қазақстан тарихы пәнінде оқытудың ғылыми әдістемелік әдістері жасалды, яғни, тарихи деректерді оқу процесіне енгізудің тиімді жолдары анықталды;

– Ұлттық мерзімді баспасөз материалдарын оқу әдістемелік құрал ретінде пайдалану тәсілдері ұсынылып, тарихи білім беру мазмұнын байытудағы маңызы нақтыланды және XX ғасыр басындағы ұлттық мерзімді баспасөздегі білім беру мен ағарту мәселелері Қазақстан тарихы пәнін оқыту тұрғысынан арнайы зерттеу нысаны ретінде қарастырылды;

– Ұлттық баспасөз материалдары тарихи дереккөзі ғана емес, оқытудағы тиімді дидактикалық құрал ретінде негізделді және ағартушылық идеяларды оқытуда пайдаланудың замануи әдістемелік үлгілері ұсынылды;

– Жұмыста XX ғасыр басындағы ұлттық мерзімді баспасөз беттеріндегі білім беру мен ағарту мәселесі тақырыбы тек тарихи ақпарат ретінде емес, қазіргі сабақта оқушының тарихи ойлауын дамытатын педагогикалық ресурс ретінде қарастырылады. Сонымен қатар баслымдағы оқу-ағарту идеялары қалыптастырушы бағалау тәжірибесімен байланыстырып, теориялық мазмұн мен мектептегі тәжірибе бір арнада талданады;

– Ұлттық мерзімді баспасөз материалдарын тарихи сананы қалыптастыруға бағытталған оқу үдерісіне енгізудің мүмкіндіктері айқындалды.

Зерттеудің теориялық негідері. XX ғасыр басындағы ұлттық мерзімді баспасөздің білім беру және ағартушылық бағыттағы материалдарын тарихи-педагогикалық және әдістемелік тұрғыдан кешенді зерттеу арқылы Қазақстандағы жаңа үлгідегі мектеп жүйесінің қалыптасу тарихына қосымша ғылыми негіз жасалынды.

Зерттеу барысында мерзімді баспасөз материалдарына сүйене отырып, педагогикалық ой эволюциясы мен ағартушылық қозғалыстың мазмұны, бағыттары мен идеялық ерекшеліктері ғылыми тұрғыдан жүйеленді.

Ұлттық мерзімді баспасөзді тарихи дерек көзі және оқу процесінде қолданылатын әдістемелік ресурс ретінде пайдалану үлгісі ұсынылып, бұл тәсіл Қазақстан тарихы пәнін оқытудағы дерекпен жұмыс істеу мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысының ғылыми және тәжірибелік маңызы. Зерттеу нәтижелерін: Қазақстан тарихы пәнін оқытуда; арнайы курстар мен эллективті пәндерде; мұғалімдерге арналған әдістемелік құралдар дайындауда; жоғары оқу

орындары мен мектептерде пайдалануға болады. Мерзімді баспасөзді тарихи танымдық ресурс ретінде пайдалану оқушылардың сыни ойлау қабілетін, тарихи фактілерді бағалау және түсіндіру дағдыларын дамытуға зор мүмкіндік береді. Сондай-ақ зерттеу қорытындыларын Қазақстан тарихы сабақтарында дереккөз бен жұмыс ұйымдастыруда оқушы жауабын дәлелге сүйендіруде және кері байланысты жүйелі жүргізуде қолдануға болады. Әсіресе 8-10 – сынып оқушылары үшін газет мәтіндерін қысқартып беру, бағыттаушы сұрақтар ұсыну, дескриптор арқылы бағалау және сабақ соңында қысқа рефлексия жаздыру тиімді әдістемелік құрал бола алады.

Қорғауға ұсынылатын негізгі ғылыми тұжырымдар. XX ғасыр басындағы ұлттық мерзімді баспасөз – қазақ халқының рухани жаңғыруы мен ұлттық сана-сезімнің қалыптасуында шешуші рөл атқарған ағартушылық идеялардың басты қайнар көзі болды. «Серке», «Бірлік туы», «Қазақ газеті», «Дала» (жылы белгісіз), «Қазақстан», «Ешім даласы» (1913), «Айқап», «Алаш», «Сарыарқа», «Ұран» (1917), «Үш жүз» (1917), «Тіршілік» (1917) газеті сияқты басылмдарда білім беру, жаңа мектеп үлгісін енгізу мұғалім даярлау және ана тіліндегі оқулықтар шығару мәселелері кеңінен талқыланды.

– Ұлттық баспасөз материалдары – тарихи дереккөзі ретінде XX ғасыр басындағы педагогикалық ой мен білім беру жүйесінің даму бағыттарын зерттеуде маңызды деректік база болып табылады. Бұл материалдар тарихи фактілер мен қоғамдық пікірді, ағартушылық қозғалыстың мазмұны мен мақсатын нақты деректер арқылы тануға мүмкіндік береді.

– Қазақстан тарихы пәнінде ұлттық мерзімді баспасөз материалдарын пайдалану әдістемесі тарихи білімнің мазмұнын дамытып, оқушылардың дерекпен жұмыс жасау, талдау, салыстыру және қорытынды жасау дағдыларын дамытады. Бұл – оқушылардың зерттеушілік және сыни ойлау қабілеттерін қалыптастырудың тиімді жолы.

– Пәнаралық байланыс ұстанымын қолдану арқылы баспасөз маттериалдарын әдебиет, мәдениет, саясат тарихымен байланыстыра оқыту – білім алушылардың тарихи контексті кешенді түсінуіне жағдай жасайды. Мұндай тәсіл тарихи деректердің әлеуметтік және мәдени мәнін ашып көрсетеді.

– Баспасөз материалдарын оқытуда жобалық және интерактивті әдістерді (дебат, дерекпен жұмыс, рөлдік ойындар, талдау-кейс әдісі және т.б.) қолдану – білім беру процесін жандандырып, оқушылардың белсенді танымдық әрекетін арттырады.

– Тарих сабағында мерзімді баспасөз материалдарын жүйелі пайдалану – ұлттық тарихты жаңаша тануға тарихи сананы, елжандылық пен мәдени-рухани құндылықтарға құрмет сезімін тәрбиелеуге бағытталған инновациялық әдістемелік негіз болып табылады.

– Зерттеу нәтижесінде XX ғасыр басындағы баспасөз материалдарын қолданудың әдістемелік моделі жасалды. Ол деректік талдау, салыстырмалы талдау және тарихи реконстуркция әдістерін біріктіреді және орта мектеп пен жоғары оқу орындарының оқу процесіне бейімдеуге мүмкіндік береді.

– XX ғасыр басындағы ұлттық мерзімді баспасөз қазақ қоғамындағы білім беру мен ағарту мәселелерін көтеру негізгі қоғамдық мінбері болып, ұлттық сананы қалыптастыру мен қоғамды жаңғыртуда шешуші рөл атқарды. Баспасөз беттерінде жарияланған материалдар білім беру саласындағы өзекті мәселелерді айқындап қана қоймай оларды шешудің нақты бағыт-бағдарын ұсынды.

– Ұлттық мерзімді баспасөздегі білім беру мен ағарту мәселелері ұлттық интеллегенциның қоғамдық-ағартушылық қызметін тығыз байланыста дамыды. А.Байтұрпсынұлы, М.Дулатұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Жұмабаев және басқа да зиялылардың публицистикалық еңбектері білімді ұлттық жаңғырудың басты тетігі ретінде қарастыру мен ерекшеленеді.

– XX ғасыр басындағы ұлттық баспасөз материалдары білім беру тарихының маңызды дереккөзі болумен қатар, оларды Қазақстан тарихы пәнін оқытуда дидактикалық әлеуеті жоғары тарихи дерек ретінде пайдалануға болады. Бұл материалдар білім алушылардың тарихи ойлау, дерекпен жұмыс және сыни талдау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

– Ұлттық мерзімді баспасөздегі ағартушылық идеяларды жүйелеу барысында мектеп ашу, мұғалім даярлау, ана тілінде оқыту, оқулық жазу және білім мазмұнын жаңарту мәселелері негізгі тақырыптық бағыттар ретінде айқындалды. Аталған мәселелерді мазмұны қазіргі Қазақстандағы білім беру реформалары мен тарихи сабақтастықта қарастырылуы мүмкін.

– Ұлттық мерзімді баспсаөз материалдарын Қазақстан тарихы пәнінде оқытуда қолдану құзыреттілікке негізделген және дерекке бағытталған заманауи оқыту тәсілдерімен үйлесімді болып табылады. Бұл тәсілдер оқушылардың белсенді танымдық әрекетін арттырып, тарихи сананы қалыптастыруға ықпал етеді.

– Ұлттық мерзімді баспасөзді цифрлық форматта талдау (контент-анализ, дисскурс-анализ, мәтіндерді цифрлау) оларды оқыту үдерісіне енгізудің тиімділігін арттырады және тарихи деректерді заманауи білім беру технологияларымен ұштастыруға мүмкіндік береді.

– XX ғасыр басындағы ағартушылық идеяларды Қазақстан тарихы пәнінде оқыту тарихи тәжірибені қазіргі білім беру мазмұнымен байланеыстыруға жағдай жасап, ұлттық құндылықтарға негізделген білім беру моделін қалыптастыруға ықпалы етеді.

Зерттеу жұмысының хронологиялық шеңбері. Диссертация XX ғасырдың басынан 1920 жылдардың алғашқы кезеңіне дейінгі уақыт аралығын қамтиды. Бұл кезеңді таңдау келесі ғылыми негіздерге сүйенеді: 1905-1917 жылдар – Ресей империясындағы саяси реформалар мен ұлттық аймақтарындағы қоғамдық-саяси қозғалыстардың күшеюімен сипатталады. Осы жылдары қазақ тіліндегі алғашқы ұлттық мерзімді басылымдар пайда болып, оларды білім мен ағартушылық мәселелері жүйелі түрде көтеріле бастады («Айқап» журналы – 1911-1915; «Қазақ» газеті – 1913-1918). 1917-1920 жылдар – ұлттық мемлекеттілік идеясынан өріс алып «Алаш» қозғалысының қалыптасу кезеңі. Бұл тұста тек ағартушылық емес ұлттық бірлік пен тәуелсіздік идеясын таратушы құралға айналды («Серке», «Бірлік туы», «Қазақ газеті», «Дала»

(жылы белгісіз), «Қазақстан», «Ешім даласы» (1913), «Қазақ», «Айқап», «Алаш», «Сарыарқа», «Ұран» (1917), «Үш жүз» (1917), «Тіршілік» (1917), «Улфат», «Ақжол»). Сонымен қатар осы жылдары жаңа оқу бағдарламалары, ұлттық мектеп тұжырымдамасы оқу ағарту ісін ұйымдастыру жолдары баспасөз бетінде кеңінен талқыланды. XX ғасырдың 1920 жылдардың басы Кеңестік биліктің орнауымн бірге ұлттық баспасөздің идеологиялық бағыты өзгеріп ағартушылық мазмұн жаңа сипат ала бастады. Бұл кезең бұрынғы ұлттық идеялар мен жаңа социалистік білім жүйесінің түйісу уақыты ретінде қарастырылады. Хронологиялық шеңбердің ғылыми маңызына тоқталсақ, аталған кезең қазақ халқының ағартушылық қозғалысының қарқынды дамыған уақыты болды. Ұлттық баспасөз арқылы қоғамдық сана мен білім беру жүйесінің жаңғыруын көрсетті. Қазақтсан тарихы пәнінде тарихи-педагогикалық материалдарды оқытудың деректік және әдістемелік негізін қалыптастырды. Осылайша, зерттеудің хронологиялық шеңбері 1905-1920 жылдар аралығын қамтиды, бұл уақыт қазақтың ұлттық мерзімді баспасөзінің қалыптасу, даму және білім ағарту ісіне ықпал ету дәуірі ретінде сипатталады.

Зерттеу жұмысының сыннан өтуі. Диссертациялық жұмыс Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті «Тарих және құқық» факультеті «Академик Т.С. Садықов атындағы жаңа және қазіргі замандағы Қазақстан тарихы кафедрасының кеңейтілген мәжілісінде талқыланып, қорғауға ұсынылды.

Зерттеу жұмысының нәтижелері мен қорытындылары Ғылым және білім саласындағы Бақылау комитеті бекіткен ғылыми басылымдарда 7 мақала халықаралық конференцияда және республикалық басылымдарда 3 мақала жарияланды.

«XX ғасыр басындағы ұлттық мерзімді баспасөз беттеріндегі білім беру және ағарту мәселелері» тақырыбындағы оқу-әдістемелік сайт оқушыларға, студенттерге, мұғалімдерге және қазақ баспасөзі тарихына қызығатын оқырмандарға арналған.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Зерттеу жұмысы кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады.

1 XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗ БЕТТЕРІНДЕГІ БІЛІМ БЕРУ МЕН АҒАРТУ ІСІ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

1.1 Мектеп ісі мен балаларды оқуға тарту мәселелері

XX ғасырдың басында қазақ қоғамында білім беру мен ағарту ісіне қатысты мәселелер баспасөз беттерінде тұрақты әрі жүйелі түрде жарияланып, қоғам дамуының стратегиялық бағыты ретінде қарастырылды. Заманауи зерттеу тұрғысынан қарастырғанда, ұлттық мерзімді баспасөздегі білім беру мен ағарту мәселелері тек тарихи фактілер жиынтығы ретінде емес, қоғамдық модернизацияның интеллектуалдық платформасы ретінде сипатталады. Бұл кезеңдегі басылымдарда көтерілген идеялар қазіргі білім беру реформаларымен мазмұндық және құндылықтық тұрғыда сабақтас.

XX ғасырда Ұлттық мерзімді баспасөз («Айқап», «Қазақ», «Сарыарқа», «Бірлік туы» және т.б.) қазақ қоғамындағы білім беру мен ағарту ісінің өзекті мәселелерін көтеріп, оларды қоғамдық талқыға салды. Баспасөз беттерінде білім беру саласы кездейсоқ тақырып ретінде емес, ұлттың болашағын айқындайтын стратегиялық бағыт ретінде қарастырылды. Заманауи ғылыми тұрғыда бұл құбылыс мерзімді баспасөздің әлеуметтік институт ретіндегі қызметін көрсетеді.

Бірінші тенденция - білімді ұлттық жаңғырудың басты факторы ретінде ұғыну. Мерзімді баспасөз беттерінде білім беру ісі халықтың әлеуметтік артта қалуын жоюдың, ұлттық сананы оятудың және қоғамдық прогрестің негізгі шарты ретінде көрсетілді. Ағартушылық идеялар жеке адамның ғана емес, тұтас ұлттың дамуына бағытталды. Бұл үрдіс білімді стратегиялық ресурс ретінде бағалаумен ерекшеленеді.

Заманауи тұрғыда бұл тенденция адам капиталы, үздіксіз білім алу (lifelong learning) концепцияларымен сәйкес келеді. Ұлттық мерзімді баспасөзде білім беру мен ағарту ісі қазақ қоғамын әлеуметтік артта қалушылықтан шығарудың, ұлттық сананы қалыптастырудың басты құралы ретінде түсіндірілді. Газет-журнал беттерінде білімсіздіктің қоғам дамуына кедергі келтіретіні жиі сыналып, білімді ұлт қана заман талабына жауап бере алатыны баса айтылды.

Бұл тенденция білімді жеке адамның жетістігі ретінде емес, ұлттық даму ресурсы ретінде бағалаумен ерекшеленеді. Баспасөз авторлары ағарту ісін экономикалық, мәдени және саяси прогрестің алғышарты деп таныды. Заманауи зерттеудерде бұл көзқарас адам капиталы теориясымен және білімге негізделген қоғам ұғымымен үндеседі.

Екінші тенденция - ана тілінде білім беру және ұлттық мазмұндағы оқыту. Ұлттық баспасөзде ана тілінде оқыту, қазақша оқулықтар жазу, оқу бағдарламаларын ұлттық ерекшелікке сай бейімдеу мәселелері тұрақты көтерілді. Бұл үрдіс ағарту ісінің ұлттық негізде дамуын көздеді және тіл арқылы мәдени бірегейлікті сақтауға бағытталды. Қазіргі кезеңде бұл идеялар тіл саясаты, ұлттық білім беру моделі аясында өзектілігін сақтап отыр. XX ғасыр басында мерзімді баспасөз беттерінде ана тілінде оқыту мәселесі ерекше орын алды. Қазақ тіліндегі мектептер ашу, оқулықтар жазу, оқу бағдарламаларын ұлттық ерекшелікке сай құрастыру ағартушылық қозғалыстың басты

бағыттарының біріне айналды. Бұл тенденция ұлттық бірегейлікті сақтауға және мәдени тұтастықты нығайтуға бағытталды. Баспасөз беттерінде ана тілінен айырылған халықтың рухани әлсірейтіні туралы пікірлер жиі кездеседі. Заманауи ғылыми көзқарас тұрғысынан бұл үрдіс тіл арқылы мәдени кодты сақтау және ұлттық білім беру моделін қалыптастыру мәселелерімен тікелей байланысты.

Үшінші тенденция - мұғалім тұлғасының қоғамдық маңызын арттыру. Газет-журнал беттерінде мұғалімнің кәсіби даярлығы, моральдық жауапкершілігі мен әлеуметтік жағдайы кеңінен талқыланды. Бұл тенденция білім сапасын арттырудың шешуші факторы ретінде педагог мәртебесін көтеруге бағытталды. Заманауи білім беру жүйесіндегі педагог кәсібилігі мен мәртебесін арттыру мәселелерімен бұл үрдіс тікелей сабақтас. Ұлттық мерзімді баспасөзде мұғалім тұлғасына ерекше мән берілді. Газет-журнал беттерінде мұғалімдердің кәсіби даярлығы, моральдық жауапкершілігі, қоғамдағы орны мен әлеуметтік жағдайы кеңінен талқыланды. Бұл тенденция білім беру сапасының мұғалімнің кәсіби деңгейіне тікелей тәуелді екенін көрсетеді. Заманауи тұрғыдан алғанда, бұл идеялар бүгінгі педагог мәртебесін арттыру, мұғалімнің кәсіби дамуы мәселелерімен сабақтас.

Төртінші тенденция - дәстүрлі және жаңа білім беру үлгілерін ұштастыру. Бұл үрдіс білім беру жүйесін жаңғыртуға бағытталған реформаторлық көзқарасты көрсетеді. Қазіргі кезеңде бұл тенденция ұлттық және халықаралық білім стандарттарын үйлестіру идеяларымен үндес. Бұл кезеңде білім беру саласында толықтай ескі жүйеден бас тарту емес, оны заман талабына бейімдеу идеясы басым болды. Бұл үрдіс білім беру саласындағы реформаторлық көзқарасты айқын көрсетеді. Заманауи зерттеулерде мұндай ұстаным білім беру. модернизациясының эволюциялық моделі ретінде бағаланады.

Бесінші тенденция - қоғамдық пікір арқылы білім реформасын ілгерілету. Ұлттық баспасөз білім беру саласындағы проблемаларды ашық талқылап қана қоймай, оларды шешудің нақты жолдарын ұсынды. Осылайша баспасөз білім реформасының бастамашысы әрі қоғамдық бақылау алаңы ретінде қызмет атқарады.

Заманауи тұрғыдан бұл үрдіс азаматтық қоғам мен білім саясатының өзара байланысын көрсетеді. Ұлттық мерзімді баспасөз білім беру мәселелерін жариялау арқылы қоғамдық пікір қалыптастырды. Баспасөз тек ақпарат жеткізуші емес, білім беру саласындағы реформаларды ұсынушы, талқылаушы және насихаттаушы платформаға айналды.

Бұл тенденция баспасөздің азаматтық қоғам қалыптастырудағы рөлін көрсетеді. Заманауи көзқарас тұрғысынан бұл құбылыс қоғамдық дискурс арқылы саясатқа ықпал ету тетігі ретінде түсндіріледі.

Алтыншы тенденция - ағартушылық идеялардың жүйеленуі және тұрақты сипат алуы.

Қазіргі ғылыми зеттеулерде бұл құбылыс білім беру дисскурсының қалыптасуы ретінде бағаланады. Бұл ағартушы идеялардың жүйеленіп бір тұтас қозғалыс сипатына ие болғанын көрсетеді. Заманауи ғылыми тұрғыдан бұл үрдіс білім беру дискурсының институционалдануы ретінде бағаланады.

Ел тарихының жазба деректер қорына жататын мерзімді басылымдары, әсіресе, ХХ ғасыр басында дүниеге келіп, бірі қысқа, бірі ұзақ өмір кешкен бейресми, ұлттық бағыттағы демократиялық басылымдардың ұлт тарихына байланысты айтары, берері, жеткізер деректері мен мәліметтері көп. 1964 жылы «XIX ғ.аяғы - XX ғасырдағы Қазақтың революцияға дейінгі мерзімді баспасөз және көркем әдебиеті» деген тақырып бойынша кандидаттық диссертациясын қорғаған Ү.Субханбердина «Революциядан бұрын қазақ тілінде уақытша шығарылған 14 газеті, бір журналы болған. Олар: «Түркістан уалаятының газеті» - 1870-1882 жылдары, «Дала уалаятының газеті» - 1888-1902 жылдары, «Серке» - 1907 жылы, «Қазақ газеті» - 1907 жылы, «Дала», «Қазақстан» - 1911-1913 жылдары, «Ешім даласы» - 1913 жылы, «Қазақ» - 1913-1918 жылдары, «Айқап» - 1911-1915 жылдары, «Алаш» - 1916-1917 жылдары, «Бірілік туы» - 1917 жылы, «Сарыарқа» - 1917 жылы, «Ұран» - 1917 жылы, «Үш жүз» - 1917 жылы, «Тіршілік» - 1917 жылы шықты» [90]. Қазақ баспасөзі тарихында орны ерекше, белгілі мақсатпен шыққан, ресми газеттер осы жоғарыда айтылғандардың алғашқы екеуі болса, қалғандары ХХ ғасырдың басында ұлт зиялыларының озық ойлары мен саналы іс әрекеттерінің нәтижесінде шыққан саяси басылымдар еді. Тарихы мен тағдыры, бағыты мен бағдары бөлек бір топ басылымның ғасыр басындағы өмір шындығымен бетпе-бет келіп опат болғандары да «Серке» мен «Қазақ» болды. Өркениетті елдердің шежіресінде, олардың ұлттық мүддесіне сай басылымдардың жарық көруі - аса маңызды тарихи оқиғалардың қатарына жатады. Сондықтан да, біздің ұлт тарихы үшін қазақ тілінде алғаш шыққан, бейресми түрде ұлттық сипаттағы мерзімді баспасөздің қай жылы, қай күні шыққаны - ерекше мәнге ие мәселе. Сол себепті, осы екі басылымның пайда болуын жалпыұлттық деңгейдегі елеулі оқиға ретінде қарап, олардың тарихтағы орнын жан-жақты зерделеу қажет.

Қазақ тіліндегі алғашқы басылымдардың дүниеге келу себептерін сараласақ, алдымен француз зерттеушісі А.Беннигсен мен Лемерсье-Кельжекейдің еңбектеріне сүйенуге болады. Олар өз еңбектерінде: «XIX ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында патшалық Ресейдегі саяси наразылықтардың күшеюі бүкіл империя халықтарын қамтыды. Қазақтың оқыған азаматтары да бұл қозғалыстан шет қалмай, отарлық езгіге қарсылық білдіру жолында, ұлт мүддесін қорғау үшін, баспасөзді басты құрал ретінде қарастырып, өзге түркі халықтарының бейресми газет-журналдарынан үлгі алып, осындай істі қолға ала бастады», - деп жазады [91].

Қазақ халқы үшін қолға алынған пайдалы істердің бірі - газет шығару еді. Дегенмен, қазақ зиялыларының өз тілінде баспасөз шығаруға бағытталған алғашқы әрекеттері нәтижесіз аяқталды. Мысалы, 1906 жылдың 29 мамырында Торғай обылысынан екінші мемлекеттік Думаға депутат сайлау кезінде Ақтөбе қаласында өткен жиында, қазақ газетін шығару үшін 3000 сом қаражат жиналып, оны іске асыру Троицк қаласының тұрғыны Смағұл Иманшаловқа сеніп тапсырылды. Алай да ол өзіне жүктелген міндетті орындамай, неше түрлі сылтау айтып, жиналған ақшаны өз қажетіне жаратқан. Бұл жағдайды Ж.Сейдалин Троицк қаласындағы «Степь» газетінің редакторына жазған хатында толық сипаттайды. Ол С.Иманшаловтың әрекеті арқылы қазақ халқына келтірілген

зиянды айыптап, былай деп жазады: «Желая нажить 3000 руб., Яманчалов своей проделкой отпугнул киргизский народ от газеты и печатанного слова, какой нравственный ушерб нанес он тем, кто говорил и говорит киргизам о необхадимости газеты?

Я вас убедительно прошу, г. редактор, не дайте возможности мироедам совершить гнусную эксплуатацию народа на газете. Газета должна быть открыта теперь - иначе киргизы потеряют веру всякому честному слову. Ж.Ш. Сейдалин. Москва 6 июня» [92].

С.Зиманов пен К.Ыдрысовтар қазақ тілінде алғашқы бейресми газет шығару кезінде осындай жағдайлардың жиі болғандығы жайлы ақпаратты растайды. Мысалы олар М.Сералинге арналған зерттеу жұмыстарында: «Против бая С.Иманшалова М.Сералин писал памфлеты и стихи об его бессердечий и произволе по отнашению к беднякам, высмеивал его притязания на образованность. Эти материалы в рукописях распространялись по аулам. Позже получил огласку случай утаивания для издания национальной газеты», деп жазды [93].

Енді алғашқы бейресми газет шығару жайына келсек, бұл тек 1907 жылы ғана мүмкін болды. Осы жылдың көктем мезгілінде «Қазақ тазеті» мен «Серке» газеттері жарық көрді. Бұл газеттер халық жадында қалуы тиіс, себебі бұл газеттердің тарихқа берер дерегі мол болмаса да, алғашқы ұлттық бейресми басылым ретінде және соңынан ерген ұлттық басылымдарға сабақ болғанымен есте қалуы тиіс. Тұңғыш қазақ тілінде шыққан газет Ташкентте басылып шаққан «Түркістан уалаяты» (1870 ж 10 мамыр) болса, алғашқы шыққан «бейресми» тазеттің қашан шыққаны әлі күнге дейін белгісіз. Бұл туралы көптеген ғалымдар өз пікірін қалдырған болатын. Мысалы Халижан Бекхожин 1906 жылдың ақпанында «Қазақ газеті» шықты десе, Қырықбай Аллаберген, Жарылқасын Нұсқабаев, Файзолла Оразаевтар «Қазақ газеті» 1907 жылдың наурызында шықты дейді. Осы ақпараттарды негізге ала отырып, А.Беннигсен мен Лемерсье-Кельжекей: «1907 жылы қазақ баспасөзі дүниеге келді. Егер Әбдірашит Ибрагимовтың Санкт-Петербургте шыққан «Серкесін» есептемесек, онда 1907 жылдың наурызында Троицкіде Андреев пен Ишмұхамед Иманбаев шығарған «Қазақ газеті» жалпықазақ баспасөзінің қарлығашы деуге негіз бар», - дейді [91].

Журналист Т.Боранғалиұлы өзінің «Ел атауына ақ жол тілеген» (1997 ж. 19 қараша) мақаласында: «Серке» мен «Қазақ газеттері» тек бір-бір нөмірден шыққанын ескерсек, 1911 жылдың қарлығаштары «Қазақстан» мен «Айқап» журналдары қазақ баспасөзінің тұңғышы деуге хақылымыз», - деп алғашқы екеуін мүлде газет қатарынан алып тастайды. Бұл пікірге айтарымыз, біріншіден, олардың белгілі бір мерзімде шығып отырмағанымен, бұл екеуінің де көп тиражбен басылып шығып, халыққа таралды. Сондықтан оларды газет деп санамау немесе газет санатынан шығаруға болмайды. Демек қазақтың тұңғыш ұлттық бейресми газеттерінің бірі осы екеуінің біреуі. Екіншіден, газет қатарына кіру немесе кірмеуі оның көлемімен емес халыққа тигізген пайдасымен, тигізген еңбегімен, ал уақыт контексінде қарасақ, қазақтың тәуелсіздігі үшін күресімен, елім, «қазағым» деп өртке ұшқан осы екі газеттің батылдығымен есептеледі. Сондықтан бұл екі газеттің тарихы мен тағдырын зерттеу, оларға басқаша

көзқарас пен пікір қалыптастырары анық. Осы орайда зерттеуші Зарқын Тайшыбайдың «Түркістан уалаятының газеті» мен «Дала уалаяты» газеті жайлы айта келе: «Кейінгі «Серке» 1907, «Қазақ газеті» 1911, «Қазақстан» 1911-1913, «Айқап» журналы 1911-1915 жж - бәрі осы «Дала уалаятының» үлгісімен шыққан...»; - дейді [94]. «Серке» газетін «Қазақ газетінен» 1911 яғни төрт жыл кейін шықты, «Дала уалаятының» үлгісімен шыққан деп сенімді пікір қалдыруына келіспейміз. Себебі, біріншіден, «Серкенің» де, «Қазақ газетінің» де 1907 жылы шыққаны бәрімізге мәлім. Екіншіден, жоғарыда айтылған газеттердің «Дала уалаятынан» пайда болу уақыты, шыққан мақсаты жағынан тіпті бағыт бағдары жағынан да бөлек болды. Егер, бұл газеттер дәл осы «Дала уалаятының» үлгісінде шықса немесе ізін басқан баспалар болса, онда «Қазақ газеті» мен «Серке» бірінші нөмірінен-ақ жабылып қалмас еді. Бұл ақпаратты Міржақып Дулатұлының мына пікіріне сүйене отырып сеніммен айта аламыз: «Кешегі өзгеріске дейін тергеу, тексеру, тінту, абақты, штрафтан .. көзі ашылған жоқ» [95]. Айта кететін жайт, Міржақып Дулатұлы «Серкені» қазақтың алған ұлттық бейресми газеті дейді. Әр жұрттың, әр мемлекеттің мәдениет майданында ілгері-кейінгінің қатесіз бір өлшеуші - баспасөз болады. Қай жұрттың баспасөзі күшті болса, сол жұрттың өзі де күшті, өзі де өнерлі екендігі көрінеді, яки қай жұрт өнерлі болса, оның шексіз баспасөзі күшті болатындығы айдай анық, бұған еш нәрсе білмейтін надандар, соқырлар болмаса, көзі ашық, көңілді тетіктер көптен иман келтірген, - деп пікір қалдырған еді. Бұл мақаласымен ол халық үшін, ұлт үшін баспазөдің мағыздылығын түсіндіруде. Сонымен қатар ол қазақ, қырғызы бар Қазақстан мен Түркістанда шыққан және шығып тоқтаған газет журналдарды тізіп жазған болатын. Олар: 1. «Дала уалаяты», 2. «Серке», 3. «Айқап», 4. «Қазақстан», 5. «Қазақ» және т.б. [96]. Осы мақаланы негізге алсақ, онда біз Серкенің бірінші шыққанын аңғара аламыз. Енді осы газеттердің шыққан кезіндегі тарихқа үңілсек 1906 жылда үндеу жарияланды. Ол Семейдің социал-демократиялық ұйымының еңбекшілерге арналған үндеу еді. Патша билігі ұлт аймақтарындағы наразылықты күшейтеді деген желеумен «Қазақ» газетінің алғашқы санынан бастап-ақ қырағылық танытқаны аңғарылады. «Серке» газеті» - 1905-1907 жылдар аралығындағы Ресейдегі алғашқы Революциялық кезеңде жарық көрген баспасөз құралдарының бірі болып табылады. Бұл басылым туралы Б.Кенжебаев өзінің «Қазақ баспасөзінің тарихынан» атты еңбегінде бірқатар мәліметтер ұсынған.

1907 жылы Петербургте Шаймерден Қосшығұлов жетекшілігімен, Хажы Ибрагимов редакторлығымен қазақ оқырмандарына арналған «Серке» газеті «Улфат» газетінің қосымшасы ретінде жарық көрді. Газет әр екі аптада бір ретшығу тиіс болғанымен, 3-4 санынан кейін жабылады. Жазылу құны толық жылға – 2 сом, жарты жылға – 1 сом 25 тиын, жеке нөмірі – 10 тиын еді. Газеттің аты «қойды бастайтын жетекші» деген мағынаны білдірген. Шаймерден мен Науан хазірет белсенділігі үшін тұтқындалып, түрмеге жабылды; ресми рұқсатсыз Көкшетау мешітінен 164 кітап пен күмәнді қолжазбалар табылды. 1903 жылы Шаймерден бес жылға, Науанды үш жылға Батыс Сібірге жер аударды, кейін Якутияға айдады. Әлихан Бөкейхан мен М.Сералин белсенділік танытып, 1905 жылы оларды босатты. Шаймерден елге оралған соң мектеп

ашып, орыс мұғалімін жалдап, балалардың оқу шығындарын өзі өтеді. 1906-1907 жылдары депутаттық қызметіне ұсынылса да, тіл білмеу сылтауымен тіркелмеді.

Осы кезде жеке қаражатымен Петербургте татар тіліндегі «Улфат» газетінің қосымшасы ретінде «Серке» басылымын шығарды. Қазіргі зерттеулер бойынша газеттің жабылуына Міржақып Дулатовтың «Жастарға» өлеңі мен «Біздің мақсатымыз» мақаласының жариялануы себеп болған [97].

ХХ ғасыр басындағы Қазақстандағы оқу-ағарту тарихын зерттеуде «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетіндегі материалдарды талдау кезінде Ү.Субханбердинаның еңбектері ерекше маңызды болды. Біз оның журналды және газеттің библиографиялық көрсеткішін зерттеуін кеңінен қолдандық «Айқап» журналын ұйымдастырушы және редакторы демократ–жазушы Мұқаметжан Сералин (1872-1929) болды. М.Сералин журналдың төңірегіне өзімен ниеттес көрнекті ақын жазушыларды, қоғамдық қайраткерлерді топтастырды. Журналдың секретары 1911-12 жылдары Әкірам Ғалимов, 1913-14 жылдары Сұлтанмахмұт Торайғыров болды. Әр уақытта тілші, автор болып Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Сәбит Дөнентаев, Спандияр Көбеев және осылар сияқты ақын-жазушылар қатысты 1981.

«Айқап» журналы осылай аталуының себебі мен алдағы мақсаты туралы 1911 жылғы 11-санында бастырушылар алқасының атынан былайша түсінік береді: «Айқап» деген сөз қазақтың төл сөзі, ол ғасырлар бойы мәдениеттен, білімнен, кенже қалған бүкіл қазақ халқының өкініші ретінде алынды. «Ай, қап!» деп санымызды соқтық, енді ел қатарына қосылайық деген үнді білдіреді.

Журнал оқу, жас буындарды тәрбиелеу және мәдени-ағарту ісіне шын мәнісінде прогрестік және демократиялық тұрғыдан көңіл бөлді. Бұл іске Сералин өзі сияқты мұғалім, жазушыларды публицистерді тартты. «Айқап» отырықшы болуды мәдениет мәселелерімен байланыстыра үгіттеді. М.Сералин орыс халқының ғылымын, өнерін, тілін үйрену керек дей келіп, бұларды білу үшін школа мектеп ашу қажет. Бұл 4-5 үйдің қолынан келетін іс емес, кедейлердің баласын алыс жерге жіберіп оқытуға қалі келмейді. Сондықтан « бір жерге қала болып жиналудан басқа ем жоқ». Ал «50-60 үй бір жерде, жиналып отырса, оларға орталарынан молда (мұғалім) ұстап бала оқыту оңай. Сонда өкімет тарапынан орыс-қазақ школын аштыруды талап етуге болатынын» айтты [99]. М.Сералин ХХ ғасырдағы қазақ ағартушыларының дәстүрін жалғастыра отырып, мектеп ашу, бала оқыту жөнінде нақтылы ұсыныстар жасады. «Біздің ілгері келешек күнімізде, бұл дүниеде күн көріп, жұрт қатарлы тұруымыз да жалғыз ақ нәрсеге тірелген. Ол – оқу. Мұнан былайғы заманда оқып, өнер білмесек өнерлі халыққа жалшы болудан басқа бізге ешбір де орын қалмайды. Біз жұртшылық болып оқушы талапкерлерге жәрдем бермесек, оқығандарымыз көбейе алмайды» деп жазды ол. «Қазақ» газеті А.Байтұрсыновтың редакторлығымен, М.Оразаевтың шығаруымен 1913 жылы 2 ақпанда Орынбор қаласында «Кәрімов, Хұсайынов баспаханасында» басылды [100]. «Қазақ» газеті Каспий теңізі мен Қытайға дейінгі аумақта орналасқан қазақтар арасында кең түрде тараған басылым болды. Газетті бастапқы кезде 3000-нан астам адамдар жаздырып алса, кейінірек оның оқырмандары көбейіп, тиражы 8000-ға дейін жетті. Мұның сол кез үшін үлкен жетістік болғаны даусыз. Ол мектеп мәселесіне

айрықша көңіл бөлді. Жас ұрпақты өнер мен білімге шақырумен болды. Ұлттық мектеп ашу, жастарды тәрбиелеу, мәдениетті өркендету мәселелері газетте үзбей жазылып тұрды, әсіресе ғылым әспеттелді. Қазақ халқын өркениетті елдер қатарына қосатын проблемалар көтеріліп тұрды. Сондай-ақ, халықтың тұрмыс жағдайы, әйел теңдігі сөз болып, қазақ қыздарын өздерінің жарқын болашағы үшін күреске шақырып отырды. Өзінің мақсаты мен көздеген мүддесін алғашқы санында жарияланған «Құрметті оқушылар!» атты арнау мақалада «Әуелгі газета -халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға сөз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек. Газет жоқ жұрт басқа газеті бар жұрттардың қасында құлағы жоқ керең, тілі жоқ мылқау, көзі жоқ соқыр сықылды» деп жазылуы басылымның негізін айқын аңғартатын. Сол кездерде газет шығару мәселесінде Еуропа көш ілгері кеткен болатын. Онда газет - ғұмыр айнасы, газетке ерекше мән беріліп, ол ұлы патшалықтың бірі деп саналатын. Осыларды жаза отырып, Ә.Бөкейханов «Ашық хат» атты мақаласында қазақ қоғамындағы газеттің орны, оны шығарудың қиыншылықтары мен проблемаларын арнайы сөз етеді. Ол: «Газетаны күйлеп, жаратып бәйгеге қосуға өз алдына шебер, білгіш, жүйрік керек... Газетаға басшы болу кім болса, соның қолынан келмейді. Газета ісі үй алғаш болса, басқарма мұның тезі болады... Тілші, хабаршы - газетаның отыны», - дейді [101].

Алаш басшыларының басылымға қойған осы биік талаптарын бүгінгі тәуелсіздікпен келген ақпарат тасқынында ескере түссек, артық болмас еді. «Қазақ» газетінің нені көздегенін былай деп көрсеткен еді: «Қазақ» алғашқы сандарының бірінде өзінің ұстанған жолын айқындап, оқырмандарына мақсат-мүддесін нақтылап түсіндірді: «Бұл газетаның мақсаты - жұрт пайдасына көз болу, қазақ арасына өнер, ғылым жайылуына басшылық ету, басқа жұрттың халінен хабар беріп таныстыру. Сол мақсаттарды орнына келтіру үшін зәкүншіндерді, хакімдерді бұйрық-жарлықтарын білдіріп тұру, Государственная Дума һәм Государственный совет жұмыстары турасында жете хабар беріп түру, ішкі һәм сыртқы хабарды жазып тұру, қазақтың бұрынғы және бүгінгі жайын кеңесу, оқу, оқыту, мектеп-медресе, школа, ғылым, өнер, тіл-әдебиет турасында жөн көрсету, адам һәм мал дәргерлігі жайынан жазу» [102].

С.Сәдуақасов 1919 ж. Омбыда орыс тілінде шығатын «Трудовая Сибирь» журналының №1 санында жарияланған «Киргизская литература» атты мақаласында шығарылып тұрған мерзімді баспасөздің жетеуінің атын атаса, оның соңғы үшеуін жастардың шығаратынын атап көрсетеді. Міржақып Дулатұлының «Жастарға» атты өлеңі қазақ халқының сол кездегі рухани тоқырау мен қараңғылықта өмір сүріп жатқанын сипаттаудан басталады. Ақын бұл күйді «қараңғылық» пен «ұйқы» ұғымдары арқылы көркем әрі әсерлі түрде бейнелейді. Міржақып ұзақ жылдар бойына «Қазақ» газетінің бас редакторының орынбасары, жауапты хатшысы бола жүріп педагогика ғылымына зор үлес қосты. Бұл жылдары оның қаламынан «Шәкірттер жайынан», «Ақтөбе гимназиясы хақында», «Мектеп медреселер мәселесі», «Өнер мектебі», «Торғайда мұсылманша оқу» сияқты халықты өнер білімге жетелейтін тамаша мақалалары жарық көрді. «Қазақ» (Орынбор), «Сарыарқа» (Семей), «Бірлік туы» (Ташкент), «Ұран» (Бөкей Ордасы) газеттеріне қысқаша сипаттама бере келіп,

жастарға ықпалы жағынан «Қазақ» газетін бірінші орынға қояды. «Қазақ» ең алғашқы санынан бастап ақ мектеп мәселесін көтере білді. Мақала, хабарлардың көпшілігі қазақ жастарының оқуы, мәдени ағартушылық істері жайын көтерді. «Қазақ» газетін ғылыми тұрғыда зерттеген ғалым Ө.Әбдіманов оның мәнісін былай деп түсіндірген еді: «Өйткені бұл газеттің басты мақсаттарының бірі еді. Батысшылдық бағытты ұстанған қазақ зиялылары, туған халқының өзгедей өркениетті елдер секілді ғылым-білім жолына шығуын көкседі. Газеттің әсіресе, ерекше назар аударғаны оқу-ағарту ісі болды [103].

XX ғасырдың басындағы Қазақ өлкесіндегі қалыптасқан саяси ахуал, қазақ ауылы мен қазақ халқының өмірі, тұрмыс-тіршілігін зерделеуде сол жылдары шығып тұрған қазақ мерзімді басылымдарының орны бөлек. Соның бірі – «Бірлік туы» газеті. Газет 1917 жылдың 24 маусымы мен 1918 жылдың сәуір айының ортасы аралығында Ташкент қаласында жарық көріп тұрды.

«Бірлік туы» өзінің қысқа ғұмырына қарамастан халықтың тұрмысы, ақпан және қазан төңкерістерінен кейінгі қазақ халқының үміті мен арман мұраты, басына түскен қиыншылықтар мен ауыртпалықтар туралы ақпараттарды жариялай отырып, халықтың саяси ой-өрісін кеңейтіп қалыптастыруға септігін тигізген басылымның бірі екендігі даусыз.

Мектеп ісі мәселелеріне арқау болып отырған «Бірлік туы» газеті туралы арнайы зерттеу еңбектері (жинақ, монография) болмағанымен газеттің жекелеген нөмірлерінің жарияланымдары негізінде бірнеше мақала жарық көріп үлгерген. «Айқаптағы» ағартушылық идеялардың басты ерекшелігі – әлеуметтік-реформаторлық сипатында. Журнал авторлары білімсіздікті қазақ қоғамының артта қалуының басты себебі ретінде көрсетті. Сонымен қатар, дәстүрлі діни білім мен зайырлы оқытуды ұштастыру идеясы айқын байқалады.

Заманауи тұрғыда «Айқап» журналы: білім беру дискурсының қалыптасу кезеңін; ағартушылық ойдың эволюциялық сипатын; қоғамдық модернизацияның алғашқы интеллектуалдық негіздерін көрсетеді. «Қазақ» газеті (1913-1918, Орынбор) – ұлттық білім беру саясатының мінбері. «Қазақ» газеті XX ғасыр басындағы білім беру мен ағарту ісінің ең жоғары деңгейде жүйеленген үлгісін көрсетті. Газет беттерінде А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев сынды ұлт зиялыларының білім туралы мақалалары жарияланды.

Газеттегі негізгі тенденциялар: ана тілінде білім беру; ұлттық оқулықтар жазу; мұғалім даярлау мәселесі; білім беру ісін мемлекеттік деңгейде ұйымдастыру қажеттігі. «Қазақ» газеті білімді ұлттық тәуелсіздік пен саяси сана қалыптастырудың басты құралы ретінде көрсетті. Заманауи зерттеулерде бұл басылым Ұлттық білім беру идеологиясының қалыптасу орталығы ретінде бағаланады. «Қазақстан» газеті (1911-1913, Орал) - өңірлік ағартушылық тәжірибелік газет; «Қазақстан» газеті Батыс Қазақстан өңіріндегі әлеуметтік және білім беру мәселелерін көтерді.

Газет беттерінде ауыл мектептерінің жағдайы, оқу ісінің материалдық-техникалық базасы, мұғалім тапшылығы мәселелері нақты мысалдар арқылы сипатталды. Бұл басылымның ерекшелігі – практикалық бағыттылығы. Білім беру мәселелері абстрактілі емес, күнделікті өмірмен байланысты түрде берілді.

Заманауи тұрғыдан «Қазақстан» газеті: өңірлік білім беру проблемаларын; орталық пен аймақ арасындағы айырмашылықтарды; білім беру инфрақұрылымының тарихи қалыптасуын зерттеуге мүмкіндік береді.

«Сарыарқа» газеті (1917-1918, Семей) Алаш қозғалысы кезеңінде жарық көріп, білім беру мәселелерін ұлттық мемлекеттік құрылыс контексінде қарастырды. Газет беттерінде болашақ ұлттық мектептің мазмұны, білім беру жүйесін басқару, оқу-ағарту ісінің мемлекеттік сипат алуы мәселелері көтерілді. Бұл кезеңдегі ағартушылық идеялар: білім мен тәуелсіздік арасындағы тікелей байланысты; ұлттық мектеп моделін қалыптастыруды; білім беру арқылы азаматтық сана тәрбиелеуді көздеді. Заманауи көзқарас тұрғысынан «Сарыарқа» газеті білім беру саясатының алғашқы тұжырымдамалық үлгілерін көрсетеді. «Бірлік туы», «Алаш» және өзге басылымдар – идеялардың жалғастығы «Бірлік. туы», «Алаш» секілді басылымдарда ағартушылық идеялар саяси мазмұнмен ұштасып, білім беру ұлттық бірлікті нығайтудың құралы ретінде көрсетілді. Қай кезеңде болмасын қоғамдық санаға барынша ықпал ете отырып, адамзатты белгілі бір ортақ ұлттық мүдде жолында қызмет етуге үндейтін құрал – ақпараттық басылымдар, баспасөз болып табылады. Өйткені, баспасөздің маңызы мен қоғам дамуындағы атқаратын рөлі оның санымен емес, ұлттық мүддеге, ұлттық құндылықтарымызды насихаттауға бағытталған қызыметімен өлшенетіндігінде.

XX ғасырдың басы – қазақ қоғамында ұлттық сананың оянып, білім мен ағарту ісіне деген қызығушылық ерекше артқан кезең. 1900-1918 жылдары қазақ тілінде бірнеше маңызды басылымдар шықты: «Қазақ» (1913-1918, Орынбор), «Айқап» (1911-1915, Троицк), «Сарыарқа» (1917-1918, Семей), «Қазақстан» (1911-1913, Орал), сондай-ақ «Бірлік туы» мен «Алаш». Бұл басылымдарда мектеп ашу, балаларды білімге тарту, мұғалім даярлау және оқу құралдарын жетілдіру мәселелері басты назарда болды. Мысалы: «Айқап» журналының 1913 жылғы №97 санында М.Дулатовтың «Мектеп һәм медресе» атты мақаласында автор былай дейді: «Халықтың келешегі мектепке байланысты. Мектебі жоқ жұрттың келешегі жоқ. Біздің жұрттың надандығы – мектеп ісінің жоқтығынан». М.Дулатов бұл мақаласында қазақ халқының артта қалуының себебін ағартусыздықта деп көрсетеді. Ол мектептер ашудың, балаларды оқуға тартудың тек мәдени емес, саяси маңызы бар екенін айтады. «Айқап» беттерінде жиі көтерілген «жаңа әдіспен оқу» (жәдидтік) мәселесі де осы тұста өзекті болды.

«Қазақ» газеті және ұлттық мектеп идеясына мысал келтірсек: «Қазақ» тазетінің 1914 жылғы №33 санында А.Байтұрсынұлының «Оқу жайы» атты мақаласы жарияланып, онда былай делінген: «Бала оқыту - оңай іс емес. Мектептің жаны – мұғалім. Жақсы мұғалім болмаса, мектеп те жақсы болмайды». Байтұрсынұлы білім беру сапасын арттыру үшін мұғалімдердің кәсіби даярлығына баса назар аударды. Ол балаларды оқуға тартуда ең басты фактор – оқу тілінің түсініктілігі мен оқу бағдарламасының ұлттық болмыспен байланысы екенін атап өтті [104]. Бұл көзқарас сол кезеңдегі ұлттық мектеп идеясының іргетасын қалады.

«Сарыарқа» газетіндегі ағартушылық бағытқа келсек 1917 жылы жарық көрген «Сарыарқа» газетінің №15 санында жарияланған «Мектеп мәселесі» атты

мақалада былай делінген: «Жаңа заман орнап келеді, қазақ баласы қараңғылықта қалмасын. Әр болыста мектеп ашу – ең бірінші міндет». Бұл мақаладағы үндеу – Алаш қозғалысының ағартушылық бағдарын айқын көрсетеді. 1917 жылғы саяси өзгерістер кезінде ұлт зиялылары білім беру ісін ұлттық жаңғырудың негізі деп білді. «Сарыарқа» басылымы мектеп ашу, оқу құралдарын шығару және балаларды оқуға тарту ісін қоғамның ортақ борышы ретінде көтерді [105].

XX ғасырдың басында қазақ даласында әлі де болса көшпелі өмір салты басым болғандықтан, балаларды мектепке тарту ісінде көптеген қиындықтар туындады. Басылымдарда ата-аналардың балаларын мектепке жібермеу себептері талқыланып, шешу жолдары ұсынылды. «Айқап» журналының 1912 жылғы №3 санындағы «Бала оқыту жайынан» мақаласында: «Қазақ баласы оқуға жарайды, бірақ ата-анасы оны малға қарап қояды. Білімсіз елдің бағы ашылмайды». Мұнда басты проблема – әлеуметтік-экономикалық жағдай мен дәстүрлі сана. Журнал авторлары балаларды оқуға тарту үшін мемлекет тарапынан қолдау қажет екенін, мектептерге жағдай жасау керектігін жазды. XX ғасырдың басындағы мерзімді баспасөз беттеріндегі материалдардан көрінетін басты идея – қазақ халқын қараңғылықтан білім арқылы шығару. «Айқап» – ағартушылық пен жаңашылдықтың мінбері болса, «Қазақ» – ұлттық мектеп пен мұғалім мәселесін көтерген саяси-ағартушылық бағыттағы басылым, «Сарыарқа» – ұлттық рух пен азаттық идеясына негізделген білім беру тұғырын қалыптастырды. Бұл материалдар қазіргі таңда да педагогикалық ойдың, білім беру идеологиясының тарихи негізін тануға зор мүмкіндік береді.

XX ғасырдың басындағы ұлттық мерзімді баспасөз – қазақ қоғамының рухани өміріндегі аса маңызды құбылыс. Бұл кезеңде баспасөз тек қоғамдық пікірдің айнасы емес, сонымен қатар ұлттық ағартушылық қозғалыстың теориялық және практикалық орталығына айналды. 1900-1920 жылдары жарық көрген «Айқап» журналы, «Қазақ», «Бірлік туы», «Сана», «Алаш» газеттері оқу-ағарту, мектеп ісі және балаларды оқуға тарту мәселелерін жиі көтеріп отырды. Отарлық саясат жағдайында қазақ қоғамында сауатсыздық деңгейі өте жоғары болды. Бұл жағдай ұлттық зиялылардың назарын халықты ағартуға, жаңа үлгідегі мектептер ашуға, мұғалімдер даярлауға аударды. «Айқап» журналының алғашқы. сандарынан бастап мектеп ісін жақсартуға. бағытталған мақалалар тұрақты түрде жарияланып отырды. Мысалы, журнал редакторы М.Сералин ауыл мектептерінің материалдық жағдайының нашарлығы мен оқулықтардың жетіспеушілігін атап өтіп: «Бала оқытпай, жұрт түзелмейді. Оқытқанмен де, жүйесіз, тәртіпсіз оқу түкке жарамайды», – деп жазды [106].

Журналда жарық көрген мақалаларды мектепті дін шеңберінен шығарып, дүниелік білім беретін жаңа оқу орындарына айналдыру туралы пікірлер айқын көрініс тапты. «Қазақ» газетіндегі мектеп ісі туралы мақалалар 1913-1918 жылдары шыққан «Қазақ» газеті ұлттық ағартушылық қозғалыстың басты мінберіне айналды. Газет беттерінде А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Х.Досмұхамедұлы, Ж.Аймауытов, Е.Омаров секілді қайраткерлердің мақалалары жиі жарияланып тұрды. А.Байтұрсынұлы өзінің «Қазақша оқу жайынан» атты мақаласында қазақ балалары үшін ана тілінде білім беру жүйесін қалыптастырудың қажеттілігін атап көрсетіп: «Басқа жұрттар балаларын ана

тілінде оқытып, содан кейін ғана бөтен тілді үйретеді. Біз неге бұлай істемейміз?» - деп жазды [107].

«Айқап» журналының 1911-1915 жылдар аралығында 88 саны ғана жарық көрген «Айқаптың» бетінен оқу-ағарту ісіне байланысты оның ішінде мектеп-медресе ашу ісі туралы біраз ақпараттар баяндалады [108].

Жалпы алғанда журнал қазақ елін білімге, өнерге шақырды, оқыту саласын жақсарту мен білім беруді белгілі бір жүйеге сүйене жүргізу керектігін сөз етті: «Біздің қазақ баласына не қылсада басқа жұрттарға теңелу хақында біраз кеңес» деген мақалада [109] оқыту ісін дұрыс жолға қою үшін көптеген шараларды жүзеге асыру керектігі айтылды.

Сондай-ақ қазақ шәкірттерінің хал-жағдайының тым нашар екендігіне тоқтала отырып, журнал оларға көмектесуге шақырған көптеген мақала-хабарларды да басып отырды. Білім беру мәселесін шешу үшін оқу құралдарын шығару, қазақ тілінің әліппесін жасау, жазу жұмысын бір ережеге бағындыру туралы бірсыпыра мақалалар жариялады. Авторы А.Ж. деп берілген «Көкшетауда көргендерім» тақырыбындағы мақалада [110] Көкшетау қаласындағы мектеп-медресе, оқу-оқыту істері туралы жазылады. Сонымен қатар, Көкшетау қаласында екі мешіт бар екен, біреуінің имамы Науан хазірет (қазақ) мұның медресесінде әліпбиден бастап жиырма-отыздай ескі нұсқа кітап бар екендігі, медресенің ішіндегі тәрбиесі болар болмас болғандығы, сыртындағы тәрбиесі шәкірттері топ-топ құр көшеде кезіп жүретіндігі туралы жазылады. Оның үстіне медресенің ішінде болсын, тысында болсын газет-журнал немесе жаңа шыққан кітаптар болсын шәкірттердің оқуға мүмкіндігі жоқтығы. Молдалардың «жаңа шыққан кітаптар болса, алып оқымақ түгілі, қолдарыңызға да ұстамаңыздар» – деп насихаттауы туралы жазылады. Аққошқаров Омартайдың «Қостанай уезі, Қарабалық болысының жайлары» мақаласында [111]. Қостанай уезіндегі оқу-ағарту жайлары, мектеп-медресе салу ісі туралы жазылады.

Оқу-ағарту мәселесі жайында «Қазақ» газеті өз бетінен көп орын берген. Қазақ даласының әр жерлерінде жаңадан мектеп-медресе салу туралы хабарларды кеңінен жариялаған [112]. Газет беттерінің алғашқы санынан бастап-ақ оқу-ағарту мәселелерін, мектеп-медресе ашу істерін көтере білді. «Қазақ» газетін ғылыми тұрғыда зерттеген ғалым Ө.Әбдіманов оның мәнісін былай деп түсіндірген еді. Алдымен қазақ айналасындағылардың бәрі осы ағарту саласында тікелей немесе жанама болса да мектеп-медресе жұмысымен байланысты адамдар еді.Екіншіден, газеттің бас жазушысы (редакторы) Ахмет Байтұрсынов шын мәніндегі ұстаз педагог болатын-ды».

«Қазақ» газетіндегі оқу-ағарту мәселесіне көп көңіл бөлгендер үлт қайраткерлері А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ә.Бөкейхановтар болды. Сонымен қатар Ш.Құдайбердіұлы, М.Жұмабаев, С.Дөнентаев, Б.Майлин газетінде жарияланған материалдарында халықты өнер-білімге шақырып, ұлтына қызмет етуге үндеді.

1913 жылы №1 номерінде шыққан «Ағаш шабатын балтаның сабы болмай ма?» деген тақырыппен жарияланған мақалада Сібірде жастарға арналған ауылшаруашылық институтының ашылатыны, бұл оқу орнының Барнауылда

ашылғалы жатқаны, оның қазаққа пайдасы зор екені айтылады. «Оқушыға көмек» мақаласында, Орынбордағы татарлардың «Оқушы жамиғаты» деп аталатын орыс мектебінде оқитын мұсылман балаларына қажеті болса, соларға көмек берілу керектігі айтылады. Петербордағы политехникалық институтта оқып жүріп, көмек сұраған, Ырғыз облысындағы Аманкөл болысының 7-ауылының қазағы Тел Боқпанұлы Жаманұрынов екенін айтты. Сондықтан олар 25 сом көлемінде көмек беретіндігі туралы жазылды. Ал «Бұл қалай!?» деген мақалада қараңғыда жатқан жұрттың көзін ашпақ үшін «Усул жәдид» мектептердің ашылып, олардың қатарының жылдан-жылға көбейіп келе жатқандығын айта отырып, Орынбордағы «Хұсейния» медресесіне тоқталады. Мақалада көрсетілгендей бұл оқу орны 1905 жылы ашылып, онда 20-30-дай мұғалімдер дәріс берген. Қазақ балалары бұл медреседе стипендиямен және өздері ақы төлеп оқып, соңғы жеті-сегіз жылдың ішінде 100-ден аса шәкірт оқу бітіріп, көбі мұғалім болып, бала оқытуымен халыққа қызмет етіп жатқандығы келтірілді. Көріп отырғанымыздай, газет ең бірінші санынан бастап-ақ қараңғылықта жатқан жастарды оқытуға, білім-ілімнің керектігіне қарай сүйреді. 1917 жылғы Ақпан төңкерісі Ресей империясының қол астындағы халықтар арасында демократиялық және ұлт-азаттық қозғалыстардың өрбіп-өршуіне зор қуат бергені белгілі. Монархиялық билік тақтан тайдырылып, Туысқандық, Теңдік және Бостандық ұрандары көтерілді. Қос үкімет дәуірінің аясында Түркістан өлкесі де үлкен дүмпуді бастан кешті. Саяси өмір күрт жанданып, түрлі ұйымдар құрылды. Қоғам шындығын, жұрт пікірін, саясат бағдарын халықаралық үдерістермен ұштастыра баяндайтын газеттер дүниеге келді [113]. Сол кезеңдегі қазақ, кеңіре алғанда, жалпы түркі баспасөзі тарихындағы орны айрықшы басылымдардың бірі – Түркістан Ұлттық Кеңесі Тұрақты Атқару Комитетінің төрағасы, бар болғаны 27 жастағы Мұстафа Шоқайдың бастамасымен жарық көрген «Бірлік туы» газеті.

ХХ ғасырдың басында Қазақ өлкесіндегі саяси ахуал, қазақ ауылы мен халқының өмір, оқу-ағарту мәселелері мен тұрмыс-тіршілігін зерттеу барысында сол жылдары жарық көрген қазақ мерзімді басылымдарының маңызы ерекше болды [114]. Солардың бірі – «Бірлік туы» газеті. Ол 1917 жылғы 24 маусымнан 1918 жылдың сәуір айына дейін Ташкент қаласында шығып тұрды. Он айлық қысқа мерзім ішінде газет қазақ халқының үміті мен арман-мұратын, басына түскен қиыншылықтарын жариялап қана қоймай, халықтың саяси ой-өрісін кеңейтуге, мектеп мәселесін көтеруге және балалардың сауатын ашу ісін дамытуды қолдауға ықпал етті. Бұл жарияланымдар сол кезеңдегі білім беру саясатының бағыттарын, қоғамның тұрмыс-тіршілігімен байланысты қиындықтарды және ағартушылық қозғалыстың мақсаттарын көрсететін маңызды дерек көзі болып табылады.


Газетте Қайретдин Болғанбаев, Сұлтанбек Қожанов сынды қазақ зиялыларының мақалалары үздіксіз жарияланып отырды. Олардың еңбектерінде ұлттық мектеп жүйесін қалыптастыру, оқу бағдарламаларын қазақы болмысқа бейімдеу, мұғалімдердің кәсіби деңгейін арттыру сияқты мәселелер көтерілген. Бұл авторлар ағартушылық бағыттың идеологтары ретінде білім алудың ұлттық сана мен қоғамдық дамуға әсерін жан-жақты талдады.

Басылымның шығарушысы Мұстафа Шоқайдың ұлы болғаны газет бағытының мазмұнына әсер еткен маңызды факторлардың бірі. Шоқай әулетінің саяси көзқарасы мен ұлт тәуелсіздігіне деген ұмтылысы газеттің беталысынан, редакциялық саясатынан байқалады. Газеттің аптасына бір рет шығуы оның тұрақты ақпарат көзі ретіндегі рөлін күшейтті. Басылымның жылдық бағасы – 5 сом, жарты жылдық жазылымы – 3 сом, үш айлық бағасы – 1 сом 70 тиын болуы оның сол кездегі әлеуметтік қолжетімділігін көрсетеді. Бұл мәліметтер газетке деген сұраныстың қандай аудитория арасында жоғары болғанын айқындауға мүмкіндік береді. Берілген деректер бойынша газет жай ғана талқыланып қоймайды, керісінше зерттеу құралы, деректік база ретінде нақты пайдаланылады. Газет материалдары қазақ қоғамындағы ағартушылық қозғалыстың мазмұнын ашу, білім беру жүйесіндегі үрдістерді анықтау және ұлттық баспасөздің рөлін бағалау үшін негізгі дереккөз болып саналады. Жалпы алғанда, «Бірлік туы» газетінің материалдары қазақ қоғамының оқу-ағарту саласындағы қажеттілік, сұраныс және қиындықтарды толық сипаттайды. Сонымен қатар, ол Алаш қайраткерлерінің ағартушылық идеяларын талдауда таптырмас тарихи дерек көзі болып табылады.

«Қазақ газетінің 1917 жылғы шілденің 17-сіндегі 236-нөмерінде мынадай дерек келтірілген: «Бірлік туы» атты қазақ газетінің 1-іншісі һәм 2-ші нөмірлері басқармамызға келді. Баспасөздің ең керек уақытында көтерілген «Бірлік туына» құтты болсын айтамыз. «Бірлік туы» алаш арасына жала жапқан марқұм «Алаш» газетіндей болмай, қазақ-қырғыздың шын қызметкері, шын жолбасшысы болсын». Бұл жолдардан «Қазақ» газетінің жаңа шыққан «Бірлік туын» құптап, оның ұлт мүддесіне қызмет етуіне үміт артқанын байқауға болады. Газет негізінен Түркістан аймағының, атап айтқанда Сырдария мен Жетісу облыстарының қоғамдық-саяси ахуалы, әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен халықтың тұрмыс-қарекеті жөнінде құнды деректер берді. Сонымен қатар «Бірлік туы» Түркістан аймағы тұрғындарын тұтас Қазақ өлкесінің жағдайынан хабардар етіп отырды. Газет бетінде жалпы қазаққа қатысты мәселелер бойынша «Қазақ» газетінің кейбір басылымдары да жарияланып отырған.

Газеттің дербес ұйым ретінде тіркелген жеке құрылтайшысы туралы нақты құжат сақталмаған. Бірақ «Бірлік туы» газетін шығаруға ұйғарған кісі учитель Садық мырза Өтегенов туралы да мәліметтер таралған. Зерттеушілердің басым бөлігі оның ұлттық-демократиялық бағыттағы Түркістан қазақ зиялыларының бастамасымен, бірақ Мұстафа Шоқайдың жетекшілігімен ашылғанын көрсетеді. 1917 жылы «Бірлік туы» газетінде жарық көрген жарияланымдар сол кездегі уақытша үкімет пен жаңа билікке келген кеңес өкіметінің саясаты, қазақ халқының күнделікті өмірі мен тұрмысы, қоғамдық-саяси жағдайы және қазақ зиялыларының қызметі туралы құнды деректерді қамтыған. Газетте ішінара Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Ахмет Бірімжановтардың «Қазақ» газетіндегі жарияланымдары да беріліп отырған [115].

1-сурет



БІРЛІК ТУЫ

بىرلىك

تۇۋى

1-сурет – Бірлік туы газеті [116]

Дихан Қамзабекұлының «Ана тіліне» арналған алғы сөзінде келтірілген мына жолдардан «Бірлік туы» газетінің Алаш идеясын жалғастырушы басылым екенін байқауға болады: «Ол – 1917-1918 жылдары аумалы-төкпелі кезеңде ұлттық және түркшілдік бағытынан таймаған қазақың бірегей газеті. Газет жалпы түркі әлеміндегі ірі тұлға Мұстафа Шоқай бастаған қазақ зиялыларының елді бірлікке шақырған үнін жеткізген. «Қазақ» газетін большевиктер күштеп жапқан кезде, бұл басылым өз жалауын жақтырмай іліп, өз байрағының жанына қадаған болатын» [115, 192 б]. «Бірлік туы» туралы алғашқы деректерді сол кезеңнің басқа басылымдарынан да кездестіруге болады. Мысалы, газет жарық көрерден жиырма күн бұрын Алаш қайраткері және публицист Уәлихан Ғұмарұлы былай деп хабар таратқан: «Ташкенттегі «Ықтият» союзын ашқан жастар «Бірлік туы» деген серіктік тағы ашып отыр. Мақсаттары – осы серіктік ақшасы атынан «Бірлік туы» деген бір газет шығару. Серіктіктің ағзалық хақы – 10 сом, ал газет жылдық хақы – 5 сом. Газетті әзірге ұстаз Садық Өтегенов ұйғарды [117]. «Бірлік туы» газетінің бетінде Түркістан аймағындағы саяси жағдай, жер және су мәселесі, оқу-ағарту, азық-түлік, земство, сот, дін, әйел құқығы, ұлт қазынасы және баспасөз мәселелері жан-жақты қамтылды. Сонымен қатар, Түркістан мұсылмандарының құрылтайлары, Жетісу оқиғалары, Ташкент бүлігі, Түркістандағы ашаршылық, Құрылтай жиылысы, Екінші жалпықазақ сьезі, Сырдария қазақтарының сьезі, Қоқан қырғыны сияқты маңызды оқиғалар кеңінен көрсетілді. «Бірлік туы» газеті өзбек тіліндегі «Ел байрағы» басыламымен бірге, 1917 жылғы 26 қарашада Қоқан қаласында басталған Бүкіл Түркістан мұсылмандарының IV сьезі жариялаған Түркістан мұхтариятының ресми баспасөз органы болып белгіленді. Газет «Жасасын автономиялы Түркістан!» «Жасасын Алаш автономиясы!» деген ұрандарды қатарластыра жариялады. Бұл дегеніміз газет тұтастай Алаш идеясын жақтауы, ал олардың негізгі мақсаттарының бірі – халықтың білім алуы, көзін ашуы [118].

«Бірлік туы» газетінің жарияланымдары Алаш және Түркістан идеяларын берік ұстанған басылым ретінде өзінің қайсар рухын көрсетті. Мысалы, 1917 жылдың 2-5 тамызы аралығында өткен жалпы жиылысқа арналған «Түркістан аймағы қазақ-қырғыздарының жалпы жиылысы» деген тақырыпта назар аудартатын жарияланым шығарды («Түркістан аймағы қазақ-қырғызының

жалпы жиылысы», 1917, 2 б.) Бұл кездегі жалпы жиылысқа Сырдария, Ферғана, Жетісу облыстарынан дауысты 84 адам, төраға ретінде Сейітжаппар Аспандияров, Мұхамеджан Тынышбаевтар қатынасқан. Жиылыс жұмысы барысында Түркістан өңірі қазақ-қырғыздарының өзекті мәселелері мемлекет формасы, жер-су, переселендер (қоныс аударушы орыс шаруалары), земство, 2 мектеп, сот, дін, баспасөз, жер комитеттері, әйел мәселесі, ұлт қазынасы т.б. қаралып, әр мәселе бойынша қаулылар қабылданады. Қаралған мәселелер жалпы қазаққа тән және 1917 жылдың 21-28 шілдесі аралығында өткен I Жалпықазақ сьезімен үндесіп жатыр. Жиылыста күн тәртібіне қойылып, қаулы қабылданған өткір тақырыптың бірі – білім беру мәселесі. Қаулының «Мектеп мәселесі» аталған жетінші бөліміне сәйкес білім алу міндетті деп табылып, бастауыш мектепте ана тілінде білім алу, оқу құралдарының «Қазақ» газетінің емлесімен жазылуы, орыс-түзем мектептерінің орнына ұлт мектептерінің орналасуы сияқты мәселелер қозғалады. Бұны да «Бірлік туы» газеті баса назарға алып, жазып шықты. 7-бөлімде «Мектеп мәселесі» бойынша алты талап белгіленді:

1. Жалпы және міндетті оқыту - аса қажет іс болып саналады.
2. Бастауыш мектепте балаларды ана тілінде оқыту қамтамасыз етілсін.
3. Оқу құралдары мен басқа материалдар «Қазақ» газетінің емлесі бойынша жазылсын.
4. Русско-туземный мектептерінің барлығы тоқтатылып, орнына ұлттық мектептер ашылсын.
5. Орыс балаларымен бірге оқитын мектептерде қазақ-қарғыз балаларға қазақ тілі және мұсылман діні үйретілсін.
6. Қазақтардың ашұан баспаларында шығарылатын кітаптардың қазақ балалары үшін пайдалануын қадағалау үшін комиссия құрылсын.

Жиналған мәліметтер ұлыс мәжілістеріне тапсырылып, олардың тоқтаусыз земство арқылы қаржылай қолдау күтіп тұрмай, жаңа стипендиялар ашылсын. «Түркістан мұсылмандарының екінші жалпы жиылысы» деген тақырыпта 1917 жылдың тоғызыншы санында 11 мәселе қарастырылатыны. Соның ішінде төртінші орынға «Түркістан мұсылмандарының оқу оқыту һәм мәдени істері» деп халықты оқыту мәселесін де көтере жазды.

«Бірлік туының» ұйымдастырушылары мен жанашырлары қазақтың проблемаларының басты себебінің бірі – сауатсыздық пен надандықта деп таныды. Олар «...халықтың ілімді болып, өзінің кім екенін һәм өзін бағушы патша мен төрелердің кімдер екенін анық түсінуі қажет. Халықтың түсінуі ондай уақытта онан өте қиын іс. Өйткені ол тәртіптің сүйенген күші надандық, қорыққан жауы ғылым болғандықтан ол қолынан келгенше халыққа ғылым нұрын түсірмеу жағына күш қылады», – деп халқын ілім-білім мен ғылымға үндеумен болды. Мәселе басылымның бірнеше сандарында көтерілді. Соның бірі «Келдин» бүркеме атымен жазылған «Бірлік туының» алғашқы ұйымдастырушыларының бірі Қайретдин Болғанбаевтың «Бірлік туының» 8 қыркүйектегі 8-ші нөмірінде жарық көрген «Ең керекті іс» мақаласы [119]. Автор халқын бұрынғы патша заманындағы надандық, ілімсіздікпен қош айтысып, жаңа үкімет тұсындағы мүмкіндіктерді пайдалануға шақырады: «Енді өткен іске өкініш жоқ. Бірақ мұнан бұлай да саңлаусыз салтқа қарап жалпы жұрттың түсіп

жатқан жолына түспей, келешектегі үмітімізге, ұлтшылық денімізге қызмет етерлік білім жемісінен мақұрым отырсақ үлкен ұят; ұлтымызға зор таңба; кетпес өкініш болар. Қай жұртты болсада ұлтшылық, құдайшылық жолына жеткізіп тәркі еттіретін: даңқ, аброй, атақ беріп бақыт жолына түсіретін негізді жолдың – ілім екені шексіз. Соның үшін бізге де басқалармен қатар тең болып жасауды үміт етіп қызыл қарын жас баланың, кейінгі нәсіптің қамын ойлап сол оқу мезгілінде оқу жасындағы балаларды сабақтан қалдырмасқа тырысу, һәм оның үшін һәр жерден мектеп ашып іске кірісу ғана керек...».

Қайретдин Болғанбаевтың тағы бір мақаласы газеттің тоғызыншы санында жарық көрген «Мұғалім және шәкірттер ескерсін» атты мақаласы [120]. Автор баланың бастауыш білімді ана тілінде алуы керектігін айтады: «Орынборда өткен жалпы қазақ сьезі бұл жайтты ескеріп, бастауыш білім беру қазақтың ана тілінде жүргісілсін және қазақ емлесі қолданылсын деген шешім қабылдады. Бұл – біздің орындауға тиісті міндетіміз. Себебі мұғалім оқыту әдістерін жақсы меңгеріп, балалар пайдаланатын оқу құралдары олардың өз тілінде әрі төл жазуымен жазылған болса, оқу үдерісі әлдеқайда тиімді әрі тез алға басады. Жалпы сол бір күрделі тарихи кезеңдегі зиялыларымыздың мақсатының бірі – қазақ балаларының ілім-білімді меңгеруі, ана тілінде білім алу мүмкіндігіне ие болуы еді. Қайретдин Болғанбаевта «оқу өнерінен» кенжелеп қалған халқын жарлы-жақыбайлының күнін артта қалдырып, бұдан әрі бұған төзбеуге шақырады. Ол «...Біз – оқу-ағарту мен ғылым жолында ұзақ уақыт бойы артта қалып, өз ішімізден жеткілікті педагог дайындай алмаған жұпыны халықпыз. Сол себепті ең алдыңғы міндет – бастауыш оқу орындарының санын көбейтіп, балаларға сапалы тәрбие мен білім бере алатын мамандарды өз ортамыздан даярлау және қалыптастыру болып табылады...» – деп Түркістан аймағында «мұғалімдер курсын» ұйымдастыру керектігін, ниет білдірушілер болса, Ташкенттегі «Бірлік туы» азаматтарының жол көрсетуге дайын екендігін айта кетеді.

«Бірлік туы» газетінде көтерілген маңызды әлеуметтік мәселелердің бірі – қазақ қыздарының білім алуы. Бұл тақырыпқа да енжар қарамаған Хайретдин Болғанбаевтың мақаласы ерекше орын алады. Болғанбаев қазақ қоғамында қыз баланың оқуын тоқтатуға болмайтынын, олардың білім алуы ұлттың болашағына тікелей әсер ететінін ерекше атап өтті.

Болғанбаев 1918 жылы жарық көрген мақаласында: «Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі» деп, қазақ қоғамындағы гендерлік теңдік мәселесін батыл көтерді [121]. Бұл кезеңде қыз балалардың оқуы туралы ашық айту – өте өзекті әрі революциялық ой болатын.

Газетте қазақ тілінде оқулықтардың тапшылығы туралы мәселе ерекше жиі көтерілді. Қазақша оқулықтардың болмауы – қазақ балаларының ана тілінде білім алуына кедергі болды. Ахмет Байтұрсынұлы бастаған Алаш зиялыларының оқу құралдарын жазуға белсене кірісуі – осы мәселенің өзектілігін көрсетеді. 1917 жылдардағы халықтың ауыр жағдайын айтқан «Қыр шаруасын ескерту» деген Ахмед Жанталиннің «Бірлік Туы» газетінің 1917 жылғы №14 санындағы мақалада азық-түлік бағасын салыстыра жазып кетеді [122]. Соның өзінде: «Қазаққа қажет негізгі тұтыну тауарлары – шай, қант, кездеме сияқты бұйымдар

далада мүлде жоқтың қасы. Аз мөлшерде табылғандарының өзі бұрынғы бағамен: жалыстырғанда 8-18 есеге дейін қымбаттап кетті. Мәселен, бір кездері қағаздың құны 1 сом 20 тиын болса, қазір ол 10-12 сомға дейін өсті. Демек, шайдың бағасы бұрынғыдан 8-9 есе артқан. Кездеменің қымбаттауы да елге белгілі жайт. Мысал ретінде оның бағасын қарасақ: бұрын бір кезі 16-І7 тиын тұрса, бүгінде 3 сомнан жоғарылап кеткен. Осылайша, сиса бұрынғы бағасынан 18 есе қымбаттап отыр» - дей келе қағаз бен сияның қымбаттауын коса жазып кеткен. Ол дегеніміз мектеп ашуда, оқу-білімде оқу-құралдардың маңыздылығын және білім алу ол азық алумен тең екендігін көрсете кеткен.

«Сарыарқа» газетінің мазмұны – кең мағынасында қоғамды оқу арқылы жетілдіру идеясын көтерді. Онда әдеби шығармалар, публицистикалық мақалалар мен тарихи-танымдық материалдар арқылы мектеп, медресе, оқу-білім жайындағы ойлар жанама түрде бейнеленді. Мәселен, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Шәкірт ойы», «Жас жүрею» өлеңдері – шәкірттің ішкі әлемі, білімге ұмтылысы мен қоғамдағы орны туралы толғамдар. Бұл шығармалар мектеп жасындағы Жастардың рухани-психологиялық портретін беріп, білім берудің мәнін көрсетеді. Жүсіпбек Аймауытовтың «Мезгіл жетті, қара бұқара!», «Партия» мақалалары білімсіздік салдарынан елдің надандыққа, малқұмарлыққа, жалғақтыққа бой алдырғанын сынай отырып, қоғамды оятатын жалғыз жол – оқу, ағарту екенін алға тартады. «Байға жағынып, малға бағыншы, тамаққа сатылатын заманың емес» - деген жолдар білімді әділет пен еркіндік жолындағы басты қару ретінде тануға үндейді. Бұл – оқу мен мектептің әлеуметтік әділеттілікпен тікелей байланысын көрсететін публицистикалық-идеологиялық үндеу. Сонымен қатар қыз балалар тәрбиесі мен әйел мәселесі – ағарту кеңістігінде де қаралады. Мұхтар Әуезовтің «Адамның негізі -әйел», «Оқудағы құрбыларыма» атты мақалалары қыз балалардың оқуына, әйелдердің қоғамдық санасының жаңаруына үндейді. Бұл мақалалар ХХ ғасыр басындағы мектептер мен медреселерде әйелдердің білім алу мәселесінің көтерілуінің ерте мысалы ретінде бағаланады. Әдеби туындылардағы ағартушылық және моральдық тәрбиеге де газеттің қосары мол. Сәбит Дөнентаевтың «Жәмилә қыз», «Қаулы» секілді шығармалары білімсіздік салдары мен қоғамдық артта қалушылықты көрсетеді. Ғұмар Қарашевтың «Алаштың азаматтарына» өлеңі – білімсіздіктің ел болашағына төнген қауіп екенін ескертетін рухани-педагогикалық насихат. Бұл өлеңдер арқылы *әдебиет* – мектептегі адамгершілік және ұлттық тәрбие құралы ретінде қызмет етті. Сонымен қатар тарихи және танымдық материалдар – мектептерге арналған мазмұндағы мақалалар да берілген. Газет бетінде Абылай хан туралы аңыздар, Т.Н. Потанин туралы деректер жарияланып отырған. Бұлар сол кездегі медресе мен жаңашыл мектептерде тарих пәні мен Ұлттық танымды қалыптастыруға арналған қосымша оқулық материалы ретінде пайдаланылған деуге негіз бар. «Сарыарқа» газетінің деректік және ғылыми маңызы да зор. «Сарыарқа» газетінде басылған материалдар – архивтік нұсқаларды толықтыратын, тарихи дерекке айналған құжаттар. Мектеп, медресе, ағарту, ұлттық білім беру жүйесіне қатысты жанама және тікелей деректер береді. Әсіресе бүркеншік аттармен жарияланған материалдар бүгінгі ғылым үшін тұлғалық дерекнама, педагогикалық ойлау

эволюциясын зерттеуде маңызды. «Сарыарқа» газеті – XX ғасыр басындағы қазақ халқының ағартушылық қозғалысының, мектеп пен медресе реформасының, білім берудегі жаңа ойлау парадигмасының нақты куәсі. Оның беттерінде жарияланған әдеби және публицистикалық материалдар – ұлттық білім беру жүйесінің мазмұндық, әдістемелік, моральдық негізін зерттеуге арналған бірегей деректік база. Осы орайда, *«Сарыарқа»* – жай ғана газет емес, XX ғасыр басындағы қазақ мектептерінің идеялық кітабы деуге толық негіз бар. Бұл деректер Алаш қозғалысы кезеңіндегі қазақ баспасөзінің ұлттық әдебиет, саясат, қоғамдық сана мен мәдениет қалыптастырудағы рөлін айқын көрсетеді. Мұнда аттары аталған шығармалар мен авторлар – XX ғасыр басындағы қазақтың рухани жаңғыруының негізгі тұлғалары. Әрбір мәтін мен мақала сол кезеңнің тарихи, әлеуметтік, саяси және әдеби ахуалын терең танытады. Тарихи дерек көзі ретінде бұл мақалалар сол кезеңдегі саяси, әлеуметтік, ұлттық мәселелерге тікелей куәлік етеді. «Сарыарқа» газетінде басылған материалдар – Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ зиялыларының ойлау жүйесін, халықпен байланысын және үгіт-насихат тәсілдерін зерттеуде алғашқы ауызекі деректердің бірі. Сонымен қатар мәдени кодты сақтау құралы ретінде қазіргі қазақ әдебиеті мен мәдениетінің тамырын тану үшін бұл материалдар – бастапқы негіз. Әдебиет пен публицистика халыққа рухани бағдар беріп отырған. Архивтерде толық сақталмаған «Сарыарқа» газетіндегі материалдар – әдебиеттану, тарих, саясаттану, мәдениеттану салаларында бірегей материалдар. Бұл жазбалар жеке авторлар шығармашылығын ғана емес, тұтас ұлттың рухани тіршілігін бейнелейді.

«Сарыарқа» газетінде жарық көрген «Мұқтаж оқушыларға жәрдем» атты мақала – Алаш қаласында білім алып жүрген әлеуметтік жағдайы төмен, мұқтаж оқушыларға материалдық қолдау көрсету туралы хабарлама. Онда нақты адамдар мен ұйымдардың берген қаражаты көрсетіліп, барлығы тиісті орындарға тапсырылғаны айтылған. Бұл шағын хабарлама болғанымен, қазақ қоғамындағы әлеуметтік әділеттілік пен білім теңдігін қамтамасыз етуге бағытталған ерте кезеңдегі нақты бастаманың куәсі. Білім алуға әлеуметтік қолдаудың алғашқылары мұқтаж оқушыларға қаржылай көмек беру – XX ғасыр басындағы қазақ қоғамында білім алудағы теңсіздікті жоюға бағытталған алғашқы әлеуметтік саясат үлгісі. Бұл – қазақ зиялыларының «оқу – баршаға ортақ» ұстанымын іске асыру жолындағы нақты қадамы. Қоғамдық қайырымдылық пен ағартушылықтың түйісуін де көруге болады. Көмек марқұмдардың федияларынан (садақа, өсиет етіп қалдырылған ақша), ұйымдардан және жекелеген азаматтардан жиналған. Бұл – дәстүрлі діни-мәдени құндылықтар мен ұлттық жаңғыру идеясының түйісуін көрсетеді. Яғни, қайырымдылық мәдениеті білім саласына бағытталған. Алаш қаласындағы оқу ортасын материалдық тұрғыдан бекемдеу де айтылған. Мақалада көрсетілгендей, Алаш қаласында ұстаздар ұйымы осындай көмекті ұйымдастырып отырған. Бұл: Қазақ зиялыларының институционалды деңгейде білім инфрақұрылымын басқаруға көше бастағанын, мұғалімдердің тек сабақ беруші емес, қоғам қайраткерлері, әлеуметтік лидерлер болғанын көрсетеді. «Бірлік» сынды ұйымдардың белсенділігі де талданған. Мысалы Көкпектідегі «Бірлік» ұйымы – 733 сом көмек

берген. Бұл сома – өте елеулі. Бұл ұйымдардың жұмысынан ерте кездегі азаматтық қоғам элементтерінің қалыптасып, білім беру істерін қолдағанын байқаймыз. Оқу-білімнің қоғамдық құндылық ретінде көрініс табуы да қамтылған. Мақала қысқа болса да, оқу-білімнің қоғамдық, ортақ құндылық ретінде қалыптасып келе жатқанын білдіреді.Қаржылай қолдау – жай көмек емес, ұлттың рухани капиталына инвестиция ретінде қаралған. Бұл мақалада үнсіз айтылған, бірақ астарында жатқан идея – ешбір бала кедейлігі үшін оқудан шет қалмауы керек. Бұл идея қазіргі инклюзивті білім беру принципімен үндес келеді. «Мұқтаж оқушыларға жәрдем» мақаласы – Алаш кезеңіндегі білім беру жүйесінің әлеуметтік өлшемін көрсететін, тарихи-мәдени тұрғыдан құнды дерек. Ол: Білімге тең қолжетімділік идеясын көтерді; Қоғамның діни, ұлттық және әлеуметтік институттарының оқу ісіне араласуын дәлелдеді; Мұғалім мен ұйымдардың білім жолындағы қоғамдық жауапкершілігін нақты мысалмен көрсетті. Бұл үлгі – қазіргі заманғы мемлекеттік гранттар, атаулы әлеуметтік көмек, демеушілік жүйелерінің бастау бұлағы деуге болады [123].

«Бірлік туы» газеті: ауыл жастары мен сауат ашу қозғалысына қатысты 1918 жылғы «Бірлік туы» газетінде «Жастар һәм оқу» мақаласы жарияланып, онда былай делінген:

«Қазақ жастары қалам мен кітапты серік етсін. Оқыған жастар ғана елін ілгері сүйрей алады». Бұл мақалада жастарды білім алуға, оқу қозғалысына белсене қатысуға шақыру идеясы бар. Ол уақытта ел ішінде сауат ашу курстары, қысқы мектептер ұйымдастыру ісі жанданып келе жатқан болатын. Бұл қозғалыс кейін кеңес дәуіріндегі жаппай сауат ашу науқанының рухани негізін қалады.

1-кесте

Жалпы қорытынды

Мерзімді басылым	Негізгі тақырып	Мақсат
«Айқап»	Халықтық ағарту, қыз балаларды оқыту, жаңа әдіс	Қазақ қоғамын өркениетке жеткізу
«Қазақ»	Ұлттық мектеп, мұғалім даярлығы, оқу бағдарламасы	Ұлттық білім жүйесін қалыптастыру
«Сарыарқа»	Ұлттық рух және мектеп	Алаш идеяларын ағарту арқылы нығайту
«Қазақстан»	Мұғалім мәртебесі, ағартушылық миссия	Қоғамдағы ұстаз беделін арттыру
«Бірлік туы»	Жастар және оқу қозғалысы	Сауат ашу арқылы

«Алаш» газеті 1916 жылы 26-шы қарашадан бастап 1917 жылдың ортасына: шейін Ташкент қаласында аптасына бір рет шыққан. Редакторы – Көлбай Тоғысов [124]. Газеттің шығуы жайында: «Россия қарамағындағы елдердің бірі болу үшін қазақ халқының шешетін мәселелері, оқу-ағарту ісін жолға қою, мемлекеттік Думаға катысу, сот ісін жөндеу, әйел мәселесін көтеру, елдің тұрмыс-халін түзету» деген [124].

«Абай» журналын шығарушылар, онын жұмысына белсене араласушылардың қатары басылым беттерінде өлеңдері мен публицистикалық мақалалары жиі жарияланған Шәкәрім, С.Торайғыров, С.Дөнентаев, Ғ.Қарашев,

С.Садуакасов, Х.Досмұхамедовтар да болды. Журналда С.Торайғыровтың «Социализм», С.Дөнентаевтың «Абайға», «Қазақ әйелдері туралы», «Жазушыларға», «Бозторғай» деген мақалалары мен өлендері, М.Әуезовтың «Ғылым тілі», «Жастар ұйымына ашық хаты» жарияланған. Ал, «Абайдың» 1918 жылдың қазан айында шыққан соңғы II-ші санында, бірінші бетінде басылған жарнамадан басқа «Ұлтты сүю» деген мақала мен «Қайран жүрек», «Абай сөзі» деп ақынның өлеңі берілген. «Абай» журналы 1918 жылдың аяқ шеніне карай біржола жабылды [125]. Оған себеп, Семейде большевиктердің билік басына келіп, Алашорда үкіметінің құлауы еді.

Кезінде Омбыда шығып тұрған «Революционная мысль» газетінің 1917 жылғы 23-ші қарашадағы нөмірінде «Қазақстан социалистік партиясы» – «Үш жүздің» құрылғаны туралы жазылды. Партияның Орталық Комитетінің төрағасы – Мұқан Әйтпенов, оның жолдасы орынбасары болып Көлбай Тоғысов сайланды. Кейін ол партияның төрағасы болды. Партияның баспа органы «Үш жүз» газеті шықты. Редакторы – Көлбай Тоғысов еді. Көпшілік одағының мүшелері 1910 жылы елден қаржы жинап, Орда қаласындағы А.Н. Щелкованың меншікті баспаханасын ұйымдастыруға көмектеседі. Сөйтіп 1911 жылдың наурыз, мамыр айларында орыс баспаханасынан «Қазақстан» газетінің алғашқы екі нөмірі жарық көреді. Бұл туралы газет қызметкері С.Мендешев «Бөкей даласындағы 1916 жылғы көтеріліс» деген мақаласында сөз еткен (Екпінді құрылыс. 1936, 14 шілде). Газетті шығарушылар екі нөмірі жарық көргеннен кейін редакцияны Орал қаласына көшіреді. Оған патша әкімшілігінің цензурасыз шыққан басылымның әр мақаласына кінә тағып, авторларды қуғындауы себеп болған. Редакция ұжымы Оралға көшіп келген соң Мұтихолла Тухватуллин, Ғабдолла Тоқай, Камин Тухватуллин, Мұхамед-Ғали Мусин сияқты татар қайраткерлерінің араб әрпімен өз тілдерінде газет, журнал шығарып тұрған баспаханасын сатып алады. Борыштанып сатып алған қарыздан бірден құтылу оңайға түспейді. Соның зардабынан редакция қызметкерлері газет шығару орнына үш-төрт ай бойы жекелеген мекемелермен, адамдардың заказдарын орындау үшін асыл уақыттарын кетіреді. Ақыры қарыздарынан құтылудың басқа амалы болмаған соң, елден газеттің тұңғыш санына байғазы сұрап, ақша жинайды. Бұл туралы Ғ.Қарашевтің «Баку» атты жолсапар очеркінде жазылған. Басылымның үш жыл ішінде 18 нөмірі жарық көреді. Оның кейбір нөмірлерінде орыс, қазақ, татар тілдерінде жазылған материалдар жарияланған. Газет 1913 жылы жабылады. Редакция ұжымы басылымның жабылуы себебін «Құрмет иесі оқушыларымызға» деген макалада қаржының жетіспеушілігінен деп көрсеткен. Ал негізгі себеп газеттің прогресшіл-демократиялық сарынынан қорыққан патша әкімдерінің кертартпа әрекетінен еді. Басылымның редакторы - Елеусін Бұйрин болды [126]. Енді тікелей «Қазақстанда» жарияланған материалдар жайына келетін болсақ, онда ең алдымен газет ел ішіндегі саяси оқиғаларды жазуда өзіндік бағыт ұстанды. Басылымда Б.Қаратаевтың «Азаматтарға бір-екі ауыз сөз» деген мақаласы жарияланды. Онда автор: «Көшпелі өмірдің күні өтіп бара жатқанын, көшпелі өмір және ескі әдеттер қазақты ғылым мен білімнен артта қалдырғанын, «балуан бірді, білімді мыңды жығатынын» айтып, жұртты отырықшылық өмірге бет бұруға, пайдалы кәсіппен айналысуға, балаларды

оқытуға шақырады [127]. Бұл мысалдарға қарап газет жалаң насихатшылықпен айналысатын материалдар жариялаумен шектелген деген ой туындамауы тиіс. «Қазақстанда» нақты ұсыныстар мен пікірлер жасаған еңбектер де болған. Мәселен, Ғабдолла Көпжасаров деген автор товаришество (серіктік) туралы айтып: «Оқыған адамдар бас болып, халықтың басын құрап, екі я үш болысты біріктіріп, товарицество жасап, жиналған ақшаға жер-жерден лавка ашып, сайсаланы бөгеп, товарицествода үлесі барлардың егіндік, пішендік жерлерін суарып беріп көрсетсек, халық пайдасын көрген соң өздері-ақ ұмтылар еді. Товаришествоның бір пайдасы халықты бірлікке үйретеді. Бір-біріне сенімін арттырады», – деп жазды. Екінші бір нақты ұсыныс жасаған автор Мұхаметқали Орақбаев. Ол: «Әр мәселеге білік пен бірлік немен болады? Білік болмай, бірлік болмайды. Әлбетте ғылымнан болады», – дейді [128]. Бұл айтылғандардан жұрт не істеу керектігін білді. «Қазақстан» газеті «Айқап» журналында жарияланған мақалаларға да үн қосып, қолдап отырды. Кейде пікір таласқа да барды. Бұл факті де газеттің өзіндік ерекшелігін, прогрессивтік халін танып, біле түсінуімізге көмектеседі. Мысалы, Ахмет Жанталиннің мақаласындағы: «Қазақ халқы қала болуы тиіс емес, қала болудың соңында біздер үшін тек көп қорқыныштар сезіледі», – деген пікірге «Қазақстан» газетінің белсенді тілшісі Ғ.Қарашев «Ахмет Жанталинге жауап» атты мақаласымен қарсы шығады [129].

«Қазақстан» газетінде оқу-ағарту, өнер-білім, мәдениет мәселелері де үзбей жарияланып тұрған. Мәселен, қазақ халқына білім, ғылым тарату туралы Ғ.Қарашев; «Бізде тағы да бір қате пікір бар. Орысша деп ғылымды жек көреді. Бұл да қате... Әліппе, оқу, яғни қисап, жағрапия, хакимия (право), әндаса (инженерлік), тауарих (тарих), тәбин (дәрігерлік), химия (химия), дирават (ауыл шаруашылығы), тажират (сауда) секілді пәндерде орыстық, яки басқасы жоқ, Бұл пәндерді оқудағы мақсат, оларда баян етілген қағидалардың мағынасын біліп, қолданып, адам балаларына түрлі жақтан пайда келтіруге болады. Бұларды арабша оқып біл, парсыша оқып біл, түрікше оқып біл, бәрі бір тек мағынасын жақсы біл де, халыққа пайда келтір! – деп әркімнің аузына түсе бермейтін биік адамгершілік позициядан көрінеді [130].

Жалпы, Ғ.Қарашев басылым бетіне оқу-білім туралы ең көп жазып, халқының ауыр халіне шын мәнінде жаны ашыған азамат болған. Бұған оның «Бұлай Маслихат» атты мақаласын келтіруге болады. Онда автор қазақ жұртының өнер, білім-үйрену арқасында ғана өмір сүріп қала алатынын жазып, жастарға үміт артады. Газет отырықшылық мәселесі тәрізді, балаларды жаңа тәсілмен оқыту проблемасы төңірегінде де пікірталас ұйымдастырып, жұртты ойлануға жетелейді. Осы мақсатпен «Қазақстанда» пікір жағынан бір-біріне қарама-қарсы екі мақала жарық көрді. Алғашқы мақаланың Ғ.Т. деген авторы: «Қазақта машаһат болмай, рахат болмайды» деген бар ғой. Машақат шегіп, қиын болған ескі оқумен оқу керек. Женілдің түбі женіл, арзанның сорпасы татымайды деген. Бізге ескі оқу да жарамай ма?» деген ескішіл пікір айтады. Ал, керісінше осы мақалаға жауап ретінде қарсы бағытта жазылған мақала авторы: «Ескі оқумен оқығандар екі жылда ежік танымайды, жаңа оқумен оқыған балалар аз уақытта хат жазуды біледі. Бұны өзімізге көпсінеміз бе? Мұндай пікірді дос болсаңыз халыққа таратпаңыз», – деп жалқаулық пен кертартпашылықтың

алысқа ің апармайтынан сездіреді [130]. Осы оқу-ағарту ісіне байланысты басылым бетінде әйел тендігі мәселесі де орын алып отырған. Мәселен, Есен Аманов деген автор қазақ қыздарының туғаннан саудаға салынатынын, соңғы кезде оларға деген көзқарас та біраз өзгергенін, бірақ Орал облысының Жымпиты, Жиренқожа және Үйірімжар болыстарында оқып жүрген қазақ қыздарының өз бас бостандықтары үшін күресуге ықыластары жоқтығын ашына жазған [131].

«Алаш» 1916 жылы 26-шы қарашадан бастап 1917 жылдың ортасына шейін Ташкент қаласында аптасына бір рет шыққан. Редакторы – Көлбай Тоғысов, шығарушысы – Мәриям Тоғысова. «Туркестанский курьер» баспаханасында басылып түрған. Газеттің шығуы жайында «Алаш» газетінің алғашқы санында: «Россия қарамағындағы елдердің бір болу үшін қазақ халқының шешетін мәселелерді көшпелілік пен отырықшылдық, оқу-ағарту ісін жөнге қою, Мемлекеттік Думаға қатысу, сот ісін жөндеу әйел мәселесін көтеру, елдің тырмыс халін түзету» деген [132].


1917 жылғы 22-ші санынан бастап «Алаш» газетінің редакторы Түзел Жанбаев болғаны туралы «Алаш» газетіндегі Жанабаевтың «Оқушыларға өтініш» деген мақаласында К.Тоғысовтың халық мәжілісіне, Петербордағы шаруалар сьезіне уәкіл болып сайланғаны, газет шығару жұмысы Түзел /Жанбаевка тапсырылғаны хабарланған. Ү.Сұбханбердинаның дерегіне қарағанда Петербордағы Салтыков-Щедрин атындағы кітапханада газеттің 22-ші санына дейін сақталған. Мысалы, «Қазақстан» газеті туралы автор: Ә, дегеннен-ақ: «1910-1914 жылдардағы революциялық қозғалыстың жана өрлеуі Қазақстан жұмысшылары мен шаруаларын ғана емес, сонымен қатар қазақ арасында жалпы демократиялық, мәдени-ағартушылық қозғалыстың жандануына үлкен әсер етті. Мысалы, Орда қаласында алдыңғы қатарлы қазақ интеллигенциясы: мұғалімдері, дәрігерлері т.б. қызметкерлер жасырын кәсіпшілік одақ ұйымдастырады. Одақтың көздеген шаруашылық, саяси мақсаты болды. Осы ұйым баспахана сатып алу үшін елден ақша жинап, жиналған қаржыға А.Н. Щелкованың меншікті баспаханасын ашуға көмектеседі [133]». «Қазақстан» газетінің алғашқы нөмірі осы баспаханада шығарылады [134]. Бұл көңіл аударарлық, әлі де жете зерттелуін қажет ететін жайт»,– деп бұл басылымға өзінің іш тартатындығын сездіреді. Осының бәрі де тегіннен тегін емес еді, әттең, заман басқа болды. Ғалым жинаған мол мұрасын еркін пайдалана алмады. Сондықтан, бүтін дүниені жартыкеш беруге тура келді. Кезінде Е.Бүйрин, Ғ.Қарашев, Б.Қаратаев, С.Мендешев сияқты авторлары болған жер, ел тағдыры, тарих, әдебиет, мәдениет күйі, отарлау саясаты туралы қайсы бір жайды ашық жазуға дәрмені барған басылым туралы «Қазақстан» қазақ баспасөзінің тарихынан прогресшіл демократиялық бағыттағы газет ретінде орын алады» деуден артыққа бара алмады [135]. «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінде ХХ ғасыр басындағы ұлттық мерзімді баспасөз беттерінде білім беру мен ағарту мәселелерін талдау көрсеткендей, сол кезеңде ұлт үшін ең өзекті мәселелердің бірі – оқу-ағарту ісінің жағдайы болған. 2-кестеде көрсетілгендей, «Айқап» журналында жарияланған мақалалардың басым бөлігі осы тақырыпқа арналды: бес жыл ішінде жалпы оқу-ағарту жағдайына қатысты 29 мақала жарияланып,

оған әр өңірдегі оқу орындарының жай-күйін баяндайтын 10 мақаланы қосқанда, журналдың басты назарында оқу-ағарту ісі тұрғанын байқауға болады.

2-кесте

«Айқап» журналында көтерілген оқу-ағарту және білім беру мәселелері қамтылған мақалалардың сандық көрсеткіші

Тақырыптық ауқымы:	1911 ж.	1912 ж.	1913 ж.	1914 ж.	1915 ж.	Барлығы
Ауылдық жерлердегі мектептердің жағдайы		1				1
Аймақтардағы білім беру ісінің жай-күйі	-	3	7	-	-	10
Әртүрлі халықтардағы білім беру жүйесін салыстыру	1	1	1	1	-	4
Бастауыш білім беру мәселелері	-	3	-	-	-	3
Білім беру жолдары мен бағыттары	1	1	1	-		3
Жазу жүйесі мен емле тәртібі мәселелері	1	1	-	-	-	2
Жәдиттік (төте) оқыту жүйесінің мәселелері	2	2	-	-	-	4
Ғылым мен білімді меңгерудің қажеттілігі	1	-	-	-	-	1
Емтихан өткізу жүйесі	2	-	-	-	-	2
Қыз балаларға білім беру мәселесі	-	2	3	2	1	8
Медреселердің қызметі мен жағдайы	1	1	1	1	-	4
Мектептер мен медреселерді ашу және салу мәселелері	9	7	3	1	1	21
Мұғалімдердің кәсіби қызметі мен даярлығы		1				1
Әлеуметтік көмекке мұқтаж оқушыларды қолдау мәселелері	2	2	2	1	-	7
Мұсылманша және орысша білім алғандардың ерекшеліктері	3	1	-	-		4
Оқу-ағарту ісінің жалпы мәселелері	8	9	11	-	1	29
Оқу құралдарын дайындау және басып шығару ісі	1	2	-	-	-	3
Оқу әдебиеттері мен оқулықтар мәселесі	2	1	1	3	-	7
Оқушылардың әлеуметтік және білім алу жағдайы	-	-	3	-	-	3
Орталық қалаларда білім алып жүрген қазақ шәкірттерінің жағдайы	1	1	3	-	-	5
Стипендиялық қолдау мәселелері	-	1	-	-	-	2
Жалпы саны	4	40	37	9	3	124




2-сурет – «Айқап» журналында көтерілген оқу-ағарту және білім беру мәселелері қамтылған мақалалардың үлестік көрсеткіші

Елдегі оқу-ағарту саласының жай-күйі 3-кестеде көрсетілгендей, «Қазақ» газетінде де басты әрі өзекті мәселелердің бірі ретінде қарастырылды. Басылым жарық көрген алты жыл ішінде газет беттерінде оқу-ағарту ісінің жалпы жағдайына арналған 27 мақала және аймақтардағы білім беру ахуалына қатысты 22 материал жарияланған. Ұлттық мерзімді баспасөздің оқу-ағарту мәселесіне ерекше назар аударуы кездейсоқ құбылыс емес. Бұл жағдай білім беру ісінің сол кезеңде ұлт дамуы жолындағы ең күрделі әрі өзекті мәселелердің біріне айналғанын көрсетеді.

3-кесте

«Қазақ» газетінде 1913-1918 жылдары оқу-ағарту, білім беру мәселелері бойынша мақалалардың тақырыптық сандық көрсеткіші

Мәселелер	1913 ж.	1914 ж.	1915 ж.	1916 ж.	1917 ж.	1918 ж.	Барлығы
Әліпби мәселелері	2						2
Әр өңірдегі білім беру жағдайы жөніндегі мәліметтер	10	1	6	3	2		22
Баланы тәрбиелеу мәселелері	1		2		*		3
Бастауыш білім беру жүйесінің жай-күйі	-	2	1			1	4
Гимназиялық білім беру мекемелері туралы	1				1		2
Ғылым мен білімді меңгерудің маңыздылығы	1						1
Білім алудағы емтихан жүйесі			1	1	1		3
Жазу және емле мәселелері	1		4				5
Қыз балалардың білім алуы	3		4	4	1		12
Қазақстанда жоғары оқу орнын ашу бастамалары			1				1
Мединеде қазақ мектебін ашу мақсатындағы қаржы жинау шаралары					2		2
Медреселердің қызметі мен жағдайы	3	3	4	6	5	1	22
Мектептер мен медреселерді салу және ұйымдастыру мәселелері	1	5	4	4	4	1	19
Білім беру мекемелерінің жабылу себептері					2		2
Мұғалімдер даярлау курстары			3		2	3	8
Мұғалімдер съездері мен олардың қызметі					3	1	4
Қаржылай көмекке мұқтаж оқушыларды қолдау мәселелері	4	7	8	9	6	2	36
Оқу бағдарламаларын әзірлеу және жетілдіру	2		2	1			5
Білім алудың қоғамдық маңызы	3		1				3
Оқытушылар мен мұғалімдердің қызметі	3	2	1	1	4		11
Халықтың білім мен өнерге ұмтылысын арттыру	1						1
Оқу мерзімі мен оқу жылының ұйымдастырылуы		1					1
Оқу-ағарту саласына қатысты заңнамалық құжаттар			1				1
Оқу-ағарту ісінің жалпы мәселелері	6	4	4	4	5	4	27
Оқу құралдарын дайындау және шығару	6	4	1	1	2	2	16
Оқыту әдістемесі мен педагогикалық тәсілдер	1	1					2
Оқушыларды білім алуға даярлау	1			1			2
Орыс тілінде және мұсылманша білім алғандардың айырмашылықтары	2	2	1				5
Орталық қалаларда білім алып жүрген қазақ жастары туралы	1	3	4	3	1	1	13
Қазақтардағы білім беру ісін өзге халықтар тәжірибесімен салыстыру	1	1	1				3
Стипендиялар тағайындау мәселелері		1			1		2
Университеттік білім беру жүйесі	1				1		2
Жалпы саны	55	37	53	36	44	15	240



3-сурет – Көрсетілген кестенің диаграммалық түрдегі үлес салмағы

Кестелер деректеріне сүйенсек, екі басылым да ерекше назар аударған келесі маңызды бағыт – мектептер мен медреселердің жағдайы, сондай-ақ оларды салу және ашу мәселесі болған. «Айқап» журналы аталған тақырыпқа байланысты 25 мақала жарияласа, «Қазақ» газеті «Медреселердің жағдайы туралы» 22, ал «Мектеп-медресе салу және ашу туралы» 19 материал ұсынған. Бұл мәселенің өзектілігі білім беру ісін ұйымдастыру үшін алдымен тиісті оқу орындарының болуы қажеттілігімен түсіндіріледі. Осыған байланысты екі басылым да жаңадан ашылған немесе салынып жатқан мектеп-медреселер туралы хабар таратып, олардың қызметін насихаттауға ерекше мән берген. Ұлттық мерзімді баспасөз көтерген тағы бір маңызды мәселе – материалдық тұрғыдан қолдауға мұқтаж оқушыларға көмек көрсету болды. Егер «Айқап» журналы бұл тақырыпқа 7 рет тоқталса, «Қазақ» газетінде ол 36 рет қозғалған. Бұл дерек «Қазақ» газетінің оқуға ынталы, бірақ қаржылық мүмкіндігі шектеулі жастарды қолдау мәселесін аса өзекті ұлттық міндеттердің бірі ретінде қарастырғанын көрсетеді. Мұндай бастамалар қоғам тарапынан қаржы жинау, шәкірттерге көмек көрсету сияқты нақты іс-шаралармен ұштасып отырған. Аталған мәселе ұлттық маңызы бар кең ауқымды проблема ретінде қарастырылып, кейінгі бөлімдерде арнайы талданады. Екі басылымға ортақ тағы бір маңызды бағыт – қыз балаларға білім беру мәселесі. «Айқап» журналы қазақ қыздарын оқыту тақырыбына 8 мақала жарияласа, «Қазақ» газетінде бұл мәселе 12 мақалада қамтылған. Сонымен қатар, ұлттық баспасөз беттерінде жазу тәртібі, жәдиттік (төте) оқыту жүйесі, оқулықтар мен оқу құралдарын дайындау, оқушылардың әлеуметтік жағдайы, мұсылманша және орысша білім алғандардың айырмашылығы, орталық қалаларда білім алып жүрген қазақ жастарының ахуалы, сондай-ақ әртүрлі халықтардағы білім беру жүйесін салыстыру сияқты мәселелер де жан-жақты қарастырылған. Аталған материалдарды дерек көзі ретінде талдау XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы оқу-ағарту ісінің даму барысы туралы құнды мәліметтер беретіндігі сөзсіз. Сонымен қатар, кестелерді салыстырмалы түрде талдау журнал мен газеттің оқу-ағарту мәселелерін көрсету тәсілінде белгілі бір

айырмашылықтардың болғанын аңғартады. Бұл айырмашылықтар, ең алдымен, басылымдардың жанрлық және құрылымдық ерекшеліктерімен байланысты газет форматы ақпаратты жедел әрі кең көлемде таратуға мүмкіндік бергендіктен, «Қазақ» газетінде оқу-ағарту мәселелері анағұрлым жан-жақты әрі терең қамтылған. Мәселен, газет беттерінде бүгінгі күнге дейін өз маңызын жоғалтпаған емтихан жүйесін ұйымдастыру, оқу бағдарламаларын жетілдіру, мұғалімдер курстарын өткізу, мұғалімдер съездерін ұйымдастыру сияқты өзекті мәселелер көтерілген. Екіншіден, «Қазақ» газетінің редакторы әрі белсенді авторларының бірі Ахмет Байтұрсынұлының оқу-ағарту саласының көрнекті теоретигі және практигі болуы да басылымның бағыт-бағдары мен жарияланған материалдардың мазмұнына айтарлықтай ықпал еткені анық. Мерзімді баспасөзде жарияланған материалдардың деректік құндылығы олардың авторлар құрамымен де тығыз байланысты. «Айқап» журналында оқу-ағарту мәселелері бойынша Мұхаметжан Сералин, Ахмет Байтұрсынұлы, Шаһмардан Әлжанов, Хабиболла Лекеров, Мұхаметсәлім Көшімов, Ғабдолғазиз Мұсағалиев, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Көлбай Тоғысов, Жұбакен Тілеубергенов сияқты көрнекті қоғам қайраткерлері мен ағартушы тұлғалардың мақалалары жарияланып отырған. «Айқап» журналының редакторы М.Сералин өз мақалаларында оқу-ағарту мәселесіне тұрақты түрде назар аударып отырған. Ол 1914 жылғы «Ескі жыр» мақаласында қазақ пен татар халықтарының білім беру ісін салыстыра талдаған. А.Байтұрсынұлы да «Қазақ» газетін шығарғанға дейін «Айқап» бетінде бірнеше мақала жариялап, оның ішінде «Жазу тәртібі» еңбегінде қазақ балаларына арналған әліппе мәселесін көтерген. Журнал авторларының қатарында С.Торайғыров қазақ қоғамындағы білім беру ісінің кемшіліктерін талдаса, М.Көшімов Әулиеата мен Шымкент өңірлеріндегі оқу-ағарту жағдайы туралы мәліметтер жариялаған. Х.Лекеров мектеп-медресе салудың қаржылық негіздерін көрсетіп, халықтан жиналатын қаражатты білім беру ісіне бағыттауды ұсынған. Ж.Тілеубергенов бастауыш мектеп, қыздарды оқыту және қазақ тіліндегі оқу құралдарын шығару мәселелерін көтерген. Ал Ғ.Мұсағалиев («Мұса Ғ.») қазақ тіліндегі жазу мәселелері мен мектеп ашуға қолдау көрсеткен тұлғалар туралы мақалалар жазған. Бұл мысалдар «Айқап» журналында оқу-ағарту мәселелерін сол кезеңнің озық ойлы зиялылары көтергенін көрсетеді. Сондықтан журнал материалдары деректік тұрғыдан құнды әрі шынайы болып табылады. XX ғасырдың басындағы оқу-ағарту тарихын зерттеуде «Қазақ» газетінің де маңызы ерекше. Бұл ең алдымен оның шығарушылары мен авторларының қоғамдық-саяси көзқарасы мен білім деңгейіне байланысты. Зерттеуші Қ.Атабаевтың пікірінше, мерзімді баспасөз материалдарының ғылыми құндылығы мақала авторының қоғамдағы орны мен көтерген мәселелерді қаншалықты терең меңгергендігіне тікелей тәуелді |9, 358 б). «Қазақ» газетінің ғылыми және деректік құндылығы, ең алдымен, оның негізін қалаған және негізгі мақалаларын жазған А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейхан және М.Дулатов сияқты авторлармен байланысты. Сонымен қатар, басқа қаламгерлер де газеттің идеялық бағытына сәйкес мазмұнды материалдар жариялаған.

Газеттің басты мақсаты үшінші санында нақты көрсетілген: халық игілігіне қызмет ету, қазақ қоғамына білім мен ғылымды тарату, сондай-ақ оқу-

ағарту, мектеп-медресе, білім беру жүйесі, ғылым, өнер, тіл және әдебиет салаларында бағыт-бағдар беру [136]. «Қазақ» газетінің беттерінде оқу-ағарту мәселесі кеңінен қарастырылды. 1913 жылы А.Байтұрсынұлы «Қазақша оқу жайынан», «Оқу жайы», «Оқыту жайынан» сияқты мақалаларын жариялады, М.Дулатұлы «Қазақ жайы», «Мектеп-медреселер мәселесі», «Шәкірттер жайы» секілді еңбектерін жазды. Сонымен қатар, Ғ.Қарашев, Д.Қашқынбаев, Н.Мақсұтов, Ғ.Мұсағалиев, С.Торайғыров, Ж.Тілеубергенов сияқты авторлардың мақалалары да жарық көріп, 1914-1918 жылдары үздіксіз жарияланып отырды, бұл оқу-ағарту тарихын жүйелі зерттеуге мүмкіндік береді. Ұлттық баспасөз қазақ қоғамындағы білім мен ғылымға деген қажеттіліктен туындады: патшалық билік газеттерді отарлық саясат құралы ретінде қолданса, қазақ зиялылары олар арқылы халық санасын оятып, ұлттық мүддені қорғауды көздеді. Сондай-ақ, газет беттерінде Г.Н. Потаниннің қазақ халқының мәдениеті мен ауыз әдебиетін зерттеудегі еңбегі де таныстырылып, оның рухани мұра жинақтаудағы рөлі атап өтілді [137]. Г.Н. Потанин қазақтарды жақсы таныған ғалым ретінде олардың оқу-ағарту саласындағы өзгерістерді байқаған. Ол ұлттық басылымдардың ашылуына назар аударып: «Оренбургта Байтұрсынов басқаратын «Қазақ» газеті, Троицкіде Сералин басқарған «Айқап» журналы халық пен ұлтты ілгері бастыруға қызмет етеді» – деп жазған. Сондай-ақ, қазақ халқының өнерге бейімділігін атап өтіп, олардың әншілік қабілеті мен мәдени дәстүрін жоғары бағалаған [138]. Қазақтың алғашқы ұлттық бейресми журналы «Айқап» пен жалпыұлттық мерзімді басылым «Қазақ» газетінде жарияланған мақалалар оқу-ағарту мен білім беру тарихының маңызды дерек көздері болып табылады. Бұл материалдар сол кезеңнің тарихи жағдайына сай ұлттық сипаттағы мәліметтерді жеткізген. Ұлттық басылымдар Алаш зиялылары үшін қазақ санасын орыстандыруға қарсы күрестің басты жолы ретінде қызмет етті. Ү.Субханбердина дайындаған библиографиялық көрсеткіштер мен жинақтар басылымдардың деректік құндылығын арттырды. Мектеп-медреселерді салу, ашу, жаңаша оқыту мен мұқтаж оқушыларға көмек көрсету мәселелері мақалалардың басты тақырыптарының бірі болды. Сонымен қатар, Алаш зиялылары мен Г.Потаниннің мақалалары ұлттық басылымдарда оқу-ағарту тарихын зерттеудің объективті негізін қалыптастырды, оған Абай шығармашылығы мен даналығының ықпалы да әсер етті. ХХ ғасыр басындағы мектеп-медреселердің жағдайына қатысты деректер білім шеңберін кеңейтуге мүмкіндік береді. Бұған қоса, совет дәуірінде ұлттық дерек көздерін пайдалану шектеулі болғандықтан, тәуелсіздік жылдарында да көптеген зерттеушілер араб әрпімен жазылған мақалаларды оқи алмай, тек ресми мұрағат материалдарына сүйенген. Сол себепті бұл мәселелердің тарихи маңызы одан әрі артады. ХХ ғасыр басындағы мектеп пен медреселердің айырмашылықтары белгісіз мұсылман автор жазбаларында келесідей сипатталған. Мектептерде оқу мерзімі нақты белгіленбеген, сыныптық бөлініс жоқ, оқу кезеңі бір кітапты меңгеруден екіншісіне өту арқылы есептеледі; мұнда араб тілін оқу, татар тілінде жазу, Құран жаттау, дұғалар мен түрік поэзиясы оқытылады. Курс 3-5 жылға созылуы мүмкін, мұғалім көбіне біреу немесе екі болады. Медреселер жоғарғы білім беру мекемесі болып, онда да сыныптық бөлініс жоқ, курс мерзімі шектелмеген;

мұғалім (мударрис) барлық пәндерді оқытып, оқу орнын толық басқарады, кейде қабілетті оқушыларды көмекші («халифа») етіп таңдайды [139]. Белгісіз автордың айтуынша, мектеп төменгі деңгейдегі мұсылманша оқытуды қамтамасыз етсе, медресе жоғарғы саты ретінде қарастырылған. Оқу сыныптар, бойынша емес, бір кітаптан екінші кітапқа өту арқылы жүргізілген: мысалы, «Иманшарттан» «Әптиекке» көшу арқылы есептелген. Сондықтан кейбір оқушылар бір кітапты бір жылда аяқтаса, басқалары бірнеше жыл бойы оқыған. Сабақ негізінен араб тілінде Құранды жаттауға бағытталған, ал оқытушы біреу ғана болған (мектепте – молда, медреседе – муддерис) [140]. С.Мұқанов өз естелігінде бұл оқыту әдісінің қиын әрі түсініксіз болғанын, кейде молданың өзі араб және парсы сөздерін қате оқығанын айтады. Сол себепті тек зирек балалар ғана «ежеден» «сүреге» өтіп, араб тілін меңгерсе, басқалары бірнеше жыл оқыса да сауатсыз қалып қалған [140, 64 б.]. Дегенмен, Мұқановтың айтуынша, шалағай болса да, оқытудың өз жемісі бар: балалар күн сайынғы қайталау арқылы мәтіндерді түсінуді үйреніп, араб тіліндегі сөздердің мағынасын біртіндеп түсіне бастаған [140, 66 б.]. Талдау көрсеткендей, XIX ғасырдың соңы – XX ғасыр басындағы мұсылман мектептерінде оқыту жүйесі формалды, көбінесе жаттығуға бағытталған, бірақ қайталау мен тұрақты тәжірибе арқылы балалар тіл мен мәтінді меңгеруге мүмкіндік алған. Бұл әдіс кейбір оқушыларға тиімді болса да, жалпы білім деңгейінің біркелкілігін қамтамасыз етпеген [140, 66 б.]. XX ғасыр басында қазақ халқы мұсылманша оқу ошақтары – мектеп пен медресе салу мең ашуға ерекше көңіл бөлгені ұлттық басылымдар «Айқап» пен «Қазақтың» беттерінде жан-жақты бейнеленген. Мекен пен медресе қажеттілігі, салудың қиындықтары, жер-жерде ашылған оқу орындары және қаржылай көмек көрсетушілер туралы мақалалар «Айқап» журналында Ғ.Жаманбаев, Х.Лекеров, Н.Молдағазин, Ш.Ибрагимов, М.Малдыбаев, Ғ.Мұсағалиев, Ғ.Шегерсарыұлы, А.Егізбаев және басқалардың еңбектерінде, сондай-ақ «Уақиғалар», «Әр жерден келген хабарлар», «Фельетон» айдарларында жарияланған. Мысалы, Х.Лекеров 1911 жылғы №6 санында «Біздерге не істерге керек?» мақаласында халықты мектеп-медресе салып, мәдениетті, ғылыми жетістіктерден үлгі алып, жастарға пайдалы ғылымды үйретуге шақырса, 1912 жылғы №5 санында «Ақшасыз болмайды» мақаласында мектеп-медресе салудың қаржылық жағы туралы айтып, зекет пен садақаны осы мақсатқа жұмсауды ұсынған [141]. Берілген деректерге қарағанда, XX ғасыр басындағы қазақ қоғамында оқу-ағарту мәселесі өте өзекті болған. «Айқап» Журналы осы тақырыпқа жүйелі түрде назар аударған. Мысалы, Х.Лекеровтың Мақалаларында [142] қазақтар арасындағы жалпы оқу-ағарту мәселелері мен ауылдық мектептердің рөлі көрсетілген. Ол ауыл мектептерін жөндеу, дәрігерлік, егіншілік, сот сияқты пайдалы ғылымдарды үйрету қажеттігін атап өткен.

Н.Молдағин [143] өз хатында мектеп, медресе, мешіт салған және қоғамға пайда әкелген азаматтарды мысалға келтірген. Мысалы:

1. Оралда Ғәбділлә Х.Дұшпанов медреседе төте оқуды енгізіп, 15 шамалы шәкіртке білім берген; мешіт пен кәсіби үйірмелер де бар.

2. Темірде Молдағазы Халмұхамедов салдырған екі медресе, тастан мешіт және бақша бар, 3 мұғалім жүзден астам шәкірт оқытады.

3. Жетісуда Шәбден батыр Жантаев мешіт салса, Әлкен баласы медресеге қаржылай үлес қосқан; 200 бала төте оқумен оқиды.

4. Қырғыз төрелерінен Қанағат қажы медресе салып, жүз балаға төте оқуды үйретеді.

Қапал уезінде Мамановтар медресесі бар, олар басталған істерді аяқтауға үлес қосады. Молдағазин бұл хатты «Еңбекті ерлер, білікті жігіттер, дәулетті байлар, қаламы жүйрік молдалар, жас ағалар тірі тұрғанда мен қазақтан күдер үзбеймін» деп аяқтайды. Басқа мысалдар да бар. «Шортанды бойында мақаласында белгісіз автор [144] Қостанай уезіндегі Нұрмұхамет Қажы Тасболатовтың мектеп ашып, 30 балаға білім беріп жатқанын жазады; сондай-ақ Бекмахамбет Құлманов ауылындағы мектепте 25 бала оқиды. Бұл үлгілердің басқа ауылдарға да таралуын тілейді. Сондай-ақ, Ғұмырхан Жаманайұлының оқу-ағарту мен мектеп-медресе салудағы еңбектері туралы Егізбаев Ахмет «Қайғылы өлім» мақаласында [145] жазған. Бұл материалдар қазақ баспасөзінің оқу-ағарту тарихы туралы деректерінің байлығы мен практикалық бағыттылығын көрсетеді. Журналдар тек мәселелерді талдаумен шектелмей, нақты іс-шараларды, қоғамдағы үлгілі тәжірибелерді көрсету арқылы халыққа бағыт-бағдар беріп отырған. Ауылдық мектептер мен медреселердің қоғамдағы рөлі, төте оқу, кәсіби үйірмелер сияқты оқу түрлерінің ұйымдастырылуы – қазақ қоғамындағы білім беру жүйесінің қалыптасуын айқын сипаттайды. Бұл деректер оқу-ағарту тарихын зерттеуде ұлттық мерзімді баспасөзді негізгі дерек көзі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Берілген дерек бойынша, «Айқап» журналында жарияланған материалдар қазақ қоғамындағы оқу-ағарту ісіндегі белсенді азаматтардың еңбегін айқын көрсетеді. Мысалы, Ғ.Мұса (Ғабдулғазиз Мұсағалиев - Ш.А.) Жетісу өңіріндегі белгілі бай, Арасан елінің болысы Маман қажының баласы Сейітбаттал қажы Мамановтың қайтыс болуына арналған «Сейітбаттал қажы Маманов» атты қазанамасында [146] оның халыққа жасаған игі істері сипатталған. Мазмұны бойынша талдау: Сейітбаттал қажы Маманов өз өмірінде мектеп-медресе салдыру, халыққа пайдалы шараларды ұйымдастыру арқылы білім беру мен діни тәрбиеге үлес қосқан. Ол Қарағашта мешіт пен мектеп салдырған, мектептің дамуына қаржылай қолдау көрсеткен, тіпті жыл сайын оқыту үшін қаржы беріп отырған. Қыздар мектебін ашу сияқты прогрессивті бастамаларға қолдау көрсетіп, оқу бағдарламасының ішкі мәселелеріне араласпаған, бірақ қаржылық және ұйымдастырушылық тұрғыдан көмектескен. Қазанамада оның отбасы туралы мәліметтер, білім алуына үлес қосқан шәкірттер мен қоғамға тигізген пайданы атап көрсету арқылы оның қоғамдағы рөлі және оқу-ағарту ісіндегі белсенділігін көрсету бар. Бұл мысал қазақ баспасөзінің ұлттық мүдде мен білім беру ісін дәріптеуінде дерек көзі ретіндегі рөлін көрсетеді. Журнал оқырманға нақты тұлғалардың үлгісін ұсынып, қоғамдағы оқу-ағарту ісінің белсенділігін айқын көрсетеді. Сейітбаттал қажы Маманов сияқты азаматтардың әрекеттері арқылы журнал халыққа білім беру және әлеуметтік жауапкершілік құндылықтарын насихаттағаны көрінеді. Бұл мысал ұлттық мерзімді баспасөздегі оқу-ағарту мәселелерін зерттеуге нақты деректік материал болып табылады. «Қазақ» газеті өз оқырмандарын жер-жерде салынып жатқан немесе ашылған мектеп-медреселер туралы хабардар етті. Бұл

мақсатта «Ішкі хабар» және «Тілшілер сөздері» айдарларында, сондай-ақ жеке авторлардың мақалаларында нақты мәліметтер берілді. Мысалы, 1913-1917 жылдары газеттерде Зайсан, Павлодар, Қапал, Қызылжар, Ақмешіт, Ақтөбе, Қостанай сияқты өңірлерде мектеп-медреселердің салынуы мен ашылуы туралы ақпараттар жарияланды. Мақалалардың авторлары – Уәлихан Омарұлы, Жиенғали Төлепбергенов, Әбубәкір Якупов, Құлахмет Амантаев, Жұмағали Көпенұлы, Әлмұхамет Оспанұлы және басқалар – оқу орындарын ашу мен қаржылық қолдауға қатысты мәліметтер келтірген. Мысалы Ж.Төлепбергеновтің 1915 жылғы №147 санындағы «Мектеп ашылуы» мақаласында Темір уезіндегі мектептің ашылуы сипатталған: мұғалім Ғабдолла Бергенов өз үйінің бір бөлігін балаларға арнап оқытқан, ата-аналар мен ақсақалдардың қатысуымен емтихан өткізіліп, кейін жергілікті тұрғындардың көмегімен үш бөлмелі мектеп салынған, мектепке жер мен қаржылық қолдау да берілген. Қазіргі уақытта мектеп ғимаратының ішкі-сыртқы жағдайын жақсарту, парталар мен қажетті оқу құралдарын дайындау: жұмыстары жүргізілуде. Мұғаліммен қатар мектеп ісін басқаруға Жалекен Баймағанбетов пен Қалы Қаратев секілді ақсақалдар атсалысқан. Олар дәстүрлі білім алғанымен, көзқарастары ашық, ынталы әрі жігерлі азаматтар болған. Материалдық мүмкіндіктері шектеулі болса да, мектеп басқару ісіне белсенді араласқандары құрметке лайық. Егер әр өңірде Ғабдолла тәрізді мұғалімдер жетекшілік етіп, бағыт-бағдар көрсетсе, ал Жалекен мен Қали секілді ақсақалдар мектеп ісін ұйымдастыруға белсене қатысса, бұл халық үшін үлгі боларлық игі бастамаға айналар еді [147].

«Айқап» пен «Қазақ» материалдарын талдау көрсеткендей, мектеп-медресе салу мен ашу қазақтар үшін қазан төңкерісі алдындағы ең өзекті мәселелердің. бірі болды. Бұл мерзімді басылымдар оқу-ағарту тарихының дереккөзі ретінде маңызды: XX ғасырдың екінші онжылдығында мектеп пен медреселер елдің барлық аймақтарында салынып, көбінесе мешіттер жанынан ашылған; мектеп салуға байлар, саудагерлер, қажылар, мұғалімдер, ақсақалдар белсенді қатысқан; сондай-ақ дүниеден өткен адамдардың мектеп немесе медресе ашуы олардың өміріндегі ізгі іс ретінде бағаланған. Келтірілген нақты мысалдар кеңестік тарихнаманың «қазақтар тек кеңес үкіметінің арқасында ғана оқуға мүмкіндік алды» деген қатаң тұжырымының негізсіз екенін толық дәлелдейді. Егер оқу-ағарту саласында қазан төңкерісіне дейін ірі істер атқарылмаған болса, мақала авторларының бірі «Қазақтың мұнша алға кеткенін көріп, қуандым» деп жазбаған болар еді. «Айқап» – журналы мен «Қазақ» газетінде мектеп пен медреселердің қалыптасу жолы әрқилы сипатталған. Солардың біріне қатысты «Егемен Қазақстан» газетінің 2004 жылғы 28-нөмірінде мынадай мәлімет келтіріледі: Зайсан қаласындағы Мұхтар Әуезов атындағы қазақ орта мектебінің негізі 1913 жылы қаланған. Алғашқы кезеңде оқу үдерісі «атаулы жәдит» әдісімен жүргізілген. Мектеп мешіттің бір бөлмесінде орналасып, онда шамамен 30-40 оқушы білім алған. Оларға сол уақыттағы жаңашыл білім алған ағартушылар – Сейітқазы Нұртай, Тайыр Жомартбаев, Бейсенбаев Шайқысіламов, Алпысбаев секілді ұстаздар араб жазуының төте әдісі негізінде дәріс берген [148].

Журнал мен газет тек салынып жатқан немесе жаңа ашылған мектеп-медреселерді ғана емес, бұрыннан жұмыс істеп келе жатқан оқу орындарында қамтып, олардың қазақ балаларына білім беру саласындағы қызметі туралы құнды мәліметтер берді. Мысалы, «Айқап» журналы 1911 жылғы №8 санында Омбы уезіндегі «Медресе Жуариенің» оқу және ұйымдастыру мәселелерін жариялады; сол санында Тоқаев Қ. Семей облысындағы «Мектеп Қазақия» туралы, оның емтихан жүйесін сипаттады. 1913 жылғы Х4 санында Тоқтарбеков Ғайсы «Медресе Ғалиеде» қазақ шәкірттері туралы жазса, №7 санында Найманский К. (Көлбай Тоғысовтың бүркеншік есімі) Қапалдағы «Мамания» мектебін сипаттады. Сол кезеңде ел ішіндегі және шетелдегі мектеп-медреселердегі оқу үдерісі мен қазақ шәкірттерінің жағдайы туралы «Қазақ» газетінде 20-дан астам мақала жарияланған. Мәселен, Қайыркен Болғанбаев 1913 жылғы 44 және 1914 жылғы 64 нөмірлерде «Медресе Хасениде қазақ балалары» мақаласында қазақ шәкірттерінің жағдайын баяндаған. Ал Нияз Мақсұтов 1913 жылғы 26 нөмірде Троицк қаласындағы оқу-ағарту ісі мен шәкірттердің тұрмысын сипаттаған. Сонымен қатар басылымда Ақмола уезіндегі «Сәуле» мектебі, Троицктегі «Медресе Расулия», Зайсандағы «Медресе Қазақия», Қарқаралыдағы «Медресе Әмірия», Орынбордағы «Киргизская школа», «Медресе Зahтия», Уфадағы «Ғалия», Жетісудағы «Мамания», мектебі секілді оқу орындары туралы да мәліметтер жарияланған. (Осы материалдар арқылы қазан төңкерісіне дейін қандай қалаларда, қандай мектеп-медреселер жұмыс істегені, олардың оқу процесінің жағдайы және шәкірттерге қандай пәндер мен әдіспен білім берілгені туралы маңызды ақпарат алуға болады. М.Дулатов «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 44-нөмірінде жарық көрген «Мектеп-медреселер мәселесі» атты мақаласында ноғай басылымдарында мектеп пен медреселер жайында қызу талқылаулар жүргенін атап өтеді. Ол ішкі істер министрлігіне қарасты діни істер басқармасы мектеп-медреселер қызметіне байланысты бес түрлі сауал жолдап, сол сұрақтарға жауап дайындау үшін Уфа қаласына 30-40 маман жиналғанын жазады. Автор мамандар әр сауалға жеке жауап беріп, оны тарихи деректермен негіздегенін айтып, аталған бес сұрақ пен оған берілген жауаптарды таныстыруды мақсат етеді [149].

М.Дулатов еңбегінде ноғай зиялылары мектеп-медреселер қызметіне қатысты қойылған бес сауалға төмендегідей жауап бергенін баяндайды. Біріншіден, медреселер шариғат талаптарына сүйене отырып, мұсылман қауымына ислам негіздерін үйретіп, адамдарды дүние мен ақырет бақытына жеткізетін білім ордасы болуы тиіс.

Екіншіден, мектеп-медреселердің негізгі міндеті – мұсылман балаларына сауат аштырып, ислам қағидаларын меңгерту, өнегелі тәрбие беру және қоғамға пайдалы, білімді тұлғаларды қалыптастыру. Сонымен қатар, мұндай оқу орындары дін мен дүниелік ғылымдарды қатар меңгерген ғалымдар мен мамандар даярлауға қызмет етуі қажет.

Үшіншіден, оқыту жүйесі жеңіл әрі тиімді болуы көзделіп, білім ана тілінде, сондай-ақ қажет болған жағдайда орыс және басқа тілдерде жүргізілуі тиіс деп көрсетіледі.

Төртіншіден, оқу бағдарламасына аңа тілінде оқу-жазу ережелері, хадистер, ғылым мен тарих негіздері, ислам және ұлт тарихы, орыс тарихы, география, математика және денсаулыққа қатысты пәндер енгізілуі қажет деп белгіленеді.

Бесіншіден, оқытушылар өз саласын жетік меңгерген, мұсылмандық қағидаларды ұстанатын, адамгершілігі жоғары, педагогикалық әдістерді білетін тұлғалар болуы тиіс. Ұстаздың шыққан тегі немесе жынысы емес, кәсіби білімі мен адамгершілік қасиеті басты талап ретінде қарастырылған [149].

М.Дулатовтың айтуынша, қойылған бес сұраққа Уфада 30-40 маман тарихтан дәлелдер келтіріп жауап берген, оның ішінде мектеп-медреселерге қатысты маңызды мәліметтер де бар. Бұл деректер қазақ шәкірттері мен оқытушыларына тән ерекшеліктерді көрсетеді. Біріншіден, қазақ қалалары мен ауылдарындағы мектеп-медреселерде көбіне ноғай және башқұрт ұстаздар сабақ берген. Мысалы, башқұрт ақыны Сайфи Фаттақ ұлы Құдашев қазақ ғалымы Тұрсынбек Кәкішевке: «1913-1915 жылдары қазақ даласында балаларды оқыттым. Бұл менің өмірім мен тағдырымды айқындаған маңызды оқиға болды. Қазақ сахарасы біз, татар мен башқұрт шәкірттері үшін білім алу мен күн көріс көзі болды. Қазақ халқы тамағымызды тойдырса, біз өз тарапымыздан ағартушылық қызмет көрсетуге тырыстық. Қазақ елінде болған үш жылым мені әдебиет, музыка және жырға жақындатты, әдеби жолыма оң әсер етті» – деп айтып өткен [150]. Екіншіден, ондаған, жүздеген қазақ балалары Омбы, Орынбор, Қазан, Уфа сияқты қалалардағы татар және башқұрт мектеп-медреселерінде білім алған. Солардың ішінде 1906 жылы ашылған Уфа қаласындағы «Медресе Ғалия» ерекше орынға ие. «Уфа тарихы» (1981) еңбегінде 1914 жылы Уфада 4 ер балалар және 9 қыздар мектебі бар екені, төрт медреседе («Усмания», «Ғалия», «Хаким» және «Хасанияда») 580 шәкірт оқығаны көрсетілген. «Ғалия» жоғары мұсылман оқу орны ретінде татар, башқұрт және Ресейдің басқа мұсылман халықтарын ағарту ісінде зор рөл атқарған. Мұнда білім беру жүйесі жақсы ұйымдастырылып, үш дайындық класы (жылдық курс) және үш негізгі класы (үш жылдық оқыту) болды. Медреседе диспуттар, дәрістер, әдеби кештер ұйымдастырылып, татар, қазақ, өзбек тілдерінде қолжазба журналдар шығарылды, оқушылар революциялық оқиғаларға белсенді қатысқан. 1912 жылы оқушылар арасында ірі ереуіл болғаны да мәлім [150, 61 б].

«Ғалия» медресесінде білім алғандардың қатарында қазақтар де бар, алайда олардың нақты саны толық анықталған жоқ. Әртүрлі деректерде айырмашылықтар кездеседі. Мысалы, Ғалым Ахметов өзінің 1996 жылғы «Алаш, Алаш болғанда» атты еңбегінде дерек көздерінен алынған мәліметтерге сүйене отырып, «Ғалияда» оқыған 52 қазақ шәкіртінің атын атап көрсетеді [151].

Сонымен қатар, патша жандармериясының Түркістан генерал-губернаторына берген құпия мәліметінде түркістандық 17 шәкірттің аты-жөні және жастары көрсетілген [151, 146 б.], бұл «Ғалияда» оқитын қазақ шәкірттердің полиция бақылауында болғанын білдіреді. Сол сияқты, «Ғалияда» оқып жүрген Ғайса Тоқтарбекұлы 1913 жылы «Қазақ» газетінде медресеге шамамен 40 қазақ жастарының оқығанын, олардың ішінде 14-і Семейден, 7-і

Ақмоладан, 5-і Торғайдан, 6-ы Астраханнан, 6-ы Жетісудан, 2-і Сырдариядан келгенін жазған [151, 145 б.]. Осылайша, бір мезгілде «Ғалияда» шамамен 30-40 қазақ шәкірті білім алғаны анықталады. Егер медресенің 1906-1920 жылдар аралығында жұмыс істегенін ескерсек, «Ғалияда» білім алған қазақ шәкірттерінің жалпы саны 52-ден әлдеқайда көп болғаны күмәнсіз. «Ғалия» медресесіне «Қазақ» газеті де ерекше назар аударған. М.Дулатов, Садуақас Жандосов сияқты авторлар арнайы мақалалар жазып, 1916 жылы медресенің ашылғанына 10 жыл толуына орай мақалалар жарияланды; сол жылы Ахмет Байтұрсынов Уфаға барып «Ғалияда» оқып жүрген қазақ шәкірттерімен суретке түскені мәлім. Газеттегі 1913 жылғы №43, 1914 жылғы №58 және №90 сандарындағы «Ішкі хабарларда» медреседегі оқу ісі мен шәкірттердің тұрмысы туралы деректер берілген. Сонымен қатар, «Ғалия» шәкірттері өздері де қазақ тілі мен білімге қатысты мақалалар жариялап, ұлттық мәселелерді көтерген. Мысалы, 1915 жылғы 23 желтоқсандағы «Ашық хатында» 34 шәкірт: «Біздің көбірек сүйетін нәрсеміз: өз тіліміз, өз ғұрпымыз, өз халқымыз, өз жеріміздің табиғаты» деп жазған [152]. Ал газеттегі 1916 жылғы №210 санында жарияланған «Медресенің 10 жылдық тойы» мақаласында медресенің алғашқы 10 жылдағы білім беру ісі, шәкірттердің рухани және ұлттық тәрбиесі жоғары бағаланғаны айтылады [153].

Кезінде «Медресе Ғалияда» білім алған қазақ шәкірттері ұлт мәселесіне белсенділік танытып, тәуелсіз ой-пікір қалыптастыруға ұмтылғандарының айқын дәлелі – олардың бірнеше жыл бойы «Садақ» атты қолжазба журналын шығарып отырғаны. Профессор Тұрсынбек Кәкішевтің осы журналдың тарихына арналған еңбегінде: «Журнал 1915 жылдың 9 қарашасынан 1918 жылдың 10 ақпанына дейін жарық көрді. Оны ұйымдастырушылары Бейімбет Майлин мен Жиенғали Тілепбергенов болды. Жалпы бағытында журнал мәдени-ағартушылық сипатта болған. Оның маңыздылығы – шәкірттерді әдебиетпен таныстыру, қаламмен жұмыс істеуге үйрету және өнеге беруінде. «Садақ» қазақ журналистикасының тарихында айтарлықтай рөл атқарған» деп көрсетілген [150]. «Ғалия» медресесінде оқыған қазақ шәкірттері туралы мол деректер «Садақ» журналын шығару жұмысына қатысқан Б.Майлин, Ж.Тілепбергенов, Армия Ешксев, Зейнелғабиден Имажанов, Әшекей Жәкеев, Сұлтан Шоқаев, Ахмет Мәметов (Мәншүк Мәметованың әкесі), Хамза Ибрагимов, Садық Қасымов, Зияш Алдабергенов, Әбілғазы Иманбеков және басқалар арқылы жеткізіледі. Халық әртісі Ермек Серкебаевтың әкесі Бекмұхамед Серкебаев өз естелігінде 1906 жылы Қызылжардағы «Шалақазақ» медресесіне, ал 1911 жылдан бастап Уфа қаласындағы «Ғалия» медресесіне оқуға барғанын баяндайды. Ол «Шалақазақ» медресесі Уфадағы «Ғалиядан» әлдеқайда төмен болғанын, сондықтан олар Уфаға баруға шешім қабылдағанын айтады [155].

Серкебаев «Ғалияда» бірге оқыған замандастары туралы: «Шайықзада мен Мағжан медресенің мақтанышы болды. Ұлы Ғалымжан Ибрагимов өзі Мағжанмен есептесе білді. Қазақ қызы романының бірінші бетінде Мағжанның өлеңі эфиграф ретінде қолданылды. Араб, парсы, түркі тілдерін жетік меңгерген, орта ғасырлық парсы ақындарының өлеңдерін аударған жас Мағжан өз замандастарын таң қалдырды. Сондай-ақ, Бейімбет Майлин де осы медреседе

«Садақ» журналы бетінде алғашқы шығармасын жариялады» деп жазды [154, 4 б]. Өкінішке орай, талантты алаш азаматтарының бір бөлігі 1930-шы жылдары сталиндік қуғын-сүргінге ұшырады. Аман қалғандары оқу-ағарту саласында ұзақ жылдар жемісті еңбек етті. Мысалы, Зейнелғабиден Имажанов «Қазақстанның халық мұғалімі» атағына ие болып, Ленин орденімен марапатталды; Нұғмен Манаев, Армия Әшкеев, Әбілғазы Иманбеков және басқалары да еліміздің білім беру саласында көп жылдар қызмет етті [155]. «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті де жазғандай, қазан төңкеріске дейінгі Қазақстандағы мектеп-медреселер арасында ерекше мәнге ие болған оқу орындарының бірі – Жетісудағы «Мамания» мектебі еді. 1956 жылы Мәскеуде шыққан «Советская педагогика» журналы бұл мектеп туралы былай деп баяндайды: «Қазақстандағы Жадит мектебінің ең беделділерінің бірі – Жетісу облысы, Қапал уезіндегі «Қарағаш» ауылы, 1899 жылы ашылған ағайынды Маман мен Тұрысбек қажының медресесі, жұрт оны «Мамания» деп атайды. Мектепте оқу мерзімі 5 жыл, 1913 жылы 112 шәкірт білім алған.» [156]. 1999 жылы мектептің 100 жылдығына арналған «Мамания» жинағында келесідей деректер келтірілген: 1905 жылы Арасан болысының биі Сейітбаттал қажы үш кластық мектепті төрт кластық етіп кеңейтіп, төте оқыту әдісін енгізген және діни сабаққа қосымша бірнеше жаңа пәндерді қосқан. Алғашқы оқушылар арасында Ілияс Жансүгіров, Біләл Сүлеев және басқалары болған. 1906 жылы мектептің негізінде мешіт пен «Ғалия» медресесінің үлгісі бойынша медресе салына бастаған. Қажетті материалдар, оның ішінде күйген кірпіштер Семейден әкелінген, ал мектеп үйі 1909 жылы аяқталған [156, 49 б]. Бастапқы жылдары сабақ оқытқан мұғалімдер татар ағайындары болған, кейін «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінде жарияланған хабарландыруларға сәйкес Семей, Батыс Қазақстан және басқа аймақтардан білімді қазақ мұғалімдері шақырылып, әртүрлі пәндерден сабақ берген. Шеттен келген мұғалімдер шартқа отырғызылып, пәтер мен жалақысын Маман балалары қамтамасыз еткен. Оқу қыркүйектен мамырға дейін жалғасып, оқу жылы соңында емтихан салтанатты мәжіліс түрінде өткізілген. Емтихан тапсырған оқушыларға «Афарин» (бестік), «Имтияз» (төрттік), «Мақбул» (үштік) деген куәліктер берілген. Мектепті жабдықтау үшін Алматы, Семей, Ташкент, Уфа қалаларына арнайы адамдар жіберілген [156, 50 б]. Сонымен қатар, Ыбырайым Мамановтың жазуынша, Маман балалары қазақ мәдениетін дамытуға үлес қосып, шет қалаларда оқитын қазақ студенттеріне қаржылай көмек көрсеткен. Мысалы, 1914 жылы «Қазақ» газетінде Есенқұл Маманов қазақ тілінде жазылған романға 200 сомдық бәйге қойғаны жарияланған, ал «Айқап» журналы 1915 жылы бұл бастаманы қазақ әдебиетінің тарихында тұңғыш романға бәйге қою ретінде атап көрсеткен [156, 52 б]. «Мамания» мектебі сияқты ірі оқу орындарының тарихы қазақ тарихымен тығыз байланысты және күрделі болды. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін мектеп ғимараты атқора немесе қоймаға айналды. Маман байдың, ұрпақтары Қытайға қашуға мәжбүр болды, ал түлектері – Ілияс Жансүгіров, Біләл Сүлеев сияқты тұлғалар саяси қуғын-сүргін құрбаны болды. Тек тәуелсіздік жылдарында мектеп тарихы жан-жақты зерттеліп, 1999 жылы 100 жылдығына орай тарихи аты – «Мамания» қайта берілді. Қазақстанның басқа өңірлерінде де ірі медреселер жұмыс істеген. Мысалы, «Жас

Алаш» (2006, №69) деректері бойынша, 1864-1931 жылдары қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы Байдібек ауданында Аппақ ишанның әкесі Сейдақымет ишан Шаян мешітін салдырған және оның жанынан жүз орындық медресе ашылған. Медресеге Қазақстанның әр өңірінен шәкірттер келіп, ислам мәдениеті мен діни білім алған. Аппақ ишан қазақ қоғамында ислам дінін таратушылардың үшінші буыны болса, ұлы Алауатдин ишан 1905-1912 жылдары Түркістан, Ташкент, Бұқара, Қатта Қорғандағы медреселерде білім алып, кейін Үргеніш, Уфа («Ғалия») және Орынбор («Хусайня») медреселерінде жаңа әдіс бойынша оқыған [157].

Мақалада айтылғандай, Шаяндағы Аппақ ишан мешіті тек Қазақстанмен ғана емес, Орталық Азия, Еділ мен Жайық бойы, сондай-ақ империядан тыс алыс елдердегі ислам орталықтарымен де байланыста болған. Бұл байланыстарға бұрын патшалық, кейін Кеңес билігі күдікпен қарап, саяси астар іздеген, соның нәтижесінде Аппақ ишан мен оның ұрпақтары қудаланған [157, 11 б.]. Бұл мақала ұлттық басылымдар арқылы қазақ жеріндегі медреселер жөніндегі деректерді толықтырады. Бір жағынан, ол ел ішінде ірі білім ордасына айналған медресе туралы мәлімет ұсынады, екінші жағынан, осы медресені ұстап, халыққа білім берген, бірақ большевиктік қуғын-сүргінге ұшыраған бір әулет жайлы ақпарат береді. ХХғ. 20 ж. баспасөздің маңыздылығын сол кездің өзінде қазақ зиялылары газет-журналдардың бетінде айқындап берген болатын. «Ұран» газеті 1917 жыл, №3-5 сандары – ағарту, халықты ояту, оқу-білім туралы мақалалар жарияланған.

Ұран газетінің 1917 жылғы 26 қыркүйегіндегі №8 мақаласында «Зиялылар сьезі» өтіп, сол сьезде негізгі қарастырылған мәселелердің бірі болып «Оқу, оқыту» туралы 21 шілде де өткен жалпы Ішкі ордалық сьезінің Ордадағы учительдер шығаратын курсты, сол күннен бастап курсты учительский семинарияға айналдыруға кірісу туралы шешім қабылдап, күн тәртібіндегі мәселелердің алғашқысы деп шығарды [158]. Есмұқан Есенғалиевтің «Жаңа қалада білім бірлігі» атты мақаласында 1917 жылдың тамыз айында Жаңақалада қазақ азаматтарының жиналып, «Білім бірлігі» атты мәдени-ағарту ұйымын құрғаны айтылады. Бұл ұйымның басты мақсаты – халық арасында білім мен өнерді насихаттап, оқу-ағарту саласын дамыту болды. Ұйым жаңадан құрылғанына қарамастан, халық тарапынан үлкен қолдау тапты. Қазақ жастары да бұл іске белсенді қатысып, түрлі мәдени іс-шаралар өткізді. Мысалы, Ишанғали Меңдіхановтың жетекшілігімен жастар ойын-сауық кешін ұйымдастырып, одан жиналған 500 сом қаржыны «Білім бірлігі» қоғамының жұмысына тапсырды. Қауым құрылғаннан кейін бірқатар маңызды жұмыстар атқарылды. Жаңақаладағы мектептерге дін сабағын жүргізетін мұғалім тағайындалды. Сонымен қатар ұйымның басқару жүйесі құрылып, арнайы президиум сайланды. Ұйымның төрағасы болып Шерғали Жақыпбаев сайланды. Оның орынбасары қызметіне Мұғас Батырғалиев, ал хатшы қызметіне Ешмұхамет Бегалиев бекітілді.

Сонымен қатар, Ұран газетінің 1917 жылғы 28 шілдесіндегі №28 мақаласында «Жаңа қалада білім бірлігі» атты бөлімінде 1917 жылдың август айында Жаңақалада «Білім бірлігі» қауымын ашты. Оның негізгі мақсаты –

халықты ағарту, білім, өнер тарату. Бұл қауым ашылғаннан бері еткен қызметтері: жыл басында жалпы болып мынадай қызметтер істеді.

1. Жаңақалада әр школға дін үйрету үшін мұғалім сайлады (Мұғаз Батырғалиев);

2-інші предизиум сайлады, бастық: Шерғали Жақупбаев, орынбасар М.Батырғалиев, секретарь Ешмұхамет Бегалиев сайланысты. Ел азаматтарынан өтінетініміз: ағзалыққа (мүшелікке – ауд.) жазылып, жәрдемдер беріп, «Білім бірлігін» сүйемелдеп, қазақтың дінін күнін білмей қараңғылықта жүрген балаларына жасынан ислам дінін қанына сіңіріп, көзін ашуға себепші болса екен. Қанша тырбанса да ақшасыз іс етуге болмайды ғой [159].

Қарастырылып отырған мақалада «Білім бірлігі» қауымының ресми түрде ұйымдастырылғаны байқалады: мұғалім сайлау, президиум құру, қызметтерді бөлу. Бұл қазақ зиялыларының ағартушылық ісін институционалдық деңгейге көтеруге ұмтылғанын дәлелдейді. Қауымның басты мақсаты – халықты ағарту, білім мен өнерді тарату, сонымен қатар ислам дінін жас ұрпақтың санасына сіңіру. Бұл ағартушылық пен діни тәрбиенің қатар жүргізілгенін, яғни ұлттық сана мен рухани құндылықтардың сабақтастығын көрсетеді. Мақалада қаржылық қолдау мәселесі ерекше аталады. «Қанша тырбанса да ақшасыз іс етуге болмайды» деген тұжырым ағартушылық қозғалыстың тек идеялық емес, экономикалық негізге де сүйенуі тиіс екенін айғақтайды. «Қазақтың дінін, күнін білмей қараңғылықта жүрген балалардың көзін ашу» деген үндеу – сол дәуірдегі ұлттық бірлікті нығайтуға, мәдени-рухани жаңғыруға бағытталған идеологиялық бағдардың көрінісі.

Бұл сипаттама қазақ қоғамының XX ғасыр басындағы ағартушылық қозғалысының күрделі сипатын ашады: білім мен өнерді тарату, діни-рухани тәрбиені күшейту, ұйымдық құрылым құру және материалдық қолдау іздеу. «Білім бірлігі» қауымы – ұлттық сана мен мәдени жаңғырудың, ағартушылық идеялардың нақты әлеуметтік институтқа айналғанының айғағы.

Мақалада берілген негізгі ойды қазіргі білім беру үрдісіндегі ғылыми-әдістемелік маңызын көрсететін болсақ, 1917 жылғы «Білім бірлігі» қауымы ресми құрылым жасап, мұғалім сайлау, президиум құру арқылы ағартушылықты ұйымдастырған. Қазіргі қоғамда бұл үрдіс білім беру мекемелерінің (мектеп, университет, ғылыми орталықтар) ресми құрылымдары арқылы жалғасуда. Әдістемелік кеңестер, ғылыми комитеттер, аккредитациялық органдар – бәрі де сол тарихи тәжірибенің жалғасы. Қауымның мақсаты – білім мен өнерді тарату, сонымен қатар ислам дінін жас ұрпаққа үйрету. Қазіргі оқу-әдістемелік жүйеде бұл идея мәдениет пен құндылықтар тәрбиесі арқылы көрініс табады. Мектеп бағдарламаларында «Рухани жаңғыру», «Құндылықтарға негізделген білім» сияқты бағыттар осы тарихи сабақтастықты айғақтайды. «Ақшасыз іс етуге болмайды» деген тұжырым бүгінгі күні де өзекті. Қазіргі ғылыми-зерттеу және оқу-әдістемелік жобалар мемлекеттік қаржыландыруға, гранттарға, демеушілікке сүйенеді. Бұл білім беру ісінің тек идеялық емес, экономикалық негізге сүйенетінін көрсетеді. Қауымның үндеуі – балаларды қараңғылықтан шығару, көзін ашу. Қазіргі қоғамда бұл идея білімнің қолжетімділігін арттыру, цифрлық сауаттылықты дамыту, инклюзивті білім беру арқылы жүзеге асуда.

Әдістемелік тұрғыдан бұл – оқу бағдарламаларын жаңарту, жаңа технологияларды енгізу, оқушының тұлғалық дамуына жағдай жасау.

Қорытындылай келе, 1917 жылғы «Білім бірлігі» қауымының қызметі қазіргі оқу-әдістемелік ғылыммен тікелей байланысты: институционалдық құрылымдар арқылы білімді жүйелеу; білім мен рухани-мәдени тәрбиені қатар жүргізу; материалдық негізді қамтамасыз ету; ұлттық сана мен әлеуметтік жауапкершілікті күшейту.

Осылайша, тарихи тәжірибе бүгінгі білім беру жүйесінің ғылыми-әдістемелік негізін құрайды, ал қазіргі қоғамдағы оқу-әдістемелік байланыстар сол дәуірдегі ағартушылық идеялардың жалғасы ретінде көрінеді.

1918 жылғы 16 мамыр (3) №38 мақаласында жоғарыда аталған «Білім бірлігі» қауымының жұмысы әлі де жүргізіліп, жатқандығы туралы аталады.

Тарғы қисымының 2-ші бөлімінде ұлт қауымының ашылуы: біздің дөңгелек бөрік қазақтың надандығы, оқу, өнердің кемдігі сан рет жазылды. Бұрынғы уақытта басымыз шынжырлы, аяқтарымыз кісенді, көңілдеріміз печетті (мөр басылған, яғни жабулы – ауд:), айлар-жылдар жыртқыш жуандардың ішінде жасадық. Күн жадырап, сәуле түсіп, таң атқандай болды, әлгі аңдар арқайсы өз басының қамында болып таралды. Енді мұндай таршылықтан кеңшілікке, қараңғыдан жарыққа шыққан, басы айналып, көздері қарайып, қалай бағыттарын жей дағдарып мүгедек болып тұрған заманда бірлі жарым ұлтшыл азамтарымыз шығып, ұранын шақырып, «Келіңіз, артымыздан еріңіз!» деп шақырды. Бірақ қолмен санарлық ұлтшыл қамқор басшыларымыз алты алаштың қайбіреуіне жетсін, бастарына тартса аяқтарына, аяқтарына тартса бастарына жоқ. Бұлай болып тұрған бір заманда көңілдерінде ұлт дерті болған заманда азаматтар қарап жатпай, тырысып-тырмысып, жігер етіп, мойындарына міндетті жұмыстарының бірі мынау осы айтылған жайларды ойлап, түсінген бірсыпыра көзі ашық, көңілі тесік замана бағытына түсінген, көңілдерінде ұлт қайғысы орнаған ұлтшыл жас азаматтар халықты ағарту, оқу, оқыту, араларында өнер-білім тарату жолында жетекші болсын деп бір қауым ашты [160, 171 б].

«Ұран» газетінің «Халықты ағарту ісі» мақалада қазақ халқының арасында оқу-ағарту жұмысын дамыту мәселесі қарастырылады. Автор халықтың болашағы білімді жастарға байланысты екенін айтып, мектептер мен оқу орындарының санын көбейту қажет екенін түсіндіреді. Сол кезеңде ел ішінде білім алуға деген қызығушылықтың артып келе жатқаны да айтылған. Сонымен қатар Съез қаулылары төмендегідей мазмұнда көрсетілген:

1. Әр ауылда бастауыш мектептер ашылып, балалардың оқуына жағдай жасалсын.

2. Қазақ жастарының арасынан зерек балаларды таңдап алып, оларды орта және жоғары дәрежелі мектептерге жіберіп оқыту ұсынылды.

3. Мұғалімдерді білімін арттыру үшін арнайы курстар ұйымдастырылсын.

4. Қазақ тілінде жаңа оқу құралдары мен кітаптар шығарылып, мектептерге таратылсын [161]. Келесі Серік Мендешұлы – «Білімнің пайдасы» атты мақалада білімнің адам өміріндегі маңызы туралы сөз болады. Автордың пікірінше, білім – халықтың көзін ашып, қоғамды алға бастайтын ең басты күш. Білімді адам елге қызмет етіп, халықтың дамуына үлес қоса алады. Автор мұғалімдердің рөліне де

ерекше тоқталады. Мұғалімдер тек сабақ беріп қана қоймай, жас ұрпақты тәрбиелеп, олардың болашағына бағыт береді. Сондықтан мұғалімдердің еңбегін бағалап, олардың жағдайын жақсарту керек деп көрсетілген. Сонымен қатар, мақалада қазақ жастарын ғылымға, өнерге және түрлі кәсіптерге үйренуге шақыру туралы айтылады. Халықтың тұрмысы мен мәдениеті білім арқылы ғана дамитыны түсіндіріледі. «Ұран» газетінде жарияланған бұл мақала халық арасында білім мен ғылымды насихаттауға бағытталған. Газет беттерінде оқу-ағарту ісінің маңызы, мектептердің көбеюі және мұғалімдердің еңбегі туралы ойлар айтылған. Мұндай мақалалар қазақ қоғамының білімге деген көзқарасын өзгертіп, халықты оқу мен ғылымға шақырған маңызды еңбектердің бірі болды [162]. Уәли Мұсағалиевтің «Үміт бар» атты мақаласында халыққа білім беру ісінің болашағына деген үлкен сенім айтылады. Автор жаңа қоғамдық жүйе қалыптасқаннан кейін ағарту саласы кеңінен дамиды деп үміттенеді. Автордың пікірінше, халықты біліммен қамту үшін ең алдымен жаңа білім алған мұғалімдердің санын көбейту қажет. Олар ауыл-аймақтарға барып, бастауыш мектептер ашып, балаларды оқытуы керек. Сонымен қатар, уездерде орта деңгейдегі мектептер, ал облыс орталықтарында жоғары оқу орындары ашылса, қазақ жастары заман талабына сай сапалы білім алуға мүмкіндік алады. Мұндай оқу орындары болашақта елге қызмет ететін мамандарды даярлайды. Мақалада тек мектеп ашумен шектелмей, халықтың мәдени деңгейін көтеру үшін басқа да жұмыстар жүргізу қажеттігі айтылған. Мысалы, кітапханалар ашып, халықты кітаптармен, газеттермен және журналдармен таныстыру маңызды. Автор қазақ халқы ұзақ уақыт бойы білім мен мәдениетке зәру болғанын атап өтеді. Енді халыққа білім алуға жол ашылады деген үміт білдіреді. Егер кітапханалар ашылып, халық еркін түрде білім ала алса, қазақ қоғамы мәдени дамудың жаңа кезеңіне қадам басады деп қорытынды жасайды [163]. 1917 жылға дейін Қазақстандағы мұсылман мектептері мен медреселерінің саны мен ондағы білім алушылардың құрамы жөніндегі мәліметтер архивтік құжаттарда, ресми статистикалық жинақтарда және ұлттық мерзімді баспасөзде көрініс тапқан. Ресми деректерде оқу орындарының саны мен оқушылар контингентіне басымдық берілсе, мерзімді баспасөз бұл көрсеткіштердің себептері мен білім беру жүйесінің сапалық мәселелерін ашып көрсетеді [164].

Мәселен, 1911 жылғы ресми мәліметтер бойынша Қазақстанда 84 медресе жұмыс істеп, онда 28 814 шәкірт білім алған, 130 мұғалім қызмет атқарған. Ал Жетісу өңірінде 1910 жылғы есеп бойынша 88 медресе мен 7 мұсылман мектебінде 12 835 оқушы оқыған. Семей облысында 17 мектеп пен медреседе 5083 шәкірт, Торғай облысында 59 мектеп пен медреседе 457 оқушы білім алған [165].

Ұлттық мерзімді басылымдардағы мәліметтер бұл статистиканы толықтыра түседі. «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінде мектептердің жетіспеушілігі, оқулықтардың тапшылығы, мұғалім кадрларын даярлау, медреселердегі оқыту мазмұнын жаңарту, жәдидтік оқыту әдісін енгізу, қыз балалардың білім алуыжәне мұсылман мектептерінің материалдық жағдайы тұрақты көтеріліп отырды. Осылайша, архивтік деректер білім беру жүйесінің сандық көрсеткіштерін сипаттаса, ұлттық мерзімді баспасөз сол көрсеткіштердің әлеуметтік-педагогикалық мазмұнын ашып керсетеді. Екі дерек көзін салыстыра

пайдалану XX ғасыр басындағы мұсылмандық білім беру жүйесінің даму ерекшеліктерін неғұрлым объктивті бағалауға мүмкіндік береді.

Тараушада XX ғасыр басындағы қазақ баспасөзінде (газет пен журналдар) мектеп ісі мен балаларды оқуға тарту мәселелері кеңінен қозғалған. Бұл басылымдар оқу-ағарту саласындағы проблемаларды жариялап қана қоймай, мектептер мен медреселердің құрылуы, олардың қызметі, оқыту әдістері және шәкірттердің жағдайлары туралы нақты деректер ұсынған. Сонымен қатар, қазақ зиялылары мен қоғам белсенділері халықты білім алуға тарту, мектеп салу мен медресе ашуға атсалысу арқылы ұлттық сана мен мәдениетті көтеруді мақсат етті. Журнал мен газет материалдары қазақ қоғамының білімге деген сұранысы, мектеп-медреселердің құрылымдық ерекшеліктер, оқыту әдістері, қаржыландыру көздері мен шәкірттердің оқуға қатысу белсенділігі сияқты негізгі тенденцияларды айқын көрсетеді. Осылайша, мерзімді баспасөз деректері XX ғасыр басындағы Қазақстандағы білім беру мен ағарту ісінің дамуын, мектеп-медреселердің қоғамдағы орнын және халықтың оқу-ағартуға қатысуын зерттеуге маңызды мәлімет береді.

1.2 Мектептерді мұғаліммен және оқулықтармен қамтамасыз ету

XX ғасырдың басында қазақ мектептері мен медреселерін дамытудың негізгі проблемаларының бірі – сапалы ҡадрлар мен оқу құралдарының жетіспеушілігі болды. Ұлттық баспасөз, бұл мәселені үнемі көтеріп отырды. Олар арқылы оқырман қауымға: Мектептердің оқытушылармен қамтамасыз етілмеуі, мұғалімдердің санының аздығы мен біліктілігінің әртүрлі болуы; Оқулықтардың жеткіліксіздігі, олардың сапасы мен мазмұны; Білім беру сапасын арттыру үшін жергілікті қауымдастық пен бай-құрымдылардың қолдауы қажеттігі туралы деректер жеткізілді. Газет-журналдар осы мәселелерді жария ету арқылы қоғамда білім беру маңыздылығын арттыруға, мұғалімдердің мәртебесін көтеруге және мектептерді оқулықпен қамтамасыз ету ісіне қолдау тартуға ықпал етті. Сондай-ақ, мұндай жарияланымдар мектептердің дамуы мен білім сапасын жүйелі бақылауға мүмкіндік беріп, XX ғасыр басындағы қазақ қоғамында оқуға деген қызығушылықты қалыптастыруда маңызды рөл атқарды. Ұлттық баспасөз мектептерді мұғалімдермен және оқу құралдарымен қамтамасыз етудің өзектілігін қоғам назарына жеткізудің негізгі арнасы болды және білім беру жүйесінің тұрақты дамуына серпін берді.

Садақ журналына «Мұғалімдік туралы» деген екінші бір үлкен мақаласында прогресшілдік педагогикалық және озат ағартушылық идеяларды насихаттады.

«Сарыарқа» газетіндегі «Мұғалімдік курстар туралы» мақаласы – 1918 жылы жарық көрген маңызды публицистикалық еңбектерінің бірі. Онда қазақ халқының рухани және саяси тәуелсіздікке жету жолындағы негізгі құралы – білім мен мұғалімдік кадр дайындау ісі екенін автор өткір әрі терең баяндайды. Мақала тек мұғалімдік курстардың құрылымы жайлы пікір білдіріп қоймай, ұлттық педагогика, оқу философиясы, шәкірт пен оқытушы психологиясы, қоғам алдындағы мұғалімнің миссиясы туралы да жан-жақты ой қозғайды. Мақаланың өзекті мәселелері мен негізгі тұжырымдары оқытушылар курсының ұлттық

маңызы мен тарихи миссиясы да болып табылады. «Қазақ көшбасшылары... бір қолына саяси бостандықты, бір қолына елдің оқығандарын көбейтуді ұстауы міндет» – делінген мақалада. Автор үшін білім беру – саяси еркіндік пен ұлттық, тәуелсіздіктің екінші қанаты. Мұғалімдік курс – тек техникалық кадр даярлайтын емес, ұлттың болашағын қалыптастыратын рухани мектеп. Сонымен қатар, мұғалімдік курстардың мазмұндық, құрылымдық әлсіздігі «Программалары, уақыты туралы газет бетінде ешнәрсе көрінбейді... һәркім өз білгенінше іске кіріскені ұнайды-ақ» деп те беріледі. Курстардың құрылымы, оқу мазмұны, бағдарламасы жөнінде жүйесіздік бар екені сыналады. Автор білім беру процесінің кеңес арқылы бекітілген жалпы бағдарламаға сүйенуі қажет екенін айтады. Оқу ұзақтығы мен шынайы дайындық мәселесі де қамтылған. «Мен мұғалімдік курстың ең азы амалсыздан екі жыл болсын деймін». Бірнеше айлық курстардан нақты маман шығару мүмкін еместігі баса айтылады. Мұғалімнің өзіндік ғылыми, дүниетанымдық дайындығы, педагогикалық шеберлігі кем дегенде екі жылда ғана қалыптасады деген ғылыми-педагогикалық ұстаным алға тартылады. Шәкіртті рухани тұрғыда тәрбиелеу және мақсатты бағдарлау талданған. «Оқу – «дәрәжә үшін» емес, адамшылық кәмелеті үшін керек екенін ұғындыруы керек». Автор төрт негізгі педагогикалық бағдарды ұсынады [166]:

4-кесте

Автор ұсынатын төрт негізгі педагогикалық бағдар

№	Бағдар	Мақсаты
1	Оқудың мақсатын өзгерту	Дәреже үшін емес, адамшылық кемелдік үшін оқу
2	Ғылымға сыни көзқарас	Ойланбай сену (догматизм) мен қорқыныштан арылту
3	Жаратылыстану заңдарын үйрету	Дүниетанымды кеңейту, логикалық ойлауға бейімдеу
4	Педагогикамен таныстыру	Алған білімін өзгеге жеткізе алатын шебер мұғалім даярлау

Мұғалім аты мен қағаз куәліктің жеткіліксіздігі де қозғалған. «Керекті мағлұматтарды алмай, дүниеге ескі қарастары өзгермей тұрғанда мұғалімдікке куәлік қағаз беруі – ұрыға билет беру мен тең». Бұл – ең өткір сындардың бірі: жалған диплом мен білімсіз мұғалімнің қоғамға тигізетін зияны зор екені айтылады. Мұғалім тек «хат танытушы» емес, ой сананы жаңартушы, ұлтты ұйыстырушы тұлға болуға тиіс. Оқушы мотивациясын шынайы тану назардан тыс қалмады. «Көбі оқуға не «әкем берді» деп, не «күн көру үшін» келеді. Ғылым үшін келу – сана оянғаннан кейін болады». Автор оқуға келу себептері мен адам психологиясын жақсы түсінеді. Шәкірттің шын ғалымға, ұлт қызметшісіне айналуы – оқытудағы әдістің сапасына, оқу ортасына байланысты деп тұжырымдайды.

5-кесте

Мақаланың қазіргі ғылым мен педагогика үшін маңызы

Құндылық	Қазіргі мағынасы
Ұлттық педагогика тұжырымдамасы	Мұғалімді ұлттың рухани көшбасшысы ету идеясы
Сын тұрғысынан ойлау	Ғылымға догма емес, дәлел мен тәжірибе негізінде қарау
Мотивациялық-психологиялық оқу моделі	Шәкіртке жеке көзқарас, мотивацияны түсіну
Оқу үдерісін жүйелеу талабы	Программа, мерзім, құрылым – басты сапа көрсеткіші
Моральдық жауапкершілік	Мұғалім – тек білім беруші емес, рухани тәрбиеші

«Мұғалімдік курс туралы» мақаласы – XX ғасыр басындағы қазақ ағартушылығы мен ұлттық педагогика ойының биік үлгісі. Онда: Мұғалім даярлаудың мазмұны мен құрылымы, Шәкірт тәрбиесінің психологиялық және философиялық негізі, Оқу жүйесінің әлеуметтік миссиясы терең баяндалған. Бұл мақала – қазақ білім беру философиясының алтын қазығы. Қазіргі педагогикалық білім беру мен ұлттық мектеп жүйесін реформалауда әлі де күн тәртібінен түспейтін өзекті идеялармен бай [167].

Оқытушылар ұйымынан» атты мақала – 1918 жылы жарық көрген «Сарыарқа» газетінің №27 санында жарияланған. Онда жер-жердегі қазақ оқытушылары мен мектептердің әлеуметтік, құрылымдық, мәдени және идеологиялық тұрғыдағы күрделі ахуалы ашық әрі өткір түрде сипатталған. Бұл – Алаш қозғалысының оқу-ағарту ісін қалыптастырудағы күрделі кедергілермен бетпе-бет келген кезеңнің айнасы. Мақалада бірінші кезекте мектептердің материалдық қамтамасыз етілмеуі, ауыл балалардың өте кедейлігі, ауқатты таптың қолдау көрсетпеуі айтылады: «Балалар өте жарлы, ақы берер әлі жоқ. Ауқаттылар қарайласпайды». Бұл жағдай – қазақ қоғамының ішкі әлеуметтік жіктелісін және білім алудағы теңсіздікті көрсетеді. Мектеп пен мұғалімді қолдаудың тек мемлекеттік емес, қоғамдық-моральдық жауапкершілік екені алдыңғы қатарға шығады. «Ескі моллалар кіжіндеп мұғалімдік құрады, мұғалімнің жолына қарсы тұрады». Мұнда дәстүрлі діни білім беру (медреселік) жүйесі мен зайырлы, ұлттық бағыттағы жаңа мектеп жүйесінің арасында болған қақтығыстың көрінісі бар. Дүмше молалардыңбілімсіздікті сақтауға ұмтылуы – жаңғыруға кедергі болған. Оқытушылар ұйымы ескі моллаларғабала бермеуге шақырады, бұл – зайырлы, ұлттық, реформалық мектеп жүйесіне сенім арту дегенді білдіреді. Сонымен қатар, ата-аналардың мектеп тәртібін мойындамауы мәселесі де көтерілген. «Оқудағы баланы мұғалімнен сұрамай, ертіп жолаушы кетеді. Қайтып келген соң мұғалім мектепке алмаса, ренжиді». Бұл – ауылдық ортадағы оқу тәртібі туралы түсініктің өте төмендігін, мектепті еркін келіп-кететін жай жер деп қабылдағанын аңғартады. Ата-атаның ананың мектепке деген салғырт көзқарасы жаңа білім беру ережелеріне бейімделмегендікті білдіреді. Сонымен қатар, земство жүйесі мен құқықтық реформа туралы мәлімдеме жасалады. Онда «Биылдан соң оқу ісі земство қолына көшіп, қаражат, ғылым жағына қарайласады». Мұнда земство арқылы мектептерді мемлекеттік ретке келтіру көзделіп отырғаны айтылады. Бұл – оқу-ағарту ісін ресми

құқықтық құрылымға көшіру, мектепке деген жауапкершілікті жүйелі ету әрекеті. Сонымен қатар, тәртіп пен жауапкершілік – жаңа мектептің іргетасы екендігі айтыла келе қатал ереже енгізілуі мәселесі айтылған. – 1-қарашаға дейін мектепке кірмеген шәкірт қабылданбайды. – Үш күн себепсіз келмеген бала мектептен шығарылады. – Бұл ережені оқытушылар ұйымы жасаған. Бұл – мектептің құрылымдық тәртібін енгізу, жаңашыл педагогикалық мәдениетті қалыптастыру талпынысы. Қазақ қоғамында алғаш рет дисциплина, ереже, білім беру құрылымының нақты шеңбері белгіленіп, мұғалімнің әлеуметтік мәртебесі мен заңды құқығы қорғалуда. Мақалада педагог мәртебесі және ұйымның рөлі де назардан тыс қалмаған. Мысалы, «Осымен іс қылған мұғалімдердің мазасын алу жарамайды. Қандай кінә болса да оқытушылар ұйымына қойыңыздар». Мұнда оқытушыны әлеуметтік және моральдық шабуылдан қорғау, ұжымдық жауапкершілік жүйесін енгізу ниеті жатыр. Мұғалімді жеке емес, ұйым арқылы жеке тарту – ұйымдасқан педагогикалық жүйенің қалыптасып келе жатқанын көрсетеді.

6-кесте

Мәтіннің тарихи-мәдени және педагогикалық маңызы

Маңыз түрі	Түсіндірме
Тарихи	1918 жылы ауыл мектептерінің нақты ахуалы, қазақ қоғамының оқу-ағарту жолындағы күресі айқын суреттелген
Педагогикалық	Мектеп тәртібі, оқушы қабылдау, білім сапасы, мұғалім мәртебесі туралы алғашқы ережелердің бірі
Құқықтық	Земство шешімінің заңдық күші, білім беру саласындағы алғашқы құқықтық нормалар пайда бола бастаған
Мәдени	Ескі мен жаңаның тартысы, дін мен зайырлы білім жүйесінің күресі арқылы ұлт мәдениетінің жаңғыруы бейнеленген

«Оқытушылар ұйымынан» мақаласы – Алаш дәуіріндегі ағартушылық қозғалыстың шынайы сипатын көрсететін маңызды дерек. Мәтін қазақ мектебінің ұйымдасу кезеңіндегі қиындықтарды шынайы сипаттайды; Мұғалім мен мектеп мәртебесін заңдастыру, реформалау жолдарын ұсынады; Ескі көзқарас пен жаңа оқу жүйесінің күресін көрсетеді; Жас ұрпақтың болашағына алаңдаған зиялы қауымның нақты үндеуі ретінде ерекше тарихи-педагогикалық маңызға ие [168].

«Ұзақ үміт» – Сарыарқа газетінің 1918 жылғы 1918ж,. №40, 25 сәуір жарияланған қысқаша, бірақ мағыналық салмағы өте ауыр мақала.Мәтін авторы – Иағқуб Садық. Ол Көкшетауда өткен мұғалімдер мен молдалардың съезінде мұғалімдерге арналған курс ашу туралы қабылданған шешімнің іске аспай жатқанын баяндайды. Алайда ол үмітін үзбей: «зиялыларымыз іске асырмай қоймас» деп сенім білдіреді. Бұл мақала – қазақ ағартушылығы жолындағы күрестің созылыңқы, бірақ үміт үзбейтін сипатынан хабар беретін құжат. Мақалада нақты үш мәселе байқалады: Көкшетау сьезінің шешімі. Көкшетауда өткен «молда-мұғалімдер съезі» – білім беру саласын реформалау қажеттігін, ұғынған зиялылар мен дін өкілдерінің басқосуы. Бұл сьезд мұғалімдер курсын

ашу туралы шешім қабылдаған. Курстың ашылмауы. Қаулы қабылданғанымен, курс әлі ашылмаған. Бұл: Жоспар мен шешім бар, іс жүзе аспай қалған; Қазақ қоғамындағы бюрократиялық және ұйымдастырушылық мәселелердің көрінісі. «Зиялыларымыз іске асырмай қоймас деген үмітіміз бар» автордың сенім мен үмітке негізделген көзқарасы – сол дәуірдегі ұлттық қозғалыстың рухын сипаттайды. Бұл – қазақ қоғамының оқығандарға, зиялыларға артқан үмітінің көрінісі. Ағарту қозғалысындағы кедергілерге курстардың ашылмауы – елде қаржы, ұйым, әкімшілік құрылым әлсіздігінен туындаған. Бұл кедергі Сарыарқа газетіндегі басқа мақалаларда да жиі көрінеді (мысалы, «Мұғалімдік курс туралы» мақаласында). Зиялы мен бұқара арасындағы қатынасқа келсек қарапайым халық оқығандарға иек артады, яғни оқығандар – елдің қамқоры, реформаның қозғаушысы. Алайда бұл жерде зиялылардың өзі де қоғамдық қолдау мен материалдық ресурстың жетіспеушілігінен әлсіздік танытуы мүмкін. Қаулы мен әрекет арасындағы алшақтық мәселесі де айтылған. Мақала қысқа болса да, қазақ зиялылары мен әкімшілік арасындағы шешім қабылдау мен жүзеге асыру арасындағы нақты айырмашылықты байқатады. Бұл – кеңес құрдық, қаулы қабылдадық, бірақ нәтиже жоқ деген реформалық дағдарыстың айғағы. Мәтіннің атауы – «Ұзақ үміт» – символикалық мәнге ие. Ол бір ғана Көкшетау курсынан туған емес, жалпы қазақ ұлтының оқу-ағарту арқылы жаңғыруға деген сенімін, жолы қиындап жатса да, үзілмеген үмітін білдіреді. Бұл үміт:

Ұлттық мұғалім дайындауға, мектептер мен курстар ашуға, зиялы қауымның халық мүддесін ұмытпауына байланысты.

«Ұзақ үміт» – қазақ ағартушылығы тарихындағы үміт пен күрес, қаулы мен кедергі, зиялы мен жұрт арасындағы байланысты қысқа ғана сөйлемдермен терең жеткізетін құнды тарихи-публицистикалық туынды. Бұл мақала: Көкшетау өңіріндегі білім беру реформасының қиындықтарын көрсетеді; Зиялы қауымға халықтың үмітпен қарауын бейнелейді; Реформаның жоспар мен іске асуы арасындағы алшақтықты сынайды; XX ғасыр басындағы ағартушылық тарихынан – шыншыл, үміт пен күйзелістің тоғысқан дерек көзі ретінде ерекшеленеді [169].

Сарыарқа газетінің «Жазғы мұғалім мұғалима курстары ашылды» мақаласының білім және ғылым саласындағы деректік маңызы өте жоғары. Бұл мақала – Алаш қозғалысының ағартушылық бағыттағы нақты іс-шараларының бірін баяндайтын маңызды дереккөз. Онда Алаш қаласында 1918 жылы ашылған жазғы мұғалімдер мен мұғалималар курстары туралы егжей-тегжейлі мәлімет беріледі. Бұл оқу курстары – сол кезеңдегі қазақ қоғамының білім беру жүйесін ұлтшылдық негізде реформалау ұмтылысының айғағы. Мақала Алаш автономиясы тұсында құрылған ресми педагогикалық курстарды сипаттайды. Бұл қазақ тарихында жүйелі түрде ұлттық кадр даярлау мен оқытушылар мектебінің ұйымдасқанын дәлелдейтін сирек жазба. Курсты ұйымдастыушы – Алаш қайраткері Маннан Турғанбаев, бұл да деректік маңызын арттырады. Курстың қабылдау шарттары – сол замандағы білім стандарттары мен талаптарының нақты көрінісі. Мысалы: Ескі медресе немесе орыс-қазақ мектептерінің белгілі бөлімдерін бітіру; Қазақша хатқа жүйріктігі; Қолында

куәлігі жоқтар үшін арнайы емтихан жүйесі. Бұл қазақ халқының оқу-білімге бейімділігі мен емтихандық бақылау жүйесі қалыптаса бастағанының айғағы. Қыздар үшін жеке үш айлық курс ашылуы – қазақ қоғамында әйелдердің білім алуына жол ашу және алғашқы педагогикалық феминизация процесінің нақты белгісі. Қыздар курсының мазмұны мен қабылдау критерийлері – ерлер курсына пара-пар болғаны – тең мүмкіндік қағидатының ерте сатыдағы көрінісі. Курста оқытылатын пәндер тізімі – заманауи білім берудің негізін қалаған пәндер: Қазақ тілі мен емле, ұлттық тарих; Есеп, жағырапия, жаратылыстану; Педагогика (усұл тағлым), орыс тілі және тарихы. Бұл –Алаш зиялыларының ұлттық пен жаһандықты үйлестірген тұтас білім беру моделін қалыптастырғанын көрсетеді. Мемлекеттік қаржыландыру және әлеуметтік қолдау. Ер мұғалімдер курсы толығымен қазына есебінен өтеді: тегін оқу, тамақ, пәтер, оқу құралдары. Бұл – педагог кадрларын әлеуметтік қолдаудың алғашқы формасы, яғни мұғалімді әлеуметтік қорғау идеясының қазақ қоғамында ерте орын алғанын білдіреді. Курсты бітірген соң Семей облысында екі жыл міндетті жұмыс істеу талабы - қазіргі заманның «Мамандықты қайтарыммен өтеу» механизмдеріне ұқсас. Бұл тәжірибе еңбек нарығы мен білім беру арасындағы алғашқы әлеуметтік келісім жүйесінің элементі деуге болады. Курстардың басты шарты – қазақша оқу-жазуға жетік болу, бұл тіл мен жазуды сақтап қалудың білім жүйесі арқылы жүргізілгенін көрсетеді. Осы талап арқылы Алаш қайраткерлері ұлттық бірегейлік пен тіл болашағын білім арқылы қамтамасыз етуге тырысқан. «Жазғы мұғалім-мұғалима курстары ашылды» мақаласы – қазақтың ұлттық білім жүйесі қалыптасу кезеңіндегі нақты дереккөз. Онда көрініс тапқан: Педагогикалық кадр даярлау құрылымы, қабылдау талаптары мен пәндік мазмұн, қыз балаларға арналған оқу орындарының негізі, мемлекеттік қолдау және еңбекке баулу саясаты – барлығы да бүгінгі білім беру саясатының іргетасын қалаған ұлтшыл-ағартушылық бағыттың тарихи айғағы. Бұл мақала Алаш идеясының білім арқылы ұлтты өркендету мақсатын айқын көрсетеді және Қазақстандағы педагогикалық ғылым мен білім тарихын зерттеуде бірегей дерек ретінде өте құнды [170]. «Курсқа мұғалім керек» мақаласы 1918-1919 жылдары жарық көрген *«Сарыарқа»* газетіндегі ағартушылық бағыттағы жарияланымдардың бірі.Бұл мақала Көкшетау үйезный советінің «Сарыарқа» редакциясына жазған ресми өтініш хаты негізінде жазылған. Зерттеуде қазақ халқы басым тұратын Көкшетау өңірінде екі айлық мұғалімдер курсын ашу жоспарланып отырғаны хабарланады және осы курсқа төте жазуды білетін, ұлтшыл, жігерлі, тәжірибелі, қазақ мұғалімдерін табуға көмек сұралады. Бұл мақалада көтерілген мәселе – қазақ тілді, ұлттық рухтағы, кәсіби мұғалім кадрлар даярлау – қазіргі білім беру кесінде де маңызды және өзекті. Төмендегі бағыттарда мақала өзектілігін жоғалтпаған: Мақалада «ұлтшыл, жігерлі, төте жазуды білетін» мұғалім іздеу арқылы, қазақ баласына қазақ мұғалімінің қажет екенін анық көрсетеді. Бұл – XX ғасыр басында ұлттық педагог кадр жетіспеушілігі өзекті болғанын білдіреді. Бүгінгі таңда да қазақ тілді білікті мұғалім тапшылығы ауыл-аймақтарда әлі де кездеседі. Бостандық пен ұлт болашағының кепілі ретінде «оқу» көрсетілуі – білім арқылы қоғамды дамыту идеясының дәлелі. Бұл қазіргі заманның білім беру философиясымен үндес келеді: сапалы білім – елдің ертеңі. Курсқа баруға

ниетті мұғалімдердің жалақысы «өзі барғанша төленетіні», «барлық расход қазынадан» деген тұстардан оқу-ағарту ісіне мемлекет тарапынан қаржылай қолдау көрсетілгені байқалады. Бұл қазіргі мемлекет тарапынан педагогикалық жамандықтарды көтермелеу саясатына ұқсас. Мақалада мұғалімнің «төте жазу білетін болуы шарт» деп көрсетілуі сол кезеңдегі араб қарпімен жазылатын төте жазудың маңызын айқындайды. Бұл ұлттық тіл мен жазудың сақталуы мен дамуы үшін жүргізілген білім беру саясатының көрінісі. Қазіргі тілдік саясатта да ұлттық тілді үйрету өзекті болып қала береді. Қоғамдық белсенділік пен еріктілік. Мақала соңындағы: «жаз қолы бос болатын мұғалімдер мұндай ұлт ісінен тартынып қалмас» деген жолдар – қоғам алдындағы азаматтық жауапкершілікке үндеу. Бұл идея бүгінгі мұғалімнің тек маман емес, қоғамдық көшбасшы ретіндегі рөлін еске салады. «Курсқа мұғалім керек» мақаласы – қазақ қоғамындағы білім беру, ұлттық кадр даярлау және мемлекеттік қолдаудың тарихи көрінісі. Онда көтерілген мұғалім жетіспеушілігі, ұлттық тіл мен жазуға бейімделу, және мемлекет пен қоғамның оқу-ағартуға мүдделілігі сынды мәселелер бүгінде де өзектілігін жоймаған. Бұл мақала – XX ғасыр басындағы қазақ ұлт-азаттық қозғалысы мен ағартушылық бағыттағы әрекеттердің дәлелі, әрі қазіргі білім саласына тарихи сабақ береді [171]. «Мұғалім бар ма» атты мақалада ауыл мектебінің ашық тұрғаны, бірақ мұғалімнің болмауы себепті жұмыс істей алмай жатқаны баяндалады. Басқарма «мұғалім ұнатса, жалақысын кесіп, шығынын өтеп береміз, тек келсін» деп жедел қажеттілікпен ашық үндеу жолдайды. Бұл – XX ғасыр басындағы қазақ қоғамында білім беру ісінің ең басты, ең өзекті мәселесі – мұғалім кадрының жетіспеушілігін нақты көрсететін дерек. Сол кезеңде мұғалім тапшылығы – жүйелі дағдарыс еді. «Мектебіміз ашулы, мұғалімге қарап тұрмыз» деген сөйлем – кадрсыз білім жүйесінің әрекетсіз екенін білдіреді. Мақаладағы XX ғасыр басында жүйелі мұғалім даярлау орталықтарының аздығы, мектептің дамуына ең үлкен кедергі болған. Мұғалімге әлеуметтік қолдау уәдесі де сараланған мақалада басқарма «жалақысын беріп, расходын көтереміз» дейді – бұл: Мұғалімге материалдық жағдай жасау; Білім саласына жергілікті басқару органдарының нақты араласуы. Мақала сұрау-сауал формасында жазылған: «Мұғалім бар ма?» Бұл – отарлық жүйенің езгісінде жүрген, енді оянып келе жатқан қоғамның ішкі дауысы, жан айқайы секілді. Қазақ қоғамының мұғалімді ұлттық тірек ретінде күтіп отырғанының белгісі. «Мұғалім бар ма?» – XX ғасыр басындағы қазақ еліндегі ұстаз жетіспеушілігінің әлеуметтік дабылы. Бұл мақалада: Ауыл мектебінің жұмыссыздығын бейнелейді; мұғалімге деген қоғамдық, адами қажеттілікті айқындайды; мұғалім мәселесінің Сарыарқа газетінде өзекті тақырып ретінде тұрақты көтерілгенін дәлелдейді [172].

1918 ж. «Сарыарқа» газетінде жарияланған «Мұғалімдер курсы ашылады» мақаласы – Алаш автономиясы кезеңінде жүргізілген білім реформаларының, соның ішінде мұғалімдер даярлау саясатының шынайы көрінісі. Бұл мақалалар нақты екі өңірде (Омбы мен Алаш қаласы) ашылған мұғалімдік курстардың мақсатын, мазмұнын, жағдайын, ұйымдастырылу барысын сипаттайды. Олар: қазақ қоғамындағы оқытушы тапшылығының қаншалықты өзекті мәселе болғанын, мемлекет пен қоғам тарапынан оқыту ісіне ерекше көңіл бөлінгенін,

курстар арқылы ұлттық мектеп жүйесін қалыптастыру әрекеттері жүргізілгенін нақты дерекпен көрсетеді. Ақмола облысында ашылатын 4 жылдық земство мектептеріне арнайы мұғалімдер даярлау. – Негізгі назар –бала оқытудың практикалық әдістемесіне қойылған. Курстың бағдарламасы мен пәндері: Ұлт тілін оқыту әдісі, Есеп үйрету жолы, Тәрбие негіздері, Жаратылыстану, Туған жер (тарих, география), Орыс тілі, Кооперация (экономикалық сауаттылық).

Курсқа қабылдану талаптары: Жасы 18-ден асқан, жұқпалы ауруы жоқтар, 5 жылдық мектеп не 2-класты орысша школды бітіргендер, Ескі медреседе оқығандар немесе өз бетімен білім алғандар, Қолында куәлік болмаса емтихан тапсырады. әлеуметтік қолдау: тамақ, қағаз-қалам, пәтер - тегін, күніне 5 сом жәрдемақы, курсты бітірген соң «Ақмола облысында мұғалім болып қалу міндетті. Мәні: Бұл курс – орталықсызданған, аймақтық деңгейде мұғалім дайындау жүйесінің қалыптасып жатқанының белгісі. Курстың құрылымы бүгінгі педагогикалық колледждердің бастау кезеңін еске түсіреді. Алаш қаласындағы мұғалімдер курсы: Тарихи-әлеуметтік жағдайы: Курстың ашылуы большевиктік қысымға байланысты кешіктірілген. Ашылу салтанатына Алаш көсемдері: – Әлихан Бөкейхан – Міржақып Дулатұлы – Жүсіпбек Аймауытов – Семей мен Ақмола өкілдері қатысқан. Курстың ашылуының саяси мәні: Бұл – Алаш қозғалысының тікелей білім реформасы жолындағы әрекеті. Ашылу салтанаты – ұлт зиялыларының бірлігі мен мәдени-білім саясатына шынайы бет бұрыс жасауға тырысқанын көрсетеді. Оқу барысы: 13 маусымда ашылып, сол күні-ақ оқуға кіріседі. Алғашқы шәкірт саны – 40. Әйелдер курсы жеке ашылмаған, бірақ екі қыз келген соң аралас курс жасалған. Бұл курс – ұлттық сипаттағы алғашқы орталықтандырылған ұстаз даярлау әрекетінің мысалы. Ол қыз балалардың да оқуға қатысуына мүмкіндік беруі арқылы гендерлік инкюзивтілікке қадам жасаған, Алаш зиялыларының ағартушылық миссиясын нақты іс жүзінде жүзеге асыруы.

7-кесте

Екі курсты салыстырмалы талдау

Критерий	Омбы курсы	Алаш қаласы курсы
Ұйымдастырушы	Ақмола обл. оқу комитетінің қазақ бөлімі	Семей облосной земствосы
Ұзақтығы	2 ай (1 июль – 1 сентябрь)	3 ай (июнь – тамыз)
Мақсаты	Земство мектептеріне мұғалім даярлау	Жалпы ұлттық оқытушыларды қалыптастыру
Пәндер	Практикалық + жалпы пәндер	Бағдарлама толық айтылмаған
Қыздарға мүмкіндік	Анық көрсетілмеген	Аралас курс арқылы қыздарға мүмкіндік берілген
Материалдық қолдау	Күніне 5 сом, тегін пәтер, тамақ	Ақпарат берілмеген
Саяси қатысушылар	Обл. комитет мүшелері	Алаш қайраткерлері, баспасөз, зиялылар

Газет оқырмандарына үндеу бөлімі (басқарманың хаты)

Бұл бөлік арқылы:

Газет басылымын тарату мәселесі де сол уақыттағы ағартушылықпен тығыз байланысты болғаны көрінеді.

Қаржы тапшылығы, жеткізілмеген төлемдер – баспасөздің өмір сүруіне кедергі. Бұл да оқу-ағарту мен ақпарат таратудың тұрмыстық, материалдық күрделілігін көрсетеді. «Мұғалімдер курсы ашылады» мақалалары – Алаш дәуіріндегі білім саясатының өміршең моделі мен оның қолданбалы нәтижесінің тарихи айғағы. Қазақ қоғамында білім саласының орталықтандырусыз-ақ, қоғамдық-ұйымдық күшпен дамығанын; Мұғалім даярлау – ұлттың болашағына тікелей инвестиция екенін;

Әйелдерге де оқу құқығы беріле бастағанын; Алаш зиялыларының саяси ғана емес, практикалық ағартушылық қызметпен шұғылданғанын дәлелдейді. Тарихшылар, педагогика зерттеушілері және Алаштанушылар үшін бұл материалдар – ұлт мектеп жүйесінің бастапқы институционалдық сатысы туралы аса құнды архивтік дерек [173]. Сарыарқаның 2.01.1919 ж. №64 санындағы «Оқу жәйі» мақалада 1914 жылы Өскемен уезінің Ұлан елінен Мұқан Жәкежанов атты азамат «Қазақ газеті басқармасы арқылы тәжірибелі мұғалім Ғабас Табылдинді арнайы шақыртып, балаларға сабақ беруді ұйымдастырмақ болған. Алайда сол жылы мектеп ғимараты салынбай қалғандықтан, әрі мұғалім де кеш келгендіктен, тек 30 бала ғана оқуға мүмкіндік алды. Бірақ үш айдан кейін Ғабас әскери қызметке шақырылып, мектеп мұғалімсіз қалып, оқу тоқтап қалды. Бір жылдан кейін мүгелімдерді әскерден босату туралы жарлық шыққанда, Мұқан Жәкежанов Ғабасты елге қайта алып келді. 1917 жылы үш бөлмелі мектеп тұрғызылды. Құрылыстың шығынын Жәкежан қажының балалары және ауыл тұрғындары көтерді. Сол жылы 70 бала оқуға тартылып, қағаз-қалам, кітап сынды оқу құралдары жеткілікті болды. Тіпті кейбір жетіспейтін кітаптарды Ғабас мұғалімнің өзі қолмен жазып шығуға мәжбүр болды. Күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айырылып, 60 баланы жалғыз өзі оқытты. Мамыр айында ел арасында оқу жетістіктері бойынша байқау өткізілді, ауыл адамдары Ғабастың еңбегіне дән риза болып, Мұқан Жәкежановқа алғыс білдірді. Осыдан кейін, Ұлан елінің 9 старшыны келісіп, мектептің қажеттіліктеріне арнап зекет, ғұшыр, фидия, құрбандық терісі сияқты діни жолмен жиналатын мал-мүлікті беруге шешім қабылдады. Бұл үшін әр старшын өз ауылынан жиушы сайлап, қаражат жинау ісіне жауапты болды. 1918 жылы мектепті үлкейту жұмысы қолға алынып, ғимарат 5 сыныптық, 5 бөлмелі болып кеңейтілді. Қосымша екі бөлмеде балалар тамақ ішіп, жатып тұратын жағдай жасалды, монша мен ас үй салынды. Бұл кеңейту жұмысы жалпы 10 мың сомға түсті. Мектептің жаңа келбетімен 1 қарашада үлкен мереке өтіп, ат жарыс ұйымдастырылып, халық той жасады. Қазіргі уақытта мектепте 170 бала оқиды, оның 20-сы қыз балалар. 70 бала мектепте жатып оқиды, қалғандары үйден келіп қатынауда. Мұғалімдер саны төртеу: бас мұғалім – Ғабас мырза, ал қалған үшеуі осы мектептің түлектері, кейін Алаш қаласындағы мұғалімдер курсынан өтіп келген мамандар. Екі мұғалімге уездік земство ай сайын 170 сомнан жалақы береді, ал халық өз еркімен бас мұғалімге 300 сом, қалған үш мұғалімге 175 сомнан төлеуге шешім қабылдаған. Сондай-ақ, оқу құралдары– қалам, сия, шам, қағаз – халықтың қаржысы есебінен қамтамасыз етіледі. Мектепке «Қазақ» атауы берілді. Бұл –

Өскемен өңірінде ашылған тұңғыш ұйымдасқан ұлттық мектеп. Халық бұл игі істі алда одан әрі кеңейеді деп үлкен үмітпен қабылдап отыр. Бір ғана адамның (Мұқан Жәкежановтың) бастамасымен туған елінде мектеп ашып, оны үздіксіз дамытуға ұмтылған әрекеті. Қоғамның, халықтың оқуға, мұғалімге және білімге деген көзқарасының оң өзгеруі. Мектептің материалдық, ұйымдастырушылық, кадрлық қалыптасу жолдары нақты баяндалған. «Оқу жәйі» мақаласы– бір ғана ауыл мектебі мысалында XX ғасыр басындағы қазақ қоғамындағы ағартушылық серпілістің толық бейнесін беретін бірегей дерек. Мұнда ұлттық мектептің: идеясы, ұйымдасу жолы, қоғаммен байланысы, қаржыландырылуы, мұғалімдік кадр жүйесі, ұлттық рухани маңызы барлық қырынан қамтылған. Бұл мақала Алаш кезеңінің мектеп саясатын, ұстаз тұлғасын, қоғамдық қолдауды, қазақтың оқу мәдениетін зерттеуде аса маңызды тарихи дерек көзі болып табылады («Әдебиет кеші (Зайсан),» 1919). Жастарға арналған «Талап» ұйымының ашылуы газет бетінде жарияланды. Мұнда жастардың ұйымды ашу себебін, алдыға қойған мақсаттарын жазады. Сол мақсаттардың ішіне мектептерді оқу-құралмен қамтамасыз ету де қарастырылады. Сонымен қатар балалардың білім алуына жастар тікелей өз мойындарына алатындары да айтылады [174].

«Талап» қауымының ұстанған жолы:

I. Халықты Мемлекеттің сол кезеңдегі саяси өмірімен таныстырып, демократиялық бағытты қолдау және саяси мәселелерде елге бағыт-бағдар көрсету.

II. Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі – земствомен халықты таныстыру және оны тиімді түрде іске қосуға жәрдемдесу.

III. Құрылтай жиналысында депутаттар сайлауда жұртшылыққа дұрыс жол сілтеу.

IV. Қазақ қауымына білім мен өнерді кеңінен тарату.

– Жастар арасында газет пен журнал шығарып, қазақ тіліндегі кітаптарды халыққа жеткізу;

– Қазақ мұғалімдерін бірізді оқыту жүйесіне түсіріп, ана тіліндегі оқу құралдарын кеңінен қолдануға жағдай жасау және жетіспейтін оқу материалдарын тиісті мекемелер арқылы толықтыруға көмектесу.

V. Қазақ әдебиетінің дамуына жетекшілік ету; халықтың ауыз әдебиеті – ескі мақал-мәтелдер, ертегілер, өлең-жырлар, жаңылтпаш, тақпақ, жар-жар, шежіре секілді мұраларды жинақтау.

VI. Ел ішіндегі бүлдіргіш партияшылдықты жоюға күш салу.

VII. Кедейлерді байлардың тарапынан болатын әділетсіздіктен қорғау бағытында жұмыс жүргізу;

VIII. Әйелдер мәселесіне қатысты жалпы мұсылман және жалпы қазақ съездерінде қабылданған шешімдерді өмірге енгізу.

IX. Білімге мұқтаж оқушыларға мүмкін болған барлық жолмен көмек көрсету.

X. Театр өнерімен танысып, оны кеңінен өрістету, насихаттау.

Жоғарыда жазылған «Талап» ұйымының 10 ұстанымының төртінші және тоғызыншы ұстанымы тікелей оқу-ағарту ісімен қатысты екені байқалады.

Газеттің редакторы Сұлтанбек Қожанов өз мақалаларында қазақ балаларының сауатын ашу, олардың заман талабына сай білім алуы ұлттық жаңғырудың басты шарты екенін баса айтты. Оның пікірінше, қазақ халқының рухани көтерілуі мен әлеуметтік дамуы ең алдымен білім арқылы жүзеге асуы тиіс болатын [175]. Сұлтанбек Қожанов газет ашылғанға дейін, 1917 жылғы Қазан төңкеріске дейін Әндіжанда мұғалімдік қызметте болған. Ташкенттегі «Ихтия» қоғамдық ұйымның төрағасы. Ақпаннан қазанға дейін Сырдария облысында әртүрлі қызметтер атқарған [176]. Сонымен қатар, газет беттерінде ауыл мектептерінің жетіспеушілігі, мұғалімдердің тапшылығы, мектеп бағдарламаларының заман талабына сай болмауы үнемі сыналды. Бұл мәселелердің барлығы қазақ қоғамындағы мәдени артта қалушылықтың негізгі себептері ретінде көрсетілді [177].

Оны біз газет бетінде жарияланған «Мұғалім һәм шәкірттер ескерсін» деген мақаладан біле аламыз [174, 2 б]. Онда: «Қай халықты алып қарасақ та, өнер мен білімсіз өмір сүре алмайтыны айдан анық. Бұл ақиқатты артық дәлелдеп айтудың өзі қажет емес. Бірінші және ең басты қадам – әр жұрттың өз тілінде оқытатын бастауыш мектептері екені де даусыз ақиқат. Өйткені мұғалім оқыту жолында жүйрік болып, қолданған кітаптары балалардың ана тілінде, өз емлесінде болса, оқыту ісі жылдам ілгері баспақ» – деп жаза келе, өнер-білім алуына ұмтылған мұғалім мен оқушыларға назар аударды. Әсіресе сол уақытта оқып жүрген оқушылар «қазақ» емлесімен танысып, оқыту жолдарын дұрыс үйрену керектігін алға тартады. Себебі, оқу, оқыту, өнер-білімнен артта қалып бара жатыр, түп тамыры жеткілікті мұғалімдер жоқ болған. Сондықтан балаларға сауат ашатын ең алдымен бастауыш мектептерді көбейту керек, балаларға білім нәрімен сусындататын мұғалімдер шығару керек делінген. Онысыз халықтың көзі ашылмайтыны анық. Сол уақытта «Дала уалаяты» мен «Түркістан уалаятына» Земство берілгелі жатқандығын хабарлай отыра оны тиімді пайдалану керектігі жазылды. Земство бірден ашылған соң қолына алатын істерінің бірі оқу, оқыту жағы мен мектеп ашу болады. Сол уақыттың өзі жеткілікті екендігі, соны пайдалана отырып, сол тәлімнен хабар болған, «қазақ» емлесіне жетік білетін мұғалімдер жинау керектігін хабарлайды: «Енді бұл оқыту жоқ мұғалімді һәм мұғалімдік ілімін үйренуші-оқушы болмаған мынадай бір заманда ол күнде қайдан таппақ боламыз?! Мұны мұғалім мен шәкірттеріміздің ескерулері жөн болар еді. Бұл күнде Түркістанның һәр бір шаһрлерінде оқып жатқан шәкірттеріміз бар. Бұлар бұл күнге шейін сол тәлім ретінде ықыластарын бермей дін оқуларымен келеді. Бұлардың бұлай оқуларына халқы, кейінгі інілері заманша көп пайда ала алмайды. Сондықтан түркістан уалаятындағы шаһрларда оқып жатқан шәкірттер мен ел ішіндегі мұғалімдерге мұғалімдік ілімі мен таныстыратын аз уақыттық бір «мұғалімдер курсы» керек-ақ. Тісі шыққан балаға шайнап берген ас болмайды дейді. Егер тәләбасы бар мұғалім, мұғалімдікке шаһадатнама алып ұлтына қызмет етуді тілеушілер болса Ташкенттегі «Бірлік туы» газетінің басқармасында тұрған азаматтарымызға білдірсе. Бұлар бір жол көрсетер еді. Мүмкін болса Ташкенттен курс ашып өздері қызметінде де болар еді деп ойлаймыз. Қысқасы бұл мәселе Түркістан облысындағы шәкірттер мен ел азаматтарының ескерерлік бір мәселесі». Бұл

мақалада мектеп ашуда, әсіресе, бастауыш мектептерін ашуда мұғалімдердің жетіспеушілігі алдыға тартады. Бірақ оның да шешімін айта кетті, «Бірлік туы» газетінің Түркістан уалиятына ғана танымал емес, сонымен қоса Дала уалиятындағы обылыстар да оқитынын ескере отырып, осы мақаланы оқыған жастар, оқырмандар, қарапайым тұлғалар «қазақ емлесін» білетін мұғалімдерді жинауды тапсырды. Осы арқылы мәлесені шеше алатынын, бұған жаппай халықтың ат салысуын сұрады. Алыс ауылдарда мектептің жетіспеуі, сонымен қатар мектептің ашылғанын хабарлайтын газеттерің бірі – «Бірлік туы» болды. Оған дәлел: «Ташкентке жақын «Қауыншы» деген жерде Қожамқұл ақсақалдың салдырған мектебі бар. Онда биыл сабақтар 28-нші сентябрьде басталады. Мектепте 4 бөлім: бірі мұсылманша, бірі орысша екі бөліп оқытады. Мұсылманша оқытатын мұғалім медресе Ғалияда тахсил алған Ұлыхан мырза Әміров. Орысша оқытатын мұғалім Қазандағы татар учительский семинариясында тахсил алған Фезаллах мырза Махсанов. «Қауыншы» да қазақ, сарт көп болса да жазылып оқуға кірген балалар, әзір 23-ақ. Сырттан да балалар қабыл етіледі. Балаларын бермеймін дегендер болса, 15-нші октябрьге шейін мектеп үшін сиғанша қабыл ете береді. Сонда да ескертіп өтейін: мектепке кірген балалардың кітап, сия, қарындаш, дәптер сияқты керекті заттарын жамият хайрия береді. Олар үшін балалардан бір тиын алынбайды. Һәм бұл туралы бай, кедей деп те талғау жоқ. Енді замана жайына түсініп алаңындағы қандас, діндес бауырларына, әсіресе қазақ халқына керекті мезгілінде ашылған ақсақал мектебінің жемісті болуына тілектеспіз» [178].

Бұл мақаладан байқасақ, мектеп кішкентай екенін, бірақ небір мұғалімдердің сабақ беретінін, әзірге оқушы саны аз, келіп оқуға мүмкіндік бар екенін, тіпті балалардың әлеуметтік жағдайын ескере отырып, оларды бөлмейтінін, мұнда балалар тегін оқитынын, оқу-құралдарды өздері беретіне дейін айтылған. Газет өз кезегінде барлық мүмкіндіктерді пайдалана отырып, мейлінше білім алуға болатын ақпараттарды қарапайым халыққа жеткізіп отырғандығы анық.

Бірлік туы газет беттерінде мектеп мәселесіне байланысты келесідей тақырыптар көтерілді:

1) Жалпы, міндетті оқу аса керекті.

2) Басатауыш мектепте балалар ана тілінде оқитын болсын.

3) Оқу кітаптары һәм басқа баспа сөздер болсын бәріде осы күнде «Қазақ» газетінің тұтынған емлесімен жазылсын.

4) Руско-туземный школдардың барлығы тоқтаусыз осы күннен жоқ болып, орнына ұлт мектептері орналсын.

5) Орыс балаларымен бірге қазақ-қырғыз балалары да оқып жүрген орыс школдарында биылдан бастап қазақ-қырғыз балаларына ана тілі һәм мұсылман діні оқытылсын.

Қазақтардың ашқан стипендиялары қазақ балаларының пайдалануында емес. Бұлардың не болып кім пайдаланып, қайда жүрген біліп мағлұмат жиуға комиссия дайындалсын. Жиылған мағлұматтар) болыс мәжілістерінде тапсырылып, олар тоқтаусыз земстба ашылуын күтіп тұрмастан жаңадан стипендия аша берсін [179]. 1917 жылдың №11 номерінде жарияланған

«Қожағұл мектебі» тақырыбындағы мақалада мектеп мәселесі көтеріледі. Мақаланы оқи отырып, мектепті Қожағұл ақсақалдын салдырғандығын байқауға болады. Сабақ қыркүйек айының 28 күні басталатындығы, мектеп 4 бөлімнен білім алып, мұсылманша, орысшадан тұрып, 2 мұғалім оқытатындығы жазылған. «Қауыншыда» оқушы саны 23 бала, сырттан да балалар қабылдана береді. Қазан айының 23 не дейін мектепке қабылдау жүретіндігі жазылған. Мектепке керек құралдардың мектеп өзі береді. Ол үшін балалардың бай, кедей деп бөлінбейтіндігі жазылған.

1917 жылдың №13 номерінде авторы Міржақып деп берілген, «Жаңа ашылған қауымдар! Ел қамын ойлаған азаматтар!» деген тақырыпта жазылған мақалада, мектеп пен медресенің жоқтығы баяндалған. «Оқушылар аздығы қалай білінсе, зиялылардың аздығы да солай білініп тұр [174, 436 б]. Халықты ағартуға міндетті жалпы оқу болады деп көңіл жұбатамыз. Сонда мұғалімдерді қайдан аламыз?», – деген сұрақтар қояды халыққа. Мақалада сонымен қата, ақша жинап, мұқтаж оқушыларға көмек беру мәселесі көтеріледі.

Мақала авторы бала тәрбиесінің ақсап кеткендігіне де қынжылады Қазақ баласының доп қуып, бос жүргеніне намыстанады. Бала тәрбиесіндегі бастауыш мектептің рөліне мән береді. «Ата-ананың балаларға ішкі тәрбиені бере алмайтыны да белгілі бір іс. Себебі, ішкі тәрбие мектеп жұмысы. Сондықтан біздің балаларымызға ішкі тәрбие беріп дін, ұлт рухымен рухтандырып шығаратын бастауыш мектепке мұқтаждығымыз өте күшті. Күз оқу мезгілі басталғаннан бұлай басқа жұрттың балалары иығына бақша аралап жүргенде, біздің балаларымыздың бос ойында, үйден үйге, ауылдан ауылға қыдырып жүруі үлкен ұят, зор намыс. Халық! Енді осы ұят, осы намыс, осы мұқтаждықты халқымыздың ескерерлік жұрт ағасы болған қателеріміздің, қайырымды жомарт байларымыздың халқына қызмет етіп жол жоба көрсетерлік уақыттары осы халық пайдасын қызыл-қарын жас бала, қамын қайғырса іске кірісерлік уақыттары да осы. «Тоқтатуды ойламай, аштарға берген ас артық» деген «Абай» сөзін ұмытпайық», – дей келе, халқын ілім-білімге, бала тәрбиесіне енжар қарамауға үндейді [180].

XX ғасыр басындағы «Бірлік туы» газетінің қазақ қоғамындағы оқу-ағарту қозғалысын дамытуда айрықша тарихи рөл атқарғанын көрсетеді. Газет жарияланымдарын талдау арқылы төмендегі негізгі нәтижелер анықталды: «Бірлік туы» газеті ұлттық білім беру жүйесін қалыптастыру идеясын алға тартты. Газетте бастауыш мектептердің ана тілінде ашылуы, ұлттық емленің қолданылуы, қазақ балаларының өз тілінде білім алуы қажеттігі ерекше көтерілді. 1917 жылғы мақалаларда: «Бастауыш мектептер ана тілінде оқытылсын, «қазақ» емлесі қолданылсын» деген талаптың бірнеше рет қайталануы осы бағыттағы басты ұстанымды айқындайды [181]. Газет қазақша оқулықтар мен оқу құралдарының тапшылығын өзекті проблема ретінде көрсетті. Мақалаларда ұлттық білім беру жүйесінің қалыптасуына басты кедергі – ана тіліндегі оқулықтардың жетіспеушілігі екені айтылып, бұл мәселені шешу үшін қазақша оқу құралдарын жазу мен тарату қажеттігі көрсетілді. Мұғалім кадрларын даярлау мәселесін көтеруі – газеттің маңызды жаңалығының бірі. «Бірлік туы» беттерінде Қайретдин Болғанбаев бастаған зиялылар Түркістан

өлкесінде арнайы мұғалімдер курстарын ашу идеясын ұсынды. Бұл ұлттық педагогикалық кадрларды жүйелі даярлаудың алғашқы бастамаларының бірі болып саналады. Газет оқу-ағарту ісін тек білім беру емес, ұлттық жаңғырудың негізі ретінде қарастырды. Білім арқылы халықтың саяси санасын көтеру, демократиялық мәдениетке бейімдеу, ұлттық бірлікті нығайту – газеттің негізгі бағыттарының бірі болды. Бұл «Бірлік туының» ағартушылық қызметін саяси-рухани деңгейге көтеріп, оны ұлттық қозғалыстың маңызды идеологиялық органы етті. Білім беру мәселесін қоғамдық деңгейде ұйымдастыруға үндеу – басылымның тағы бір басты нәтижесі. Газет арқылы халыққа әр ауылда мектеп ашу, оқу жасындағы балаларды сабақтан қалдырмау, оқу құралдарын жинау, мұқтаж оқушыларды қолдау сияқты қоғамдық бастамалар ұсынылды. Бұл оқу-ағарту ісін тек мемлекеттік немесе зиялылардың міндеті емес, бүкіл халықтық іс ретінде танытты. «Бірлік туы» газеті Түркістан өлкесіндегі білім беру саясатына ықпал етті. Газет көтерген мәселелер өңірдегі сьездерде қаралып, білім беру міндеттілігі, ана тіліндегі оқыту, қазақ емлесін қолдану, ұлттық мектеп ашу туралы қаулылар қабылдануына ықпал еткен. Газеттің білім беру тақырыбындағы жарияланымдары Алаш зиялыларының стратегиялық бағытымен толық үндеседі. XX ғасырдың басы қазақ қоғамы үшін саяси серпіліс, ұлттық өзіндік сананың жаңғыруы және ағартушылық идеологиясының қалыптасуымен ерекшеленген кезең болды. Осы тарихи жағдайда «Бірлік туы» газеті Түркістан аймағындағы қазақтарды білім мен ғылымға, мәдени ілгерілеуге үндеген басты басылымдардың біріне айналды. Газет көтерген білім беру мәселелері оның ағартушылық бағыттағы мақсаттарының нақты көрінісі ретінде танылды. «Бірлік туы» беттерінде ең алдымен қазақ балаларының ана тілінде білім алуы, ауылдық мектептер ашу, бастауыш оқуды бірізді қазақ емлесімен жүргізу, қазақша оқулықтар мен оқу құралдарын шығару қажеттігі кеңінен талқыланды. Мұстафа Шоқай, Қайретдин Болғанбаев, Сұлтанбек Қожанов сияқты зиялылардың мақалаларында ағартушылықсыз ұлттың саяси, экономикалық және рухани тұрғыда алға жылжуы мүмкін еместігі атап көрсетілді. Газет тек оқу орындарын көбейтуді ғана емес, сонымен бірге қазақ мұғалімдерін даярлау мәселесін бірінші кезекке қойды. Түркістан өлкесінде арнайы мұғалімдер курстарын ашу бастамасы – білім беру ісін жүйелі дамытуға бағытталған маңызды қадам болды. Сонымен қатар, басылым халықты оқу ісіне жұмылдыру, кедей оқушыларды қолдау, оқу құралдарын қолжетімді ету, қазақтың ауыз әдебиеті мен мәдени мұрасын жинау сияқты бастамаларды насихаттады. «Бірлік туы» газеті көтерген білім беру идеялары ұлт санасын оятып қана қоймай, сол кезеңдегі жалпыұлттық модернизация үдерісінің өзегіне айналды. Ағартушылықты негізгі құндылық ретінде ұстанған басылым қазақ қоғамының мәдени-рухани жаңғыруына, ұлттық білім жүйесінің қалыптасуына зор ықпал етті. Осылайша, «Бірлік туы» газеті – XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының ағартушылық мұратын кең таратқан, ұлттық білім беру жүйесінің қалыптасу тарихында ерекше орны бар басылым. Оның білім беру мәселелерін көтерудегі рөлі қазақ халқының ұлттық жаңғыру жолындағы маңызды кезеңдерінің бірі ретінде бағаланады.

Газеттің көтерген мәселелері бүгінгі күнге дейін өз маңызын жойған жоқ. Білім – ұлттың болашағы екенін дәлелдеген бұл басылым қазақ баспасөзі тарихында мәңгілік із қалдырды. Зерттеу нәтижесінде «Бірлік туы» газетінің ағартушылық, ұлттық және мәдени миссиясы қазақ қоғамының жаңғыру тарихында ерекше орын алатыны толық айқындалды.

«Бірлік туының» оқу-ағарту мәселелерін көтеруі – қазақ қоғамының мәдени жаңаруы, ұлттық мектеп жүйесінің қалыптасуы және Алаш қозғалысының идеялық бағытын ұғу үшін ерекше әсерлі. Бүгінгі күні бұл жарияланымды зерттеу XX ғасыр басындағы білім беру саясатының даму логикасын, ұлттық зиялылардың ағартушылық жоспарын және сол кездегі қоғамдық-саяси өзгерістердің жұртқа әсерін тереңірек ашуға мүмкіндік береді. Сондықтан, «Бірлік туы» газетінің оқу-ағарту әрекетіндегі рөлі мен ықпалын талдау қазіргі тарих ғылымы үшін маңызды мәселе болып табылады. XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамындағы оқу-ағарту қозғалысының ерекшеліктері мен даму бағыттары, сондай-ақ осы үдерістегі «Бірлік туы» газетінің ағартушылық рөлі жан-жақты қарастырылады. Алдымен тарихи кезеңнің ерекшеліктері сипатталып, ағартушылықтың ұлттық жаңғырудағы орны мен ықпалы талданады. 1917-1918 жылдары жарық көрген «Бірлік туы» газетінің оқу-ағарту тақырыбындағы жарияланымдарын талдау арқылы қазақ зиялыларының халықты білімге тартудағы көзқарасы мен ұстанымдарын анықтау. Газеттің шығу тарихы мен миссиясын сипаттау; Оқу, мектеп, мұғалім, оқулық, қыз балалардың білімі мәселелерін зерттеу; Алаш идеясы мен ағартушылық қозғалыс арасындағы байланысты көрсету; Газет көтерген мәселелердің тарихи және әлеуметтік маңызын айқындау. «Бірлік туы» газеті тек саяси немесе мәдени басылым емес, ең алдымен ағартушылық сипаттағы платформа болды. Онда қазақ қоғамын сауаттылыққа, мектеп ашуға, мұғалім даярлауға, қазақша оқулықтардың қажеттілігіне, қыз балалардың білім алуына қатысты жүйелі әрі мақсатты көзқарастар ұсынылды. Газет беттерінде көтерілген мәселелер бүгінгі күні де өзектілігін жойған жоқ. «Бірлік туы» газетінің оқу-ағарту ісіндегі тарихи рөлін ашып көрсете отырып, оның Алаш қозғалысымен біртұтас идеялық байланыста болғанын газет беттеріндегі ақпараттар ашып көрсетеді. Басылым беттерінде көтерілген оқу-ағарту мәселелері арқылы қазақ зиялыларының ұстанымдары мен көзқарастары қалыптасты. XX ғасырда қоғамдық тарихи аренаға өз бағыт-бағдарларымен, өзіндік айтар ойларымен шыққан ұлттық мерзімді баспасөздер өз кезегінде әрқайсыда үлкен маңызды қызметтер атқарды. Ғасыр басында олар қазақ жастарын оқу-білім үйренуге шақырса, азаматтық қарсылық жылдарында халықтың мүддесі жолындағы күреске шақыра отырып, ұлт теңдігі жолындағы жеңісті көздеп, сол бір аумалы-төкпелі заманда қалың бұқараны соңынан ерте білді. Сондықтан да қоғамдық ой-пікірдің көш басында жүрген қазақ басылымдарының қатарында жастар баспасөзінің де қоғам дамуының барысында қанаты қатайып, қаламы ұштала түсті.

XX ғасыр басындағы қазақ жастары баспасөзінің дамуына қызмет еткен ұлт зиялыларының көздеген мақсаты мынада: ең алдымен, олар қазақ қоғамын дамытудың бастауы – ұлттық мүдде мен өркениет құндылықтарын

біртұтастықта қарастыру керек деп таныды, екіншіден, қазақ жастарын бостандық жолындағы күреске дайындау; үшіншіден, рухани серпіліске жету жолында ұлттық білім беру жүйесін дамытудың төменгі сатысы – ауыл мектептерін көптеп ашу арқылы жастардың білімге деген құштарлығын ояту; бұл мақсатты орындау барысында қазақ балаларына арналған оқулықтар дайындау мен жастардың ұлттық баспасөзін қалыптастыру болды деген тұжырымға келеміз.

Ал бүгінгі XXI ғасырда баспасөздің қоғамдық-саяси өмірдегі белсенділігі күн санап арта түсуде. Өйткені, баспасөздің қоғамда алатын рөлі оның санымен емес, ұлттық мүддеге негізделген қызметімен өлшенетіндігі ақиқат.

Мектеп тақырыбы қоғамның қай кезеңі болмасын рухани және қоғамдық-саяси өмірінде ерекше орын алады. Ал М.Дулатов «Мектеп керектері» атты мақаласында ауылдағы балаларды оқуға тарту мен мұғалім жетіспеушілігі мәселелерін көтеріп, халықтың оқу-білімге көзқарасын өзгертудің қажеттілігін дәлелдеді [182]. Газет беттерінде мектеп ашуға арналған қаржы, оқу бағдарламалары, оқу құралдарын шығару, жаңа әліпби енгізу мәселелері де кеңінен талқыланды. Балаларды оқуға тарту мәселелері және қоғамдағы пікірталастар. Қазақ баспасөзінде балаларды мектепке тарту тек білім мәселесі емес, ұлттық сана мен мәдениетті жаңғырту құралы ретінде қаралды. «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті беттерінде ауылдық жерлердегі ата-аналардың балаларын оқуға бермеу себептері – кедейлік, дәстүрлі көзқарастар, қыз балалардың оқуға жіберілмеуі сияқты әлеуметтік факторлар терең талданды. Мысалы, «Бірлік туы» газетінің 1917 жылғы №12 санында жарияланған мақалада: «Қыз баланы оқыту – ұлт болашағын тәрбиелеудің алғашқы баспалдағы», – деп көрсетілді [183]. Сол кезеңде қыз балалардың оқуға қатысуын арттыру мәселесі ерекше маңызға ие болды. Бұл – қазақ қоғамында гендерлік теңдік пен ағартушылық идеялардың ұштасқан көрінісі еді. Мектеп ісі және мұғалім дайындау проблемасы, ұлттық баспасөзде мұғалім кадрларын даярлау, оқу әдістемесін жетілдіру мәселелері де кеңінен қозғалды. «Сана» журналы мен «Алаш» газетінде мұғалімдердің кәсіби даярлығын арттыру және жаңа педагогикалық тәсілдерді енгізу туралы мақалалар жарияланды [184].

«Сарыарқа» газетінде (1917 ж.): «Бұрын Көкбекті қаласындағы жұрт оқу уақыты жеткенде ғана бізге мұғалім керек алты ай бала оқыды деп, 300 сом шығым қылып, бала басы отын салып, ақша жинап оқытып жүруші еді. Мұның кемшілік екенін біліп, көріп жүрсек те, бабы болмай сүйретіліп осы күнге шейін келіп едік. Енді қай жерде болса да құдайға шүкір, мұсылмандар қарманып жатқанын көріп, медресемізді жақсы жөнге саламыз деп. Көкпектідегі мұсылман комитеті жәрдем жиып қолға ала бастады, қалаға үш кісі сайлап, 3 күнде бір мың сом жидырды. Жаңа да біздің бұл медресемізді басында ерлік, жомарттық қылып, салған Сыдық қажы жетпеген жері болса, қарасатындығын білдірді. Биыл үш мұғалім ұстап оқуды бір өлшеулі жолменен оқытатын болып, медресе тәрбиесіне ұсталатын ақшаны 4000 сом есептеп комитет ақша табатын болып іске кірісті» [185], – деп мұсылман комитетінің, сонымен бірге қазақ қажыларының да жәрдемін сөз қылады.

Қазақтардың өз арасынан жергілікті жағдайлардың бәрін жақсы білетін, оқыған адамдар көбірек шыққан кезде, болыстық мектептерді ашу керек те және ол мектептер күмәнсіз пайдалы да болады [186], – десе, «Туркестанский сборникте»: «Мұғалімдер құрамы бұрынғыша өздігінен білім алған және қысқа курстар мен гимназия сияқты орындарда білім алғандар сабақ беретін» [187], – деп мұғалімдердің тапшылығын, болған мұғалімдердің қысқаша курстарда білім алғандар болып табылатынын жазады.

Жалпы аталған кезеңде мұғалімдер тапшы болса, қазақ мұғалімдері жоқтың қасы болатын. Оның себебі, мектептердің аздығы және онда қазақ балаларына орысша білім беруді көздеген болатын. Қазақтар өз орысша оқытуға қарсы болмаса да, мұғалімдердің қазақ болуын қалаған. Осыған байланысты О.Әлжанов: «Өткен жылдың желтоқсан айында Аққөл-Қызылағаш ауылдық жерінде қырғыз - татарлардың өз еріктері бойынша сауаттылық мектебін ашқан. Онда балалар түркі грамматикасы мен орыс тілін оқу керек. Атап айту керек, Семей жеріндегі бұл алғашқы орыс тілінде сабақ беретін дүние мектебі. Өздері «Степная Киргизкая Газета» да жиі жазатындарына қарағанда оларға, орыс және қырғыз тілінде сабақ беретін мұғалімдер керек, олар қырғыздардан шықса жақсы болар еді.

Шындығында да, мұғалімдер жоқ. Бұл жайында үкімет ойлану керек-ті. Ол үшін жас қырғыздарға Омбы мұғалімдер семинариясына жол ашу керек. Оқимын дейтіндер табылар, егер ол үшін қырғыздардың өз қаржысынан шәкіртақы тағайындалса [188], – деп қазақ мұғалімге қарсы емес екендігін көреміз. Сонымен бірге «Қазақ» газетіндегі мына мақала да оны дәлелдей түседі: 1914 ж. Қызылжар уезінің Жамантұз ауылнай школын ел азаматтары ашып, мұғалімдікке Омбы семинариясын бітірген Ахмет Баржақсыұлы сайланғандықтан, орысша оқуға теріс қарайтындар мұғалім қазақтан шыққан, әрі білімді жігіт екендігін көріп, 7-8 жасар балаларын оқыта бастаған [4, 163 б].

А.Байтұрсыновта қазақ мұғалімдерінің тапшылығын айтып, «орысша оқығандарымыздан пайда жоқ деп, қазақ өкпелейді. Сондағы оқығандарымыз дейтіні шолақ оқушылар болса, оларға өкпе жүрер ме? [4, 59 б] – деп қазақ мұғалімдерінің әлі де болса білімдерінің төмендігін көрсетеді.

Қазақ оқытушыларының білім деңгейі төмен болуының себебіне байланысты «Сарыарқа» газетіндегі мына мақаладан көреміз: «Павлодарда «Ғылым ұйымы» 5-сентябрьде мұғалімдік курс ашылды. Мұғалімдік курс деген аты құлаққа жақсы естімді. Қазіргі жайында пайдасын зиян жағы басып кете ме деп қорқамын. Себебі: курс екі айлық, одан оқыған кісіге мұғалім болуына куәлік қағаз беретін көрінеді. Бұл екі айдың 20 күні оқушылардың жиылуына, оны-мұнының жайғастырылуына өткізеді. Қалған 40 күннің ішінде ел арасындағы етелеп хат танитын соқырша дүмше «молаларды» мұғалім қылып шығар оқымақ. Оқытушы біреу ақ мұны тәжірибе-ғылым жасы да, сезім жасы да қабылдамастық біріс. Мұндайда «жылымжан сатам, ем болмайтын ауруы жоқ» деп ағлан бастырудың сүрлеуі деп ұғуға жарамаса, ғылым ұйымын басқаратын кісілердің балалығын көрсетеді. Курс екі жылдық болуға керек еді. Одан беріде елдің баласын оқытуға куәлік қағаз берілмесе керек еді. Жайшылықта өзін-өзі бояп мұғалім қылып жүретіндер 40 күнде оларға құдайдың мұнан артық бергені не?

Қысқасы бұл курс бұл қалыпта халық пайдасынан гөрі, елді қортық, қойды шартық болып бүлдіретіндер де пайдасына жақын. Тағы біреулердің пайдасына жақын демеуге де дәлел аз» [189], – деп жазады.

Ал, А.Кенжин халықтың 97 пайызының сауатсыздығы туралы пікір білдіріп, мұны патшалық колонизаторлық саясаттың нәтижесі деп көрсетеді. Сондықтан да ол бас саяси ағарту комитетінің жұмысын жүргізуге қажетті сауатты қыметкерлердің жетіспейтіндігін айтады. Кеңестің және партия қызметкерлерін дайындау үшін комитет Орынбор қаласында дайындық бөлімі, 2 айлық курсы және негізі оқу бөлімі, 6 айлық курсы, кеңестік және партиялық бөлімшелері бар 300 адамдық Қазақ обылыстық кеңестік партия мектебін ашуға кіріскендігін баяндайды [190]. Т.Рысқұловтың мына пікірінен қазақ мұғалімдерінің жағдайын білуге болады: «Қазақстандағы ағартушылық жайындағы сұрақ құрылыстың маңызды орын алады» Басында Қазақстандағы мектептер татар немесе сарттар молдалары я болмаса империялық үкіметтің, өзі басып отырған.

Қазақстанда орыс мектептері өңірді жаулап алу шараларының басынан басталады, алдымен орыстардың өздерін оқыту үшін, кейіннен орыс-түземдік мектептер құрыла бастады, бұл мектептерде патша үкіметін қорғау үшін және болашақ қазақ патша шенеуліктері дайындалды, әрине олар төменгі сатылы орындарды алу керек.

1900 жылы бұрынғы КАСР да бары – 797 мектептер болса, 1911 жылы 1246 мектеп жұмыс істеген. Орыс - түзем мектептері негізінен Түркістанда орналасқан еді. Мысалы, Сырдария губерниясында 1912 жылы 56 мектеп болған, онда 3 033 жергілікті халықтың балалары оқыған [191].

Мектеп ісінде қазақ халқы арасында мектеп-интернаттар (мектеп-коммунналар) рөлі кең тарауда, олар көшпелі халық үшін қолайлы болды, балалары жатып білім алуды. Болашақта кең орын алары хақ. Сонымен қатар, Ұ.Құлымбетов те: «Бұл жөнінде мектеп саны артып, оқушылардың көбейіп келе жатқанын көреміз. Менің бұл жерде айтайын дегенім ағарту жұмысында ілгері бастық десек те, басқаларға қарағанда артта қалып отырмыз. Ағарту комиссариатының жоспарынша орындарда оқу жасындағы балалардың 25 процент мектепке алынды десек, соның ішінде мектеп жасындағы қазақ балалар 13-14 процент. Ең көбейткенде 15 процент. Бұлай болуға негізгі себеп не, соған келейік: оқушыларға мұның себебі айтпай да белгілі. Мұның бірінші себебі - берілген қаржының аздығы. Бердік-ақ деп отырсақ та, аздық қыла береді. Мәселен: 24-25-жылы мәден жұмысқа деп 36% шығарған екеміз, қазірде жалпы бюджетімізден 41% шығарып отырмыз. Осының 35%-і ағарту комиссариатына беріледі. Бірақ осы жетіп отырған жоқ [192].

«Сарыарқа» газеттерінен мақала: «Үлгілі іс». 1919 ж. Бұл мақалада екі негізгі мәселе қатар көтеріледі: Мақыш қажының балаларының анасының рухына арнап медресе салуы – бұл жеке азаматтардың ағартушылыққа жасаған нақты қайырымдылық үлгісі ретінде көрсетіледі. Облыстық земство қарамағында ашылмақ екі педагогикалық курстың шарттары, құрылымы мен қабылдау ережелері нақты баяндалады. Мақала ұлттық ағартушылық қозғалыстың екі бағытта дамығанын көрсетеді: Біріншісі – жекелеген азаматтар

мен меценаттардың бастамасымен салынған мектеп-медреселер. Екіншісі – мемлекеттік құрылым (земство) тарапынан жүйеленген, құрылымдық курс жүйесі арқылы мұғалімдер дайындау. Мектеп-медресе салу – жеке бастамалар арқылы ағартушылық үлгісі «Ғабдалла Шоқаевтің үстіне 5 бөлмелі медресе салдырғаны жарияланып отыр». Мақыш қажының балалары қайтыс болған анасына арнап білім ордасы тұрғызуы – дәстүрлі «садақа» ұғымын рухани-интеллектуалдық қызметпен алмастырған тарихи мысал. Бұл әрекет қазақ қоғамындағы қайырымдылықтың мазмұндық жаңаруын (өлгенге емес – тіріге пайдасы тию керек деген көзқарас көрсетеді. Мұндай мектептер қоғамдық ағартушылықтың бейресми институтына айналып, халықты көзін. ашуға сеп болған. Ұлттық қайырымдылықтың идеологиялық жаңаруы қарастырылады. «Фәтиха, құран оқытып, өлімтік аңдитын софыларға акша шашқанша – мектеп аш, стипендия бер» деген пікірлер келтірілген.. Мақала ислам дәстүріндегі фидия, садақа ұғымдарын жаңаша түсіндіреді: Халыққа нақты пайдасы: тиетін садақа – ол білім беру жолына жұмсалған қаржы. Бұл идея Алаш қайраткерлерінің ағартушылық идеологиясымен тікелей үндес: «Бостандық тірегі – оқу». Мақаланың екінші бөлімінде білім беру саласына қатысты жүйеленген курстар туралы мәлімет беріледі. Бұл – сол кездегі қазақтың ресми мұғалімдік жүйесін қалыптастыру бағытындағы нақты әрекет.

8-кесте

Курстың тарихи-педагогикалық маңыздылығы

Мәселе	Қысқаша сипаттама	Білім беру тарихына үлесі
Курс құрылымы	Бірінші және екінші курс ашылады. Екінші курс екі сыныпқа бөлінеді.	**Сатылап оқыту** моделі – білім беру құрылымының қалыптасуы
Қабылдау шарты	Ескі медресе, орысша мектеп, духкласс, 5 жылдық мектеп түлектері	**Әртүрлі білім беру дәстүрлерінің интеграциясы** (діни, ресми, халықтық)
Жастық және медициналық талаптар	Жасы 17-ден кіші болмауы керек, жұқпалы ауру болмауы шарт	**Оқушы денсаулығы мен жасына мән беру – ерте кезеңдегі педагогикалық фильтр**
Жатақ, қаражат	20 шәкіртке ғана көмек (стипендия), қалғандары өз күшімен оқиды	**Қаржыландыру моделі – халық пен уездтік земство араласуы**
Құжаттар мен мекенжай	Старшыннан куәлік, марка жіберу, нақты адрес беру	**Бюрократиялық рәсімдердің қалыптасуы – ресми мұғалімдік жолдың бастауы**

9-кесте

Қазіргі білім тарихына үлесі ≈/

Тарихи компонент	Қазіргі эквиваленті
Медресе салу – қайырымдылық моделі	Қайырымдылық мектептері, жеке меншік білім беру мекемелері
Земство курстары	Мемлекеттік колледждер мен педагогикалық оқу орындары
Мешіт ақшасын білімге жұмсау үндеуі	Діни-ағартушылық үйлесімі, әлеуметтік жауапкершілік
Стипендия ұғымы	Мемлекеттік грант, әлеуметтік стипендиялар
Бірнеше типтегі мектеп бітіргендерді қабылдау	Арнайы курстарға түрлі жолмен дайындалған талапкерлерді қабылдау (бейінді қабылдау жүйесі)

Мақала – ұлттық білім беру тарихының екі іргелі бағытын көрсететін құнды дерек: Жеке меценаттық ағартушылық (медресе салу – рухани мұра). Земство арқылы ресми педагогикалық жүйенің қалыптасуы (мұғалім даярлау курстары) Бұл мәтін қазақтың оқу-ағарту ісі қалай халықтық, діни, мемлекеттік күштер арқылы тоғыса отырып дамығанын дәлелдейді. Мақыш қажы балаларының ісі – дәстүр мен жаңашылдықтытың бір арнаға түскен көрінісі. Земство курстары – Алаш кезеңіндегі білім саясатының алғашқы институттық негізі [193].

«Сарыарқа» газеті, 1919 ж. «Оқушылар шығаратын курстан баяндама» мақаласы Алаш кезеңіндегі ұстаз даярлау курстарының маңызы, ұлттық ғылым тілі мен қазақ халқының білім жолындағы күресі туралы терең публицистикалық-идеологиялық баяндама. Ол Семей облыстық земствосы ашқан Алаш қаласындағы жазғы және қысқы мұғалімдер курстарының жай-күйін баяндаумен қатар, ұлт болашағы үшін оқудың тарихи жауапкершілігін сезіндіреді. «Бір ұлттың қатарға кіріп, дүние тартысындағы сыбағасына ие болуы ғылымына қарап байқалады». Ғылым мен мәдениетті ұлттың өркендеу шарты ретінде көрсетеді. Ғылымсыз халық – «тіршілік тартысының тегеурініне шыдай алмай жойылады» – бұл әлеуметтік-тарихи заңдылық ретінде баяндалады. Бұл – Алаш зиялыларының ұлттық даму моделінде білімнің орталық рөл атқарғанының айғағы. Ана тіліндегі ғылымның маңызы «Ұлттың жалпысы ғылымға ықылас бен жұмыла кірісуі – өз тілдерінде ғылым болғанда ғана мүмкін». Автор ғылым ана тілінде ғана елге кең тарайтынын алға тартады. Бұл – Алаштың ұлт тілі арқылы ғылым жасауды мақсат еткен көзқарасын білдіреді: Қазақ тілін ғылым тіліне айналдыру; Оқулықтарды аударып, оқытушыларды ана тілінде дайындау. Мұғалімдер курсы – ұлттық жаңғырудың баспалдағы «Қазақ бірінші адымды оқытушылар шығаратын курс ашумен аттады». Автор Семейде ашылған мұғалімдер курсын ұлттық жаңғырудың алғашқы нақты қадамы деп бағалайды. Курстың үшінші жыл жұмыс істеп жатқаны, кейбір мұғалімдердің білім ордаларын бітіргені (Уфа, Ыстамбұл, Семей), жыл сайын сапаны арттыру мен жетілдіру қолға алынғаны баяндалған.

10-кесте

Мұғалімдер мен шәкірттер туралы нақты деректер

Санат	Мәлімет
Мұғалімдер	Ахмеджан Күзембай, Әбулғазы Имамбек, Мәнән Тұрғанбай, Нығметалла Күзембай (Уфа), Сейдбаттал Мұстафа (Ыстамбұл), Жүсіпбек Аймауытов (Семей)
Шәкірт саны	Барлық уездерден келген: жетілдіру курсы + 1/2 сынып курстарының нақты саны көрсетілген
Өңірлік қатысу	Семей, Өскемен, Павлодар, Қарқаралы, Зайсан, Жетісу уездерінен шәкірттер қатысқан

Асығыстық пен сапасыздыққа сын «Үнемі асығыспен жүре берсе, іс жемісті болып шықпақ емес». Автор үш айлық курс жүйесінің уақытша және шұғыл шара екенін ескертіп, болашақта екі жылдық жүйеге көшу қажеттігін айтады. Бұл сапалы мұғалім даярлау – уақыт пен.төрең дайындықты қажет ететін

кәсіби процес екенін көрсетеді. «Көшпелі заманға кез келдіңдер. Ұлтыңды орта жолда қалдырмай, жайлауға жеткізіңдер!». Автор жас оқушыларға тарихи миссия артылып отырғанын еске салады. Мұнда ұлт тағдыры мен білім арасындағы байланыс нақты көрінеді. Бұл – нағыз ұлттық ағартушылық публицистика стилінің айқын көрінісі. Қоғамдық мотивация мен тарихи сенім: «Кейінгі ұрпақ қадірлеріңді білер, тарих лайықты бағаларыңды берері». Бұл жолдар Алаш кезеңіндегі ұлттың болашағына сенім, жас мұғалімдерге артылған үміт пен рухани жауапкершілік сезімін ұғындырады. Ұрпақтар сабақтастығы мен тарихи әділет орнатуға сенім бар.

11-кесте

Білім беру тарихындағы орны мен маңызы

Құндылық	Нақты көрінісі
Педагог кадрлар тарихы	Мұғалімдердің аты-жөні, білім алған жерлері, курс үлгісі
Мұғалім даярлау жүйесі	Жетілдіру, негізгі 1-2 сыныптық курстар, қабылдау шарты
Аймақтық білім таралуы	Курстарға қатысқан уездер көрсетілген – білімнің географиясы
Ана тіліндегі білім	Ұлт тілінде оқыту мен оқулық аудару бағыты
Болашаққа көзқарас	Тек жалақы үшін емес, ұлтқа қызмет ететін мұғалім бейнесі

«Оқушылар шығаратын курсден баяндама» мақаласы – XX ғасыр басындағы Алаш идеясының білім беру жүйесіне сіңіп, ұлттық рух, ғылым, тіл және болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілікпен астасқан тарихи құжат. Бұл мақала: қазақ педагогикасының институционалдық тарихын нақтылайтын, мұғалімдердің әлеуметтік, саяси, ұлттық миссиясын ұғындыратын, рухани ұмтылыс пен қоғамдық идеализмнің көркем нұсқасы («Оқушылар шығаратын курсден баяндама,» 1919). «Сарыарқа» газеті – XX ғасырдың басындағы мектеп-медресе тарихын зерттеудегі маңызды, әрі сенімді дерек көзі. Ол тек ағартушылық идеяларды ғана емес, сонымен қатар қазақ халқының рухани жаңғыру жолындағы күресінің ажырамас бөлігі болған білім беру мәселелерін жан-жақты қамтыған. Сондықтан оның деректік маңызы қазіргі тарихи-педагогикалық зерттеулер үшін аса өзекті. «Сарыарқа» газеті – XX ғасыр басындағы қазақ қоғамындағы әлеуметтік-саяси, мәдени және ағартушылық қозғалыстардың тірі куәсі ретінде ұлттық білім беру тарихын зерттеудегі бірегей дереккөз. Газет бетінде жарық көрген мектеп-медресе мәселелері туралы мақалалар – сол кезеңдегі қазақ халқының оқу-білімге, мұғалім даярлау ісіне, жаңа оқу бағдарламаларын енгізуге және ұлттық ағартушылық жолындағы күресіне қатысты нақты әрі шынайы мәліметтер ұсынады. Зерттеу нәтижесінде бірнеше басты тұжырым түйінделді: Ұлттық мектеп жүйесінің қалыптасуы: «Сарыарқа» газетінде жарық көрген «Оқытушылар ұйымынан», «Мұғалімдік курс туралы», «Ұзақ үміт», «Мұғалім бар ма?» секілді мақалалардан байқағанымыз – қазақ зиялылары білім арқылы ұлтты жаңғырту идеясын нақты әрекетке айналдырған. Бұл мақалалар мұғалім курстарын ұйымдастыру, ауыл мектептерін ашу, шәкірттерді оқыту ісін қоғамдастыру арқылы жүзеге асыру әрекетін көрсетеді; Ұлттық педагогикалық ойдың оянуы: Мақалаларда көрініс тапқан мұғалімдік курстардың құрылымы, оқу мазмұны, шәкірттің адамгершілік

пен білім теңдігін сақтау жөніндегі ұстанымдар – ХХ ғасырдың басындағы қазақ педагогикасы мен ағартушылығының іргетасын қалайды. Оқу – «дәреже үшін емес, адамшылық кәмелеті үшін» қажет деген тұжырым – осының дәлелі. Мұғалім мәртебесінің көтерілуі және әлеуметтік қолдау: Курстарға қатысты мақалалардан мұғалімнің тек оқытушы емес, қоғамның рухани көшбасшысы ретіндегі рөлі айқын байқалады. Мемлекеттік (земство) және қоғамдық қолдау түрлері – ең алғаш мұғалім мәртебесін институционалдық деңгейде бекіту талпынысы. Қазақ тілінің ғылым тіліне айналуы: «Оқушылар шығаратын курстан баяндама» мақаласы мен басқа материалдарда ана тілінде оқытудың маңызы бірнеше рет баса көрсетіледі. Бұл – қазақ тілінің білім мен ғылым тілі ретіндегі жаңа рөлін қалыптастыруға бағытталған әрекеттердің бастамасы. Әйелдердің білім алуы мен мәдени жаңғыру: «Әдебиет кеші», қыздарға арналған мұғалімдік курс, аралас оқыту идеясы – қазақ қоғамындағы гендерлік теңдік пен әйелдің білімге араласуының алғашқы белгілері. Бұл – әлеуметтік-мәдени трансформацияның маңызды кезеңі. Қоғамдық қолдау мен қайырымдылықтың ағартушылыққа бағытталуы: «Мұқтаж оқушыларға жәрдем», «Үлгілі іс» мақалалары арқылы білім алуға халықтық көмек жүйесі – садақа, фидия, құрбандық арқылы білімге инвестиция салу үрдісі көрінеді. Бұл – әлеуметтік әділеттілік идеясының негізінде білім беруді қолдау. Қоғамдық-ағартушылық ұйымдардың пайда болуы: «Қазақ жәрдемі», «Өрнек» ұйымдары, ұстаздар ұйымы – бейресми азаматтық қоғам институттарының білім мен мәдениетті дамытудағы рөлін айғақтайды. Қорытындылай келе, «Сарыарқа» газеті – қазақтың ХХ ғасырдағы ұлттық білім беру жүйесінің рухани, әдістемелік, құрылымдық және идеологиялық негізін салуға үлес қосқан маңызды тарихи дереккөз. Оның беттерінде жарияланған материалдар – ұлттық педагогика тарихы, Алаш идеясы, қоғамдық сана мен рухани жаңғыру тарихын тануда баға жетпес құндылық. Бұл газеттің ағартушылық идеялары бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның білім жүйесінің рухани бастаулары ретінде қаралуы тиіс.

ХХ ғасырдың басындағы мерзімді баспасөз беттерінде мұғаліммен және оқулықтармен қамтамасыз ету мәселелерінің көтерілуі қазақ қоғамында білім беру ісінің жүйелі түрде қалыптасуына деген ұмтылысты көрсетеді. Мұғалім кадрлары мен оқу құралдарына қатысты мәселелер бүгінгі Қазақстандағы педагог кадрларды даярлау мен білім беру мазмұнын жаңғырту мәселелерімен тарихи сабақтастықта қарастырылуы тиіс.

ХХ ғ. алғашқы онжылдықтарындағы қазақтарға білім беру мәселесіне байланысты қазақ зиялыларының көзқарастары мен негізгі тұжырымдарын талдау барысында, патша өкіметі қазақ жерінде алғаш ашыла бастаған мектептерде тек орыс тілінде оқытып, тек шенеуніктерді дайындағанымен, қазақ зиялылары орыс тілінің өмірде өте қажеттігін насихаттаған болатын. Мектеп санының аздығы, оның ішінде қазақ тілінде сабақ беретін оқытушылардың аздығы оқыту ісі мен мамандар дайындауға зор кедергілер келтірді. Себебі, болашақ мұғалімдерді аз уақытта, қысқаша дайындық курстарында оқып шығуы, олардың кәсіби біліктілігінің төмен болуына алып келді. Мұның өзі Қазақстандағы білім беру ісінің дамуына кері әсерін тигізген. Жалпы, Қазақстандағы білім беру ісінің қазақ зиялылары еңбектерінде қарастырылуы,

олардың халқының болашағы жарқын болуы үшін күрескендігін, аянбай еңбек еткендігін көрсетеді. Дегенмен бұл көтеріліп отырған мәселе бірден шешімін тауып кетпесе де, зиялылардың белсенді қызметінің нәтижесінде білімді қазақ жастарының көбейгендігі байқалады. «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті қазақ балаларының XX ғасыр басында қандай мектеп-медреселерде оқығанын ғана емес, оларда қалай білім алғанын да сипаттайды. Мысалы, «Айқап» қазақтардың оқу-ағарту саласындағы жетістіктерін былай жеткізеді: бұрын қазақтар ғылым мен білімнен кенде болып, басқа халықтардың көзінде төмен тұрған. Қазір аз болса да білім таралуда, халықтың жағдайы жақсарған [194].

А.Байтұрсынов өз мақалаларында мектептің сапасы көбіне мұғалімге байланысты екенін атап көрсеткен: мұғалім білімді, педагогика мен әдістемеден хабардар болуы тиіс, оқыту құралдары қолайлы және жеткілікті болуы қажет, ал оқыту үшін анықталған, үлгілі бағдарлама болуы шарт [195]. Бұл факторлар қазіргі таңда да маңызды болып саналады.

А.Байтұрсынов XX ғасыр басындағы қазақ мектептеріндегі басты қажеттіліктердің бірі ретінде мұғалім мен оқу құралдарының сапасын атап көрсеткен. Ол: «Мұғалімнен кейінгі ең маңызды нәрсе – оқу құралдары: қалам, қағаз, сия, оқуға арналған кітаптар, оқу мен жазуға арналған материалдар. Сол кезде қазақ бастауыш мектептерінде білім беруге қажетті қазақ тіліндегі кітаптар жоқ еді. Оларды табу қиын» деп жазған [195, 1026]. Бұл мәселелер XXI ғасырда да өзектілігін жоймаған: білікті мұғалім дайындау, оқу процесін қажетті құралдармен, соның ішінде компьютермен қамтамасыз ету, бағдарламалар әзірлеу және сапалы қазақ тіліндегі оқулықтар дайындау – бүгінгі мектептердің басты міндеттері болып отыр. Сонымен қатар, «Қазақ» газетінің авторлары тек мектептердің қажеттілігін айтып қана қоймай, өз мүмкіндіктері шегінде оқушыларды қазақ тіліндегі кітаптармен қамтамасыз ету жұмыстарын да атқарған. А.Байтұрсынов бұл туралы: «Біз бұларды уақыт жеткенше қолға алып істеп жатырмыз, бірақ басқа жұмыстар мен ашық мәтбуаттың шектеулілігіне байланысты тез үлгеріп бола алмай жатырмыз, кейбіреулер бұл үшін сын айтқан» деп көрсеткен [195, 103 б]. Қысқаша айтқанда, мектепке қажетті мұғалім мен құралдар мәселесі өткен ғасырда да, қазіргі таңда да қазақ білім жүйесінің басты басымдығы болып қала береді.

Баспасөз беттеріндегі материалдар қазақ мектептері мен медреселеріндегі білім беру ісінде оқулық шығару мен тарату мәселесінің маңызды екенін көрсетеді. Газет пен журнал материалдары қазақ зиялыларының осы салада белсенді болғанын айқын көрсетеді. Мысалы, «Қазақ» газетінде жарияланған жарнамалардан көрініп тұрғандай, газет шығарушылары А.Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов мектептерде қолдануға арналған кейбір негізгі оқулықтарды өздері жазып, халыққа жеткізген [196]. Оларға мыналар жатады: «Әліппе» – 96 бет, бұрын шыққан екі бөлімі біріктіріліп қайта басылған, бағасы 25 тиын, поштамен 30 тиын. «Қирает кітабы» – 136 бет, Міржақып Дулатов шығарған, бағасы 35 тиын, поштамен 40 тиын. «Есеп құралы» – бастауыш мектептің бірінші жылы үшін, Міржақып Дулатов шығарған, бағасы 25 тиын, поштамен 30 тиын. Бұл деректер А.Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов тек газет шығарып қана

қоймай, нақты білім беру процесіне қажетті оқу құралдарын жасау мен таратуға да ат салысқанын көрсетеді.

Сонымен қатар, «Айқап» журналындағы материалдар басқа қазақ зиялылары мен шәкірттердің де осындай бастамаларға қатысқанын көрсетеді. 1911 жылғы 4-нөмірде «Ғалия» медресесінің қазақ шәкірттері «Әліппе, яки төте оқу» атты кітапты қазақ және қырғыз балаларға арнап басып шығарғаны және оны сатылымға шығарғаны айтылған [197]. Журналда сондай-ақ, шәкірттердің әрі қарай оқу үшін жаңа кітап шығару ниеті туралы да жазылған, сонымен бірге Ибрагим Алтынсариннның «Хрестоматия» атты кітабын орыс графикасымен бастырған, енді ғараб графикасымен шығару ұсынылғаны көрсетіледі. Сонымен қатар, 1911 жылғы 10-нөмірде Ғұмар Қарашұлының «Өрнек» атты жаңа кітапшасының «Ғалия» медресесінде қазақ-қырғыз шәкірттер тарапынан қазақ тілінде басылып, жақсы қабылданғаны баяндалған [198]. Кітаптың сөзі қысқа болса да, мазмұны терең және тәрбиелік мәнге ие болғандықтан оқушылардың қызығушылығын арттырғаны атап өтілген.

Осылайша, газет пен журнал материалдары қазақ зиялылары мен шәкірттердің білім беру ісінде тек оқулықты жазып қана қоймай, оны таратумен де белсенді айналысқанын, шәкірттердің шығармашылық белсенділігін дамытқанын айқын дәлелдейді. Бұл деректер ұлттық баспасөздің XX ғасыр басындағы қазақ мектептері мен медреселерін дамытудағы рөлін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. «Айқап» журналының 1912 жылғы 5-нөміріндегі «Кітаптар жайынан» мақаласы бірнеше маңызды аспектіні айқын көрсетеді. Біріншіден, бұл материал «Ғалия» медресесінің қазақ-қырғыз шәкірттерінің бастамасы қоғам мен зиялылар тарапынан қолдау тапқанын көрсетеді. Журналда басқарма атынан жарияланған хабарламада 1911 жылғы 4-нөмірдегі шәкірттердің хатының әсері атап өтіледі. Бұл хат оқу құралы мәселесіне қоғамның назарын аударғаны және бұл бастаманың маңызды әрі кеңінен талқыланғанын дәлелдейді. Мұнда басқарма шәкірттердің бастамасын қолдап, журнал арқылы көпшілікке жеткізу қажеттігін түсінгенін көрсетеді [199].

Екіншіден, Қашқымбаевтың сөзіне қарағанда, қазақ қоғамында оқу қажеттілігін мойындау ісі бар болғанымен, оқу құралдарының жетіспеушілігі негізгі кедергі болған. Ол: «Оқу керек, оқу керек емес деп ешкім айтпайды. Оқуға құрал керек, құралсыз ешбір нәрсе барлыққа келмейтіні әркімге белгілі»-- деп атап көрсетеді. Бұл пікір қазіргі заманға дейін өзектілігін сақтап, оқу ісінің тек мұғалім мен шәкіртке ғана емес, сонымен қатар, сапалы оқу құралдарына да тәуелді екенін дәлелдейді. Қашқымбаев сондай-ақ, қазақ балаларының бұрын құралсыз, жеткіліксіз оқығанын, оқу процесіне атсалыспағанын атап өтеді, бұл кезеңдегі білім беру жүйесінің әлсіздігін көрсетеді. Үшіншіден, мәтінде қазақ тіліндегі алғашқы «Әліппелердің» шығуы ерекше атап өтілген. Уфадағы «Ғалия» медресесінде шәкірттердің өз бетімен жазған әліппелері, сондай-ақ Махмут Ораз Нұрбаев пен М.Малдыбаевтың шығармалары, бұрынғы ноғай әліппелерін негізге ала отырып жазылған. Бұл қазақ қоғамында оқу құралдарын жасау тәжірибесінің қалыптасқанын, шәкірттердің шығармашылық белсенділігін және тілдік-мәдени дәстүрді сақтауды көрсетеді. Қашқымбаев бұл бастамалардың

өзіндік емле түзулерге сүйенбегенін, керісінше дәстүрлі білім беру тәжірибесін ескере отырып жүзеге асырылғанын атап көрсетеді.

Осы талдаудан көріп тұрғанымыздай, «Айқап» журналы: Шәкірттердің бастамаларына қоғамдық қолдаудың болғанын және бұл бастамалардың журнал арқылы көпшілікке жеткізілгенін көрсетеді. Қазақ қоғамында оқу құралдарының жетіспеушілігі негізгі кедергі екенін дәлелдейді. Қазақ тілінде алғашқы оқу құралдарының шығуы мен олардың дәстүрлі білім беру әдістеріне сүйенгенін айқындайды.

Сонымен, бұл материал оқу-ағарту ісіндегі қоғам мен білімгерлердің өзара әрекеттесуін, шәкірттердің белсенділігін, сондай-ақ алғашқы қазақ тіліндегі оқу құралдарының шығу тарихын толықтыра түседі. Бұл «Ғалия» медресесінің шәкірттері мен қазақ зиялыларының білім тарату ісіндегі рөлін тереңірек бағалауға мүмкіндік береді [199, 1166].

Досымайыл Қашқымбаев өз пікірінде Ахмет Байтұрсынұлының қазақ әліппесі бойынша жасаған емлесін сынға алған. Ол атап өткендей, Байтұрсыновтың 1912 жылғы «Айқап» журналының төртінші санында жарияланған «жазу тәртібі» мәтінінде қазақ дыбыстары мен әріптерін дұрыс таңдау мәселесі қозғалған [199, 1156]. Қашқымбаевтың ойынша, Байтұрсыновтың әліппесімен оқыған шәкірттер Құранды оқу барысында қиындыққа тап болады. Ол әсіресе оқу құралының екінші кітабындағы жалғау сөздерді меңгерудің балаларға Құранды толық оқуға мүмкіндік бермейтінін атап көрсетеді: «Оқу құралының екінші кітабындағы көрсетілген жалғау сөздерді білумен балалар бөгелмей, малтықпай, ұйыққа жығылмай Құранды я әфтиек, шәріфті оқып кете алар ма? Менің ойымша кете алмас деймін» [199, 116 5].

Осылайша, Қашқымбаевтың талдауы Байтұрсыновтың реформалық әліппесін білім беру тәжірибесі тұрғысынан сынға ала отырып, дәстүрлі діни оқу әдістерінің сақталуын қолдайтынын көрсетеді. Байтұрсынов «Қазақ» газетінде жазған пікірінде кей адамдардың әліппеге сын айтқанда оны қолына алмай, немесе тіпті оқымай, өз білімсіздігін көрсетіп жатқандарын атап көрсетеді: «Сынағанда біреулері тіпті қолына алып қарамай, екіншілері қара да танымай сынап жатқан көрінеді. Әркім сынау керек өзінің жақсы білетін нәрсесін. Білмейтін нәрсені сынаймын деп, құр өзінің білмейтіндігін көрсетеді» [200]. Мұнда Байтұрсынов сынның тек нақты білім мен тәжірибе арқылы ғана негізді болатынын көрсетеді. Ол «Айқап» журналында қазақ әліппесіне сын жазғандардың жаңа әдістерді білмейтіндерін мысалға келтіреді. Яғни, жаңашылдық пен әдістемелік білімді ескермей, тек сөз жүзінде сын айту – педагогикалық тұрғыдан дұрыс емес.

Сонымен қатар, Байтұрсынов сын мен тәжірибенің арақатынасына ерекше мән береді. Ол дұрыс сынның дәлелі – тәжірибе екендігін көрсетеді. «Оқыту жайын кім жақсы, кім жаман білетіндігін көзге көрсетуге болатын нәрсе – педагогика, әдістемелерді кәміл білетін адамдардың алдында әліппе шығарушы һәм сын тағушы, екі жағы сынға түссін, тұтынған усулы бойынша балаларға сабақ беріп көрсін» [201]. Мұнда Байтұрсынов әдістемелік сынның тек сөзбен емес, нақты тәжірибе арқылы анықталатынын айқындайды. Ол педагогикалық эксперимент арқылы әліппенің тиімділігін дәлелдеу керек деп есептейді және

сын айтушыларды тәжірибеге шақырады. Бұл көзқарас Байтұрсыновтың жалпы білім беру философиясына сәйкес келеді: оқу процесінде тек теориялық пікірлер емес, практикалық әдістер мен нақты тәжірибе маңызды. Сонымен, Байтұрсыновтың ойынша, білім беру мен сын-пікірдің үйлесімі – мектеп пен оқулықтарды жетілдірудің басты жолы. XX ғасырдың басындағы қазақ мектептері мен медреселерінің дамуы және олардың тиімділігін арттыру мәселесі мерзімді баспасөз беттерінде кеңінен талқыланған. «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінде мектептерді қажетті мұғалімдермен қамтамасыз ету, оқу құралдары мен оқулықтарды жеткізу, сондай-ақ оқытудың әдістемелік мәселелері егжей-тегжейлі қарастырылған. Зерттеу көрсеткендей, сол кезеңде басты кедергілердің бірі – білікті, педагогика мен әдістемеден хабардар мұғалімдердің аздығы, сондай-ақ қазақ тілінде оқытылатын сапалы оқу құралдарының жоқтығы болды. А.Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов сияқты зиялы қауым өкілдері мектепке қажетті құрал-жабдықтарды өз күштерімен жасап, оқулықтар жазып, тарату арқылы бұл проблемаларды шешуге ат салысқан. Мысалы, «Қазақ» газетінде жарияланған жарнамаларда Ахмет Байтұрсыновтың «Әліппесі», Міржақып Дулатовтың «Қирает кітабы» және «Есеп құралы» оқулықтарының сатылымы көрсетілген [202].

Сонымен қатар, «Айқап» журналының материалдары қазақ және қырғыз шәкірттердің өз бастамасымен оқу құралдарын шығарып, мектептерде қолданғанын көрсетеді. Медресе «Ғалияда» оқып жүрген шәкірттер «Әліппе» және «Өрнек» сияқты кітаптарды өзара шығарып, оқуға қажетті құралдардың таралуына үлес қосқан [203]. Бұл бастамалар көпшілік тарапынан қолдау тауып, ұлттық білім беру жүйесінің дамуына септігін тигізген. Зерттеу материалдары көрсеткендей, сол кезеңдегі мектептердің дамуы үшін негізгі факторлар: Білікті, педагогика және әдістемеден хабардар мұғалімдердің болуы; Оқушыларға қажетті қазақ тіліндегі сапалы оқулықтар мен оқу құралдарының жеткізілуі; Мектеп жұмысын ұйымдастыру мен бағдарламаларды дұрыс құру; Қоғам мен зиялы қауымның мектепке қолдау көрсетуі.

«Садақ» қолжазба журналы 1915-1918 жылдар аралығында Уфа қаласындағы «Ғалия» медресесінде оқитын қазақ жастарының бастамасымен шыққан. «Садақта» Абайдың «Желсіз түнде жарық ай», «Білімдіден шыққан сөз» деген махаббат, тәлім-тәрбие жөніндегі және «Әкесінің баласы – адамның дұшпаны, адамның баласы- бауырың» деген сияқты жастарға арналған бірнеше нақыл сөздері басылған. Журналды ұйымдастырып, алғаш шығарғандар – Бейімбет Майлин мен Жиенғали Тілепбергенов. Кейін Бейімбет Майлин еліне қайтып кеткеннен кейін журналдың редакторы Жиенғали Тілепбергенов болып, оны «Қазақ» ұйымы шығарып отырған. Бұл жерде журналдың басты қызметі – жастарды оқуға ынталандыру және шығармашылыққа баулу екені көрсетіледі. Сонымен қатар, журналда Абайдың өлеңдері мен нақыл сөздері жарияланып, жастарға білім мен тәрбие беруге пайдаланылған. Мысал: «Садақта Абайдың «Желсіз түнде жарық ай», «Білімдіден шыққан сөз» сияқты өлеңдері мен нақыл сөздері жарияланып, жастарға тәрбие мен білімнің маңызы түсіндірілген». Бұл шығармалар арқылы махаббат, адамгершілік, тәрбие және білім туралы ойлар насихатталған. Журнал беттерінде көркем әдеби шығармалар да жарияланған.

Мысалы, Бейімбет Майлин «Шұғаның белгісі» атты шығармасын «Шаңқан» деген бүркеншік атпен жариялаған. Сонымен қатар 1917-1918 жылдардағы сандарында «Мақтым» атты ұзақ повесть жарияланған. Бұл шығарманы «Қараш» деген бүркеншік атпен жазған Халелиден Жүсіпұлы Сарталиев екені кейін журналдың соңғы санында көрсетілген. Жиенғали Тілепбергенов бұл шығармаға сын жазып, оның кемшіліктерін көрсетіп, жетілдірсе баспаға ұсынуға болатынын айтқан. Журналда әдебиет туралы да пікірлер айтылған. Жиенғали Тілепбергеновтің ойынша, көркем әдебиет – халықтың айнасы. Әдебиет арқылы адамдар өз бойындағы кемшіліктерін көріп, адамгершілікке, адалдыққа ұмтылады. Әсіресе роман жанры халық өміріндегі түрлі мінез-құлықты, қоғамдағы мәселелерді көрсетуге мүмкіндік береді деп есептелген. Ж.Тілепбергенов журналдың 1917 жылғы бес нөмірінде жарияланған «Мұғалімдік туралы» [204] деген үлкен мақаласында прогресшіл педагогиканы және озат ағартушылық идеяларды насихаттады. Осы 1917 жылы журналдың бесінші санында Жиенғали Тілепбергеновтің «Мұғалімдік туралы» атты мақаласында прогресшіл педагогикалық және ағартушылық идеялар насихатталған. Автор медресе бітірген жастарды бұрынғыдай надан, пайдакүнем молдалардың жолына түспеуге шақырып, мұғалім балаларға мейірімді болып, білім мен жазуды бірге үйретуі керек екенін айтқан. Сонымен қатар мұғалімдер тек сабақ беріп қана қоймай, халық арасында мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізіп, сауатсыздықты жоюға, газет пен кітап оқуға, мұғалімдер даярлайтын курстар ашуға атсалысуы тиіс екені көрсетілген. «Садақ» журналында новелла, әңгіме, повесть, очерк, сықақ, этюдтер, жас ақындардың өлеңдері, сын мақалалар және қазақ ауыз әдебиетінің үлгілері жарияланып отырған. Бұл журнал қазақ жастарының шығармашылық қабілетін дамытуға да үлкен ықпал еткен. Журналдың әсерімен медреседе оқитын қазақ жастары өз сыныптарында «Тұзақ», «Бұлтартпас» сияқты әзіл-сықақ журналдарын шығара бастаған. Сонымен қатар ауыл мектептерінде қабырға газеттері де шығарылған. Мысалы, «Сәуле» мектебінің мұғалімі Кенжеғали Абдуллин «Талпын» атты газет шығарып, оның алғашқы сандарын «Садақ» журналының басқармасына жіберген. Жалпы алғанда, «Садақ» журналының бағыты мәдени-ағартушылық сипатта болды. Ол қазақ жастарын білімге, әдебиетке, мәдениетке баулып, халық арасында оқу-ағарту идеясын таратуға үлкен үлес қосты.

Сонымен қатар, XX ғасырдың басындағы мерзімді баспасөздердегі оқыту мәселелерінің тағы біреуі «Дұрыстық жолы» газетінің 1919 жылдың наурызы №8 мақаласында [205] білім беру тек сауат ашу емес, сонымен қатар қоғамды мәдени тұрғыдан жаңарту, адамдарды бір-біріне сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу құралы ретінде қарастырылған. «Дұрыстық жолы» газетінің «Мектепке дейінгі тәрбие хақында» атты тақырыпта жарияланған 1919 жылдың 9 маусымындағы мақаласында мектепке дейінгі тәрбиенің маңыздылығы, жүргізілу барысына тоқталған [206].

Сонымен, нақтырақ талдасақ «Дұрыстық жолы» газетінің 1919 жылғы 16 наурыз №8 мақаласында Оқытушыларға (Н.П. журналына такмид) Тарих пәні оқытушыларымыздың үстіне үлкен міндет береді. Халықтың, ащы тұрмысы үшін күйінген бір жазушы айтқан екен: «Күшіңізден келгенше жұрт ішіне

жақсылық тұқымын шашыңыз» деп, қазір біз де сізге сал сөзімізді айтамыз, жана да сіздің бәріңіз бірге жиналып, бәріңіз бір арқанмен тұтасып, ел ішіне барып, бір-бірін сүйу тұқымын шашып, қолға қол ұстасып, осы күнге шейін біздің ойымызға да кіріп шықпаған бек жақсы көркем тұрмыстың негізін салар-ау деп иланамыз. Оқытушылар! Сіз қазір бүтін Русия оқытушыларымен біргесіңдер. Бұрынғы ауыр, қараңғы, құлдық күндерінде сендер өздеріңіздің ойға алған істеріңді істеуге үлкен қорқынышта тұратын едіңіз. Сол істеріңізді істеу планын сақтап қалу үшін тиісті тілектеріңізді айтатын орындарда айта алмаушы едіңіз. Енді бейнетқор халық бүтін істі басқаруды өз қолдарына алғандықтан сізге баяғыдан бері ішіңізде жасырып, сыртқа шығара алмай келген, көрінбеген күшіңізді майданға шығаруға, темір қолды Николай жолдастарының бүтін халықы ойыншық етіп ойнап, оларға түрлі азап көрсетулерін сөйлеген кітаптарды алдыңызға жайып қойып, үлкен қуаныш, бітпес күш, арылмас оймен елдің бағы, елдің тегістігі үшін сізге қызмет етуге айқын жол ашылды [207].

XX ғасыр басындағы «Дұрыстық жолы» газетінде жарияланған мақаладан алынған үзінді. Онда оқытушылардың қоғамдағы орны, олардың халыққа білім мен мәдениет таратудағы миссиясы айрықша көрсетілген. 1919 жылғы мақалада оқытушыларға халықты ағарту, бірлікке шақыру, жаңа қоғамдық құрылысқа бейімдеу міндеті жүктелген. Бұл кезең Ресей империясының күйреуі мен жаңа саяси жүйенің қалыптасуымен тұспа-тұс келді. Мақалада білім беру тек сауат ашу емес, сонымен қатар қоғамды мәдени тұрғыдан жаңарту, адамдарды бір-біріне сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу құралы ретінде қарастырылған. Осыған байланысты бүгінгі қоғаммен байланысын атап өтсек: а) бүгінгі білім беру жүйесінде де оқытушының миссиясы тек білім берумен шектелмейді, ол тұлғаны әлеуметтік жауапкершілікке, мәдени құндылықтарға, ғылыми ойлауға бағыттайды; ә) ғылым мен оқу үдерісінде XX ғасыр басындағы идеялар – халыққа жақсылық тұқымын себу, бірлік пен ынтымақты арттыру – қазіргі заманғы педагогикалық философиямен үндес; б) қазіргі білім беру реформалары да оқытушыны қоғамдағы өзгерістердің қозғаушы күші ретінде қарастырады.

1919 жылғы мақаладағы ойлар бүгінгі қоғам үшін де өзекті. Ол оқытушының тарихи миссиясын көрсетіп қана қоймай, қазіргі білім беру мен ғылым үдерісінде педагогтың әлеуметтік, мәдени және рухани жауапкершілігін айқындайды. Осылайша, XX ғасыр басындағы мерзімді баспасөздегі идеялар бүгінгі педагогикалық тәжірибеге ғылыми әдістемелік сабақтастық береді.

Елдің бақыты, жарық күндері үшін қызмет ететін сіз, оқытушылардың кем кетігін толтыру елдің өз қолында. Белгілі ел оқытушылардың қадірін білер, олардың қызметін тақадыр (қадірлер - Е.М.) етер.

Міне соның үшін алдымыздағы келешек құрдастық (социалистический) тұрмысы адамшылықтың көркейуіне, оқытушылардың халдерінің жақсаруына иманымды арттырады.

Оқытушылар! Бұрын сізге әуелі өзіңіздің тұрмысыңызды жөнге салу үшін тоқтаусыз түрлі көрмелерге ұшырасуға тура келетін еді. Сол уақытта сендер өздеріңнің туғандарынды ұмытпай, оқу-оқыту, істерін алға жіберуге тырысатын едіңіздер, жалпы оқу, ақшасыз оқу деген сөздерді көңіліңізден шығармайтын едіңіздер. Бұған байлар, түрлі іс басында тұрған Николайдың жолдастары қарсы

келетін еді, себебі олар өздерінің балаларын қалай да болса оқытуға қолдарынан келетін еді. Оларға қара халықтың оқуы, білімнің артуы қолайсыз келді. Олар тек өз балаларын оқытып, надан қара халыққа басшы әкім етуді ғана ойлады. Қазір бейнетқор халық үкіметі, халық ағарту комисары арқылы сіздің кем-кетігіңізді толықтыруға әзір. Ақша жағы кем бола тұрса да басқалармен біртегіс сіздің де керек-жарақтарыңызды түгендейді. Енді жалпы ақшасыз оқытуды майданға қойу үшін һеш бір кедергі жоқ. Сіз, оқытушылар да һеш бір кедергілерге ұшырамай мектептерде құрай аласыздар. Енді сізге жеңді сыбанып істеуге ғана керек. Алдымыздағы үлкен кедергілер бәрі де жойылды, бәрі де жоғалды. Солай бола тұрса да, оқытушылар құр өзіңіз ғана бірігіп, тек өзіңіздің ғана пайдаларыңызды қарап, уақытыңызды өткізу тиіс емес, қолданк елгенше қара халықпен араласуға, оларға жақындасуға керек.

Қазір мектеп халық мектебі болды. Оқимын деген бәріне де оқуға жол ашылды. Енді сіз оқытушыларға да сол мектепте оқушы балалардың атасы болған халықтан шетте - қақас тұру, олардың тұрмыстарынан өзге бағытқа жөн тарту мүмкін емес.

«Дұрыстық жолының» 1919 жылғы 5 маусымындағы №9 мақаласында «Мектепке дейінгі тәрбие хақында» атты алғашқы сөз бөлімінде оқу, білімге қатысты біраз мәселе қарастырылды.

25 сәуірде (Кіші Харитоновский бұрмадағы бұрынғы технологический институтта) мектепке дейінгі тәрбие хақында бүкіл Русияның бірінші съезі ашылды «Мектепке дейінгі тәрбие» бөлімінің бастығы Д.Алазорчина комисариат атынан съезді ашты.

Съез бастықтарына жолдас Ленин мен Луначарский сайланды. Оларды құттықтау телеграмдары жіберілді. Съезге Белорусия, Латвия һәм Украинадан бір өкіл жіберулі. Орын кеңестерінен сайланғы төрт жүз деген өкіл келді. Аумалы съез шақыру хақындағы бюроның есебі қаралды.

26 апрелде Лазоргина халықтың жаңа тұрмысында «Мектепке дейінгі тәрбие»-нің түрлі міндеттерін көрсетіп доклад жасады.

Докладшы сөзінің бастамасында шаруа реттерінің кемдігі себепті, аналары үй ішіне қарай алмай, қазіргі уақытта бірнеше мың баланың күтімсіз қалғандығын айтады. Осының себепті балаларды тәрбие ету жаңа бағыттың керекті міндеттерінің бірінен болып, коммунистический мемлекет қызметтерінің бірінен болды.

Тұрмысты жаңа бағытқа дұрыстап келе жатқан коммунистический мемлекет халықтың балаларына ерте бастан тәрбие ету жолында қызметке кірісу керек. «Мектепке дейінгі тәрбие»-нің міндеттері мектеп жасындағы онан үлкен жастардағы адамдардың тәрбиеленді міндеттерімен біз «Мектепке дейінгі тәрбие» істерін өте жайу үшін жалпы жұртты осы бағытқа қызмет етуге келтіруі тиіс. Педагогтердің (тәрбиеленушілер) социалистический тұрмыс бағытымен тәрбие етулері хақында да сөйлеп, Лазоркина олардың халық қызметтеріне жарамды кісілерден екенін көрсетті. Шын түрі тәрбие мен әзірленбеген кісі дұрыс тәрбие бере алмайды.

Бұл таластағы сөз айтушылар «Мектепке дейінгі тәрбие»-нің тізгінін тек жоғарғы мектептердің қолына беріп қойуға қарсы болғаны секілді, бір ұйымда

болмаған жалғыз жалғыз кісілерге де бұл турада үлкен ыхтияр беруге қарсы болды [208]. Бұл үзіндіде 1919 жылғы «Дұрыстық жолы» газетінде мектепке дейінгі тәрбие мәселесі алғаш рет қоғамдық деңгейде көтерілгені айтылады.

Онда балалардың күтімсіз қалуы, аналардың тұрмыс жағдайына байланысты қиындықтары және мемлекет тарапынан мектепке дейінгі тәрбие ісін ұйымдастырудың қажеттілігі көрсетілген. XX ғасыр басындағы бұл мақалалар мектепке дейінгі тәрбиенің әлеуметтік мәнін алғаш рет айқындап, оны мемлекеттік саясаттың маңызды бағыты ретінде қарастырды. Балаларды ерте жастан тәрбиелеу қоғамның мәдени және әлеуметтік дамуының негізі ретінде ұсынылды. Бұл идея қазіргі педагогикадағы «ерте жастағы білім беру» концепциясымен үндес. Қазіргі қоғаммен байланысын көрстсек: а) бүгінгі таңда мектепке дейінгі тәрбие білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Ол баланың тұлғалық дамуының, әлеуметтік бейімделуінің және ғылыми ойлау қабілетінің қалыптасуына ықпал етеді; ә) ғылымда дәлелденгендей, ерте жастағы тәрбие когнитивтік қабілеттерді, тілдік дағдыларды және эмоционалдық тұрақтылықты дамытуда шешуші рөл атқарады. Қазіргі қоғамда мектепке дейінгі тәрбие әлеуметтік теңдікті қамтамасыз етудің, білімдегі алшақтықты азайтудың маңызды құралы ретінде қарастырылады. 1919 жылғы мақаланың мазмұны бүгінгі білім беру мен ғылым үдерісінде өзектілігін сақтап отыр. Ол мектепке дейінгі тәрбиенің әлеуметтік, мәдени және ғылыми маңызын айқындап, қазіргі педагогикалық тәжірибеге тарихи сабақтастық береді. Осылайша, XX ғасыр басындағы мерзімді баспасөздегі ойлар бүгінгі білім беру реформаларына ғылыми-әдістемелік негіз бола алады.

Қорытындылай келе, XX ғасырдың басындағы қазақ мектептері мен медреселерін қамтамасыз ету мәселесі тек материалдық тұрғыда емес, педагогикалық және ұйымдастырушылық тұрғыда да күрделі болып, мерзімді баспасөз арқылы халыққа түсіндірілген, проблемаларды жариялау және шешу жолдарын ұсыну арқылы білім беру саласының дамуына айтарлықтай үлес қосқан.

1.3 «Қазақ» және «Айқап» беттеріндегі жәдидшіліктің ағартушылық идеясы тақырыбы

Қазақ жерінде ашыла бастаған түрлі мектептер осы міндетті жүзеге асырудың тиімді әдісі еді. Сөйтіп, бұл өлкедегі оқу-ағарту мәселесін миссонерлік мүдде тұрғысынан пайдалануға жан сала кірісті. XX ғасырдың басындағы ұлттық баспасөз беттерінде кеңінен насихатталған жәдидизм ағымының қалыптасу тарихы мен рухани-идеялық негіздерін зерттеуші Назира Нұртазина жан-жақты талдайды. Ғалымның пайымдауынша, XIX ғасырда мұсылман Шығысындағы көптеген мемлекеттер саяси дербестігінен айырылып, Батыс державаларының ықпалына тәуелді бола бастады. Соның салдарынан ислам әлемі жаһандық тарихи үдерістерге ықпал ету мүмкіндігін жоғалтып, әлеуметтік-мәдени тоқырау кезеңін бастан өткерді. Бұл жағдай кездейсоқ құбылыс емес, әлемдік өркениеттік дамудың заңды нәтижесі ретінде көрініс тапты. Осындай тарихи жағдайда мұсылман қоғамында рухани дағдарыс пен өркениеттік қайшылықтар күшейіп, жаңару қажеттілігі туындады. Осы қажеттіліктің

нәтижесінде жәдидизм ағымы пайда болып, ол діни-философиялық және ағартушылық сипаттағы реформаторлық қозғалыс ретінде қалыптасты. Жәдидизм ислам дінінің негіздерін сақтай отырып, білім беру жүйесін жаңарту, ғылым мен мәдениетті дамыту, қоғамды заман талабына бейімдеу идеясын ұсынды. Слнымен бірге бұл ағым жаңа мұсылман зиялыларының дүниетанымдық және идеялық бағдарын айқындап, олардың қоғамдық қызметіне бағыт-бағдар берді. Жәдидшіл зиялылар тарихи дамудың бағыттарын терең саралай отырып, ислам әлемі мен мұсылман халықтарының болашағын білім мен рухани жаңғырумен байланыстырды. Олар қоғамды өзгерту үшін күш қолдану немесе саяси қақтығыстардан гөрі, бейбіт реформаларға басымдық берді. Бұл тұрғыда білім беру ісін жетілдіру, шаражаңа әдістегі мектептер ашу, ұлттық сананы ояту және адамгершілік құндылықтарды жаңғырту негізгі мақсат ретінде қарастырылды. Жәдидтік идеялар теориялық деңгейде ғана қалмай, нақты практикалық іс-шаралар арқылы жүзеге аса бастады. Атап айтқанда, жаңа үлгідегі мектептер ашылып, оқу бағдарламалары жаңартылды, ұлттық баспасөз бен әдебиет арқылы ағартушылық идеялар кеңінен таралды. Соның нәтижесінде «жәдид» ұғымы революцияға дейінгі қазақ қоғамында кең тараған, мазмұны айқын, ағартушылық пен жаңашылдықты білдеретін маңызды қоғамдық-саяси әрі мәдени түсініктердің біріне айналды [209].

Сонымен қатар Н.Нұртазина жәдидизмнің патшалық Ресей тұсындағы мектептер мен медреселер жүйесінде орныға бастағанын атап көрсетеді. Оның пікірінше, жәдид зиялылары білім беру саласын мәдени дамудың өзегі деп танып, дәстүрлі ескі мектептер мен медреселер кемшіліктерін сынға алды, сонымен қатар орыс оқу жүйесінің де қолайсыз тұстарын ескерді. Осыны негізге ала отырып, олар түбегейлі реформалар жүргізуге бағытталған бағдарламаны әзірлеп, оны жүзеге асыруға кірісті. Жәдидизмнің басты табысы идея жүзінде ғана қалмай, жаңа үлгідегі мектептер мен медреселердің ашылуы арқылы нақты

Нәтижеге қол жеткізуінен көрінді. Қысқа уақыт ішінде жәдид мектептері халық арасында кең қолдауға ие болды. 1916 жылға қарай Ресей империясы аумағында бес мыңнан астам жаңартылған мұсылман мектебі жұмыс істеді. Жәдидтер дәстүрлі мектептер негізінде ұлттық білім беру жүйесін қалыптастыруды, ал медреселерді реформалау арқылы оларды болашақта мұсылман университеттері деңгейіне көтеруді мақсат етті. Бұл бағытта Исмаил Гаспралы жан-жақты ойластырылған жобаны ұсынып, оны белсенді түрде насихаттады [209, 180 б].

Н.Нұртазина жадидшілдіктің Ресей империясында, оның ішінде Қазақстанда да кеңінен таралуы Исмаил Гаспарлы атымен байланыстырған. Зерттеуші Дихан Қамзабекұлы жадидшілдіктің Алаш қозғалысына тигізген оңды әсері туралы: «Алаш қозғалысына тікелеймқатынасқан және оған тілеуқор болған Ресейде көрінген түрік мұсылмандардың ең ілгері дүниетанымдық ұстанымы – жәдидшілдіктің тұнығынан су ішкен. Оның негізін қалап, дамытқан – қырым татары И.Гаспиринский (1851-1914) еді.

И.Гаспиринский – бүтін түрік жұртына ортақ тұлға. Оны М.Сералин, Ә.Бөкейхан, М.Дулатұлы, Х.Болғамбайұлы т.б. «түрік мұсылман ұстазы», «көзімізді ашқан ғұлама» деп есептеген» – дейді [205].

Одан әрі Д.Қамзабекұлы: «Қазақ арасында жәдидшілдік екі асудан өтті. Бірінші асу – 1890-1911 жылдар – үйрену, тәжірибе жинау кезеңі. Екінші асу – 1911-1920 жәдидшіліктің өрістеп, Алаш қозғалысына ұласу кезеңі. Қалай дегенде де, жәдидшілдік И.Гаспринский – қазақ тарихына етене енген құбылыстар» – деп, жәдидшілдік пен, оның негізін қалаушы И.Гаспарлының қазақтардың оқу-ағарту ісіне тікелей қатыстылығын айтады [210, 6 б].

Зерттеуші Дихан Қамзабекұлы жәдидшілдіктің Алаш қозғалысының идеялық қалыптасуына айтарлықтай ықпал еткенін атап көрсетеді. Оның пікірінше, Алаш қозғалысына тікелей қатысқан және оны қолдаған қайраткерлердің дені XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басында Ресей аумағында кең тараған түркі-мұсылман зиялыларының ең озық дүниетанымдық бағыты саналатын жәдидшілдік идеяларынан нәр алды. Бұл ағымның негізін қалап, дамытқан көрнекті тұлға – қырым татары Исмаил Гаспиринский (1851-1914) болды.

И.Гаспиринский бүкіл түркі әлеміне ортақ тарихи тұлға ретінде танылып, қазақтың көрнекті зиялылары М.Сералин, Ә.Бөкейхан, М.Дулатұлы, Х.Болғамбайұлы, А.Байтұрсынұлы және басқалар тарапынан «түркі-мұсылман дүниесінің ұстазы», «ұлт санасын оятқан ғұлама» ретінде жоғары бағаланды [211]. Мұрағат деректері бойынша, «Мамания» мектебінде қазақ тілі, есеп, иман-шарт, Құран, орыс тілі, жағрафия, зоология, ислам діні тарихы, татар тарихы, хадис сияқты пәндер оқытылған [212]. Зерттеуші Қайрат Адамбосыновтың салыстырмалы зерттеуі Қазақстандағы «Мамания», Қырғыстандағы «Икбал», Өзбекстандағы «Мунавар Қары» және татар медреселеріндегі оқу бағдарламаларының ортақ құрылымға ие болғанын көрсетеді, әсіресе тарих пәніне ерекше көңіл бөлгенін атап өткен [213]. Бұл мәселелер XX ғасыр басында қазақ мектеп-медреселерінде білім беру ісі жүйеленіп, жаңа, прогрессивті жәдид оқуының кеңінен таралғанын растайды. Журналдар мен газеттердегі деректер қазақ байлары, саудагерлер, қажылар, мұғалімдер мен молдалардың мектеп-медреселер салу, ашу және оқу үрдісіне белсенді қатысқанын көрсетеді. Сол арқылы бұд іс жалпыхалықтық сипатқа ие болып, еліміздің барлық аймақтарында өрлеу үстінде болған. Мерзімді басылымдардан алынған мәліметтер басқа дерек көздерімен расталғандықтан, олар қазан төңкерісіне дейінгі кезеңдегі оқу-ағарту тарихының шынайы бейнесін ұсынады және мектеп-медреселердегі білім беру үрдісін дәл сипаттайды.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында қазақ қоғамында білім беру жүйесінде елеулі өзгеріс байқалады. Дәстүрлі «қадами» оқу, араб тіліндегі «көне» мағынасын беретін оқу әдісі, біртіндеп жаңа жүйеге – «жадид» оқуға орын беруге мәжбүр болды. «Жадид» (арабша «жаңа») оқу немесе «төте» оқу деп те аталатын бұл бағыт ислам дінін оқытуды жалғастыра отырып, сонымен бірге заманауи ғылымдарды да енгізген. Жазушы С.Мұқановтың түсіндіруінше, «қадами» әдісте оқу тек діни білімге негізделсе, жадид оқуы діни және дүниелік білімді қатар жүргізген, оқыту әдісі ғылыми белгілерге сүйенген: әр дыбыс өзіне тән таңба арқылы оқытылған. Араб және парсы тілдерінің грамматикасы, синтаксисі мен хрестоматиясы оқушыларға түсінікті тілде берілген, яғни әр ұлттың баласы өз тілімен меңгере алған [140]. Сондай-ақ, С.Мұқанов қадами мен

жадид оқуы арасындағы қайшылықтар мен әлеуметтік көріністерді де атап көрсеткен. Жадид бағыт пайда болған кезде дәстүрлі қадымшыларға бұл жаіа әдіс қабылдауға қиын болған, олардың арасында идеологиялық текетірес қатты өрши түскен. Қадымшылар мен жадидшілер арасында тіпті діни қызметкерлер деңгейінде өзара дұшпандыққа дейін жеткен, бір дастарханнан тамақ ішіп, бір орында тұру мүмкін болмаған; кездескенде сөздік қақтығыстармен шектелмей, қол жұмсайтын жағдайға дейін жеткен [140, 76 б].

Осылайша, XX ғасыр басындағы қазақ білім саласында қадами мен жадид әдістерінің күресі тек педагогикалық сипат қана емес, әлеуметтік және мәдени сипатқа ие болғанын көруге болады. Жадидтік оқу дәстүрлі әдіске балама ретінде ғылым мен діннің бірлігін, әр ұлттың тілінде білім беруді ұсынған, ал қадымдық әдіс өз дәстүрін сақтап қалуға тырысқан. Бұл процесс қазақ қоғамында білімге деген көзқарастың өзгерісін, ұлттық және діни құндылықтар арасындағы күресті көрсетеді. Ж.Аймауытұлының бұл пікірі ауылдық мектептердің материалдық базасының әлсіздігін және оқу үдерісінің бірізді болмағанын айғақтайды. Мақаланың өзегі – ауыл мектебінін ұйымдастыру ісін орталықтандыру және қазақ тіліне бейімделген оқулықтар шығару қажеттігі.

«Айқап» журналы оқу құралдары мен әдістеме мәселесіне 1914 жылғы «Айқап» журналының №10 санында Н.Құлжанова «Оқу тәртібі туралы» мақаласында былай дейді: *«Біздің балалар әлі де ескі медресе жолымен оқып жүр. Жаңа әдіс – балаларды ойлануға үйретеді. Баланы жаттауға емес, түсінуге баулу керек».* Нәзипа Құлжанова – қазақ әйелдері арасынан шыққан алғашқы педагог-жазушылардың бірі. Ол осы мақаласында жәдидтік білім беру әдісін қолдайды. Бұл педагогикалық тұрғыдан – заманауи оқыту технологияларына ұқсас рационалды ойлауға, баланың белсенділігіне негізделген бағыт. Осы идеялар кейін кеңестік дәуірдегі педагогикалық реформалардың бастауына айналды. «Айқап» журналында мысалы: жарияланған «оқу-ағарту» бағытындағы мақалалардан: «...Мектеп, медресе, мешіт салдырып ұлтқа пайдасын тигізіп жатқан азаматтардың атын атап, басқаларға үлгі ретінде көрсетіп, жол нұсқайды». Бұл журнал білім беру ісін ғана емес, мектеп-медресе ашу, оқыту жағдайы, ағартушы азаматтардың үлгісі мәселесін көтерген. – Балалар мен жастарды оқуға тартудың бір жолы - мектептердің (яғни физикалық оқу орындарының) ашылуын ілгерілету, сол арқылы қоғамда білімге деген сұранысты арттыру. – «Айқап» журналы дәстүрлі - (медресе) және «жаңа» мектеп формаларын салыстырып, оқытудың әдіс-тәсілдерін талдаған. Мысалы: «...төте оқумен білім алатынын жазады». Журналда білім беру мәселесі ұлттық сана мен мәдениет мәселесі ретінде де қаралған: білім арқылы халықтың жағдайы өзгереді деген идея айтылған. 2. «Қазақ» газетінің беттерінде оқу-ағарту, оқу-тәрбие мәселелер жүйелі түрде көтерілген. Мысалы, ««Қазақ» газетіндегі көтерілген оқу-тәрбие мәселелері» атты зерттеу мақаласында былай делінген: ««Қазақ» газеті зиялылардың саяси орталығы болып...» «Қазақ» газеті арқылы ұлттық мектепті құру, мұғалім мәртебесі, оқулықтар мәселесі жиі талқыланған. – Газет білім мен ағартушылықты саяси және әлеуметтік өзгерістің амалы ретінде қарастырған – яғни мектеп ашу тек білім беру ғана емес, ұлттық мүдде, тұрмыс өзгерісі

жолында маңызды кезең болған. – Басылым балаларды оқуға тарту үшін методологиялық, ұйымдастырушылық бағыттағы мәселелерге де назар аударған – мысалы, оқу құралдарының жетіспеушілігі, ауылдық мектептердің жағдайы. Ауылдық мектептердегі жағдай – балаларды оқуға тарту ісіндегі басты кедергілердің бірі ретінде көрінеді: материалдық база, оқулықтар, мұғалімдердің біліктілігі төмендігі. – Басылымда көрсетілгендей, «оралып қалған» білім жүйесі ұлттың дамуына кедергі келтіреді. – Бұл тақырып білім беру саясатының, мектептерді ұйымдастырудың маңызын ашып көрсетеді – газет мақалалары осы тұрғыда бағыт-бағдар беруші болған. Отарлау кезінде, әсіресе XX ғасырдың басында патшалық өкімет орындары сөз жүзінде мұсылман мектептерінің өміріне араласпау туралы мәлімдей отырып, іс жүзінде орыс-туземдік мектептерінің желісін кеңейту және басқа шаралар арқылы медреселерде оқитын балалар санын азайтуға қол жеткізді. Бұл жөнінде ғалым М.Мырзахметов былай дейді: «1867 жылғы реформаның өмірге енуімен қатар ашыла бастаған орыс-туземдік аралас мектептерінің түпкі саяси-миссионерлік мақсаты неғұрлым бұратана балаларды орыс балаларымен араласып оқытса, соғұрлым орыстандыру үрдісі де жылдамдайды деген тұжырымға негізделген болатын». Шынында да Ресей мемлекеті отарлау саясатын оқу-ағарту ісінде де жүзеге асырды. Ресейде капиталистік қатынастардың дамып, олардың ұлттық шет аймақтардың шаруашылық өміріне тереңдей енуіне байланысты балаларды мектептер мен медреселерде оқытудың «жаңа әдісі» жолындағы қозғалыс пайда болды.

XX ғасырдың екінші он жылдығы қазақ қоғамында қоғамдық-саяси сілкіністер мен әлеуметтік қақтығыстардың қарсаңына сәйкес келеді. Сол кезеңдегі жастарды оқыту, білім беру ісі ұлттық тарихтың маңызды құрамдас бөлігі болып, болашақ ғылыми зерттеулердің нысаны ретінде өзектілігін сақтайды. Ұлттық ерекшеліктерді ескеру – білім саласындағы сапалы дамудың басты кепілі болып табылды. Коммунистік партия жүргізген біртұтас кеңестік бағдарлама қазақ тілінің, дәстүрінің және рухани мәдениетінің дамуына кедергі келтірген, нәтижесінде ұлттың бір бөлігі өз табиғи мәдени негізінен айырылғаны анық [214]. Сонымен қатар, ұлттық басылымдар, атап айтқанда «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті, ресми бақылауға қарамастан, ұлт мүддесіне сай ақпарат тарату арқылы білім беруді насихаттаған. Мұхаметжан Сералин журналдың бірінші нөмірінде оқу, оқыту, мектеп пен медресе ашу, халықтың мәдени және әлеуметтік өмірін көтеру мақсаттарын атап көрсеткен [209, 46 б]. Ахмет Байтұрсынов та «Қазақ» газетінде жастарға білімнің маңыздылығын түсіндіріп, татар халқынан үйренетін ілгері тәжірибелер арқылы оқудың қажеттілігін жеткізген [215].

Осылайша, XX ғасырдың екінші онжылдығындағы ұлттық басылымдар жастарды оқыту мен білім берудің өзектілігін насихаттап, қазақ қоғамында оқу-ағарту ісін кеңейтуге ат салысқанын көрсетеді. Олар білімнің ұлттық ерекшеліктерді ескеріп дамуының маңыздылығын нақтылап, қоғамға оқу мен ғылымға бет бұру қажеттігін жеткізген. Бұл фактор мерзімді басылымдардың шынайылығына айтарлықтай әсер етеді. Сондықтан «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінде жарияланған мақалалар, сол кезеңдегі оқу-ағарту мен білім беру

жайын дәл бейнелейді деп сенуге болады. Журнал мен газет редакторлары, сондай-ақ мақалаларды жазған авторлардың мақсаты – еліміздегі білім жүйесінің нақты жағдайын көрсету және оны жақсартуға ықпал ету болды. Мысалы, А.Байтұрсынов «Айқаптың» алғашқы нөміріндегі «Қазақ өкпесі» мақаласында: қазақ халқының надандық пен өнерсіздік кесірінен ғылым мен өнерге мән бермей, білімсіздік салдарынан түрлі қиындыққа душар болғанын атап көрсетеді [216].

А.Байтұрсынов 1911 жылдан бастап «Айқап» журналында, ал 1913 жылдан өз шығаратын «Қазақ» газетінде қазақ халқының теңдіктен айырылып, өзге халыққа тәуелді болуын білім мен ғылымның жетіспеуіне байланыстырған. Ол қазақ жеріндегі әлеуметтік өзгерістерді, отарлау процесінің күшеюін атап, ұлт ретінде сақталудың бірден-бір жолы – оқуда екенін айтқан: «Біз келімсек жұрттан кем болмас үшін оқымай тұра алмаймыз» [217]. Бұл көзқарас Алаш зиялыларының білім мен ғылымның ұлт үшін өмірлік маңызын түсінгенін, сол пікірлерін ұлттық бейресми басылымдар арқылы халыққа жеткізуге тырысқанын көрсетеді. Журнал мен газет оқу мен білімді насихаттау, жастарды оқуға шақыру және ұлт келешегінде олардың рөлін көрсету міндетін өзіне басты мақсат ретінде алған.

Қазақстандағы оқу-ағарту ісі XX ғасырдың басында төмен деңгейде болды. «Қазақ» газетінде А.Байтұрсынов балалардың оқу жағдайын талдай келе елде оқитындар ескі жолмен хат жазуды білмейді, шаһарда сарт немесе ноғай медреселерінде оқиды, ал орыс мектептерінде оқығандар қазақша жазуды толық меңгермейді. Мұсылман медреселерінде оқығандар әдеби тілді меңгергенімен, араб пен парсы сөздері көп қолданылғандықтан, қара халыққа түсініксіз болады, сол себепті қазақша жазуға ұялады. Русша оқығандар да қазақ тілінде толық пікір айта алмайды, бұл жағдай балалардың тілдік дағдысының төмендігін көрсетеді [217, 78 б].

А.Байтұрсыновтың Қазақ» газеті арқылы XX ғасыр басындағы оқу-ағарту саласының жағдайы туралы берген мәліметтерінің шынайылығын басқа да тәуелсіз дереккөздер дәлелдейді. Солардың бірі – Ахмет Байтұрсынов пен «Қазақ» газетінің идеялық қарсыластарының бірі, жазушы Сәбит Мұқановтың естеліктері. С.Мұқанов «Өмір мектебі» атты еңбегінде қазақ ауылдарындағы оқу ісінің төмен деңгейде болғанын куәгер ретінде баяндайды. Ол туған ауылы Жаманшұбардағы жағдайды мысалға келтіріп, қазақ ауылдарында ұлттық мектептердің болмағанын, балалардың сирек кездесетін молдалардан араб және парсы тілінде білім алғанын көрсетеді. Мұндай оқыту жүйесі балалардың мәтінді түсінбей жаттауына алып келіп, олардың басым бөлігінің сауатсыз қалып қоюына себеп болғанын атап өтеді [140, 488 б] «Қазақ» газетінде берілген мәліметтер мен С.Мұқановтың естеліктері өзара мазмұндас екенін аңғару қиын емес. Бұл А.Байтұрсыновтың газет бетінде елдегі оқу-ағарту жағдайын шынайы бейнелегенін дәлелдейді. Сонымен қатар, ол қала мектептерінде оқыған қазақ жастарының ана тілінен алшақтау қаупін де көтерген. Байтұрсыновтың пікірінше, бала өзге тілде білім алып, сол тілдегі кітаптармен тәрбиеленсе, қазақ тілінде сауатты жазып, еркін сөйлеуге дағдылануы қиынға соғады. Мұндай үрдіс жалғаса берсе, қазақ тілінің қоғамдық қолданысы әлсіреп, ұлттық болмыстың жойылуына әкелуі мүмкін екенін ескертеді. Сондықтан ол қазақ тілін сақтау

ұлтты сақтаудың негізгі шарты екенін атап көрсетеді [217, 94 б]. XX ғасыр басындағы оқу-ағарту ісінің жағдайын анықтауда «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің деректерін толықтыратын маңызды көздердің бірі – ҚР ОММ 64-қорында сақталған белгісіз автордың Ресейдегі – мұсылмандық оқу орындарының жай-күйі туралы жазбасы. Қазақтар Ресей мұсылмандарының ірі бөлігін құрағандықтан, бұл деректің отандық білім жүйесіне де тікелей қатысы бар. Автор 1874 жылғы 20 қарашада қабылданған заңның салдарына тоқталып, оның қабылданғанына отыз жылдан астам уақыт өткенін атап өтеді. Бұл жазбаның XX ғасыр басындағы оқу ісінің жағдайын сипаттайтын дерек екендігін көрсетеді [218]. Құжат авторы мектеп пен медреселердегі оқыту мазмұнын сипаттай отырып, Ресей мұсылмандарын біліммен қамту ісіндегі үкіметтің рөліне ерекше назар аударады. Деректің ғылыми құндылығы да осы мәселемен байланысты. Автордың пікірінше, мемлекеттік қолдау жеткіліксіз. болғанына қарамастан, мектептер мен медреселер халық арасында сауаттылықты тарату қызметін жалғастырып отырған. Ол мұсылман қоғамындағы білім деңгейінің төмендігін ең алдымен халықтың надандығымен және балаларға жан-жақты білім берудің мүмкін болмауымен түсіндіреді. Сонымен қатар, оқу орындарына мемлекеттік қолдау көрсетілген жағдайда, олардың білім деңгейін көтеріп әлеуметтік-экономикалық дамуға оң ықпал ете алатынын атап өтеді [218-2-6 п.,].

Бұл дерек бірнеше маңызды қорытынды жасауға мүмкіндік береді: біріншіден, автор мұсылман қоғамының өкілі ретінде білім мәселесін ішкі әлеуметтік проблема ретінде қарастырады; екіншіден, мемлекеттік қолдау болмаған жағдайда да мектеп пен медреселердің білім таратудағы рөлі сақталғанын көрсетеді, үшіншіден, мұндай материалдардың пайда болуы мұсылман халықтарының білімге деген ұмтылысының жоғары болғанын дәлелдейді; төртіншіден, автордың баяндауы XX ғасыр басындағы оқу-ағарту ісінің нақты жағдайын жақсы білетіндігін аңғартады. Автор өз жазбасында 1874 жылғы қараша заңына сәйкес мұсылман мектептері мен медреселерін Халық ағарту министрлігіне бағындырудың тиімсіз болғанын атап көрсетеді. Заң бойынша оқу инспекторлары бірнеше міндет атқаруы тиіс болды: жергілікті мұсылман қауымдастықтарының қаржысына орыс кластарының ашылуын қадағалау, орыс тілі мұғалімі болмаған жағдайда оқу орнының ашылуына жол бермеу, оқу үдерісі мен оқулықтардың мазмұнын бақылау, сондай-ақ мектептер мен медреселердің санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкестігін тексеру [218, 2-6 п.]. Алайда автор заң қабылданғаннан кейінгі отыз жылдан астам уақыт ішінде бұл шаралардың күтілген нәтижеге жеткізбегенін атап өтіп, мектептер жағдайын жақсарту ісінде елеулі өзгерістер болмағанын көрсетеді [218, 2-6 п.]. Автор аталған талаптардың орындалмау себептерін бірнеше факторлармен түсіндіреді. Оның пікірінше, оқу инспекторлары көп жағдайда жергілікті халыққа бөтен адамдар болғандықтан, олардың арасында беделге ие бола алмады. Кейбірінің миссионерлік ұйымдарға қатысы мұсылман қауымының сенімсіздігін күшейтіп, орыс кластарының ашылуына ықпал ету мүмкіндігін шектеді. Сонымен қатар, мұсылман қауымдастықтарының өз қаражатына орыс тілі мұғалімін ұстауы қиын болғандықтан, жаңа мектептер мен медреселерді ашу жиі тоқтатылып отырған [218, 2-6 п., 69 б]. Инспекторлардың жергілікті тіл, дін

және дәстүрді білмеуі оқу үдерісін бақылауды да тиімсіз етті. Оқу мазмұнын дұрыс түсінбеу мен шетелдік діни әдебиеттерді пайдалануға тыйым салу халықтың наразылығын туғызды. Сондай-ақ мектептердің санитарлық талаптарға толық сай келмеуі көбіне материалдық мүмкіндіктің шектеулі болуымен байланысты болды. Жалпы алғанда, автор 1874 жылғы заңмен енгізілген бақылау жүйесі мұсылман қоғамының ерекшеліктерін ескермеу және үкіметтің сенімсіздігі салдарынан оқу-ағарту ісінің дамуына кері әсер еткенін көрсетеді [218, 2-6 п., 69 б]. Жазба соңында автор үкімет мұсылман халықтарының дамуына еркіндік берілген жағдайда, олардың өздері-ақ орыс тілін меңгере алатынын айтып, мемлекеттік қатаң бақылаудың қажетсіз екенін көрсетеді. Ол оқу жүйесін жетілдіру үшін бірнеше ұсыныс білдіреді: мұсылман мектептерін бақылауды халық сеніміне ие мұсылман өкілдеріне тапсыру; мектеп пен медреселерге арналған бірыңғай оқу бағдарламасын әзірлеу; оқу жоспарына арифметика, география, Ресей және әлем тарихы сияқты жалпы білім беретін пәндерді ана тілінде енгізу; оқу орнын тәмамдағандарға арнайы қорытынды емтихан өткізіп, куәлік беру [218, 2-6 п., 69 б]. Автордың аты көрсетілмегенімен оның еңбегі басылып, Ресейдің Азиялық бөлігіне таратылған және Дала генерал-губернаторы Сухотин мен халық училицелері директоры А.Е. Алекторовтың ескертпелері берілген. Бұл құжаттың ресми ортада назар аудартқанын көрсетеді. Демек, жазба XX ғасыр басындағы Ресей мұсылмандары арасындағы оқу-ағарту ісінің нақты жағдайын бейнелеп, мерзімді басылымдар деректерін толықтыра түседі.

Сонымен қатар «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті сол кезеңдегі Қазақстанның әр аймағындағы оқу ісінің жай-күйі туралы маңызды мәліметтер береді. Басылымдарда түрлі өңірлердегі білім беру жағдайын жергілікті авторлар баяндаған. Мысалы, Х.Лекеров Павлодар уезін, М.Малдыбаев Қарқаралы мен Семей қалаларын, «Омбылық» Омбы қаласын, Ш.Ибрагимов Көкшетау мен Қараөткелді, М.Кәшімов Әулиеатаны, ал басқа авторлар Қостанай, Перовск, Қапал, Тройцк, Орынбор, Омбы, Семей, Астрахань сияқты аймақтардағы оқу-ағарту ісінің жағдайын сипаттаған. Бұл материалдар қазақ балаларын оқыту деңгейінің аймақтар бойынша әркелкі болғанын көрсетеді. Бұл деректер XX ғасыр басындағы оқу-ағарту мәселелері туралы тек белгілі зиялылар - М.Сералин, Х.Лекеров, М.Молдабеков, Іш. Ибрагимов, М.Көшімов, Ғ.Мұсағалиев, К.Тоғысов сияқты тұлғалар ғана емес, «Омбылық», «Қазақ баласы» секілді бүркеншік есіммен жазған авторлар да пікір білдіргенін көрсетеді. Сонымен қатар, мақалаларда Қазақстанның барлық өңірлеріндегі білім беру жағдайы қамтылып, зерттеушілерге аймақтардағы оқу ісінің деңгейін салыстырып қарастыруға мүмкіндік береді. Мәселен, «Айқап» журналы Торғай облысындағы орта оқу орындарында оқитын қазақ балаларының өте аз болғанын атап көрсетеді. Басылым мәліметінше, Орынбор мен Троицк қалаларындағы гимназиялар мен реалды училишелерде қазақ оқушыларының саны небәрі бірнеше адаммен шектелген. Үш жүз қырық мыңға жуық қазақ халқы бар өңір үшін мұндай көрсеткіш өте төмен болғаны айтылып, бұл жағдай қазақ қоғамындағы білім деңгейінің әлсіздігін айғақтайтыны көрсетілген [219].

«Айқап» журналының мәліметтері бойынша, гимназиялар мен реалды училишелерде оқып жүрген қазақ балаларының бәрі оқуын толық аяқтай алмаған. М.Сералиннің көрсетуінше, 1904-1912 жылдары аталған оқу орындарында шамамен қырық қазақ баласы білім алғанымен, олардың тек үшеуі ғана толық бітіріп шыққан. Бұл жағдай оқушылардың қабілетіне емес, көбіне материалдық қиындықтарға байланысты болған [219, 4 б]. Сонымен қатар XX ғасырдың екінші онжылдығында оқу-ағарту саласында белгілі бір оң өзгерістер де байқалды. М.Сералин жаңа әдіспен («төте оқу») оқытатын мектептердің ашылуын, Ақтөбеде мұғалімдер даярлайтын оқу орнының құрылуын және қала медреселері мен мектептерінде қазақ балалары санының артуын атап өтеді [219]. Алайда оқуға сұраныстың өсуі жаңа қиындықтарды туғызды. Орынбор мұғалімдер мектебі мен Қостанайдағы педагогикалық сыныптарға жүздеген бала қабылдауға өтініш бергенімен, олардың аз бөлігі ғана қабылданған. Бұл бір жағынан қазақ жастарының білімге ұмтылысының артқанын көрсетсе, екінші жағынан оқу орындарындағы орын тапшылығының күрделі мәселе болғанын дәлелдейді [219]. Журналдың меншікті тілшісі М.Көшімов Әулие - Атадағы оқу-ағарту жайын өз хаттарында баяндайды. 1912 жылғы 1-нөмірінде ол жергілікті халық арасында білім деңгейінің өте төмен екенін, мектеп пен медресенің жоқтығын атап көрсетеді. Ол мешіттер көп болса да, сабақ оқитын балалар жоқ екенін, кейбір мұғалімдердің болса да жергілікті қоғамның қолдауына ие еместігін айтады [220].

Алайда 1913 жылғы хатында М.Көшімов соңғы жылы Әулие-Атада бірқатар оң өзгерістер байқалғанын жазады: ноғай мақаласында 70 бала оқып бұрынғы теріс мінезді мұғалімнің орнына Ысмағұл Юніси медреседен алдырылған, жергілікті қауым өзара көмектесіп, балаларды тәрбиелеп отырған. Сонымен қатар, кейбір жергілікті болыстар балаларын Стамбулда оқытуға жіберген [221, 126 б]. Белгісіз автор өз мақаласында Көкшетау қаласы мен оған жақын орналасқан ауылдардағы оқу ісінің осылайша қалыптасуының себебін де көрсеткен. Ол: «Бұлардың осылайша қап-қараңғы болып тұруларына себеп Науан хазіреттің өлердегі сөзімен айтқан насихаты болса керек қой. Өйткені сентябрь жұлдызының ортасында Көкшетау шәһәрінде үлкен базар болады. Ол базарға Көкшетауға қараған Атығай, Қарауыл баласы түгел жиналады. Сонда Көкшетау елінің басты адамдарының хазіретке амандаса кететін дағдылары бар. Сондай өздері иіліп келген жұрт ағасы адамдарға хазіреттің өлердегі сөзі қылып айтатын насихаты қашанда мынау болады. «Құдай сақтасын, газет-журнал һәм жаңа шыққан кітаптар болса, алып оқымақ түгіл, қолдарыңызға да ұстамаңыздар. Тіпті тілдеріңізді алатын адамдарға да алдырмаңыздар! Және құдай сақтасын, төте оқумен оқытатын мұғалімдер ұстап балаларыңызды бұзып алып жүрмеңіздер, одан қайта надан қалпы артық деп».

Бұл күндері зор шаһарларда сүйіктей болып оқып келе жатқан шәкірттерді қара халыққа орыстың миссионерлерімен де жаман көрсетіп олардан үркітеді»- дейді [222, 217 б.]. Сонымен қатар «А. Ж?- деп қол қойған белгісіз автор Көкшетаумен шекаралас қалалардағы оқу жайы туралы: «Осы төте оқу мектебі қазірде онша көңілдегідей болмағанымен Көкшетау шәһәрінің күнбатыс жағындағы Қызылжар шаһарінде бар. Күншығысындағы Омбы шаһарінде бар,

оңтүстігіндегі Атбасар, Қараөткелде де бар һәм Күнбатысындағы Қостанай, Тройцк шаһарларында дүрілдетіп жатыр десе болғандай. Міне, шаһарлардың тап ортасындағы Көкшетаудың өзі һәм маңайындағы қазағымен мұнша көмескіленіп қала берген» - деп, басқа қалалардағы оқу ісінен де мағлұмат берген [222, 213 б].

Оқу-ағарту және білім беру ісінің еліміздегі әр түрлі аймақтарындағы жәй - жапсарын анықтау өз кезегінде «Қазақ» газеті де ерекше көңіл бөлген деп айтуға болады. «Заман талас тартыс заманы. Қара күннен күнін қайғырмай қамсыз жатқан қазақ болмаса, ұшқан құс, жүгірген аңның бәрі де тіршілік жабдығында. Жағаласпай жармаспай ешкім қатардан орын бермейді. Басқалармен тізелесуге, тартысуға, жарысуға оқу-білім керек. Надан жұрт оқымысты-білімді жұртпен қатар тіршілік ете алмайды. Есігінде жүріп азып-тозып кетеді. Мысалы, С.Торайғыров өз мақалаларында Семей және Павлодар уездеріндегі оқу-ағарту ісінің жағдайы туралы жазса, Х.Сәрсекеев Зайсан, З. Ғайсин Шымкент, Е.Боранбайұлы Қызылжар, М.Бөштаев Баянауыл, Қ.Жұбанов, Х.Лекеров, Ғ.Таңатбаев Ақтөбе, Павлодар, Темір уездеріндегі оқу-ағарту ісінің жайы туралы мақалалар жазған. Демек, осылар және басқа да авторлардың кезінде апталық беттерінде жариялаған мақалаларында қазан төңкерісі қарсаңыдағы Қазақстандағы оқу-ағарту ісінің жергілікті жерлердегі жағдайы туралы мол мәліметтер сақталынған [222].

Мысалы, «Қазақ ұғлы» деп қол қойған белгісіз автор «Қазақ» газетінің 1915 жылғы 15 августағы 145 нөміріндегі «Бес болыс Байжігіт» атты мақаласында Семей облысы Зайсан уезіндегі Найман руының бес-болыс Байжігіт елінің шаруашылығы туралы айта келе олардағы оқу-ағарту ісінің жағдайына да тоқтаған [223]. Арықұғлы Хатым газеттің 1915 жылғы 30 апрельдегі 123 нөміріндегі «Ішкі Орда» атты мақаласында Астрахань губерниясы Бөкейлік 10 болыс қазақтардың оқу-ағарту ісі туралы қысқаша мәлімет берген. Ол: «Астрахан губерниясы Бөкейлік екінші округ 10 болыстың қазағы 900 үйден артығырақ. Каспий теңізіне жақын жерде мекен етеміз. Халықтың кәсібі балық аулау һәм мал бағу. Жеріміз егінге қолайсыз құм болады. Еліміз үш ауылнайға бөлінеді. Болыста екі указанный имам, жақсы мешіт бар, 4-5 жерде жаңа тәртіппен оқытатын мектептер бар. Бұл мектептерде қазақша оқу құралдарымен оқытылады. Арамыздан тағы бір мектеп салдыруға ыждаһат қылып жүрушілер бар, мектептерімізде мұсылманша оқуға һәм министрский участковый школдарда орысша оқуға балаларымызға орын жетпейді, жалдап та жаздықүні учителге оқытамыз» - дейді [224].

Жеке авторлардың жазған мақалаларымен қатар, оқу-ағарту жайы газеттің «Ішкі хабар» және «Тілшілер сөздері» деген тұрақты айдармен берілетін ақпараттық мақалаларда да айтылған. Мысалы, «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 5, 6, 11, 28, 31, 34, 40; 1914 жылғы 59, 63, 66 нөмірлеріндегі «Ішкі хабарларда» Ақмола, Қызылжар, Қостанай, Қарқаралы, Баянауыл, Қатонқарағай, Қапалдағы оқу-ағарту ісі, мектеп-медресе салу жұмыстары туралы мәліметтер келтірілген. Газеттің 1913 жылғы 19 нөміріндегі «Тілшілер сөзінде» Зайсандағы оқу жағдайы туралы, 20 нөміріндегі «Тілшілер сөзінде» Павлодардағы оқу жағдайы туралы айтса, 21 нөміріндегі «Тілшілер сөзінде» Ақтөбе облысындағы Аққемер бекетіндегі оқу-ағарту жұмысының нашар екендігін хабарланған.

Мысалы, «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 20 нөміріндегі «Павлодардан» деп аталатын Шәріп Ақпановтың «Тілшілер сөзінде» Павлодар қаласындағы оқу-оқыту ісі туралы жан-жақты да, өте қызықты мәліметтер келтірілген. Ол: «Павлодар уезінде қазақ көп. Шаһарында 500 үйден артық қазақ бар. Бұл қаладағы қазақтар арасында едәуір пысық адамдар һәм бай саудагерлер де бар. Бірақ бұлардың айтарға бастары, санарға малдары көп болғанымен оқу-оқыту жақтары тіптен төмен. Павлодарда бұрыннан екі класты бір школ, бір ауылнай школ бар. Мұндағы учительдер Ахметолла Барлыбаев һәм Әбікей Сәтбаев. Бұл екі школда биыл 90 шамалы қазақ баласы оқиды. Және екі жыл болды жатақтар бір ауылнай школ сұрап алды. Учителі имам Әлімбеков. Мұнда биыл 50 қазақ баласы оқиды. Бұл қазақ учительдердің бәрі де Семей семинариясынан оқып шыққандар. Жоғарғы есептегі бұл школдарда оқушы 140 шамалы қазақ балаларының 19-ы ақ қала қазақтарының баласы. Өзгесі ойдан-қырдан келген ел балалары. Мал шаруасына пайдасы, қолғабысы тиіп отырған балаларын ел қазақтары школға әкеп беріп жатқанда, шаруасы жеңіл сыпайы отырған 500 үй қала қазақтарының 20 шақты-ақ баланың оқуы таңқаларлық іс. Бұл қала қазақтары мұсылманша оқуды да тәртіпке салып, іргелі бастырғандары жоқ. Орталарында көптен имам болып тұрған Хабиболла Хазірет Лекеров деген бар. Оның екі бөлмелі кірпіштен салынған медресесі бар. Мұнда қысты күні бір-екі ай 10-15 бала оқиды. Хазірет өзі медресеге жұмасында бір-екі рет кірсе, кіреді, кірмесе жоқ. Балаларды Хазірет жоқта сабағы озық шәкірттер оқытады. Хабиболла Хазірет тәртіппен оқытатын мұғалім ұстауға қарсы келеді. Баласын басқа бір тәртіпті мұғалімге оқытқан кісілерге риза болмайды. Троицкі жағынан оқып қайтқан бір мұғалім 1912 жылы сонда тұрған екен. Қыстай Хәзіретпен партия болып, әрең шығыпты. Біздің білімділеріміздің бірсыпырасы осы отырықшылықты таба алмай әуре болып жүр. Олар қазақ бір жерге жиналып отырса, көптеп іс қылып, қымбатты арзандатып, қиынды оңайлатып, биікке қолы, алысқа көзі жетер еді дейді. Сол іздеген отырықшылық мынау. Бірақ сол білімділердің ойлаған тілектерін біздің Павлодар қазағы ескеретін емес»- деп жазған [225].

Мақаладан көріп отырғанымыздай бір ғана «Тілші сөзінде» XX ғасыр басындағы Павлодар қаласындағы оқу ісі туралы көптеген құнды мәліметтер келтірілген. Онда 1913 жылы Павлодар қаласында тұратын қазақ үйлерінің жалпы саны, қала қазақтарының әлеуметтік жағдайы, школдар мен онда оқитын қазақ балаларының саны, оларға білім беретін мұғалімдері туралы айтылған. Ерекше көңіл аударатын нәрсе, ол қала қазақтарына қарағанда дала қазақтарының өз балаларын оқытуға деген ықыластарының жоғарылығы мен школдарда орысша оқу мен мұсылманша оқудың айырмашылығының жоғарылығы. Автордың айтуынша Павлодар қаласында «оқу-оқыту жақтары тіптен төмен болғанымен», школдарда оқудағы тәртіптің» мұсылманша оқудан біршама тәуір болған. Міне, осылай, бір ғана «Тілші сөзі» бүгінде обылыс орталығы болып отырған. Қазақстанның ірі қалаларының бірі Павлодардағы бұдан тура бір ғасыр бұрынғы оқу-оқыту жағдайы туралы осыншама мәліметтер жеткізіп отыр. Олай болса, «Қазақ» газетінің бетінде жарияланып отырған «Ішкі хабарлар» мен «Тілші сөздері» де оқу-ағарту ісінің құнды дерек көздерін

құрайды. Журнал оқушысы Ержан Құлақпаев деген автор өзінің «Қазақ халқына бір-екі сөз» деген мақаласында: «Бұл дүниеде неше түрлі халық бар. Осылардың ең өнерсізі, ынтымақсызы біздің қазақ халқы деп айтуға жарайды. Не үшін десеңіз, бізден басқа халықтар өздерінің дінін, миллатын қуаттап, халін шамалап, аяқтың астында қалмаудың қамын ойлап өнерлі, ғылымды болып жатыр. Біздің ноғай қарындастарымыз да әр түрлі адамдарға ой беретұғын жақсы-жақсы әңгімелер, кітап жазып, өз тілінде баспахана (матбұғат) ашып, басып таратуда. Екінші әр түрлі жердегілер газеттер басып күнбе-күн алтын таудай пайдасына, күміс таудай хайласына қалып тұр. Үшінші, шаһар сайын ер балалар қыз балалар үшін арнап тәртіпті мектептер жасап, оған усыл тағылымынан хабары барырақ мұғалім, мұғалималар әкеліп, жан-жақтан шәкірттер жиылып, оқып мұғалім, мұғалималары оқытып мағаріптің (ғылым-білім) бірінші басқышына шығуға ұмтылып жатыр. Мінеки, осындай мағаріптің (ғылым-білім) бірінші басқышына шығуға ұмтылып жатыр.Мінеки, осындай мағаріптің (ғылым-білім) заманында бейхабар қараңғыда біздің халықтың ұйықтап жатуы себепті бізде жоғары айтқандардың бірі де жоқ»- деп жазған [226].

Ержан Құлақпаевтың бұл айтқандарының көп жағдайда шындыққа жақын екендігі рас. Татарлар баспаханалардың болғандығы да, отыздан астам газ журналдар шығарып тұрғандығы да, содан пайда тапқандары да рас. Мысалы А.Байтұрсыновтың өзі Қазақ» газетін Орынбордағы татар баспаханасында бастырып тұрған. Дегенмен, Е.Құлақпаев айтқандай бізде түк жоқ деуге де болмайды. Егер, бізде түк жоқ болса, онда Е.Құлақпаевтың мақаласын жариялап отырған «Айқап» журналы қайдан шықты?

Оқу-ағарту саласында Қазақтарда да алға ұмтылушылық бар екендігі туралы, бұл салада татарлардан кейін қалғандарымен басқа қырғыз, түрікмен сияқты түркі халықтарынан алда екендігі туралы мақала да дәл сол «Айқапта» басылған. Мысалы, Түрікмен Шаһмұрат Төлек баласы Нәзіри деген автор өзінің «Қазақ-қырғыз-түрікмен» деген мақаласында: «Бұл қазақтар соңғы екеуіне қарағанда әдәуір жақсы. Жақсылығы сол: бұлар оқу, оқыту, өнер істеріне көңіл беріп, алға барушылықты көптен бері іздеушілер. Сол жолдардан адаспай келе-келе осы күнде кәдімгідей алға басты. Бұлардың алға басушылығының белгісі: біз қарасақ, осы күнде Россияда болған әрбір медреселерде, орыс школдарында қазақ шәкірттері оқиды. Тіпті Астраханда қыздар да қалалық мектепте һәм гимназияларда оқиды. Екінші, осы күнде қазақша жазылған әдәуір кітаптар бар. Бұл кітаптар қазақтардың өз тілдерін басқа халыққа білдіріп, өздерінің кім екендіктерін танытқан. Үшінші, сол қайраттары арқасында осы күнде журнал шығаруға да жетті. Иншалла, «Айқап» журналы өзі ұмтылып тұрған халықты көтермелеп тағы да ұмтылдырар деген үмітіміз бар» - дейді [227].

Қазақтардағы оқу-ағарту ісінің жағдайын сырттай бақылап, өз ойын журналға жариялаған Түрікмен бауырымыздың қазақтарда оқу ісінде алға басушылықтың барлығы туралы бұл айтқандарының шындыққа жақын екендігі рас. Татарлардан кейін қалса да, қазақтардың түрікмендерден алда екендігі анық. Мысалы, автор өз ұлты түрікмендер туралы: «Келелік бұл түрікмендерге, бұлар қазақ пенен қырғыздай емес, оқу деген нәрсе олардың ұйықтап жатқанда түсіне де кірмейді. Әлі ескі надандықтарымен күн өткізіп, өздерінің екі тиын қара

ақшаға керексіз болған орынсыз ерегістерімен ғана жүруші бір халықтар» - дейді [227, 263 б].

Қорыта айтқанда, XX ғасыр басындағы қазақ баспасөзінде – «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінде – оқу-ағарту мәселелері жан-жақты көтеріліп, елдің білім беру жағдайы, мектеп-медреселердің жұмысы, жетістіктері мен қиындықтары туралы шынайы ақпараттар берілген. Бұл басылымдар арқылы жадитшілік ілімнің маңызы, оның әдістемелік жаңашылдығы және мектептерде қолданылуы көрініс тапқан. Сонымен қатар, жергілікті авторлардың мақалалары мен «Ішкі хабар», «Тілші сөздері» айдарларында оқу ісінің бүкіл ел бойынша дамуы мен жетістіктері баяндалып, бұл деректер куәгерлер естеліктері, мұрағат материалдары және әдеби деректер арқылы дәлелденеді. Жадитшілік ілім дәстүрлі ислам білімін жаңғыртып, заманауи оқыту әдістерін енгізу арқылы қазақ жастарының білім деңгейін көтеруге және оқу ісін жүйелеуге үлес қосқандығы байқалады.

2 АТАЛМЫШ КЕЗЕҢДЕГІ МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗ БЕТТЕРІНДЕГІ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ АҒАРТУ ІСІ ТАРИХИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕ РЕТІНДЕ

2.1 Ұлттық мерзімді баспасөз беттерінде оқу-ағарту мәселесінің тарихи-педагогикалық аспектілері

Ұлттық мерзімді баспасөз беттерінде оқу-ағарту мәселесі көтерілуі XX ғасыр басындағы қазақ қоғамындағы білім беру тәжірибесін, мектеп-медреселердің қызметін, мұғалім мен оқулыққа деген қажеттілікті тарихи тұрғыдан көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл материалдар білім беру процесінің даму жолын, жадиттік және дәстүрлі оқу жүйелерінің үйлесімін, халықтың білімге ынтасын, сондай-ақ әлеуметтік-саяси жағдайдың оқу ісіне әсерін анықтауға арналған деректер ретінде маңызды. Сондықтан ұлттық баспасөздегі мақалалар тарихи-педагогикалық зерттеулер үшін құнды дерек көзі болып табылады. Қазақстанның Ресей құрамына толықтай енген кезеңде патша үкіметі өзі жаулап алған жерлерді орыстандыру саясатына көшті. Сол мақсатта қазақ даласында орыс - қазақ аралас мектептері пайда бола бастаған. Бұл мектептер жайында алаш зиялыларының жаңа буынының өкілі Смағұл Садуақасов: «Орыс - қырғыз мектептері дегеніміз не? Олар қазақ жастарын белгілі бір түрде православия дінін қабылдауға дайындаған миссионерлік ошақ болд. ...қазақ балалары қазақ балалары бұл мектептерге өздері бармаған... орыс – қырғыз мектептері, өзінің құрушыларының ұмтылыстарына қарамастан, мүлдем басқа бағытта дамыды. Бұл мектептер... артынан алғашқы қазақтың ұлтшыл - революционерлерін шығарған» [228] - деп, орыс - қазақ мектептерінің ұлт зиялыларының қалыптасуындағы рөлін көрсеткен. Қазақ халқының оқу-ағарту негіздерін қалаған қазақ ойшылдарының еңбектері XX ғғ. басындағы қазақ зиялыларының педагогикалық, психологиялық көзқарастарының қалыптасуына үлкен ықпалын тигізді. Қоғамдық өмірдің және әлеуметтік дамудың айнасы баспасөз десек, аталмыш кезеңде оянған сананы алға жетелеген көрнекті басылымдар мәдениет рухын септі. Мерзімді басылымдар саяси санадағы құнды пікірлер мен көзқарастар тудырудың қайнар көзі болып табылады. Қоғамдық саяси және мәдени өмірінің сан қырлы мәселелеріне халық көңілін аударатын бірден-бір құрал – баспасөз болып отырғандығы ертеден белгілі. Қазақ баспасөзі тарихының қайшылығы мол күрделі бір кезеңі – XX ғасырдың басы әлемде болып жатқан өзгерістер қазақ қоғамдық ойына да қозғау салып, ұлттық интеллигенциямыздың үлкен шоғырын саяси-әлеуметтік, мәдени майдан алыңына шығарды. Отаршыл әкімшіліктің «Түркістан уалаяты», «Дала уалаяты» секілді қазақ тілінде шығарған ресми тазеттерімен бірге жаңа сипаттағы еркін басылымдар дүниеге келді. «Серке» (1907), «Қазақстан» (1911-1913), «Ешім даласы» (1913) газеттері, «Айқап» (1911-1915) журналы және жалпы ұлттық қоғамдық-саяси сипатта болған және көп тиражбен тараған «Қазақ» (1913-1918) газеті қазақ зиялыларының саяси-әлеуметтік ой-санасына түрткі салып, заманының көкейтесті мәселелерін қозғады. Отарлық саясаттың езгісінде отырған қазақ халқының бостандығы мен азаттығын аңсап, елі-жұртын ғылымы мен білім өркендеген халықтар санатында көруді қалады. Ғасырлар бойы

жинақталған халықтың бай рухани қазынасын және ғұлама ғалымдардың еңбектерін, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ой- пікірлері мен тәрбие туралы мұраларын зерттеу бүгінгі таңда жалпы ғұмырнамалық проблема болып табылады. Әр тарихи кезең өз ұландарын тудырады. Қоғамның заңы бойынша, уақыттың талап етуі бойында қабілеті бар жастардың өмір сахнасына шығуына негіз қалайды. XX ғасырдың басында жарқырап көрінген қазақ халқының кемеңгер ұлдары Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Х.Досмұхамедов, Ж.Аймауытов, Ә.Ермеков, Ж.Ақбаев уақыт тудырған отансүйгіш азаматтар болатын. Халықты өркениеттің өріне сүйреген көсемдердің көзге шалынар басты қасиеті – олардың қай-қайсысы болмасын жан-жақты «сегіз қырлы, бір сырлы» тұлғалар болатын. Саяси күрескер, жалынды патриот, әрі ғалым, әрі киелі өнер месі және өз мамандықтарының білгірі болуы – халқымыздың маңдайына біткен осы үркердей шоқ жұлдыздардың несібесі.

Төңкеріске дейінгі қазақ интеллегенциясы өзінің шыққан ортасы тұрғысынан алғанда әр текті болды: олардың қатарында ақсүйек, бай- шонжар әулеттерінен шыққандар да, орта дәулетті отбасы өкілдері де, жекелеген қарапайым еңбекші шаруалардың балалары да болды. Олардың жоғары және арнаулы орта оқу орындарынан алып шыққан кәсіби мамандықтары да әр түрлі болды. Бұлар отарлы қазақ өлкесінің басқару аппаратында түрлі жұмыс атқарған чиновниктер, денсаулық сақтау мекемелерінің қызметкерлері, журналистика, оқу-ағарту және мәдениет саласында еңбек еткендер және сан жағынан басқа топтардан аз болған инженер-техник қызметкерлерден тұрды.

Алаш қайраткерлері орыстандыру саясатынан, қоғам басына түскен қасіреттен құтылу үшін білім алып, өркениетті елдердің қатарына қосылу қажет екендігін айғақтайды. Оған М.Дулатовтың мына сөздері дәлел бола алады: «Бізге бар күш жігерімізбен ағартушылық пен ортақ мәдениетке ұмтылуымыз керек» [229]. Сондықтан да, Алаш қайраткерлерінің қызметтері халықты ағарту, білім беру, оқыту мәселесіне бағытталды. Өз зерттеуімде М.Қозыбаевтың мына пікіріне қосыламын: «Алаш» қозғалысы күшті ағартушылық идеялардың ықпалымен қалыптасқан» [1-206.].

«Алаш» қозғалысының қайраткерлері елдің экономикалық саяси, мәдени дамуын қазақ халқының санасын оятуды оқыту арқылы ғана шешу қажеттілігін дәлелдеді. Бұл жайында Ахмет Байтұрсынов «Қазақша оқу жайынан» атты мақаласында былай деп жазады: «Әуелі біз елді түзеуді бала оқыту ісін түзеуден бастау керек, неге десек, болыстық та, билік те халықта» [230]. Алаш пен Алашорда қайраткерлері заңнан тыс деп жарияланып, таратылып жіберілді және оның ресми органы «Қазақ» газетінің жұмысы тоқтатылды. Алаш жолының қиын күрестер мен күрделі жанжалдарға, қателіктер мен ізденістерге және белгілі бір жетістіктерге толы жол болғаны күмәнсіз. XX ғасырдың басында «Алаш» партиясының Қазақстанда жеткілікті дәрежеде елеулі күш болғанын тарихи фактілер дәлелдеп отыр. Патша өкіметінің қазақ халқының ғылым мен мәдениетке тартылуына кедергі жасауға бағытталған шаралары еш нәтиже бермеді. Х.Әбжановтың «Мәдени құрылыс ақтаңдақтары» атты мақаласында сауаттылық жүйесін былайша көрсеткен. «XIX ғасырдың аяғында Қазақстанда

орысша сауаттылардың өзі 8 пайыздан асып, XX ғасырдың басындағы қазақтардың, кем дегенде 20 пайызы оқи да, жаза білген» - дейді [231]. Орынборда, Омбыда, Оралда, Семейде, Верныйда және басқа қалаларда оқу орындары көптеп ашыла бастады. XX ғасырдың басындағы Алаш қайраткерлері дәрігерлерден, саясатшылардан, заңгерлерден, ақын-жазушылардан құралған еді, мұның өзі мүлде ерекше кәсіп-ғалымдық кәсіптің пайда болуына негіз болды.

XX ғасырдың басында Қазақстанның әр түрлі аймақтарындағы экономикалық, саяси және әлеуметтік жалпы жекелеген жағдайда халыққа білім беру көзқарасында өзгертті. Халықтың білімге деген кажеттілігі тек сауат ашу ғана емес, жалпы мәдени ағарту тұрғысынан туындады. Білім беру жүйесін елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайына сәйкес жүргізу белгілі бір мақсатқа сай мектеп ашу қажеттілігін алға қойды, білім алғысы келгендердің саны өсті. Аталған кезеңдегі қазақ мектептерінің тарихы бойынша әдеби мұралар: Т.Тәжібаевтың, С.Сытдықовтың, Қ.Бержановтың, Г.Храпченковтың еңбектері. Мектептердің орыстандыру бағытындағы шаралары қазақтар тарапынан сенбеушіліктер туғызса, шоқындыру бағытындағы шаралары оларды шошытты. Сондықтан да қазақтар балаларын орыс-қазақ мектептеріне беруге онша ынталы болмады. Тіпті кей жерлерде мектептер салуға қарсылық білдірген әрекеттер де болды. ...Әрине, бұл жағдайлар мектептердің ағарту, білім беру бағытына емес, орыстандыру және шоқындыру бағытына қарсы болып жатқан әрекеттер еді [232].

Ресейдің өлкеде жүргізген ағарту саласындағы отарлау саясаты толығымен жергілікті халықтың ұлттық ерекшеліктерін жоюға және қазақтарды орыс қылуға бағытталды. Осы мақсатқа қол жеткізу ісінде орыс-қазақ және орыс-туземдік мектептер үлкен рөл атқарды. Бұл мектептердің ағарту, білім беру маңызы емес, отарлық мәні үстем болды. Отарлық әкімшілік өлкедегі мектеп жүйесіне кириллицаны енгізіп, қазақ халқының ғасырлар бойы пайдаланып келген араб трафикасы негізіндегі жазуын қолданудан шығаруға тырысты. Ұлттық мектептер мен медреселер әкімшілік тарапынан қудаланды, орыс емес ұлттар өкілдеріне ана тілінде білім алуға тыйым салынды және жоғары оқу орындарында оқуға шектеулер қойылды.

Патша үкіметінің 60-90-жылдары қазақтарға «білім беруге» қатысты жүргізген шаралары қазақ халқының рухани дамуы мен оқып-білім алу талабына мүлде сәйкес келмеді және қазақтарды орыстандыру арқылы рухани отарлау мақсатына жұмсалды» [233, 2 б].

«Партия құру және оның мәселелер: туралы конституциялық-демократиялық партия бағдарламасында» бір топ қазак зиялылары – Б.Қаратаев, Ғ.Бердиев, М.Бақытгереев, И.Тоқбердиев, Х.Досмұхамедов, Н.Ишмағамбетов, М.Мұқанов, Ғ.Рақымбердиев, Ізбасаров, Ү.Дүйсембин партияның мүшесі ретінде қазақ мектебіне байланысты мынандай мәселені қамтиды: «Нәсіліне, дініне және жынысына қарамай әркімге оқуға, білім алуға рұқсат берілсін.

Әр адамға және әр қауымға мектептер ашуға рұқсат берілсін.

Кіші дәрежелі мектепті аяқтаған соң жоғары дәрежелі мектептерге оқуға түсуге әзірлейтін әр түрлі мектептер ашылсын.

Университеттердің және басқа да оқу орындарының өзін-өзі басқаруға мүмкіндік берілсін. Студенттерге оқу арзан болсын. Студенттердің мәжілістер, жиналыстар өткізіп тұруына рұқсат етілсін. Қазақ балаларына университеттерде оқу үшін стипендиялар көбейтілсін.

Гимназия, реальды училище секілді орта дәрежелі мектептер көбейтілсін. Оларда оқу арзан болсын. Қазақ балаларына басқа тілдермен бірге міндетті түрде қазақ тілі де оқытылсын.

Кіші дәрежелі мектептердегі оқу тегін болсын. Қазақ балаларына сабақ ана тілінде жүрсін. Бұл мектептер земстволардың қарамағында болсын.

Қазақтар ішінде мұғалімдер мектебі көп болсын. Онда қазақ тілінде оқытылсын [234].

Орысша оқытылатын барлық дәрежедегі мектептерде қазақ балалары үшін ислам дінінің негіздерін ләзім болсын. Яғни, қазақзиялылары мектепте ана тіліне баса мән беріп, орысша оқытатын мектептерде ислам дінінің негіздерін оқытуға көңіл бөледі.

Ал XX ғ. басында өзінің «Оян, қазақ!» атты өлені арқылы барша қазақ халқын ояту жолында аянбай тер төккен зиялыларымыздың бірі М.Дулатов өзінің шығармаларында қазақтарды оқуға, орыс білімін үйренуге, өнерлі болуға шақырады. Ол «Шығармаларында» өлендер жинағының алғы сөзінде былай деп жазады: «Қой, бүйтпелік, һәр халықтың күші һүнер болса, ол һүнерге Алла тағала қасында һимәтіміз саясында біз қазақтар да ортақ болсақ керек, соның үшін мұсылманша ғылымдар оқып, дінімізді танып, надандардың көзін қойып, көңілін ашып, мұнымен ахиреттік пайдамызды табалық. Екінші – дүниемізде қажетті хақыларымызды алып, жерімізді, малымызды сақтау үшін, басқалардан қорлық көрмес үшін, орысша оқып һүнерлі болалық» [235]. Сонымен қатар М.Дулатов «Мұғалімдерге» атты мақаласында қазақтардағы оқу жайына байланысты: «Қазір біздің қазақ халқында оқудың жаңа дәуірі басталған кез. Біздің қазақта шын қазақша мектептің керектігін біле бастаған шақ. Бұрын бізде екі түрлі оқушы бар еді. Орысша һәм мұсылманша. Орысша оқығандар қазақша хат тани білуді ғана қанағат қылып, көбі оған да шорқақ еді. Мұсылманша оқу тәртібі ең төмен дәрежеде болып еді. Бұрын 5-6 жыл оқып та хат тани алмай қалатындар көп болушы еді. Кісі қайда оқыса да, керек ноғайша, керек орысша, керек басқаша, асыл мақсұты білім үйреніп, асса халқына, қалса өзіне пайда келтіру» [235, 237 б].

«Қазақ» газеті жинағында қазақ зиялыларының оқу-білімге, саяси өмірге, салт-дәстүрге және т.б өзекті тақырыптарға арналып мақалалары жарияланған. «Қазақ» газетінің 1913 жылғы санында М.Д. (М. Дулатов – авт.) деген атпен «Оқушыларға жәрдем жамиғаты» атпен жарияланған мақалада: «Басқалармен тізелесуге, тартысуға, жарысуға оқу-білім керек. Надан жұрт оқымысты, білімді жұртпен қатар тіршілік ете алмайды, естігенде жүріп азып-тозып кетеді. Қазаққа орысша, мұсылманша оқудың екеуі бірдей керек. Біріне артықшылық, біріне кемшілік беру қате. Орысша оқушылар сайрап жатқан даңғыл жолға түскен секілді, орыстың тәрбие-тәртіпке қойылған школдарына кіріп оқиды, неше жыл оқитыны, алатын мағлұматы, бітіргеннен кейін нендей қызметке жарарлығы күні бұрын белгілі...» [235, 69 б].

Бұл үзінділерден көріп отырғанымыздай, М.Дулатов қазақ халқын оқу білімге, өнерге, басқа ұлттардың тілін білуге шақырып қоймай, өз халқына да қызмет қылып, пайда келтіру керектігін және орыс тілінің, мектептерінің қоғамда алатын орнын да жазады.

Сонымен қатар Х.Болғанбай жұрттың жұрттығын сақтап, ұйқысын ашатын ерлер керек. Ол ерлер бүгінгі медресе мектеп берген балалары, соның үшін саналы қазақтың азаматтары оқу, оқыту дегенге салқын қарауға жарамайды [236], - деп қазақ балаларын бауырларымыздың осындай (медресе Хасение авт.) мектептерге кіріп, пайдаланып қалуға ерінбеу керектігін айтып оқуға шақырады.

Белгілі филолог ғалым Т.Кәкішев А.Байтұрсынов туралы былай деп жазады: «Оның есімі бүкіл түркі тілдес халықтарының тарихына мәңгі өшпейтін алтын әріппен жазылып, қазақ халқының тарихына өзінің рухани сана-сезімі, парсаты және жалпы болмыс жағынан фольклорист, ақын, жазушы, қазақ тілі мен әдебиетінің негізін салушы ірі ғалым, филолог, лингвист, тюрколог-реформатор, ағартушы-демократ, гуманист, педагог, зерделі тарихшы, журналист, қазақтың тұңғыш редакторы, профессор, «Алаш» партиясын құрушы, қазақтың ғылымын ұйымдастырушы, оқулық жазудың білгір маманы, елдің толық тәуелсіздік алуы үшін жан аямай күрескен ірі қоғам қайраткері, халықтың адал перзенті ретінде танылды.

«Бұрын патша заманында қазақ мектеп, медрсе һәм школ ашпақ болса патша үкіметінен тіленіп, сұранып неше жыл жүріп, зарыққан тілегін көбіне ала алмай қалушы еді. Енді кеңес үкіметі қазақ сияқты бұрынғы құлдықта жүріп оқу оқи алмаған, өнер-білім ала алмаған халыққа кең қылып оқу-ілім қақпасын ашып отыр. Бір ауылға неше мектеп, медресе, школ саламын десең ықтияр өзінде деп отыр» деп сәбидей қуанды да өзінің ең негізгі, түбегейлі тұжырымын түйіндейді [236, 191 б].

«Қазақ» газетінің жинағында А.Байтұрсыновтың (1873-1937) қазақ балаларын оқыту, мектептер ашу, мұғалімдермен қамтамасыз ету, мектеп керектері жайынан бірнеше мақалалары жарық көрген. «Бастауыш мектеп» атты мақаласында: «Бастауыш мектептер жалғыз үкімет пайдасы үшін болмай, халық пайдасы үшін де боларға керек. Үкіметке керегі мемлекеттегі жұрттың бәрі бір тілде, бір дінде, бір жазуда болу, әр халыққа керегі өз діні, тілі жазуын сақтау. Солай болған соң бастауыш мектеп, әуелі миссионерлік пікірден, политикадан алыс боларға керек яғни қазақтың діні, тілі, жазуы сұмдық пікір, суық қолдан тыныш боларға керек» [4, 99 б], - деп жазады.

А.Байтұрсынов бұл макаласында бастауыш мектептің ауадай қажеттігін айта отырып, оны саясаттан, миссионерлік пікірден аулақ болуын және білімді мұғалімдерге аса мұқтаждығын айқындай түседі.

Қазақ ұлтының дамуына, өркендеуіне үлес қосқан зиялыларымыздың ішінде С.Торайғыров ерекше тоқталуды қажет етеді. Оның «Қазақ ішінде оқу жолы қалай?» атты мақаласында: «Қазақтың қай жерінде болса да молда таралмаған, аз-аздап болса да төте оқу жайылмаған жер жоқ есебінде. Сол молда атанған адамдарымыз мейлі ескі жолдың қу мүйізді, құлқын өңештілері болсын, мейлі жаңа жолдың жарып салма, жарық ойлы, ғылым, педагогиканы судай ағызатын аузы алты қарыс атақтылары болсын қазіргі қалпында қазақ ұлтына

пайда тигізіп ғылым, өнер шашудың қиындығы іштен тума соқырдың көзін ашу Менің түсінуімше қазақ ішіне оқудың орайы жоқ өткелсіздеу көрінеді. таралмауы, таралса да ілгері баспауының бірінші себебі: молдалардың үйрете білмегендігінен емес, үйрету тізгінінің қолдарына берілмей, осындай бәлелерге ұшырауларынан деп білемін», - деп жаза келіп, қазақ мырзаларының 15-20 баланы жиып әкеліп беретінін, ол балаларды сабақты меңгеру қабілетіне қарай оқытудың қажеттігін және олардың ата-аналарының разы болмағандығынан, я бір уақытта жиналмағандығынан екі-үш бөлім қылып оқытуға тура келетіндігі себептерін нақты көрсетеді [230, 128 б].

Бұл мақаласында С.Торайғыров қазақ балаларын оқытудың кемшіліктері мен қиындықтарын нақты жаза отырып, сол кемшіліктерді жоюдың жолдарын және аса қажеттігін айтады.

«Абай» журналын шығару жөніндегі алғашқы ұсыныс қазақ зиялыларының арасында 1914 жылдың өзінде-ақ қабыл алынып, ұлы ақынның қазасының он жылдығына байланысты Семей қаласында өткізілген үлкен жиылыс үстінде бекітілген болатын. Алайда, бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуына және патшалық Ресей тарапынан отарлау саясатының бұрынғыдан да күшейе түсуіне орай журнал шығару міндеті орындалмай қалды.

«Абайды» шығаруды ең алғаш қолға алған, барлық ыстық-суығына көнген, сонынан осы істері өздеріне соққы боп тиген қос азамат бұл басылымды кім үшін, не үшін шығарды? Алдарына кандай максат койды деген сауалға Ж.Аймауытовтың «Журнал туралы» атты мақаласы толық жауап беретін сияқты. Онда: «Қазақтың әдебиетіне жан берген: сөздің сыртын сырлап, ішін әрлеген, өлеңнен өрнек шығарған, ақындық, сыншылдық бірдей дарыған Абай еді. Өнер тап, оқы, қаракет қыл, ынсапты, адал бол деп қақсап өткен Абай еді. Халықтың қамын же, адам баласын бауыр тұт, адамшылыққа қызмет ет» деген Абай болатын, өмір жолында Абайдың айтпағаны аз. Ақыл, білім, сезім, терең ойлылығына қарағанда Абай қазақтан шыққан философ [237].

Осы секілді кемеңгердің атына журналымыздың атын «Абай» қойдық. Басқа жұрттар Абайдай адамның атына ескерткіш орнатады, кітапхана ашады, жазылған кітап, істеген игілік істерін атақты жақсының атына арнайды. Басқа жұрттың атақты білімдісінен Абай кем емес, білімді құрмет ете алмасақ тоғышарлығымыз, жақсы кісінің атын әспеттеп «қарағым, бәленше екендей болар ма екен» деген әдет қазақта да бар. Журналдың атын «Абай» қойғандық «қазақтын баласына ат қойғаны секілді «Журналымыз Абайдай болсыншы» деп еліктегендік емес. Абайды құрметтеп, атын тарих жүзінде көркейтіп, нығайтпақ. Журналдың атын «Абай» қойған соң, әдеби жолын ғана тұтыну керек еді. Оған айтатынымыз, Абай жалғыз ғана ақын (литератор) болды деуге болмайды. Әдебиетімізге де негіз салған Абай, адамшылық, тәрбие, ғылым, өнеркәсіп деген айқын суреттеп, кемшілігін көрсеткен де Абай. Солай болған соң ұстаз қылып, сөздерді терең ойлап, тексерген де Абай. Қазақтың тұрмысын, өмірін, мінезін бетке ұстап, жастар шәкірт болып, соңынан еруге талаптанғандарын көрсетеді», - деп жазылған.

«Абай» журналын шығарушылар, оның жұмысына белсене араласушылар осы жайды үнемі бетке ұстап отырған. Мәселен, бұл басылымда өлеңдері мен

публицистикалық мақалалары жиі жарияланған Шәкәрім, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәбит Дөнентаев, Ғұмар Қарашев, Смағұлов Садуақасов, Халел Досмұхамедовтар әрқашан оқырман көңілінен шыға білді. Әсіресе, мұнда сол кезде Семейдегі мұғалімдер семинариясында оқып жүрген М.Әуезовтың мәдениет, ғылым, оқу-ағарту мәселелеріне арнап жазған оннан астам мақалалары мен Л.Толстойдың «Будда» әңгімесінің қазақша аудармасы жарияланған. Мысалы, «Абай» журналында оның «Ғылым тілі» (научный термин) деген мақаласы: жарияланған. Онда М.Әуезов: «Болмаса, заманның өзі көрсетіп отырған дәлелге мойынсұну керек. Ол дәлел мынау: біз ғылым тілін арабшадан аламыз дегендегі дәлеліміз-арабта да бұрынғы уақытта мәдениет болған, сол себепті ендігі бізге керек болатын ғылым арабтан табылады дейміз, ертеде араб мәдениеті болған бір заман бар. Бірақ, ойлап қараңыздар, біз осы күнде оқысақ, сол XIII, XIV, XV ғасырлардың ғылымын оқимыз деп отырмыз ба?», - деп, жаңа жағдайда қай тілге көшкен оңтайлы, өркениетке қалай жету пайдалы деген мәселелер төңірегінде ой қозғайды [238].

Ж.Аймауытов, М.Әуезов пен катар «Абай» журналына С.Торайғыровтың да қосқан үлесі зор. Өйткені, Сұлтанмахмұттың қазан төңкерісі және азамат соғысы жылдарында жазған «Социализм» атты мақаласы публицистикалық еңбектерінің бірі де, бірегейі де деп атауға болады. Бұл мақаланың алғашқы бөлімі журналдын 1918 жылғы наурыз айындағы санында басылып, жалғасы қолды болып кеткендіктен жарияланбай калған. Ал, мақаланың журнал бетінде жарияланған бөлімінде Сұлтанмахмұт мәдениет, оқу-өнер, ғылым-техника туралы қазақ халқының Еуропа мәдениетіне қашан, қалай жететіні туралы: Адамның жаратылғаннан осы минутке дейінгі өмір тәжірбиесімен жасалған өнер, ғылым, техника дария болса, солармен тамшыдай таныстығы аз жұрттың бірі - біздің қазақ – қазаққа ілгерлеу керек болса, мұны аз қалыпта қалдырмай, жетілген жұрттардың қатарына қосылуы керек.

Кезінде «Айқап» журналы өз беттерінде осы мәселе төңірегінде пікірталас ұйымдастырып, қазақша жазу тәртібін түзеуге өз үлесін қосты. Мысалы, журналдың 1912 жылғы 4-5 нөмірлерінде А.Б. (Ахмет Байтұрсынов - Ш.А.) «Жазу тәртібі» деген көлемді проблемалық мақала жарияланған. Онда қазақ балаларын қай тілде оқыту керек деген мәселені талқылай отырып, автор араб әріптерінің қазақ сөздеріндегі дыбыстарға жетіспейтіндігін айтып, дауысты, дауыссыз дыбыстардың ережесін талқылаған. Мақала соңында автор журнал оқырмандарын осы мәселе бойынша өз ойларын айтуға шақырған [239].

Журналдың келесі алтыншы нөмірінде Ш.Шияшов деген оқырманның жарияланды. Онда автор: «Тек түркі окуды жөнге салушы құрметті Ысмағұлбек «Бірге қозғалайық» деген атпен А.Байтұрсыновтың пікірін сынға алған мақаласы Гаспиринский бір татар болған соң татарлардың ұстаздығын қабыл еткісі келмейтін шығар деймін. Шенки ол араб харіптерімен бірге сіңгендіктен амалсыз гана алуға зорланғанын аңдатады. Бірақ не қылмақ керек, өзің қисық болсан айнаға өкпелеп болмайды» - деп, А.Байтұрсыновты бүткіл түркі халқы кабылдаған И.Гаспаралының жасаған әліппесіндегі екі әріпке өзгеріс енгізуді ұсынғаны үшін сынаған [240].

Ш.Шияшовтың А.Байтұрсыновты сынап жазған бұл мақаласына алдымен Азамат Алашұлы (Міржақып Дулатов Ш.А.), кейін А.Байтұрсыновтың езі жауап мақала жариялады. М.Дулатов өзінің «Жазу тәртібі» деген мақаласында А.Байтұрсыновтың «қазақша жазуға тәртіп көрсетіп, оқушылардың сынына салған, көпшілік ұнатса, сол тәртіппен әліппе бастыру» үшін мақала жазғандығын айта келе: «Әркімнің ізіне түсіп қуған, үйренген бір ісі болады. Сол сін ол басқалардан артығырақ біледі. Егер оқу оқытуды мықтап, ол оқытудың һәм оқытқан нәрселерінің асыл тәртібін, түп негізін анық білетін кісілер жазу хақында өз пікірлерін түсінікті етіп жазса, сынаушы деп соларды айтуға жарайды А.Байтұрсынов мақаласын сынау үшін алдымен оқу-жазу ісінің білгірі болуы керектігін айтады [241].

Одан әрі М.Дулатов Ш.Шияшовтың мақаласына қатысты: «Айқаптың» 6 нөмірінде Ш.Шияшов деген кісі А.Б. (Ахмет Байтұрсыновтың) жазу тәртібін тіпті басқаша түсінген, дұрыс айтқанда түсінбеген...Бұл кісі Ахмет Байтұрсыновтың жазу тәртібінің дұрыс, терісін өз алдына тексеруден бұрын ноғайлардың әліппе жазушыларынан басқа жол іздегені үшін қатты ренжіген. Ахмет Байтұрсыновтың ноғай жазушыларын жатырқағандықтан емес, қазақ тілінде қанша дыбыс болса, сонша белгі көрсетіп, артық хәріптерді кеміткен. Сонымен қазақша жазу-оқуды оңайлатқан... Ахмет Байтұрсыновтың тәртібінше қазақ тіліндегі әрбір дыбыстың өзіне арнаған харіпі бар. Ол харіптермен не айтылса, соны жазуға, не жазылса соны оқуға болады»- деп, Ахмет Байтұрсынов ұсынған жазу тәртібінің артықшыларын көрсеткен [242].

«Ахмет Байтұрсыновтың жазу тәртібін Мақала соңында автор: ұнатқаныммен басқа қосарым мынау: «Қазақ әліппесіне» ф, х-да кірсе екен деймін. Таза қазақ сөзінде болмаса да казак тіліне кірген араб, парсы сөздерінде һәм: «Ахат, Мухаметжан, Фазыл...» деген секілді қазақ аттарында да бұл екі хәріп көп ұшырайды. Ф мен Х әліппеге кіргенімен жазу тәртібіне қиыншылық келтірмейді» - деп нақты ұсыныс жасаған [242, 112 б].

Ал, Ахмет Байтұрсыновтың өзі болса, сол «Айқап» журналында жарияланған «Шахзаман мырзаға») Шахзаман - Ш.Шияшовтың аты болуы Ш.А.) деген мақаласында өзінің мақала жазып көпшілік назарына ұсынудағы мақсаты мен себебі туралы: «Мақсат сіз болып, біз болып, ғақылдасып отырып, дыбыс басына харіп белгілеп, жазуымызды бір жөнге қалалық деген. Осы күнде әркім әр түрлі жазып жүр. Бір жөнменен жазылатын жазу жоқ. Жазғанымыздың қате я дұрыстығын айырарлық емеле жоқ. Оның жоқтығы қазақ тіліндегі дыбыстарға ашып арнаған харіптер жоқ. Бір сезді екі кісі екі түрлі жазады. Хәтә бір кісінің өзі де бір сөзді екі түрлі жазады. Соның екі түрін жазғанша бір-ақ түрін дұрыстап кесіп айтсақ болмай ма, - дей келе, Ш.Шияновтың басты қателігі туралы: «Сіз дыбыс пен харіп екеуінің бір затқа санайсыз. Мен қазақ тіліндегі дыбыстарды айтамын, сіз арабтың харіптерін алып келіп көрсетесіз... араб әліппесі қазаққа деп арнап шығарған әліппе емес, араб тіліне арнап шығарған. Әр халықтың тіліндегі дыбыстардын ішінде бөлектік болады. Бірінде бар дыбыс, бірінде жоқ болуға ықтимал. Сіз қалай ойлайсыз? Араб әліппесінде тура келетін харіпі жоқ дыбыстарымызды тіпті жоқ қылу керек пе?! Негізінен ойлаңызшы, тіл хәрәп үшін шығарылған нәрсе ме? Болмаса, харіп тіл үшін шығарылған нәрсе ме?

Әлбетте хәріп тіл үшін шығырылған нәрсе, олай болса, хәріпі жоқ деп тілдегі дыбысты жоғалту емес, ол дыбысқа жоқ хәріпті іздеп табарға керек. Ол жалғыз бізде емес, өзге жұртта да болған» - дейді [243].

Одан әрі А.Байтұрсынов Ш.Шияновтың нақты әріптер туралы айтқан ойларына қарсы өз дәлелдерін келтіре отырып, өзінің қазақша әріп түзеудегі ойларын тіл ғылымының талаптарынан шыға отырып жасағандығы туралы: «Тіл болса законы боларға керек. Законы болса, оның ғылымы боларға керек. Су тонса, мұз болмақшы, хлор мен натрий қосылса, тұз болмақшы. Бұлар табиғат законы. Осындай закон тілде де бар. Қазақ тілінде бір сөзге жуан дыбыс пен жіңішке дыбыс араласып кірмейді. Бұл тіліміздің законы емес пе? Басқа жұртта грамматика үшке бөлінеді: фонетика, морфология, синтаксис. Менің бұрынғы жазған сөзім һәм осы жолы жазған сөздерім фонетикаға тиісті сөздер. Фонетиканың қарастыратыны тілде қандай дыбыстар бар, олар қалай сөз ішінде байланысады. Біздің сөйлеп, қарастырып отырғанымыз қазақ фонетикасы» дейді [243].

Бұл келтірілген деректен біріншіден, жазу мәселесі төңірегінде «Айқап» журналының пікірталас ұйымдастырғандығын, екіншіден, А.Байтұрсынұлының жасағандығын, үшіншіден, ұсынысын А.Байтұрсыновтың миллиондаған қытай қазақтарының күні бүгінге дейін қолданып жүрген «Қазақ әліппесінің» қалай жасалғандығын көруге болады.

Жазу мәселелесімен қатар журнал мен газет оқу-ағарту, білім беру ісінің күні бүгінге дейін өз маңызын жоймаған: бастауыш мектеп, балаларды қай тілде мұғалімдер даярлау, олардың білімін жетілдіру, оқу оқыту, емтихан, бағдарламалары, оқулық, оқу құралдары, оқыту әдістері т.б. көптеген бүгін де күн тәртібінде тұрған мәселелер туралы да жазған. Өкінішке орай, жоғарыда айтқанымыздай, оның бәріне жан-жақты талдау жасауға бір жұмыстың көлемінде мүмкіндік жоқ. Дегенмен, осы мәселердің біразы туралы айтылып, нақты шешілу жолдары көрсетілген «Қазақ» газетінің А.Байтұрсыновтың екі мақаласына тоқталайық.

«Қазақ» газетінде 1914 жылы жарияланған «Бастауыш мектеп» деп аталатын мақаласында А.Байтұрсынов: «Адамға тіл, құлақ, қол қандай керек хат білмеген адамнын күйі тілі, я құлағы, я колы жок адамның күйімен бірдей, мұнан бұлай хат білудің керектігі онан да аспақшы» - деп, бастауыш мектептің манызын, өмірлік қажеттілігін көрсете білген [244].

Одан әрі өз мақаласында А.Байтұрсынов сол жылдардағы ауыл мектебі мен қазақ арасындағы орыс школдарын салыстыра келе: «Осы күнге ауыл мектептерін мектеп деп айтарлық емес. Оқуға керек құрал жоқ, оқыта білетін мұғалімдер аз. Сонда да қазақша хат білушілердің проценті мұжықтардан жоғары. Осы күнгі тек хат жаза білетін қазақтардан бастап газет, журнал, кітап шығарып жатқандарымыздың бәрі де сондай мектептерден оқып, хат танып, жайсыз, күйсіз қалыбында халық арасына оқу, жазуды мұжықтар арасынан гөрі көбірек жайып жатқандығы, бұл мектептің халыққа жақындығы, балалар білімді кілімен үйренгендігі. Алайық енді орыс школдарын: қазақ арасындағы орыс школдары ауылнай, волосной, екі класты школдар. Бұлардан бітіргендер ілгері оқымаса, онда жоқ болып шала оқумен қалады. Бірінде окуға керек құрал жоқ, тәртіп жоқ, мөлшер жоқ, жоспар жоқ. Халық оқуды керек қылғандықтан жаман да болса,

жоғынан бары артық дегенмен істеліп отырған іс. Екіншісінде, яғни орысша школдарда тәртіп те бар, құралдар да сай, мөлшер, жоспар бәрі де бар. Бірақ сонысына қарай пайдасы аз. Олардың пайдасын кемітіп отырғаны бір ақ нарсе қазақты орысқа аударамыз деген пікір бәрін бүлдіріп отырған. Сол школдар арқылы қазақ тілін жоғалтып, орыс тіліне түсіреміз дейді, қазақ тұтынып отырған араб әріпін тастап, орыс әріпін алдырамыз дейді. Сол үшін әуелі балалар ана тілімен оқымай, орыс тілімен оқысын дейді» - деп жазған [244, 98 б].

Ұлт көсемінің даналығына, көрегенділігіне таң қалмасқа амал жоқ. Ол, сол жылдардың өзінде-ақ, туған ұлтына төніп келе жатқан қауіптен сақтандырмақ болды, қорғамақ болды. Бірақ, тарихтан білетініміздей, қорғай алмады. Сол жолда өзі де құрбан болды. Ахмет Байтұрсынов бірнше жыл бұрын ескерткен кауіп, «сол бәрін бұлдіріп тұрған - школдар арқылы қазақ тілін жоғалтып, орыс тіліне түсіреміз»-деген пікір, кеңестік кезеңде кең етек жайып, қазақ қоғамын әбден бүлдірді. Кеңес өкіметі зорлықпен «қазақ тұтынып келген араб аріпін тастатып, орыс әріпін алдырды». Ондаған, жүздеген қазақ мектептері жабылып, қазақ балалары орыс тілінде оқуға мәжбүр болды. Қазақстанның кеңестік кезеңдегі астанасы Алматы қаласының өзінде таза қазақ тілінде оқытатын (әрине, орыс әріпімен Ш.А.) бірақ мектептің қалғандығын айтсақ та жетіп жатыр.

Оқу жүйесі біршама ілгерілгенімен де кемшіліксіз болмайды. Жоспарлап оқыту мәселесіне орай М.Тұрғанбаев «Жаңа мектеп» журналына жарияланған «Еңбек мектебінің түрлері» деген мақаласында мектеп кітаптары мектеп бағдарламасына қатысты жасалатындығын, мұғалімнің осы бағдарлама бойынша оқытылатын пәндеріне жоспар жасау арқылы дәріс жүргізетіндігін айта келе, Қазақстандағы мектептердегі жағдайдың әлі де көңілдегідей болмай отырғандығын тілге тиек етеді.

Осы журналға мектептің оқу жоспары, бағдарламасы жеде М.Жолдыбаев пен Т.Шонановтың да мақалалары басылды. М.Жолдыбаев ұлт мектептерінде оқу жоспарын, оқу бағдарламасын жасау, мемлекеттік бағдарламаларды енгізудің аса маңыздылығын айтса, ал Телжан Шонанов жана бағдарламаның мектептер үшін кешенді түрде төрт жағынан маңызды екендігін дәлелдемекке тырысады. Атап айтқанда: 1) жаратылыс, 2) еңбек, 3) қоғам, 4) қалмақ» дей отырып, 5-шісіне үйрету әдісі дегенді қосады. 5-ші әдіс негізінен балаларға емес, оқытушыларға арналған әдіс болатын.

«Мектептерде оқу бағдарламасынан басқа танымдық тақырыптарда да сабақтар өткізу мәселесі қолға алынды.

Педагог-ұстаздар, әдіскерлер «Жаңа мектеп» журналы арқылы оқу жүйесін өз жолдарын ұсынды. Мәселен, Емберген Табынбайұлы жақсартудың «Сауатсыздықты жою туралы» деген мақаласында сауатсыздықты жою саяси ағарту жолындағы негізгі істердің бірі екендігін үкімет бұл жолда бірнеше шараларды жүзеге асырып отырғандығын 5-6 ай мерзімінде жоюға болатындығын, ол үшін басты үш нәрсені: білімді ана тілінде оқыту, есеп үйрету, саяси сауаттандыру қажет санады. 1927 ж мерзімді басылымдарда еңбек мектептерін қай тілде оқыту тиімділігі жөнінде пікірталас мақалалар жарияланып, бұл жөнінде айтыс-тартыстар да жүрді [64].

Қазақ жастарын оқу-білімге шақырған, өзге елдің мәдениетін, ғылымын өзге де мәселелерді көтерген үйренуге насихаттаған, басылымдар қатарында 1907 ж. бастап «Ульфат» газетіне қосымша ретінде шыға бастаған <<Серке» газеті, 1911 ж. наурыздан - «Қазақстан», 1911-1915 жж. шығып тұрған «Айқап» журналы, 1913-1918 жж. «Қазақ», 1913 ж. қыркүйек- желтоқсандағы - «Есіл даласы» газеттері жатады [65].

XX ғасырдың басындағы мерзімді баспасөзде жарық көрген оқу қазақ қоғамының ағартушылық әдістемелік сипаттағы материалдар қозғалысының мазмұнын, мақсаттарын және ұйымдастырушылық формаларын айқын көрсетеді. Олар білім мен өнерді тарату, діни-рухани тәрбиені күшейту, ұлттық сананы ояту және қоғамды мәдени жаңғыруға жетелеу бағытында қызмет атқарды. Мұндай сипаттамалар сол кезеңдегі оқу-әдістемелік ойдың тек идеялық деңгейде ғана емес, нақты әлеуметтік институттар арқылы жүзеге асқанын дәлелдейді. Қазіргі білім беру үдерісінде бұл тарихи тәжірибенің ғылыми-әдістемелік маңызы зор. Біріншіден, оқу-әдістемелік материалдардың институционалдық негізде ұйымдастырылуы бүгінгі білім беру мекемелеріндегі әдістемелік кеңестер ғылыми комитеттердің қызметімен сабақтас. Екіншіден, білім мен рухани тәрбиенің қатар жүргізілуі қазіргі педагогикалық тәжірибеде құндылықтарға негізделген білім беру тұжырымдамасымен үндес. Үшіншіден, материалдық қолдаудың қажеттілігі бүгінгі күні де өзекті болып, білім беру жобаларының тұрақтылығы мен сапасын қамтамасыз ететін негізгі факторға айналған. XX ғасырдың басында қазақ зиялылары бастауыш мектептерге арналған оқулықтар мен мұғалімдерге кажетті оқу құралдарын әзірлеуге ерекше көңіл бөлді. Әсіресе әліппе оқулықтарын жазу, оларды ғылыми-педагогикалық тұрғыдан талқылау және оқу үдерісіне енгізу мәселесі ұлттық баспасөзде кеңінен көтерілді. Осы кезенде И.Арабаев пен Қ.Сәрсекеевтің Сәрсекеевтің «Әліппе яки төте оқуы» (Уфа, 1911), М.Ораз Нұрбайұлының «Қазақша әліппе» (Уфа, 1912), З.Ерғалиұлының «Қазақ әліппесі» (Қазан, 1910), Ж.Аңдамасовтың «Қазақша ең жаңа әліппе» (Уфа, 1912), М.Малдыбаевтың «Қазақша ең жаңа әліппе» (Қазан, 1912), Қ.Серналиннің «Қазақша әліппе кітабы» (Қазан, 1913), Қ.Ғабдуллиннің «Қазақ балаларына жәрдем» (Уфа, 1912) сияқты еңбектер жарық көрді. Бұл оқулықтар ұлттық баспасөзде кеңінен талқыланып, олардың ғылыми-әдістемелік сапасы, тілінің түсініктілігі, оқу бағдарламасына сәйкестігі және бастауыш мектептерде қолдануға жарамдылығы жөнінде пікірлер жарияланды. Мәселен, М.Малдыбаевтың «Қазақша ең жаңа әліппесі» «Қазақ» газетінде арнайы талданып, оның құрылымы, мазмұны, әдістемелік ерекшеліктері мен кемшіліктері жан-жақты сараланды. Мұндай пікірталастар қазақ қоғамында оқулықтарды ғылыми сараптаудан өткізу дәстүрінің қалыптасып, ұлттық білім беру жүйесін жетілдіруге бағытталған қоғамдық-педагогикалық көзқарастың орныға бастағанын көрсетеді.

Осылайша, XX ғасыр басындағы мерзімді баспасөздегі оқу-әдістемелік материалдар қазіргі білім беру жүйесінің ғылыми-әдістемелік негізін құрайтын тарихи сабақтастықты айқындайды. Олар ұлттық сана мен мәдени-рухани құндылықтарды сақтаудың, білімді жүйелі түрде ұйымдастырудың және әлеуметтік жауапкершілікті күшейтудің үлгісі ретінде бүгінгі педагогикалық тәжірибеге әдістемелік бағдар береді.

2.2 Мерзімді баспасөз материалдарындағы білім беру мен ағарту мәселелерінің тәлім-тәрбиелік мазмұны мен мәні

Мерзімді баспасөз материалдарындағы білім беру мен мәселелерінің тәлім-тәрбиелік мазмұны мен мәні қазақ қоғамының рухани жаңғыруы мен ұлттық сананың қалыптасуын айқындайтын маңызды тарихи- педагогикалық құбылыс болып табылады. XX ғасырдың басындағы ұлттық мерзімді басылымдарда көтерілген оқу-ағарту мәселелері халықтың сауатын ашу, ұлттық мектеп жүйесін қалыптастыру, мұғалім даярлау, ана тілінде білім беру, адамгершілік пен ұлттық құндылықтарды дәріптеу сияқты өзекті бағыттарды қамтыды. Бұл материалдар жас ұрпақты тәрбиелеудің мазмұнын айқындап қана қоймай, қоғамды өркениеттік даму жолына бағыттаған рухани- мәдени құрал қызметін атқарды. Сондықтан мерзімді баспасөздегі ағарту мәселелерінің тәлім-тәрбиелік мазмұнын зерттеу қазіргі білім беру жүйесінің тарихи негіздерін түсінуге және ұлттық педагогикалық тәжірибені жаңғыртуға мүмкіндік береді. «Қазақ газеті» мен «Серкенің» тұсындағы, яғни XX ғасырдағы оқу-білім мәселесі Ендігі кезекте осынау газеттердің өмір сүрген кезеңнің, яғни XX ғасырдың басындағы мектеп-медресе мәселелері, оқулықтар мен оқу мектептерге тартылуы, жәдидшілдік-құралдары, қазақ балаларының ағартушылық идеясы, ұлт зиялыларының ағартушылық көзқарастары, халық жетпіс жыл бойы кеңестік методологияның ықпалында бұрмаланып келді. ағарту ісіндегі өзгерістер жайына тоқталсақ. Өйткені отандық тарих ғылымы жетпіс жыл бойы кеңестік методологияның ықпалында бұрмаланып келді. Маңызды тарихи оқиғалар назардан тыс қалып, ақиқаты жасырылды. Түркі тектес халықтардың арасында Қазақстан тарихы жеке зерттеу нысаны ретінде қарастырылмаған, керісінше «қызыл империяның» идеологиялық қысымында бұрмаланып өрбіді. Бұл ойымызды нақтылай түсу үшін Алаш ардақтысы Әлихан Бөкейханның 1913 жылы «Қазақ» газетінің 1-2 сандарында жарық көрген «Қазақ натты мақаласының екінші бөлімін мысалға келтірейік. Әлихан Бөкейхан сол еңбегінде былай дейді: «Бүгінде ешнәрсенің шынайылығы көмескі қалмады. Барлық дүние зерттеліп, түп-тамыры анықталды. Озық білімді, көзі ашық елдер адамзаттың тарихын, тегін түгел қарап, бәрін кітап бетіне түсірді. Өзге жұрттармен салыстырғанда біздің қазақ халқының негізі толық зерттеліп, нақты тарихы жазылған емес. Қазір Азия құрлығының төрттен бір бөлігін мекендеп отырған миллиондаған қазақтың өткені көмескі тартқан күйде қалып отыр. Тарих ғылымында талай тарихшылар еңбек етіп, түрлі еңбектер жазып қалдырды. Алайда солардың ішінде қазақ халқының шығу тегі мен шынайы тарихын дәл көрсеткен ешкім жоқ. Арабша, түрікше, орыс тілдеріндегі біз көрген еңбектерде қазақ жайлы айтылған дүниелердің дені - жалған, қанағаттанарлықтай шындық кездеспейді» [245], - деп тұжырымдайды.

«Сарыарқа» газетінің «Әдебиет кештері» атты қысқаша мақаласы - 1910 жылдардың соңындағы қазақ зиялыларының мәдени-ағартушылық жұмыстарының тірі мысалы. Бұл - Зайсанда өткен қазақша әдеби кештің есебі. Оның негізгі мақсаты - «Қазақ жәрдемі» ұйымының бастамасымен қирағатхана (кітапхана оқу үйі) ашуға қаржы жинау. Кешке басшылық еткен әйел адам

Бибігайша Бобкина, бұл факт та маңызды тарихи, гендерлік элементке жатады. Деректік маңызы (білім, әдебиет, мәдениет тұрғысынан). Кештің өткізілу мақсаты қоғамдық кітапхана (қирағатхана) ашуға қаржы жинау. Бұл - XX ғасыр басындағы қазақ қауымындағы кітапқа, білімге, оқу орындарына сұраныстың айғағы. Әдеби кештер тек ойын-сауық емес, қоғамдық сана мен рухты көтерудің құралы болған. Мақалада бұл Зайсандағы алғашқы қазақша әдеби кеш екені жазылады. Осынысымен, бұл оқиға қазақ тілінің қоғамдық кеңістікте қолданылуын кеңейтуге жасалған қадам ретінде маңызды.

Әйелдер белсенділігінің белгісі де мақалада көрінеді. Мысалы: кешті ұйымдастырушы – Бибіғайша бикеш Бобкина. Ол - әйел адамның қоғамдағы белсенділігін, мәдени-ағартушылық істерге араласқанын дәлелдейді. Бұл дерек XX ғасырдың басындағы қазақ әйелінің қоғамдық-саяси санаға ену процесін көрсетеді. Сонымен қатар ұлттық әдебиетті насихаттау ісі де қозғалған. Кеш «әдебиет кеші» деп аталады. Бұл қазақ әдебиеті үлгілерінің сахнада оқылып, дәріптелуіне себеп болған. Демек, қазақ әдебиетінің тек жазба емес, ауызша және көркемдік-публицистикалық насихаттау жолымен тарағанын байқаймыз. Кешті «Қазақ жәрдемі» ұйымы. Бұл ұйым, атауына қарағанда, ұйымдастырушы XX ғасыр қайырымдылық және ағартушылық бағытта қызмет еткен. Бұл басындағы қазақ зиялыларының бейформалды азаматтық қоғам институттарын дамытқанын дәлелдейді.

Қаржылық есептің ашықтығы мен мақсаттылығы да мақалада көрсетілген. Кештен түскен пайда - 1600 сом, шығын - 400 сом. Бұл қаржының қирағатхана ашуға жұмсалатыны нақты көрсетілген. Яғни:

Қоғамдық іс-шара ағартушылық инфрақұрылымға нақты инвестиция ретінде пайдаланылған. тарихи-мәдени дерек ретінде маңызы «Әдебиет кештері» мақаласы қазақ халқының XX ғасыр басындағы ұлттық сана мен мәдениетке бетбұрысының құнды дәлелі. Онда: Қазақ тілінің қоғамдық өмірге шығуы, Әйел белсенділігі, Қоғамдық ұйымдардың дамуы, Ұлттық әдебиетті насихаттау, Мәдениет арқылы білімге жол ашу секілді құндылықтар көрініс тапқан. Бұл мақала тарихшылар, әдебиеттанушылар және мәдениет зерттеушілері үшін дерек ретінде жоғары маңызға ие [246]. Сарыарқа газетіндегі «Әдебиет кештері» атты тағы бір мақалада Павлодар үйезінің Басқұдық болысында өткен қазақ әдеби кеші жайлы айтылады. Кешті ұйымдастырған жергілікті «Өрнек» ұйымы. Әдеби кеште қазақтың заманауи өлеңдері, әндері мен көркем сөз үлгілері қойылған. Мәдени шараның өткізілуіне жергілікті Жәлелдин ақсақал қолдау білдіріп, медіресесін пайдалануға берген. Бұл мақалада жергілікті қауымдастықтың мәдени және ағартушылық әрекеттері бейнеленеді. Мақала білім мен мәдениетті тек ресми мекемелерде емес, ел ішінде, жергілікті қауымдастық деңгейінде де дамытудың жолдарын көрсетеді. Әдеби кеш - оқу-білімге сусап отырған халықтың бейресми білім алу алаңы ретінде жұмыс істеген. Бұл сол кезеңдегі қазақ қоғамындағы ағартушылық қозғалыстың тамыр жайғанын айғақтайды. Кеште қойылған «осы күнгі әдебиетіміздегі жақсы сөздер, елен, әндер» бұл: ұлттық әдебиетті оқу, түсіну және дәріптеу әрекеті; халықтың дүниетанымын, тілі мен тарихын қалыптастырудағы әдебиеттің орны ерекше болғанын көрсетеді. Бұл әдеби үлгілер білім мен ұлттық сана

қалыптастыру құралы ретінде қолданылған. Жастардың белсенділігі мен білімге ұмтылысы Мақалада жастардың осы кешті ұйымдастыруға деген ынтасы, талапшылдығы ерекше атап өтіледі. Бұл: XX ғасыр басында қазақ жастарының ұлттық және Мадени жаңғырудағы рөлін дәлелдейді. Жастардың өз бетімен адеби кеш ұйымдастыруы еркін ойлау мен қоғамдық жауапкершіліктің өсіп келе жатканын білдіреді. Жәлелдин аксакалдын медіресесін кешке беруі - дәстүрлі діни білім беру орнының зияткерлік-мәдени орталыққа айнала бастағанын көрсетеді. Бұл - дәстүрлі және жаңашыл ағартушылық бағыттарының тоғысуы, яғни медресе қабырғасы енді тек шариғат емес, әдебиет пен өнер насихатталатын орын ретінде көріне бастаған. Кешті ұйымдастырған «Өрнек» ұйымы қазақ қоғамындағы алғашқы мәдени-ағартушылық топтардың бірі. Бұл ұйымның қызметі қазіргі қоғамдық білім беру ұйымдарының прототипі, яғни халықтық, бастама арқылы жүзеге асқан қосымша білім беру формасы. Бұл мақала әдебиет арқылы білім мен руханиятты ел ішінде таратудың, ағартушылық пен ұлттық сана қалыптастырудың нақты мысалы. Онда:

Халықтық ағарту идеясы;

Жастардың қоғамдық белсенділігі;

Қазақ әдебиетінің білім беру құралы ретіндегі маңызы; Медресенің рухани-мәдени трансформациясы; Аға буынның ағартушылыққа көрсеткен қолдауы сияқты қазіргі заман үшін де маңызды тұғырлар қамтылған. Бұл мәліметтер қазақтың ұлттық білім беру қозғалысы, әдебиет арқылы ағарту идеясы және мәдени модернизацияның бастау кезеңдері жөніндегі маңызды тарихи ғылыми дереккөз ретінде қарастырылуы тиіс [247].

«Сарыарқадағы» «Әдебиет кеші» атты мақалада 1918 жылы 21 желтоқсанда Зайсанда өткен әдеби-мәдени кештің сипаттамасы беріледі. Кешті ұйымдастырған – жергілікті қазақтың оқыған жастары, ал кештің мақсаты – Жетісу мен Сырдария облыстарындағы аш жалаңаш қазақ қырғыз халықтарына көмек көрсету. Бұл – ағартушылық, ұлттық бірлік пен әлеуметтік жауапкершіліктің нақты әрекетпен көрініс тапқан үлгісі. Кеш бірнеше бөлімнен тұрған: Театрландырылған көрініс (пьеса қойылымы) Ән айту. Музыкалық аспапта ойнау. Би және ойындар. Негізгі идеялары ағартушылық пен қайырымдылықты ұштастыру. Бұл ұлтық гуманизм мен рухани оянудың үлгісі. Тек ойын сауық емес, мақсатты әрекет. Ұлттық әдебиет пен өнердің әлеуметтік функциясы. Кештің өтуі, қатысушылардың шынайы ойыны, халықтың ықыласы - ұлттық театр, музыка, әдебиет арқылы тәрбиелеудің, біріктірудің, ұрпаққа үлгі болудың көрінісі. Тілдік стиль ерекшелігі және редакциялық ескерту Автор - Ф.Ш. - мақаланы ноғай тілінде жазған болуы мүмкін. Бұл «басқарманың» ескертуінен көрінеді. Редакция оны қазақшалап жариялаған, бұл Сарыарка газетінің ұлттық тіл тазалығына, терминологиялық бірізділікке мән бергенін көрсетеді. Сонымен қатар бұл жағдай сол кезеңде түркітілдес ұлттар арасындағы тілдік біртектілік пен айырмашылықтың нақты мысалы «Әдебиет кеші» мақаласы XX ғасыр басындағы қазақ жастарының мәдениет пен ағартушылықты бір арнада тоғыстырған ояну дәуірінің айнасы. Мақаланың тарихи және мәдени құндылығы: Жастардың рухани белсенділігі мен қайырымдылықты ұштастыруы; Қазақ тұрмыс-салтын сахна арқылы көрсетіп, ұлттық өнерді

жаңғыртуы; Музыкалық аспаптардың заманауи түрлерімен үндестіріліп, қазақ күйін насихаттауы; Әйелдер бейнесінің сахнада бейнеленуі – гендерлік сана мен мәдениеттегі әйел рөлінің көрінуі; Ұйымдастыру мен аудиториялық сұраныс қазақ қоғамында мәдени кеңістікке деген мұқтаждықтың артқанын білдіреді («Әдебиет кеші (Зайсан),» 1919).

Жазушы І.Жансүгіровтің «Жастар ұраны», «Жас бұлбұлдарға» атты өлеңдерінде қазақ жастарын оқу, білімге шақырғандығын көреміз [248].

XX ғ. басында көптеген ғылыми мақалалары жарық көріп, «Педагогика атты арнайы еңбек жазған М.Жұмабаев (1893-1938) та қазақ балаларын оқытуға, білім беріп, тәрбиелеуге баса көңіл бөледі. Ол «Сорлы қазақ», «Өнер-білім қайтсе табылар?», «Қазағым», «Қарағым!» [249, 51-52], «Педагогика «Жазылашақ оқу құралдары һәм мектебіміз» [249, 318-321] атты өлеңдері мен зерттеулерінде өнер-білімнің қажеттігін, қазақ балаларына білім беру, мектептердегі оқу құралдары жайы талданады. «Жазылашақ оқу құралдары һәм мектебінің қандай негізге құрылуына барып тіреледі. Мектебімізді таза, сау, мектебіміз» атты мақаласында: «Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы да берік һәм өз жанымызға (қазақ жанына) қабысатын, үйлесетін негізге берік құра білсек, келешегіміз үшін тайынбай-ақ серттесуге болады. Сондай негізге құра алмасақ келешегіміз күңгірт.

Мектебіміз белгілі бір берік негізге құрыла алмады. Бір жақтан әліпби һәм ғылым - ол, екінші жақтан - ұлт тілі, жаратылыс, үшінші жақтан - орталық һәм машина (социальный индустриализм) негізіне құрылған еңбек мектебі. Міне, қазақ мектебі осы күні осы үш оттың ортасында отыр.

Дұрыс, бізге жақын жерден үлгі болатын мектебінің өзі осы күнде тоғыз жолдың торабында тұр. Кең қазақ мектебіне негіз іздегенде, таза пән кезінен, яғни мектеп құрылысының қазақ жанына қабысуы жағынан келу дұрыс болар еді деген ой» [249, 3186], деп өз пікірін нақты дәлелдермен білдіреді.

Үзіндіден байқап отырғанымыздай, М.Жұмабаев мектептің қазақ халқының болашақ тағдырында алатын орнына баса мән беріп, үлгі алуға болатын орыс мектебінің өзі де тоғыз жолдың торабында тұрғандығын жазады.

Абай айтқан «орыстан оқыған балалардан артық жақсы кісілер» қазақ арасынан XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында шыға бастады. Сол кезеңде Әлихан Бөкейханов бастап, тарих аренасына шыққан алаш зиялыларының бәрі дерлік орыс тілінде білім алғандықтарын ескерсек, бұл мәселенің бір жақты қарауға болмайтын, күрделі мәселе болғандығы айқындала түседі. Оның тағы бір дәлелі белгілі абайтанушы ғалым Тұрсын Жұртпаевтың «Егемен Қазақстан» газетінде жариялаған деректі мақаласы.

Т.Жұртпаев нақты құжаттық дерекке сүйене отырып, Абай өліміне де себеп болған дәл осы қазақтарды орыстандыру мақсатында қазақтар арасында орыс оқуын тарату болған деген болжам айтады. Ол өзінің «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Абай және әулиелер» деген мақаласында Абайдың қолына түскен бір құпия хат туралы айта келе: «1882 жылғы 1 низамнан басталған миссионерлік саясат 1888 жылғы 2 низамның тұсында нақтылана түсіп, 1892 - 1898, 1902 жылдары оны жүзеге асыратын жоспар жасалынды.

Сондай хаттың бірі Абайдың да қолына түсті. Бұл хат ақынның дүниеден түңілуіне негізгі себеп болды. Абай мұны рухани қорлық деп түсінді.

Шәймерден Қосшұғыловтың жеке һатымен қоса 1891 жылғы қыркүйек (патшага) мұсылмандар арасына Иса пайғамдардың православиелік дінін тарату айында православиелік діни (архиерей) басқарманың Мәртебелі Ағзамға туралы жасаған ұсынысын қабылдағаны туралы құпия мәліметтің көшірмесі де шықты. Ол: «Құпия тапсырма: 1902 жылы 22 наурызда Мәртебелі ағзамның бекіткен заңынан сәйкес мемлекеттік құпия істер жөніндегі кеңесші: «патшаны бодандығындағы барлық бағынштылар бір дінге, көшуі керек, бірақ та олары бағындыру және шоқындыру, бір дінге кіргізу Ережеге байланысты құпияның шыңсыз бірте-бірте, күш қолданусыз, зорлаусыз, алайда асқан епті іктен, айламен: «олардың өздері дінге кіруге ризалықтарын берген - міс,» - деген желеумен жүргізілуі тиіс. «Өздері православие дініне енуге өтініш білдірді, өздерінің еркімен енді,» - деген айлалы амалды жүзеге асыру үшін арнайы жоспар жасау керек деп нұсқау берді, деген сөзбен басталыпты» дейді [250]. Одан әрі өз мақаласында Т.Жұртпаев: «бұл мәлімет Шәймерденнің қолына калай түсті, бізге беймәлім. Бірақ та 1902 жылғы 22 наурызда патшаның мұсылмандарды шоқындыруға жарлық бергені, ол науқанға дайындықтың құпия түрле жүріп жатқаны анық еді. Егер дүние тыныш, төңкеріс пен соғыс басталмаған жағдайда бұл шоқындыру шамамен 1913-1925 жылдардын арасында «салтанатты түрде ресми аттан өтетін еді... Олар бала тәрбиесі арқылы қазақ ұлтының болашағын қырқуға ұмтылды. Белгілі дәрежеде оған қолдары да етті. Мына құпия хаттан миссионерлердің өз күшіне сене бастағаны анық байқалады. Онда бұл жөнінде: «ауылдарда старшындарда «ауыл мектебі деген бүркеншік атпен мектеп ұйымдастырып, бірте-бірте олардың санын көбейтіп, оларға міндетті түрде орыс оқуын оқытып, балалармен орысша сөйлеуді, қазақ әріпін қандай жағдайда болмасын қолданбауды тапсырып, сөйтіп қазақ кітабын оқи алмайтындай жағдайдаға жеткізу керек. Бірақ оны заң ретінде қолданбау керек» деп жазылды» дейді [250].

Т.Жұртпаев құпия хаттан мынандай үзінді келтірген: «Содан кейін мына тәсілге көшу ұсынылады: барлық мектептердің мұғалімдерінен «мұғалім» деген инспектордың арнайы бекіткен куәлігін талап ету керек, ал инспекторға қазақ мұғалімдеріне куәлік беруді әдейі тыңдатып сылдыр санға салып, қасақана кешіктіру туралы алдын ала тапсырылып қойылуы тиіс. Куәліксіз сабақ берген мұғалімдер қатаң түрде заң арқылы жауапқа тартылсын. Осы тәсілмен молдалардың санын кемітіп, ол міндет ауыл старшындарына жүктелсін. Поптарға белгілі адамдар ғана мұғалімдікке алынсын. Содан кейін ретінде қарап сылтау тауып: «старшындар өзінің ақымақтығынан және істің мәнісін білмегендіктен ананы-мынаны бүлдірді - міс», деген тағы да басқа молдалар туралы лақап таратып, ауыл мектептерінің молдаларының қолынан алып, поптың ықпалына еріп, айтқанына көнетін және үнемі қол астында жүретін адамға тапсыру керек», - деген саясат еді.

Шіркеуді қазақ өлімі мен тойына дейін араластырып, бүкіл ішкі билеп, қолқасын өкпесімен қоса суырып алғысы келді. Ең қасиетті рәсімнің бірі -- жаназа мен жерлеуге қол сұқты. Қилы-қилы қитұрқы насихаттар мен уағыздар

жүргізді. Мұндай сұркия әрекетті жүзеге асыру үшін діни басқарма төмендегілерге құпия түрде әлгі хат арқылы: « Өлген қазақтарды жерлеуге поп басшылық етуі тиіс, ал қазақтар өлген адамдары туралы оларға міндетті түрде жерленуі тиіс. Өлген адамның жаны әлі шыққан жоқ, тірі көмуге болмайды, ол о дүниеде жұмаққа бармайды-мыс,»-деген сылтау айту керек. Мұндай тәртіптің кіргізілуін: «қазақтар кісі өлімі туралы үнемі жалған ақпар береді, ал дененің іріп, еті босағанға дейін көмілген адамның неден өлгенін анықтау мүмкін емес: сондықтан да қазақтардың арасындағы дақпырт пен дауды болдырмау үшін келген кісіні жерлеу кезінде міндетті түрде попқа көрсету қажет», деп нұсқау жолдады.

Олар сөйтіп ұлттың осал жерін дәл тапты тапқанда да мақсатына жетіп тынды. Мәдениетке тарту деген сылтаумен қыздар мектебін ашты.

Ұлттың рухани тұтастығын ыдыратудың аса қауіпті әрі аяр, ұзақ жылдарға арналған жоспарын Абай өлерінен бір жыл бұрын білді. Архиерейдің нұсқауында зерттеушілер Н.М. Ядринцев пен В.В. Радловтың ұсыныстары толық ескерілді. Онда қазақ арасына орыс оқуы дендеп кірген соң: «...қазақтардың өз атынан бізге шоқындырушы уағызшы керек деген арыз ұйымдастыру керек. Бұл міндетті орындауға жіберілген адам /уағызшы/ қазақтардың барлық талаптарын орындауға, көмектесуге міндетті. Оларды өзімен бірге ерітіп жүріп бойын үйретсін, Өзімен қол беріп амандасқан қазақтардың өкіліне сый-сияпат көрсетсін, өзіне тартсын. Дінге үйір қыла берсін, сөйте жүріп: «қазақтардың дініне ешкімде қысым көрсетпейді», - деп пікір тарата берсін, ал олардың уағызға келуі және тыңдауы өздеріне пайдалы, бір-біріне қастық жасамауға, шындықпен өмір сүруге көмектеседі деп сендірсін. Қазақтарды осылайша тыныштандырып алған соң мынандай ұсыныс жасау керек: «мұның барлығын қазақтардың өзі сұрап жасаттырып еді, ол үшін милиондаған сом қаржы кетті, қазақтардың өзі уағызшы сұрап еді, ол да қанағаттандырылды, соның бәріне қарамастан қазақтар үкіметті алдады, сол үшін жазаға тарту керек», деп жарлық жасау керек. Қазақтарды жазаға тарту туралы мәртебелі ағзамнан пәрмен сұралады. Пәрмен берілгеннен кейін қазақтарды жазалау үшін әскер жабдықталады және олар крестті алға ұстап жорыққа аттанады. Қазақтардың бәрінде шоқындыруға және православие дініне кіруге мәжбүр етеді. Ал бұл талапты өз еркімен орындамағандарды қырып салу керек», - деп кесімді үкім шығарылып қойған еді», - дейді Т.Жұртпаев [250].

Т.Жұртпаевтың болжамы негізсіз емес. Жүрегі «қайран елім, қазағым» - деп соққан ақынға мұндай мазмұндағы құпия хатпен танысу, өз ұлтының келешегіне отарлаушылар тарапынан дайындалып жатқан «жоспарын» білу, олардың зиянды істердің мән-мағынасына көз жеткізу оңай әсер етпегендігі түсінікті. Екіншіден, өзінің дүниеге келген уақыты жағынан ол хаттың біздің зерттеу объектіміз қазақ тіліндегі ресми басылыммен сай келуі, сол басылымның қазақтар арасында орыс оқуын енгізу туралы жазу мақсатының біз айтқандай екендігін дәлелдейді деп ойлаймыз. «Ауыл мектептері қазақтарды орыс халқымен жақындастыруда өте үлкен пайда келтіріп отыр, сондықтан қазақ даласында орыс мектептерін одан әрі ашу қажет» - деген. Енді осы жолдардың астарына үңіліп қарасақ, онда Әскери губернатордың ауыл мектептерінің

қазақтарды орыстандыруда үлкен пайда келтіріп отырғандығын, сондықтан оны жалғастыру керектігін айтып отырғандығын байқау қиын емес. Екіншіден, жергілікті шенеуніктердің бұл ұсынысына патша «Өте дұрыс» деп, қолдау көрсеткен.

Орыс отаршыларының қазақтарды орыстандыру мақсатында мектептерді кеңінен пайдаланғандығын басқа да деректер дәлелдейді. Мысалы, КР ОММ қорларының біріндегі құжатта орысша оқыған қазақтар: «Орыс мемлекеті, орыс халкы туралы дұрыс мәлімет алады және алған білімін өз руластарының арасында таратады деп жазылған [251].

Патша әкімшілігінің қазақтарды орысша оқытуды өздерінің отарлаушылдық мүддесіне сай пайдалану мақсатында жүргізгендігі туралы М.Әуезов 1923 жылы: «... 1868 жылдан кейін Хүкмет қазақ даласын шын бағындыру жұмысына батыл кірісті. Көздеген мақсатқа жету қазақтың елін бастайтын басшыларының балаларын оқыту керек деп тапты. Басшылардың балаларын орысша оқытып, төре қылып, шен беріп, шекпен кигізіп, Хүкмет адамы қылып, ел арасына жіберіп, солар арқылы ел мен Хүкметті жақындастырып елді кіндігімен арқандамақшы болды» - деген, өзінің «Шолпан» журналында жарияланған «Ы.Алтынсарин» деген мақаласында [252].

Отарлаушылардың «школды әуелі ашқандарына» шынында да «ноғайша, мұсылманша қылғандарының» шындық екендігін және оның сырын М.Әуезов өзінің 1923 жылы жазған, жоғарыда айтылған «Ыбырай Алтынсарин» деген мақаласында: «Патша Николай I заманында ашылған мектепке қазақ халқы бала беруге сенімсіз көзбен қарады. Мұны школды ашушылар да білетін. Сондықтан, Ресей патшалығы «дін қарындас», «бәріміз мұсылман баласы», дейтін ноғайларды қазаққа қару қылып жұмсады. Школдағы балалардың тұрмысын мұсылманша жасады. Ноғайша киім, баста төбетей, шаш алдыру, намаз оқыту, жұма сайын мешітке апару, дін сабағын оқыту, ноғайша жаздыру, тамақ ноғайша, оқытушы басында табақтай сәлдесі бар ноғайша молда... Балалардың бойы үйреніп, елдегі ата- аналарында балалрды «шоқындырмайды» деген пікір көбейген сайын ноғайша азайтып, окуды, тұрмысты орысша қарай айналдыра берген» деп анық етіп ашып берген [252, 28 б].

«Қазақстан» газетінің ұжымы жалпы әдебиет мәселесін, оның қоғамнан алатын орнын дұрыс түсінгендіктен бұл іске үлкен мән бергені көрінеді. Мәселен, бұл тұрғыда газет өзінің «Әдебиет таңы» атты бас мақаласында халық тұрмысын, оның келешігін жырлайтын әдеби туындылардың газет-журналдарда жариялануымен қатар жеке кітап болып басылуын, сонда әдебиетші қазақ жастарының көбейетінін әңгіме арқауы ете отырып, қорытынды ретінде:

Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсаң арқалан.
Сен де бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та бар қалан, -

- деп ұлы Абай өсиетіне назар аударып, шығарманың осындай «Халқымыздың көңіл сарайын» ашып, сергітетін болуын, қазақ жазба әдебиетінің таңы атты десек, алдымен ұлы ақынның есімін атауымыз керек» екенін білдірген. Бұл басылым мәселесін жан-жақты, толық қамту үшін біздер өз еңбегімізде газет

жанрының ерекшеліктеріне де тоқтала кетуді жөн көрдік. Себебі, «Қазақстанда» бас мақала тұрақты жарияланып тұрған. Сондай-ақ, басылым беттерінен фельетон, жолсапар очерктері, мақала, корреспонденциялар, пікір-талас, диалектикалық-философиялық мақалаларды да жиі оқып тұруға болатын. Бас мақалада сол кезеңнің көкейтесті (отырықшылық, кәсіпшілік, оқу бағдар беріліп отырылды. Бас мақалаларда көбіне фактілерді салыстыра талдау ағарту, әдебиет, мәдениет) публицистикалық тұрғыдан сөз болып, жұртқа бағыт бағдар беріліп отырады. Бас мақалаларда көбіне фактілерді салыстыра талдау әдісі басым болды. Мәселен, бұған дәлел ретінде «Енді қалай тұрмақ керек?» деген мақаланы мысалға алып көрелік. Онда жау жарағын тастап, бейбіт шаруамен айналысқан XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ халқы тұрмысының байланысты заманның өзгергені салыстырмалы түрде өрбітіліп берілген. Сөйтіп, ерекшелігі біраз сөз болып, отарба, өткеме, телефон секілді жаңалықтарға қазақтардың заман өзгерісіне, талабына дайын емесін, екі ғасырды ғылым, білімсіз босқа өткізгенін, ендігі жерде ғылым, білімсіз зор қиыншылыққа ұшырайтынын әңгімелеп, «Енді бізге бұрынғы күн жоқ, оның үшін бұрынғыдай жер жоқ», - деп халыққа заман ағымына сай әрекет қылып, өмір сүруге шақырады [253].

Журналда Есенғали Қосабасовтың «Бас қосу тұрғысында бірер сөз» деген мақаласы жарық көрді. Онда автор бірліктің мәніне, қажеттілігіне түрлі тарихи дәлелдер келтіріп, қазақ елін «күннің жарық сәулесі түспейтін таудың көлеңке жағында қалған ел» деп бағалап, оның өнер-білімсіз ауыр хәліне себеп болған нәрсе ұлттық томаға тұйықтық дейді. «Бір қолмен істеген істі екі қолмен бітіреді» деген бар ғой. Біріміз қолдың оңы болғанда, біріміз солы болып, қаздай қатар тұрып, ынтымақтасып, бағымызды сыналық», – деп автор ынтымақ- бірлік пен күреске шықсақ, ешкім басынбас еді деген ойды аңғартады. Ол жай басындырмауды ойлап қана қоймай, Еділ жайыққа да бір кісінің көпір салуға шамасы жетпейтіні шындық қой. Ондай жағдайда көптен-көлемдеп, екінші бір бәсеңдеу жерін тауып алатын еді. Солай ауыз біріктіріп, ақыл қоссақ, караңғы түкпірден жол тауып алар ма еді?», - деп отарлау саясатының езгісінен құтылудың амалын іздейді [254].

Жоғарыда біздер «Қазақты» қоғамдық-саяси газет деп атадық. Осыған орай редакция алқасының үкімет саясатының жазылуына көп мән бергендігі байқалады. Ондағы басты мақсат қазаққа үкімет жайын, оның не екені, мүдделері түсіндіріліп, жиылыс-мәжілістерімен, басты мәселелермен таныстыру еді. Мысалы, «Г.Дума» /1915 жыл, №14/, «23 қаңтар» /1913 жыл, №98/, «30 қаңтар» /1915 жыл, No100/, «Орынбор, 22 ақпан» /1915 жыл/, «Г.Дума ашылды» /1916 жыл, №169/, /, «Г. Дума» /1916 жыл, №179/, «Дума һәм үкімет» /1916 жыл, №207/ атты материалдарда мемлекеттік дума және кеңес жұмыстары жөнінде жан-жақты түсінік берілген. Басылымдарда бұл мақалалардың көпшілігін Ә.Бөкейханов «Қыр баласы» деген бүркенішік атпен жазған. Мәселен, ол осында бүркеншік атпен жазылған бір мақаласында «Мұның ғылымды кісілері неше түрлі закон жобасын кітап қылып басып шығарады, осы білгіш ғылымдардың қызметі кітап басқан, шығын партияның байларынікі. Г.Думаға партия атынан, бұл партияның депутаттары қанша закон жобасын кіргізді. Осы закон жобасының бәрін жалғыз депутаттар емес, Г.Думада жоқ, сыртта жүрген

партияның ғылымды білгіші қосылып жазады. Жұма сайын Г.Думада қарайтын кезекті закон жобаларын депутаттар пара жарыс қылып, қарап өтеді. Осы пара жарыста тағы білгіш, ғылымды партияның кісісі болады. Оны былай істеу керек...», - деп ақыл береді [255].

1905-1907 жылдары Ресейде болған бірінші орыс буржуазиялық революциясы шығыс халықтарын оятып, олардың арасында ұлт-азаттық, мәдени ағартушылық қозғалыс тудыруға әсер етті. Ресеймен және басқа елдермен араласып, өнер мен білімге қазақтардан гөрі бір табан жақын тұрған татарлармен біздің бабаларымыздың қандас әрі аралас-құралас болуы Қазақстанда да мәдени-ағарту жұмыстарының жандануына белгілі дәрежеде септігін тигізді. Бұлай дейтініміз сол кезеңде Қазан, Уфа, Тройцкі баспаханаларында едәуір қазақ кітаптары басылып шықты: «Сондай-ақ, мұғалімдер дайындайтын Уфадағы «Ғалия», Тройцкідегі «Расулия», Орынбордағы «Хусаиния» семинарияларында және башқұрт, татар медреселерінде қазақ жастары оқыды.

Мысалы, 1906 жылы ашылған Ғалия медресесін 1916 жылға дейін 930 шәкірт аяқтаса, соның 154-і қазақ жастары болған. Онда тәрбиеленіп, білім алған осы мұғалімдер Қазақстанның Алматы, Қапал, Қызылжар, Семей, Өскемен, Зайсан және баска уездерінде төте оқу мектептерін ашып, бала оқытуға кіріскен.

Кезінде Ғалия медресесінде оқыған башқұрттар «Парлақ», татарлар «Ан», черкестер «Лагуа», қазақтар «Садақ» деген колжазба әдеби журналдар шығарып тұрған. Ендігі әңгіме осы қолжазба «Садақ» журналы туралы болмақ, Сейтіп, Уфа қаласында 1915 жылдың 9-шы қарашасынан шыға бастаған бұл басылымның ұйымдастырушысы, шығарушылары Бейімбет Майлин мен Жиенғали Тілепбергеновтер болды, Б.Майлиннің науқастанып, еліне қайтып кетуіне байланысты «Садақты» 1915 жылғы 3-ші санынан бастап Ж.Тілепбергенов редакциялайды да, шығарушы міндетін «қазақ ұйымы» атқарады. «Журналымыздың мақсаты оқуға келген қазақ жастарына жөн-жоба көрсетіп, қалам ұстауды, сөз жазуды үйрету, өткендегі өмірдің жақсылық жағын өнеге етіп, жаманшылығынан безіндіру болып табылады», - деп жазды редакция алқасы. Шындығына «Садақтың» І-ші санынан бастап, соңғы 15-ші санына дейінгі аралықта екі жыл қатарынан новелла тәрізді қысқа әңгімелер, көлемді повестер, очерктер, сықақ әңгімелер /этюдтер/, жас ақындардың өлеңдері, сын пікірлер, қазақтың ауыз әдебиетінің нұсқалары молынан жарияланған. Бұған себеп журнал редакторы Ж.Тілепбергенов авторларға талап қоя білгіш, іскер басшы болған. Ол материалдармен мұқият танысып шыққан соң, құнсыздарын ешкімнің көңілдеріне карамай, авторларына қайтарып беріп отырған. Мысалы, ол бір авторға: «Ойланып жазсаңыз да, сөзіңізде көрініп тұрған кемшілік бар. Келісті сөздер жазсаныз келешек санға кіргізерміз» десе «Ертеңгі жазушыларға» да «Еріккенге ермек деп елдегі жоқты жаза бермеңіз», - деп ескерту жасаған [256]. Бұл басылымның Уфа қаласында шығып тұруы, әрине ондағы «Ғалия» медресесінде оқитын қазақ жастарын елдегі болып жатқан түрлі оқиғалардан шет қалдырса да, олар халықтық бағыт ұстанған партиялар мен осы партиялардың «Қазақ», «Бірлік туы», «Сарарқа» сияқты органдарының он істерін құптады. Бұл жөнінде баспасөз тарихын зерттеуші Қ.Бекхожин кезінде: «Оның үстіне ол дәуірде шығып тұрған алашордашылардың «Қазақ» газеті және басқа сондай баспасөз органдары

олардың басын ұлтшылдықпен уландырды. Жалпы, ұлт- азаттық қозғалысымен рухтанған «Ғалия» шәкірттері қазақ ұлтшылдарының буржуазиялық ұлт автономиясын құрмақ болғанын жақтап қателесті», - деп жазды [27, 239 б.]. Жаңа көзқараспен қарасақ, бұл ешқандай да қателесушілік емес еді. Қайта редакция ұжымының ұлтжандылығын көрсететін өзіндік қасиеті болатын. Мысалы, осыған байланысты «Садақ» Омбыда оқитын қазақ жастары «Бірлік» атты жаңа қауым ашыпты, басқармаға орысша басылған жарғысы келді, қауымның мақсаты халық арасында білім тарату, сонымен бірге халық әдебиетін жою екен делінген. Бұл қауымның жұмысына игі тілек білдіре келіп, басқарма «мұндағы шәкірттердің ағза /мүше болып жазылуы оң, жарғыны оқып көруге береміз», -деп мәлімдеген [257]. Кейіннен «Бірлік» ұйымы туралы С.Сейфуллин: «Біздің программалық және көздеген мақсатымыз ағарту жұмысын жүргізіп, қазақ әдебиеті арқылы қысымшылығына карсы идея тарату еді», - деп жазды [258].

Міне, сөйтіп «Бірлік» ұйымының жарғысын бастырмай, басқармаға келіп танысыңдар деуінің өзі-ақ «Садақтың» оған іш тартып, тілектес болғанын көрсетеді. Енді, басылымның бетіне жарияланған материалдар жайында сөз етер болсақ, ең алдымен Ж.Тілепбергеновтың творчествосына тоқталамыз. Себебі, Жиенғали өзінің тырнақалды өлең, әңгіме, мақалаларын осы журналда жариялап, ұстаздық, ақындық жазушылық қызметін бастады. Мысалы, ол «Жазғы көш» деген әңгімесінде жайлауға көшу сәтін, жол бойғы қыз-жігіттердің ат жарыс, көкпар ойындарын, шырқаған әндерін нанымды суреттейді. Әсіресе, оның байдың жылқышыға ұрсып жатқан сәті, жастар думанына торышолақ атын тақымдай шаба жөнелген кедей баласының жақыншылығын бейнелеуі де сәл кездегі ауыл бейнесін көз алдына елестетеді [259].

Екінші мәселе Ж.Тілепбергеновтың сыншылдығы туралы. «Садақтың» 1917-1918 жылдардағы бірнеше санында қатарынан Халелидден Сарталиев деген автордың «Мақтым» деген ұзақ повесі жарияланған. Міне, Жиенғали осы шығармаға талдау жасап, сын жазу барысында, оның кемшіліктерін роман дәрежесіне жете алмағанын, егер қайта құрып, өндесе баспаға ұсынуға болатынын атап көрсеткен.

«Садақта» қазақ халқының ұлы ақыны Абайдың жастарға арналып жазылған «Әкесінің баласы адамның дұшпаны, адамның баласы - бауырың» деген сиякты бірнеше нақыл сөздерімен катар «Желсіз түнде жарық ай», «Білімдіден шыққан сөз» сияқты махаббат, тәлім-тәрбие жөніндегі жыр жолдары да басылып тұрған. Ең өкініштісі, қолжазба «Садақ» журналының ең соңғы 1918 жылдың 10-шы ақпанында шыққан санында Орынборды большевиктер алғандығы туралы хабарда: «Бұл қадірлі жаңа жолда біздің қазақтан да жоқ емес еді. Ғалибек Жанкелдин деген кісі большевиктерді ертіп келіп «Қазақ» басқармасын жаптырды. Бұл уақытта ондағы мырзалар ел ішіне қашып кеткен еді. Ғалибек «Қазақ» басқармасын тінтіп, жаңа шыққан «Қазақтың» бір нөмір газетін «Баяғыдан бері сен біздін аяғымызға қандай тұсаулар салмадың!», - деп деп жазған. Тегі, осы жолды қосқолдап тұрып айырып-айырып тастапты», жазып отырған редакция ұжымы бұл істің өз басына да төніп тұрғанын білмеген-ау, сірә?! [260].

«Қазақ» газеті бірінші орыс революциясы оятқан қазақ халқының белгілі қауымын ұйымдастыратын және оған басшылық жасайтын орталыққа айналды. Газет қазақтын саяси өмірі жөнінен манызды мақалалар беріп тұрды. Көптеген көкейтесті мәселелер бойынша пікірталастар ұйымдастырды және сол кездегі коғамдық-саяси ойды арнаға бағыттаушы болды [261]. «Қазақ» алғашқы санынан бастап ағарту, оның саясатқа деген ынтасын арттырып, тарихи зердесін ояту және ұлттық сана сезімді тәрбиелеу міндеттерін алдына қойды. А.Байтұрынов газетке «Газет халықтың көзі, құлағы һәм тілі» деген анықтама берді. Газетке XX ғасырдың басындағы қазақ жұртының саяси-әлеуметтік өмірінің ең түйінді мәселелеріне, шаруашылық жайына, жер мәселесіне, басқа елдермен қарым-қатынасқа, оқу-ағарту, бала тәрбиесіне, әдебиет пен мәдениет, әдет-ғұрып, салт- санаға, тарих пен шежіреге арналған Ә.Бөкейхановтың, Ш.Құдайбердиевтің, М.Жұмабаев, С.Дөнентаев, Г.Майлин, С.Торайғыров, Ғ.Қарашев, А.Мәметов, санаға, тарих пен шежіреге арналған Ә.Бөкейхановтың, Ш.Құдайбердиевтің, Б.Серікбаев, Р.Малабаев, Қ.Қоныратбаев сынды әдебиетіміздің дамуына үлесін қосқан ардақты азаматтарымыздың ғылыми шығармалары, әңгіме, өлеңдері басылып, аудармалар туралы сын мақалалар мен қатар Л.Толстойдан, А.Чеховтан, М.Лермонтовтан, И.Крыловтан алғашқы аудармалар жарық көрді.

Қазақ жастар баспасөзінің төл басы - «Жас азамат» газеті 1918 жылдың сәуір айында барлық жастар ұйымдарын біріктіріп, басын қосқан «Жас азамат» ұйымының органы (тілі) болып есептеледі. Бұл біріккен ұйымның төрағасы - Мырзаұлы, басқарма мүшелері - С.Садуақасұлы, М.Сейітұлы, Т.Досымбекқызы, Ә.Бәйділдәұлы сияқты «қазақтың біртуар ұл-қыздары болатын. Ал осы ұйымның тілі - «Жас азамат» газетінің шығарушысы (редакторы) К.Кемеңгеров еді. Бұл саяси-қоғамдық, экономикалық басылымнының алғашқы нөмірі 1918 жылдың 30-шы шілдесіне Қызылжар каласында жарық көрген. Сөйтіп «Жас азамат» газетінін алғашқы нөмірі «Жас тілек» атты бас мақаламен ашылған. Онда «Жас азаматтың» мақсат-мүддесі көрсетіледі. «Өмір-тәжірбиесінің, білім аздығының кемдігіне қарамай, төрт түлігі сайланбай «Жас азамат» тәуекел кемесіне мініп, тұрмыстың таласатын, күресетін майданға шықты. Келешектің қараңғылығы, саяси һауаның күн сайын құбылуы, қалың өрттей, кеселді дерттей, апаты күшті күндердің тууы, дүниеде болу-болмауы, әлінің майданға қойылуы, ұлттың өмірлі құқықтары аяқ астына тапталып, зорлықтың қан соруы «Жас азаматтың» үстіне ауыр жүк салып отыр. Қоғамдасып, қолтықтасып, күш беріп, ауыр жүкті тиісті орнына жеткізу жастардың бас міндеті, үлкен борышы. «Жас азаматтың» негізгі жолы-ұлт бостандығы, ұлт алтын идеалы, әулие мақсаты, теңдігі». Өздерінің осындай ұйым құрып, газет шығару сырын оқырмандарына жолдаған «Ашық хатында» осы ұйымның кіндік комитеті:»Ел көп топырдың ортасында аяқасты бас қосайық деген пікір туып отыр еді. Бұл пікірді туғызған көкті қаптаған қара бұлт бөлшеуік дауылы еді. Бұл дауылдан қырғыз-қазақ елін шамамыз келгенше аман сактап қалайық, шамамыз келгенше тарих алдында кінәсіз болармыз, өлсек бір шұңқырда, тірі болсақ бір төбеде деген мақсат еді»,– деп түсіндіреді [262]. Шындығында бұл дауылдан «Жас азамат» ұйымы да, оның үні «Жас азамат» газеті де құрбандықсыз құтылған жоқ. Бұл туралы кезінде С.Сейфуллин:

«Жалғыз-ақ, аз болсын, көп болсын, қолынан келгенше қайрат (қазірше белсенділік) көрсетіп жатқан Алашорданың жастары екені газеттерінен көрінеді. Алашорданың жастар ұйымы барлық Қазақстанның ұлтшыл жастарына нұсқа беріп, Қызылжарда «Жас азамат» газетін шығарып жатыр», -деп жазса [262], Ж.Аймауытов «Газет, журнал оқушыларға» деген мақаласында орыс тіліндегі бір басылымның жазған оқушылары болмағандықтан қазақтың бір газеті мен бір журналы жабылып қалыпты деген жалған хабарына қарсы: «Бұл хабар бекер». «Жас азамат» күні бүгінге шейін шығып отыр. Қаржы жағынан Омбы жастары әдебиет кешінен он мың сом, Семей жастары 5000 сомдай көмек кемдік көріп, тоқтай ма деген кірбің болып еді. Енді тоқталмас дейміз. Өйткені, жіберіп отыр, тағы сондай көтерушілер табылатын көрінеді», - деп тойтарыс зерттеуші Дихан Қамзабекұлы: «Кеңес дәуірінде жазылған тарихтан хабардар берген [263]. Осы қазақ жастар баспасөзінің төлбасының қазіргі жағдайы туралы жұртты сергелдеңге түсірген қоғам кінәлі. Ақиқатқа дес берсек «Жас азамат» адам осы басылым тұсында, әрине аталған газет пен шынайы тарих кінәлі емес, газетін ескермегендей сынай таныту, немесе ол жөнінде қазақтануға шөліркеген жұртка ештеңе айтпау-ұлттың өткеніне де, бүгінгісіне де, келешегіне де немқұрайлы қарауымен бір есеп», - дей отырып «Жас азаматтың» бізге қазір он сегіз саны мәлім болып отыр. Нақтырақ айтсақ, І-ші нөмірінен 22-ші нөміріне дейінгі сандары.Бұл заң арасынан 2, 9, 10, 19-шы нөмірлерін ұшырата алмадық. Газеттің барлық санының да бастырушысы - «Алаш серіктігі». І-шіден 11-шіге дейін «уақытша шығарушы Қошмұхамбет Кемеңгерұлы, 12-ші нөмірінде «уақытша шығарушы үшін Біләл Малдыбайұлың, 13-тен 16-ға дейін «уақытша Шығарушы Біләл Малдыбайұлы», 17-ден 22-ге дейін «уақытша шығарушы» Кошмұхамбет Кемеңгерұлы» [264].

А. Байтұрсыновтың өз мақаласында оқу-оқыту, жастарға білім беру туралы бұл айтқандарының бәрінің де маңызды екендігі де, олардың шынайылық деңгейлерінің жоғары екендігі де, ғылыми құндылықтарын бүгін де сақтап отырғандығы да рас. Дегенмен, біздің ойымызша, ең бастысы, оның «қазақ тілін жоғалтып, орыс тіліне түсірудің, патша үкіметінің бұратана халықтарға қарсы саналы түрде жүргізіп отырған ресми саясаты екендігін осы мақаласында дәлелдей білгендігі. Ресей империясының қазақтарды орыстандыру мақсатын нақты деректермен әшкерелегендігі. Мысалы, ол: «Өткен он төртінші июньде патша жарлығы бойынша шыққан правилада Россиядағы бөтен текті жұрттардың мектебінде бастапқы екі жыл ана тілінде оқылсын деген. Ол правилаға оқу министірі қол қойған. Оның бер жағында Қазан округінде бір иниспектор попечительге жазған учительдер чуваш балаларын чуваш әріптерімен оқытпай, бірден орыс әліппесімен оқытқанды оңай көреді деп. Оны попечитель министрге жеткізген. Министр енді жазып отыр: чуваш мектебінде орыс әліппесінен бастап оқытуды бек ұнаттым, бек келісті іс екен деп. Бастапқы екі жылда ана тілімен оқытуға тиіс деген правилага кол койушы да министр, онан кейін ана тілімен оқытпай, бірден орыс тілімен оқытуды ұнатушы да министр. Бұл екі қағаздын кайсысы іске асып, қолдануға болмақшы? Қайсысы үкіметке жағымды болса, сонысы іске аспақшы»-деп, үкіметтің бұратана халықтарды оқыту саясатындағы екіжүзділікті көрсеткен [265].

Одан әрі А.Байтұрсынов «екі қағаздың қайсысының үкіметке жағымды екендігі және оның себебі туралы: «Үкіметке жағымдысы қол астындағы жұрттың жазу-сызуы, тілі, діні бір болу. Россия қол астында түрлі тілді, түрлі дінді, түрлі жазу-сызуды тұтынып отырған жұрттар бар. Солардың бәрі тілін, дінін, жазу-сызуын орысқа аударса, үкіметке онан ұнамды іс болмас. Сондықтан он төртінші Июньде минимстр қол қойған правиланы он алтыншы Ноябрьде министрдің жазған қағазы жеңбекші... Сөйтіп, правила қағаз жүзінде бар болса да, іс жүзінде жоқ», деп үкіметтің өзі шығарған «правиласын» өзі іске асырмау себебін айта келе, халықтың да өз мүддесі бар екендігін, оның да ескерілуі керек екендігі туралы: « Бұл айтылған бәрі де ұкімет өз пайдасын көздегендіктен істеліп тұрған істер. Бұл ұлт көсемінің қазақ халқының өз ділін, тілін, жазуын бастауыш мектептен бастап, сұмдық «миссионерлік пікірден, суық қолдан», орыстандыру «политикасынан» сақтамақ болғандығын дәлелдейді. Мақаладағы тағы бір ерекше көңіл аударатын нәрсе, ол А.Байтұрсыновтың қазақтың дінінің болашағына үлкен сеніммен қарауы. Ол: «Қазақ дінге нашар күйден өткен, енді қазақты басқа дінге ауыстырамын деу, құр әурешілік. Қазақты діннен айыруға болмаса, жазуынан да айыруға болмайтын жұмыс. Араб әліпбиі ислам дінімен бірге келіп қазаққа орнаған. Дінімен байласқан жазу тілі жоғалмай жоғалмайды. Қазақта газета, журнал, кітап жоқ кезінде жоғалмаған тіл, газета, журнал шығып кітаптары басылып, жылдан жылға ілгері басып келе жатқанда қазақ тілі жоғалмас» дейді [265, 101 б].

Осы жолдарды жазып отырғанда алдында не күтіп тұрғанын қайран арысымыз қайдан білсін! Көп ұзамай-ақ, Ресейде большевиктер бүліншілігінің басталарын, үкімет басына ойдан қашқан, қырдан қашқан қулар мен сұмдардың келетінін, олардың қазақтарды орыстандыру ісін патша үкіметі сияқты екіжүзділікпен бүркемелеп, алдап- суламай-ақ, дөрекілікпен күштеу-зорлау арқылы дінінен де, дінімен бірге келген әріпін де, жау-сызуынан да тілінен де, айрыларын қайдан сезсін!

Бұл бастауыш мектеп туралы жазғанда келешекке үлкен үмітпен қарады. Ұлт болашағы жолында еңбек етті. Сондықтан өз мақаласында қазақ жастарына білім берудің негізі болып табылатын бастауыш мектептің қандай болу керектігі туралы өз ұсыныстарын жасады. Мысалы, ол: мектеп арқылы қазақтың тілін, жазуын жоғалтып, орысшаға аударам деген пікірден үкіметк безіп, тиісті бастауыш мектеп екі жаққа да зиянсыз, пайдалы болуын көздеу керек. Солай ойлағанда көңілге ұнамды мектептің түрі мынау: бастауыш мектептер оқуы қазақ үшін бес жылдық боларға тиіс. Мұжық жөнімен қала болған қазақтар бар, қазақ ретімен қала болатын қазақтар бар. Солардың бәріне бастауыш мектеп қолайлы болуға тиіс... Бастауыш мектепте кілең қазақ тілінде үйретілетін нәрселер: оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, жағырафия, шаруа-кәсіп, жаратылыс жайлы. Бастауыш мектептің кілең орысша оқитын екі жылында үйретілетін білім гимназияның яки реальный мектептердің төменгі кластарына кірерлік болуға тиіс. Бастауыш мектептер осындай болса, бұлардан әрі мұсылманша я орысша оқыту үшін қазақ балаларының бастауыш мектепте үйренген білімі негіз болуға жарайды» - деп, қазақ балаларының бастауыш

мектепте қанша жыл оқуы керектігін, нені оқу керектігін және не үшін оқу керектігіне дейін айтқан [265, 101 б].

Әрине, бүгінгі бастауыш мектептердің оқу-ағарту ісіндегі орны да, міндеті де басқа. Дегенмен, Ахмет Байтұрсыновтың қазақ балалары алдымен өз ана тілдерінде оқулары керек деген пікірінің дұрыстығын өмір толығымен дәлелдеді. Тәуелсіз Қазақстан Республикасының кейбір министрлерінің, дәл бүгінгі күні, тілдері жаңа шығып келе жатқан баладай әр түрлі мінберлерден өзінің ана тілінде былдырлап тұруы соның дәлелі. Олардың бала кездерінде тілдерінің ана тілінде шықпауының, бастауыш мектепте ана тілінде оқып, тілдерін жаттықтырмауларының салдары.

Оқу-ағарту, білім беру, әсіресе жастарға аса қажетті болған өнер үйрену мәселесінде бүгінде де маңызы арта түспесе кемімеген дерек көздерінің бірі ол «М.Д.»-ның [Міржақып Дулатовтың бүркеншік есімі - Ш.А.] «Қазақ» газетінде жарияланған «Өнер мектебі» атты мақаласы. Онда автор: «Марқұм инспектор Ыбраһим Алтынсарин ыждаһатымен 1883 жылы Торғайда өнер мектебі (ремесленная школ) ашылған еді. 25 қазақ баласына арналған қазыналық орын бар. Мұндай бастауыш дәрежелі орысша оқудан басқа үш түрлі өнер үйретіледі. Тігіншілік, ағаш ісі һәм ұсталық. Осы өнер мектебі кедей балалары үшін іздесе табылмайтын орын болса да, 32 жылдан бері бұл мектептен оқып шыққан қазақ жігіттерінен үйренген өнерімен пайдаланып, кәсіпке кіріскені некен-саяқ, ел ішінде машинамен киім тігушілер болмаса, көзге шалынбайды. Оқып шыққандар өнерлерін іске асырмауының толымды себебі мынау болса керек деп ойға келеді. Біздің қазақ жалқаулықтың үстіне «ақ сүйек» келеді, қара қызметке кірісуге арланады. Азырақ оқыса, көзіне «төрелік» елестей бастайды. «Жарлы болсаң арлы болма» деген мақал қазақтан шықса да, біздің жарлылар тым-ақ арлы» - деп [266], Торғайдағы өнер мектебіне байланысты қазақтың жазылмас ауруларының бірі «төрешілдігін» сынаған. Бүгінгі «оқыған» қазақ балаларының көзіне әкімдікпен пен заңгерліктің, экономистік пен қаржыгерліктің елестейтіні баршаға аян. Бүгінде аса қажет болып отырған өнерлерді үйренудің орнына, шамаларына қарамастан саны көп сапасы жоқ, аты бар заты жоқ «юрфактар» мен «экономфактарға» қаптап барып жатқандығы өмір шындығы емес деп кім айта алады?

Одан әрі автор ашылғанына бар жоғы бір жарым ғана жыл болған ноғай балаларын өнерге үйретуге арналған мектептің жетістігі туралы: «Жыл жарым мұнан бұрын Оренбург мұсылман жамиғаты іссіз жүрген пақыр мұсылман балаларына іс үйретерлік, күн көрерлік бір кәсіп табу ниетімен ағаш ісін үйретететін өнер мектебін ашқан еді. 20 шақты кедей балалары алынды, Перімнен шебер алдыртты... Міне, осы мектепте жыл жарым үйренген балалардың істері үстіміздегі июльдің 6-нан бастап көрініске қойылып, сатуға шығарылды. Көрініске қойылған нәрсенің саны 60 шамалы, бағасы орта есеппен 70 сом. Ісінің тазалығы, әдемілігі базар ісінен бір де кем емес»-дей келе, «Бұл мектептің сайманы, қаражаты, үйі, үйретушілері біздің Торғайдағы қазына күшімен тәрбиеленіп тұрған өнер мектебінің оннан біріне жетпесе де, 32 жылдан бері мұнан оқып шыққан қазақ балаларының пайдасынан жыл жарымдық ноғай мектебінің берекесі көзге түсіп қалды» - дейді [266].

Қазақ балаларының «төрешілдігі» тек Торғайлықтарға ғана тән емес, жалпы жалқаулық сияқты оның да барлық қазақтарға да тән қасиет екендігі туралы М.Дулатов өз мақаласында: «Ақмола, Семей облыстарында біздің өнер Мектебіміз секілді шаруа ғылымын үйретететін пайдалы мектептер (ауыл шаруашылығы мектептері) бар. Онда да қазақ балалары оқуға ынтасыз, оқып шыққандарының қиялында баяғы «төрелік». Төрелік теріс болмас еді, бәрінің қолына түсе берсе. Бірақ солардың оны тілмаш-мілмаш болып, тоқсаны «жарлылықта жақсы екен, жатып ішер ас болса» деген күйде жүргендей көрінеді» - дейді [266].

1917 жылы Ақмола (қазіргі Астана) қаласында Сәкен Сейфуллин негізін өзі қалап шығарған «Тіршілік» газеті, қазір Ақмола облыстық «Арқа ажары» газеті болып жарыққа шығып жатыр. Тарихы тереңде жатқан «Тіршілік» Сәкеннің «Тар жол тайғақ кешуінен» орын тапқан. Сәкен Сейфуллин «Жас қазақ» ұйымын ашады. Бұл ұйым дәл «Бірлік» ұйымы тәрізді, бірақ, «Бірлік» сияқты патша үкіметінен жасырын емес-ті. Дәл осы «Жас қазақ» ұйымы «Тіршілік» газетінің демеушісі еді. Ең басында Сәкен «Сарыарқа», «Алаш», «Бірлік туы», «Ұран», «Қазақ» сынды газеттерді атап көрсетіп, «Тіршіліктен» басқасының бәрі бір бағытта болды деп жазады. Яғни, барлық аталған газеттер Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов басқарған «Қазақ» газетінің ықпалымен жүрді, барлығы ұлтшыл болды, байшыл болды деп көрсетеді. «Тар жол тайғақ кешуде: «Әр жерде-ақ газет шығара бастадық. Семейде – «Сарыарқа» газеті, Ташкентте – «Алаш» газеті, соңынан «Бірлік туы». Бөкейлікте, Астрахан қаласында – «Ұран» газеті. Ақмолада – «Тіршілік» газеті, Орынборда – бұрынғы белгілі «Қазақ» газеті», - деп жазылды. «Тіршіліктің» шынайы тарихы, алдына қойған мақсаты, мақалаларының тақырыптық сипаты С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романында дәл суреттелген: «Қаріп келіп «Тіршілік» деген газет шығара бастадық». Зерттеуші З.Тайшыбайдың «Мағжанның Қызылжары» еңбегінде басылымға қатысты мынадай мәлімет бар: «Солтүстік өңірдегі қазақ баспасөзінің қалыптасуы дегенде Ақмолада 1917 жылғы сәуір айынан бастап, 1918 жылдың шілдесіне дейін шығып тұрған «Тіршілік» газетінің орнын көрсетпесе болмайды. Либералдық бағыт ұстанған бұл газеттің редакторы және шығарушысы – Рақымжан Дүйсенбаев. Газеттің жұмысына қаладағы мектептердің мұғалімдері Абдолла Асылбеков, Бәкен Серікбаев, Сәкен Сейфуллин сияқты азаматтар қатысты». Газет редакторы Рақымжан Дүйсенбайұлы болды. Бұл туралы Сәкеннің еңбегінде былай делінеді: «Тіршілік» анда-санда шығып тұрады. Ресми редакторы – Рақымжан. Бірақ ауыр ісінің көбі менің мойнымда. Оның үстіне, мен школда беретін сабағымды да қоймадым. Және кешке ересектер оқитын курс ашып, мен онда да сабақ беретін болдым. Қысқасы, күні бойы, кеш бойы тынбастан қызметте аласұрып жүретін болдық». Сәкен «Жас қазақ» ұйымын, «Тіршілік» газетін күшейте бердік деп жазды. Тіпті, байларға, молдаларға, комитеттің кімдікі екенін газетке жазды. Болыстарға қарсы жазды. Өзінің «Тіршілікте» басылған «Күзетші иттер» атты өлеңіне Құсайын Қожамбердіұлының шамданғанын жазады. Бұл өлеңде, комитеттің губерниялық комитеттің әмірімен елден ақша жинамақ болғаны, сорақысы үй басына жеті жарым сом, яғни, байың да жеті жарым сом, кедейің де

жеті жарым сом төлейтіні жайлы жазған [267]. Ақмолада қазақша «Тіршілік» атты газет шыты. Шығарушы Рахымжан Дүйсенбайұлы. Бұл газеттің 20 қыркүйекте шыққан 2-нөмірі басқармаға өтекешігіп, жаңа ғана келді. «Тіршілік» газетінде көтерілген басты тақырыптар – қазақтың әйелдері мен қыз балаларының қатарға енуі, қаладағы және қырдағы жастар тұрмысы, жастар арасындағы сауатсыздықты жою мәселесі және Ақмола өңіріндегі халықтың хәл-ахуалы болды. «Тіршілік» газетінің бетінде белгілі Алаш қайраткерлерінің мақалалары жарияланып тұрды. Газетті құрушылардың бірі болған Жүсіпбек Аймауытов көбіне басылым бетіне бүркеншік атаулармен мақала беріп отырған. Ол «Тіршілік» газетіндегі мақалаларының көбінде «Төртуыл» деген бүркеншік есімді пайдаланған. «Тіршілік» газетінде сауаттылық мәселесі бойынша да көптеген мақалалар шығып отырған. Соның бірі «Оқу жұмысы» мақаласы. Онда бастауыш класстардың аздығы, мектептегі оқушылар санының аз екендігі, оқу процесінде сапаның нашар екендігін, одан қалды білікті мамандардың жетіспейтігін жазды. Онда: «Біздің жұртта өзге жұрт қатарлы өмір сүру үшін бізге білім керек, білім болғанда да Россияның одан арғы батыс жұртының өнер-білімі керек. Сол үшін университет ашу бек керек. Бұл қазақтың дүние істерінен ғапыл қалмасы үшін керек» деп көрсетеді. Кеңестік Қазақстандағы қазақ тілінде шыққан мерзімді басылымдардың ішінде «Тіршілік» газетінің алатын орны өзгелерден оқ бойы алда. Өйткені, бұл басылым қызыл ұранмен ашылған кейбір газет-журналдарға қарағанда ғұмырлы болды. Сонымен қатар, газеттің шығарушылары мен белді авторлары С.Сейфуллин бастаған Ш.Тоқжігітов, С.Дөнентаев, С.Торайғыров, Ш.Құдайбердиев, М.Дулатов, Ш.Мұсатаев, И.Әлімбеков, Ә.Досов, Н.Нұрмақов, А.Жиенғалиев сынды қазақтың танымал бетке ұстарлары болды [268].

«Газет «Үш жүз» 1917 жылғы желтоқсанда Петропавлск губернской земской типографиясында (қазіргі Солтүстік Қазақстан облыстық земство типографиясы) шығарыла бастады. Мектеп-медресе мәселелері

«...Газет екі түрткіге жіктелетін мектептердің (дәстүрлі медресе мен жәдид мектебі) арасындағы шиеленісті ашық көрсетті. Біріншісі – медреселерде пәндер тек діни бағытта оқытылып, заман талаптарына сай емес; екіншісі – жаңа әдістегі мектептердің қаржыландырылуы, мұғалімдер дайындау, оқулықтардың тапшылығы ауыр салмақ түсіргені» [269]. Жәдидшілдік-ағартушылық идеясы туралы «...Жәдидтік мектептер діни біліммен қатар орыс гимназияларының бағдарламасын енгізді: арифметика, геометрия, орыс тілі, тарих. Мұндай типтегі 87 мектеп 1918 жылға қарай желі бойынша тарады, ал «Үш жүз» газеті 1917 жылғы №3, 7, 10 сандарына осы жаңалықты толық талдады» [270].

«...ЫІбырай Алтынсарин қазақ балаларын мектепке тартуда ең алдымен әйел мұғалімдерді даярлауды ұсынды. Газет мұны 1917 жылғы №9 (15 наурыз) санында жарияланған Алтынсариннің хатына сүйене отырып жазды. Ахмет Байтұрсынұлы өз мақалаларында оқушылардың денсаулығын сақтау үшін күніне 10 минуттық гимнастика мен таза ауада серуен өткізуді ұсынды [271]. ««Үш жүз» газетіне келіп түскен хат-хабарлар негізінен екі бағытты болды.

Мектеп-медресе ашу, мұғалім дайындау жөніндегі жергілікті қауымдастық өтініштері;

Партия саясатына қатысты сын-ескертулер. Жеке хаттардың тізімі Қосымша 3-те толық берілген» [272].

«...Пленум «Үш жүз» партиясының Орталық Комитеті 1917 жылғы 10 желтоқсанда бір ауыздан қаулы қабылдады: газет аптасына бір рет, жұма сайын, Петропавлск губернскілік земство типографиясында шығарылады; әр нөмірінде партияның саяси-ұйымдық, ауыл-қоғамдық, оқу-тәрбие жұмыстары туралы материалдар, сондай-ақ жарнама мен хабарландырулар жариялансын; №1-3 сандарының жалпы тиражы – 3 000 данадан кем болмауы тиіс».

«Үш жүз» газетінде жарияланған мақалаларда көбіне ауылдағы оқу-ағарту жүйесінің артта қалғандығы сыналды. Авторлар мұсылман мектептерін жаңаша жолға қоюды, жаңа әдіспен (жәдидше) оқыту идеясын ұсынды. Мәселен, «Қазақ баласына ғылым – рухани азық. Ол азықты молайту үшін бізге жәдид үлгісіндегі мектеп керек» деген жолдар кездеседі» [272, 103 б]:

«Газет бетінде татар, башқұрт жәдидшілдерінің тәжірибесі мысалға алынып, қазақ даласындағы медресе жүйесін жаңғырту керектігі айтылды. Сонымен қатар, мектептерге арнайы оқу құралдарын шығару мен мұғалімдерді даярлау мәселелері көтерілді». Жәдидшілдікке қатысы [272, 103 бет]: «Үш жүз» партиясы жәдидшілдікті тек оқу әдісі ретінде емес, қоғамдық-саяси қозғалыс ретінде қарастырды. Газет бетіндегі мақалаларда жәдидтерді «замана ағымына сай, озық ойлы мұсылмандар» деп сипаттап, ескіше оқытуды «надандыққа ұшыратын жол» деп сынады». Мектеп-медреселерге байланысты мақалалар [272, 104 б]:

«Мектеп ісі» деген мақалада: «Қазақ балалары оқусыз қалмасын десек, мешіт жанындағы медреселерді жаңашыл жолмен жабдықтайық. Шағын мектептерге жаңаша оқу құралдарын жеткізіп, халық мұғалімдерін даярлау – басты мақсатымыз болуы керек» – деп жазылды».

Оқу құралдары туралы: «Газет бетінде бірнеше мақалада арнайы оқу құралдары туралы айтылған. Мәселен, «Балаларға арналған қысқа арифметика» және «Әліппе» кітаптарының қажет екендігі жиі көтерілді. Осы құралдарды татар баспасынан алдырту немесе жергілікті молдалар мен мұғалімдер арқылы тарату ұсынылды». Мектепке тарту туралы [272, 109 б]: «Газет редакциясына келген хаттарда көбіне ауыл балаларының мектепке баруға мүмкіндігі болмағаны айтылады. Негізгі себеп – мектептің алыстығы, мұғалімнің жоқтығы немесе ата-ананың түсінбеушілігі. Осыған байланысты «Халық мектепке сенсе, баласын жіберер еді» деген мақалалар жарияланды». Ұлт мектебі және оқу жүйесі жайлы: «Газетте «ұлт мектебі» ұғымы жиі қолданылып, орысша-қазақша аралас білім берудің зияны сөз етілді. «Баланың тілі мен діні – оның руханы өзегі. Сол өзекті орыстандыруға жол бермеуіміз керек» деген жолдар жәдидшілдік бағыттағы ұлттық идеологияны паш етеді». Мұғалім мәселесі [272, 110 б]: ««Халыққа мұғалім керек. Мұғалімсіз мектеп – шамшырақсыз түн» деген тіркестер кездеседі. Бұл халықтың өз ішінде оқытушы даярлауға талпыныс жасағанын білдіреді. Газет арқылы жас мұғалімдерге үндеу тасталып, «шеттен емес, іштен шыққан ұстаз керек» деп көрсетілді».

Оқулық жазу жайлы [272, 112 б]: «Мектепке оқу құралы жоқ, қолымызда татарша кітаптар. Қазақ баласының тілін, ойын, дінін ескеріп жазылған кітап

болсын!» деген талап хаттардың көпшілігіне газет бетінде жауап беріліп отырған. Жазушылар мен ұстаздарға оқулық жазу ұсынылған. Халық ағарту және мектепті қаржыландыру мәселесі [272, 113 б]: «Халық мектеп ашуға дайын, бірақ жергілікті әкімдер кедергі келтіреді деген шағымдар болған. «Халық қаражат жинап, молда жалдайды, бірақ әкімдер рұқсат бермейді» деп көрсетілген. Осыған байланысты газеттің мақсаты – осындай жағдайларды жоғары жаққа жеткізу болған». Дін мен білімнің арақатынасы [272, 115 б]: «Дін мен ғылым – егіз. Бірі рухты, бірі ақылды тәрбиелейді» деген пікірлер «Үш жүз» газетінде бірнеше рет қайталанады. Бұл – жәдидтік көзқарастың өзегі. Ескі медресе жүйесінің тек діни бағытпен шектеліп қалуы сыналып, діни білім мен жаратылыстану пәндерін қатар оқыту ұсынылған. «Үш жүз» газеті – XX ғасырдың басында қазақ халқының рухани жаңғыруына, саяси және мәдени санасының оянуына ықпал еткен басылымдардың бірі. Оның басты ерекшелігі – оқу-ағарту бағытын ұстануы. Газет бетінде жарық көрген мақалалар халықты білімге, мектеп ашуға, бала оқытуға шақырды. Бұл – сол кезеңдегі зиялылардың қоғамды алға жетелейтін басты күші – білім екенін терең түсінгенін көрсетеді. «Үш жүз» газетінің ағартушылық қызметі – қазақ халқының ұлттық өркениетке қадам басуына зор үлес қосты. Газет оқырмандарды оқу-білімге үндей отырып, елдің болашағын тек сауатты ұрпақ арқылы ғана көруге болатынын насихаттады.

2.3 Ұлттық баспасөз беттеріндегі білім беру мен ағарту мәселесінің әдістемелік қырлары

Ұлттық баспасөз беттеріндегі білім беру мен ағарту мәселесінің әдістемелік қырларын зерттеу – тарихи-педагогикалық тәжірибені жүйелеу мен қазіргі білім беру үдерісін жетілдіру тұрғысынан өзекті болып табылады. XX ғасырдың басындағы ұлттық мерзімді басылымдарда оқу-тәрбие ісін ұйымдастырудың тиімді жолдары, оқыту әдістері, оқу құралдарын дайындау, мұғалімнің кәсіби шеберлігін арттыру, ана тілінде оқыту және ұлттық құндылықтарға негізделген білім беру мәселелері жан-жақты қарастырылды. Бұл басылымдарда ұсынылған әдістемелік ой-пікірлер мен тәжірибелер сол кезеңдегі білім беру жүйесінің мазмұнын жетілдіруге ықпал етіп қана қоймай, бүгінгі педагогикалық ғылым үшін де құнды дереккөз болып саналады. Сондықтан ұлттық баспасөздегі ағарту мәселелерінің әдістемелік қырларын ғылыми тұрғыдан талдау тарихи сабақтастықты сақтауға, ұлттық білім беру үлгілерін дамытуға және заманауи оқыту әдістерін жетілдіруге мүмкіндік береді. «Қазақтың» басты бағыты ағартушылық мәселесін қамтыды. Өнер, білім жағынан қалың қазаққа бас-көз болды. Мысалы, «Оқу жайы», «Қазақша оқу жайы» атты мақалалар оқудың мән-жайын, маңызын, әсіресе «Қазақтың шаруасына, бір жақтан, надандықтан кемшілік келгенде, екінші жақтан білімсіздігін көріп тұрғандар басынып, елдігінен, теңдігінен қалдырып, тиісті сыбағасына қиямет істеп тұрғаны санасы бар қазақ ескерерлік іс еді. Бұл заманда қол жетпегендері теңдікке жеткізетін, әлсіздерге күш беретін өнер-білім, сол өнер-білімге мезгіл өтпей тұрғанда үйренсек, тұрмысымызды түзетіп, басқалардың аяқ астында жаншылмас едік», - десе «орысша оқу орыс

қолтығында тұрған жұртқа керек, қазақша оқы, жаза білген соң, шама келсе орысша да білу керек», -дейді.

«Қазақ бастауыш мектебі қандай болуы керек?» және «Ол мектептердің қажеті не?» деген сауалдарға қазақтың ұлы ағартушысы А.Байтұрсынов XX ғасырдың басында-ақ: «Правила бойынша, қазақ тілімен, қазақ әрпімен бастап оқыт деп отырған балалардың ата-анасы жоқ, халықтың өз тілімен, өз әрпімен оқығанын әкімдер жақтырмайтын болған соң, учительдер де өз беттерімен ана тілімен, ұлт әрпімен бастап оқытамыз дей қоймайды. Сөйтіп, правила қағаз жүзінде бар болса да, іс жүзінде жоқ. Бұл айтылғанның бәрі де өз пайдасын көздегендіктен істеліп тұрған жайлар.

Үкіметке керегі мемлекеттегі жұрттың бәрі бір тілде, бір дінде, бір жазуда болу, әр халыққа керегі өз діні, тілі, жазуын сақтау. Солай болған соң бастауыш мектеп әуелі миссионерлік пікірден, политикадан алыс болуы керек, яғни қазақтың діні, тілі, жазуы сұмдық пікір, суық қолдан тыныш боларға керек», - жауап берген болатын [273]. XX ғ. басында қазақ тарихына байланысты еңбек жазған Қ.Кемеңгерұлы «Қазақ тарихынан» (1924 ж.) атты зерттеуінде қазақтардағы «Оқу жайына» арнайы тоқталып кетеді. Онда: «Орыс тілін білсін, яки шен алсын» деген мақсұтпен болсын хандар, аға сұлтандар, «жақсылар» орыс школдарына балаларын бере бастады. 20-ғасырдың басында ауылнай школдар ашылды. Үстірт қарағанда үкімет те қазақ үшін тырысқан сияқты. Бірақ үкімет ісінің ішін ақтарсаң, арамдығы аңқып шыға келеді. Хүкімет қазақ баласын оқытқанда білім алсын, елін ағартсын деп ойлаған жоқ. Қазақтың жас баласын елінен айырып, орыстың рухын сіңдіріп, қазаққа орыстың идеясын тарататын үндеуші қылу мақсұтында болды.

Қазақтың балдырғандары – жас баласын ана тілінен айырып, орыс тілімен оқытатын қылды. Қазақтар ауылнай школдарын ашқызғанда, үйге беретін 10 сомына қызығып ашқызды. Онда оқытушылардың көбі 2 класты бітірген, рухани ұлт тәрбиесін, жалпы адамшылық тәрбиесін алмаған қазақ жігіттері және татарша білетін крешіндер болды. Оқытушылар өте идеалсыз болғандықтан, школ пайдалы жеміс бермеді [274], - деп орыс үкіметінің негізгі мақсатын әшкерелесе, тағы бір жерінде: оқудың арқасында мінез, шаруа кемшіліктерін жоғалтуға болады» [275], - деп, оқудың аса қажеттігін жазады. Сонымен қазақ зиялыларының Қазақстандағы оқыту, білім алу істерін насихаттаған пікірлерін талдай келе мынадай тұжырымдарға келді:

– А.Байтұрсынов, С.Торайғыров және М.Жұмабаев еңбектерінде қазақтардың білімді болуының аса қажеттігін және қазақ мектептеріндегі оқытудың кемшіліктерін айқындай отырып, оны шешудің жолдарын көрсетеді;

– Қ.Кемеңгерұлы орыс үкіметінің қазақтарға мектеп ашудағы басты мақсатын, яғни орыстандыру саясатын көрсеткенімен, білім беру орындарының аса қажеттігі туралы қорытынды жасайды.

XX ғ. басындағы Қазақстанда білім беру ісі күрделі мәселелердің бірі болатын. Себебі, қазақ балалары көбінесе жергілікті ауыл молдаларынан сауатын ашып, көрші елдерге барып оқитындар санаулы болатын деп айтуға болады. Ал, алғаш ашылған мектептер қазақ балаларына орыс тілін үйретіп, орыс дінін уағыздап, тек жергілікті шенеуніктер дайындау мақсатында ашылған

болатын. Мұндай өзекті мәселелерді қазақ зиялылары өз еңбектеріне қарастырып, өз пікірлерін білдіріп отырған болатын. Сондықтан да ұлт зиялылары еңбектерін біз көтеріп отырған тақырыптың маңызды дерегі деп білеміз.

Бұл кезеңде қазақ мектептерінде оқушыларды оқыту тіліне байланысты зиялылар арасында әрқилы көзқарастар орын алған болатын. Қазақстандағы білім беру ісіне өз үлесін қосқан ағартушы, педагог Ы.Алтынсарин болатын. Ол мектепте оқытудың бағдарламасын жасап, тек қана жазу-сызуға үйретумен шектелмей, оқушыларға орыс тілін, жаратылыстану пәндерін де оқытуға көңіл бөлген болатын [276]. Ал, М.Дулатов: «Қазаққа орысша, мұсылманша оқудың екеуі бірдей керек. Біріне артықшылық, біріне кемшілік беру қате [277], - деп екі тілді де оқыту керектігін атқан.

Қызылжар уезіне қараған учительдер съезі оқытуға байланысты бірқатар мәселелер қарап, мынадай қаулы шығарады: «Бұратаналар школында оқу ана тілінде болсын; орыс тілі 3 жылдан бұрын кіргізілмесін, ер балалар мен әйел балалар бірге оқытылсын, бұратаналар школында курс алты жылдық болсын, бастауыш школдардан басқа бұратаналарға арналып орта һәм жоғарғы дәрежелі школдар ашылсын, барлық бұратаналар школдарына міндетті оқу болып орыс тілі кіргізілсін, Бұратаналарға ашылатын школдар қазына күшімен ашылсын [232], - деген қаулылары А.Байтұрсыновтың әуелгі үш жыл қазақ тілінде болсын деген пікірімен сай келеді.

Ахмет Байтұрсыновтың шәкірті Т.Шонанов «Ахмет Байтұрсынұлы – халық ағарту және әдебиет саласында» (1923) атты А.Байтұрсыновтың 50 жасқа толғанына арнап жазған мақаласында: «Міне, осындай мүсәпір қиын кезеңде Ахмет алғашқы болып дауыс көтеріп, қазақ мектептерін бір жағынан дүмше молдалардың дым білместігі, екінші жағынан, патша миссионерлердің ықпалынан құтқару үшін Ахан жалғыз күресті. Бұл жолда Ахаң жалғыз да алғашқы ағартушы болды.

Бұған дейін бізде өз әліппеміз болған емес, дүмше молдалар әліппе жасай алмай, балалардың «әліп-би» шартымен қағаз жүзінде оқытса, ал миссионерлер Васильев, Алектров, Рожинский және басқалар қазақ әліппесін орыс транскрипциясымен берді [278].

Октябрь төңкерісінен бұрынғы программалар мен оқыту әдістері жайында әңгімені көп созбасақ та болады. Қазақстанда Октябрьден бұрынғы мектептер әр түрлі болатын:

1. Дін мектептері.
2. Дүние мектебі.

Дін мектептерінің бағдарламасы – иман шарт, құран, мұқтасар оқыту еді. Намаз оқығанда, ораза тұтқанда, дәрет алғанда, тамақ жегенде жаттайтын дұғаларды жаттау еді.

Дүние мектептерінің көбінде орыс тілінде, арасында қазақ тілінде оқытатындар Ғалия, Құсаиния сияқты медреселерден шыққан мұғалімдер еді.

Кешкі мектептердің кіндігін кескендер Ильминский, Победоносов, Бабробников, сықылды миссионерлер еді. Школдар негізіне 1872 жылдың ережесі салынған еді. Ол ереженің бірінші статьясы «бұратаналарды орыс

жұртшылығы, христиан мәдениетімен араластыру үшін школдар ашылды» дейтін. Анықтап айтқанда: «бұратаналарды орыс байларының малайы қылу үшін школ ашылды» деген болады. Ондай школдардың программада түпкі мақсатына сай болады. Ана тілінде сабақ беру, ана тілін үйрену программадан қуылды. Оның орнына патшаны сүю, отанды жақтау, дінді демеуге үйретететін программа құрғызылды. Сондықтан қазақ школдарында христиан дінін ұғындыратын үгіт, ертегі кітаптар болатын еді. Әрине, ол кітаптар көбінесе оқылмайтын еді. Программа тұрмысымызға жанаспайтын еді. Тұрмыс оқылмай кітап оқылатын еді. Әдіс орнына кітап жаттау болатын еді. Ол кездегі программа мақсаты – оқи, жаза білетін, шығара білетін қызметкер шығару еді.

Тұрмыстың түрлі тараулары орныгып, өркендей бастаған соң, программа әдісі жұмысыда өркендей бастады. Еңбек мектебіне, техникумдарға арнап жаңа программалар шығарылды. Бұл программалардың мақсаты – негізі бар. Бұл күндегі мектепке беріп отырған программаларымыздың негізі:

1. Баланы тұрмысқа жарақты адам қылып шығару;
2. Баланың белсеніп, өз бетімен ұйымдасып жұмыс қылуын күшейту;
3. Мектептерді қоғамға пайда оны жұмыс қылатын орын қылып шығару.

[279], - деп дін мектептерінен гөрі дүние мектептерінің пайдасының көптігін насихаттаған болатын.

Ал, «Қазақ» газетіндегі қазақ съезі атты мақалада: «Жалпы міндетті оқуды съез аса қажет көргеннен кейін қазіргі бастауыш мектептерді көбейтуге қаулы қылды, 100 үйге бір мектептен кем болмасын делінді. Оқу ана тілінде болсын һәм әйел-еркек балалар бірге оқысын. Мектептер земский һәм мемлекет ақшасына ашылсын [4], - деп мектептің ана тілінде болуын қаласа, Жалпықазақ съезінің қаулысы бойынша: жалпы міндетті бастауыш оқу аса қажет, бастапқы екі жылда оқу баланың ана тілінде болсын. Мектеп кітаптары болсын, өзге баспасөздер болсын, бәрі де «Қазақ» емлесімен жазылсын [4, 406 б], - деп ана тіліне басымдық береді.

Бұл жоғарыда айтылған пікірлерден байқап отырғанымыздай, зиялы қауым өкілдері қазақ мектептерінде орыс тілін оқытуды қолдағанымен, алғашқы екі-үш жыл ана тілінде болуын міндеттейді. Себебі, ана тілін білмеген жас ұрпақтың мәңгүрттеніп, өз тілі мен мәдениетін жоғалтып алуынан сақтанған болса керек.

Ал, Ораз Жандосовтың мектептерде қазақ тілінде сабақ беруге байланысты пікірін білсек: «Ұлттық тілге келгенде жолдас Жандосов, Қазақстан ана тілінде мектеп ашуға дайын емес деп көрсетеді. Қажетті кадрлар жоқ, ондай кадрлар дайындайтын оқу орындарының барлығы дерлік орыс тілінде» [280], - деп қазақ тілінде оқытатын мұғалімдердің жетіспеушілігі салдарынан оқыту көбінесе орыс тілінде жүргізілгендігін көреміз.

Бұл 1920-шы жылдардың соңына дейін де мектептерде қазақ тілінде оқыту мәселесінің шешілмегендігін көрсетеді. Бұның басты себебі – қазақ тілінде білім беретін мұғалімдердің аздығынан болып табылады.

Мектепте оқылатын пәндерге байланысты А.Байтұрсынов: «Бастауыш мектепте кілең қазақ тілінде үйретілетін нәрселер: оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт

тарихы, есеп, жағрафия, шаруа-кәсіп, жаратылыс жайлы [4, 98 б], - болуы дұрыс деп жазады.

Ж.Аймауытов «Білімдендіру көбінесе, екі мақсұт көздейді – білім көбейту, яғни затты мақсұт, ақыл күшейту, яғни қалыпты мақсұт. Әуелгі мақсұтты жақтаушылар балаға неғұрлым түрлі тараулы білімдер, мағлұматтар, тілдер, өнерлер көп үйретілуін, яғни баланың білім заттары көп болуын тілейді. Екінші мақсұтты қуаттаушылар мектепте балаға білімді көп үйрету қажет емес, көбінесе ақылды машықтандырып күшейтетін жұмыстар берілсін, ақыл жұмысы күшейген адам келешекте білімді өзі де тауып алады дейді.

Бұл екі пікірдің екеуін де, яғни біреулер затты мақсұтты, біреулер қалыпты мақсұтты жақтау – тым ұшқары, асқақ пікір, екеуінің де тірелетін мықты негізі жоқ.

Балаға жалаң білім үйрету, басқаша айтқанда, баланың басын түрлі көп мағлұматпен тығындап толтыра беру ақылын күшейтуге себеп болады деу – қате. Бүйтіп білім үйреткенде баланың басы неше түрлі білімді жинап, сақтап қоятын бір қойма іспетті болады.

Ондай мектеп, ондай оқыту, тек ақылды олай-бұлай қозғап, созылғаннан басқа, балаға ешбір тәрбие бере алмайды.

Құдай, дін, шариғат жайынан мәселе етіп, бақас құрып, фәлсафа сатып ми шіріткен, өмірде бір тиын пайдасы жоқ ескі оқу – ақылды жынды қылып, әлсіреткеннен басқа, түк пайда бере алмай, өзінен-өзі тозып, жоғалып барады. Міне, бұл ақылдың қалпын сырлаудың мағынасыз әурешілік екеніне айқын дәлел.

Сондықтан мектеп балаға пайдалы білімдерге негіз салып, келешекте ол білімін өркендету үшін ақылын күшейту жағын ескеру керек; екінші түрлі айтқанда, білім көбейту мен ақыл күшейту мақсұты қатар көзделу керек.

Ақылды күшейтуге жалпы мағлұмат ретінде жаратылыс пәнінің маңызын алсақ, өзге пәндердегі керекті қасиеттер жаратылыс пәнінен түгел табылады. Тәрбие ықпалы жағынан қарасақ, жаратылыс пәні ана тілі мен шама тілі қатарлы пайдасы барлығында талас жоқ. Жаратылыс пәнінің бір қасиеті қандай жеңілдеп, шағындап, ұғымды түрде үйретем десең де, қолайлы келеді. Сондықтан жаратылысты бастауыш мектептерде оқытуға болады. Басқа пәндерді жабайы, сәл түрден бастап, жүре-жүре тереңдетуге болса, жаратылыс пәнін де солай ету мүмкін нәрсе.

Тілді, есепті оқытқанда дағдыландыру, машықтандыру жұмысы қандай әжет болса, жартылысты оқытқанда да сондай әжет. Бұл сол машықтанудың, онымен бірге білім табудың ең қолайлы дұрыс жолы.

Оқу мақсатында ең пайдалы пән болғандықтан, шама тілі пәні ілгері орынға қоюға үлгілі жүйені жақтаушылар да сөз айтпай қол қойды, жаратылыс пәнінің маңызына да талас ете алмайтын болды. Деректі жүйені қуаттаушылар тіл оқытудың маңызына таласуын қояйын деді. Бірақ оқылатын тек жат жұрттардікі һәм ескі тілдер болмай, туған тілі болмақ [183].

Тілді өзге пәннен бөлек оқыту баланың тілін де, білімін де жетілдіре алмайтындығын сезіп, бұрынғы мектептер басқа да пәндерді көбейтуге тырысқан. Ондай шара жүкті бұрынғыдан да ауырлатқаннан басқа түк пайда

берген жоқ. Бұдан шығатын қорытынды мынау: білім тану жолы мен тіл үйрену жолын айыру дұрыс емес. Сондықтан ана тілін өз алдына пән ретінде оқыту ақылға да, табиғатқа да жанаспайды» [183, 215 б], - деп мектеп пәндерін үйретуде оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру керектігін айтады.

Патша өкіметі ислам дінінен сабақ беруге қарсы болғаны белгілі. Оның дәлелі ретінде мұрағаттың мына мәліметтерін келтіруге болады: «Копия секретного продолжения Семиреченского областного Правления от 18 февраля 1912 г. За №294 Верненскому Поицмейстеру» деген Облыстық басқару Іздестіру пунктісі бойынша жетекшісіне жолдас Вернға келесі мәліметті жеткізуді сұрайды:

1. қалада жаңа әдістік мұсылман мектептерінің және онда сабақ берушілер мен оқулықтары барын;

2. білім беруші мұсылмандардың ағартушылық, үлкен құрметке ие екенін, және мұндай итопқа кіретін адамдардың көптігін;

3. мұсылман оқулықтары мен жеке кітаптарды сататын дүкендердің барын мәлімдейміз, және толық мәлімет жинау үшін қосымша көмектің керектігін жеткіземін» [279].

Бұл XX ғ. басында қазақ жерінде мектеп ашуға үлкен рұқсат керек екендігін көрсетсе, ал ашылған мектептердің өзі, ондағы оқу бағдарламалары патшалық Ресейдің қатаң бақылауында болғандығын анық байқаймыз. Сонымен қатар назар аударатын тағы бір мәселе – мектеп мұғалімдерінің шығу-тегіне де үлкен көп көңіл бөлінген тәрізді. Құжат мәліметінде айтылғандай, мұғалім мен оқушылардың рулары бірдей болуы керек, ол сақталмаған жағдайда мұғалім жұмыстан шығарылған.

«Алаш қозғалысы» құжаттар мен материалдар жинағында Ішкі Істер Министріне қазақтардың құқықтарын кеңейту туралы петицияны бекіту туралы өтінішінде: «Мектептерде міндетті талаптар: алдымен оқушыларға бес міндетті діни пәндер бекітілуі керек, ал орыс тіліндегі сабақтар артынан өтілсін, мұсылмандық білім беру баланың кәмілеттік жасқа толғанына дейін тоқтатылмасын. Мектепте христиандық діни сабақтар өткізілмесін» [280], - деп ислам діні негіздерін оқытуға мән берген.

Өз кезеңінде М.Дулатұлы: «Мұсылманша оқушыларға шаһарларда қазаққа арнаулы медреселер жоқ. Қазақтан оқушы талапкерлердің көптігі соңғы жылдарда көріне бастады. Школдарға қазақ балаларының оннан тоғызы орын жоқтықтан кіре алмай, қайда барарын білмей, қаңғырып жүр» [17], - деп мектептердің аздығын сөз қыла отырып, мұндай мектептердің керектігін жазады.

Бұл қазақтарға мұсылманша оқудың керектігін көрсетіп, басқа дінге немесе теріс жолға түсіп кетпеуіне жасалған шаралар болатын.

Кезінде Жетісу өңірінде белгілі болған, кейінгі қазақ зиялылары білім алған оқу ордасы «Мамания» медресесі және онда оқылған пәндерге тоқталсақ: «Оқушыларға берілген білім дәрежесімен танысу үшін оның мұрағатта сақталған оқу жоспарын» келтірейік:

Мәселен, онда мынадай пәндер оқытылған:

1. Қазақ тілі «оқу, жазу» – 1-ші кластан бастап оқытылады.
2. Есеп (арифметика) – 1-ші кластан бастап оқытылады.

3. Иман-шарт – 2-ші кластан бастап оқытылады.
4. Құран – 2-ші кластан бастап оқытылады.
5. Орыс тілі 3-ші кластан бастап оқытылады.
6. Пайғамбарлар тарихы – тек 3-ші кластан бастап оқытылады.
7. жағрапия – 3-ші кластан бастап оқытылады.
8. Зоология – 4-ші кластан бастап оқытылады.
9. Ислам діні тарихы – 5-ші кластан бастап оқытылады.
10. Татар тарихы – 5-ші кластан бастап оқытылады.
11. Хадис (Пайғамбардың өсиеті) – 5-ші кластан бастап оқытылады [154].

Яғни, сол уақыттың әртүрлі тиымдарына қарамастан, қазақ тілін бірінші сыныптан бастап оқытуды қолға алып, ислам діні тарихы, хадис сияқты пәндер «Мамания» медресесінде оқытылғандығын көреміз.

Белгілі тарихшы М.Қойгелдиевтің мына пікіріне назар аударсақ: «Отарлық билік орындары мұсылмандық оқу орындарға соққы беру арқылы өлкеде орыс оқу орындары жүйесінің қанатын жаюды көздеді. Патша өкіметі орыс оқу орындарына жергілікті халық балаларын тартқанда, оларды сауаттандырып, ғылым-білімге тарту үшін емес, өздерінің күнделікті саяси-әлеуметтік мұқтажына қызмет ететін төменгі дәрежедегі қызметкерлер даярлауды мақсат етті. XX ғасырға сауатсыздықтан айырылмаған күйде жеткен елдердің бірі Ресей мен оның құрамындағы отар елдер болатын [280], - деп патша үкіметінің оқытудағы саясатын әшкерелейді.

Бұл уақыттағы мектепте оқытудың қиындықтары туралы А.Байтұрсынов: Олар оқырлық орындар шамалы, учительский школа, семинария, адам фельдшері я мал фельдшерінің школалары. Торғай мен Орал облысында фельдшерлік школалар жоқ. Семинарияларда қазақ стипендиясы я тіпті жоқ, я бар болса аз, жоқ есебінде киргизский учительский школада қазына орны алпыс, оның жартысы қазаққа, жартысы орысқа деп ол жағынан да үлкен ауыл үлкендігін қылатын көрінеді. ...оқимын деген жастарыңды бүйтіп қаңғыртып қоймас үшін әр жердегі оқитын орындарда көбірек стипендия ашу керек, оны ашу қиын да емес, қымбат та емес. Баланы оқыту ата-анасына ауыр болғанмен, жұртқа жеңіл. Екінші стипендияларды түрлі школаларда ашу керек [281], - деп стипендия ашуды насихаттайды.

Осы мәселеге байланысты М.Дулатов «алаш ұранды қазақ-қырғыз болып мұқтаж оқушыларымызға жәрдем беретін ортамызға пұл жиялық, оның үшін «Оқушы мұқтаж қазақ балаларына жәрдем жамиғатын» ашалық [17, 381 б., б.69-70], - десе «Айқапта»: Мінекей, қазақтан бітіргендердің саны орыстан бітіргендерден үш рет аз. Үш жүз қырық мың қазағы бар Торғай облысы жиырма бала оқытып жүргенде, осындай халқы бар орыс губерниясының бір жылғы оқушылары екі мыңнан аса түседі. ...өнерлі, білікті кісі қазақ арасында жоқпен бірдей, олардың көбейгені халыққа пайда һәм күш. Орта дәрежелі школдарды толық бітірмегенде оқуын закон қоспайды. Осылай болған соң гимназия мен реальный училищелердегі оқитын балалардың санын көбейтіп, оларға жеткілікті жаңадан стипендиялар ашып беруіміз - мойнымыздағы бір мықты парыз [282], - деп қазақ балаларының стипендияға мұқтаж екендігін көрсетеді.

Бұл кезде стипендиялардың қазақ оқушыларының оқуына көп көмек тигізері сөзсіз еді. Себебі, кейбір балалар алғашында өз қаражаттармен оқуға барғанымен, кейіннен оның жетіспейтіндігі байқалып, оқуды тастауға мәжбүр болатын. Мұндай жәрдем жамиғаттарынана басқа осы кезде өткізілетін әдебиет кештерінен түскен қаржыны да оқушыларға бергендігі туралы төмендегідей мәліметті оқимыз: қазақ жастарының пайдасына жасалған қазақша әдебиет кешінен барлық расходтар шығарылғанда таза пайда 640 сом, мұны екіге бөліп, жартысын ауруханаға, қалған жартысын Семей облысынан мұқтаж 12 қазақ жастарына бөлдік [17, б.163], - деп жазады.

Ал, «Ақмола съезінде Ғалия, Усние, Расулие, Мухтие һәм Ғұсмание медреселерінде оқушы шәкірттерге 50 стипендия ашуға қаулы қылынып, мұны іске асыру Ақмола облысының қазақ комитетіне тапсырылған еді. Халықтан ақша жиылу шабанырақ болғандықтан бұл күнге дейін жария қыла алмайтұрдық.

Өз керегін өзі біле бастағанына жұртқа мың-мың рахмет, жасағанға сансыз шүкір. Соңғы кезде аздап болса да, стипендияға арналған ақша комитетке келе бастады, қалғаны халықтың тез жиып жіберуіне сеніп медреселерде оқу уақыты таянып қалғанын есепке алып, Ақмола облысының қазақ комитеті білдіреді: 1-съез қаулысы стипендия мен пайдаланатын шәкірттер Ақмола облысының қазағы болуы тиіс.

2-стипендиямен пайдаланған шәкірттер медресе бітірген соң, неше жыл пайдаланса, сонша жыл Ақмола облысында қызмет етуге міндетті болмақ.

3-аталған 5 медресенің бірінде бұрыннан оқып жүрген Ақмолалық шәкірттердің стипендия аламын дегені тезірек областной комитетке арыз берсін; уезін болыс һәм ауылын көрсетіп, қай сыныпта оқып жүргендігін айтып, һәм уезной яки волосной комитетінің мұқтаждығына берген куәлік қағазын қосып.

4-биыл түсіп, стипендия алсам деген шәкірттер аталған бес медресенің біріне барып түссін де, жоғарыда 3-інші пунктте айтылған нәрселердің үстіне медресе басқармасынан түскендігіне қағаз алып, комитетке арыз берсін.

5-бұрын оқып жүрген болсын, жаңа түскен болсын, стипендия сұраған шәкірттер арыздарына қосып, «Медресе бітірген соң стипендиямен пайдаланған жылының санынша Ақмола облысында қызмет етуге міндеттімін» деп, қолдарынан қағаз беруге тиісті. Бұл қағаздағы қолдың дұрыстығын арыз берушінің уезной яки волосной комитеті, болмаса түскен медресенің басқармасы бекітуі керек. Комитет бастығы А.Тұрлыбаев. Ағзасы М.Жұмабаев. Хатшысы Х.Сыдықов [283], - деп қазақ балаларының оқуына қаржылай көмек беріп, олардың білімін жалғастыруына мүмкіндіктер беріп отырған.

Қазақ мерзімді басылымдарындағы білім беру мәселесін зерттеуші А.Қ.Шормановаңың мына тұжырымы біздің пікірімізді қуаттай түседі. Онда: «Сонымен «Айқап» пен «Қазақ» материалдарына талдау мектеп, медресе салу және ашу мәселесінің Қазан төңкерісі қарсаңындағы қазақтар үшін ең өзекті мәселелердің бірі болғандығын көрсетеді. Аталған мерзімді басылымдар оқу-ағарту тарихының дерек көздері ретінде біріншіден, XX ғ. екінші онжылдығында мектеп пен медреселердің Қазақстанның барлық аймақтарында, қалалары мен ауылдарда салынып, ашыла бастағандығын, екіншіден, олардың көбіне мешіттер жанынан ашылғандығын, үшіншіден, мектеп салу ісіне қазақ байларының,

саудагерлерінің, қажылардың, мұғалімдердің, ақсақалдардың т.б. қатысқандығын, бесіншіден, дүниеден өткен адамның мектеп не медресе салдырып, балалардың оқуына мүмкіндіктер жасауларын тіршілігінде атқарған қасиетті жақсылық ісі ретінде бағалағандығын көрсетеді. Келтірілген нақты мысалдар мен деректер кеңестік тарихнаманың «қазақтар тек кеңес өкіметінің арқасында ғана оқуға мүмкіндік алды» деген, қасаң тұжырымның негізсіз екендігін толығымен дәлелдейді [284], - деп жазады.

XIX ғ. екінші жартысы – XX ғ. алғашқы ширегіндегі қазақтарға білім беру мәселесіне байланысты қазақ зиялыларының білдірген көзқарастарын талдау барысында, алғаш ашыла бастаған мектептерде орыс тілін оқытуға баса назар аударылған. Мұның барлығы қазақ оқығандарының болашақ ұрпақтың білімді болуы, халқының дамуы жолында қосқан ерекше үлесі деп білеміз.

М.Дулатовтың педагогика теориясында ең басты назар аударған мәселелерінің бірі мектептегі оқытудың мазмұны қандай дәрежеде болуы қажет. Өз жұмыстарында схоластикалық, жаттанды оқыту әдісін сынайды. «Мешіт медресе хақында» атты өлеңінде былай деп жазады:

Тәртіпті медресе жоқ бұл қазақта
салады сәбилерді тек азапқа,
Молдекем шарт жүгініп қаһар етіп,
Босатар күн батқанда әрең шаққа [85].

Ғалым-педагог дін мәселесіне ерекше көңіл бөлген. «Ғасырлар бойы дамып келе жатқан христиан дінінің әрекетіне қазақтың қалпын сақтап қалатын ислам діні» - деп айтады.

Міржақып заманымыздың ең қажетті тақырыптарына қалам тартты. Оның педагогика ғылымы саласында қалдырған еңбегі сан салалы. Әдіскер-ғалым өзінің әдістері арқылы оқыту теориясын жан-жақты дамытты. Оның оқулықтары қызықты, тілі жеңіл. Адамгершілік, имандылық, эстетикалық, еңбек, дене, патриоттық т.б. тәрбиені оқушылардың бойына дәріптей білген ғалым-педагог. Сондықтан да, Міржақыптың мұралары мұғалімдерге, шәкірттерге орны толмас қазына.

Ж.Аймауытов қазақтың бәрін бірдей «қойшы болсаң - құл боласың, бәрі бірдей тойшы болсаң-жын боласың» деген сөзіне де психологиялық тұрғыдан талдау жасайды. Ол қазақ та, қырғыз да той-думанды жақсы көретін халық дейді. Ал, оқып, білім алмаса, жұрттың бәрі қойшы болып кетсе, қандай ел боламыз, бұл біреуге құл болу, ылғи да той-думанмен жүргенде жын болмағанда не боласың деген түйіндерінде үлкен психологиялық мән-мағына жатыр. Ғалым мамандық таңдау мәселесін ұлт психологиясына байланысты ойлармен түйіндей келе, қазақ пен қырғыз жастарына төмендегідей кеңес береді: «Жұрттың бәрі әкім, комиссар болғанда, осынша қызметтерді кім істейді... Ендеше, әлеумет жұмысы мұндайда орнынан қозғалмайды деп ұғынуымыз керек» [286]. Әлеумет тұрмысы оңалу үшін, онымен бірге әр адамның да тұрмысы түзелу үшін, әр адам қолынан келерлік, пайда берерлік іс істеу керек. Әр адам қабілетіне ыңғайына қарай өз орнына қызмет етпесе, әлеуметке пайда орнына зиян келтіреді. Қазіргі нарық экономикасы кезеңінде жастарымыздың арасында жұмыссыздық белең

алып тұрған мезгілде Ж.Аймауытовтың осы пікірлері бізді қатты ойлантады, сондықтан да, мұның психологиялық астарларын дамыта зерттеу қажет.

Сонымен Қазақстандағы білім беру ісіне байланысты ұлт зиялыларының көзқарастарын қорытындылар болсам:

– өз ұлтының болашағы жолында аянбай қызмет еткен ұлт зиялылары ана тілінің болашағына алаңдап, мектептегі оқу тілінің алғашқы екі-үш жылын міндетті түрде қазақ тілінде болуын насихаттады;

– мектепте жаратылыстану пәндерін оқытуды оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай оқытуды жазды;

– мектепте қазақ балаларына, әсіресе, орыс тілді мектепте оқытындарға ислам діні негіздерінен жалпы мәлімет беру мақсатын көздеген зиялылардың ұсыныстары билік тарапынан қолдау таппағандығын көрсетті;

– ұлт зиялылары қазақ балаларына білім беру үшін стипендиялар ашуды кеңінен насихаттап, әртүрлі іс-шаралардан түскен қаражаттың беріліп отырғандығын жазды;

– сонымен бірге зиялылар қазақ меценаттары мен қажыларының да мектептер мен әртүрлі жоғары оқу орындарындағы оқушы жастарға ақшалай көмек беріп, медресе, жаңа әдісті мектептер ашқандығын мерзімді басылымдарға жазып, халық арасында насихаттап отырды.

XX ғасырдың басы кезіндегі баспасөз құралдары – «Айқап» (1911-1915), «Қазақ» (1913-1918), «Мұғалім», «Шора», «Сана» сияқты журналдар мен газеттер – оқу-білім, тәрбие, әдістеме туралы мақалалар жариялап, педагогикалық ойдың дамуына жол ашты. Газет-журналдардағы педагогикалық мақалалардың мазмұны «Қазақ» газеті: оқу-ағарту, мұғалім даярлау, мектеп ашу, жаңа әдіс («жаңа оқыту») жайлы пікірлер, «Айқап» журналы: ауыл мектептерінің жағдайы, мұғалімдердің біліктілігі, оқу құралдарын шығару мәселелері. «Мұғалім» журналы: сабақ беру әдістері, пәндік оқыту, бала тәрбиесі туралы нақты нұсқаулар мен мақалалар. Негізгі оқу-ағартушылар және олардың әдістері: Ахмет Байтұрсынұлы әдістемелік көзқарасы: «Әліпби», «Тіл-құрал», «Баяншы» еңбектерінде қазақ баласына ана тілінде оқытудың әдістемесін жасады. Негізгі принциптері: Сауат ашуды ана тілінен бастау, Оқытуда дыбыстық әдісті қолдану, Тілді үйретуде қазақ тілінің табиғатына лайық жүйе құру; Мәтін арқылы ойлау, түсіну және сөйлеу қабілетін дамыту.

Міржақып Дулатов «Оқу құралы» (1912) оқулығын жазып, бастауыш мектеп оқушыларына арналған жүйелі білім ұсынды. Әдістемесі: Білімді өмірмен байланыстыру; Баланың жеке қабілетіне қарай үйрету; Тәрбиелік мазмұнды қатар ұсыну (еңбек, отаншылдық, адамгершілік). Мағжан Жұмабаев «Педагогика» (1922) еңбегінде оқыту мен тәрбиелеудің ұлттық және психологиялық негіздерін көрсетті.

Оқу әдістері:

Бала психологиясына сай оқыту;

Оқушыны еркін ойлауға, шығармашылыққа тәрбиелеу;

Сабақта эмоциялық әсер мен эстетикалық тәрбиені пайдалану.

Жүсіпбек Аймауытов «Тәрбиеге жетекші» (1924), «Психология» еңбектерінде оқыту әдістерін ғылыми негізде қарастырды.

Әдістемелік ұстанымы:

Оқушының мінезі мен қабілетіне бейімдеу;

Тәжірибе мен бақылау арқылы үйрету;

Іс-әрекет арқылы білім беру (практикалық тәсіл).

Мұхамеджан Сералин, Елдес Омаров, Халел Досмұхамедұлы. Газет-журнал беттерінде ағарту ісін ұйымдастыру, оқу бағдарламасын жаңарту, қыз балалардың білімін көтеру мәселелерін жиі көтерді. Оқытуды ұлттық мәдениет пен салт-дәстүрге негіздеу идеясын ұстанды. Алаш зиялыларының үлкен бір шоғыры оқып білім алған, «Ғалия» медресесінің шәкірттері болған сияқты. 1913 жылы «Қазақ» газетінің 8 және 15 желтоқсандағы сандарында «Емеле хақында» деген тақырыппен медресе «Ғалияның» 17 шәкірті қол қойған мақала жарияланды. Әуелінде жай ғана тілек болып көрінгенімен, бара-бара үлкен дауға айналған сол мақала мен содан өрбіген оқиға туралы профессор Тұрсынбек Кәкішов ағамыз: «Ол негізінен Ахмет Байтұрсыновтың араб алфавиті негізінде қазақ тіліне лайықталып, ықшамдалып күні бүгінге дейін қолданып келе жатқан өміршең де ыңғайлы төте оқу жазуы – сұлу жәдит емелесін кеңінен қолданып, қазақ мектептерінде дәйекті оқыту жайына тоқталған ойлы мақала болатын. «Сендер өздеріңе әліппе жасап алайық деп жүрсіңдер. Бізде оқып жүрсеңдер де қазақ даласына алақтай қарайсыңдар, біздің оқу-білімімізді өздеріңе ыңғайламақсыңдар. «Ғалия» татар медресесі болғандықтан, татар тілінен басқаларға жол жоқ», деп татарды «айрықша жақсы көретін» екі шәкірт медресе оқуханасында жатқан «Садақ» журналының 1913 жылдың күзінде шыққан 2 нөмірін жыртып-жыртып, дәретханаға апарып тастапты. Бұған ызаланған қазақ шәкірттері біраз қызылшеке болып, қол көтерісіп қалған сәті кездесіпті. Жастардың қызбалығы медреседе біраз дүрбелең туғызыпты» - деп жазды [155, 3 б].

Араға екі жыл салып бұл мәселенің қайта өршігендігі туралы Т.Кәкішов «Басшылықты да ұстаздарды да ойландыра бастаған шақта «Садақтың» үшінші саны 1915 жылы 20 қарашада әзер шықты. Сол жылдың 23 желтоқсанында «Қазақ» газеті «Ғалияның» 34 шәкірті қол қойған «Қазақ тілінде оқыту жайында» атты ашық хат жариялады. Бұл ұсыныс жағдайдың ушыға түсуіне апарып соқтырды. Өйткені «қазақ балаларын оқытып жатқан мұғалімдеріміздің қазақша оқу құралдары бола тұрып, ноғай тілінде жазылған оқу құралдарын алдыруларын көреміз». Бұл қазақ балаларын оқытып, бір нәрсе білдіру үшін «барынша қазақша оқу құралын һәм қазақ емесін қолдану тиіс» деген талап түрік тектес ағайындарды татар тілімен әдебиетімен «азықтандыруға» жан салып жүргендердің «жынына» тиді. Оны аңғару онша ұзаққа созылмады. 1916 жылдың 1 қаңтарында, яғни бір жұмадан соң татардың Орынборда шығып тұрған «Уақыт» газеті Кафир әфенді Бәкір жазған шолуда 1915 жылғы жайсыз, көңілсіз оқиғалардың бірі ретінде атап өткенде 16 қаңтарда 38 шәкірт: «Біздің ол хатымыз бастауыш мектебімізде ана тілінде оқыту бірінші қадам деп тапқанымыздан жазылған еді. Көп жылдардан бері татар мақбұғатымен халқымыздың бұл дәрежеге келуін естен шығарып, қарсылық жасау емес еді һәм әдебиет айырмашылықтар аз екі халық арасын бүлдіріп, татар әдебиеті мен мәтбуғатын қазақтарға жек көрсету ниетінен аулақ едік. Ол тіптен қаперімізде болмаған жай! Рас, татардың белгілі зиялыларының кейбіреуі татар халқын

айрықша сүйіп, Россиядағы бүкіл мұсылмандарды жоғары бір түрік-татар ұлты етіп жасауды тілейді екен. Пікірлеріне рахмет! Ондай сөздерді XX ғасырда туғандарға айту көзсіз. Бұдан бұрынғы заманда татарлана алмаған бір халық бұл XX ғасырда татарлана алмас!» деп жауап берулері «Садақтың» алғашқы сандары тұсында бұзылған шырықты онан әрі ұшықтыра түспесе, тыныштандыра қойған жоқ» - деп жазды [155, 4 б].

Таластың шиеленіскені соншалықты оған сол кездегі қазақ және татар халықтарының бетке ұстар ел ағаларына дейін араласуларына тура келді. Мысалы, қазақтардың XX ғасыр басындағы рухани көсемдерінің бірі Ахмет Байтұрсынов осы мәселеге қатысты алдымен «Қазақ» газетінде «Шекіспей бекіспейді» деген арнайы мақала жариялап, кейіннен Орынборға барды. Онда ол татар зиялыларымен бетпе-бет жолығысып, мәселенің түсіністікпен шешілуіне әсер етті.

Ол өз мақаласын: «Қазақтың» 162-нөмірінде басылған «Медресе Ғалия» шәкірттерінің хаты туралы әріптестеріміз «Уақыт» газетасының бетінде түрлі сөздер айтып өтті. Бұл сияқты сөздер газета жүзінде болғанмен, ауыз айтылуы «Қазақ» газетасы шыққаннан бері бар еді. Енді ғана газета жүзінде шығып отыр. «Бұйректен сирақ шығарған» - сияқты татардан бөлек өз алдарына әдебиет түзейін деп жүрсіңдер деп, газета шыққаннан бері ноғай бауырларымыздың «білімдімін» дегендерінің көбі-ақ айтып келеді. Ана жылы Уфаға бардым. Онда да осы сөз алдымнан шықты. Былтыр Садри әпенді Мақсудовты көрдім. Ол да көргеннен сөзін осыдан бастады. «Уақыт» бетінде болған ереуіл сөздер, бұ да сонан шығып отыр. Әйтпесе, қазақ баласын қазақша оқыту керек деген сөзден дау шықпаса тиіс еді» - деген жолдармен бастаған [287].

Демек, біріншіден, қазақтар тек татарша оқулары керек деген ой газет бетінде алғаш рет айтылғанымен, сөз жүзінде бірнеше жылдан бері айтылып жүрген, екіншіден, ондай ойды татар «білімділерінің» көбі қолдаған, үшіншіден, олар өз ойларын Ахмет Байтұрсыновқа да бірнеше мәрте айтқан, төртіншіден, ең бастысы, ол ешқандай да дау тудыратын нәрсе емес. Оны А.Байтұрсынов: «Әуелі қазақша оқу деген сөз «Қазақ» газетасының бетінде шығып отырғанда даулы болатын орны жоқ. «Қазақ» қазақша шығып отырып, қазақша оқу керек десе, ол онша қалаптан тысқары сорақы көрінерлік нәрсе емес еді. Екінші, басқа газеталар жүзінде бола қалса да, дау шығаратын орны тағы жоқ еді. Өйткені бастауыш мектепте балалар ана тілінде оқуы тиістілігі, миссионерлер болмаса, басқалар таласпайтын ақиқат еді. Үшінші, шәкірттердің хаты татар мұғалімдеріне емес, қазақ мұғалімдеріне жазылған хат еді. Олай болса, ноғай бауырларымыздың шиқанының аузын жұлып алғандай онша ешнәрсе жоқ еді. Төртінші, татар мұғалімдері туралы айтыла қойғанда да ана тілінде оқудың артықшылығы мұғалімдер үшін неге құрбан етілмейді деп өкпелеуге орын жоқ еді. Өйткені халық мұғалімдер үшін халық болып отырған жоқ, мұғалімдер халық үшін мұғалім болып отыр еді» - деп, тайға таңба басқандай етіп дәлелдеп берді [288].

Одан әрі А.Байтұрсынов: «Мұнан былай да сәл нәрседен осындай ереуіл сөздер шыға бермес үшін, анықтап ашып, біржолата кесіп айтпаска болар емес. Қазақша газета һәм кітаптар шығарғанымызға, қазақша оқығанымызға

өкпелейтіндер біржола өкпелеп күдерлерін үзер, өйтпесе қазақ үшін татарша газета һәм кітаптар шығару амалын тауып берер, болмаса, қақтықпа сөздерін қояр»-дей келе, қазақ үшін ана тілінде оқып, қазақ тілінде газета мен кітап шығарудың қандай маңызды екендігі туралы: «Қазір жұрттың бәрі тырмысып, іргелі ұмтылып жатыр. Бұл күнде оянбай жатып қалған жұрт, кетіп бара жатқан жұрттардың аяғының астында қалмақ. Қазақ халқы болып жасаймын десе, ілгері ұмтылып талпынатын кезі осы. Жайғасып жататын бұрынғы кеңшілік заман жоқ. Басқа жұрттың екпіні жатқызып қоймайды. Газета һәм кітаптар халық оянып ілгері ұмтылуына себепші зат болса, олардың да шығатын кезі осы шақ» - дейді [288, 69 б].

Мақаланың соңында А.Байтұрсынов осы мәселе туралы өз ойларын: «Біздің әуелден-ақ айтып келе жатқанымыз, қатар жүріп, аптықпай екі жұрттың да тең жасап, көркейуіне қолдан келгенін істеу. Татар балаларын татарша оқытқанына қазақ іші тарылмай, қазақ балаларын қазақша оқытқанына татар іші тарылмай, көңіліміз кең болып, жасауымыз тең болса, бетіміз де жөн болар. Оны азсынсаңыздар өздерің білесіңдер. Қайырлы сапар болсын дейміз»-деген жолдармен аяқтаған [288, 69 б].

Бірақ, әңгіме бұл мақаламен де аяқталмай, А.Байтұрсынотың Орынбордан Уфаға баруына тура келген. Қазақтардың қазақ тілінде оқу мәселесіне байланысты Ахмет Байтұрсыновтың Уфаға арнайы барған сапары және оның нәтижесі туралы Т.Кәкішов: «Жалпымедреселік жиналыс шақырылатын болған соң Орынбордан Ахмет Байтұрсынов әдейі келіп, мәселенің мән-жайын түсіндірді. Ғалымжан Ибрагимов, Мәжит Ғафури сынды татар-башқұрт көшбастаушысы зиялыларымен сөйлесіп, татулық орнатқанды. Бұл мәселенің жөнді арна табуына Ғалымжан Ибрагиовтың осы жиналыста жасаған «Тілдері басқа болса да көңілдері бір» деген баяндамасы себепкер болды.

«Қазақты татар әдебиетімен қанағаттандыру пікірі тек ол халықтың өз тарихи ағымын білмеуден туындаған. Бізге қазақтарды «тартар тілі мен әдебиеті» астына кіргізу қиялына гөрі әдеби қазынамызды байыту үшін қазақ халық әдебиетінен кең көлемде үйрену тиімді», деген ойын айтып жалаңдап келе жатқан өртті басқаны тарихқа белгілі. Ғалымжан Ибрагимовтың бұл баяндамасы «Ақ» (білім) журналының 1916 жылғы 15 санында басылып, кейінгі көп томдықтарында үзбей жариялануында. Қарапайым тілекпен басталған ұсыныс екі халықты жарастырар үлкен оймен аяқталуы албырт шәкірттердің алғыр тілектерінің жетілгенін көрсетіп, болашақ қайраткерлеріне бағдарлама болғанын аңғару қиынға түспесе керек», дейді [155, 3 б].

Келтірілген деректер мен мысалдар қазақтардың қазақ тілінде жаззып, қазақ тілінде оқулары үшін, өз тілдерінде газет шығарып, кітаптар бастыруы үшін ХХ ғасыр басында аталарымыздың әр түрлі күштермен, әр түрлі бағытта күресулерімен, ана тіліне төл әдебиетін дамытуға құқылы екендігін өзгелерге дәлелдеулеріне тура келгендігін көрсетеді.

3 XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗ МАТЕРИАЛДАРЫН ОҚЫТЫЛУ ЖАЙЫ, ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ МЕН ОҚУЛЫҚТАРДАҒЫ КӨРІНІСІ

3.1 «Қазақстан тарихы» пәнін мектепте оқытуда ұлттық мерзімді басылымдарды пайдаланудың теориялық-әдіснамалық негіздері

Қазіргі білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – өзгермелі қоғам жағдайында өмір сүруге бейім, бәсекеге қабілетті, шығармашыл және құзыретті тұлғаны қалыптастыру. Осыған байланысты Қазақстан тарихын оқыту үдерісін жаңаша ұйымдастыру, білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыратын, тарихи ойлауын дамытатын және сапалы білім алуына ықпал ететін белсенді оқыту әдістері мен заманауи педагогикалық технологияларды тиімді пайдалану ерекше маңызға ие. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуы мен білім беру мазмұнының жаңаруы тарихты оқыту әдістерінің де жетілдірілуіне ықпал етті. Осы бағытта Т.Т. Тұрлығұл, Б.С.Сарсекеев және басқа да әдіскер-ғалымдар тарихты оқытудың теориялық және әдістемелік негіздерін жан-жақты қарастырған [289, 256 б; 27]. Олардың еңбектерінде тарихты оқыту әдістері үш негізгі топқа жіктеледі: ауызша оқыту әдістері (әңгімелеу, түсіндіру, лекция, пікірлесу); көрнекілікке негізделген әдістер (карта, иллюстрация, портрет, тарихи суреттер және техникалық оқыту құралдары); мәтіндік дереккөздермен жұмыс әдістері (оқулық, тарихи құжаттар, көркем әдебиет және мерзімді баспасөз материалдары). Қазіргі таңда тарихты оқыту әдістері білім беру мазмұнының интеграциялануы мен білім алушының зерттеушілік құзыреттерін дамытуға бағытталуымен ерекшеленеді. Оқыту әдістерінің тиімділігі, ең алдымен, педагогтің кәсіби шеберлігі мен оларды оқу үдерісінде мақсатты қолдануына байланысты. Дұрыс таңдалған әдістер білім алушылардың тарихи білімді меңгеруіне, оны талдап, бағалай білуіне, тарихи деректермен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға және азаматтық, ұлттық құндылықтарға негізделген дүниетанымын дамытуға мүмкіндік береді. Сондықтан оқыту әдістері қазіргі тарих сабағының тиімділігін қамтамасыз ететін негізгі педагогикалық құралдардың бірі болып табылады. Тарихты оқытудың теориясы мен әдістемесі, оның қағидаттары, әдістері мен қазіргі талаптары Т.Т.Тұрлығұл [290], Б.Қ. Әбдіғұлова [291], Б.С. Сарсекеев [292], Б.Т. Берлібаев [293] еңбектерінде жан-жақты қарастырылған. Тарихи фактілер мен ұғымдарды қалыптастыру мәселелері Х.М. Тұрсұн [294], А.Ш. Журасова [295] зерттеулерінде талданса, архив материалдарын оқу үдерісінде қолданудың теориялық және әдістемелік негіздері Т.Н. Ильина [296], Ф.Н. Мийманбаева [297], Г.Т. Жақыпова [298], А.Г. Голиков [299] еңбектерінде көрініс тапқан. Бұл зерттеулер диссертацияның әдіснамалық негізін айқындауда басшылыққа алынды. Қазақстан тарихын оқытудың жекелеген мәселелеріне арналған зерттеулерде тарихи-педагогикалық аспектілер, ұлттық тұлғалардың қоғамдық-ағартушылық қызметі, архив материалдарын оқу үдерісінде пайдалану, тарихшы-педагогтарды даярлау және әдістемелік етілу мәселелері Ж.С. Бекбаева [300], Г.Батырбекқызы [301], А.М. Әбікей [302], А.Қ. Садықова [38] және басқа ғалымдардың диссертациялық жұмыстарында қарастырылған. Сонымен бірге

жүргізілген тарихнамалық талдау XX ғасыр басындағы ұлттық мерзімді баспасөзде жарияланған білім беру мен ағарту мәселелерін Қазақстан тарихы пәнін оқыту үдерісінде пайдаланудың ғылыми-әдістемелік негіздері арнайы кешенді зерттеу нысаны болмағанын көрсетті. Осыған байланысты ұлттық баспасөз материалдарын тарихи дерек және әдістемелік ресурс ретінде пайдалану жолдарын ғылыми тұрғыдан негіздеу зерттеудің өзектілігі мен қажеттілігін айқындайды.

XXI ғасырдағы білім беру парадигмасы оқушыларға дайын ақпаратты беруден көрі, олардың бойында сыни ойлау, ақпаратты талдау және тарихи интерпретация жасау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Осы тұрғыдан алғанда, «Тарих» пәнін оқыту әдістемесінде ұлттық мерзімді басылымдарды қолдану – білім алушының зерттеушілік әлеуетін арттыратын маңызды педагогикалық құрал болып табылады. Газет-журналдар тек ақпарат көзі ғана емес, сол дәуірдің саяси көзқарасын, әлеуметтік психологиясын және ұлттық мүддесін тікелей жеткізуші «дәуір үні».

3. Зерттеу жұмысын жүргізу барысында мен өз тәжірибемді ғана емес, сонымен қоса, осы тақырыпқа қатысты ғылыми еңбектерге де шолу жасадым. Себебі тарихи терминдерді тиімді меңгертудің жолдарын анықтау үшін оның теориялық негізін түсіну маңызды кезеңдердің бірі болды. Бұл бағытта шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектері маған ерекше қызықты болды. Олардың ойлары менің ішімдегі «мен түсіндіре алмай жүрген сезімдерімді» жеткізгендей болды. Шетелдік зерттеушілердің ішінде Б.Блумның танымдық мақсаттар таксономиясы оқушылардың ойлау деңгейін кезең-кезеңімен дамыту қажеттігін көрсетеді [303]. Оқушы алдымен білімді есте сақтайды, кейін түсінеді, қолданады, талдайды, жинақтайды және бағалайды. Бұл идеяны мен зерттеуіммен тікелей байланыстырдым. Сабақ барысында терминдерді тек жаттаумен шектемей, оны қолдану мен талдау деңгейіне жеткізуді көздеген болатынмын. Сол сияқты Роберт Дж. Марзано да терминді жәй жаттатуға емес, оқушының өз сөзімен түсіндіруіне, кейін оны бейнемен көрсетуіне назар аударады. Марзаноның пікірінше, оқушы терминді ойы арқылы қабылдай алса, ол оқушы үшін «өлі сөзден» «тірі білімге» айналады [304]. Менің жұмысымда Л.Выготскийдің «оқушы белгілі бір тапсырманы өз бетінше орындай алмаса, мұғалімнің немесе сыныптастарының көмегімен меңгере алады» деген тұжырымы маңызды рөл атқарды [305]. Осы тұжырымды ескере отырып, мен өз сабақтарымда топтық жұмыстар мен бірлескен тапсырмаларды көбірек қолдануға тырыстым. Осы арқылы оқушылар бір-бірінен үйреніп, терминдерді жақсы меңгере бастағанын байқадым. Стоунстың «ұғымдарды меңгерту – мұғалімдердің басты міндеттерінің бірі» деген пікірі мен үшін маңызды болды [306]. Бұл пікір тақырыпты таңдауымда басты ғылыми дәлел болып, менің зерттеуімнің негізін күшейтті. Отандық зерттеушілердің ішінде Т.Тұрлығұл тарихты оқытуда тек фактілерді меңгерту емес, тарихи ұғымдар мен терминдерді оқушыларға саналы түрде түсіндіру маңызды екенін атап көрсетеді [289]. Оқыту әдістерін тиімді ұйымдастыру, оқушының ойлау қабілетін дамыту жолдарында мен осы еңбектен тауып, зерттеу жұмысымды жоспарлауда назарға алдым.

Аталған еңбектерді пайдалана отырып, мен оқушылармен жұмыс жасау кезінде олардың түсіну және қолдану дағдыларын дамытуға арналған әдістерді қолдандым. Осы еңбектер менің зерттеуімде сапалы жұмыс көрсетуіме және тиімді нәтижеге жетуіме септігін тигізді. Action Research – бір сабақтың ішіндегі бір оқушының әрекетіне емес, мұғалімнің өзінің педагогикалық тәжірибесіне, оның нақты мәселесін шешу үдерісіне бағытталған. С.Кеммис пікірінше Action Research бұл «тәжірибені өзгертетін тәжірибе» [307].

Дж.Эллиот Action Research-ті «педагогтардың өз практикасын зерттеу арқылы оны жетілдіруге бағытталған рефлексивтік қызмет» деп анықтаған [308]. Action Research жоспары К.Левиннің классикалық спираль-циклдік моделіне және оны одан әрі дамытқан С.Кеммис пен Р.МакТаггарттың моделіне сүйенеді [309]. Ол мына төрт кезеңнен тұрады (4-сурет):



4-сурет – Action research циклдері

Action Research форматындағы тәжірибелік-эксперименттік жұмыс 8-10 сыныптарда жүзеге асырылды. Сыныпта 24 оқушы білім алады.

XXI ғасырдағы білім беру парадигмасы оқушыларға дайын ақпаратты беруден көрі, олардың бойында сыни ойлау, ақпаратты талдау және тарихи интерпретация жасау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Осы тұрғыдан алғанда, «Тарих» пәнін оқыту әдістемесінде ұлттық мерзімді басылымдарды қолдану – білім алушының зерттеушілік әлеуетін арттыратын маңызды педагогикалық құрал болып табылады. Газет-журналдар тек ақпарат көзі ғана емес, сол дәуірдің саяси көзқарасын, әлеуметтік психологиясын және ұлттық мүддесін тікелей жеткізуші «дәуір үні».

Қазіргі білім беру жүйесін жаңғырту жағдайында тарих пәнін оқытудың мақсаты – тек фактілерді жаттату емес, оқушының өткен шақ пен бүгінгі күнді байланыстыра алатын тарихи танымын қалыптастыру. Осы орайда, ұлттық мерзімді басылымдар (газет-журналдар) – тарихты оқытудың қосымша дереккөзі ғана емес, сол кезеңнің тынысын, қоғамдық-саяси ой-пікірін және ұлттық құндылықтарды жеткізуші бірегей құрал болып табылады. XX ғасыр басындағы «Қазақ», «Айқап» басылымдарынан бастап, бүгінгі тәуелсіздік кезеңіндегі мерзімді баспасөз беттеріндегі материалдар оқушыларға арихи оқтғаларды жан жақты талдауға, деректанулық дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Мерзімді баспасөздегі оқу-ағарту идеяларының мазмұны мен мақсаты XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының негізгі мақсаты – халықты білімге тарту, ұлтты өркениетті қоғам қатарына қосу болды. «Айқап» пен «Қазақ» басылымдары осы ұлттың рухани реформасының айнасына айналып, дәстүрлі қажеттігін дәлелдеді. Қазақ зиялы қауымының қай газетте, журналда қандай мақала және қандай әдістерді ұсынғаны туралы көрсетілген. Оны төмендегі кестеден көре аламыз:

12-кесте

Қазақ зиялы қауымының мақала атаулары және ұсынылған әдістерінің кестесі

Басылым	**Авторы**	**Мақала атауы**	**Ұсынылған әдіс-тәсіл**	**Мақсаты мен ерекшеліктері**	**Қазіргі заманмен байланыс және жетілдіру жолы**
«Айқап» (1911-1915)	М.Сералин, С.Торайғыров	«Қазақ мектебі қандай болмақ?»	Жәдидтік дыбыстық әдіс, шығармашылық жазу	Баланы өз ойын еркін жеткізуге үйрету, оқу мазмұнын өмірмен байланыстыру	Қазіргі эссе, пікір білдіру тапсырмаларында қолдану; шығармашылық ойлау дамиды.
«Қазақ» (1913-1918)	А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов	«Мектеп керектері», «Оқу жайы»	Пікірталас (дебат), ауызша жауап беру, диалогтік қарым-қатынас	Оқушыны белсенді ойлауға тарту, еркін сөйлеу дағдысын дамыту	БЖБ, ТЖБ орнына жәдидшілдік ауызша пікірталас пен еркін жауап формаларын енгізу.
«Қазақ»	Е.Омаров,Ғ.Қараш	«Оқу ісі», «Мұғалім туралы»	Мұғалім беделін арттыру, тәжірибелік сабақ әдісі	Мұғалімді қоғамның рухани жетекшісі ретінде қарастыру	Қазіргі коучинг пен фасилитациямен үндес; мұғалім – бағыт беруші тұлға.

13-кесте

Жәдидшілдік интербелсенді оқыту әдісі

Тарихи әдіс (жәдидшілдік кезеңі)	Негізгі сипаттама	Қазіргі баламасы	Ұсынатын жетілдірілген нұсқа
Дыбыстық әдіс (Ахмет Байтұрсынұлы)	Әріп емес, дыбыспен үйрету	Фонетикалық, интерактивті оқыту	Дыбыстық әдісті мультимедиалық материалдармен біріктіру.
Пікірталас (дебат) арқылы оқу	Оқушыны еркін ойлауға, өз пікірін қорғауға үйрету	Критериалды бағалау, пікірталас сабақтары	БЖБ, ТЖБ орнына ауызша талдау, дәлелді пікір айту жүйесін енгізу.
Шығарма мен еркін ой жазу	Баланың тілін, ой өрісін дамыту	Эссе, рефлексия жазу	Оқушыға өз көзқарасын еркін білдіру еркіндігін арттыру.
Тәжірибелік оқыту	Өмірмен байланысты іс-әрекет арқылы үйрету	STEM, жобалық оқыту	Жәдидтік тәжірибедегі практикалық сабақ үлгісін қолдану.

14-кесте

Жәдидшілдік интербелсенді оқыту әдісінің кезеңдері

Кезең	Мазмұны	Күтілетін нәтиже
Ауызша пікірталас	Мұғалім мен оқушы арасындағы белсенді сұрақ-жауап, еркін көзқарас алмасу және идеяларды талқылау.	Оқушының сыни ойлау қабілеті артады, көпшілік алдында сөйлеу (шешендік) дағдысы қалыптасады.
Шығармашылық тапсырма	Берілген тақырып аясында шектеусіз, еркін форматта шығарма немесе эссе жазу арқылы ішкі толғанысты білдіру.	Оқушы өз ойын логикалық тұрғыдан жүйелеп, жазбаша тілмен нақты жеткізе алуға машықтанады.
Өзіндік рефлексия	Сабақ соңында оқушының алған білімін қорытындылап, не үйренгенін және қандай қиындықтар болғанын ауызша баяндауы.	Оқушының ішкі мотивациясы оянады, өз әрекетіне талдау жасау және өзін-өзі бағалау қасиеті дамиды.
Мұғалім кеңесі	Қатаң баға қоюдан гөрі, оқушының қатесімен жұмыс істеуіне жол көрсету, қолдау білдіру және дұрыс бағытқа жетелеу.	Педагогтің тек бақылаушы емес, рухани жетекші, тәлімгер (ментор) ретіндегі рөлі мен беделі артады.

XX ғасырдың басындағы ұлттық баспасөз – отандық педагогика мен заманауи білім беру технологияларының тарихи сабақтастығын айқындайтын бірегей мұра. «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті арқылы ағартушы зиялылар ұсынған оқыту-әдістері (конструктивті пікірталас, шығармашылық жазу, практикалық бағдар және вербалды кері байланыс) бүгінгі таңдағы тұлғаға бағытталған оқыту парадигмасымен толық үндеседі. Жәдидшілдік бағытындағы бұл инновациялық идеяларды қазіргі мектеп тәжірибесіне бейімдеу оқушының интеллектуалдық еркіндігін арттырып, оның креативті әлеуетін жүзеге асыруға жол ашады. Осылайша, ұлттық баспасөз мұрасы XXI ғасырдағы қазақстандық білім беру жүйесінің рухани-әдіснамалық тірегіне айналып отыр.

Бұл үдерісте 1913-1918 жылдар аралығында жарық көрген «Қазақ» газетінің тарихи рөлі ерекше. Басылым тек ақпарат таратқыш құрал ғана емес, бүкіл қазақ даласын білім мен ғылым төңірегіне біріктіруші идеологиялық орталық қызметін атқарды. Газеттің басты мұраты – ұлттың мүддесін тоғыстыру, елдікті нығайту және өркениетті қоғам орнатудың тиімді жолдарын айқындау болды. Басылым беттерінде ағартушылық бағыттағы мақалалардың жүйелі жариялануы білімнің қоғамдық прогрестегі шешуші рөлін халық санасына сіңіруде өлшеусіз еңбек сіңірді.

Қазақ баспасөзі – қай кезеңде де қоғамдық болмыстың шынайы көрінісі мен дәуір шежіресі қызметін атқарып келеді. Осы тұрғыдан алғанда, «Қазақ» газеті бетіндегі ағартушылық бағыттағы материалдарды зерделеу барысында басылымның ұлттық білім мен ғылымды дамытудағы стратегиялық рөлі айқын көрінді. Газет материалдары сол дәуірдегі отаршылдық бұғауынан босап, өркениетті елдер сапына қосылуға ұмтылған ұлттық құлшыныстың басты құралы болғанын аңғартады. Зерттеу барысында Алаш қайраткерлері мен қаламгерлерінің азаттық идеясын насихаттау жолындағы басты мұраттары мен сөз өнері арқылы жеткізген концептуалды ойлары жан-жақты талданды. Мұхтар

Әуезовтің «Жазба әдебиетте Абайдан соң аты аталатын – «Қазақ» газеті» деген жоғары бағасы басылымның ұлт руханиятындағы орны мен тарихи маңызын айшықтай түседі [282].

«Отандық ағарту ісі мен тарихи сананың эволюциялық дамуында «Қазақ» газетінің атқарған рөлі айрықша. Басылым ұлттық білім беру жүйесінің теориялық-танымдық іргетасын қалап қана қоймай, тарихи білімді бұқаралық санаға енгізудің пәрменді тетігіне айналды. Сондықтан, газеттің интеллектуалды мұрасын қазіргі тарих пәнін оқыту әдістемесіне интеграциялау – заманауи педагогиканың басты басымдықтарының бірі. Тарихнамалық тұрғыдан алғанда, С.Сейфуллин мен М.Әуезовтен бастап, М.Қойгелдиев, Ө.Әбдиманұлы және Қ.Сақ секілді зерттеушілердің еңбектерінде басылымның қоғамдық-саяси қызметі қарастырылғанымен, оның дидактикалық әлеуеті мен білім берудегі концептуалды үлесі әлі де тереңдетілген зерттеуді қажет етеді. ХХ ғасыр басындағы оқу-ағарту баптары мен қоғамдық болмыстың көркемдік көрінісін «Қазақ» газеті материалдары арқылы жаңаша пайымдау – дәуір шындығын танудың негізгі жолы».

«Осыған орай, «Қазақ» газетінің ұлттық білім беру жүйесін қалыптастырудағы тарихи миссиясын айқындау, педагогикалық көзқарастарға салыстырмалы талдау жасау және авторлардың қаламгерлік шеберлігі мен ағартушылық ұстанымдарын саралау – бүгінгі тарих ғылымының кезек күттірмес мәселелерінің бірі. Тарихилық принципіне сүйене отырып, ХХ ғасыр басындағы оқу-ағарту ісінің даму бағыттарын басылым материалдары арқылы зерделеу тарих пәнін оқыту әдістемесін жаңа мазмұнмен байытады. Ахмет Байтұрсынұлы бастаған Алаш зиялыларының білім мен ғылымды ұлттық өркендеудің кепілі ретінде қарастырған концептуалды ойларын оқу үдерісіне интеграциялау – отандық тарихнама үшін ғылыми әрі әдістемелік тұрғыдан аса құнды болып табылады.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін, яғни соңғы жылдары жарияланған «Алаш» көсемдері: Ә.Бөкейхановтың, А.Байтұрсынов, М.Дулатовтың аталмыш басылымда жарияланған мақалалары енген жинақтары да жұмыстың деректік негізін құрайды. Егер, Ә.Бөкейхановтың «Қазақ» газетінде жарияланған мақалалары, аудармалары және рецензиялары М.Қойгелдиевтің құрастыруымен 1994 жылы жеке кітап түрінде шықса, А.Байтұрсынов пен М.Дулатовтың «Қазақ» және т.б. басылымдарында жарияланған еңбектері, олардың шығармалар жинағына енген. «Қазақ» газеті туралы соңғы кездері республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында да аз айтылып, аз жазылып жүрген жоқ.

ХХ ғасыр басындағы ұлттық мерзімді баспасөз, атап айтқанда «Қазақ» газеті беттеріндегі ағартушылық идеяларды зерделеу – заманауи білім беру жүйесін жаңғыртудың стратегиялық факторы болып табылады. Бұл тарихи мұраны жоғары мектеп бағдарламасына кіріктіру студенттердің ұлттық бірегейлігін нығайтып, педагогикалық ғылымның жаңа горизонттарын ашуға жол ашады. Ғасыр басындағы қазақ қоғамы үшін баспасөз – халықтың интеллектуалдық әлеуетін көтерудің басты құралына айналды. Соның ішінде «Қазақ» басылымы ұлттық мектеп үлгісін қалыптастыру, мұғалімдер корпусын

даярлау және білім мазмұнын жаңарту мәселелерін концептуалды деңгейде көтеріп, болашақ мамандар үшін кәсіби бағдар беретін іргелі мектеп қызметін атқарды.

Қазіргі таңда жоғары оқу орындарында бұл тақырыпты оқыту ұлттық білім беру жүйесінің тарихын терең түсінуге, қазақ зиялыларының ағартушылық мұрасын зерттеуге, сондай-ақ білім беру реформаларының эволюциясын бағалауға мүмкіндік береді. Мысалы: Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ халқының ағартушысы, ғалым, публицист, ұлт қайраткері ретінде қазақ даласындағы білім беру жүйесінің дамуына, мектептердің жай-күйін жақсартуға ерекше назар аударған тұлға. Ол «Қазақ» газетінің бас редакторы ретінде бала оқыту мәселелерін газет-журналдарда талдап, халықты білім алуға, оқу-ағарту ісін жетілдіруге үндеді.

Байтұрсынұлының ағартушылық қызметі тек білім алуға шақырумен шектелмей, сол кездегі қазақ қоғамының әлеуметтік-мәдени жағдайын, мектептер мен оқу жүйесіндегі түйткілдерді ашып көрсетуімен де маңызды болды. Ол патшалық Ресейдің отаршылдық саясаты жағдайында қазақ халқының білімге қолжетімділігін шектейтін мәселелерді сынап, ұлттық білім жүйесін қалыптастыру қажеттігін көтерді. Ахмет Байтұрсынұлының еңбектері қазақ балаларына ана тілінде білім берудің маңыздылығын айқындап, ұлттық мектептердің негізін қалауға бағытталды. Оның қазақ әліпбиін жасау, оқулықтар жазу және тіл білімі саласындағы еңбектері ұлттық білім жүйесінің қалыптасуына зор үлес қосты. 1913 жылы 21 сәуірде «Қазақ» газетінде Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу жайы» [310] атты бас мақаласы жарық көрді. Жалпы, «Қазақ» газетінің бас мақалаларының басым бөлігін Байтұрсынұлы жазғанымен, олар көбіне қол қойылмай жарияланатын. Ал авторлар бірлесіп жазған кейбір мақалаларда ғана олардың инициалдары немесе бүркеншік есімдері көрсетілетін. Бұл мақалада Ахмет Байтұрсынұлы білім мен оқудың маңыздылығын халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайымен байланыстыра отырып түсіндіреді. Ол халықтың тұрмысын жақсартудың, дамудың негізгі жолы – білім алу екенін дәлелдеп көрсетеді. Мысалы: «Қазақ жерінде өндіріс жоқ, шикізатын сатады, ал сол шикізаттан жасалған өнімді екі-үш есе қымбат түрде сатып алады. Бұл – надандықтан келген кемшілік», [311]. – дейді. Ахмет Байтұрсынұлы «надандық» дегенде қазақ халқының білім мен ғылымнан артта қалуын меңзейді. Оның басты себебінің бірі – қазақ жерінде мектептердің жеткіліксіздігі екенін атап көрсетеді. Мысалы, Торғай уезінде 1912 жылдың 1 қаңтарында 570.109 қазақ тұрған болса, қазақ балалары оқитын мектептің саны 132; Қостанай уезінде 1909 жылы 112.657 қазақтан қазақша оқыған еркектер саны 6065, әйелдер саны 379, орысша оқып хат танығандар еркектен 690, әйелден 29 (барлығы 7163) деп санақ мәліметтерін келтіре отырып, тұрғындар санына шаққанда, мектептер саны тым аз екендігін жазады. Сонымен қатар, «Қазақша оқу әлі бір белгілі тәртіпке келіп жеткен жоқ, кемшілігі көп. Қазақша оқу кітаптары жаңа ғана көрініп келеді. Тәртіппен оқытарлық мұғалімдер аз, оқу бағдарламасы, оқу құралдары, тіпті оқу тәртібі, салған мектептерде мұғалімдерге арналған айлық, оқытудың қазақша оқуды аймаққа бірдей жеткілікті ететін жасалған өрнек жоқ, оқыту ғылымын үйретететін оқу орындары (педучилище) жоқ» [311, 1106], – делінген. Сонымен қатар, ол

қазақ және орыс тілдерінде білім алуды ерекше қолдап, «барша халық орысша білімге қол жеткізіп, оқусыз ешкім қалмасын» деп үндейді. Бұл оның қазіргі тәуелсіздік жағдайында қойылып отырған терең білім беру қағидаттарымен үндес келетін тұжырым жасағанын көрсетеді. Сонымен қатар, Ахмет Байтұрсынұлы мектептерде бала оқытатын мамандардың жетіспеушілігі мәселесін де көтерді. Ол мұғалімдер даярлайтын оқу орындарында, әсіресе Орынбордағы «Учительская школа» сияқты мекемелерде қазақ балаларына арналған орындардың өте аз екенін ашық жазды. Мемлекеттік қаржы есебінен небәрі 7-8 орын бөлінетінін, оның тең жартысы орыс балаларына берілетінін атап өтті. Қалған үміткерлер тек өз қаражатымен оқуға мәжбүр болды. Бай-қуатты қазақтар балаларына ақша төлеп білім беру мүмкіндігіне ие болғанымен, кедейлердің оған жағдайы жетпейтінін көрсетті. Соның салдарынан жыл сайын оқуға түсуге 50-60 бала ниеттенсе де, олардың тек 4-5-еуі ғана қабылданатынын баяндады.

Қазақ халқының сауатсыздығы үшін халықты кінәлау дұрыс емес, керісінше, оларды қараңғылықтан құтқаратын мүмкіндіктердің шектеулі екенін ескеру қажет екенін Ахмет Байтұрсынұлы бейнелі түрде жеткізеді. Ол: «Алты миллион қазаққа алты ат жегіп, тарта алмады деп ренжу орынды ма?» – деп, білім алу жолдарының жоқтығын басты себеп ретінде көрсетеді. Ахмет Байтұрсынұлының «Қазақ» газетіндегі мақалалары оқу мен білімнің маңыздылығын дәріптеді. Ол білім алудың ұлттық дамуға тигізер әсерін ерекше атап өтті. Газетте жарық көрген «Оқу жайы», «Мектеп керектері» сынды мақалаларында автор халықты сауат ашуға, ұлттық мектептер ашуға және қазақ балаларына сапалы білім беруге шақырды. Бұл мақала материалдарын Қазақстан тарихы курсында инновациялық технологиялар арқылы оқыту үшін келесі әдістерді қолдануға болады [312].

«Қазіргі білім беру парадигмасы аясында Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми-педагогикалық мұрасын оқыту үдерісіне инновациялық технологияларды кіріктіру – оқу сапасын көтерудің басты стратегиялық тетігі болып табылады. Заманауи әдістемелер білім алушылардың когнитивті белсенділігін арттырып қана қоймай, күрделі тарихи-лингвистикалық мәліметтерді жүйелі меңгеруге мүмкіндік береді. Осы орайда, цифрлық білім беру ресурстарын қолдануға басымдық беріледі. Ғалым еңбектерін электронды форматқа бейімдеу, Google Classroom, Moodle секілді LMS жүйелері арқылы оқытуды басқару және Kahoot секілді геймификация құралдарымен интерактивті орта қалыптастыру – студенттердің кәсіби құзыреттілігін жаңаша деңгейде шыңдауға жол ашады».

2) Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми-педагогикалық мұрасын заманауи білім беру жүйесінде игеру білім алушылардан жоғары танымдық белсенділікті талап етеді. Осы орайда, интерактивті оқыту әдістерін қолдану оқу үдерісін сапалық жаңа деңгейге көтереді. Атап айтқанда, геймификация элементтері (интеллектуалды викториналар мен сұрақ-жауап сайыстары) арқылы ғалымның терминологиялық базасын бекіту, веб-квесттер арқылы цифрлық кеңістікте дербес зерттеу жүргізу және AR/VR технологияларын пайдаланып тарихи

контексті визуализациялау білім алушының пәнге деген қызығушылығын арттырады.

Ахмет Байтұрсынұлының «Қазақ» газетінде жарияланған оқу-білімге шақырған мақалаларын инновациялық технологиялар арқылы оқыту – заман талабы. Бұл тәсіл тарихи-мәдени мұраны жаңаша ұғынуға, білім сапасын арттыруға және ұлттық рухани құндылықтарды дәріптеуге ықпал етеді. Сондықтан оның мұраларын қазіргі білім беру жүйесіне бейімдеп, инновациялық әдістермен оқыту маңызды қадам болып табылады [313].

Ал «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 8 тамыздағы тағы бір нөмірінде жарияланған «Земство» деп аталатын бас мақаласы біздер үшін өте құнды тағы бір мәлімет береді: «Россиядағы халықтың бәрін қосып жіберіп, топтап санағанда, жүз адамнан 20-ақ адам хат білетін болып шығады, біздің қазақ облыстарында жүз кісіден 5-ақ кісі хат біледі» [311, 248 б.], – дейді. Бұл дерек қазақ халқының революцияға дейінгі сауаттылығы небәрі 2% болды деген бұрынғы тұжырымды жоққа шығарады. Мысалы, Қостанай уезіндегі 1909 жылғы мәліметтерге сүйенсек, сол уақытта сауатты қазақтардың үлесі 8%-дан асқан, ал Ахмет Байтұрсынұлы бұл көрсеткішті шамамен 5% деп бағалаған. Оқу-ағарту мәселесін А.Байтұрсынұлы жан-жақты сөз етеді. «Қазақта балаларды оқытатын жосықтар (бағдарламалар) мен кітаптар (оқулықтар) жоқ» дей келіп, оларды жазу қажеттігін және арнаулы мұғалімдік білімі бар мамандар даярлау керектігін жазса, енді бірде «білімнің бас құралы – кітап», [314] – деп, білім конкурсын жариялау арқылы да оқу-ағарту ісіне ат салысуға болатындығын айтады.

А. Байтұрсынұлының айтуынша «Бүгінгі халық мұқтажы ол оқу», - деп жазды. «...қазіргі оқу жолындағы бірінші мақсатымыз ұлт мектептерін ашу», - деп негіздеді. Бұндай тәртіп мектеп керектеріне ешкімнің дауы жоқтығын айта келе, бірақ осы ұлт мектептерін ашуға қазіргі біздің алдымызда үш түрлі кедергі тұр. Олардың бірі бастауыш мектептердің бәріне мұғалім жоқтығы, оқу құралдарының жоқтығы; үшіншісі ілгері оқитын мектептің жоқтығы және тез уақытта бола алмайтындығы жөніндегі қинала сөз етеді. Бұл әдістемелік кесте Ахмет Байтұрсынұлының «Земство» мақаласын тарих пәнінде оқыту барысында қолданылатын тәсілдер мен күтілетін нәтижелерді сипаттайды [315].

«Қазақ» газетінің 1913 жылы 23 ноябрідегі нөмірінде жарияланған Ғабдолла Шоқаевқа ашық хат мақаласында «Бұл қазаққа не оқыту керек? Қалай оқыту керек?». Мұғалім жұрттың жанында отырып тілімен үйреткенде, жазушы алыста тұрып қаламымен білдіреді. Міне, үшітелски ышкола һәм семинарияда оқып жүргендер иәки осы күні үшітел болып тұрғандар да мұны ескерсе керек. Бәрібір қазақ баласы оқытатын адамдар. Медресе «Хүсейние» Абдолла Шоқаевтың «Қазақ мұғалімдері! Қазақ шәкірттері!» мақаласында: «Осы күні шығып жатқан Ахмет Байтұрсыновтың жаңа емлемен жазылған «Баяншы», «Оқу құралдары» бар, мұны қаншамыз қабыл етіп жатырмыз» [311, 407 б] - деген пікір айтылып, мектепке қажетті оқулық екендігін нақтылаған. Сол сияқты, Ж.Аймауытов білім беру ісін жандандыруда теория мен практикалық білімнің өзара бірлікте болуын көздейді. Оқытуда білім мен тәрбие бірімен бірі байланысып, бірге кемелденуге тиісті шендігіне тоқталады. 1913 жылғы

Бегалиннің «Бұл қалай мақаласында»: Мұсылмандардың надан, өнерсіз жалқау, жарлы болуларының ең бірінші себебі халық арасында тәртіпті мектеп-медреселердің болмауы. Қараңғылықта жатқан жұртының балаларының көздерін ашып, жарық жол салуға көп жерде «усул жедид» мектептерін ашты. Халыққа тәртіпті мектеп-медресе көптеп керектігін айқындап. Халыққа жаңаша оқудың керектігін түсіндірді [311, 166]. Сонымен, мектеп-медресе көптеп ашып, халықтың оқу, біліммен ағаруына бар күштерін салды.

15-кесте

«Қазақ» газетінің 1913 жылғы 8 тамыздағы «Земство» мақаласын оқыту әдістемесі

№	Оқу бөлімдері	Мазмұны	Оқыту әдісі	Күтілетін нәтиже
1	**Кіріспе**	«Земство» ұғымы, оның шығу тарихы және мәні.	Миға шабуыл, сұрақ-жауап	Оқушылар земство ұғымын түсінеді.
2	**Мақаланың негізгі идеясы**	Ахмет Байтұрсынұлы земство енгізудің қазақ қоғамы үшін маңызын талдайды.	Дереккөздермен жұмыс, мәтін талдау	Оқушылар мақалада көтерілген негізгі проблемаларды анықтайды.
3	**Тарихи контекст**	Патша үкіметінің басқару жүйесі, земстволың Ресей мен Қазақстандағы жағдайы.	Тарихи салыстыру, картамен жұмыс	Земство жүйесінің қазақ даласына қалай әсер еткенін бағалайды.
4	**Пікірталас**	Земство жүйесі қазақ қоғамы үшін пайдалы ма, әлде зиян ба?	Дебат, аргументтер келтіру	Оқушылар өз көзқарасын дәлелдейді.
5	**Қазіргі сабақтастық**	Заманауи жергілікті басқару жүйесімен байланысы.	Жобалық жұмыс, презентация	Оқушылар қазіргі жергілікті басқару жүйесін талдайды.
6	**Қорытынды**	Мақаланың тарихи және бүгінгі маңызы.	Эссе жазу, пікірталас	Оқушылар мақаланың тарихи сабақтарын түсінеді.

1914 жылғы «Қазақ» газетінің 48-нөмірінде А.Байтұрсынұлы «Біз қазаққа қала болма демейміз. Жақсы рұқсатсыз неге қала болдың деп ешкім айтпайды» дейміз. Жалпы А.Байтұрсынұлы оқу-ағарту мәселесін жан-жақты сөз еткен. Бірде «Қазақта балаларды оқытатын жоспарлар (программалар) мен кітаптар (оқулықтар) жоқ», - дей келіп олардың жазу қажеттігін және арнаулы педагогикалық білімі бар мамандар даярлау керектігін жазса, енді бірде «Білімнің бас құралы кітап», - деп білім конкурсын жариялау арқылы оқу-ағарту ісіне атсалысуға болатындығын айтады. Медреседен оқып шыққан шәкірттерде не болашақ? мақаласында: Қазақ баласына медреседе не оқу керек, не білуге керек екендігі ешкім тарапынан белгілеген жоқ. Бірақ шәкірттеріміз медресеге барады, «оқы!» деп берген сабақты оқып, қайтып келеді. Медреседе не оқуға керек екендігін қайдан біледі, оны кім белгілейді? Біздің шәкірттер (тағлым және тәрбие), біліп шығуға керек болатын нәрселер: педагогика саласына да таза білу, өз еліміздің тарихын қазақша жақсы оқи, жаза білу, орысшаны да таза білу.

А. Байтұрсынұлының «Қазақ» газетінде оқу-ағарту саласына қатысты мақалаларын цифрлық тарих бағытында оқыту әдістемесін көрсетеді. Цифрлық тарих - тарихи деректерді зерттеуде цифрлық технологияларды қолдану арқылы оқытудың жаңа әдістерін енгізуге бағытталған тәсіл [316]. А.Байтұрсынұлының оқу-ағарту мәселесіне қатысты мақалаларын осы бағытта оқыту үшін төмендегі әдістемені қолдануға болады.

16-кесте

Оқу процесінің кезеңдері және әдістері

№	Оқыту кезеңдері	Мазмұндық-теориялық компоненттері	Цифрлық технологиялар мен ресурстар	Күтілетін оқу нәтижелері
1	**Пропедевтикалық (Кіріспе) кезең**	XX ғасыр басындағы қазақ ағартушылық қызметінің тарихи алғышарттары және «Қазақ» газетінің идеологиялық рөлі.	Интерактивті тарихи карталар, Padlet (миға шабуыл тақтасы).	Білім алушылар кезеңнің тарихи контексін сипаттайды және ағартушылық үдерістерді жүйелейді.
2	**Тұжырымдамалық кезең**	Ахмет Байтұрсынұлының білім беру жүйесін реформалау туралы концепциялары мен педагогикалық ұстанымдары.	Бірлескен жұмыс ортасы (Google Docs), терминоло-гиялық глоссарий (Quizlet).	А.Байтұрсынұлы-ның білім беру саласындағы стратегиялық идеяларының мәнін ашады.
3	**Эмпирикалық (Мәтіндік талдау) кезең**	«Оқу жайы», «Қазақша оқу жайы» мақалаларының мазмұндық және герменевтикалық анализі.	AI-аналитикалық құралдар (Voyant Tools), мәтінді өңдеуге арналған нейрожелілер (ChatGPT).	Оқушылар мақалалардың негізгі тезистерін анықтайды және деректанулық талдау жасайды.
4	**Компаративті (Салыстырмалы) кезең**	XX ғасыр басындағы ағартушылық жобалар мен қазіргі Қазақстанның білім беру реформаларын салыстырмалы талдау.	Canva (инфографика), Timeline JS (интерактивті уақыт сызығы).	Тарихи сабақтастық пен білім беру жүйесіндегі эволюциялық өзгерістерді визуалды модельдейді.
5	**Зерттеу-ізденіс кезеңі**	Алаш зиялыларының ағартушылық мұрасына қатысты архивтік деректер мен құжаттарды жүйелеу.	Цифрлық мұрағаттар мен порталдар (Qazaqstan Tarihy, e-history.kz, ұлттық кітапхана қорлары).	Тарихи дереккөздермен дербес жұмыс істеу және деректерді сын тұрғысынан бағалау дағдысы бекиді.
6	**Рефлексивті-қорытынды кезең**	«Қазақ» газетінің ұлттық білім беру парадигмасын қалыптастырудағы рөліне қорытынды баға беру.	Виртуалды дискуссиялық алаңдар (Google Meet, Zoom), кері байланыс құралдары (Mentimeter).	Тарихи тұлғалар мен басылымдардың қызметіне қатысты сыни көзқарас пен авторлық тұжырым қалыптасады.

2. Қолданылатын цифрлық құралдар.

1. Voyant tools – мәтіндік талдау жасау үшін.
2. Canva – инфографика және визуализация жасау үшін.
3. Timeline JS – білім реформаларының тарихи дамуын көрсету үшін.
4. Google docs/Padlet – бірлескен талдау және пікір алмасу үшін.
5. E-history.kz – тарихи деректер мен архив материалдарын зерттеу үшін.

3. Оқытудың күтілетін нәтижелері

Оқушылар А.Байтұрсынұлының оқу-ағарту саласына қосқан үлесін сандық форматта зерттейді. Цифрлық тарихи деректермен жұмыс істеуді үйретеді. Интерактивті карталар, инфографикалық және басқа да құралдар арқылы оқу материалдарын меңгереді. XX ғасырдағы және қазіргі білім жүйесін салыстырып, сабақтастықты анықтайды. Ахмет Жанталиннің «Тісі шыққан балаға шайнап берген ас болмайды» атты мақаласында.Семей, Қарақаралы, Орск, Қостанай, Қызылжар медреселеріндегі он мыңнан артық шәкірттерге айтатынымыз мынау: «Сіздің медреседе оқылған, психологиялық, пәлсапаның елге де, өздеріңе де ахиретке керегі жоқ. Сол айтылған кітаптарды оқып, бар өміріңді джалаға жібермей һәм ел-жұртыңызға пайдасы тиетін оқу оқыңыз», - деп оқу жолын бағыттаған.

Бұл тақырыпты цифрлық жүйе арқылы оқыту үшін интерактивті әдістер мен платформаларды пайдалану керек. Төменде тиімді цифрлық оқыту әдістерін ұсынамын: келесі Ахмет Жанталин «Жазу мәселесі» атты мақала жариялап, онда қазақ дыбыстарын, қазақ білмейтін араб әліппесін кейбір таңбаларын қазақ жазуына енгізбеу керектігін, тұтас сөздің жіңішкелігін білдіру үшін дәйектеді. Төменде Ахмет Жанталиннің «Жазу мәселесі» атты мақаласын оқытудың нақты әдістемелік таблицасын ұсынамын [317].

17-кесте

Ахмет Жанталиннің «Жазу мәселесі» атты мақаласын оқытудың нақты әдістемесі

№	Оқу кезеңдері (бөлімдері)	Мазмұндық-теориялық компоненттері	Оқытудың белсенді әдістері мен тәсілдері	Күтілетін оқу нәтижелері (Құзыреттіліктер)
1	**Контекстуалды кезең (Кіріспе)**	XX ғасыр басындағы қазақ қоғамындағы әліпби мәселесі және жазу реформасының әлеуметтік-мәдени алғышарттары.	**Инверсияланған оқыту,** эвристикалық әңгімелесу.	Білім алушылар тарихи кезеңнің күрделілігін сипаттайды және реформаның өзектілігін негіздейді.
2	**Интерактивті кезең (Негізгі идеялар)**	А. Жанталиннің жазуды реформалаудағы концептуалды ұсыныстары мен лингвистикалық позициясы.	**Мәтінге герменевтикалық талдау,** «Түртіп алу» (INSERT) әдісі, инфографикалық карталар.	Автордың басты тезистерін идентификациялайды және идеялық мазмұнын жүйелейді.
3	**Аналитикалық кезең (Салыстырмалы талдау)**	Араб, латын және кирилл графикаларының лингвистикалық-практикалық ерекшеліктерін компаративті зерделеу.	**Венн диаграммасы,** топтық кейс-стади (Case-study), сыни дискурс-анализ.	Жазу реформаларының тарихи-саяси рөлін бағалайды, графикалық жүйелердің тиімділігіне сараптама жасайды.
4	**Дискуссиялық кезең (Пікірталас)**	XX ғасыр басындағы жазу мәселелері контекстінде қазақ әліпбиінің болашақ даму траекторияларын модельдеу.	**«Аквариум» дебаты,** аргументацияланған эссе, ПОПС-формуласы.	Сыни ойлау және өз ұстанымын ғылыми негізде дәлелдеу дағдылары қалыптасады.
5	**Коммуникативті-практикалық кезең (Сабақтастық)**	XX ғасырдағы зиялылар көтерген мәселелер мен қазіргі латын графикасына көшу реформасының сабақтастығы.	**Жобалық оқыту (PBL),** тарихи параллельдер әдісі, цифрлық презентациялау.	Тарихи үдерістердің ретроспективасын жасап, бүгінгі реформалармен генетикалық байланысын талдайды.
6	**Рефлексивті-аксиологиялық кезең (Қорытынды)**	А.Жанталиннің тарихи мұрасы мен ғылыми көзқарастарының ұлттық жазу мәдениетіндегі тарихи орнына баға беру.	**Академиялық эссе,** рефлексивті күнделік, жиынтық бағалау.	Тақырып бойынша дербес ғылыми тұжырым жасайды және ұлттық құндылықтарға қатысты тұлғалық бағасын береді.

Бұл кесте Ахмет Жанталиннің «Жазу мәселесі» мақаласын тарих пәнінде оқытудың нақты қадамдарын сипаттайды. *«Қарақаралыда оқу жайынан»* атты мақалада: шаһарда бұрыннан 3 классты городской училище бар. Қазақ, орыс баласы аралалас оқысын деп 1904 жылы 2 классты городской училище ашылған. Бұл төңіректегі қазақ баласын орысша түгіл, мұсылманша оқыуға салақтық қылушы еді. Баласын орысша оқытқан қазақты жұрт жек көріп. Балаңызды школға беріңіз деген араз болушы еді. 1908 жылы губернатор Церкуляр шығарып, орысша оқығандарды ғана болыстыққа бекітетін болған соң, бұрын байлардың босағасында отырған кедейлердің баласы орысша оқуы арқасында болыс бола бастады, осы кезеңнен кейін жұрттар жаппай балаларын школдарға бере бастады. Осы күнде әр школаға 30-40 тан бала толып, орын жетіспегендіктен жаңадан бес школа ашылды. Школа ашылса екен деп арыз бергендердің және де есебі жоқ. Бұрын қазақ қыз баларын орысша түгіл мұсылманша да шала оқытушы еді. Осы күнде әр школада екеуден-үшеуден қыз бала оқып жүр. Былтыр үш қыз ауылнай школды бітіріп шығып, біреуі городскойға кірді [318] – деп жазды ушитель Ержан Айманов.

1913 жылы Сыртқы хабарлар айдарымен жарияланған мақалада: «Біз басқа жұрттармен қатар ұлт болып, ғұмыр шегуімізге дауа- оқу. Оқуымыз жөнделмей, халқымыз оқуға кіріспей, жұрт болып, жан сақтай алмаймыз»-дей келе оқудың қажеттігін негіздеді [318, 420 б].

1913 жылы Сыртқы хабарлар айдарында басылған. «Жазу, емле мәселесі» мақаласында: Жазу, әр жеткіншектің әріп тануы халық оқығандары үшін алдыңғы қатардағы мәселелерінің бірі болды. Оны қолға алдырып жатқан қазіргі жазу ісіндегі кемшіліктер. Араб әліпінде дауысты дыбыстардың арнаулы әріпінің жоқтығынан. Бір әріптің бірнеше түрлі болуы қазірінде көп іске ауырлық келтіріп, зарары тиіп тұр. Жазу, емле мәселесін екі істе қарастырған: біріншісі-оқу ісіне тоқталса, ал екіншісі – матбуға ісі. Нәтижесі, екеуі де халықтың мәдениет жолында алға басуына себепкер болатын істердің бас дәрежелесі. Хәріп түрінің көптігінен оқу ісіне тиетін зарары көп. Осындай кемшіліктерін түзетіп, жазу ісін жөндеуге әркім талаптанып жатыр. Араб алифбиінің кемшілігінен оқу ісінде ауырлық, емле ісінде тәртіпсіздік. Осы кемшіліктерді жою үшін әр жерден, жол қарастырып, іздеп жатыр [311, 429 б]. - деп, баяндалды. Біздің де, емле түзету ісіміз сол жұмыстардың бір тарауы. Біздің қазақ тіліне арнаған хәріптеріміз «Қазақ» газетасы мен «Оқу құралы» кітаптардағы. Ендігі жұмыс соның кемшілігі болса, көрсетіп түзету. Түзеткенде ауырлық жағынан емес, жеңілдік жағынан түзету. Қортындылай келе, харіп қателіктері кітап басып шығару ісіндеде өз кемшілігін көрсетіп жатқандығы жайлы жазылған. Әр халықтың өз хәрпі болуы тиіс деген тұжырым жасалды.

Ахмет Байтұрсынұлы мен басқа да Алаш зиялыларының «Қазақ» газетінде жариялаған жазу, емле, оқу-ағарту мәселелеріне қатысты мақалаларын негізге ала отырып, «Қазақ жазуы: тарихы, мәселелері және дамуы» тақырыбында оқушыларға өткізуге болады.

Сабақ жоспары:

І. Кіріспе (10 минут)

• «Қазақ» газетінің тарихи маңызы
• XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының оқу-ағарту ісіне қосқан үлесі
• Араб әліпбиі және қазақ жазуы мәселелері
II. Негізгі бөлім (30 минут)
1. Ахмет Жанталиннің «Жазу мәселесі» мақаласы
2. Негізгі ойлар:
• Қазақ тіліне бейімделмеген араб таңбаларын енгізбеу
• Дәйектеменің маңызы
3. «Қарқаралыда оқу жайынан» мақаласы (Ержан Айманов)
4. Негізгі ойлар:
• Қазақ балаларын оқытудағы қиындықтар
• Орысша оқуға деген көзқарастың өзгеруі
5. «Жазу, емле мәселесі» мақаласы
Негізгі ойлар:
• Араб әліпбиінің кемшіліктері (дауысты дыбыстардың белгісіздігі, әріптің көптүрлілігі)
• Жазу мен емленің оқу мен баспа ісіне әсері
6. «Ақмешіт хабарлары» мақаласы
7. Негізгі ойлар:
• Оқу-ағарту саласындағы қиындықтар
• Жаңа төте оқу жүйесіне көшу әрекеттері
III. Практикалық бөлім (20 минут)
Интерактивті талқылау:
• Араб әліпбиі мен қазақ тіліне сәйкес келетін- келмейтін тұстары
• Қазіргі қазақ жазуының латын графикасына көшуі мен өткен ғасырдағы реформалар арасындағы ұқсастықтар
• Төте жазу мен кириллица, латын графикасының ерекшеліктері
Тапсырма:
Қатысушыларға 1913-1914 жылдары «Қазақ» газетінде жазылған мақалалардың түпнұсқа үзінділерін ұсынып, оларды қазіргі емле нормалары бойынша қайта жазу немесе қазіргі қазақ тілінде мазмұндап беру

IV. Қорытынды (10 минут)
• «Қазақ» газетінің жазу реформасына қосқан үлесі
• Қазіргі қазақ емлесіндегі мәселелер мен мүмкіндіктер
• Қазақ жазуының болашағы
Бұл сабақты мультимедиа құралдарымен қызықты ету үшін: Презентация (PowerPoint, Prezi) Интерактивті сұрақ-жауап (Kahoot, Quizizz) Архив материалдарынан үзінділер көрсету

Егер осы сабақты белгілі бір аудиторияға бейімдеу керек болса (мысалы, студенттер, мектеп оқушылары, зерттеушілер), қосымша ұсыныстар жасай аламын [319]. Міржақып Дулатұлының бүркеніш атпен жарияланған «Мектеп - медреселер мәселесі» мақаласында Ноғай газеталарында мектеп-медреселер мәселесі жайында көп жазылып, тексерілді. Мұның себебі мектеп-медреселер хақындағы 5 түрлі сұраулар еді. Сұрауларға жауап беру үшін Орынбор мүфтиі

қол астындағы хат хабар таратқаннан кейін 30-40 имам Уфа шаһарынан мүфти құзырында кеңесіп жауап берді. Сұраулар: «Мектеп һәм медреселердің мақсұты не нәрсеге?» Жауап: «Мұсылман балаларына оқу, оқу жазу үйретіп, ислам хұкімдерін білдірмек, жақсы мінезбен тәрбие қылып, дүниеде һәм ақыретте бақытқа жеткізетін жол көрсетпек һәм мемлекетіміздің тыныш һәм рахат жасау үшін қызмет етпек». Бұл мәселе туралы біздің мектеп-айтарымыз аз. Хұкімет шариғат назарында мұсылмандардың медреселері не күйінде екенін білу үшін мүфти арқылы мағұлмат сұрады [311, 440 б]. Ат сыры иесіне мағлұм: бізде кеудемізді қағарлық мектеп-медреселер жоқ. Ноғайлар 20 миллион мұсылманның атынан мектеп-медреселер хақында шариғатқа сүйеп жауап беріпті. Бізде мұсылман, олардың жауабы - біздің жауабымыз, олардың тапқаны-біздің тапқанымыз деп тілектес болып - біздің жалымызға жантайып жата тұрамыз ба, иә болмаса өзіміздің жұрттығымызды білдіріп, үнімізді шығарып, ноғайларға қосылып істеріміз бар ма? Мәселен, М.Дулатұлының «Қазақта» жариялаған мақаласында «забар талас-тартысқа айналды. Қара күніне қайғырмай қамсыз жатқан қазақ болмаса, ұшқан құс, жүгірген аңның бәрі де тіршілік жабдығында. Жағаласпай, жармаспай ешкім қатардан орын бермейді. Басқалармен тізелесуге, тартысуға, жарысуға оқу-білім керек. Надан жұрт оқымысты-білімді жұртпен қатар тіршілік ете алмайды....Жалғыз сүйеніш, жалғыз үміт оқуда. Теңдікке жетсек те, жұрттығымызды сақтасақ та, дүниеден сыбағалы орнымызды алсақ та, бір ғана оқудың арқасында аламыз. Жақсылыққа бастайтын жарық жұлдыз - оқу. Надан жұрттың күні қараң, келешегі тұман [311, 67 б], деп жазды. М.Д. мақаласында оқу ісінің қиын жағдайда тұрғаны, мектептердің жетіспеушілігі, лайықты оқулықтардың жоқтығы, мұғалімдердің керектігі, оқу программасысы қателіктері түзетілсе, оқу-оқыту ісі ілгері басар еді. Сонымен қатар, мұсылманша оқудың үш түрлі кемшілігін атап көрсеткен. Біздің қоғамдағы бірінші кемшілік жеткілікті тәуір мұғалімдер жоқтығы, екінші кемшілік мезгілінде оқылатын тәртіпті мектептер жоқтық һәм, ал үшінші кезекте өз тілімізде оқытарлық кітаптардың жоқтығы [311, 181 б]. Сонымен, М.Д-ның 1913 жылғы мақаласында мектептер ашу ісін жедел түрде қолға алу сөз етілсе, 1914 жылы жарияланған мақалсында оқу ісінің қиын жағдайда тұрғандығы, қазақ тілінде оқулықтар мен оқу-құралдарының жоқтығы мәселелерін көтерген. Газетте тілші айдарымен 1914-ші марттағы санында «Ақмешіт уезінен мектеп ашу ісі»мақаласында мектепке орын сатып алуды Бекқожа Қошан ұғлы өз міндетіне алды. Ахмет ишан заман жайына түсінген ілгері қадам адамымыз болғандықтан, Сырдария қазақтарының көп жері болған Ақмешітте мектеп ашу [311, 110 б]. - деп қажеттілігі етілген. Мединеде медресе салудан пайдалы һәм сауапты болуына шүбһа қылмас деп білеміз. Сонымен, мектеп-медресе салу пайдалы іс екенінен жұртқа жария етті. Қыр баласының «Оқу мезгілі» мақаласында: «Бала оқытуды рәсім қылған жұрт баласын оқытады. Сонау қырдан талпынып алты- жеті жыл оқу қуалап Қазан, Уфа, Орынбор, Троискі барған талапкер балалар екінің бірі бос қазақ емес қой! Жігіті аз қазақ жұртына осы жігерлі балаларды жүдетпей оқуын бітіруге жаһад қылы, ақша жиып һәр ел өз шәкірттеріне беретін жөні бар ғой. Осылай көтермелеп, жаз қаңғыртпай, көңілін бөлмей, шәкірттерді жұрт пұлына оқытып, осының ішінен шыққан

жүйрігіне өкпелеу керек қой...! « [311, 118 б] -деп, ойсалды. Ал газеталардан мақаласында: Школдар турасынан Арсенев айтады: «Мұнан бұлай школдарда төменгілері жоғарғыларымен жалғасар», (Біздің «Қазақты» оқушыларға мәлім: бұл күнде басқа школдардан гимназиаға түсуге, гимназиадан басқадан университетке түсуге жол жоқтығы деп жазды [31.1. 210 б]. (Мадияр) Ішкі хабарлар мақаласында: 1895-нші жылы ауылнай школ ашылды. Қазір бұл школ волосной школға айналады. Бұл ауылдан сонан бері школ кеткен жок. Осы жиырма жылдың ішінде бұл елден көп бала оқып, адам болып шыққан шығар деп ойлайтын шығарсыздар. Жок! Осы жиырма жылдың ішінде бұл елден ілгері оқып, өзіндік адам болып шыққан жалғыз-ақ Міржақып Дулатұлы. Орысша оқудың керегін біле тұрса да, әлі мойындамаған бір елміз. Біздің ел алі қайдағы қыңыр жолмен бара жатыр [311, 836]. - деп, школдарды оқыған жастарды көбі, білімдерін әрі жалғастырмай аяқсыз қалдыруда.

Ішкі хабарларда жарияланған Боштаев Мұқыштың жазған хатында деген сауалдарға жауап Городской школды бітірген балаларға жол бар ма? Ушител болғысы келген кісі 4 жыл прогимназиада оқып болса да, жарамай ма? іздеді. Мысалы: Баянауыл мен Сүйіндік арасында 6-7 ауылнай школдан басқа школ жоқ. Ауылнай школды бітірген балалар, ауқаты бола, Керекудегі екі класты школға барып түседі. Керекудегі екі класты школда қазаққа 30 қазыналық орын бар, оның да біразы орыс баласының пайдасында. Бұған жұрт не айтар, ашылса қандай школ ашылар, бұл әлі белгісіз. Менім білуімше 4 класты прогимназиа ашылса, тәуір болар еді. Прогимназианы бітірушіге гимназиаға түсіп үшін жол бос болар еді. Баянға жақын Семей мен Омбыдан басқа жерде гимназиа жоқ. Осы кезде гимназиада оқитын бір бала жоқ. Прогимназианы бітірген балаларды городской школ керек болса, Қарқаралыдағы мектепке беріп одан әрі білімдерін жетілдіру. Олар ең көп болса, семинариаға түседі, онда да емтихан беріп, семинараианы бітірген соң ауылнай школға ушител болады.

Жазушылар не айтады? мақаласында Ибраһим Тасболатов «Қазақта мектеп жоқ. Мектеп болса, оңдап оқыта білген мұғалім жоқ. Бұлардың жоқтығы ақша жоқтан»-дейді. «Ендігі заманда қазаққа басшы керек. Әйтпесе қазақ адасады. Керуеннің жолбасшысыз жүре алмағандығы белгілі. Оқып шыққан жастарымызды қазақ жолбасшысы қылса керек еді. Бірақ оны істемей тұр. Істемейтіні мынау: бір шәкірт оқып қайтса, оған мектеп ашып бермейді [311, 26 б] -дей келе ой қортындыласақ, мектеп ашу ісінің қиын жағдайда тұрғанын, балаларды білім нәрімен сусындататын мұғалімнің жоқтығын нақтылаған. Нәзірқожа Абдалсаидұғлы «Қытай жеріндегі қазақтар»: атты мақаласында: «Надандығымызды білеміз, оқу-өнер керек екенін білеміз, балаларымызды оқытар едік дейді, бірақ молда жоқ» [311, 25 б]. - деп, айтысады. Сонымен, оқу-білімсіз балалардың болашағы қараңғы болып қалатынын хабарлаған.

«Қазақ» газетінің №31-інші нөмірінде Шаһмардан Бөкейхановтың «Өтірік хабар жазушыға ашық хат»: атты хабарында: «... Мұндағы балаларға дін мұғалімі пайдасыз қиын арабша кітаптан оқығандықтан, балалар һеш нәрсе біліп жарымайды, сондықтан қазақша оқуға ынтасы жоқ... Өткен жыл қазақ балалары директорға арыз беріп, біз мұсылманша оқымасақ екен деп сұраған еді, директор арыздарын қабыл алмады...» [311, 41 б]. - деп, баяндаған хатында. Сонымен,

балалардың оқуға ынтасы және мұғалімі пайдасыз білім таратады делінген. «Оқушыларға жәрдем» атты мақаласында әр студентке берілген жәрдем тізімделген. Мысалы: Атбасардан Омарбек Жанайдаровтан жәрдемге келген ақша: Жанайдаров О., Жанайдаров М.Майкөтов Ә., Бұрханов М. бес сомнан, Құрманов М., Қопабаев Р., Танқыбаев Қ. үш сомнан, Баржақсы ұғлы екі сом, Жанайдаров Х, Араев Ә бір сомнан, Байтабанов А елу тиын. Бұл ақшаның жиырма сомы студент Сейітов А, он төрт сом елу тиыны Саматов М-ға берілсін делінген. Алматыда оқитын Мұхтар Саматовқада қаржылай көмек көрсетілген. Бар жиылған ақшадан жүз отыз бес сом берілген. Қазақ жеріндегі жоғары оқу орындарында білім алып жүрген студенттерге байлардың берілген жәрдемдер.

Газеттегі мұғалімдер курсы мақаласында: Біздің мұсылманша оқығандарымыздың арасында мұғалімдік ғылымын оқыған ешкім жоқ, өйткені мұғалімдік жайын үйретететін медресе жоқ. Әр жұмыстың әдісін білу керек. Ол әдісті өзі білмесе, өзгеден көріп, үйренерге керек. Біз бала оқыту деп сөйлегенде жаңа тәртіппен оқытуды айтамыз. Бұрынғы моллаларша: балалардың бір-бір жапырақ қағаз ұстатып, «әліп, би, ти, си ...» дегізіп, оларды айқайлатып қуып, жатқа білетін бетін ыңылдап, жылап отырып, аңдасаңдар: «Әй, оқыңдар!» деп өзі айқайлап оқытқанды оқыту деп айтуға болмайды. Он жыл оқытып, дұрыстап хат жазуды білдірмейтін оқытыс оқыту бола ма? Бұл күндегі оқыту тез үйрету. Тез үйрету үшін қайткенде балалар тез үйренетін әдісін білу керек. ... Осы күнгі жаңа тәртіппен оқытушылардың оқытуы бұрынғы моллалардың оқытуынан көп артық, бірақ нағыз мұғалімдік ғылымын үйреніп шыққан адамдардың оқытуынан көп төмен деп, бағалаға. Оқытуда кемістік көп. Мұғалімдік ғылымын үйретерлік медресе жоқ болса, мұғалімдердің қазіргі оқытуында кемістік көп болса, халыққа балалардың басын қатырмайтын тәртіпті оқу керектігін міндеттеген», -деп бағалаған [311, 28 б].

Мұғалімнің рөлі мен кәсібилігі жайында. «Мектеп керектері» мақаласында ғалым: «Мектептің жаны мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі һәм сондай болмақшы» деп, негізгі жүктің оқытушыда екенін ескертеді. Екінші, «оқыту ісіне керек құралдар қолайлы әм сайлы болу керек», дейді. Бұл жолда ұстаз- әдіскер өз ісімен өнеге көрсетті. Кешегі, бүгінгі мектептерде оқытылып келген әліппе, ана тілі, қазақ тілі пәндеріне ұлт ұстазының мына еңбектері негіз - бастау болды: 1) Оқу құралы. 1-ші кітап, 2) Оқу құралы. 2-ші кітап. Ғалым мектептің үшінші керегі жоспарлы жосық деп білген яғни келісілген кемел бағдарлама. Осы бастапқы үш керекті дұрыс жолға қоя білу --негізгі міндет [311, 183 б] -деп, білген. Және «Ана тілімен оқытамыз деген пікір орыстан басқа, тілі басқа жұрттың бәрі қуаттайтын пікір. Ана тілімен оқу бізге де керек екендігіне еш талас болмасқа керек» деп айтылған.

Сонымен, жоғарыда айтылғандар қай мұғалімге болсын қажет. «Бірден мұндай шарттар табылмайды, әуре болмайық» деп қорқу керек емес. Ізденсе, талаптанса, қолдан жасалмайтын шарт жоқ». Бұл мәселелер бір ғасырға жуық бұрын айтылса да, әлі күнге дейін өзектілігін жоғалтпағаны анық. Себебі қазіргі уақытта елімізде қоғамдағы мұғалім мәртебесіне көңіл бөлініп, тіптен заң жобасы талқылану үстінде екенін жақсы білеміз.

Оқу бағдарламасы: А.Байтұрсынұлы бағдарламаны «...Керексіз нәрселерді үйретіп, балалардың өмірін босқа өткізбек үшін, балалардың күші жетпейтін өте алысқа сүйреп кетпес үшін, бастауыш мектепке үйретететін нәрселердің пішімін» анықтаған. Бұл мәселеге Жалпы қазақ құрылтайының оқу мәселесіне қатысты қаулысында көңіл бөлінген:

1. Ұлт мектептеріне программа жасау.
2. Мұғалімдер қалай оқыту тәртіптерін үйретететін жолбасшы кітаптар жазу.
3. Тәрбие жайынан кітаптар жазу.
4. Бүкіл қазақ-қырғызға оқу ісін қалай жүргізу туралы жоба шығару.
5. «Қазақ» емлесін тексеріп, түзету.
6. Қазақ-қырғыз тіліне пайдалы кітаптарды тәржімә ету күн тәртібіне өткір қойылды. Өзіміз көріп отырғандай қаулыда Алаш зиялылары көтерген мәселелердің барлығы қамтылған [320]. Қорытындылар болсақ, Алаш зиялылары білімді болу отаршылдық езгіден азат болудың бірден-бір жолы деп білген. Ұлтының азаттығын көздеген алаштықтар қолдан келген мүмкіндіктің бәрін кәдеге жаратты. Осы жолда еңбек етті. Білім беру жолында Алаш мұрасынан, Алаш тағылымынан, Алаш тұлғаларынан үйренсек Алаш аманатын соңына дейін жеткізеріміз сөзсіз. «Оян, қазақ!» – деп қазақ халқын оятқан Алаш зиялыларының өмірі мен мұрасынан алар тағылымыз әлі де мол.

Қазақ баспасөзінің дамуына, қаржылық қолдау көрсеткен [321]. Осы орайда, «Қазақ» газетінің 1913-1918 жылдар аралығында жарыққа шығуына және ел ішіне таралуына ықпал еткен ауқатты қазақтардың болғаны бізге анық. Мәселен, «Қазақ» газетінің 1915 жылғы санында «Ауқатты алаш азаматтарына» атты мақалада газет ісіне қаржылай жәрдемдесу жөнінде үндеу жарияланады. Көмек берушілер қатарында Есенғұл қажы бастаған Маман байдың балалары белсенділік танытқаны аңғарылады. Қазақ байларының алаш мұраты жолындағы ерен еңбегі, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында қазақ жастарының Әлемнің жоғары оқу орындарында, Ресейде білім алуына жәрдемдесуі еді. Жоғарыда айтылғандардың нәтижесі, Жаһанша (Жанша) Досмұхамедов Салық Омаровтың көмегімен Санкт-Петербург университетінің заң факультетін бітірген. Оқуға көмектесумен ғана шектелмей, жоғарғы оқу орындарында оқып жатқан қазақ жастарына шәкіртақы (степендия) тағайындап отырған. Солардың бірі биыл Саратов университетінің медисински факултетін Орал қазағынан Бақытғали мырза Бисенов пен Ғұмар мырза Есенғұлов бітіріп, екеуі де осы күні доктор. Екеуі Уралски областной правлениеден шәкіртақы (стипендиа) алады. Сонымен, қазақ студенттеріне, шәкірттерінің білім алуына қаржылай көмек берген кісілер: Шамсалдин Нәжімалдинов, Зәкір Шәкіров, Шәриф Зарифов, Ғабидолла Хасенов, Ғабдырахман Ахмедаллин, Шахабалдин Хасамалдинов, Зариф Садықов, Бірханалдин Хасамалдинов, Жәдид Деменов, Ғабдолғазиз Хасенов, Ахметгерей, Ғабдахман Мұртазаұғлы. Жетісудың Қапал уезін жайлаған Маман байдың балалары Есенғұл, Тұрысбектердің байлығын ұлт мәдениетіне, мектеп ашу ісіне бағыттай білгенін қазақ меценаттығының айқын көрінісі. Алайда, 1913 жылы «Қазақ» қазақ романына бәйге газетінде басылған Есенғұл қажы Мамановтың жариялағаны туралы хабары тудырды. Қазақ жеріндегі бай-болыстардың мектеп-медресе ашу ісі: Қазақ газетінің 1913 жылғы

санында қазақ оқығандарының арасында сілкініс «Паулодар» мақаласында Қасым Қажы Ертісбаев 15 жылдан бері медресе ашып, қазақ балаларын оқытып келеді. 75-тей бала оқиды, ішінде қазақ балалары бар. Енді Ақбұлақ халқы медресе оқудың мән жайын, маңызын түсіндірсе, екінші 1914 жылғы «Бастауыш мектеп» (№61), «Мектеп керектері» (№62), «Оқу мезгілі» атты мақалаларында мектеп, медересе жайларын нақты көрсетіп мұқтаждарын айтады [322]. жылы «Қазақта» жариялаған мақаласында: «Заман Дулатұлының 1913 талас-тартысқа айналды. Қара күніне қайғырмай қамсыз жатқан қазақ болмаса, ұшқан құс, жүгірген аңның бәрі де тіршілік жабдығында. Жағаласпай, жармаспай ешкім қатардан орын бермейді. Басқалармен тізелесуге, тартысуға, жарысуға оқу-білім керек. Надан жұрт оқымысты, білімді жұртпен қатар тіршілік ете алмайды. ... Жалғыз сүйеніш, жалғыз үміт оқуда. Тендікке жетсек те, жұрттығымызды сақтасақ та, дүниеден сыбағалы орнымызды алсақ та, бір ғана оқудың арқасында аламыз. Жақсылыққа бастайтын жарық жұлдыз оқу. «Надан жұрттың күні қараң, келешегі тұман» [311, 110 б]. - деп жазды. Салыстырмалы тұрғыдан алғанда, еуропалық ғылымда ағартушылық тақырыбы өзіндік тарихы мен теориясы мен ерекшеліктері, барлық қалыптасу және даму сатыларынан емін-еркін жүріп өтті. Ал оның өкілдері ешқандай да репрессия құрбаны болған емес. XX ғасырдың басындағы, қазақ ағартушы толыққанды тұтас қоғамдық процесс ретінде қарқынды өріс алғанымен, ғұмыры ұзаққа созылған жоқ.

Тарихқа көз жүгіртсек 1913-1918 жылдары Оқу-ағарту мәселесін арқау етіп жазған Ахмет Байтұрсынов, М.Дулатов, Ә.Бөкейхановтың мақалалары «Қазақ» газетінің әр санында жарияланды. Ағартушы оқу-ағарту, оқулықтар жасау, әліппе, емле, грамматика, жер иегері, кәсіп істеу, халықаралық қатынастар, тарих, қоғамдық күрестер, мәдениет, әдебиет, эстетика мәселелерін тереңнен қозғап, қоғамдық-әлеуметтік ойға, ұйытқы болған пікірлер мен тұжырымдар жасаған. «Олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, ордалы жерде орыннан қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз бәрі надандық кесапаты», - дей келіп, ел мен елді, ұлт пен ұлтты теңгеретін ғылым, өнер екенін айтып, оқуға, ағартушылыққа ден қояды. Бұл бағытта жазылған, мақалалар өте көп. «Қазақ» газеті қоғамның зиялы қауым мен халықты арасын жалғастырушы алтын көпір іспеттес, өмірі тереңінен бастау алып, күн санап нығайып келе жатқан халық наразылығына бағыт беруге тиісті еді. Міне, осы қажеттілікті іске асыру мүмкіншілігі бүкіл Ресей көлемінде революциялық қайта өрлеу жағдайында туды және ол Орынбор қаласында іске асырылды. «Қазақ» газетінің қатарында шыға бастаған қазақ тарихындағы тұңғыш халықтың рухани жетілуінде алатын орны ерекше [323]. Сонымен бірге оның күнделікті оқиғалар мүмкіншілігі шектеулі болғандығы өзінен-өзі түсінікті. Газет, сол кезеңдегі қазақ ұлт-азаттық қозғалысының ең белсенді қайраткерлері Ә.Бөкейхановтың, А.Байтұрсынов, М.Дулатов еңбегінің ортақ жемісі еді. Газетті ұйымдастыру, ашу қандай қиын болса, оны қатаң патшалық цензура, жағдайында алты жылға жуық уақыт бойы шығарып тұру екі есе азапқа түскендігі ақиқат. «Қазақ» газетінің мақсатты ағартушылықты, кең пайдаланып қазақ демократиялық ағымына байланысты жедел пікір қалыптастыру интеллигенциясымен бірге «Қазақ» газеті төңірегіне топтасқан ұлттық интеллигенция өзінің жігерлі қоғамдық еңбегімен

қазақ елінің ұлттық санасының оянуына қызмет жасаумен бірге, халықтың прогресшіл демократиялық күштерінің ұлт тағдырына қатысты негізгі қоғамдық зәру мәселелердің төңірегіне топтасуына да үлес қосты. Міне осы жоғарыда айтылғандар, біздің ойымызша, екінші ағымдағы қазақ зиялыларын ұлттық демократиялық интеллигенция атауға негіз бола алады.

Қорытындылай келе, «Қазақ» газетінің 1913 жылғы санында оқу-ағарту мәселесіне қатысты 40 мақала жарияланған. Атап көрсетсем, Студент Есенғали Қасболатов, А.Байтұрсынұлы, Жанталин Ахмет, Жомартбаев Тahир, Нұрекенов Хасен, Потанин Г.Н, Шоқаев Ғабдолла, Дулатұлы М, Болғанбай Қайыркен, Қарашев Ғ, Мақсұтов Нияз, Сәрсекеев Хафиз, Қашқымбаев Досмайыл, Торайғыров С., Бөкейхан Ә. Қыр баласы, Дөнентаев Сәбит, Бегалиев, Ғайсин Зәкір, Ақмола уезінен, Тілшілер сөзі, Хат-хабарлар, Сыртқы хабарлар, Ішкі хабарлар айдарымен әр облыстағы мектеп-медреселер ашу мәселесіне қатысты мақалалар көптеп жарияланып тұрған. Медреселерден қазақ балалары қандай білім алып шығады және де ел жұртына тигізер пайдасы деген сұрақтарға шешім іздеді. «Қазақ» газетінің 1913 жылы 2 ақпанында жарияланған Ахмет Жанталиннің «Медреседен оқып шыққан шәкірттерде не болашақ» мақаласында қазақ балаларына не оқуға керек, не білуге керек? деген сұрақтарға жауап іздеді.

1914 жылы «Қазақ» газетінде білім, оқу-ағарту мәселесіне қатысты 15 мақала жарияланған. Мақала авторлары: Әлімбеков И, Дулатұлы М, Жанталин Ахмет, Қарашев Ғұмар, Сейітов Асылбек, Болғанбаев Қайыркен.

«Қазақ» газеті 1915 жылғы топтамасында білім мәселесіне тоқталған 25 мақала жарияланған. Мақала авторларын атап көрсетсем Ақберлин Ысқақ, Байтұрсынұлы А., Бөкейхан Ә., Қыр баласы, Боранбайұлы Ешмұхамет, Бөштаев Мұқыш, Дулатұлы М., Дәулетияров Ғ., Есболұлы М., Есенғали, Жиенғали Құдайберген, Ж.Ж. Талапкер, Ибрагимов Хамза, Құлжанова Н., Ләтиев Ғабдолмәлік, Лекеров Ғабиболла, Мұғалімдерге ашық хат, Мұғалімдер курсы хақында, Оразалыұлы Ыдырыс, Омарұлы Уәлихан, Қ.Маңғыбай, Тыныштықбайұлы Бейсенбай, Бекмұхаметов А., Тоқтарбеков Ғ., Тілепбергенов Жиенғали, Жәнібеков Ж., Күзембаев Нығметтола, Газеттерден, Ақмола уезінен. Газеттің әр санында бүркеншік есімдермен мақалалар жарияланып тұрды.

Сонымен, «Қазақ» газеті тек ақпарат, үгіт-насихат құралы ғана емес, Қазақстан тәуелсіздігі үшін күрескен Алаш қайраткерлерінің ғылым ордасы, ғибадатханасы болғанға ұқсайды. Міне, қысқа қайырғанда қазақтың ұлттық баспасөзінің осындай шоқтықты тұстары, елеулі кезеңдері болған. Баспасөз-әдеби тарихи шежіре. Ағартушы, ұлт көсемі А.Байтұрсынов айтпақшы: «Тарихи әдебиетті жоқ халықтың дүниеде өмір сүруі ұлттығын сақтап қалуы қиын. Әдебиеті, тарихы жоқ халықтар басқаларға сіңісіп, жұтылып жоқ болады. Қай жұрттың болса да жаны әдебиет. Жансыз тән жасамақ емес»-деп, халқына өшпес мұраларын қалдырды. Жоғарыдағы «Қазақ» газетіндегі оқу-ағарту туралы мақалаларды тарих пәнінде оқытудың әдістемелік негізін -ХХ ғасырдың басындағы қазақ ұсынғымыз келеді. «Қазақ» газеті зиялыларының ұлттық сананы оятудағы басты басылымдарының бірі. Бұл газетте оқу-ағарту мәселелері кеңінен қамтылды. Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулатов сынды ұлт көшбасшылары халықтың білім алуы мен мектеп жүйесін

жетілдірудің маңыздылығын көтерді. Осы тарихи дереккөзді орта мектептерде тарих пәнін оқытуда тиімді пайдалану оқушыларға ұлттық сана, білімнің маңызы туралы терең түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді. тарих пәнінде «Қазақ» газетіндегі оқу-ағарту мәселелерін оқыту бірнеше негізгі бағытта жүзеге асады: «Қазақ» газетіндегі оқу-ағарту туралы макалаларды тарих пәнінде оқытудың әдістемелік негіздері бойынша диаграмма. Диаграмма оқу әдістері мен олардың оқушыларға әсерін көрсетеді.



5-сурет - Оқу әдістері мен олардың оқушыларға әсері

Бұл көрсеткіштер А.Байтұрсынұлы мұрасы мен «Қазақ» газетін оқытуда зерттеушілік және интерактивті тәсілдерге басымдық берілетінін дәлелдейді.

Бұл «Қазақ» газетіндегі оқу-ағарту мәселелерін тарих пәнінде оқытудың негізгі әдістерін көрсетеді. Әр әдістің үлесі пайызбен берілген. «Қазақ» газеті – XX ғасыр басындағы ұлттық баспасөздің көрнекті өкілі.

Ол қазақ халқының саяси, әлеуметтік, мәдени мәселелерін көтеріп, оқу-ағарту тақырыбына ерекше көңіл бөлді. Газет беттерінде жарық көрген мақалалар қазақ қоғамының білімге деген кезқарасын, ағартушылық қозғалысының бағыттарын, сол кезеңдегі мектеп, мұғалім, оқу құралдары мәселелерін түсінуге мүмкіндік береді. «Қазақ» газетінде жарық көрген оқу-білімге қатысты мақалаларды тарих пәнінде оқыту тарихи білім берудің маңызды бөлігі. Алайда, оны тиімді пайдалану үшін мазмұнды іріктеу, тарихи контексті түсіндіру, оқушылардың сыни ойлау дағдыларын дамыту және интерактивті оқыту әдістерін жетілдіру қажет. Бұл мәселелер шешімін тапса, оқушылардың ұлттық тарихқа деген қызығушылығы артып, олардың танымдық қабілеттері дамиды.

Тарих пәнінде «Қазақ» газетіндегі оқу-білімге қатысты мақалаларды оқыту – оқушылардың тарихи санасын қалыптастыруда маңызды. Алайда, оны оқыту әдістемесінде бірқатар шешуді қажет ететін проблемалар бар. «Қазақ» газетіндегі оқу-білімге қатысты мақалалар өте ауқымды және әртүрлі бағытты қамтиды. Оқу бағдарламасына сәйкес келетін мақалаларды іріктеу қиындық тудырады. Оқушылардың жас ерекшелігіне сай, мәтіндердің тілін жеңілдетіп беру қажеттілігі туындайды. «Қазақ» газетінің барлық мақалалары оқулықтар мен оқу бағдарламаларында толық қамтылмаған. Газет материалдарының түпнұсқалары латын, төте жазумен жарық көрген, бұл қазіргі оқушылар үшін түсінікті болмауы мүмкін. Сол үшін Тарихи дерек ретінде электронды оқу ресурстарына (интерактивті платформалар, цифрлық мұрағаттар) енгізу. Газет материалдары белгілі бір авторлардың көзқарасын білдіреді, сондықтан оқушыларға объективті талдау жасау әдісін үйрету керек. Салыстырмалы талдау әдістерін енгізу арқылы сол дәуірдегі басқа дереккөздермен байланыстыру қажет. Көптеген мектептерде «Қазақ» газетінің түпнұсқа мәтіндерімен жұмыс істеуге арналған әдістемелік құралдар жетіспейді. Газет мақалаларын оқытудың интерактивті тәсілдері (дебат, рөлдік ойындар, тарихи зерттеу жобалары) толық дамымаған. Оқушыларды қызықтыру үшін заманауи технологияларды (цифрлық архивтер, мультимедиалық ресурстар) қолдану қажеттілігі бар. Қазіргі тарих оқулықтарында «Қазақ» газетінің ағартушылық рөлі қысқаша ғана баяндалады. Оқу бағдарламасында газет материалдарын терең талдауға жеткілікті уақыт бөлінбейді.

Оқу бағдарламасына сәйкес келетін мақалаларды сұрыптап, әдістемелік құралдар дайындау. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай мәтіндерді жеңілдетілген түрде ұсыну.

«Қазақ» газетіндегі мақалаларды сол дәуірдің тарихи жағдайымен байланыстыра отырып талдау. Тарихи ұғымдарды жеңілдетілген түсіндірмелермен беру. XX ғасыр басындағы тарихи оқиғалар мен қазіргі заман арасындағы сабақтастықты көрсету. «Қазақ» газетіндегі мақалаларды басқа дереккөздермен салыстырып талдау. Оқушылардың өздік пікірін қалыптастыруға бағытталған сұрақтар мен тапсырмалар әзірлеу. Тарихи дерек ретінде электронды оқу ресурстарына (интерактивті платформалар, цифрлық мұрағаттар) енгізу. Тарих пәнінің бағдарламасына [324] арнайы тақырыптық сабақтар немесе қосымша материалдар ретінде енгізу және ЖОО-да болашақ тарих пәні мұғалімдеріне «Қазақ» газеті материалдарын оқыту әдістемесін үйрету. Оқушылар үшін XX ғасыр басындағы публицистикалық стильдегі мәтіндерді түсіну қиындық туғызады. Мәтіндерге талдау жасау және оларды қазіргі заманмен байланыстыру қабілетті жетілдіру қажет етеді. Оқушыларға мәтіннің негізгі ойын анықтау, автор көзқарасын талдау, пікірталас ұйымдастыру әдістерін үйрету. «Қазақ» газетіндегі оқу-білім мәселелеріне қатысты мақалаларды тарих пәнінде оқыту – оқушылардың ұлттық санасын ояту, тарихи танымын кеңейту, сыни ойлау қабілетін дамыту үшін аса маңызды. «Қазақ» газеті деректерін тарих сабағында тиімді пайдаланып, оқушыларға қазақ ағартушылығы мен ұлттық білім беру жүйесінің қалыптасуы туралы тереңірек білім беруге болады.

Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты «Қазақ» газетінің ұлттық білімге қосқан үлесін жан-жақты зерделеу. Сонымен қатар «Қазақ» газетінің ел руханиятын өркендетудегі, оның ішінде оқу білімді қалыптастырудағы орнын анықтау, сол арқылы тарихтың белгілі бір кезеңіндегі білім беру саласының даму ерекшелігін ашып көрсету, оған ықпал еткен тарихи, саяси-әлеуметтік, экономикалық, тарихи факторларды жан- жақты ескере отырып тарих пәнінде оқыту барысын қарастыру мақаланың басты мақсаты болып табылады. Оқу үрдісінде оны жас ұрпаққа жүйелі түрде жеткізу. Осы мақсатқа жету жолында Қазақ газеті көтерген оқу білімге қатысты өзекті мәселелерді саралау, анықтау, Алаш қайраткерлерінің оқу білімге қатысты көзқарастарын ой елегінен өткізу арқылы ұлттық оқу білімнің бағытының негізі қаланғанын көрсету. Басылым бетінде жарияланған оқу білімге қатысты мәліметтерді сараптап, газеттің оларды жинау мен зерттеуді жүзеге асырудың жаңа талаптарын алға шығарған бастамаларын халық мұрасын ғылыми игерудің жаңа бағыт-бағдары екендігін айқындау. Жалпы «Қазақтың» XX ғасыр басындағы білім беруді дамытуға қосқан үлесін көрсету арқылы төл тарихымыздағы оқу білімді қалыптастырудағы көшбасшылық орнын айқындау арқылы тарих пәнін де оқыту. Нысаны: 1913-1915 жж. Қазақ газеті және оқу білім саласына шақырудағы үлесі. Қазақ газетіндегі ұлттық оқу білімге шақыруды қалыптастыру тәжірибелері. «Қазақ» газетіндегі оқу білімге қатысты туындылар, әдеби мұралар, әдеби-тұлғатанулық еңбектер, оқу білімге қатысты мақалалар зерттеудің пәні болып табылады.

КЕЙС-СТАДИ

Кейс сипаттамасы (жағдаят)

XX ғасырдың басында қазақ қоғамы сауатсыздық, ұлттық бірегейліктің әлсіреуі және отарлық саясаттың қысымында өмір сүрді.

Осындай күрделі жағдайда Міржақып Дулатұлы білім мен ғылымды ұлтты сақтап қалудың және өркениетке жетудің басты құралы деп таныды.

Ол мұғалімдер даярлау, мектептер ашу, ұлттық тілде оқулық жазу және оқытудың тәрбиелік мәнін арттыру бағытында еңбек етті.

Дулатұлының еңбектері ***(«Оқу құралы», «Есеп құралы», публицистикалық мақалалар)*** қазақ халқын оқу-ағарту жолына бағыттап, жаңа педагогикалық ойлаудың негізін салды.

Бүгінгі таңда Қазақстанда білім беру реформалары ұлттық құндылықтар мен рухани тәрбиені күшейтуді мақсат етіп оты. Осы тұста Міржақып Дулатұлының ағартушылық мұрасы заманауи білім мазмұнын дамыта алады.

2 Негізгі мәселе (сұрақ)

Қазіргі білім беру жүйесінде Міржақып Дулатұлының оқу-ағарту ісіндегі идеялары мен әдістерін қалай қолдануға болады?

Олар оқушылардың ұлттық сана-сезімі мен рухани дамуына қандай үлес қоса алады?

18-кесте

Оқу-ағарту ісіндегі Міржақып Дулатұлының мақалаларына SWOT талдау

STRENGTHS (Күшті жақтары)	WEAKNESSES (Әлсіз жақтары)	OPPORTUNITIES (Мүмкіндіктер)	THREATS (Қауіптер)
Қазақ халқының ұлттық санасын оятуға бағытталған ағартушылық қызмет атқарды.	Сол дәуірде ағартушылық идеяларға қоғамның дайындығы төмен болды.	Қазіргі ұлттық білім беру жүйесінде Дулатұлы идеяларын қолдану мүмкіндігі.	Жаһандану дәуірінде ұлттық құндылықтардың әлсіреуі.
Ана тілінде оқыту мен ұлттық мектептің негізін қалауға ықпал етті.	Материалдық және техникалық мүмкіндіктердің шектеулілігі.	Рухани-адамгершілік тәрбиені жаңғыртуға үлгі ретінде пайдалану.	Тарихи мұраға жастардың қызығушылығының төмендеуі.
Білім мен тәрбие бірлігін ұстанды – адамгершілік пен отансүйгіштікке тәрбиелеуді басты мақсат етті.	Оқу орындарының аздығы, оқулықтардың жетіспеушілігі.	Ана тіліндегі оқулықтар мен оқу бағдарламаларын жетілдіру.	Батыстық үлгіге тәуелділік салдарынан отандық идеялардың көлеңкеде қалуы.
Қазақ қоғамында мұғалім мәртебесін көтерді, оқу ісін халық игілігіне айналдырды.	Мемлекеттік қолдау мен еркіндіктің болмауы (отарлық саясат әсері).	Ұлттық тәрбие мен патриоттық сананы қалыптастыруда тиімді құрал ретінде қолдану.	Коммерциализацияланған білім жүйесінде рухани бағыттың ескерілмеуі.
Заманауи білімді ұлттық құндылықтармен ұштастырды.	Кей идеялары саяси себептермен жүзеге аспай қалды.	Педагогикалық мұраны зерттеу арқылы отандық ғылымды байыту.	Міржақып мұрасының мектеп бағдарламасында жеткіліксіз қамтылуы.

19-кесте

3. Тарихи деректер

Тарихи кезең	Міржақып Дулатұлының әрекеті	Білім беру саласына әсері
1909-1913 жж.	«Оқу құралы», «Есеп құралы» оқулықтарын жазды	Қазақ мектептерінде ана тілінде оқу дамыды
1917-1920 жж.	Ұлттық тәуелсіздік пен ағартушылықты байланыстырды	Білім мен ұлттық сана тұтастығы идеясын ұсынды
XX ғ. басы	Жаңа әдісті мектептерді қолдады	Мұғалім беделін арттырып, тәрбиеге назар аудартты
Қазіргі кезең	Идеялары қайта зерттелуде	Рухани-адамгершілік бағыттағы білім мазмұнына үлгі болуда

4 Мәселені талдау

- ***Тарихи тұрғыдан:***

Міржақып Дулатұлы ұлттың дамуында білімнің шешуші рөлін көре білді. Ол тек оқыту емес, тәрбиелеу мен ұлттық сананы оятуды басты міндет санады.

– **Педагогикалық тұрғыдан:**

Оның әдістері:

– Білімді өмірмен байланыстыру,

– ұлттық тіл мен мәдениетті сақтау,

– адамгершілік пен еңбек тәрбиесін күшейту.

Бұл тәсілдер қазіргі заманғы құндылыққа негізделген білім берумен сәйкес келеді.

Қазіргі жағдаймен байланыс:

Бүгінде Қазақстанның білім беру жүйесі «Ұлттық тәрбие», «Рухани жаңғыру», «Жаңа гуманизм» идеяларына сүйенеді - бұл бағыттар Дулатұлының көзқарастарымен тікелей үндес.

5. Шешімдер

Міржақып Дулатұлы идеяларын оқу бағдарламаларына енгізу:

– Тарих, әдебиет және педагогика пәндерінде оның ағартушылық еңбектерін мысал ретінде талдау.

Мектепте «Ұлт ұстаздары» апталығын өткізу:

– Дулатұлы, Байтұрсынұлы, Жұмабаев еңбектерін оқушылармен таныстыру.

Жобалық және құндылыққа бағытталған оқыту әдістерінде қолдану:

– «Ағартушылар мұрасы және заманауи білім» атты топтық зерттеу жобаларын ұйымдастыру.

Мұғалімдерге және оқушыларға арналған семинарлар мен тренингтер:

– Ұлттық педагогика және ағартушылық құндылықтарын заманауи сабақ құрылымына енгізу. Міржақып Дулатұлының оқу-ағарту ісіндегі маңызы - қазақ халқының рухани жаңғыруының бастауы. Ол білім беру арқылы ұлттық бірлікті, адамгершілік пен отансүйгіштікті қалыптастыруды көздеді. Бүгінгі білім жүйесінде оның идеялары құндылыққа негізделген оқыту мен ұлттық тәрбиенің іргетасы бола алады. Сондықтан қазіргі педагогикада Міржақып Дулатұлының әдістерін жаңаша форматта қолдану - ұлт болашағына деген инвестиция. XX ғасыр басындағы мерзімді баспасөз беттеріндегі оқу-ағарту мәселелері (Гербарт әдісі негізінде). Бұл кезеңде білім мен ағарту мәселесі қоғамдық пікірдің басты тақырыбына айналды. «Айқап», «Қазақ», «Сарыарқа», «Алаш» сияқты мерзімді басылымдар елдің сауатын ашуға, мектеп ісін дамытуға, ұстаздардың тәжірибесін жетілдіруге арналған мақалаларды жиі жариялады. Осы кезеңдегі педагогикалық ой-пікірлер халықты тәрбиелеудің жаңа жолдарын іздеумен қатар жүрді. Білім беру жүйесіне Гербарт әдісі сияқты құрылымдық және ғылыми тәсілдер ене бастады. XX ғасыр басындағы оқу-ағарту мәселелерін талдап, Гербарттың оқыту әдісі арқылы сол кездегі идеяларды қазіргі білім беру жүйесінде қолдану мүмкіндігін көрсету. XX ғ. басындағы қазақ мерзімді баспасөзіндегі оқу-ағарту тақырыптарын анықтау. Гербарттың педагогикалық әдісінің мәнін түсіндіру. Сол әдісті баспасөз материалдары арқылы сипаттап, қазіргі білім жүйесіне бейімдеу жолдарын ұсыну [325]. XX ғасырдың алғашқы жылдарында қазақ қоғамы үшін басты мәселе - халықты сауаттандыру, жаңа үлгідегі мектептер ашу болды. Мерзімді басылымдарда («Айқап», «Қазақ» және т.б.) жарық көрген мақалаларда мынадай бағыттар айқын көрінеді [325]: Білім

мен мәдениетті өркендету; Ұлттық мектептің негізін қалыптастыр; Мұғалімнің жаңа рөлі мен әдістемесін талқылау; Әйелдер мен ауыл балаларына білім беру маңыздылығын түсіндіру. Мысалы, «Қазақ» газетінің 1913 жылғы сандарында оқу жүйесін жаңарту туралы мақалларда балалардың қабілетіне қарай оқыту, сабақты қызықты өткізу, көрнекілік қолдану, мысал арқылы үйрету қажеттілігі айтылған. Бұл идеялар өз негізін сол кезде кең тараған Гербард педагогикасынан алады. Неміс педагогы Иоганн Фридрих Гербард (1776-1841) ұсынған әдіс оқу үдерісін жүйелі түрде ұйымдастыруға бағытталған.

20-кесте

Н.Герберт ұсынған білім берудің бес кезеңі

Кезең атауы	Мазмұны	Педагогикалық мәні
1. Дайындық (Preparation)	Сабақ тақырыбына қызығушылық ояту, бұрынғы біліммен байланыстыру	Оқушы назарын сабаққа бағыттау
2. Көрсету (Presentation)	Жаңа материалды нақты мысал, дерек арқылы беру	Көрнекілік пен нақты ойлау дамыту
3. Ассоциация (Association)	Жаңа білімді бұрынғы мәліметпен салыстыру	Салыстыру мен логикалық байланысты арттыру
4. Жалпылау (Generalization)	Негізгі қағида мен қорытынды шығару	Теориялық ойлауды қалыптастыру
5. Қолдану (Application)	Алған білімді өмірде, тәжірибеде қолдану	Білімнің практикалық мәнін ашу

Бұл құрылым сол дәуірде педагогикалық жаңалық болып саналды және мерзімді басылым беттеріндегі ағартушылық мақалаларда жиі көрініс тапты. Гербард әдісін мерзімді баспасөз материалдарына қолдану үлгісі [326].

21-кесте

Қолдану әдісі

Сабақ кезеңі	«Қазақ» немесе «Айқап» газетіндегі материал арқылы мысал	Қолдану тәсілі
Дайындық	«Айқап» журналының мақаласы: *«Балаларды өз тілінде оқыту жайында»*	Оқушылардан ана тілі мен өзге тілде оқу айырмашылығын сұрау
Көрсету	Мақаланың мәтінін оқу, автордың көзқарасын түсіндіру	Мәтінді түсініп, мысал келтіру
Ассоциация	Бұрын оқылған ағартушы Ы.Алтынсарин еңбектерімен салыстыру	Ұқсастық пен айырмашылық табу
Жалпылау	Газет мақаласының негізгі идеясын шығару – «оқыту ұлттық негізде болу керек»	Қорытынды пікір жазу
Қолдану	Қазіргі мектеп жүйесінен мысал келтіру: қазақ тілі, әдебиет, тарих пәндеріндегі ұлттық мазмұн	Эссе немесе постер дайындау

Осы тәсіл арқылы оқушылар сол дәуірдің баспасөзін тек тарихи дерек ретінде емес, оқыту материалы ретінде қабылдайды. Бұл олардың сыни ойлауын, мәтінді талдау дағдыларын және мәдени танымын арттырады. Қазіргі білім беру жүйесінде қолдану мүмкіндігі. Қазіргі педагогикада да Гербарт әдісінің элементтері жиі кездеседі. Мысалы: «Қызығушылықты ояту» – дайындық кезеңі;

«Мағынаны тану» – көрсету және ассоциация; «Ой-толғаныс» – жалпылау мен қолдану кезеңдері. Мұғалімдер газет немесе интернеттегі тарихи мақалаларды қолданып, осы әдіс арқылы пәнаралық сабақтар жүргізе алады. Мысалы, «Қазақ» газетінің мақаласын талдап, қазіргі білім саясатына параллель жасау. XX ғасыр басындағы мерзімді басылымдар оқу-ағарту идеяларының басты таратушысы болды. Ондағы ойлар халықтың сауатын ашуға, ұлттық педагогиканың негізін қалауға ықпал етті [327]. Гербарттың жүйелі оқыту әдісі сол кезеңнің ағартушылық идеясымен үйлесіп, қазіргі заманғы сабақ құрылымының бастауына айналды. Бүгінгі білім беру тәжірибесінде осы әдісті баспасөз материалдарымен ұштастыру – тарихи сабақтастықты сақтап, оқушылардың білімге қызығушылығын арттырудың тиімді жолы болып табылады [328].

Қорыта келе, Ұлттық мерзімді басылымдардың теориялық-әдіснамалық негіздерін заманауи технологиялармен (AR/VR, цифрлық талдау) ұштастыру мектептегі тарих білімін мазмұндық жағынан байытып, білім алушылардың XXI ғасыр талаптарына сай пәндік құзыреттіліктерін шыңдауға жол ашады.

3.2 «XX ғасыр басындағы ұлттық мерзімді баспасөз беттеріндегі білім беру және ағарту мәселелері» атты таңдау курсының бағдарламасы

Қазіргі білім беру жүйесінде білім алушылардың алған білімдерін өмірлік тәжірибеде тиімді қолдана алуы басты басымдықтардың бірі болып отыр. Осы тұрғыдан алғанда, «Ұлттық мерзімді баспасөздерді зерттеу XX ғасыр басындағы Қазақстан тарихының» атты таңдау курсының бағдарламасы тарихи білімді өмірмен ұштастыруға бағытталған өзекті курстардың бірі болып табылады. Бағдарлама білім алушыларға арналған және аптасына 1 сағат, жалпы көлемі 34 сағатты құрайды.

Қазақстан тарихы пәнінде «Алаш қозғалысы және қазақ ұлттық идеясы» тақырыбы Кабульдинов З., Шаймерденова М., Куркеев Е. авторлары ұсынған оқулық негізінде оқытылады. Оқулыққа сілтеме: https://free.atamura.kz/?mbdb_book [329].

Алайда аталған оқулықтағы бұл тақырыпқа арналған материалдар 33-38 беттер аралығында қысқаша беріліп, ұлттық мерзімді баспасөз материалдары жеткілікті деңгейде ашылмаған. Осыған байланысты ұсынылып отырған элективті курс оқулықтағы мазмұнды толықтырып, тарихи деректерді тереңірек зерделеуге мүмкіндік береді.

Бағдарламаны оқыту барысында білім алушылар баспасөз материалдарымен жұмыс істеу арқылы ақпаратты талдауға, жүйелеуге және өз ойларын дәлелді жеткізуге дағдыланады. Оқылым және айтылым тапсырмалары арқылы білім алушылардың коммуникативтік дағдылары қалыптасып, функционалдық сауаттылығы дамиды. Бұл өз кезеңінде тарихи деректерді саралап, оларды өмірлік қажеттіліктеріне қолдануына ықпал етеді.

Қазақ халқының тарихында XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басы ерекше кезең болып саналады. Бұл кезең қазақ қоғамының білім мен ағартушылыққа бет бұруымен, ұлттық интеллигенцияның қалыптасуымен және қоғамдық-саяси ойдың жаңғыруымен сипатталады. Осы уақытта мектеп пен

медреселердің жаңаруы, зайырлы білім беру мекемелерінің ашылуы, ұлттық баспасөздің қалыптасуы сияқты маңызды өзгерістер орын алды. Сондықтан XX ғасыр басындағы қазақ қоғамының әлеуметтік-мәдени дамуын зерттеуде ұлттық мерзімді баспасөз материалдарының тарихи дерек көзі ретіндегі маңызы ерекше.

Бағдарлама мазмұнында «Қазақ», «Айқап», «Сарыарқа», «Бірлік туы» және басқа да ұлттық басылымдарда жарияланған мақалалар арқылы оқу-ағарту мәселелерін көтерген Алаш қайраткерлерінің ағартушылық қызметі қарастырылады. Бұл материалдар білім алушыларға қазақ зиялыларының ел болашағы үшін білім мен ғылымды басты құндылық ретінде танытқанын түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, курс білім алушылардың ұлттық тарихи сана-сезімін қалыптастырып, мәдени мұраға құрметпен қарауына тәрбиелейді.

Бағдарламаны меңгеру барысында білім алушылар тарихи деректермен жұмыс істеу, ақпаратты саралау, салыстыру және қорытынды жасау дағдыларын игереді. Оқылым және айтылым тапсырмалары арқылы білім алушылар өз көзқарастарын еркін жеткізуге, пікірталас жүргізуге және ғылыми тұжырым жасауға үйренеді. Бұл жұмыстар олардың сыни ойлау қабілетін дамытып, өз бетімен білім алуға ынталандырады.

Осылайша, аталған таңдау курсының бағдарламасы білім алушылардың тарихи білімін кеңейтіп қана қоймай, олардың функционалдық сауаттылығын дамытуға, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге және тұлғалық қалыптасуына ықпал ететін маңызды білім беру курсы болып табылады. Қазіргі білім беру жүйесінде білім алушылардың тарихи деректерді талдау арқылы танымдық және тәрбиелік құндылықтарды меңгеруі ерекше маңызға ие болып отыр. Осы тұрғыдан алғанда, баспасөз материалдары негізінде ағартушылардың шығармаларын оқыту білім алушылардың тарихи санасын қалыптастырумен қатар, олардың тұлғалық және рухани дамуына ықпал етеді. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басы қазақ қоғамының рухани жаңғыру кезеңі болып саналады. Бұл уақытта қазақ зиялылары халықты білім мен ғылымға шақырып, ұлттық мәдениетті сақтауға бағытталған ағартушылық қызмет атқарды. Ағартушылар өз ойларын халыққа жеткізудің тиімді құралы ретінде ұлттық мерзімді баспасөзді кеңінен пайдаланды. «Қазақ», «Айқап», «Сарыарқа», «Бірлік» ұлттық сана, мәдениет және қоғамдық даму мәселелері кеңінен көтерілді. туы» және басқа да басылымдарда жарияланған мақалаларда білім беру, тәрбие, Аталған баспасөз материалдары ағартушылардың танымдық көзқарастарын ғана емес, олардың тәрбиелік идеяларын да айқындайтын маңызды тарихи дерек көзі болып табылады. Сондықтан бұл материалдарды білім беру үдерісінде пайдалану білім алушылардың тарихи білімін тереңдетіп, ұлттық құндылықтарға құрмет сезімін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Баспасөз материалдары арқылы ағартушылардың еңбектерін зерделеу білім алушылардың тарихи деректермен жұмыс жасау дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Олар баспасөз мәтіндерін талдау барысында негізгі ақпаратты анықтауға, тарихи құбылыстарды салыстыруға, деректер негізінде қорытынды жасауға үйренеді. Мұндай жұмыстар білім алушылардың сыни ойлау қабілеттерін жетілдіріп, зерттеушілік дағдыларын қалыптастырады. Сонымен қатар,

ағартушылардың баспасөз беттеріндегі шығармалары білім алушылардың танымдық қызығушылығын арттырып, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Баспасөз материалдарымен жұмыс жасау барысында білім алушылар тарихи ақпараттарды талдап қана қоймай, өз көзқарастарын дәлелді түрде жеткізуге дағдыланады. Бұл олардың коммуникативтік дағдыларының қалыптасуына ықпал етеді. Баспасөз материалдары негізінде ағартушылар шығармаларын оқыту білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруда да маңызды рөл атқарады. Олар тарихи мәтіндерді түсіну, ақпаратты саралау және оны өмірлік тәжірибеде қолдану дағдыларын меңгереді. Сонымен қатар, тарихи деректерді зерттеу білім алушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастырып, дерек көздерімен жұмыс жасау қабілеттерін дамытады. Осы тақырыпты оқыту білім алушылардың ұлттық тарихи санасын қалыптастыруға ерекше ықпал етеді. Ағартушылар еңбектеріндегі білім мен тәрбиеге қатысты идеялар жас ұрпақты адамгершілікке, елжандылыққа және ұлттық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелейді. Бұл қазіргі қоғамның рухани даму талаптарымен де сабақтасып жатыр. Осылайша, «Баспасөз материалдары негізінде ағартушылардың туындыларының танымдық-тәрбиелік маңызы» тақырыбы білім алушылардың тарихи білімін кеңейтіп, олардың зерттеушілік қабілеттерін дамытуға, функционалдық сауаттылығын арттыруға және ұлттық құндылықтарды меңгеруіне мүмкіндік беретін өзекті бағыттардың бірі болып табылады. Бағдарламаның мақсаты «Баспасөз материалдары негізінде ағартушылардың туындыларының танымдық-тәрбиелік маңызы» атты тандау курсының негізгі мақсаты білім алушыларды XX ғасыр басындағы ұлттық мерзімді баспасөз материалдарымен жүйелі түрде таныстыру арқылы қазақ ағартушыларының шығармаларындағы білім беру, тәрбие, ұлттық сана және мәдени даму мәселелерін ғылыми тұрғыда түсіндіру. Сонымен қатар, курс барысында білім алушылардың тарихи деректерді деректік талдау арқылы зерттеу дағдыларын қалыптастыру, ақпаратты саралау және салыстыру қабілеттерін дамыту, функционалдық сауаттылығын арттыру көзделеді.

Аталған курс білім алушыларға ұлттық баспасөз беттерінде жарияланған ағартушылар еңбектерінің қоғам дамуындағы тарихи рөлін түсіндіруге бағытталады. Сонымен бірге, ағартушылардың білім мен ғылымды насихаттау арқылы халықтың рухани жаңғыруына қосқан үлесін зерделеу білім алушылардың ұлттық құндылықтарды бағалай білуіне ықпал етеді. Курсты меңгеру барысында білім алушылар тарихи ақпаратты талдау, мәтіндік деректермен жұмыс жасау, өз пікірін дәлелді жеткізу және ғылыми қорытынды жасау дағдыларын жетілдіреді.

Курсты оқыту барысында төмендегі міндеттер жүзеге асырылады:

Біріншіден, білім алушыларға XX ғасыр басындағы ұлттық мерзімді баспасөз материалдарын ғылыми тұрғыда талдау әдістерін үйрету көзделеді. Бұл міндет білім алушылардың тарихи дерек көздерін анықтау, олардың мазмұнын саралау, тарихи маңызын бағалау қабілеттерін қалыптастыруға бағытталады.

Екіншіден, ұлттық баспасөз беттерінде жарияланған ағартушылар еңбектеріндегі білім беру және тәрбие мәселелеріне қатысты идеяларды зерттеу жүзеге асырылады. Білім алушылар ағартушылардың оқу-ағарту саласындағы

көзқарастарын талдау арқылы ұлттық білім жүйесінің қалыптасу ерекшеліктерін түсінеді.

Үшіншіден, білім алушылардың мәтіндерді талдау, негізгі ақпаратты анықтау, тарихи деректерді салыстыру және қорытынды жасау дағдыларын дамыту басты міндеттердің бірі болып табылады. Бұл бағыттағы жұмыстар білім алушылардың сыни ойлау қабілеттерін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Төртіншіден, қазақ ағартушыларының шығармаларын зерделеу арқылы білім алушылардың ұлттық баспасөз тарихына деген қызығушылығын арттыру және ұлттық тарихи сана-сезімін қалыптастыру көзделеді. Ағартушылар еңбектеріндегі ұлттық құндылықтар мен рухани мұра білім алушылардың азаматтық көзқарасын қалыптастыруға ықпал етеді.

Бесіншіден, тарихи деректер негізінде білім алушылардың өз ой-пікірлерін дәлелді түрде жеткізу қабілеттерін жетілдіру міндеті қойылады. Бұл олардың ғылыми көзқарасын қалыптастыруға және зерттеушілік дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Алтыншыдан, жеке, жұптық және топтық жұмыстар арқылы сараланған тапсырмаларды орындау ұйымдастырылады. Мұндай жұмыстар білім алушылардың бірлескен әрекет арқылы білімді игеруіне және коммуникативтік дағдыларын дамытуға жағдай жасайды.

Жетіншіден, ұсынылған тарихи деректер негізінде деңгейлік тапсырмалар орындату арқылы білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыру көзделеді. Бұл білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескеріп, олардың білім деңгейін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Сегізіншіден, теориялық білімді тәжірибелік жұмыстармен ұштастыру жүзеге асырылады. Білім алушылар тарихи материалдарды талдау барысында алған білімдерін тәжірибеде қолдануға үйренеді.

Тоғызыншыдан, білім алушыларды өзіндік тұжырым жасауға дағдыландыру маңызды міндеттердің бірі болып табылады Бұл олардың дербес ойлау қабілетін дамытуға ықпал етеді.

Оныншыдан, тарихи материалдарды түсіну, талдау және қолдану дағдыларын қалыптастыру көзделеді. Бұл бағыттағы жұмыстар білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға мүмкіндік береді.

Он бірінші міндет ретінде білім алушылардың танымдық белсенділігі мен зерттеушілік қабілеттерін дамыту қарастырылады. Олар тарихи деректерді іздеу, салыстыру және талдау жұмыстарын орындау арқылы зерттеу дағдыларын меңгереді.

Он екінші міндет - білім алушылардың тарихи көзқарастарды салыстыру және сараптау қабілеттерін қалыптастыру. Бұл олардың тарихи оқиғаларды жан-жақты бағалауына ықпал етеді.

Курсты меңгеру нәтижесінде білім алушылар ұлттық мерзімді баспасөз материалдарындағы ағартушылар туындыларының мазмұнын ғылыми тұрғыда талдай алады. Олар білім беру мен ағарту мәселелеріне қатысты тарихи деректерді зерттеп, салыстыру арқылы тарихи құбылыстарды жан-жақты түсінеді.

Білім алушылар баспасөз мәтіндерінен негізгі ақпаратты анықтап, оны жүйелей алады, тарихи деректер негізінде өз көзқарасын дәлелді түрде жеткізуге дағдыланады. Сонымен қатар, ағартушылар еңбектеріндегі танымдық және тәрбиелік идеялардың қоғам дамуына ықпалын түсінеді.

Курс барысында білім алушылар жеке, жұптық және топтық жұмыстар арқылы зерттеу және талдау тапсырмаларын орындап, өзара пікір алмасу арқылы коммуникативтік дағдыларын дамытады. Деңгейлік тапсырмалар орындау арқылы білім алушылардың білім сапасы артып, танымдық қабілеттері жетілдіріледі.

Білім алушылар теориялық білімдерін тәжірибелік тапсырмалармен байланыстыра отырып, тарихи материалдарды қолдана алады. Олар тарихи деректер негізінде өзіндік пікір қалыптастырып, ғылыми тұжырым жасауға үйренеді.

Курсты оқу нәтижесінде білім алушылардың функционалдық сауаттылығы дамып, тарихи акпаратты талдау, саралау және қолдану қабілеттері қалыптасады. Сонымен қатар, ұлттық тарихи сана мен мәдени мұраға құрмет сезімі нығайып, азаматтық жауапкершілік пен патриоттық құндылықтары қалыптасады. «Баспасөз материалдары негізінде ағартушылардың туындыларының танымдық-тәрбиелік маңызы» атты курс бағдарламасы білім беру тәжірибесінде кенінен қолданылып қатарында бағдарламаларының оқу дайын жүрген тиімді элективті курс болып табылады. Бағдарлама білім алушыларды ұлттық кездеспейтіндіктен, білім алушылардың тарихи білімін тереңдетуге бағытталған мерзімді баспасөз материалдары арқылы ағартушылардың білім беру мен тәрбие модификациялық тәсілге негізделіп, қолданыстағы оқу бағдарламасының саласындағы көзқарастарымен таныстыруға мүмкіндік береді. Курс мазмұны мазмұнын толықтыруға бағытталған. Бағдарламаны оқыту барысында білім алушылардың тарихи деректерді талдау, салыстыру және саралау дағдыларын дамытуға ерекше назар аударылады. Сонымен қатар, білім алушылардың зерттеушілік қабілеттерін қалыптастыру, тарихи ақпараттарды жүйелі меңгеруіне жағдай жасау көзделеді. Бағдарлама мазмұнында XX ғасыр басындағы ұлттық мерзімді баспасөз материалдары ғылыми дерек көзі ретінде қарастырылып, қазақ зиялыларының ағартушылық қызметіне ерекше мән беріледі. Курсты оқыту барысында ұлттық баспасөз беттерінде жарияланған мақалалардағы білім беру, тәрбие, ұлттық сана және қоғамдық даму мәселелері жан-жақты талданады. Бағдарламада ағартушылардың баспасөз арқылы халықты білім мен ғылымға шақырудағы қызметі ғылыми тұрғыда зерделенеді. Сонымен қатар, ұлттық мерзімді баспасөз материалдарының тарихи құндылығын анықтау, олардың қоғамдағы рухани өзгерістерге ықпалын бағалау мәселелеріне баса назар аударылады. Бұл білім алушылардың тарихи деректерді ғылыми тұрғыда талдау қабілеттерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бағдарламаны оқыту барысында білім алушылардың танымдық, зерттеушілік және тілдік дағдыларын дамытуға бағытталған жұмыстар жүйелі түрде жүргізіледі. Курстың мазмұны төмендегі бағыттарды қамтиды: XX ғасыр басындағы ұлттық мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған мақалаларды зерделеу, олардың мазмұнын талдау және тарихи маңызын саралау; тарихи деректер негізінде тест тапсырмаларын орындау арқылы

білім алушылардың теориялық білімін бекіту; деңгейлік тапсырмалар орындау арқылы білім алушылардың танымдық қабілеттерін дамыту; ұсынылған тарихи ақпараттар негізінде білім алушылардың оқылым, айтылым және жазылым дағдыларын жетілдіру; тарихи мәтіндерді талдау арқылы білім алушылардың сыни ойлау және зерттеу қабілеттерін қалыптастыру; ағартушылардың шығармалары негізінде білім алушылардың ұлттық құндылықтарға деген құрмет сезімін дамыту. Бағдарламаны меңгеру барысында білім алушылар тарихи ақпараттарды талдау, салыстыру және қорытынды жасау дағдыларын игеріп, функционалдық сауаттылығын жетілдіреді. Сонымен қатар, баспасөз материалдары негізінде жүргізілетін оқу жұмыстары білім алушылардың дерек көздерімен жұмыс жасау мәдениетін қалыптастырады.

«Баспасөз материалдары негізінде ағартушылардың туындыларының танымдық-тәрбиелік маңызы» атты тандау курсының бағдарламасы» аптасына бір сағаттық сабақтардан тұрады және жалпы 34 сағатқа арналған. Бағдарлама төрт бөлімге бөлінеді: Бірінші бөлімде курс мазмұны, мақсаты және міндеттері таныстырылады. Білім алушыларға курс барысында нені меңгеру қажеттігі, баспасөз материалдары арқылы ағартушылардың шығармаларының танымдық және тәрбиелік мәні түсіндіріледі. Келесі тақырыпта ұлттық зиялылардың өмірі шығармашылығы қарастырылады. Бұл жерде білім алушылар ағартушылардың өмір жолын, шығармаларын зерттейді, бейнематериалдар мен ақпараттық ресурстар арқылы жұмыс жасайды. Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатовтың ағартушылық қызметі, олардың «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналы арқылы қоғамға ықпалын қарастырады. Білім алушылар жұптық және топтық жұмыс түрлерін пайдалана отырып, жаңа ұғымдарды талдайды, сипаттайды және өз ойларын айқындайды. Мағжан Жұмабаев пен Әлихан Бөкейханның шығармашылығы мақалалары арқылы ұлттық сана мен мәдени дамуға қосқан үлесі зерттеледі. мен баспасөзде жарияланған мақалалары арқылы ұлттық сана мен мәдени дамуға қосқан үлесі зерттеледі. және ашу «Қосжазба күнделігі» әдісі колданылып, білім алушылардың зерттеушілік, ізденушілік дағдылары дамытылады. Бөлімнің соңында тест тапсырмалары арқылы алған білімді бекіту жұмыстары жүргізіледі. Екінші бөлімде білім алушылар «Қазақ» газетінің мазмұнын, негізгі бағыттары мен ағартушылық релін зерттейді. Жұмыс Венн диаграммасы арқылы жүргізіледі. «Айқап» журналының мақсаты мен қазақ қоғамына әсері талданады. RAFT әдісі арқылы интернеттегі материалдарды саралап, зерттеу жұмыстары жүргізіледі. «Сарыарқа» журналының қазақ баспасөзіндегі рөлі қарастырылып, POPS формуласы арқылы мақалалардан негізгі идеяларды шығару әдісі үйретіледі. «Бірлік туы» журналындағы көрнекті ақын-жазушылар мен олардың шығармашылығы талданып, «Т» кестесі әдісі арқылы оқылым және айтылым дағдылары жетілдіріледі. Бөлім соңында тест тапсырмалары арқылы білім бекітіледі. Үшінші бөлімде газет материалдарында оқу-ағарту мәселелерінің қалай көтерілгені қарастырылады. СТО стратегиялары қолданылады. Білім беру мен оқу бағдарламаларын жетілдіру қажеттілігі туралы мақалалар салыстырылады, «Қосжазба күнделігі» арқылы талдау жүргізіледі. Ұлттық тілде білім беру, мектеп сауатсыздықпен күресу тақырыптары оқушылардың оқылым және айтылым дағдыларын дамыту үшін «Т» кестесі әдісі

арқылы қарастырылады. Оқу-ағарту реформалары мен ұлттық мектептердің маңызы, газет беттеріндегі мақалалар арқылы «Фишбоун» әдісімен зерттеледі. Ұлттық баспасөзде көтерілген оқу-ағарту мәселелерінің қоғамға әсері белсенді оқу әдістері арқылы зерттеледі жұптық, топтық жұмыстар, бейнематериалдар қаралады. Бөлім соңында тест тапсырмалары арқылы алған білімді бекіту жүргізіледі. Төртінші бөлімде XX ғасырдың басында қазақ тілінде жарық көрген оқулықтар мен оқу құралдарының рөлі қарастырылады. «Он сұрақ» әдісі арқылы оқушылар сұрақ құрап, пікірталас жүргізеді. Қазақ даласындағы мектептердің саны мен халықтың сауаттылық деңгейінің өсуі талданады. «Бірге ойлаймыз» әдісі арқылы мәтіндік талдау ұйымдастырылады. Қазақ медреселерінің оқу» әдістемелік базасы, сабақ беру тәртібі салыстырмалы түрде қарастырылады. «Ой жалғау» әдісі қолданылады. Баспасөздегі білім беру мәселелері мен қазіргі оқу-агарту жүйесіндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтар 4К моделі арқылы топтық жұмыстарда қарастырылады. Бөлім соңында қорытынды бақылау жұмысы жүргізіліп, курс бойынша алған білімдері кешенді түрде бекітіледі. Бағдарламаның нормативті бөлімінде сабақтың тақырыбы – оқу мақсаттары – Сағат саны – дәріс, семинар толық берілген. Қосымша 1

Ақпараттық-әдістемелік бөлім бағдарлама аясында оқушылардың Ұсынылған ақпараттарды меңгеруіне, оларды талдай білуіне және өз бетімен қолдана алуына бағытталған. Бұл бөлім оқыту үдерісінде білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бағалауға мүмкіндік береді. Бағалау критерийлері мен Дескрипторлар арқылы оқушылардың дағдылары мен білімдері нақты өлшенеді. Багдарлама бойынша оқушылар ұлттық мерзімді баспасөз беттеріндегі мақалалар мен ағартушылардың туындыларымен таныса отырып, мәтінді Олар әртүрлі деректерді салыстыра отырып қорытынды жасай алады және оқу сараптай алады, негізгі ойды бөліп алады және өз пікірін дәлелді түрде жеткізеді. Олар әртүрлі деректерді салыстыра отырып қорытынды жасай алады және оқу материалдарын өз қажеттілігіне сай қолдануды үйренеді. Ақпараттық-әдістемелік бөлім оқушылардың сыни ойлау қабілетін, логикалық қорытынды Сонымен қатар, бұл бөлім тарихи деректерді талдауға, өз ой-пікірін жүйелі жасау дағдыларын, сондай-ак функционалдық сауаттылығын дамытады. жеткізуге және деректермен жұмыс жасауға мүмкіндік береді. Бағдарлама барысында оқушылар ұлттық мерзімді баспасөз беттерінде көтерілген оқу-ағарту мәселелерін зерттей отырып, қазақ зиялыларының ағартушылық қызметінің маңызын түсінеді. Бұл олардың ұлттық тарихқа қызығушылығын арттырып, мәдени мұраға құрмет сезімін қалыптастырады. Осылайша, ақпараттық-әдістемелік бөлім оқушылардың білімін тереңдетіп, олардың тарихи танымын, сыни ойлау және ақпаратты тиімді пайдалану дағдыларын дамытудың маңызды құралы болып табылады.

Оқытуда ұйымдастыруға әдістемелік нұсқаулар (тапсырмалар) бөлімінде оқыту әдістерінің мәні, тарихы, түрлері және олардың оқушылардың білім алуына әсері қарастырылады. «Оқыту әдісі» ұғымы мұғалім мен оқушы арасындағы өзара іс-қимылдың тәсілі ретінде айқындалады. Ол тек ақпарат беру ғана емес, сонымен қатар табиғат құбылыстары мен қоғамдық өмірді зерттеу, әрекет жасау жолы болып саналады. Бөлімде оқыту әдістерінің даму тарихы сипатталған. Оқу үдерісі қоғамдағы кіші мүшелердің үлкендердің үлгісі бойынша білім алуынан басталып,

төрт кезең арқылы өтіп, бүгінгі таңда педагогикалық іс-әрекеттің негізіне айналғаны көрсетіледі. Бұл кезеңдерде ауызша білім беруден жазбаша сөйлеу және баспа сөзін қолдануға, кейіннен оқытуды автоматтандыру мен компьютерлендіруге көшкендігі атап өтіледі. Оқыту әдістері әртүрлі тәсілдер бойынша жіктеледі: мұғалім тарапынан қолданылатындар, оқушы тарапынан қолданылатындар және қолдану түріне байланысты әдістер. Қазіргі заманғы дидактикада оқыту әдістері сөздік (дәріс, кітап, әңгіме, пікірталас), көрнекі (бейнематериал, құбылыс, көрнекі құрал), практикалық (практикалық сабақ, шығармашылық жұмыс, курстық және дипломдық жұмыс) және проблемалық жағдайларды қолдану арқылы жүзеге асырылатын әдістерге бөлінеді. Сонымен қатар, әдістер танымдық қызмет сипатына байланысты да жіктеледі. Ақпараттық-рецептілік әдіс оқушыға мұғалімнен ақпарат беруге негізделсе, ұрпақты болу әдісі мұғалім үлгісін кайталауға бағытталған. Проблемалық баяндау әдісі мұғалім проблеманы тұжырымдап, оны шешудің жолдарын көрсетеді. Эвристикалық әдіс оқушылардың шешімін жеке бөліктерге бөліп, өздігінен орындауға мүмкіндік береді. Зерттеу әдісі оқушыларға проблемаларды өз бетінше шешуді үйретеді. білім алу, іскерлік пен дағдыларды қалыптастыру, білімді қолдану, Бұл бөлімде оқыту әдістерінің қол жеткізілетін нәтижелері де көрсетіледі. Олар шығармашылық қызмет, білімді бекіту және тексеру болып табылады. Сонымен қатар, заманауи оқыту әдістері де қамтылған. Оларға жобалық әдіс, қашықтықтан оқыту, кейс-стади, коучинг, модульдік оқыту, іскерлік және рөлдік ойындар, жұпта және топта жұмыс, «Үйінділерді» талдау, миға шабуыл, интеллект-карта, консалтинг, АКТ қолдану, білім беру тренажерлері, тақырыптық талқылаулар, мифологемалар, «Ротация» әдісі «Жетекші-көшбасшы» әдісі, үлгі бойынша әрекет және креативті топтар сияқты әдістер жатады. Осылайша, бөлім оқушылардың танымдық қызметін дамытуға, сыни ойлау, талдау және шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге бағытталған газеттің электрондық нұсқаларына сілтемелер берілген. Бұл оқушыларға өз әдістер мен тәсілдерді жан-жақты қамтиды. Бағдарлама қосымшасында әр бетімен деректерді іздеу, мәтінді талдау, негізгі ойды бөліп алу және қорытынды жасауға мумкіндік береді. Курс мазмұнына сәйкес оқушылар: Ұлттық мерзімді баспасөздегі мақалаларды зерттеп, талдай алады; Ағартушылардың туындыларындағы білім беру және тәрбиелік мәнін бағалайды; Тарихи деректерді салыстыра отырып, өз ой-пікірін дәлелді түрде білдіреді; Оқыту мен ақпараттық дағдыларын дамытады, функционалдық сауаттылығын арттырады. Бағдарлама қосымша материалдар арқылы оқушылардың сыни ойлау, шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін дамытуға, сондай-ақ ұлттық тарих пен мәдени мұраға қызығушылықтарын арттыруға бағытталған. Қорытындылай келе, ұлттық мерзімді басылымдар негізінде әзірленген әдістемелік жүйе мен таңдау курсының бағдарламасы тарих пәнін оқытудың мазмұнын тереңдетіп, білім алушылардың тарихи жады құзыреттіліктерін заманауи талаптарға сай қалыптастыруға мүмкіндік береді.

3.3 Эксперименттік зерттеудің нәтижелері және оларды оқу үдерісіне ендіру жолдары

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс 2024-2025, 2025-2026 жылдары Жетісу облысы «Панфилов ауданы бойынша білім бөлімі» ММ-нің «Кіші шыған орта мектебі» КММ, «Панфилов ауданы бойынша білім бөлімі» ММ-нің «№6 орта мектеп интернаты», «Панфилов ауданы бойынша білім бөлімі» ММ-нің «Нағарашы орта мектебі» КММ және «Панфилов ауданы бойынша білім бөлімі» ММ-нің «Жамбыл атындағы орта мектеп» КММ жүргізілді. Эксперименттік-педагогикалық жұмысқа «Тарих» пәні мұғалімдері мен оқушылар қатысты.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың мақсаты: ғылыми болжамның дұрыстығын, оқыту әдістемесінің тиімділігін анықтау.

Анықтау, қалыптастыру және қорытынды кезеңдері бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмысты тиімді ұйымдастыру мен жүргізу барысы төмендегідей.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың алғашқы кезеңі эксперименті 2024 қазан айынан 2025 жылдары жүргізілді.

«Теория мен эмпирикалық зерттеулердің өзара байланысын сипаттау ғылыми әдіснамадағы ең күрделі мәселелердің бірі болып табылады. Осы бағыттағы зерттеулердің көпқырлылығына қарамастан, оның негізгі екі аспектісін айқындап алу қажет: біріншіден, қарастырылып отырған теорияның формальды құрылымын нақтылау, екіншіден, мәліметтерді жинақтаудың түпкі мақсатын (теорияны верификациялау немесе эмпирикалық заңдылықтарды жүйелеу) анықтау.

Ғылыми танымда теориялар ауқымына қарай гранд-теориялар, орта деңгейдегі және микро-теориялар болып жіктеледі. Алайда тиімді эмпирикалық зерттеулер жүргізу үшін гранд-теориялар мен нақты нәтижелер арасындағы алтын көпір саналатын орта деңгейдегі теорияларды қолдану қажеттілігі негізделген.

«Теория» концептісінің мазмұнына қатысты ғылыми дискурстарда түрлі көзқарастар бар. Мәселен, С.Б. Шунховен теорияны тек өзара байланыскан пайымдаулар жиынтығы ретінде қарастырса, Х.Уилмот оны эмпирикалық дәлелдер негізінде жинақталған жағдаяттар жиынтығы деп есептейді. Сонымен қатар, Уилмот әлеуметтік теориялардың ұйымның саяси шындығына тигізетін әсеріне қатысты сыни пікір білдіреді.

Зерттеудің негізгі миссиясы теориялық негізде тұжырымдалған сауалдарға нақты жауаптар алу. Осылайша, теория мен зерттеудің өзара байланыс процесінде танымның дедуктивті немесе индуктивті бағыттарының стратегиялық маңыздылығы айқын көрініс табады» [330].

Зерттеуді үш цикл бойынша ұйымдастырдым. Әр циклде Action Research-тің негізгі логикасын сақтауға тырыстым: жоспарлау, әрекет ету, бақылау және рефлексия. Мен үшін ең маңыздысы келесі циклді жай ғана жоспар бойынша жалғастыру емес, алдыңғы сабақта жиналған дерекке қарап түзету енгізу болды. Сондықтан әр циклде «не жұмыс істеді?», «оқушы қай жерде қиналды?», «келесі сабақта нені өзгертуім керек?» деген сұрақтарды өзіме қойып отырдым. Бұл сұрақтар зерттеу барысын формалды жұмыс ретінде емес, нақты сабақ тәжірибесімен байланысты қарастыруға мүмкіндік берді. Бірінші циклде негізгі назар оқушылардың мәтінді түсінуіне және сабаққа бастапқы белсенді

қатысуына аударылды. Бастапқы диагностикада оқушылардың ұзақ мәтінді бірден талдауға қиналатыны байқалғандықтан, алғашқы кезеңде тапсырмалар жеңілдетіліп берілді. Мәтінмен жұмыс кезінде оқушыларға тірек сөздерді табу, негізгі ойды белгілеу, қысқа жауап жазу сияқты тапсырмалар ұсынылды. Бұл кезеңде мен оқушылардан бірден терең талдау күтпедім. Себебі олардың алдымен мәтін мазмұнын түсініп, өз ойын қарапайым түрде жеткізуге дағдылануы маңызды болды. Сабақ барысында кей оқушылардың жұппен жұмыс жасағанда өз ойын еркінірек айтатыны байқалды. Ал жеке жауап бергенде сенімсіздік танытқан оқушылар жұптық талқылауда белсенді бола бастады. Осы бақылау келесі циклде жұптық және топтық жұмысты көбірек қолдану керектігін көрсетті. Екінші циклде дереккөзбен жұмысқа көбірек көңіл бөлінді. Бірінші циклден кейін оқушылар мәтіннен негізгі ойды табуға біршама үйренгенімен, сол ойды тарихи дерекпен байланыстыруда әлі де қиналатыны анықталды. Сондықтан бұл кезенде дереккөзбен жұмыс алгоритмі енгізілді. Оқушыларға деректің авторын, жазылған уақытын, негізгі ойын және қандай тарихи мәселені көрсететінін анықтау ұсынылды. Мұндай нақты қадамдар жай ғана көшіріп жазса, енді оның не үшін берілгенін түсінуге тырысты. оқушыларға дерекпен жұмыс жасауды жеңіллетті. Бұрын кей оқушылар деректі Дегенмен бұл циклде де қиындықтар болды. Кейбір оқушылар деректі түсінгенімен, оны өз жауабына дәлел ретінде қосуды бірден меңгере алмады. Сол себепті келесі циклде дәлел мен қорытындыны байланыстыратын тапсырмаларға көбірек орын беру қажет деп шештім. Үшінші циклде оқушылардың мәтін, дерек және өз пікірін байланыстыра алуына назар аударылды. Бұл кезеңде тапсырмалар біршама күрделендірілді, бірақ бастапқы диагностикадағыдай бірден ауыр талдау берілген жоқ. Оқушылар алдымен мәтіндегі негізгі ойды анықтады, кейін оған сәйкес дерек тандады, соңында қысқа қорытынды жазды. Сабақ соңындағы рефлексия да алдыңғы кезеңдермен салыстырғанда мазмұнды бола бастады. Бұрын оқушылар көбіне «түсіндім» немесе «қиын болды» деген қысқа жауаптармен шектелсе, кейін «деректен дәлел табу қиын болды», «жұппен талқылағанда түсінікті болды», «негізгі ойды табу оңайырақ болды» деген нақты пікірлер айта бастады. Бұл өзгеріс оқушылардың өз оқу әрекетіне ойлана карауға біртіндеп үйренгенін көрсетті. Осы үш циклдің нәтижесінде қалыптастырушы бағалау әдістерін тек сабақтағы қосымша тәсіл ретінде емес, оқушыны біртіндеп жетелейтін құрал ретінде қарастырдым. Әр цикл алдыңғы кезеңдегі қиындыққа жауап ретінде құрылды. Бірінші цикл мәтінді түсінуге бағытталса, екінші цикл дерекпен жұмыс жасауға, үшінші цикл дәлел мен қорытындыны байланыстыруға арналды. Бұл тәжірибе маған оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру үшін тапсырманы дұрыс ретпен беру, оқушыға уақытында қолдау көрсету және әр сабақтан кейін нақты дерекке сүйеніп түзету енгізу маңызды екенін көрсетті. Сондықтан Action Research барысында мен үшін басты нәтиже тек оқушылардың белсенділігінің артуы ғана емес, өз мұғалімдік тәжірибеме сыни қарап, оны сабақ сайын жетілдіруге ұмтылу болды.

22-кесте

Action Research циклдерінің құрылымы

Цикл	Мақсат	Жоспарлау	Әрекет	Бақылау	Рефлексия / түзету
I цикл	Мәтінді саналы оқу	Қысқа мәтін, тірек сұрақтар	Белгі қойып оқу, тірек сөз, қысқа кесте	Негізгі ой, жазба жауап, қатысу	Мәтінді түсіну жақсарды, бірақ дерекпен дәлелдеу әлсіз қалды
II цикл	Дереккөзді талдау және дәлелдеу	Дереккөз паспорты, «дұрыс/бұрыс + дәлел»	Автор, уақыт, мазмұн, маңызын анықтау	Дерекке сүйенген жауап, жұптық талқылау	Дәлелдеу артты, бірақ барлық оқушыны белсенді тарту керек болды
III цикл	Мәтін мен деректі кіріктіру	Уақыт сызығы, тарихи сұрақ	Топтық қорытынды. сұрақ құрастыру	Салыстыру, қорытынды, рефлексия	Жоғары деңгей артып, әдіс тиімді болды.

I циклде мен негізгі назарды мәтінмен саналы жұмысқа аудардым. Бұрын оқушылар мәтінді оқып шығып, бірден жауап беруге тырысатын. Бірақ олардың көбі қай сөйлем негізгі ой екенін нақты ажырата алмады. Сондықтан мәтінге белгі қою, тірек сөздерді табу, қысқа кесте толтыру, негізгі ойды бір сөйлеммен жазу тапсырмаларын енгіздім. Бұл әдістер оқушыға мәтіннің ішкен маңызды ақпаратты көруге көмектесті.

II циклде дереккөзбен жұмысқа көштім. Бұл жерде «дереккөз паспорты» пайдалы болды. Оқушылар деректің авторын, уақытын, мазмұнын, мақсатын және тарихи маңызын қысқа түрде белгіледі. Сонымен катар «дұрыс/бұрыс + далел» тапсырмасы арқылы жауапты жай айту емес, мәтіннен немесе деректен дәлел табу талап етілді. Алғашқыда оқушылар дәлелді шатастырды, бірак бірнеше қайталаудан кейін деректің ішінен нақты тірек сөздерді іздей бастады.

III циклде мәтін мен дереккөзді бөлек емес, бір сабактың ішінде байланыстырып қолдандым. Оқушылар алдымен мәтіндегі негізгі мәселені анықтады, кейін сол мәселе бойынша дереккөзді талдады, соңынан уақыт сызығы, тарихи сұрақ және топтық қорытынды жасады. Осы циклде мен оқушылардың бір-бірінің ойын толықтыра бастағанын, кейбір оқушылардың өздері сұрақ қоюға тырысқанын байкадым. Мен үшін бұл белсенділіктің сыртқы ғана емес, ішкі ойлау әрекетіне айнала бастағанын көрсетті.

23-кесте

Әр циклде енгізілген өзгерістер

Цикл	Енгізілген интервенция	Неге енгізілді?	Нәтиже
I цикл	Белгі қойып оқу, тірек сөз, қысқа кесте	Негізгі ойды табу қиын болды	Мәтінді түсіну көрсеткіші 37,5%-дан 62,5%-ға өсті
II цикл	Дереккөз паспорты, «дұрыс/бұрыс + дәлел»	Дерекке сүйеніп айту әлсіз болды	Дерекпен жұмыс 33,3%-дан 62,5%-ға өсті
III цикл	Уақыт сызығы, тарихи сұрақ, топтық қорытынды	Барлық оқушыны белсенді тарту керек болды	Жоғары деңгей үлесі 58,3%-ға жетті

Нәтижені дәлелдеу үшін мен сандық және сапалық деректерді қатар қолдандым. Пайыздарды ойдан алмау үшін барлық есеп 24 оқушыға негізделді: 1 оқушы шамамен 4,2%-ға тең. Сол себепті әр көрсеткіште оқушы саны мен пайызын бірге бердім. Бұл маған өзгерісті нақты көруге көмектесті.

24-кесте


Танымдық белсенділік көрсеткіштерінің өзгеруі (N=24)

Көрсеткіш	Бастапқы	I цикл	II цикл	III цикл
Мәтіннің негізгі ойын табу	9 / 37,5%	15 / 62,5%	18 / 75,0%	21 / 87,5%
Дереккөзді талдау	5 / 20,8%	8 / 33,3%	15 / 62,5%	19 / 79,2%
Дәлелмен сөйлеу	7 / 29,2%	11 / 45,8%	16 / 66,7%	20 / 83,3%
Жұптық/топтық жұмыс	8 / 33,3%	12 / 50,0%	16 / 66,7%	21 / 87,5%
Нақты рефлексия	5 / 20,8%	8 / 33,3%	12 / 50,0%	19 / 79,2%

25-кесте

Жалпы деңгей динамикасы

Деңгей	Бастапқы	I цикл	II цикл	III цикл
Төмен	10 / 41,7%	7 / 29,2%	4 / 16,7%	2 / 8,3%
Орта	9 / 37,5%	11 / 45,8%	12 / 50,0%	8 / 33,3%
Жоғары	5 / 20,8%	6 / 25,0%	8 / 33,3%	14 / 58,3%



6-сурет – Оқушылардың танымдық белсенділігі деңгейінің циклдер бойынша өзгеруі

Диаграммадан төмен деңгейдегі оқушылар санының біртіндеп азайғаны көрінеді: бастапқыда 10 оқушы болса, III цикл соңында 2 оқушыға дейін төмендеді. Ал, жоғары деңгейдегі оқушылар саны 5 оқушыдан, 14 оқушыға дейін өсті. Бұл өзгеріс оқушылардың танымдық белсенділігі бір сабақтың немесе бір ғана әдістің нәтижесінде емес, жүйелі жүргізілген III циклдық жұмыстың барысында қалыптасқанын көрсетеді. Әсіресе, алғашқы кезеңде мәтінді түсінуге бағытталған тірек тапсырмалар оқушылардың тақырыпты қабылдауын жеңілдетті. Бұрын ұзақ мәтіннен негізгі ойды табуға қиналған оқушылар біртіндеп тірек сөздерді белгілеуге маңызды сөйлемді ажыратуға және өз ойын қысқа жеткізуге дағдылана бастады. Кейінгі циклдерде дереккөзбен жұмыс жасауға көбірек көіл бөлінуі де нәтижеге әсер етті. Оқушылар деректі жай ғана көшіріп жазбай, оның қандай ойды дәлелдейтінін анықтауға тырысты. Авторын, уақытын, негізгі мазмұнын белгілеу арқылы тарихи ақпаратты түсініпа қолдануға алғашқы қадам жасалынды. Үшінші циклде мәтінмен деректі байланыстырып, қорытынды жасау тапсырмалары енгізілгеннен кейін оқушылардың жауаптары біршама мазмұнды бола түсті. Олар өз пікірін айтуда нақты дәлелге сүйенуге, сабақ соңында қысқа болса да мағыналы рефлексия жазуға үйренді. Мен бұл өзгерісті тек бір әдістің нәтижесі деп емес, үш циклде бір-бірін толықтырған әдістердің әсері деп түсіндім. Алдымен мәтінді түсіну, кейін деректен дәлел алу соңында қорытындымен рефлекция жасау жүйелі түрде жүргізілді. Осы реттілік оқушылардың күрделі тапсырмаға бірден емес, дайындық арқылы келуіне мүмкіндік берді. Сондықтан диаграммадағы өсім тек сандық көрсеткіш емес оқушылардың мәтінмен жұмыс істеу, дәлел келтіру және өз ойын қорытындылау дағдыларының біртіндеп дамығанын көрсететін нәтиже ретінде бағаланды. Бұл нәтиже мен үшін қалыптастыру үшін бағалау әдістерінің

тиімділігін нақтырақ көруге мүмкіндік берді. Себебі, әр циклде оқушыға тек тапсырма беріліп қана қойған жоқ, сол тапсырманы орындауға қажет тірек те ұсынылды. Мысалы, мәтінмен жұмыс кезінде бағыттаушы сұрақтар дереккөзбен жұмыс барысында нақты алгоритм, ал, қорытынды жазу кезінде қысқа сөйлем үлгілері қолданылды. Осындай қолдау оқушылардың өз ойын реттеп айтуына және тапсырманы түсініп орындауына ықпал етті.

26-кесте

«Оқушы үні» деректері

Кезең	Оқушы пікірі	Менің талдауым	Келесі әрекет
Бастапқы	«Мәтін ұзақ болса, қай жері маңызды екенін білмей қаламын»	Мәтінді құрылымдау қажет екенін түсіндім	Белгі қойып оқу енгізілді
I цикл	«Қысқа сұрақ болса, жауапты тезірек табамын»	Бағыттаушы сұрақ оқушыға тірек болады	Дерекке арналған нақты сұрақтар дайындалды
II цикл	«Дәлелді деректен табу қызық, бірақ кейде шатасамын»	Алгоритмсіз дерекпен жұмыс жасау қиын	Дереккөз паспорты жеңілдетілді
III цикл	«Өзіміз сұрақ құрастырғанда тақырыпты жақсырақ түсіндім»	Оқушы өз сұрағын қойғанда белсенділігі артады	Тарихи сұрақ әдісі тұрақтандырылды

27-кесте

Рефлексивтік күнделік бойынша өзіндік талдау

Кезең	Байқалған мәселе	Менің өзіндік талдауым	Келесі қадам
I цикл	Мәтін түсіну жақсарды, бірақ дерек дәлелі әлсіз болды	*Оқушы мәтінді түсінгенімен, дәлелді қай жерден алу керегін бірден білмейді. Сондықтан дерекпен жұмысқа жеке алгоритм керек болды.*	Дереккөз паспорты
II цикл	Кей оқушы жеке жауапта қиналды	*Белсенділікті тек жеке жауаппен өлшеу дұрыс емес екенін байқадым. Кейбір оқушы жұпта жақсы ашылады, кейін ғана өз ойын айта бастайды.*	Жұптық және топтық жұмыс
III цикл	Оқушылар сұрақ құрастыру арқылы жақсы ашылды	*Өз сұрағын құрастыру оқушыны дайын жауап күтуден шығарады.*	Тарихи сұрақты тұрақты қолдану

Жалпы талдау көрсеткендей, Action Research форматы маған өз сабағыма сырттай емес, ішінен қарап талдау жасауға мүмкіндік берді. Бастапқы кезеңде оқушылар мәтінжді көбіне механикалық оқуға және дайын жауап іздеуге бейім болды. Үш циклдан кейін мәтіннен негізгі ой табу дерекке сүйені, дәлел айту, топта талқылау және нақты рефлексия жасау дағдыларында оң өзгеріс байқалды.

Мен үшін ең маңызды қорытынды – оқушы белсенділігі өздігінен пайда болмайды. Ол мұғалімнің тапсырманы қалай құруына, қандай тірек беруіне, қандай кері байланыс жасауына байланысты.

28-кесте

Нәтиженің дәлелділігін қамтамасыз еткен деректер

Дерек түрі	Қалай жиналды?	Нені дәлелдеді?
Сандық дерек	Бақылау парағы, деңгейлік есептеу	Деңгейлердің циклдер бойынша өзгергенін көрсетті
Оқушы жұмыстары	Кесте, дереккөз паспорты, қысқа жауап	Жауап сапасының жақсарғанын көрсетті
Оқушы үні	Қысқа сұқбат, кері байланыс	Қай әдіс оқушыға көмектескенін көрсетті
Сыни дос пікірі	Сабаққа қатысушы ұсынысы	Сыртқы бақылау арқылы түзету бағытын көрсетті
Рефлексивтік күнделік	Әр циклден кейін өзіндік талдау	Мұғалім әрекетінің өзгергенін көрсетті

Қолданылған әдістердің тиімділігі олардың жеке-жеке берілуінен емес, бірізді қолданылуынан көрінді. Белгі қойып оқу мәтіннің негізгі ойын ажыратуға көмектесті. Дереккөз паспорты деректі жай ақпарат емес, дәлел көзі ретінде қабылдауға үйретті. «Дұрыс/бұрыс + дәлел» тапсырмасы оқушы жауабын нақтылауға әсер етті. Уақыт сызығы тарихи оқиғалар арасындағы байланысты көруге мүмкіндік берді. Тарихи сұрақ құрастыру оқушыны дайын жауап берушіден ойланушы, ізденуші оқушыға айналдырды.

Практикалық тұрғыдан бұл тәжірибені Қазақстан тарихы сабақтарында ғана емес, мәтін мен дереккөзге сүйенетін басқа гуманитарлық пәндерде де қолдануға болады. Әсіресе 5-сынып оқушылары үшін күрделі талдауға бірден көшпей, алдымен мәтінді түсінуге тірек беру, кейін дерекпен жұмыс алгоритмін үйрету және соңында қорытынды мен рефлексияға шығару тиімді екеніне көз жеткіздім.

Қорытындылай келе, менің Action Research жұмысымда мәтінмен және дереккөзбен жұмыс оқушылардың танымдық белсенділігін дамытуға ықпал етті. Бұл нәтиже тек пайыздық көрсеткіштермен емес, оқушы жауаптарының сапасымен, сабақтағы қатысуымен, оқушы үнімен, сыни дос пікірімен және өзімнің рефлексивтік күнделігіммен дәлелденді. Ең бастысы, мен бұл зерттеу арқылы өзімнің сабақ ұйымдастыру тәсілімді де өзгерттім: енді оқушыдан дайын жауап күтпей, оған ойлануға, дәлелдеуге және қорытынды жасауға мүмкіндік беретін тапсырма құрудың маңызды екенін түсіндім.

Осы тәжірибе маған мұғалімнің сабақтағы рөлі тек түсіндіруші емес, оқушының ойлау жолын ұйымдастырушы екенін көрсетті. Бұрын кейбір тапсырмаларда оқушының бірден дұрыс жауап беруіне көбірек мән берілсе, зерттеу барысында жауапқа апаратын қадамдардың өзі маңызды екенін түсіндім. Оқушы мәтінді қалай оқыды, деректі қалай таңдады, өз пікірін қандай дәлелмен

байланыстырды, қорытындыны қалай жасады осының бәрі оқу үдерісінің негізгі бөлігі екені байқалды. Сондықтан қалыптастырушы бағалау оқушыны тек бағалау үшін емес, оның қай жерде қиналып тұрғанын көріп, сол жерде қолдау көрсету үшін қажет болды.

Жалпы алғанда, үш цикл бойынша жүргізілген жұмыс оқушылардың танымдық белсенділігін дамыту бір реттік әдіспен емес, жүйелі, кезеңдік және мақсатты жұмыс арқылы жүзеге асатынын дәлелдеді. Егер тапсырма оқушы жасына сай құрылып, оған нақты тірек берілсе, оқушы мәтінмен де, дереккөзбен де белсендірек жұмыс істей алады. Сондықтан бұл тәжірибенің мен үшін құндылығы тек зерттеу нәтижесінде емес, болашақ сабақтарымды жоспарлау бағытыма әсер етуінде болды.

«Теория мен зерттеу арасындағы өзара байланысты айқындауда дедуктивті тәсіл ең негізгі әдіснамалық парадигма болып табылады. Бұл бағыт шеңберінде зерттеуші қарастырылып отырған сала бойынша қалыптасқан теориялық білімдерді негізге ала отырып, ғылыми болжамдар (гипотезалар) түзеді. Кейіннен бұл тұжырымдар міндетті түрде эмпирикалық талдаудан өтуі тиіс. Ғалымның басты міндеті теориялық концепцияларды нақты практикалық терминдерге операционализациялау және жинақталған деректер арқылы жасалған болжамдардың негізділігін дәлелдеу. Орта деңгейдегі теориялар концепциясын ұсынған Р.Мертонның пайымдауынша, бұл деңгейдегі теориялар әлеуметтанудағы эмпирикалық зерттеулерді бағыттаушы негізгі құрал қызметін атқарады. Мұндай зерттеулерде теория мен одан туындайтын болжамдар басты орынға шығып, мәліметтерді жинақтау процесінің бағдарын анықтайды.

Дедуктивті логикаға негізделген ғылыми таным циклі келесі кезеңдерден тұрады: теориялық базаны айқындау, гипотезаны тұжырымдау, эмпирикалық мәліметтерді жинақтау, нәтижелерді талдау, болжамның расталуын немесе теріске шығарылуын анықтау және соңғы кезеңде алынған деректер негізінде бастапқы теорияны қайта қарау. Бұл алгоритм ғылыми зерттеудің жүйелілігі мен объективтілігін қамтамасыз етеді». Олар төмендегі логикаға сүйене отырып, жасалады.

Теория
+
1) Гипотеза
+
2) Материал жинақтау
+
3) Қорытынды (нәтиже)
+
4) Гипотезаны дұрыс немесе дұрыс еместігі
+
5) Теорияны қайта қарау

«Зерттеу әдісі - бұл эмпирикалық мәліметтерді жинақтаудың техникалық құралдары мен процедураларының жиынтығы. Оның практикалық негізіне респонденттердің өз бетінше толтыратын сауалнамалары, құрылымдық сұхбат

алгоритмдері, сондай-ақ зерттеушінің тікелей қатысуымен жүзеге асатын бақылау мен тыңдау процестері жатады. Ғылыми ізденістің сапасы тікелей қойылған зерттеу сұрақтарының дұрыс тұжырымдалуына байланысты; сұрақтардың әдіснамалық деңгейі төмен болса, бұл бүкіл зерттеудің нәтижесіне кері әсерін тигізеді. Зерттеу барысында қарастырылатын мәселелердің барлығына бірдей жауап беру мүмкін еместігі тек уақыт факторына ғана емес, сонымен қатар зерттеудің ішкі логикалық бірізділігі мен құрылымдық байланысына да байланысты.

Эксперименттік зерттеулер жүргізілу сипатына қарай зертханалық және бақыланатын жасанды ортада өткізілсе, далалық эксперименттер шынайы далалық болып екіге бөлінеді. Зертханалық эксперименттер арнайы әлеуметтік кеңістіктерде (білім беру мекемелерінде, ұйымдарда, реформаларды жүзеге асыру барысында) жүргізіледі.

Классикалық эксперимент дизайны екі топтың бақылау топтарының қалыптасуын көздейді. Эксперименттік топқа нақты эксперименттік және әсер ету шаралары қолданылса, бақылау тобы ешқандай өзгеріссіз салыстырмалы эталон ретінде қалады. Зерттеудің нәтижелілігі «экспериментке дейінгі» және «эксперименттен кейінгі» көрсеткіштерді жүйелі түрде салыстыру арқылы айқындалады».

Бақылау: бір немесе бірнеше бақылау жүргізілуі мүмкін, алдында (эксперименткe дейін) және кейін (эксперименттен кейін).

Эксперимент: Эксперименттік кіріктірілуі, бақылау топ (эксп.емес).

Н: бақылау хронометражы.

Теория және оның негізінен ұсынылған болжам бірінші орынға қойылып, мәліметтерді жинақтау процессіне бағытталады. Дедуктивті теория негізінде жасалып: теория-гипотеза-мәлімет жинау нәтиже ғылыми болжамның дәлелденуі немесе теріске шығарылуы – теорияның қайта қаралуы. Екі кезеңде де сауалнамалар өздері толтыратын анкета негізінде ашық түрде жасалды. Әр қайсысы өзінің ойын толық жеткізіп, жазып қалдырды. Ал егер, жабық түрде алсақ, тек «иә» немесе «жоқ» деген жауап алып, жұмысымызды саралай алмайтын едік. Сондықтан сауалнаманы ашық түрде жүргіздік. Сонымен қатар, сауалнама барысында құрылымдық бақылау жүргізілді. Оны жүргізу барысында зерттеу жұмысы аясында бақылау жоспары жасалып, соның негізінде іске асты. Қорытындысы сапалық талдау негізінде жасалды. Неге сандық емес дейтін болсақ, себебі сандық болу үшін жалпы облыс негізіндегі мектептер, олардың саны, мұғалімдер туралы көрсете аламыз. Ал сапалық жағынан облыс бойынша бірнеше мектеп көрсетіліп, соның негізінде жұмыс жасалғандығын көрсетеміз [233].

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың екінші кезеңі қалыптастыру эксперименті 2025-2026 жылдары жүргізілді. Екінші кезеңде оқытудың ұсынылған әдістемелік жүйесінің тиімділігі мен ғылыми болжамның дұрыстығын тексеру мақсаты етіп қойылды. «Зерттеудің екінші кезеңі аясында Жетісу облысының бірқатар мектептерінде эмпирикалық мәліметтер жинақтау мақсатында сауалнама жүргізілді. Алғашқы деректер 2025 жылдың наурыз айында жинақталды. Бұл зерттеу жұмысы дедуктивті теориялық модельге негізделген, яғни таным процесі теориялық негіздемеден гипотеза құруға, мәліметтерді жинақтау мен нәтижелерді талдауға, сондай-ақ ғылыми

болжамның верификациялануы (расталуы немесе теріске шығарылуы) арқылы теорияны қайта қарауға бағытталған.

Сауалнаманың бастапқы кезеңі тарих пәні бойынша оқушылардың дүниетанымдық деңгейін анықтауды көздеді. Сонымен қатар, мұғалімдердің кәсіби іс-әрекетіндегі әдіс-тәсілдеріне қатысты сауалдар блогы ұсынылды:

Респонденттердің өз ойын еркін әрі жан-жақты жеткізуіне жағдай жасау мақсатында сауалнама ашық анкета нысанында өткізілді. Жабық сұрақтар («иә» немесе «жоқ» жауаптары) алынатын ақпараттың мазмұндық тереңдігін шектейтіндіктен, біз зерттеу нысанын тереңірек саралауға мүмкіндік беретін ашық форматты таңдадық.

Зерттеу барысында алдын ала бекітілген жоспар бойынша құрылымдық бақылау әдісі де қатар қолданылды. Жұмыстың қорытындысы сапалық талдау (qualitative analysis) негізінде жасалды. Сандық әдістің орнына сапалық әдістің таңдалуы облыстағы барлық мектептердің статистикалық көрсеткіштерін емес, нақты іріктелген білім беру мекемелеріндегі педагогикалық процестердің мазмұны мен ерекшеліктерін тереңірек зерделеу қажеттілігінен туындады».

Таңдалған модель: «XX ғасыр басындағы ұлттық мерзімді баспасөз беттеріндегі білім беру және ағарту мәселелері» атты таңдау курсының бағдарламасы.

Модельдің мақсаты: ғылыми болжамның дұрыстығын, яғни мектепте тарих пәнін оқыту барысында ұлттық мерзімді баспасөздегі ағартушылықты, интербелсенді әдістерді қолдана отырып, олардың маңыздылығын көрсету. Тарихи білім беру арқылы теорияны практикамен ұштастыра білуге үйрету.


Модельдің міндеттері:

Баспасөз материалдары негізінде ағартушылардың туындыларының танымдық-тәрбиелік маңызы бойынша білім деңгейін қалыптастыру;

Баспасөз материалдары негізінде ағартушылардың туындыларының танымдық-тәрбиелік маңызы негізінде оқытудың әдістемесі мен технологиялары бойынша білім, білік және дағды жүйесін қалыптастыру,

Мектепте оқу-тәрбие процесін модельдеу және құрастыра білу;

Басым факторлары: оқу-танымдық құзіреттілік, ақпараттық құзіреттілік, зерттеушілік құзіреттілік, жалпы ғылыми құзіреттілік, кәсіби құзыреттілік. Оқушыларға ұлттық мерзімді баспасөздегі оқу-ағартушылықты түсіндіріп оқыту үшін төмендегідей модель жасалды (7-сурет).



7-сурет - Оқушыларға ұлттық мерзімді баспасөздегі оқу-ағартушылықты түсіндіріп оқыту моделі

Сауалнама жүргізу арқылы тақырыбымыз аясында қандай қажеттіліктер туындап тұр және оны қалай шешуге болады, сол мәселелер қаралған болатын. Сауалнама өз алдына келесідей кезеңдерден тұрды:

1) Сауалнамаға қатысушыларды жоспарлау;
2) Саулнама сұрақтарын құрастыру;
3) Оқушылар мен мұғалімдер арасынан сауалнамаға жауап алу;
4) нәтижелерді өңдеу;
5) жауаптардың корытындысы ретінде ұсыныстарды атау.

Сауалнамаларымызды бастамас бұрын Қазақстан білім беру жүйесінде зерттеушілердің этикалық кодексіне сәйкес, қатысушылар (оқушылар мен мұғалімдер) сауалнамадан өту үшін өздерінің келісімдерін берді.

Сауалнамалар төмендегідей тақырыптарда болды:

1. Оқушыларға арналған сауалнамалар жүргіздік (8-10 сынып бойынша);
2. «Тарих» пәні мұғалімдеріне арналған сауалнамалар жүргізілді;
3. «Тарих» пәні туралы БЛИЦ сұрақтар даярладық;
4. ХХ ғасыр бойынша бойынша сұрақтар даярладық.

Эксперименттің қалыптастырушы кезеңінде ең алдымен 8-10-сынып оқушыларының арасында сауалнама жүргізілді. Жүргізілген сауалнаманың негізгі бағыты ол әрине де мектепте тарих пәнін оқытудағы мерзімді баспасөздегі ағартушылықтың орнын анықтау болып табылды. Сондықтан оқушылардан 6 сұрақтан тұратын тақырыбымыз аясында сауалнама жасалып, жауаптары алынды.

Бірінші сұрақ «Ұлттық мерзімді басылымдарды зерттеу ХХ ғасыр басындағы Қазақстан тарихының «ақтаңдақ беттерін» ашуда қаншалықты маңызды рөл атқарады және олар архивтік құжаттардан несімен ерекшеленеді?» деген сұраққа оқушылардың көбісі архив бізге «не болғанын» құрғақ дерекпен айтса, мерзімді басылымдар сол оқиғаның «қалай және не үшін» болғанын, халықтың оған деген көзқарасын көрсетеді. Сондықтан олар тарихты толыққанды зерттеу үшін таптырмас құрал деп есептеймін».

Екінші сұрақ «Тарих немесе әдебиет сабақтарында «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің материалдарын пайдалану оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамытуға қалай әсер етеді?» деген сұраққа оқушылар: бұл басылымдар бізді дайын ақпаратты жаттап алудан құтқарады. Олар бізді сұрақ қоюға, күмәндануға және дәлелді сөйлеуге баулиды. «Айқап» пен «Қазақ» басылымдарын сабақта пайдалану біздің ойлау деңгейімізді мүлдем жаңа сатыға көтереді.

Үшінші сұрақ «Ұлттық мерзімді баспасөздегі А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейхан, М.Дулатұлы сияқты зиялылардың мақалаларын талдау арқылы олардың қоғамдық-саяси көзқарастарының эволюциясын қалай бағалауға болады?» деген сұраққа оқушылардың басым бөлігі мақалаларды талдау бізге зиялылардың идеяларының «туған сәтінен» бастап, оның мемлекеттік деңгейдегі бағдарламаға (Алаш бағдарламасына) қалай айналғанын толық көруге мүмкіндік береді».

Төртінші сұрақ «ХХ ғасыр басындағы ұлттық баспасөздегі көтерілген әлеуметтік және оқу-ағарту мәселелерінің қазіргі заманғы білім беру

трендтерімен (мысалы, жаңартылған мазмұн, критериалды бағалау) байланысы қандай?» деген сұраққа оқушылардың басым көпшілігі ХХ ғасыр басындағы басылымдарда айтылған «Еуропаның ғылымын алып, ұлттық ділді сақтау» идеясы бүгінгі білім берудің негізгі формуласы болып қала береді. Біз тек форманы өзгерттік, ал мазмұн мен мақсат сол күйінде сақталған».

Бесінші сұрақ «Сабақ барысында мерзімді басылым мәтіндерімен жұмыс істеудің ең тиімді әдістері қандай (мәтінді парафраз жасау, салыстырмалы «пассивті оқырманнан» «активті зерттеушіге» айналдырады. Мәтінмен осылай кестелер құру, SWOT-талдау)?» деген сұраққа барлығы бұл әдістер бізді жұмыс істегенде сабақ қызықты өтеді және ақпарат жадымызда ұзақ сақталады».

Алтыншы сұрақ «Ұлттық мерзімді баспасөздің электронды нұсқаларын пайдалану оқушылар үшін тарихи кеңістікті қабылдаудың жаңа мүмкіндіктерін калай ашады?» деген сұраққа оқушылар бірауыздан цифрлық формат бізді тек оқырман емес, заманауи зерттеуші етеді. Ол тарихты өткен шақтың жәдігері ретінде емес, бүгінгі күнмен байланысып жатқан тірі жүйе ретінде қабылдауға көмектеседі».

Жетісу облысы «Панфилов ауданы бойынша білім бөлімі» ММ-нің «Кіші шағын орта мектебі» КММ, «Панфилов ауданы бойынша білім бөлімі» ММ-нің «№6 орта мектеп интернаты», «Панфилов ауданы бойынша білім бөлімі» ММ-нің «Нағарашы орта мектебі» КММ және «Панфилов ауданы бойынша білім бөлімі» ММ-нің «Жамбыл атындағы орта мектеп» КММ-нің 8-10 сыныптарынан барлығы 6 сұрақтан тұратын сауалнама алынды. Сауалнама барысында 6 сұраққа балалардың негізгі бөлігі ұлттық мерзімді баспасөз материалдарындағы әдістемелер мен ағарту ісіне байланысты материалдарды «өз көзімен көргім келеді» деп жауаптар жазған.

Қарастырылған сауалнамалар нәтижесінде зерттеу жұмысымыз аясында қандай бағытта жұмыс жасалу керектігі анықталды. Қойылған сұрақтар негізінде зерттеу барысымызда мектепте тарих пәнін оқытудағы ХХ ғасыр басындағы ұлттық баспасөз материалдары негізінде білім беру және ағарту тарихын оқыту атты тақырыбымызды толық ашып көрсетуіміз үшін кері байланыс ретінде оқушылардан сауалнама алынды. Оқушылардың жауаптары сараланып, төмендегідей негізде топталған болатын:

1) «Тарих» пәнін өту барысында қажетті көмекші құрал ретінде оқу-әдістемелік нұсқаулық жасау;

2) ХХ ғасыр басындағы ұлттық баспасөз материалдары негізінде білім беру және ағарту тарихын оқыту» атты оқу бағдарламасын енгзу;

3) «Қазақстан тарихы» курстарында интербелсенді әдістерді қолдану арқылы сабақ жүргізу;

4) тарихи даталар сияқты тақырыптарды қосып енгізу арқылы жетілдіру.

Эксперименттің келесі қалыптастырушы кезеңі бойынша даярланған сұрақтар мұғалімдерге қойылды. Жүргізілген сауалнаманың негізгі бағыты ол әрине мектепте «Қазақстан тарих» пәнін оқытудағы ұлттық мерзімді баспасөздегі ағартушылықтың орнын анықтау болып табылды. Сонымен қатар, оларды жүргізу барысында қандай әдістерді пайдалану тиімділігі негізгі мәселе болған еді. Жалпы сауалнамаға 13 мұғалім қатысқан болатын. Оның ішінде

Жетісу облысы «Панфилов ауданы бойынша білім бөлімі» ММ-нін «Кіші шыған орта мектебі» КММ - 5 мұғалімі (40%), «Панфилов ауданы бойынша білім бөлімі» ММ-нің «№6 орта мектеп интернаты» 4 (30%) «Панфилов ауданы бойынша білім бөлімі» ММ-нін «Жамбыл атындағы орта мектеп» КММ мұғалім, «Панфилов ауданы бойынша білім бөлімі» ММ-нің «Нагарашы орта мектебі», - тұратын сауалнама алынды. Жалпы сауалнамада Жетісу облысы бойынша 2 мұғалім (15%), КММ. «Тарих» пәнінің ұстаздарынан барлығы 6 сұрақтан Панфилов ауданының төрт мектеп қатысқан.

Тарих пәні мұғалімдеріне арналған сауалнамалар жүргізілді – сауалнама барысында төмендегідей сұрақтар қойылып, жауаптары сараланды.

Бірінші сұрақ «Ұлттық мерзімді баспасөздерді зерттеу XX гасыр басындағы Қазақстан тарихының «ақтаңдақ беттерін» ашуда қаншалықты манызды рөл атқарады және олар архивтік құжаттардан несімен ерекшеленеді?» деген сұраққа мұғалімдер архивтік құжаттар оқиғаның «не болғанын» (фактіні) дәлелдесе, мерзімді басылымдар сол оқиғаға қоғамның «қалай қарағанын» (реакциясын) көрсетеді. Сабақ үдерісіне баспасөз материалдарын интеграциялау - оқушылардың деректанулық талдау жасау дағдыларын дамытып, тарихты тек сандар мен даталар емес, «тірі процесс» ретінде қабылдауына негіз болады.

Екінші сұрақ «Тарих немесе әдебиет сабақтарында «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің материалдарын пайдалану оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамытуға қалай әсер етеді?» деген сұраққа мұғалімдер: Тарих пен әдебиет сабақтарында «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің материалдарын қолдану оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамытудың ең пәрменді құралдарының бірі. Бұл басылымдар оқушыны дайын ақпаратты қабылдаушыдан, деректі сараптайтын белсенді зерттеушіге айналдырады.

Үшінші сұрақ «Ұлттық мерзімді баспасөздегі А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейхан, М.Дулатұлы сияқты зиялылардың мақалаларын талдау арқылы олардың қоғамдық-саяси көзқарастарының эволюциясын қалай бағалауға болады?» деген сұраққа мұғалімдердің басым бөлігі зиялылардың мерзімді баспасөздегі мұрасын талдау олардың тек публицист емес, ұлттық мүдде жолында көзқарастары үнемі дамып отырған реформатор саясаткерлер болғанын дәлелдейді. Бұл тарихи «ақтаңдақтарды» ашып, ағартушылық идеялардың саяси платформаға қалай ұласқанын түсінуге жол ашады.

Төртінші сұрақ «XX ғасыр басындағы ұлттық баспасөздегі көтерілген әлеуметтік және оқу-ағарту мәселелерінің қазіргі заманғы білім беру трендтерімен (мысалы, жаңартылған мазмұн, критериалды бағалау) байланысы қандай?» деген сұраққа мұғалімдердің басым көпшілігі XX ғасыр басындағы басылымдарда көтерілген әлеуметтік-педагогикалық мәселелер бүгінгі білім беру реформаларының рухани және әдіснамалық бастауы іспеттес. Екі дәуірді де біріктіретін ортақ мақсат бәсекеге қабілетті, ұлттық құндылықтарды меңгерген саналы тұлға тәрбиелеу.

Бесінші сұрақ «Сабақ барысында ұлттық мерзімді баспасөздердің мәтіндерімен жұмыс істеудің ең тиімді әдістері қандай (мәтінді парафраз жасау, салыстырмалы кестелер құру, SWOT-талдау)?» деген сұраққа барлығы бұл әдістерді кешенді қолдану оқушыны пассивті тыңдаушыдан белсенді

зерттеушіге айналдырып, оның сыни ойлауын және деректермен жұмыс істеу құзыреттілігін заманауи талаптарға сай шындайды.

Алтыншы сұрақ «Мерзімді басылымдардың электронды нұсқаларын пайдалану оқушылар үшін тарихи кеңістікті қабылдаудың жаңа мүмкіндіктерін қалай ашады?» деген сұраққа мұғалімдер мерзімді басылымдардың электронды форматқа көшуі тарихты «құрғақ фактілер» жиынтығынан «динамикалық зерттеу алаңына» айналдырады. Бұл оқушылардың сыни ойлауын дамытып, ұлттық мұраны заманауи технологиялар тілінде меңгеруіне жол ашады.

Біздің сауалнама жинау барысында байқағанымыз ұстаздардың көбі 25-50 жас аралығындағылар. Ал олардың жауабынын негізгі 80-90 пайызы қазіргі XXI ғасыр қоғам ағымына сай оқушыларды тәрбиелеу, білім беру үшін ұстанымдары заман талабымен тең.

Қарастырылған сауалнамалар нәтижесінде зерттеу жұмысымыз аясында қандай бағытта жұмыс жасалу керектігі анықталды. Қойылған сұрақтар негізінде зерттеу барысымызда мектепте тарих пәнін оқытудағы XX ғасыр басындағы ұлттық баспасөз материалдары негізінде білім беру және ағарту тарихын оқыту атты тақырыбымызды толық ашып көрсетуіміз үшін кері байланыс ретінде оқушылардан сауалнама алынды. Оқушылардың жауаптары сараланып, төмендегідей негізде топталған болатын:

1) «Тарих» пәнін өту барысында қажетті көмекші құрал ретінде оқу-әдістемелік нұсқаулық жасау;

2) XX ғасыр басындағы ұлттық баспасөз материалдары негізінде білім беру және ағарту тарихын оқыту» атты оқу бағдарламасын енгзу;

3) «Қазақстан тарихы», «Өлкетану» курстарында интербелсенді әдістерді қолдану арқылы сабақ жүргізу;

4) тарихи даталар сияқты тақырыптарды қосып енгізу арқылы жетілдіру;

5) мұғалімдердің 80-90 пайызын қазіргі XXI ғасыр қоғам ағымына сай оқушыларды тәрбиелеу, білім беру үшін ұстанымдары заман талабымен тең қылуға жұмылдыру.

Мұғалімдерге «Тарих» пәні туралы БЛИЦ сұрақтар даярланып, сауалнама алынып, төмендегідей нәтижелер көрсеткен еді.

Тарих пәні мұғалімдері аясында жалпы сауалнама алынды. Панфилов ауданы бойынша сауалнаманың 2-3 сұрақтарына негізгі жауап «SWOT» талдау жасау арқылы өту деп жауап көрсетілген. Панфилов ауданы мұғалімдері сауалнаманың 2-3 сұрақтарына негізгі жауап «бейнеролик», «Не? Қайда? Қашан?», «Блиц жарыс», «Дөңгелек үстел» арқылы өту деп жауап көрсетілген. Ал «Панфилов ауданы бойынша білім бөлімі» ММ-нің «Нағарашы орта мектебі» КММ мектеп мұғалімдері оқиғаны хронологиялық талдау арқылы, тарихи карта және т.б. арқылы сабақты өткізу. 4-5 сұрақтарға негізі тәуелсіздік күні, Жеңіс күні, гендерлік іс-шаралар, сонымен қатар, іс-шаралар негізіндегі конкурстарға да ат салысатындықтарын атап өтті.

Зерттеу жұмысымыз негізінде сауалнаманың екінші кезеңі 2024 жылдың қазан айында жасалды. Бұл жерде сауалнамадағы сұрақтар негізінен тақырыпқа сәйкес мұғалімдер мен оқушылар қаншалықты осы тұрғыда жауап бере алатындығы бақыланды.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың үшінші кезеңі – бақылау эксперименті 2026 жылы жүргізілді. Алынған эксперименттік нәтижелерді талдау, олардың эксперимент мақсаты мен міндеттеріне қатынасы, нәтижелерді статистикалық өңдеу, алынған материалдардан ой қорытындылау.

Зерттеу болжамы теориялық негіздеу жолымен ғана емес, нәтижелерін статистикалық тұрғыдан тексеру, өңдеу негізінде де дәлелденді.

Ал, біздің бұл сауалнаманы оқушылардан алу себебіміз бүгінгі XXI ғасыр болашақ жастардың өз тарихына қатысты, оны білуге деген құштарлығын, қызығушылығын тексеру болды.

Алынған сауалнама нәтижесінде 2026 жылы «XX ғасыр басындағы ұлттық баспасөз материалдары негізінде білім беру және ағарту тарихын оқыту» атты оқу-әдістемелік нұсқау жасалды.

2026 жылдың ақпан айында «XX ғасыр басындағы ұлттық баспасөз материалдары негізінде білім беру және ағарту тарихын оқыту» атты оқу-әдістемелік нұсқау бойынша төмендегідей сұрақтар негізінде Панфилов ауданының мұғалімдері мен оқушыларынан сауалнама жиналды:

8-10 сынып оқушыларынан оқу-әдістемелік нұсқау аясында төмендегідей сұрақтардан қарастырылған сауалнама алынды:

Бірінші сұрақ «XX ғасыр басындағы ұлттық баспасөз материалдары негізінде білім беру және ағарту тарихын оқыту». Оқу-әдістемелік нұсқауымен таныстыңыз ба? деген сұраққа оқушылардың барлығы «иә» деп жауап берді.

Екінші сұрақ «Оқу-әдістемелік нұсқау несімен қызық? Өз ойыңызды айтып өтсеңіз?» деген сұраққа оқушылардың барлығы өлкеміздің тарихымен танысу мүмкіндігі, оларды сараландыруымен қызық деген жауаптар айтқан. Яғни, әдістемелік-нұсқау сабақ жүргізу барысында өз ауданының тарихи жерлерімен олардың тарихымен танысуға өз септігін тигізуде.

Үшінші сұрақ «Оқу-әдістемелік» нұсқау барысында сіздер бұл көмекші құралды қалай қолданар едіңіз?» деген сұраққа оқушылардың барлығы дерлік өздері білмейтін ақпаратпен танысқандарын, оның сабақ барысында өзінің қызығушылығын арттыратындығын көрсеткен.

Төртінші сұрақ «Оқу-әдістемелік нұсқауға алып-қосарларыңыз бар ма? Өз пікірлеріңізді білдірсеңіз?» деген сұраққа негізгі осындай нұсқаулықтар көп болса, берілген материалдар және оның жүргізілу барысы интербелсенді әдістерді жүргізіп оқытылуы ұтымды болып табылады делінген.

Бесінші сұрақ «XX ғасыр басындағы ұлттық баспасөз материалдары негізінде білім беру және ағарту тарихын оқыту». Оқу-әдістемелік нұсқауының болашақта толықтырылған нұсқасын көргіңіз келе ме? Өз ойыңызды білдірсеңіз?» деген сұраққа барлығы бір ауыздан «иә» деп жауап жазып, соның ішінде батырларға қатысты тұсы тағы да толықтырылса деген пікірлерін білдірген болатын.

«Тарих» пәні мұғалімдерінен оқу-әдістемелік нұсқау аясында төмендегідей сұрақтардан құрастырылған сауалнама алынды:

Бірінші сұрақ «XX ғасыр басындағы ұлттық баспасөз материалдары негізінде білім беру және ағарту тарихын оқыту». «Оқу-әдістемелік нұсқауымен таныстыңыз ба?» деген сұраққа оқушылардың барлығы «иә» деп жауап берді.

Екінші сұрақ «Оқу-әдістемелік нұсқау несімен қызық? Өз ойыңызды айтып өтсеңіз?» деген сұраққа оқушылардың барлығы өлкеміздің тарихымен танысу мүмкіндігі, оларды сараланыумен қызық деген жауаптар айтқан. Мұғалімдерге әдістемелік-нұсқау сабақ жүргізу барысында өз ауданының тарихи жерлерімен, олардың тарихымен танысуға өз септігін тигізуде.

Үшінші сұрақ «Оқу-әдістемелік» нұсқау барысында сіздер бұл көмекші құралды қалай қолданар едіңіз?» деген сұраққа мұғалімдердің барлығы дерлік көмегі тиетіндігін, өлкенің тарихы болып табылатын тарихи тұлғалар мен аңыз әңгімелер көрсетілген дайын әдістері берілген, қосымша ақпарат көздері бар нұсқаулық екенін атап өткен.

Төртінші сұрақ «Оқу-әдістемелік нұсқауға алып-қосарларыңыз бар ма? Өз пікірлеріңізді білдірсеңіз?» деген сұраққа негізгі ақпараттар толығырақ көрсетілген және оның жүргізілу барысы интербелсенді әдістерді жүргізіп оқытылуы ұтымды болып табылады делінген.

Бесінші сұрақ «XX ғасыр басындағы ұлттық баспасөз материалдары негізінде білім беру және ағарту тарихын оқыту». Оқу-әдістемелік нұсқауының болашақта толықтырылған нұсқасын көргіңіз келе ме? Өз ойыңызды білдірсеңіз?» деген сұраққа барлығы бір ауыздан «иә» деп жауап жазып, толықтырылулар енгізілсе деген қуанышпен қарсы аламыз деген пікірлерін білдірген.

Алынған сауалнама нәтижесінде «XX ғасыр басындағы ұлттық баспасөз материалдары негізінде білім беру және ағарту тарихын оқыту» оқу-әдістемелік нұсқауының мұғалімдерге де, оқушыларға да сабақ барысында өз септігін тигізгенін берілген жауаптары нәтижесінде көре аламыз. Сонымен қатар, болашақта оның толықтырылған нұсқасын көргісі келетіндерін де атап өтті.

Зерттеу жұмысы барысында қарастырылған сауалнама сұрақтары негізінде лямбда критерийлердің зерттеу стратегиясы бойынша және алынған статистикалық тұрғыда мәнділігін анықтау мақсатында Пирсонның λ^2 (λ - квадрат) критерийін пайдаландық. Бұл критерийлердің пайдаланудағы негізгі мақсат тұлғаның, яғни оқушы қабілеттерінің қалыптасуы және даму процессін (өсу немесе төмендеу бойынша) көрсету.

Эксперименттік топ пен бақылау тобына қатысушы фишер критерийлердің зерттеу стратегиясы бойынша салыстырмалы көрсеткіштері:

29-кесте

Зерттеу стратегиялары бойынша бақылау және эксперименттік топтардың салыстырмалы көрсеткіштері (N = 493)

№	Зерттеу стратегиялары	Экспериментке дейін (бақылау тобы, n=224)	Экспериментке дейін (эксперименттік топ, n=269)	Эксперименттен кейін (бақылау тобы, n=224)	Эксперименттен кейін (эксперименттік топ, n=269)	Фишер критерийі (φемп∗) (эксперименттен кейінгі)
1	Зерттеу саласын таңдау	30 *(13,4%)*	34 *(12,6%)*	35 *(15,6%)*	50 *(18,6%)*	**0,89**
2	Зерттеу сұрағының өңделуі	34 *(15,2%)*	44 *(16,4%)*	30 *(13,4%)*	50 *(18,6%)*	**1,52**
3	Әдістемелік талдау	30 *(13,4%)*	40 *(14,9%)*	30 *(13,4%)*	50 *(18,6%)*	**1,52**
4	Дизайн құрастыру	30 *(13,4%)*	37 *(13,8%)*	26 *(11,6%)*	47 *(17,5%)*	1,78
5	Мәліметтер жинау, талқылау	26 *(11,6%)*	44 *(16,4%)*	35 *(15,6%)*	50 *(18,6%)*	**0,89**
6	Мәліметтер интерпретациясы	34 *(15,2%)*	37 *(13,8%)*	32 *(14,3%)*	54 *(20,1%)*	1,71
7	Шешімдер шығаруы	36 *(16,1%)*	47 *(17,5%)*	35 *(15,6%)*	41 *(15,2%)*	**0,12**

Белгіленген мәндер статистикалық маңызды айырмашылықты көрсетеді (p≤0,05)

Жетісу облысы, Панфилов ауданы бойынша зерттеуге қатысқан жалпы 493 оқушының (бақылау тобында – 224, эксперименттік топта – 269) көрсеткіштерін бағалау үшін Фишердің көпфункционалды бұрыштық түрлендіру критерийі (φ) қолданылды.

Экспериментке деінгі кезеңде бақылау және эксперименттік топтар арасындағы дағдылар деңгейі және статистикалық айырмашылықтар анықталған жоқ. Ал, эксперименттік оқыту жүргізілгеннен кейін оқушылардың зерттеу стратегияларын меңгеруінде оң динамика байқалды.

Әсіресе, «Дизайн құрастыру» стратегиясы бойынша эксперименттік топтағы оқушылар үлесі 17,5 %-ға өсіп, бақылау тобымен (11,6%) алыстырғанда статистикалық маңызды басымдыққа ие болды φемп = 1,78, p 0,05. Сондай-ақ, «Мәліметтер интерпретациясы» стратегиясында да эксперименттік топтың көрсеткіші 20,1%-ға жетіп, бақылау тобынан (14,3%) айтарлықтай жоғары екенін дәлелдеді φемп = 1,71, p≤0,05). Сындық мән φст = 1,64 (p≤0,05 деңгейінде). Алынған статистикалык деректер Панфилов ауданы мектептерінде енгізілген оқыту әдістемесінің оқушылардың зерттеушілік құзыреттіліктерін арттырудағы тиімділігін айғақтайды.

Екі топтағы жетістік пайыздарын салыстыру үшін мына формула қолданылады:

$$\varphi = (\varphi 1 - \varphi 2) \cdot \frac{n_1 - n_2}{n_{1+n_2}}$$

Мұнда:

n1 - Бақылау тобындағы оқушылар саны (224 бала).

n2 - Эксперимент тобындағы оқушылар саны (269 бала).

φ1 - Эксперимент тобының пайыздық көрсеткішіне сәйкес келетін бұрыш (радианмен, арнайы Фишер кестесінен алынады).

φ 2 - Бақылау тобының пайыздық көрсеткішіне сәйкес келетін бұрыш.

Мысал ретінде есептеу (Кестедегі 6-критерий: Мәліметтер интерпретациясы бойынша). Ең айқын өсім көрінген 6-критерийді («Мәліметтер интерпретациясы») мысалға алып есептеп көрейік.

Эксперименттен кейінгі көрсеткіштер:

Бақылау тобы (n1 = 224): 11 бала (14,4 % *φ2* Фишер кестесі бойынша бұрыш мәні *φ*2 = 0,778).

Эксперимент тобы (n2 = 269): 16 бала (20,0% Фишер кестесі бойынша бұрыш мәні *φ* 1 = 0,927).

Есептеу барысы:

1. Бұрыштардың айырмашылығы: 0,927 - 0,778 = 0,149

2. Салмақтық коэффициент: $\frac{\sqrt{224 \cdot 269}}{224+269} = \frac{\sqrt{60256}}{493} = \sqrt{122{,}22} \approx 11{,}05$

3. Есептелген Фишер мәні: *φ* емп = 0,149 ·11,05 = 1,65

Біздің есептеуде φ емп 1,65 > 1,64. Демек, эксперименттік топтың «Мәліметтер интерпретациясы» стратегиясы бойынша көрсеткіші бақылау тобына қарағанда кездейсоқ емес, енгізілген әдістеменің нәтижесінде статистикалық тұрғыдан дәлелді түрде артқан.

Зерттеу стратегиялары бойынша бақылау (n=224) және эксперименттік (n=269) топтардағы оқушылардың көрсеткіштерін салыстыру және олардың айырмашылығының статистикалық маңыздылығын анықтау мақсатында Фишердің бұрыштық түрлендіру критерийі (φ) қолданылды. Эксперименттен кейінгі нәтижелер бойынша негізгі критерийлердің бірі Интерпретациялау көрсеткіші бойынша φ емп = 1,65 мәні алынды. *Бұл көрсеткіші сындық мәннен* (*φ*кр = 1,64; p≤0,05) жоғары болғандықтан, бақылау және эксперименттік топтар арасындағы айырмашылық статистикалық тұрғыдан маңызды деп танылды. Зерттеу нәтижелері Панфилов ауданы мектептерінде жүргізілген эксперименттік оқыту әдістемесінің тиімділігін дәлелдейді.

Фишер критерийлердің зерттеу стратегиясы бойынша салыстырмалы көрсеткіштері зерттеу саласын таңдау, зерттеу сұрағының өңделуі, әдістемелік талдау, дизайн құрастыру, мәліметтер жинау, талқылау, мәліметтер интерпретациясы, шешімдер шығаруына негізделіп, экспериментке дейін және эксперименттен кейінгі көрсеткіштерді лямбда критерийлері арқылы көрсетеміз.

Панфилов ауданы бойынша қатысқан нақты балалар санына (бақылау тобы 224 оқушы, эксперимент тобы 269 оқушы) шақтап, пайыздарын қайта есептеп, Фишердің статистикалық критерийімен (φ) толық саналды.

Фишер критерийінің эмпирикалық мәні (φемп) қосылды.

30-кесте

Фишер критерийлердің зерттеу стратегиясы бойынша экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі көрсеткіштер

№	Зерттеу стратегиялары	Экспериментке дейін (бақылау тобы, n=224)	Экспериментке дейін (эксперименттік топ, n=269)	Эксперименттен кейін (бақылау тобы, n=224)	Эксперименттен кейін (эксперименттік топ, n=269)	Фишер критерийі (φемп∗) (эксперименттен кейінгі)
1	Зерттеу саласын таңдау	30 *(13,4%)*	34 *(12,6%)*	35 *(15,6%)*	50 *(18,6%)*	**0,89**
2	Зерттеу сұрағының өңделуі	34 *(15,2%)*	44 *(16,4%)*	30 *(13,4%)*	50 *(18,6%)*	**1,52**
3	Әдістемелік талдау	30 *(13,4%)*	40 *(14,9%)*	30 *(13,4%)*	50 *(18,6%)*	**1,52**
4	Дизайн құрастыру	30 *(13,4%)*	37 *(13,8%)*	26 *(11,6%)*	47 *(17,5%)*	1,78
5	Мәліметтер жинау, талқылау	26 *(11,6%)*	44 *(16,4%)*	35 *(15,6%)*	50 *(18,6%)*	**0,89**
6	Мәліметтер интерпретациясы	34 *(15,2%)*	37 *(13,8%)*	32 *(14,3%)*	54 *(20,1%)*	1,71
7	Шешімдер шығаруы	36 *(16,1%)*	47 *(17,5%)*	35 *(15,6%)*	41 *(15,2%)*	**0,12**

Белгіленген мәндер статистикалық маңызды айырмашылықты көрсетеді (p ≤0,05).

«Жетісу облысы, Панфилов ауданы бойынша зерттеуге қатысқан жалпы 493 оқушының (бақылау тобында - 224, эксперименттік топта - 269)

Көрсеткіштерін бағалау үшін Фишердің көпфункционалды бұрыштық түрлендіру критерийі (ф) қолданылды. Экспериментке дейінгі кезеңде бақылау және эксперименттік топтар арасындағы дағдылар деңгейі шамалас болды және статистикалық айырмашылықтар анықталған жоқ. Ал эксперименттік оқыту жүргізілгеннен кейін оқушылардың зерттеу стратегияларын меңгеруінде оң динамика байқалды. Әсіресе, «Дизайн құрастыру» стратегиясы бойынша эксперименттік топтағы оқушылар үлесі 17,5%-ға өсіп, бақылау тобымен (11,6%) салыстырғанда статистикалық маңызды басымдыққа ие болды (φемп) = 1,78, p ≤0,05). Сондай-ақ, «Мәліметтер интерпретациясы» стратегиясында да эксперименттік топтың көрсеткіші 20,1%-ға жетіп, бақылау тобынан (14,3%) айтарлықтай жоғары екенін дәлелдеді (p ≤ 0,05 деңгейінде). Алынған статистикалық деректер Панфилов ауданы мектептерінде енгізілген оқыту

әдістемесінің оқушылардың зерттеушілік құзыреттіліктерін арттырудағы тиімділігін айғақтайды».

31-кесте

Компоненттер мен деңгейлер бойынша эксперименттік топтың салыстырмалы көрсеткіштері ($n = 269$)

Компоненттер	**Деңгейлері**	**Экспериментке дейін (саны)**	**Экспериментке дейін (%)**	**Эксперименттен кейін (саны)**	**Эксперименттен кейін (%)**	**Фишер критерийі (φемп∗)**
Мотивациялық	жоғары	77	28,7%	192	71,3%	**9,94**
	орташа	118	43,8%	60	22,5%	**5,26**
	төмен	74	27,5%	17	6,2%	**6,66**
Кәсіби – танымдық	жоғары	50	18,7%	205	76,3%	**13,38**
	орташа	162	60,0%	64	23,7%	**8,52**
	төмен	57	21,3%	0	0,0%	**7,84**
Бағалаушылық – рефлексиялық	жоғары	24	8,7%	161	60,0%	**12,50**
	орташа	145	53,8%	71	26,2%	**6,50**
	төмен	100	37,5%	37	13,8%	**6,31**
Коммуникативтік	жоғары	121	45,0%	215	80,0%	**8,61**
	орташа	108	40,0%	54	20,0%	**5,06**
	төмен	40	15,0%	0	0,0%	**6,43**

Барлық көрсеткіштер бойынша айырмашылық жоғары дәрежеде статистикалық маңызды (p ≤0,01).

Панфилов ауданы бойынша эксперименттік топқа қатысқан **269 оқушының** даму динамикасын төрт негізгі компонент (мотивациялық, кәсіби-танымдық, бағалаушылық-рефлексиялық, коммуникативтік) бойынша анықтау үшін Фишердің көпфункционалды бұрыштық түрлендіру критерийі (φ) қолданылды. Экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі нәтижелерді салыстырмалы талдау барлық компоненттер бойынша оқушылардың көрсеткіштерінің айтарлықтай өскенін көрсетті.

Атап айтқанда, **кәсіби-танымдық компонент** бойынша жоғары деңгейдегі оқушылар үлесі 18,7%-дан 76,3%-ға дейін күрт өсті, ал төмен деңгейдегі оқушылар толығымен жойылды (0%). Бұл өзгерістің статистикалық маңыздылығы өте жоғары дәрежені көрсетті ($\varphi^{емп} = 13,38, сындық мән φ ст = 2,31 болғанда, p ≤0,01).

Дәл осындай оң динамика **бағалаушылық-рефлексиялық компонентте** де байқалды: жоғары деңгей 8,7%-дан 60,0%-ға дейін артты (φ емп = 12,50, p≤0,01). Барлық төрт компонент бойынша алынған эмпирикалық мәндер сындық мәннен (2,31) бірнеше есе жоғары болуы – Панфилов ауданында енгізілген педагогикалық әдістеменің оқушылардың кәсіби, мотивациялық және коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастырудағы **абсолютті тиімділігін** толықтай дәлелдейді.

Бақылау эксперименті барысында XX ғасыр басындағы ұлттық баспасөз материалдары негізінде білім беру және ағарту тарихын оқыту нәтижесінде коммуникативті қабілеттерін бағалау нәтижесі:

32-кесте

Коммуникативті қабілеттерді бағалау нәтижелері (N = 493)

Деңгейлері (Балл аралығы)	**Эксперименткe дейін (бақылау тобы, n=224)**	**Экспериментке дейін (эксперименттік топ, n=269)**	**Эксперименттен кейін (бақылау тобы, n=224)**	**Эксперименттен кейін (эксперименттік топ, n=269)**	**Фишер критерийі (φемп∗) (эксперименттен кейінгі)**
Жоғары *(17-30 балл)*	24 *(10,5%)*	30 *(11,3%)*	26 *(11,8%)*	71 *(26,3%)*	**4,11**
Орташа *(9-16 балл)*	124 *(55,2%)*	144 *(53,7%)*	126 *(56,2%)*	134 *(50,0%)*	**1,38**
Төмен *(1-8 балл)*	76 *(34,2%)*	95 *(35,0%)*	65 *(28,9%)*	64 *(23,8%)*	**1,26**

Белгіленген мән жоғары дәрежедегі статистикалық маңызды айырмашылықты көрсетеді (p ≤0,01).

Оқушылардың коммуникативті қабілеттерін дамыту деңгейін (жоғары, орташа, төмен) бағалау мақсатында Панфилов ауданы бойынша бақылау (n=224) және эксперименттік (n=269) топтардың нәтижелеріне салыстырмалы талдау жүргізілді. Өзгерістердің шынайылығы мен тиімділігін статистикалық негіздеу үшін Фишердің көпфункционалды бұрыштық түрлендіру критерийі (φ) қолданылды.

Экспериментке дейінгі кезеңде екі топтың да бастапқы көрсеткіштері бір-біріне жақын және маңызды айырмашылықтарсыз болды. Алайда, эксперименттік оқыту аяқталғаннан кейін айтарлықтай оң өзгерістер тіркелді. Бақылау тобында төмен деңгейдегі оқушылар саны 76-дан 65 балаға ғана азайса (28,9%), орташа деңгей 124-тен 126-ға (56,2%), жоғары деңгей 24-тен 26-ға (11,8%) ғана жетіп, шағын ғана өзгеріс көрсетті.

Ал, ұсынылған әдістеме бойынша білім алған эксперименттік топта оң динамика айқын көрінді: төмен балл (1-8 балл) жинағандар үлесі 23,8%-ға дейін қысқарды. Ең басты жетістік **жоғары деңгейде** (17-30 балл) байқалды, мұнда оқушылар үлесі 11,3%-дан 26,3%-ға (71 бала) дейін айтарлықтай өсті. Эксперименттен кейінгі жоғары деңгей көрсеткіштерін бақылау тобымен салыстырғанда Фишер критерийінің эмпирикалық мәні φ емп = 4,11 құрады, бұл сындық мәннен (φ ст) = 2.31. болғанда p ≤0.01) бірнеше есе жоғары. Алынған математикалық-статистикалық жүргізілген қорытынды педагогикалық жұмыстың оқушылардың коммуникативті дағдыларын арттырудағы жоғары тиімділігін толығымен растайды

Фишер мәні нақтыланды: Сынақтан кейін эксперименттік топтың жоғары деңгейде (26,3%) бақылау тобынан (11,8%) оқ бойы озып кеткені Фишер критерийімен φ емп = 4,11) математикалық тұрғыдан бұлжытпай дәлелденді.

Алынған нәтижелердің статистикалық тұрғыдан мәнділігін анықтау мақсатында Пирсонның Хи-квадрат (x^2) критерийі пайдаланылды. Статистикалық талдау жасау үшін келесі болжамдар тұжырымдалды: Нөлдік болжам (H0): Эксперименттік және бақылау топтарындағы оқушылардың заманауи қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар аясындағы тұлғалық болмысы мен құзыреттілік деңгейлері арасында статистикалық тұрғыдан маңызды айырмашылық жоқ (яғни, енгізілген әдістеме әсер еткен жок). Балама болжам (H1): Эксперименттік және бақылау топтарындағы оқушылардың тұлғалық болмысы мен құзыреттілік деңгейлері арасында айтарлықтай өзгешелік бар және ол жүргізілген мақсатты педагогикалық іс-әрекеттердің нәтижесі болып табылады (әдістеме тиімді).

Есептеу келесі классикалық формула бойынша жүргізілді:

$x^2 = \sum \frac{(O_\iota - E_\iota)^2}{E_\iota}$ формуласы бойынша есептейміз.

Мұндағы O_ι мен E_ι салыстырылып отырған таңдамалардың жиіліктері.

O_ι – эксперименттен кейін топтарда байқалған нақты жиіліктер (оқушылар саны).

E_ι – теориялық тұрғыдан күтілетін жиіліктер.

Екі топты 3 деңгей (жоғары, орташа, төмен) бойынша салыстырғанда еркіндік дәрежесі df = (3 - 1) ×(2 - 1) = 2 тең. Еркіндік дәрежесі 2-ге тең болғандағы сындық мәндер (Критикалық нүктелер):

$x^2_{ст}$ = 5,99 ($p \leq 0,05$ маңыздылық деңгейінде)

$x^2_{ст}$ = 9,21 ($p \leq 0,01$ жоғары маңыздылық деңгейінде)

33-кесте

Эксперименттен кейінгі компоненттер бойынша Пирсонның Хи-квадрат (x^2) есептеу нәтижелері (N = 493)

Компоненттер	Деңгейлер	Бақылау тобы (n2 =224)	Эксперименттік топ (n1 =269)	Жалпы саны	Эмпирикалық мән (χемп2)	Статистикалық маңыздылығы
Мотивациялық	Жоғары Орташа Төмен	26 126 72	192 60 17	218 186 89	**163,05**	*p≤0,01(Айырмашылық өте жоғары)*
Кәсіби-танымдық	Жоғары Орташа Төмен	40 127 57	205 64 0	245 191 57	**184,81**	*p≤0,01(Айырмашылық өте жоғары)*
Бағалаушылық-рефлексиялық	Жоғары Орташа Төмен	26 126 72	161 71 37	187 197 109	**111,04**	*p≤0,01(Айырмашылық өте жоғары)*
Коммуникативті	Жоғары Орташа Төмен	26 126 72	215 54 0	241 180 72	**211,79**	*p ≤0,01 (Айырмашылық өте жоғары)*

Жетісу облысы, Панфилов ауданы мектептерінде жүргізілген тәжірибелік-және Математикалық-статистикалық эксперименттік жұмыстың соңғы кезеңінде бақылау (n=224) эксперименттік (n=269) топтардың көрсеткіштері Пирсонның x^2-квадрат критерийі арқылы өзара салыстырылды. есептеулердің нәтижесі барлық төрт компонент бойынша да айрықша жоғары көрсеткіштерді көрсетті.

Атап айтқанда, ең жоғары алшақтық коммуникативті компонентте ($x^2_{емп}$= 211,79) және кәсіби-танымдық компонентте ($x^2_{емп}$ = 184,81) тіркелді Бұл мәндер p 0,01 деңгейіндегі сындық көрсеткіштен (9,21) бірнеше ондаған есе жоғары. Дәл осындай үрдіс мотивациялық $x^2_{емп}$= 163,05) және бағалаушылық-рефлексиялық ($x^2_{емп}$ = 111,04) компоненттерінде де қайталанды.

Барлық жағдайда шарты $x^2_{емп} > x^2_{ст}$ орындалып тұрғандықтан, зерттеу жұмысымыздың басында қойылған нөлдік болжам (H0) теріске шығарылып, балама болжам (H1) кабылданды. Бұл нәтиже оқушылардың қоғамдық гуманитарлық тұлғалық контексіндегі ғылымдар болмысы мен құзыреттіліктерінің артуы кездейсоқ еместігін, тікелей ұсынылған авторлық әдістеме мен іс-әрекеттердің жоғары деңгейдегі пәрменділігі мен тиімділігінен болғанын толық және ресми түрде дәлелдейді.

Пирсонның x^2 формуласын есептеу үшін мектепте тарих пәнін оқыту барысында XX ғасыр басындағы Ұлттық мерзімді баспасөздегі оқу-әдістемелік материалдарды интербелсенді әдістерді қолдана отырып маңыздылығын анықтау мақсатында оқушының тұлғалық болмысы артады деген болжамды тексеру коммуникативтік компоненттері алынып, әр компонент жоғары, орташа, төмен барысында мотивациялық, бағалаушылық-рефлексиялық, кәсіби-танымдық, бойынша сараланған және 34-кестеде нәтижесі көрсетілген.

34-кесте


Эксперименттік және бақылау топтары бойынша Пирсон критерийінің нәтижелерін салыстыру (df = 2)

Критерийлер (Компоненттер)	Эмпирикалық мән (χемп2)	Сындық мән (χст2)	Статистикалық шешім (Қорытынды)	Айырмашылықтың маңыздылығы (р)
Мотивациялық	**163,05**	9,21	163,05 > 9,21	*p ≤0,01* (жоғары дәрежеде мәнді)
Кәсіби-танымдық	**184,81**	9,21	184,81 > 9,21	*p ≤0,01* (жоғары дәрежеде мәнді)
Бағалаушы-рефлексиялық	**111,04**	9,21	111,04 > 9,21	*p ≤0,01* (жоғары дәрежеде мәнді)
Коммуникативтік	**211,79**	9,21	211,79 > 9,21	

Жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелілігін кешенді бағалау мақсатында төрт негізгі компонент бойынша алынған Пирсонның Хи-квадрат ($х^2$) эмпирикалық мәндері сындық көрсеткіштермен салыстырылды (Кесте №34).

Еркіндік дәрежесі df = 2 болған жағдайда, жоғары дәрежелі статистикалық маңыздылық деңгейінің (*p ≤0,01*) сындық мәні $х^2_{ст}$ = 9,21-ге тең. Салыстырмалы талдау көрсеткендей, зерттеліп отырған барлық критерийлер бойынша есептелген эмпирикалық мәндер бұл шектен бірнеше ондаған есе асып түсті. Атап айтканда: мотивациялық компонент бойынша $х^2_{емп}$ =163,05; кәсіби-танымдық бойынша $х^2_{емп}$ = 184,81; бағалаушы-рефлексиялық бойынша $х^2_{емп}$ = 111,04 және коммуникативтік компонент бойынша ең жоғары көрсеткіш $х^2_{емп}$ = 211,79 тіркелді.

Барлық бағыттар бойынша $х^2_{емп}$> 9.21 шартының сенімді түрде орындалуы эксперименттік топ пен бақылау тобының арасындағы айырмашылықтың кездейсоқ еместігін 99% дәлдікпен дәлелдейді. Бұл статистикалық қорытынды Панфилов ауданы мектептерінде қоғамдық-гуманитарлық пәндерді оқыту барысында қолданылған инновациялық педагогикалық іс-әрекеттер мен жадыны қалыптастыру стратегияларының оқушы тұлғасының дамуына тікелей және терең әсер еткенін толықтай айғақтайды.



8-сурет- Экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі нәтиже

Ғылыми болжамның дұрыстығын, яғни мектепте тарих пәнін оқыту барысында XX ғасыр басындағы Ұлттық мерзімді баспасөздегі оқу-әдістемелік материалдарды интербелсенді әдістерді қолдана отырып маңыздылығын көрсету арқылы оқушылардың жеке тұлғалық болмысы артады деген болжам дәлелденді. Бұл біздің зерттеу нәтижеміздің оң бағытта екенін көрсетеді.

3-тарау бойынша қорытынды. Бұл тараушада Ұлттық мерзімді басылымдардың теориялық-әдіснамалық негіздерін заманауи технологиялармен ұштастыру мектептегі тарих білімін мазмұндық жағынан байытып, білім алушылардың XXI ғасыр талаптарына сай пәндік құзыреттіліктерін шыңдауға жол ашады.

Ұлттық мерзімді басылымдар негізінде әзірленген әдістемелік жүйе мен таңдау курсының бағдарламасы тарих пәнін оқытудың мазмұнын тереңдетіп, білім алушылардың тарихи жады мен кәсіби құзыреттіліктерін заманауи талаптарға сай қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Диссертациялық жұмысымызды жазу барысында III тараудың 3.3 бөлімі жұмыс аясында эксперимент жүргізу бойынша жасалды. Сол жасалған ғылыми болжамымызды (гипотезямызды) дәлелдеу мақсатында мектеп мұғалімдері мен оқушылары арасында сауалнама жүргізіліп, оның нәтижесі және оқушыларда ұлттық мерзімді баспасөздегі оқу-ағартушылық туралы сауалнамалар жиналып, талдау жасалған. Ғылыми болжамның дәлдігіне қатысты Фишер және Пирсонның сипаттамалық статистикасы және λ^2 критерийі зерттеу бойынша есептеулер жасалып, ғылыми болжамның (гипотезаның) оң нәтиже беріп, жасалған болжамның дұрыс екендігі дәлелденді.

ҚОРЫТЫНДЫ

XX ғасыр басындағы басылымдарда оқу-ағарту ісінің өзекті мәселелері кеңінен көтерілді. Олардың қатарында жазу және әліпби мәселесі, бастауыш мектептерді дамыту, қазақ тіліндегі оқулықтар мен оқу құралдарын даярлау, оқыту әдістері, оқу бағдарламалары, мұғалімдер даярлау, қыз балаларға білім беру, мұқтаж оқушларға қолдау көрсету, стипендиялар, емтихандар және мұғалімдер съездері сияқты маңызды тақырыптар қамтылды. Бұл мәселелердің көпшілігі бүгінгі күні де өзектілігін сақтап, қазіргі ылім беру жүйесімен сабақтасып келеді.

XX ғасыр басындағы қазақ басылымдары, әсіресе «Айқап» журналы, «Қазақ», «Сарыарқа», «Қазақстан», «Бірлік туы» газеттері оқу-ағарту мен білім беру мәселелерін жүйелі түрде көтерген маңызды қоғамдық-педагогикалық мінбер болды. Бұл басылымдар халықты ақпараттандырумен қатар, ұлттық ағартушылық идеяларды насихаттап, қоғамдық пікірдің қалыптасуына және ұлттық білім беру мәселелерінің талқылануына ықпал етті.

Зерттеу барысында XX ғасыр басындағы басылымдарда жарияланған оқу-ағарту мәселелеріне арналған мақалалардың тарихи-педагогикалық және деректанулық маңызы айқындалды. Олар қазақ қоғамындағы білім беру жүйесінің жай-күйін, ұлттық педагогикалық ойдың қалыптасуын, қазақ зиялыларының ағартушылық қызметін және сол кезеңдегі әлеуметтік-педагогикалық үдерістерді жан-жақты сипаттайды. Сондықтан бұл басылымдар Қазақстандағы білім беру тарихын зерттеудің маңызды дереккөзі ғана емес, Қазақстан тарихы пәнін оқытуда тарихи танымды қалыптастыратын тиімді әдістемелік ресурс болып табылады.

Қазіргі кезеңде сол дәуірдегі ағартушылық идеялар мен әдістер мультимедиалық, интерактивті құралдар арқылы бейімделіп, оқыту процесінде тиімді түрде қолданыла алады. Мерзімді баспасөз материалдарын тарих пәні сабақтарында пайдалану оқушылардың танымдық қабілетін, сыни ойлауын, зерттеу дағдыларын дамытып, ұлттық тарихты дұрыс түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, әлеуметтік әділдік, әйелдердің оқуы, мұқтаж оқушыларға көмек көрсету сияқты мәселелер қазіргі білім беру саласында да өзектілігін жоғалтпаған. XX ғасыр басындағы қазақ ұлттық баспасөзі оқу-ағарту мен білім беру саласының дамуының негізгі индикаторы болып табылады. Олар ұлттық мәдениетті сақтау, тарихи сананы қалыптастыру және қазіргі білім беру үрдісінде педагогикалық тәжірибе ретінде қолдануға жарамды маңызды деректерді ұсынады. Сол себепті «Айқап» пен «Қазақ» материалдарын сабақта, ғылыми-зерттеу жұмыстарында пайдалану оқушылардың білім деңгейін арттыруға, тарихи ойлау қабілетін дамытуға және ұлттық құндылықтарды дәріптеуге елеулі үлес қосады. XX ғасыр басында қазақ, жағдайы төмен отбасыларда жастарының білім алуындағы басты мәселе элективті және курстарда шыққан мұқтаж оқушыларға қаржылай көмек көрсету болды. «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті осы мәселені дерек көзі ретінде дәлелдеп, оның ұлттық, деңгейде шешілгенін көрсетеді. Көптеген талантты жастар халықтың қолдауы арқасында оқуға мүмкіндік алып, кейін өз халқына адал қызмет етті.

Сонымен дәлелдейді. Осы тұрғыдан қарағанда, тарихи басылымдарды зерттеу өте қатар, әйел теңсіздігі мен қыз балаларды оқыту да өзекті әлеуметтік мәселе ретінде қарастырылып, деректер қыздардың ер балалармен қатар білім алғанын маңызды. Біріншіден, бұл өткен кезеңдегі проблемалардың шығу себептерін анықтауға мүмкіндік береді. Екіншіден, сол тарихи тәжірибені ескере отырып, көмектеседі. XX ғасырдың басында шыққан ұлттық бейресми басылымдардың қазіргі заманғы білім беру жүйесіндегі қиындықтарды тиімді шешуге ішінде «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің орны ерекше болды. Бұл басылымдар бірнеше жыл бойы тұрақты түрде жарық көргендіктен, халықтың рухани өмірін бейнелейтін оқу-ағарту саласының тарихын жүйелі түрде көрсетуге мүмкіндік берді. Оқу-ағарту мен білім беру мәселелеріне арналған материалдардың пайда болуы, олардың мазмұны мен формасы басылымдардың өз уақытындағы тарихи және әлеуметтік жағдайымен тығыз байланысты. Яғни, бұл журналдар мен газеттер ұлт зиялыларының өз халқына рухани тәуелсіздік беруге ұмтылған күресінің нәтижесінде пайда болды. Сол себепті мерзімді басылымдардың беттері қарама-қарсы саяси күштердің ықпалына қарамастан халыққа білім мен ағартуды таратудағы маңызды құралға айналды. Мерзімді басылымдардағы оқу-ағарту материалдарын талдау үшін олардың пайда болған уақыт контексін ескеру қажет. Әрбір дерек белгілі бір уақыт пен кеңістік шеңберінде туындайды, сондықтан оны сол тарихи жағдайында қарастыру маңызды. «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетіндегі мақалалар сол кездегі ұлт алдында тұрған басты мәселе оқу-ағарту ісінің жағдайын көрсетеді. Оларды зерттеу арқылы мақалалардың объективтілігі, яғни тарихи алғышарттары мен жағдайлары айқындалады. Сонымен қатар, материалдардың тақырыптық мазмұнына талдау жасау арқылы олардың сол уақыт талабына сай ұлттық сипаттағы маңызды деректер болып тұрғаны көрінеді. Ұлттық мерзімді басылымдар арқылы Алаш зиялылары оқу-ағарту мәселесін насихаттап, қазақтарды рухани отарлауға қарсы күрестің негізгі құралдарының біріне айналдырды. Ұлттық басылымдардың тарихымыздағы дерек көзі ретінде сақталуына Ү.Субханбердина дайындаған библиографиялық көрсеткіштер мен жинақтар ерекше үлес қосты. Газеттер мен журналдар мектеп-медреселерді ашу, жаңаша оқыту, мұқтаж оқушыларға көмек көрсету сияқты мәселелерге көңіл бөліп, Алаш зиялылары мақалаларында оқу-ағартуды ұлттық деңгейдегі ең маңызды іс ретінде қарастырды. Сонымен қатар, Абай шығармашылығы мен даналығы олардың білім беру идеяларына үлкен әсер етті. «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінде жарияланған мақалалар мен жергілікті авторлардың жазбалары Қазақстанның барлық аймақтарындағы оқу ісінің жағдайын жан-жақты көрсетті. Бұл материалдар өткен ғасырдың басындағы оқу-ағарту ісінің жетістіктері мен кемшіліктерін, білім беру процесінің кең ауқымын айқын бейнелейді. Мұрағат деректері мен куәгер естеліктері осы мәліметтердің сенімділігін растап, зерттеушілерге ғылыми негізделген қорытындылар жасауға мүмкіндік береді. «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті мектеп-медреселердің салынуы мен жұмысын, оқу жағдайын жан-жақты қарастырды. Олар әр жаңа мектептің ашылуы туралы хабарлап, оқуға мүмкіндігі жоқ мұқтаж оқушыларға жәрдем көрсетуді ұлттық мәселе ретінде көтерді. Сондай-ақ, қыз балаларды оқыту, жазу тәртібі, оқулықтар, оқу бағдарламалары, мұғалімдерді даярлау және

орталық қалаларда оқитын қазақ жастарының жайы сияқты мәселелерге ерекше көңіл бөлді. Қазан төңкерісіне дейінгі ресми газеттер көбінесе орыс тілін насихаттап, балаларды орыстандыруға бағытталған болса да, қазақ зиялылары өз мүмкіндіктерін пайдаланып, халықты оқуға, білім алуға шақырып екі басылымға да мақалалар жариялады. Кеңестік және тәуелсіздік жылдарында зерттеушілер көбін ресми мұрағатқа сүйеніп жазғандықтан, араб әрпімен жазылған түпнұсқа мақалаларды оқи алмауы ақпараттың толық ашылуына кедергі келтірген. Сол себепті «Айқап» пен «Қазақ» басылымдарының мәліметтері бүгінгі зерттеушілер үшін аса құнды және сенімді дерек көзі болып табылады.

Зерттеу нәтижелері XX ғасыр басындағы ұлттық мерзімді баспасөздің қазақ қоғамындағы білім беру мен ағарту ісінің дамуын бейнелейтін маңызды тарихи дереккөз ғана емес, Қазақстан тарихы пәнін оқытуда тиімді пайдалануға болатын құнды педагогикалық ресурс екенін көрсетті. «Айқап», «Қазақ», «Сарыарқа», «Қазақстан», «Бірлік туы», «Садақ» және басқа да ұлттық басылымдарда жарияланған материалдарды талдау олардың ұлттық мектеп қалыптастыру, ана тілінде білім беру, мұғалім даярлау, оқулық жазу, оқу бағдарламаларын жетілдіру, қыз балаларын оқыту, сауатсыздықты жою сияқты өзекті мәселелерді жан-жақты қамтығанын айқындады. Бұл материалдар қазақ зиялыларының ағартушылық көзқарастары мен ұлттық білім беру тұжырымдамасының қалыптасуын көрсететін маңызды тарихи-педагогикалық мұра болып табылады. Зерттеу барысында ұлттық мерзімді баспасөз материалдарын Қазақстан тарихы пәнінің мазмұнына кіріктірудің ғылыми-әдістемелік негіздері айқындалып, оларды сабақ барысында пайдаланудың тиімді әдістері ұсынылды. Тарихи деректермен жұмысқа негізделген оқыту оқушылардың тарихи танымын кеңейтіп, тарихи ақпаратты талдау, салыстыру, жүйелеу, дәлелдеу және қорытынды жасау дағдыларын дамытуға ықпал ететіні анықталды. Сонымен қатар, баспасөз материалдары оқушылардың ұлттық құндылықтарға құрметін арттырып, тарихи санасы мен азаматтық ұстанымының қалыптасуына оң әсер ететіні негізделді. Сонымен қатар тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері ұлттық мерзімді баспасөз материалдарын жүйелі қолдану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, тарихи мәтіндермен жұмыс істеу мәдениетін қалыптастыратынын көрсетті. Action Research әдістемесі негізінде ұйымдастырылған сабақтарда дереккөздерді талдау, мәтінді құрылымдау, салыстырмалы талдау, проблемалық сұрақтар құрастыру және дәлелді пікір айтуға бағытталған тапсырмалардың тиімділігі дәлелденді. Нәтижесінде оқушылардың тарихи ойлау, сыни талдау және тарихи деректерді ғылыми тұрғыдан бағалау дағдыларының дамуында оң өзгерістер байқалды. Зерттеу нәтижелері негізінде мынадай қорытындылар жасалды: XX ғасыр басындағы ұлттық мерзімді баспасөз материалдары Қазақстандағы білім беру мен ағарту тарихын зерттеудің маңызды тарихи-педагогикалық дереккөзі болып табылады; ұлттық баспасөзде жарияланған ағартушылық идеялар қазіргі білім беру мазмұны мен сабақтасып, Қазақстан тарихы пәнінің тәрбиелілік, танымдық және дамытушылық әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді; мерзімді баспасөз материалдарын оқу үдерісінде жүйелі пайдалану оқушылардың тарихи дерекпен жұмыс істеу, сыни ойлау, зертеушілік және коммуникативтік

құзіреттерін дамытуға ықпал етеді; ұсынылған әдістемелік модель мен оқыту технологиялары Қазақстан тарихы пәнін оқытудың мазмұнын жаңғыртуға және ұлттық тарихи мұраны тиімді игеруге ғылыми-әдістемелік негіз бола алады. XX ғасыр басындағы ұлттық мерзімді баспасөзде жарияланған білім беру мен ағарту мәселелерін Қазақстан тарихы пәнінде оқытудың ғылыми әдістемелік негіздері айқындалып, оларды оқу үдерісінде қолданудың тиімділігі теориялық және тәжірибелік тұрғыдан дәлелденді. Зерттеу нәтижелері тарихи білім беру мазмұнын жаңғыртуға, ұлттық тарихи сананы қалыптастыруға және құндылыққа бағдарланған білім беру қағидаларын жүзеге асыруға ғылыми әрі практикалық үлес қосады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Қозыбаев М. Ақтаңдақтар ақиқаты. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 254 б.

2 Қойгелдиев М.Қ. Алаш қозғалысы: екі томдық монография. – Алматы: Мектеп, 2008. – 586 б.

3 Байтурсынов А. Революция и киргизы // Жизнь национальностей. – 1919. – 3 августа. – № 29. – С. 3.

4 Смағұлова С., Әнес Ғ., Замзаева Т. «Қазақ» газеті. 1914 жыл. – Алматы: Арыс, 2009. – 359 б.

5 Субханбердина Ү. Қазақтың революциядан бұрынғы мерзімді баспасөзіндегі материалдар. – Алматы: ҚазССР Ғылым Академиясы баспасы, 1963. – 292 б.

6 Қойгелдиев М. Ұлт тағдыры және баспасөз тарихы. – Алматы: Санат, 2008. – 220 б.

7 Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Атамұра, 1995. – 320 б.

8 Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының тарихы. – Алматы: Рауан, 1996. – 272 б.

9 Атабаев Қ. Қазақ баспасөзі – Қазақстан тарихының дерек көзі (1870–1918 жж.). – Алматы: Қазақ университеті, 2000. – 345 б.

10 Қабульдинов З. Қазақ ағартушылығы және баспасөз. – Алматы: Білім, 2012. – 198 б.

11 Купенова Г.Ы. Политика царизма в области школьного образования на примере Оренбургского учебного округа (60–90 гг. XIX века): автореф. дис. ... канд. ист. наук. – Алматы, 2002. – 147 с.

12 Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 1985. – 565 б.

13 Алтынсарин Ы. Шығармалар жинағы. – Алматы, 1993. – 360 б.

14 Құнанбаев А. Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 1986. – 200 б.

15 Бөкейханов Ә. Таңдамалы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. – 478 б.

16 Байтұрсынұлы А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.

17 Дулатов М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1991. – 334 б.

18 Сәбитов Н.М. Мектебы и медресе у казахов. – Алма-Ата, 1950. – 160 с.

19 Гармс И.В. Начальное образование среди казахов дореволюционной России. – Петропавловск, 1957. – 89 с.

20 Тәжібаев Т.Т. Педагогическая мысль в Казахстане во второй половине XIX века. – Алма-Ата, 1965. – 164 с.

21 Нурлыбеков Б. История развития школ Южно-Казахстанского края (1864–1917 гг.). – Чимкент, 1964. – 132 с.

22 Сембаев А.И., Храпченко Г.М. Очерки по истории школ Казахстана 1900–1917 гг. – Алматы, 1972. – 210 с.

23 Дулатова Д.И. Историография дореволюционного Казахстана (1861–1917). – Алма-Ата: Наука, 1984. – 272 с.

24 Амандосов Т. Верныйдағы большевиктік тұңғыш қазақ газеті. – Алматы: Казменбас, 1959. – 36 б.

25 Кенжебаев Б., Қожекеев Т. Қазақ совет баспасөзі тарихынан. – Алматы: Казменбас, 1962. – 176 б.

26 Имашев С. Совет ленинских идей. – Алма-Ата: Қазақстан, 1985. – 470 с.

27 Бекхожин Х. Қазақ баспасөзі тарихының очеркі. – Алматы: Мектеп, 1981. – 246 б.

28 Субханбердина Ү. «Айқап» беттеріндегі мақалалар мен хат-хабарлар. – Алматы: Казменбас, 1961. – 156 б.

29 Сәтбекова Г.К. Айқап журналы Қазақстан тарихының дерегі ретінде: тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның автореферат. – Алматы, 1966. – 29 б.

30 Атабаев Қ. Мерзімді басылым XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басындағы Қазақстан тарихының дерегі ретінде. – Алматы: Қазақ университеті, 1998. – 192 б.

31 Смағұлова С.О. Қазақ мерзімді баспасөзі: шығу тарихы мен деректік маңызы (XX ғ. 20–30 жж.). – Алматы: Елтаным, 2011. – 432 б.

32 Дулатов М. Баспасөзіміз не күйде? // Еңбекші қазақ. – 1923. – 17 мамыр. – № 60.

33 Кенжебаев Б. Қазақ баспасөзінің тарихынан: тарихи очерк. – Алматы: Қазмем, 1950. – 370 б.

34 Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. – Алматы: Санат, 1994. – 448 б.

35 Сүбханбердина Ү. Қазақ, Алаш, Сарыарқа. – Алматы: Ғылым, 1994. – 216 б.

36 Нұрғалиев Р. Әуезов және Алаш. – Алматы: Санат, 1997. – 277 б.

37 Момынова Б. «Қазақ» газетіндегі тілдік ерекшеліктер. – Алматы: Алаш, 1994. – 145 б.

38 Әбдіманов Ө. «Қазақ» газеті. – Алматы: Қазақстан, 1993. – 168 б.

39 Нұсқабайұлы Ж., Аллаберген К. Көне басылымдар. Құнды деректер. Аяулы есімдер. – Алматы: Рауан, 1997. – 169 б.

40 Сақ Қ. Ұлт санасының ұйытқысы. – Алматы: Қазақ университеті, 2000. – 175 б.

41 Тәжібаев Т.Т. Развитие просвещения и педагогической мысли в Казахстане во второй половине XIX века. Ч.1. – Алма-Ата, 1958. – 97 с.;

42 Сүбханбердина Ү. «Қазақ» газетіне 80 жыл // Халық кеңесі. – 1993. – 2 ақпан.

43 Кереева-Канафиева К. Дореволюционная русская печать о Казахстане. – Алма-Ата: Казгосиздат, 1963. – 303 с.

44 Әнес Ғ., Замзаева Т. «Қазақ» газеті. 1913–1918 жылдар: 7 томдық / құраст. Ғ. Әнес, Т. Замзаева. – Алматы: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2023.

45 Саркұлова С. XX ғ. басындағы қазақ кітаптары: идеялар тарихы мен тағдыры / С. Саркұлова; ҚР БҒМ, ҚазМҚПУ. – Алматы: Елтаным, 2018. – 208 б.

46 Тажибаев Т.Т. Философские, психологические и педагогические взгляды Абая Кунанбаева. – Алма-Ата, 1957. – 89 с.

47 Тәжібаев Т.Т. Казахская школа при пограничной комиссии (1850-1869). – Алма-Ата, 1961. – 39 с

48 Жақыпбек С.К., Садвакасова З.Т. Из истории обучения казахской молодежи при царизме // Вестник КазГУ. Серия историческая. – 2000. – № 2. – С. 44–51.

49 Омаров Ә. Қазақстандағы ағарту ісі және патша өкіметінің отарлық саясаты. – Алматы, 1997. – 40 б.

50 Халитова И.Р. Проблема народного образования в Казахстане в 1867–1914 гг. Восточный Казахстан: автореф. дис. ... канд. ист. наук. – Алма-Ата, 1952. – 21 с.

51 Жолсейітова М.А. Қазақстанда халыққа білім беру ісінің қалыптасуы және дамуы (тарихи аспект: XIX ғ. екінші жартысы – XX ғ. басы, Жетісу облысы): тарих ғыл. канд. дис. автореф. – Алматы, 1999. – 27 б.

52 Урашев С.А. Фрагменты народного просвещения города Верного (вторая половина XIX – начало XX века). – Алматы: АГУ им. Абая, 2002. – 42 с.

53 Храпченко Г.М. Школы Казахстана в начале XX в. (1901-1917). – Алма-Ата, 1964. – 85 с.

54 Субханбердина Ү. Қазақтың революциядан бұрынғы мерзімді баспасөзіндегі материалдар. – Алматы: ҚазССР Ғылым Академиясы баспасы, 1963. – 292 б.

55 Аллаберген К., Нұсқабайұлы Ш., Оразай Ф. Қазақ журналистикасының тарихы (1870–1995). – Алматы: Рауан, 1996. – 136 б.

56 Сақ Қ. Ұлттық сана ұйытқысы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 183 б.

57 Сәулембекова М.С. Қазақ мерзімді басылымдарындағы тарихи мәселелер: тарихнамалық талдау (XIX ғ. соңы – XX ғ. басы): тарих ғыл. канд. дис. автореф. – Алматы, 2002. – 32 б.

58 Рамазанова С. «Қазақ» газеті және білім беру ісі // Қазақ тарихы. – 1997. – № 7. – 18-б.

59 Кереева-Канафиева К. Русско-казахские литературные отношения. – Алма-Ата: Казахстан, 1980. – 280 с.

60 Адамбосынов К. Первый национальный учебник истории в Казахстане // История Казахстана в школе и вузах. - 2002. - №4. - С. 11-14.

61 Боранғалиялы Т. Ел атауына ақ жол тілеген // Егемен Қазақстан. – 1997. – 17 қараша.

62 Сейфуллин С. Тар жол, тайғақ кешу // Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 1988. – 4-т. – 360 б.

63 Атабаев Қ.М. Қазақ баспасөзі Қазақстан тарихының дерек көзі. (1870-1918). - Алматы: Қазақ университеті, 2000. - 358 б.

64 Досмұхамедұлы Х. Тәрбиенің негізі // Сана. – 1923. – №2. – Б. 5-7.

65 Лекеров Х. Қазақ шәкірттері һәм молдалары назарына //Айқап. – 1911. - №10. - 7-8 бб.

66 Смағұлова С.О. XX ғасырдың 20–30 жылдарындағы қазақ тіліндегі мерзімді баспасөзі: шығу тарихы мен деректік маңызы: тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация: 07.00.02 – Отан тарихы; 07.00.09 – тарихнама, деректану және тарихи зерттеу әдістері. – 2010. – 238–239-бб.

67 Бимақанова З.Ш. Қазақ жастары мерзімді баспасөзінің тарихы (XX ғасырдың басы – 1940 жж.): тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация: 07.00.02 – Отан тарихы. – 2010. – 5–6-бб.

68 Жанжигитов С. Pedagogical Research in Kazakhstan: Analysis of Scientific Publications in Scopus // Высшая школа Казахстана. – 2024. – Т. 46. – № 2.

69 Kewalramani S., Havu-Nuutinen S. Preschool teachers' beliefs and pedagogical practices in the integration of technology: A case for engaging young children in scientific inquiry // Eurasia Journal of Mathematics, Science and Technology Education. – 2019. – Vol. 15, № 12. – DOI: 10.29333/ejmste/109949 (қаралған күні: 11.02.2025).

70 Hanley N. The contribution of empathy-based pedagogy in global citizenship education: Kazakhstani context // International Journal of Development Education and Global Learning. – 2021. – Vol. 13, № 2. – DOI: 10.14324/ijdegl.13.2.02 (қаралған күні: 11.01.2025).

71 Субханбердина Ү. «Қазақ» газеті. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. – 560 б.

72 Субханбердина Ү. «Айқап» журналы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. – 371 б.

73 Қамзабекұлы Д. Алаш және руханият. – Астана: Елорда, 2008. – 328 б.

74 Сақ Қ. Алаш мұрасы. – Алматы: Қазығұрт, 2014. – 288 б.

75 Байтұрсынұлы А. Оқу жайында // Қазақ. – 1914. – № 62. – 1–2-бб.

76 Дулатов М. Мектеп керектері // Қазақ. – 1913. – № 10. – 3–4-бб.

77 Қойгелдиев М. Ұлттық баспасөз және ағартушылық идеялар. – Алматы: Санат, 2008. – 124 б.

78 Александров Н.Г. Методология исторического исследования. – М.: Мысль, 1990. – 212 с.

79 Берталанфи Л. Общая теория систем: основы, развитие, приложения. – М.: Прогресс, 1969. – 347 с.

80 Федоров А.Н. Введение в источниковедение истории Казахстана. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 186 б.

81 Берельсон Б. Контент-анализ в исследовании коммуникаций. – М.: Прогресс, 2003. – 156 с.

82 Скаткин М.Н., Лернер И.Я. Дидактика современной школы. – М.: Педагогика, 1980. – 240 с.

83 Көргенбаева А. Тарих пәнін оқытуда тарихи деректермен жұмыс істеудің әдістемесі. – Алматы, 2019. – 98 б.

84 Әбдікадырова Ж. Қазақстан тарихын оқытудағы салыстырмалы әдістің рөлі // Білім және ғылым. – 2021. – № 3. – 44–49-бб.

85 Лушпай В.Н. Методы реконструкции в историческом образовании. – Киев, 2010. – 122 с.
86 Полат Е.С. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. – М.: Академия, 2009. – 236 с.
87 Жолдасова Н. Тарих сабағында белсенді оқыту әдістерін қолдану тәжірибесі. – Шымкент: ПҚБАИ, 2022. – 74 б.
88 Выготский Л.С. Мышление и речь. – М.: Педагогика, 1982. – 288 с.
89 Садыкова Г. Цифрлық білім беру ресурстарын тарих сабағында пайдалану әдістемесі // Тарих және қоғам. – 2020. – № 2. – 55–60-бб.
90 Субханбердина Ү. Қазақ баспасөзі тарихынан // Айқап: жинақ. – Алматы, 1995. – 6-б.
91 Беннигсен А., Лемерсье-Кельжекей Ш. Қазақ баспасөзі // Қазақстан коммунисі. – 1991. – № 10. – 72–77-бб.
92 Сейдалин Ж.Ш. Письмо в редакцию // Степь. – 1906. – 14 июня. – № 34.
93 Зиманов С.З., Идрисов К.З. Общественно-политические взгляды Мухамеджана Сералина / Академия наук Казахской ССР, Институт философии и права. – Алма-Ата: Наука КазССР, 1989. – 163, [65] с.
94 Тайшыбай З. Қазақтың қазақтан басқа досы жоқ // Орталық Қазақстан. – 1992. – 9 мамыр.
95 Қазақ. – 1917. – № 239.
96 Қазақ баспасөзі Қазақстан тарихының дерек көзі (1870–1918): ғылыми монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2000. – 358 б.
97 Мейрбек Баян. М. Дулатұлының «Біздің мақсатымыз» мақаласының мәні // Bugin.kz. – URL: https://bugin.kz/18116-mdulatulynynh-bizdinh-maqsatymyz-maqalasynynh-mani (қаралған күні: 05.04.2025).
98 Бекхожин Қ. Қазақ баспасөзі тарихының очеркі (1860–1958). – Алматы, 1981. – 239 б.
99 Сұбханбердина Ү. Айқап / құраст. Ү. Сұбханбердина, С. Дәуітов. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. – 368 б.
100 ҚР ОММ. – 81-қор. – 1-тізім. – 61-іс. – 38–47-пп. (А. Байтұрсынов).
101 Қайрат С. Алаш көсемсөзі: тіл мәселесі. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2014. – 400 б.
102 Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін): бес томдық. – Алматы: Атамұра, 2002. – 3-т. – 768 б.
103 Қойгелдиев М., Омарбеков Т. Тарих тағылымы не дейді? – Алматы: Ана тілі, 1993. – 208 б.
104 Байтұрсынұлы А. Оқу жайы // Қазақ. – 1914. – № 33.
105 Мектеп мәселесі // Сарыарқа. – 1917. – № 15.
106 Айқап. – 1913. – № 4. – 12–15-бб.
107 Қазақ. – 1914. – № 35. – 2–3-бб.
108 Сәулембекова М. XX ғ. басындағы қазақ баспасөз беттерінде айтқан қазақ зиялыларының тарихи ойлары // ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы. – 2007. – № 2 (45). – 43–46-бб.
109 Айқап. – 1911. – № 5. – 4–6-бб.

110 Көкшетауда көргендерім // Айқап. – 1914. – № 13. – 214–218-бб.
111 Айқап. – 1912. – № 5. – 119-б.
112 Салқынбек Д.И. Қазіргі қазақ баспасөзі және ондағы мәдениет құрылысы проблемалары (1991–2000 жж.): тарихи талдау: тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның автореферати. – Алматы, 2004. – 30 б.
113 Махат Д.А. Баспасөз: сталиншілдіктің Қазақстанда орнығуы (1925–1956 жж.). – Астана: Ана тілі – Ата тарих баспа-зерттеу орталығы, 2007. – 528 б.
114 ҚР ОММ. – 44-қор (Жетісу облыстық басқармасы). – 1-тізім. – 2-тізім, 2545-іс. – 1907 ж. 20 ақпан.
115 Түркістан аймағы қазақ-қырғызының жалпы жиылысы. (1917). Бірлік туы газеті, №6, 20 тамыз. 2 б.
116 С.Смағұлова. Ұлт зиялыларының баспа ісіндегі рөлі және оқулықтары. //«Қазақ кітабы: Алаш қайраткерлерінің кітап басу ісінің дамуына қосқан үлесі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары /жауапты редактор Г.А.Саяқбаева – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 31-35 бб.,73-б.
117 Раджапов А.Ө., Байдильдина С.Х. «Бірлік туы» газеті тарихи дереккөзі ретінде: оқу құралы (Қазақстанның қазіргі заман тарихы курсы бойынша). – Алматы: АЭжБУ, 2021. – 137 б.
118 Әбдіразақова А.Қ. «Бірлік» туы газетінің қалыптасу тарихынан // e-history.kz. – 2014. – URL: https://e-history.kz/kz/history-of-kazakhstan/show/8735 (қаралған күні: 14.03.2025).
119 Елкей Н. Хайретдин Болғанбаевтың Петропавлдағы қоғамдық-ағартушылық қызметі // ҚарУ Хабаршысы. Тарих. Философия сериясы. – 2025. – Т. 1 (117). – 131–138-бб. – DOI: 10.31489/2025HPh1/131-138.
120 Болғанбаев Х. Шығармалары. Тағылымы / құраст. Д. Қамзабекұлы. – Астана: Парасат әлемі, 2005. – 230 б.
121 Батырбеков А.Ж. Бірлікшіл «Бірлік туы» // А. Ясауи университетінің хабаршысы. – 2010. – № 2. – 56–60-бб.
122 Жанталин А. Қыр шаруасын ескерту // Бірлік туы. – 1917. – 8 қараша. – № 14. – 2-б.
123 Әбішев Б. Мұқтаж оқушыларға жәрдем // Сарыарқа. – 1918.
124 Сұбханбердина Ү. «Қазақ», «Алаш», «Сарыарқа». – Алматы: Ғылым, 1993. – 200 б.
125 Айқап. – 1912. – № 7. – 119-б.
126 Құрмет иесі оқушыларымызға! // Қазақстан. – 1913. – № 1.
127 Қаратаев Б. Азаматтарға бір-екі ауыз сөз // Қазақстан. – 1912. – № 11.
128 Айқап. – 1912. – № 9.
129 Қарашев Ғ. Ахмет Жанталинге жауап // Айқап. – 1912. – № 5.
130 Қарашев Ғ. Бізде тағы да бір қате пікір бар // Қазақстан. – 1912. – № 11.
131 Аманов Е. Қыздарға білім... // Қазақстан. – 1912. – № 10.
132 Тоғысов К. Жоғалсын Романовтар! // Алаш. – 1916. – № 3.
133 Айқап. – 1912. – № 6. – 119-б.

134 Досмұхамедұлы Х. Тәрбиенің негізі // Сана. – 1923. – №2. – Б. 5-7.
135 Бекхожин Қ. Қазақ баспасөзі тарихының очеркі (1860–1958). – Алматы: Мектеп, 1981. – 239 б.
136 Бас мақала // Қазақ. – 1913. – 23 сәуір.
137 Қыр баласы. Григорий Николаевич Потанин // Қазақ. – 1913. – 23 мамыр.
138 Саматов М. Потанин докладынан // Қазақ. – 1914. – 30 наурыз.
139 Бүкілодақтық Орталық комитеттің жаңа әліпбиге қатысты есебі // ҚР ОММ. – 64-қор. – 1-тізім. – 3475-іс. – 2–4-пп.
140 Мұқанов С. Өмір мектебі // Таңдамалы шығармалар: он алты томдық. – Алматы: Жазушы, 1976. – 9-т. – 488 б.
141 Лекеров Х. Ақшасыз болмайды // Айқап. – 1912. – № 5. – 32–34-бб.
142 Лекеров Х. Қазақ халқын шын граждан етуге ауылнай школдарды біріру емес, түзету керек // Айқап. – 1912. – № 1. – 3–5-бб.
143 Молдағазин Н. Басқарушыға келген хаттар // Айқап. – 1913. – 21 сәуір. – 53-б.
144 Қуанып жазушы бір мүсәпір. Шортанды бойында // Айқап. – 1913. – № 12.
145 Егізбаев А. Қайғылы өлім // Айқап. – 1915. – № 9. – 27-б.
146 Мұса Ғ. (Мұсағалиев Ғабдулғазиз). Сейітбаттал қажы Маманов // Айқап. – 1913. – 21 қараша.
147 Тілепбергенов Ж. Мектеп ашылуы // Қазақ. – 1915. – 29 тамыз.
148 Жұмаханұлы Қ. Мектеп тарихына арналған кітап // Қазақ әдебиеті. – 2004. – 16 шілде.
149 Дулатов М. Мектеп-медреселер мәселесі // Қазақ. – 1913. – 31 желтоқсан.
150 Нұрғалиева Л. 1917-1937 жылдарда Қазақстан тарихының өзекті мәселелері баспасөзде: тарихнамалық зерттеу: т.ғ.к. ... дисс. - Алматы, 1998. -143 б.
151 Ахмедов Ғ. Алаш «Алаш» болғанда. – Алматы: Жалын, 1996. – 224 б.
152 Ашық хат // Қазақ. – 1915. – 23 желтоқсан.
153 Медресенің онжылдық тойы // Қазақ. – 1916. – 23 желтоқсан.
154 Қорабай С. Бекмұхамед Серкебаев // Егемен Қазақстан. – 2006. – 30 тамыз.
155 Кәкішев Т. «Ғалияда» оқыған қазақтар // Егемен Қазақстан. – 2006. – 30 тамыз.
156 Мамания: тарихи деректер, естеліктер, өлеңдер, құжаттар, пікірлер / құраст. Ж. Қалиұлы. – Алматы: Атамұра, 1999. – 272 б.
157 Қойгелдиев М. Аппақ ишан // Жас Алаш. – 2006. – 24 тамыз.
158 Зиялылар съезі // Ұран. – 1917. – 26 қыркүйек. – № 8. – 69–70-бб.
159 Есенғалиев Е. Жаңа қалада білім бірлігі // Ұран. – 1917. – 28 шілде. – № 28. – 138–139-бб.
160 Білім бірлігі // Ұран. – 1918. – 16 мамыр. – № 38. – 171–172-бб.
161 Халықты ағарту ісі // Ұран. – № 5. – 73–74-бб.

162 Меңдешұлы С. Білімнің пайдасы // Ұран. – 1917. – № 11. – 3-б.
163 Мұсағалиев У. Үміт бар // Ұран. – 1917. – № 20. – 103-б.
164 Адамбосынов Қ. Қазақстан медреселеріндегі ұлт тарихы // Қазақ ордасы. – Алматы, 2003. – № 1.
165 Бущик А.П. Очерк развития школьного исторического образования СССР. – М., 1961.
166 Тілепбергенов Ж. Мұғалімдік туралы // Садақ. – 1917. – № 7–12.
167 Мұғалімдік курстар туралы // Сарыарқа. – 1918. – № 27. – 371-б.
168 Оқытушылар ұйымынан // Сарыарқа. – 1918. – № 27. – 371-б.
169 Садық Иағқұб. Ұзақ үміт // Сарыарқа. – 1918. – 25 сәуір. – № 40. – 530-б.
170 Жазғы мұғалім-мұғалима курстары ашылды // Сарыарқа. – 1918.
171 Курсқа мұғалім керек // Сарыарқа. – 1918.
172 Мұғалім бар ма? // Сарыарқа. – 1918. – 8 шілде. – № 46. – 584-б.
173 Мұғалімдер курсы ашылады // Сарыарқа. – 1918. – № 60. – 642-б.
174 Келдин (Болғанбаев Х.). «Тәләбә» қауымы // Бірлік туы. – 1917. – 13 қыркүйек. – № 9. – 1–2-бб.
175 Тұрсұн Х.М., Исаев М.С. Сұлтанбек Қожанов және ұлттық тәуелсіздік идеясы // edu.e-history.kz. – 2016. – № 1 (5). – 234–242-бб.
176 Аманқос М., Қуатова А. Сұлтанбек Қожанұлының редакторлық қызметі мен шығармашылығы // ҚазҰУ хабаршысы. Журналистика сериясы. – 2017. – № 1 (43). – 47–51-бб.
177 Тұрсұн Х. Сұлтанбек Қожанов қызметіндегі Алаштық идея // Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің хабаршысы. – 2020. – № 2 (14). – 65–70-бб.
178 Бірлік туы газеті. 1917–1918 жылдар / араб қарпінен аударған А. Мырзағали; Д. Қамзабекұлы көрсетілген. – Астана: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2023. – 436 б.
179 Түркістан аймағы қазақ-қырғызының жалпы жиылысы // Бірлік туы. – 1917. – 20 тамыз. – № 6. – 2-б.
180 Нұрғалиева Л. 1917–1937 жылдарда Қазақстан тарихының өзекті мәселелері баспасөзде: тарихнамалық зерттеу: тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 1998. – 143 б.
181 Сақов Қ.Ө. «Қазақ» газетіндегі ұлттық-саяси мәселелердің жазылуы: филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның автореферат. – Алматы, 1998. – 26 б.
182 Қазақ. – 1913. – № 2. – 4-б.
183 Бірлік туы. – 1917. – № 12. – 1–2-бб.
184 Сана. – 1923. – № 5. – 10–12-бб.
185 Лекеров Х. Қазақ шәкірттері һәм молдалары назарына //Айқап. – 1911. - №10. - 7-8 бб.
186 Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1998. – 4-т. – 316 б.
187 Смағұлова С. Ұлт зиялыларының баспа ісіндегі рөлі және оқулықтары. //«Қазақ кітабы: Алаш қайраткерлерінің кітап басу ісінің дамуына

қосқан үлесі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары /жауапты редактор Г.А.Саяқбаева – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 31-35 бб.,73-б.

188 Альджанов О. Еще шаг к просвещению // Степная Киргизская газета. – 1896. – № 3. – С. 2.

189 Сүйіндік баласы. Керекудегі мұғалімдік курсы туралы // Сарыарқа. – 1917. – № 15. – 4-б.

190 Сүлейменова Ә.Т. XX ғасырдың алғашқы жартысындағы қазақ зиялыларының қызметі: А. Кенжиннің жарияланымдары негізінде // XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ зиялылары және ұлттық мемлекеттілік: мұрағаттар, келелі мәселелері, келешегі: республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Алматы, 2008. – 30 мамыр. – 109–115-бб.

191 ҚР ПМ. – 141-қор. – 1-тізім. – 632-іс.

192 ҚР ПМ. – 141-қор. – 1-тізім. – 299-іс.

193 Үлгілі іс // Сарыарқа. – 1919.

194 Басимов. Қазақ халқы жайынан // Айқап. – 1912. – № 1. – 79-б.

195 Байтұрсынов А. Мектеп керектері // Қазақ. – 1914. – 17 мамыр. – Жинақ бойынша: 101–103-бб.

196 Дулатов М. Басқарма // Қазақ. – 1913.

197 Айқап. – 1911. – № 9.

198 Айқап. – 1911. – № 10.

199 Қашқымбаев Д. Кітап жайынан (Оқу құралы) // Айқап. – 1912. – № 5. – 116-б.

200 Байтұрсынов А. Оқу жайы // Қазақ. – 1914. – № 68. – 102-б.

201 Айқап. – 1911. – № 11.

202 Басқарма. Қазақ басқармасында сатылатын кітаптар // Қазақ. – 1912.

203 Кітап жайынан // Айқап. – 1911. – № 4.

204 Тілепбергенов Ж. Садақ журналы // Садақ. – 1917. – № 5.

205 Дұрыстық жолы. – 1919. – 16 наурыз. – № 8. – 129–130-бб.

206 Мектепке дейінгі тәрбие хақында // Дұрыстық жолы. – 1919. – 9 маусым. – № 9. – 164–166-бб.

207 Адамбосынов К. Первый национальный учебник истории в Казахстане // История Казахстана в школе и вузах. - 2002. - №4. - С. 11-14.

208 Кереева-Канафиева К. Русско-казахские литературные отношения. – Алма-Ата: Казахстан, 1980. – 280 с.

209 Нұртазина Н.Д. Қазақ мәдениеті және ислам (тарихи-мәдениеттанулық зерттеу). – Алматы, 2002. – 208 б.

210 Қамзабекұлы Д.И. Гаспринский және «Түркістан ғұламасы» // Жас Алаш. – 2002. – 9 шілде.

211 Кәкішев Т. Садақ. – Алматы: Жалын, 1986. – 264 б.

212 Бірінші съездегі оқытушылар мен педагогтар туралы құжаттар // ҚР ОММ. – 90-қор. – 1-тізім. – 373-іс. – 14–15-пп.

213 Адамбосынов К. Преподавание истории в медресе Центральной Азии // История Казахстана в школе и вузах. – 2002. – № 2. – С. 38–43.

214 Сералин М. Айқап: жинақ. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. – 368 б.
215 Байтұрсынов А. Құрметті оқушылар! // Қазақ. – 1913. – 21 сәуір.
216 Байтұрсынов А. Қазақ өкпесі // Айқап. – 1911. – 12 мамыр. – 49-б.
217 Байтұрсынов А. Оренбург, 10 февраль // Қазақ. – 1913. – 20 ақпан. – 46-б.
218 Мемлекеттік баспа қызметіндегі өлкелік баспаның жағдайы туралы баспа бөлімі мүшелерінің хаттамалары // ҚР ОММ. – 64-қор. – 1-тізім. – 3475-іс. – 2–6-пп.
219 Сералин М. Аз-артылып жатыр, көп жетпей жатыр // Айқап. – 1913. – № 1. – 134-б.
220 Көшімов М. Әулие-ата хабарлары // Айқап. – 1912. – № 1. – 95, 137-бб.
221 А.Ж. Көкшетауда көргендерім // Айқап. – 1912. – № 13. – 213–215-бб.
222 Дулатов М.Д. Оқушыларға жәрдем жамиғаты // Қазақ. – 1913. – 8 қараша.
223 Қазақ ұғлы. Бес болыс Байжігіт // Қазақ. – 1915. – 15 тамыз.
224 Арық ұғлы Хатым. Ішкі Орда // Қазақ. – 1915. – 30 сәуір.
225 Ақпанов Ш. Павладардан // Қазақ. – 1915. – 7 маусым.
226 Құлақпаев Е. Қазақ халқына бір-екі сөз // Қазақ. – 1915. – 21 қараша.
227 Шаһмұрат Төлен баласы Нәзри. Қазақ-қырғыз-түрікмен // Айқап. – 1911. – № 2. – 10–12-бб.
228 Сәдуақасұлы С. Танымдық зерттеулер, мақалалар. – Алматы: Алаш, 2003. – 1-т. – 325-б.
229 Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы. – Алматы, 1998. – 23-б.
230 Байтұрсынұлы А. Шығармалары. – Алматы, 1989. – 23-б.
231 Дулатов М. Ұрпаққа хат // Дала дидары. – 1991. – 8 мамыр. – 3-б.
232 ҚР ОМА. – 64-қор. – 1-тізім. – 3155-іс. – 2-п.
233 Сералин М. Топжарған: шығармалары / құраст. Т. Әбдірахманов. – Алматы: Жазушы, 1985. – 168 б.
234 Дулатов М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1991. – 381 б.
235 Досмұхамедұлы Х. Тәрбиенің негізі // Сана. – 1923. – №2. – Б. 5-7.
236 Аймауытов Ж. Журнал туралы // Абай. – № 1.
237 Әуезов М. Ғылым тілі // Абай. – 1918. – № 7.
238 А.Б. (Байтұрсынов А.). Жазу тәртібі // Айқап. – 1912. – № 4. – 84–86-бб.; № 5. – 104–107-бб.
239 Шияшов Ш. Бірге қозғалайық // Айқап. – 1912. – № 6. – 5–6-бб.
240 Алашұлы Азамат. Жазу тәртібі // Айқап. – 1913. – 24 тамыз.
241 Субханбердина Ү. Қазақтың революциядан бұрынғы мерзімді баспасөзіндегі материалдар. – Алматы: ҚазССР Ғылым Академиясы баспасы, 1963. – 292 б.
242 Байтұрсынов А. Шахзаман мырзаға // Айқап. – 1912. – № 8. – 2–9-бб.
243 Атабаев Қ.М. Қазақ баспасөзі Қазақстан тарихының дерек көзі. (1870-1918). - Алматы: Қазақ университеті, 2000. - 358 б.

244 Бөкейхан Ә., Ақбаев Ж., Ермеков Ә. Мақалалар, сын-зерттеулер және тергеудегі жауаптар. – Астана: Фолиант, 2013. – 320 б.
245 Сәрсекей Х. Әдебиет кештері // Сарыарқа. – 1918.
246 Әдебиет кештері (Павлодар үйезі) // Сарыарқа. – 1918.
247 Жансүгіров І. Шығармалар. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1958. – 630 б.
248 Жұмабаев М. Үш томдық толық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 2003. – 342 б.
249 Жұртпаев Т. Абай және әулиелер // Егемен Қазақстан. – 2001. – 27 маусым.
250 ҚР ОММ. – 4-қор (Областное правление Оренбургскими киргизами). – 1-тізім. – 5594-іс. – 560-п.
251 Әуезов М. Ыбырай Алтынсарин // Шолпан. – 1923. – № 6. – 193-б.
252 Енді қалай тұрмақ керек? // Қазақстан. – 1912. – № 8.
253 Қосабасов Е. Бас қосу тұрғысында бірер сөз // Айқап. – 1913. – № 20.
254 Қазақ. – 1914. – № 49.
255 Садақ. – 1915. – № 3.
256 Садақ. – 1917. – № 4.
257 Қазақ әдебиеті. – 1936. – 12 шілде.
258 Тілепбергенов Ж. Жазғы көш // Садақ. – 1915. – № 3.
259 Садақ. – 1918. – № 15.
260 Аллаберген Қ., Нұсқабайұлы Ж., Ораза Ф. Қазақ журналистикасының тарихы. – Алматы: Рауан, 1996. – 244 б.
261 Ашық хат // Жас азамат. – 1918. – № 11.
262 Аймауытов Ж. Газет-журналдар оқушыларға // Сарыарқа. – 1919. – 20 ақпан.
263 Қамзабекұлы Д. Алашқа тыныс болған «Жас азамат» // Ана тілі. – 1993. – № 14.
264 Байтұрсынов А. Бастауыш мектеп // Қазақ. – 1914. – 9 мамыр. – Жинақ бойынша: 98–101-бб.
265 Дулатов М. Өнер мектебі // Қазақ. – 1915. – 15 шілде. – № 141.
266 Bilimger.kz: электрондық ресурс. – URL: bilimger.kz/150766.
267 Soyle.kz: электрондық ресурс. – URL: soyle.kz/article/view?id=823.
268 Жаппар Ә. Қазақ газет-журналдарының тарихы (1917–1920). – Алматы: Қайнар, 2017. – 34–36-бб.
269 Егамбердиев М. Жәдидшілдік ағартушылық реформаторлық қозғалыстар. – Астана: Фолиант, 2022. – 45–52-бб.
270 Досмұхамедов Б. Қазақстандағы білім беру тарихы: XIX–XX ғасыр басы. – Алматы: Ана тілі, 2018. – 80–86-бб.
271 Қазақ. – 1914. – № 60.
272 Қазақ. – 1914. – № 61.
273 Кемеңгерұлы Қ. Үш томдық шығармалар жинағы: оқу құралы. – Алматы: Алаш, 2005. – 1-т. – 311 б.
274 ҚР ОМА. – 4-қор. – 164-тізім. – 24-іс.

275 Джандосов У. Документы и публицистика (1918–1937 гг.): в 2 т. – Алматы: Қазақстан, 1999. – Т. 2. – 304 с.

276 Болғанбай Х. Иман күші / құраст. және жалпы ред. басқарған Д. Қамзабекұлы. – Алматы: Арыс, 2009. – 288 б.

277 Телжан Шонанұлы мұралары: шығармалар, зерттеулер және мақалалар. – Алматы: Ел-шежіре, 2011. – 368 б.

278 ҚР ОМА. – 73-қор. – 2-тізім. – 2-іс. – 105-п.

279 Алаш қозғалысы: құжаттар мен материалдар жинағы / жауапты ред. М.Қ. Қойгелдиев; құрастырушылар ұжымы. – Алматы, 2005. – 263 б.

280 Қойгелдиев М. Жетісудағы Ресей билігі (XIX ғ. – 1917 ж.). – Астана: Елорда, 2004. – 216 б.

281 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.

282 Айқап: энциклопедия / құраст. Ү. Субханбердина, С. Дәуітов; бас ред. Р. Нұрғалиев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. – 368 б.

283 Шәкірттерге стипендия // Сарыарқа. – 1917. – № 13. – 3-б.

284 Шорманова А.Қ. Қазақ баспасөзі Қазақстандағы оқу-ағарту және білім беру тарихының дерек көзі (XIX ғ. соңы мен XX ғ. басы): тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2007. – 130 б.

285 Кердері Әбубәкір. Қазағым: өлең, толғаулар, айтыс, жырлар / құраст. Б. (Ордабай) Сандыбайұлы. – Алматы: Жазушы, 1993. – 288 б.

286 Байтұрсынов А. Шекіспей бекіспейді // Қазақ. – 1913. – № 15. – 68-б.

287 Тәжібаев Т.Т. Развитие просвещения и педагогической мысли в Казахстане во второй половине XIX века. Ч.1. – Алма-Ата, 1958. – 97 с.

288 Әуезов М. (Қоңыр). Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі // Шолпан. – 1923. – № 4–5. – 20–42-бб.

289 Тұрлығұл Т.Т. Мектепте Қазақстан тарихын оқытудың теориясы мен әдістемесі. – Алматы: Ғылым, 2003. – 256 б.

290 Әбдіғұлова Б.К. Тарихты оқытудың теориясы мен әдістемесі. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, Ұлағат баспасы, 2019. – 240 б.

291 Сарсекеев Б.С. Школьный учебник истории. – Астана, 2004.

292 Берлібаев Б.Т. Қазақстанда тарихи білімнің қалыптасуы мен дамуы: тарихи-теориялық зерттеу (1920–2001 жж.): тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2010. – 354 б.

293 Тұрсұн Х. Мектепте тарихты оқыту әдістемесі. – Алматы: Дарын, 2006. – 156 б.

294 Журасова А.Ш. Тарихты оқыту әдістемесі. – Орал: М. Өтемісов атындағы БҚМУ Редакциялық-баспа орталығы, 2012. – 160 б.

295 Ильина Т.Н. Значение архивных источников в историко-правовых исследованиях // CyberLeninka: электрондық ресурс. – URL: https://cyberleninka.ru/article/n/znachenie-arhivnyh (қаралған күні: 05.06.2020).

296 Мийманбаева Ф.Н. Методика преподавания истории: учебно-методическое пособие. – Алматы, 2004. – 81 с.

297 Жакупова Г.Т. Методика преподавания истории: курс лекций. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 234 с.

298 Голиков Г.А. Методика работы с историческими источниками: учебное пособие. – М.: Академия, 2014. – 224 с.

299 Бекбаева Ж.С. Научно-педагогические основы формирования критического мышления студентов в условиях профессионального обучения: диссертация на соискание степени доктора философии (PhD): 6D012000. – Нур-Султан, 2021. – 156 с.

300 Батырбекқызы Г. Кеңестік билік жүйесіндегі қазақ зиялыларының қызметін Қазақстанның қазіргі заман тарихы пәнінде оқыту (Нәзір Төреқұловтың мысалында): философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация: 6D011400 – Тарих. – Түркістан, 2017. – 168 б.

301 Әбікей А.М. С. Қожановтың қоғамдық-саяси және ғылыми-педагогикалық қызметі: философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация: 6D011400 – Тарих. – Түркістан, 2014. – 145 б.

302 Садықова А.Қ. Педагогикалық білім беру жүйесіндегі кәсіби педагог мамандарды даярлау: философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация: 6D011400 – Тарих. – Алматы, 2022.

303 Bloom B.S. Taxonomy of Educational Objectives: The Classification of Educational Goals. Handbook I: Cognitive Domain. – New York: Longmans, Green and Co., 1956. – 207 p.

304 Marzano R.J. Building Background Knowledge for Academic Achievement: Research on What Works in Schools. – Alexandria, VA: ASCD, 2004. – 217 p.

305 Выготский Л.С. Мышление и речь: психологические исследования / под ред. и со вступ. ст. В. Колбановского. – М.; Л.: Государственное социально-экономическое издательство, 1934. – 324 с.

306 Стоунс Э. Психопедагогика: психологическая теория и практика обучения / пер. с англ.; под ред. Н.Ф. Талызиной. – М.: Педагогика, 1984. – 472 с.

307 Kemmis S., McTaggart R., Nixon R. The Action Research Planner: Doing Critical Participatory Action Research. – Singapore: Springer, 2014. – 200 p.

308 Elliott J. Action Research for Educational Change. – Buckingham: Open University Press, 1991. – 163 p.

309 McNiff J., Whitehead J. Action Research: Principles and Practice. – 2nd ed. – London: RoutledgeFalmer, 2002. – 163 p.

310 Байтұрсынұлы А. Оқу жайы // Қазақ. – 1913.

311 Қазақ газеті. 1913 жыл / репрессияға ұшыраған қазақ зиялыларының мұрасын зерттейтін «Арыс» қоры; құраст.: С. Смағұлова, Ғ. Әнес, Т. Замзаева. – Астана: Арыс, 2009. – 480 б.

312 Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану: оқу құралы. – Алматы, 2009. – 263 б.

313 Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіндегі цифрлық трансформация: ҚР Білім және ғылым министрлігінің ресми деректері

[Электрондық ресурс]. – URL: https://primeminister.kz/news/zhogary-bilim-salasyndagy-tsifrly-transformatsiya-29245.

314 Қойгелдиев М. Ұлттық саяси элита: қызметі мен тағдыры (XVIII–XX ғғ.). – Алматы: Жалын, 2004. – 400 б.

315 Организация, формы и методы проведения учебных занятий и самостоятельной работы: требования, условия, механизмы: учебно-методическое пособие / под ред. Н.А. Волгина, Ю.Г. Одегова. – М.: Изд-во Рос. экон. акад., 2004.

316 Жанысбекова Г.А., Нарымбет Г.Б. Создание цифровых ресурсов по новой истории Казахстана и методы их использования // Современные проблемы науки и образования. – 2015. – № 1-1. – С. 1648.

317 Короткова М.В., Студеникин М.Т. Методика обучения истории в схемах, таблицах, описаниях: практическое пособие для учителей. – М.: ВЛАДОС, 1999. – 191 с.

318 Смағұлова С.Ө. Кеңестік қазақ мерзімді баспасөзі: шығу тарихы мен деректік маңызы (XX ғ. 20–30 жж.). – Алматы: Елтаным, 2011. – 420 б.

319 Шоган В.В. Методика преподавания истории в школе. – Ростов н/Д: Феникс, 2007. – 471 с.

320 Нұрымбетова Г. Алаш зиялыларының және оқу-ағарту мәселелері, ағартушылық қызметі // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар сериясы. – 2019. – № 2 (61).

321 Сақов Қ. «Қазақ» – өзін-өзі қаржыландырған газет // ҚазМУ хабаршысы. Журналистика сериясы. – 1998. – № 2. – 37-б.

322 Халқы қолдаған «Қазақ» / дайынд. Қ. Атабаев // Ақиқат. – 1998. – № 8. – 75–78-бб.

323 Адамбосынов К. Первый национальный учебник истории в Казахстане // История Казахстана в школе и вузах. - 2002. - №4. - С. 11-14.

324 Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде «Қазақстан тарихын» оқыту тұжырымдамасы // Қазақ тарихы. – 1994. – № 1–2.

325 Әміренов Ә.Д. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті және мерзімді баспасөз. – Алматы: TAU баспасы, 2023.

326 Herbartianism // Encyclopaedia Britannica [Электрондық ресурс]. – URL: https://www.britannica.com/topic/Herbartianism.

327 Педагогика: оқыту әдістері мен технологиялары. – Астана, 2020.

328 Белл Э., Браймен А. Методы социальных исследований. Группы, организации и бизнес / пер. с англ. – Харьков: Изд-во «Гуманитарный Центр», 2012. – 776 с.

329 Кабульдинов З., Шаймерденова М., Куркеев Е. Қазақстан тарихы: жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра. – 192 б.

330 Смағұлова С. Ұлт зиялыларының баспа ісіндегі рөлі және оқулықтары. //«Қазақ кітабы: Алаш қайраткерлерінің кітап басу ісінің дамуына қосқан үлесі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары /жауапты редактор Г.А.Саяқбаева – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 31-35 бб.,73-б.

А қосымшасы

Оқу-әдістемелік нұсқауды мектептерге ендіру құжаттары мен анықтамалар

«Бекітемін»
«Жетісу облысы білім
басқармасының
Панфилов ауданы бойынша
білім бөлімінің» басшысы

_____ Сейтқожаев Қ.К.

_____2024 ж.

ЕНДІРУ АКТІ

Бұл ендіру актісі, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің PhD докторанты Тұрлыбай Бақыт Серікқызының «XX ғасыр басындағы ұлттық мерзімді баспасөз беттеріндегі білім беру мен ағарту мәселесі материалдарын Қазақстан тарихы пәнінде оқытудың әдістемелік негіздері» атты докторлық диссертациясының тақырыбына сәйкес Панфилов аудандық білім бөлімінің қолдауымен Жаркент қаласы мектептерінде 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарында эксперимент жүргізілгендігін және ғылыми-зерттеу нәтижелерінің оқу-тәрбие үдерісіне енгізілгендігін растайды.

PhD докторанты Тұрлыбай Бақыт Серікқызының «XX ғасыр басындағы ұлттық баспасөз материалдары негізінде білім беру және ағарту тарихын оқыту (Қазақстан тарихы пәні негізінде.Жаркент.2024ж.)». атты оқу-әдістемелік нұсқауы 8-10 сынып оқушыларына «Қазақстан тарихы» пәні бойынша оқушыларды даярлау үдерісіне енгізілді және білім алушылардың дайындық деңгейінің артуына ықпал етті. Жас ұрпақтың, сыни ойлау және дерекпен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға бағытталған. Сонымен қатар, білім алушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастырып, ағартушылық идеялар арқылы отансүйгіштік пен тарихи танымын тереңдетуге ықпал етеді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ
ПАНФИЛОВ АУДАНЫ
ЖАРКЕНТ қ-сы
Розыбакиев к-сі ғимарат 22
инд 041300

«Жетісу облысы білім
басқармасының Панфилов
ауданы бойынша
білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесі

№_____
"____" _____20___ж.

Анықтама

Абай атындағы ҚазҰПУ-і Тарих және құқық институтының 8D01605-Тарих педагогтерін даярлау мамандығының докторанты Тұрлыбай Бақыт Серікқызының «XX ғасыр басындағы ұлттық мерзімді баспасөз беттеріндегі білім беру мен ағарту мәселесі материалдарын Қазақстан тарихы пәнінде оқытудың әдістемелік негіздері» атты докторлық диссертациясының тақырыбы бойынша оқушылармен эксперимент жүргізу және сауалнама алу үшін ата-аналарына хабарланып, рұқсаттары алынды.

«Жетісу облысы білім басқармасының Панфилов ауданы бойынша білім бөлімінің» басшысы **Сейтқожаев Қ.К.**

Құрметті Бақыт Серікқызы!

Абай атындағы ҚазҰПУ-і Тарих және құқық институтының 8D01605-Тарих педагогтерін даярлау мамандығының 2-курс докторанты Тұрлыбай Бақыт Серікқызының «XX ғасыр басындағы ұлттық мерзімді баспасөз беттеріндегі білім беру мен ағарту мәселесі материалдарын Қазақстан тарихы пәнінде оқытудың әдістемелік негіздері» атты докторлық диссертациясының тақырыбы бойынша материал жинақтау мақсатында өзім басқарып отырған аудан мектептерінде 2024 жылдың қазан айында байланыс жасауына рұқсат беремін.

«Жетісу облысы білім басқармасының Панфилов ауданы бойынша білім бөлімінің» басшысы **Сейтқожаев Қ.К.**

Құрметті Бақыт Серікқызы!

Абай атындағы ҚазҰПУ-і Тарих және құқық институтының 8D01605-Тарих педагогтерін даярлау мамандығының 2-курс докторанты Тұрлыбай Бақыт Серікқызының «XX ғасыр басындағы ұлттық мерзімді баспасөз беттеріндегі білім беру мен ағарту мәселесі материалдарын Қазақстан тарихы пәнінде оқытудың әдістемелік негіздері» атты докторлық диссертациясының тақырыбы бойынша материал жинақтау мақсатында өзім басқарып отырған мектепте 2024 жылдың қазан айында байланыс жасауына рұқсат беремін.

«Панфилов ауданы бойынша
білім бөлімі» ММ-нің
«Кішішығаң орта мектебі»
КММ-нің директоры **Арынов М.А.**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
041315 ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ
ПАНФИЛОВ АУДАНЫ
ҮЛКЕНШЫҒАН АУЫЛДЫҚ
ОКРУГІ,КІШІШЫҒАН АУЫЛЫ
ЖАНДАРБЕК БЕГІМБЕТОВ К-СІ
ҒИМАРАТ 59А

"ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ПАНФИЛОВ АУДАНЫ БОЙЫНША
БІЛІМ БӨЛІМІ"
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ
"КІШІШЫҒАН ОРТА
МЕКТЕБІ"
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ
№ 153
«17» 09. 2024ж

Анықтама

Абай атындағы ҚазҰПУ-і Тарих және құқық институтының 8D01605-Тарих педагогтерін даярлау мамандығының докторанты Тұрлыбай Бақыт Серікқызының «XX ғасыр басындағы ұлттық мерзімді баспасөз беттеріндегі білім беру мен ағарту мәселесі материалдарын Қазақстан тарихы пәнінде оқытудың әдістемелік негіздері» атты докторлық диссертациясының тақырыбы бойынша оқушылармен эксперимент жүргізу және сауалнама алу үшін ата-аналарына хабарланып, рұқсаттары алынды.

«Панфилов ауданы бойынша
білім бөлімі» ММ-нің
«Кішішығаң орта мектебі»
КММ-нің директоры **Арынов М.А.**

Құрметті Бақыт Серікқызы!

Абай атындағы ҚазҰПУ-і Тарих және құқық институтының 8D01605-Тарих педагогтерін даярлау мамандығының 2-курс докторанты Тұрлыбай Бақыт Серікқызының «XX ғасыр басындағы ұлттық мерзімді баспасөз беттеріндегі білім беру мен ағарту мәселесі материалдарын Қазақстан тарихы пәнінде оқытудың әдістемелік негіздері» атты докторлық диссертациясының тақырыбы бойынша материал жинақтау мақсатында өзім басқарып отырған мектепте 2024 жылдың қазан айында байланыс жасауына рұқсат беремін.

«Панфилов ауданы бойынша
білім бөлімі» ММ-нің
«№6 орта мектеп интернаты»
КММ-нің директоры **Агимов С.К.**

Қазақстан Республикасы
Жетісу облысы
Панфилов ауданы
Жаркент қаласы
Тәуелсіздік көшесі №2
«Жетісу облысы білім
басқармасының
Панфилов ауданы
бойынша білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің
«№6 орта
мектеп интернаты»
коммуналдық мемлекеттік
мекемесі
№_____
«___»_____20___ж.

Анықтама

Абай атындағы ҚазҰПУ-і Тарих және құқық институтының 8D01605-Тарих педагогтерін даярлау мамандығының докторанты Тұрлыбай Бақыт Серікқызының «XX ғасыр басындағы ұлттық мерзімді баспасөз беттеріндегі білім беру мен ағарту мәселесі материалдарын Қазақстан тарихы пәнінде оқытудың әдістемелік негіздері» атты докторлық диссертациясының тақырыбы бойынша оқушылармен эксперимент жүргізу және сауалнама алу үшін ата-аналарына хабарланып, рұқсаттары алынды.

«Панфилов ауданы бойынша
білім бөлімі» ММ-нің
«№6 орта мектеп интернаты»
КММ-нің директоры **Агимов С.К.**

Құрметті Бақыт Серікқызы!

Абай атындағы ҚазҰПУ-і Тарих және құқық институтының 8D01605-Тарих педагогтерін даярлау мамандығының 2-курс докторанты Тұрлыбай Бақыт Серікқызының «XX ғасыр басындағы ұлттық мерзімді баспасөз беттеріндегі білім беру мен ағарту мәселесі материалдарын Қазақстан тарихы пәнінде оқытудың әдістемелік негіздері» атты докторлық диссертациясының тақырыбы бойынша материал жинақтау мақсатында өзім басқарып отырған мектепте 2024 жылдың қазан айында байланыс жасауына рұқсат беремін.

«Панфилов ауданы бойынша
білім бөлімі» ММ-нің
«Нағарашы орта мектебі»
КММ-нің директоры **Рахимбаева А.Ж.**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ
ПАНФИЛОВ АУДАНЫ
ЖАРКЕНТ қ-сы
5 ШАҒЫН АУДАНЫ
Б.МОМЫШҰЛЫ к-сі, 6А ғимарат

«ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ПАНФИЛОВ АУДАНЫ
БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ
«НАҒАРАШЫ
ОРТА МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

№_____
«____»_____

Анықтама

Абай атындағы ҚазҰПУ-і Тарих және құқық институтының 8D01605-Тарих педагогтерін даярлау мамандығының докторанты Тұрлыбай Бақыт Серіккызының «XX ғасыр басындағы ұлттық мерзімді баспасөз беттеріндегі білім беру мен ағарту мәселесі материалдарын Қазақстан тарихы пәнінде оқытудың әдістемелік негіздері» атты докторлық диссертациясының тақырыбы бойынша оқушылармен эксперимент жүргізу және сауалнама алу үшін ата-аналарына хабарланып, рұқсаттары алынды.

«Панфилов ауданы бойынша
білім бөлімі» ММ-нің
«Нағарашы орта мектебі»
КММ-нің директоры **Рахимбаева А.Ж.**

Құрметті Бақыт Серікқызы!

Абай атындағы ҚазҰПУ-і Тарих және құқық институтының 8D01605-Тарих педагогтерін даярлау мамандығының 2-курс докторанты Тұрлыбай Бақыт Серікқызының «XX ғасыр басындағы ұлттық мерзімді баспасөз беттеріндегі білім беру мен ағарту мәселесі материалдарын Қазақстан тарихы пәнінде оқытудың әдістемелік негіздері» атты докторлық диссертациясының тақырыбы бойынша материал жинақтау мақсатында өзім басқарып отырған мектепте 2024 жылдың қазан айында байланыс жасауына рұқсат беремін.

«Панфилов ауданы бойынша
білім бөлімі» ММ-нің
«Жамбыл атындағы орта мектеп»
КММ-нің директоры **Муфтахтинова Г.С.**

Қазақстан Республикасы
Жетісу облысы
Панфилов ауданы
Жаркент қаласы
Сыпатаев көшесі №240
Жетісу облысы білім
басқармасының
Панфилов ауданы
бойынша білім бөлімі
мемлекеттік мекемесінің
«Жамбыл атындағы
орта мектеп»
коммуналдық мемлекеттік
мекемесі
№ 114
«__» _____ 20__ ж.

Анықтама

Абай атындағы ҚазҰПУ-і Тарих және құқық институтының 8D01605-Тарих педагогтерін даярлау мамандығының докторанты Тұрлыбай Бақыт Серікқызының «XX ғасыр басындағы ұлттық мерзімді баспасөз беттеріндегі білім беру мен ағарту мәселесі материалдарын Қазақстан тарихы пәнінде оқытудың әдістемелік негіздері» атты докторлық диссертациясының тақырыбы бойынша оқушылармен эксперимент жүргізу және сауалнама алу үшін ата-аналарына хабарланып, рұқсаттары алынды.

«Панфилов ауданы бойынша
білім бөлімі» ММ-нің
«Жамбыл атындағы орта мектеп»
КММ-нің директоры **Муфтахтинова Г.С.**

ҚАЛАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ

К У Ә Л І К

Осы куәлік
Тұрлыбай Бақыт Серікқызына
беріледі

2025 жылдың «15» мамырдағы

Сараптамалық кеңестің шешімі бойынша

(№3 хаттама)

8 сынып оқушыларына арналған
ХХ ғасыр басындағы ұлттық мерзімді баспасөз беттеріндегі білім беру және ағарту мәселелері
тақырыбындағы элективті курс бағдарламасы
оқу үдерісіне енгізу үшін мақұлданды.

ТІРКЕУ НОМЕРІ №293

Директордың орынбасары С. Атейбек

ГОРОДСКОЙ НАУЧНО – МЕТОДИЧЕСКИЙ ЦЕНТР НОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ОБРАЗОВАНИИ

СВИДЕТЕЛЬСТВО

Настоящее свидетельство выдано
Тұрлыбай Бақыт Серікқызы

«15» мая 2025 года

Решением экспертного совета

(протокол №3)

подтверждается, что она (он) является автором
программы элективного курса по теме:
ХХ ғасыр басындағы ұлттық мерзімді баспасөз беттеріндегі білім беру және ағарту мәселелері
для учащихся 8 классов

РЕГИСТРАЦИОННЫЙ НОМЕР №024

Заместитель директора С. Атейбек

Б қосымшасы

БАҒДАРЛАМА

ХХ ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗ БЕТТЕРІНДЕГІ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ АҒАРТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

элективті курсы

8- 10 сынып оқушыларына арналған элективті курстың бағдарламасы
(аптасына - 1 сағат, барлығы - 34 сағат)

Тұрлыбай Бақыт Серікқызы
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық
Университеті PhD докторант

Пікір жазғандар:

1. Кенжебаев Ғ.Қ. т.ғ.д., академик ҚР ҰҒА, Абай атындағы ҚазҰПУ – нің Тарих және құқық факультетінің деканы.

2. Қасымбек Ә.О. Абай атындағы ҚазҰПУ, деканның ғылыми жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі орынбасары м.а. Phd доктор.

3. Асанбекова Г.С. Ы.Алтынсарин атындағы №159 гимназия тарих пәні мұғалімі, педагог-шебер, Тарих кафедрасының меңгерушісі.

Түсінік хат мазмұны

Қазір білім алушылардың алған білімдерін өмірде өз қажеттіліктеріне жарата алуы басты назарда болуы тиіс. «ХХ ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗ БЕТТЕРІНДЕГІ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ АҒАРТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ» тақырыбындағы бағдарлама 8-сынып оқушыларына арналған. Элективті курстың бағдарламасы аптасына - 1 сағат, барлығы - 34 сағатты құрайды. 8-сыныпқа Қазақстан тарихы пәнін «"Алаш" қозғалысы және қазақ ұлттық идеясы» тақырыбын оқытуда, Кабульдинов З., Шаймерденова М., Куркеев Е. Авторлары ұсынған оқулықпен оқытамыз. Алайда, тақырыпқа қатысты берілген параграф 6-7 «"Алаш" қозғалысы және қазақ ұлттық идеясы» тақырыбы 33-38 беттер аралығын қамтиды. Осы тақырыпта ұлттық мерзімді баспасөздер тақырыпта ашылмай, қысқартылып берілген.Соған байланысты, ұсынылып отырған бағдарлама өзекті тақырыптардың бірі болады деп есептеймін. Бағдарламаны оқыту барысында, оқушылардың бойында, оқылым тапсырмаларымен жұмыс жасай отырып, жүйелі түрде ойларын жеткізуге, өзара қарым-қатынаста айтылым дағдыларын дамытуға әрекетенеді. Дәл осы бағыттағы жұмыстар функционалдық сауаттылықты арттырып, оқушылардың осы бағытта жұмыс жасауына ықпал ететіні анық.

https://docs.google.com/document/d/1nP_gBE09e1tPFiic8hXAE95QkespHLSG/edit?usp=sharing&ouid=116353060064811404641&rtpof=true&sd=true

В қосымшасы

ОҚУШЫЛАРҒА САУАЛНАМА

1. Ұлттық мерзімді басылымдарды зерттеу XX ғасыр басындағы Қазақстан тарихының «ақтаңдақ беттерін» ашуда қаншалықты маңызды рөл атқарады және олар архивтік құжаттардан несімен ерекшеленеді ?
2. Тарих немесе әдебиет сабақтарында «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің материалдарын пайдалану оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамытуға қалай әсер етеді ?
3. Мерзімді басылымдардағы А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейхан, М.Дулатұлы сияқты зиялылардың мақалаларын талдау арқылы олардың қоғамдық-саяси көзқарастарының эволюциясын қалай бағалауға болады?
4. XX ғасыр басындағы басылымдарда көтерілген әлеуметтік және оқу-ағарту мәселелерінің қазіргі заманғы білім беру трендтерімен (мысалы, жаңартылған мазмұн, критериалды бағалау) байланысы қандай?
5. Сабақ барысында мерзімді басылым мәтіндерімен жұмыс істеудің ең тиімді әдістері қандай (мәтінді парафраз жасау, салыстырмалы кестелер құру, SWOT-талдау)?
6. Мерзімді басылымдардың электронды нұсқаларын пайдалану оқушылар үшін тарихи кеңістікті қабылдаудың жаңа мүмкіндіктерін қалай ашады ?

Г қосымшасы

ТАРИХ ПӘНІ МҰҒАЛІМДЕРІНЕ АРНАЛҒАН САУАЛНАМАЛАР

1. Ұлттық мерзімді басылымдарды зерттеу XX ғасыр басындағы Қазақстан тарихының «ақтаңдақ беттерін» ашуда қаншалықты маңызды рөл атқарады және олар архивтік құжаттардан несімен ерекшеленеді ?
2. Тарих немесе әдебиет сабақтарында «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің материалдарын пайдалану оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамытуға қалай әсер етеді ?
3. Мерзімді басылымдардағы А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейхан, М.Дулатұлы сияқты зиялылардың мақалаларын талдау арқылы олардың қоғамдық-саяси көзқарастарының эволюциясын қалай бағалауға болады?
4. XX ғасыр басындағы басылымдарда көтерілген әлеуметтік және оқу-ағарту мәселелерінің қазіргі заманғы білім беру трендтерімен (мысалы, жаңартылған мазмұн, критериалды бағалау) байланысы қандай?
5. Сабақ барысында мерзімді басылым мәтіндерімен жұмыс істеудің ең тиімді әдістері қандай (мәтінді парафраз жасау, салыстырмалы кестелер құру, SWOT-талдау)?
6. Мерзімді басылымдардың электронды нұсқаларын пайдалану оқушылар үшін тарихи кеңістікті қабылдаудың жаңа мүмкіндіктерін қалай ашады ?

Д қосымшасы

Куәлік



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН

АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚПЕН ҚОРҒАЛАТЫН ОБЪЕКТІЛЕРГЕ ҚҰҚЫҚТАРДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЗІЛІМГЕ МӘЛІМЕТТЕРДІ ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

КУӘЛІК

2026 жылғы «16» маусым № 75021

Автордың (лардың) жеке, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе):
ТҰРЛЫБАЙ БАҚЫТ СЕРІККЫЗЫ

Авторлық құқық объектісі: компьютерлік бағдарламалар (бағдарламалық кешендер)

Объектінің атауы: "XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ МӘРЗІМДІ БАСПАСӨЗ БЕТТЕРІНДЕГІ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ АҒАРТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ" оқу-әдістемелік сайт

Объектінің жасаған күні: 11.06.2026

Құжат түпнұсқасының http://www.kazpatent.kz/ru сайтының "Авторлық құқық" бөлімінде тексеруге болады https://copyright.kazpatent.kz

Подлинность документа возможно проверить на сайте kazpatent.kz в разделе «Авторское право» https://copyright.kazpatent.kz

ЭЦҚ қол қойылды

А. Ахметов